


# Университет ақпарат айдынында

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

# УНИВЕРСИТЕТ АҚПАРАТ АЙДЫНЫНДА

*(2017-2022 жылдар)*

**Қызылорда-2022**

**Жалпы редакцияны басқарған: Ж.Н.Базартай**
**Бас редактор Қ.Ә.Омаров**
**Кітапты дайындаған:**
**А.Н.Жұмадинова, Г.Ә.Сәтбаева**

**Университет ақпарат айдынында/** Құраст.: А.Н.Жұмадинова, Г.Ә.Сәтбаева. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚУ, 2022. – 464 б.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген бұл кітапқа 2017-2022 жылдар аралығында республикалық, облыстық, қалалық баспасөз беттерінде жарық көрген, жоғары оқу орны өмірінен сыр шертетін мақалалар, сұхбаттар топтастырылды.

Сыр өңіріндегі білім,ғылым мен өнер қарашаңырағында соңғы жылдары қолға алынған тың бастамалар мен атқарылған игі істерді туындыдан танып-білуге болады. Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

© Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 2022

## АҚПАРАТ ӘЛЕМІНДЕГІ БІЛІМ ОРДАСЫ

Сексен бес жылдық тарихы бар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – өңіріміздегі білім мен ғылымның ордасы, мәдени - рухани орталық.

Осы жылдар ішінде университет көптеген сала бойынша кәсіби білікті маман даярлап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына үлкен үлес қосты. Профессор-оқытушылар құрамы білім мен ғылым саласына қомақты олжа салып, ілкімді бастамаларды ауқымды табыстармен көмкерді.

Бүгінде көпсалалы жоғары оқу орны экономика мен ғылымды ықпалдастыру әрі инновациялық біліммен сусындап, нақты іс-тәжірибе арқылы шыңдалған, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген парасатты тұлға қалыптастыру міндетін жүйелі түрде атқарып келеді.

Университеттің әр жылдағы жеткен жетістіктері, тыныс-тіршілігі, заманға сай даму үлгісі, өзгерістері мен жаңа бастамалары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оқырманға жол тартты. Ғалымдарымыздың ізденістері мен жетістіктеріне арналған алыс-жақын шетел басылымдарының мақалалары да бүгінде қоғамға жақсы таныс.

Қазіргі таңда ақпараттың жылдам әрі сапалы түрде халыққа ұсынылуы кез келген мекеменің қоғамдағы статусына тікелей әсер етеді. Өйткені, төртінші билікке баланған бұқаралық ақпарат құралдарының орны қашанда ерекше. Осы ретте, 2019 жылы ашылған университеттің медиа орталығы білім ордасының оң имиджін нығайту бағытында БАҚ-пен тығыз байланыс орнатты. Бұл орталық жұмысына жаңа қарқын беріп, БАҚ назарына ілініп, резонанс тудырған ақпараттар ауқымы кеңейді.

Кітапқа Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті туралы республикалық, аймақтық мерзімді басылым беттеріндегі, әлеуметтік желілердегі ақпарат, мақала, очерктер мен белгілі ғалымдардың сұхбаттары жинақталды. Осы жарияланымдар арқылы оқу орнының соңғы кезеңдегі даму барысын жан-жақты танып-білуге болады деп санаймын.

Бұған дейін «Университет – ақпарат айдынында» кітабының екі шығарылымы (2012ж., 2017ж.) жарық көрді. Жоғары оқу орнының сексен бес жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген үшінші шығарылым оқырманға тағылымы мол тарту болады деген сенімдеміз.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры**

# 2017 жыл

# КЛЮЧЕВЫЕ УСПЕХИ И ЛУЧШИЕ ТРАДИЦИИ КЫЗЫЛОРДИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА имени КОРКЫТ АТА

Основываясь на требованиях Болонского процесса, Кызылординский государственный университет имени КоркытАта, осуществляет образовательную деятельность по обновлению содержания вузовского образования, ведению фундаментальных и прикладных научных исследований, удовлетворению запросов рыночной экономики в конкурентоспособных специалистах не только нашего региона, но и всей страны.

За годы суверенитета, университет добился значительных успехов. В 2013 году вуз успешно прошел институциональную аккредитациючерез Независимое Казахстанское агентство по обеспечению качества в сфере образования (НКАОКО), в 2014 году 47 образовательных программ - специализированную аккредитацию.

В Национальном рейтинге вузов 2016 года КГУ имени Коркыт Ата занимает 10 место среди многопрофильных высших учебных заведений.

По итогам независимого рейтинга вузов РК по направлениям и уровням подготовки специалистов Независимого Агентства аккредитации и рейтинга (НААР) в 2016 году 12 образовательных программ университета вошли в тройку лучших.

КГУ имени Коркыт Ата ведет подготовку специалистов по 60 специальностям бакалавриата, 29 специальностям магистратуры и 9 специальностям докторантуры.

В 2015 году получены лицензии на реализацию образовательных программ бакалавриата, востребованных для индустриально – инновационного развития Кызылординской области:

5В070600-Геология и разведка месторождений полезных ископаемых,
5В070700–Горное дело,
5В072000-Химическая технология неорганических веществ,
5В072100–Химическая технология органических веществ,
5В073700-Обогащение полезных ископаемых,
5В100200-Системы информационной безопасности.

В 2017 году подготовлены документы для получения лицензий на реализацию 13 образовательных программ:

**По бакалавриату:**

5В090200-Туризм;
5В012900-География-история;
5В012500-Химия-биология;
5В012700- Математика-информатика;
5В012600-Математика-физика;
5В012800-Физика-информатика;

**По магистратуре:**

6M071800-Электроэнергетика;
6M050900-Финансы;
6M050800-Учет и аудит аудит;
**По докторантуре:**
6D060800-Экология;
6D070400-Вычислительная техника и программное обеспечение;
6D011100-Информатика;
6D011400-История;
6D050800-Водные ресурсы и водопользование.

В 2016 году в университете открыт диссертационный совет по защите диссертаций на присуждение степени доктора философии (PhD) по специальностям 6D072900 - Строительство, 6D073000 - Производство строительных материалов, изделий и конструкций.

За последние 3 года по результатам исследований ученых вуза было получено 44 патента и авторских свидетельств, опубликовано 33 монографии, 121 учебник и учебное пособие, 379 статей в зарубежных журналах с высоким импакт-фактором.

Осуществляется целенаправленная работа по привлечению студентов к научно-исследовательской деятельности. В этом направлении функционируют: совет молодых ученых, Студенческое научное общество, 36 студенческих научно-популярных кружков. Ежегодно студенты нашего университета участвуют в республиканских предметных олимпиадах и занимают призовые места. Так, в 2016-2017 учебном году 17 специальностей университета стали победителями, в их числе: «Нефтегазовое дело», «Социальная работа», «Химия» - 1 место, «Профессиональное обучение» - 1 место в номинации «Шебер», «Хореография» - 1 место, «Экономика», «Математика», «Биология», «Дизайн» «Вычислительная техника и программное обеспечение» - 2 место, «Финансы», «Начальная военная подготовка», «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды», «Юриспруденция», «Филология», «Строительство», «География» - 3 место.

В целях подготовки специалистов, конкурентоспособных на отечественном и международном рынке труда, свободно владеющих тремя (казахским, русским и английским) языками в КГУ имени КоркытАта реализуется программа развития трехъязычного образования, которой охвачено 553 студента по 16 специальностям бакалавриата. Начиная с 2015 года в университет специально были приглашены специалисты международной языковой школы «Eurospeak» и организованы 3,6,9 месячные курсы изучения английского языка для профессорско-преподавательского состава и обучающихся.

Для подготовки офицеров запаса Вооружённых сил Республики Казахстан из числа студентов, при университете функционирует военная кафедра, где ведется обучение по двум военным специальностям: «Боевое применение подразделений, вооруженных переносными зенитно-ракетными комплексами

ближнего действия» и «Финансовое обеспечение и экономика боевой и хозяйственной деятельности войск».

С 2016-2017 учебного года на военной кафедре обучаются и девушки.

По завершению военной подготовки курсанты проходят учебные сборы в воинских частях или на учебно-тренировочном полигоне университета, который располагает общежитием, площадкой для оборудования учебного лагеря, летней столовой, учебными местами для самостоятельной подготовки курсантов и занятий по государственно-правовой подготовке, душевыми кабинами, спортивными площадками.

В специально отведенных местах разворачиваются учебно-тренировочные городки по противовоздушной обороне, огневой, инженерной и химической подготовке.

С момента создания военной кафедры КГУ имени Коркыт Ата подготовлено более 2117 офицеров запаса.

Сегодня вузом установлены партнерские и дружеские связи с более чем 70-ю отечественными и зарубежными высшими учебными заведениями и научными центрами.

В целях подготовки квалифицированных специалистов, необходимых для развития экономики региона, начиная с 2013 года по личной инициативе акима области К.Е.Кушербаева для талантливой молодежи выделяются образовательные гранты, по которым обучаются 351 студент.

В рамках программы двудипломного образования и академической мобильности обучающиеся университета повышают свои знания в высших учебных заведениях Соединенных Штатов Америки, Республики Польша, Австрии, Республики Турция, Российской Федерации, Республики Корея и Китайской Народной Республике.

Вместе с тем, активно укрепляется материально-техническая база университета, состоящая из:

- 10 учебных корпусов,
- 5 общежитий,
- научно-технической библиотеки, включающей в себя 7 читальных залов, 2 электронных зала, книжный фонд библиотеки составляет свыше 2 миллионов книг
- компьютерный парк, оснащённый 1300 компьютерами нового образца;
- 64 специализированные учебные лаборатории;
- 4 мастерские;
- 7 студенческих столовых;
- 1 медицинский пункт;1 учебно-военный полигон;
- 1 спортивно-оздоровительный комплекс;
- 7 спортивных залов и 3 спортивные площадки;
- 1 теплица;
- Дворец студентов, музеи и выставочные залы.

Во все учебных корпусах КГУ имени Коркыт Ата присутствует уют и комфорт, изысканный вкус, идеальная чистота.

Опираясь на традиции, сложившиеся за 80-летнюю историю, КГУ сумел приумножить свои заслуги и достижения. В этом заслуга всего профессорско-преподавательского состава университета и ректора Кылышбая Алдабергеновича Бисенова. Имена профессоров вписаны золотыми буквами в летопись истории вуза,а следовательно области и государства. Это золотой фонд КГУ имени КоркытАта, и в этом сила и мощь храма науки, альмаматер для многих ученых: Мади Курманович Киреев - исследователь истории Земли Сыра, Абылай Хангереевич Айдосов - политолог и журналист, общественный деятель, Александр Николаевич Канцев - автор «Русско-казахского словаря», учебников по русскому языку в казахской школе, Мустафа Матаевич Матаев - философ и юрист, Женис Сагиевич Утемисов - композитор и музыкант, все старейшие работники народного образования РК, отличники просвещения РК, награжденные знаками отличия и Грамотами Министерства науки и образования за многолетний вклад в дело обучения молодежи и многие-многие другие.

Учебный процесс осуществляет высококвалифицированный профессорско-преподавательский состав, в числе которых доктора, кандидаты наук, доктора PhD, магистры наук, действительные члены, члены-корреспонденты и академики ведущих казахстанских и международных академий и ассоциаций.

Учитывая, тот факт, что только хорощо образованные и умелые люди- это ключ к созданию, распростарению и эффективному использованию знаний КГУ имени Коркыт Ата проводит большую работу по повышению квалификации своих сотрудников.

С этой целью университетом установлены связи с ведущими вузами и научными центрами России, Украины,Литвы, США, Республики Корея, Великобритьании, Германии, Турции, Австрии, Италии, Канады, Франции, Чехии, Китая, Египта, Польши, Швейцарии, Нидерландов, подписано более 70-ти договоров и меморандумов о сотрудничестве в сфере образования и науки. Основные направления этих соглашений – обмен преподавателями и студентами, стажировка преподавателей, реализация программы академической мобильности, подготовка магистров и докторов наук.

Университет является членом Евразийско-Тихоокеанской сети Университетов, Европейской Ассоциации Вузов, Великой Хартии Университетов, Евразийской ассоциации университетов и Ассоциации азиатских университетов.

По программе Национального центра повышения квалификации «Өрлеу» 82 преподавателя университета прошли обучение на курсах повышения квалификации, в том числе 7 из которых получили сертификаты повышения квалификации международного уровня в городах Ньюкасл в Великобритании, Дюссельдорф в Германии, Валенсия в Испании, Порто в Португалии

Обучение по специальностям ведется на 30 кафедрах. В настоящее время в вузе обучается 4665 студентов.

В университете интересна и увлекательна студенческая жизнь, есть все возможности для раскрытия дарований и талантов среди студенческой

молодежи. Имеется Дворец студентов, кафе «Жигер». Особой гордостью является команда КВН «Жайдарман» - неоднократный призер областных и республиканских конкурсов; народный фольклорно-этнографический ансамбль «Дидар» -лауреат республиканских и международных фестивалей, гандбольная команда «Сейхун»-многократный чемпион и призер национальных и международных соревнований; дебатный клуб «Ақиқат», пользующийся большой популярностью среди студенческой молодежи.

В КГУ имени Коркыт Ата функционирует студенческое самоуправление. Благодаря умелой координации Комитета по делам молодежи плодотворная деятельность общественного объединения «Студенческий Союз молодежи», организации «Альянс студентов Казахстана», молодежного крыла «Жас Отан», студенческого научного общества «Зерде», студенческого профсоюзного комитета, педагогического отряда «Улагат Уландары», , Клуба девушек «Кыз Жибек», интеллектуального клуба «Dream club», спортивного клуба «Сыр сымбаты» и других молодежных организаций университета известна среди молодежи республики и области.

Наш вуз активно внедряет новые информационные технологии, в том числе «Электронный университет E-UNIVER», включающий в себя:

«Блог ректора и руководителей подразделении», посредством которых можно отправить письмо и получить на него ответ;

«Государственные услуги» - позволяющий получить справки, место в общежитии, подать заявление, и др.;

В информационной системе «Абитуриент» содержатся данные о выпускниках школ Кызылординской области, «Электронная библиотека» позволяет осуществлять поиск литературы из базы библиотеки университета.

Помимо этого, с помощью Электронного университета осуществляется документооборот, вводятся все учебно-методические материалы по образовательному процессу, успеваемость обучающихся, обучение студентов – дистанционников, путем организации консультаций преподавателя в режиме он-лайн и офф-лайн, тестирования и др.

Через образовательный портал platonus.korkyt.kz можно ознакомиться с информацией об итогах текущего, рубежного, итогового контроля.

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата – один из ведущих центров образования и науки Республики Казахстан. Мы гордимся своей историей, дорожим традициями, открыты новым идеям. Наши выпускники успешно трудятся в сфере образования и науки, сельского хозяйства, информационных технологий, экономики, электроэнергетики, нефтегазовой и строительной отрасли и др. В их числе: Надиров Надир Каримович, д.т.н., профессор, главный редактор журнала «Нефть и газ», обладатель многочисленных государственных наград, медалей, почетных званий и премий, кавалер орденов «Курмет», «Достык», «Парасат» и др.; Тайманов Рамазан Сагиндыкович, заслуженный деятель Республики Казахстан, композитор; Ильин Илья Александрович, двухкратный олимпийский чемпион, четырехкратный чемпион мира в трех разных весовых категориях, обладатель

четырех мировых рекордов в двух весовых категориях, кавалер ордена «Курмет»; Зайчиков Александр Сергеевич, заслуженный мастер спорта РК по тяжелой атлетике, кавалер ордена «Курмет», чемпион Азии и мира по тяжелой атлетике, бронзовый призер олимпийских игр в Рио-Де–Жанейро, член национальной штатной команды РК; Утешов Алмас Даулетиярович, заслуженный мастер спорта РК по тяжелой атлетике, серебряный призер чемпионата Азии и мира по тяжелой атлетике, участник олимпийских игр в Лондоне, член национальной команды РК.

За 80-летнюю историю вуза, можем с уверенностью сказать: «Нам есть чем гордиться, говоря о КГУ имени КоркытАта! Мы готовим конкурентоспособных высококвалифицированных специалистов на международном рынке труда. Мы – «Коркытатинцы»! Это звучит гордо!

Сегодня выбор современной молодежи XXI века в пользу нашего вуза - это стремление выбора качественного образования.

**Любовь ОРЛОВА,**
**старший преподаватель кафедры**
**«Русский язык и литература»**
**Жанна ЖАКСЫЛЫКОВА,**
**начальник отдела стратегического планирования,**
**мониторинга и управления качеством**
**Елена МИЛОВА,**
**руководитель группы отдела стратегического**
**планирования, мониторинга и управления**
**качеством, к.ю.н., доцент**

**Информационно-аналитический журнал**
**«Высшая школа Казахстана», №2/2017 г.**

## ВАЖНОЕ И ОТВЕТСТВЕННОЕ РЕШЕНИЕ

***Женис САДУАКАСУЛЫ*, доктор филологических наук, профессор КГУ имени Коркыта ата:**

– Меня как ученого-филолога в программной статье Главы государства Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» больше всего привлек тот пункт, где говорится о необходимости перевода казахского языка на латинскую графику. Сегодня можно смело утверждать, что реализация программы уже началась. Однако прежде чем прийти к такому решению, понадобилось немало времени, всестороннее изучение и анализ различных аспектов этого важного вопроса. Оно и понятно: подобные задачи нельзя решать одним росчерком пера. В итоге комиссия, в состав которой вошли известные ученые- лингвисты, депутаты, общественные

деятели и другие, кому небезразлична судьба государственного языка, пришла к единому решению о количестве знаков в новом казахском алфавите на основе латинской графики. Надо сказать, новый казахский алфавит на латинице состоит из 25 знаков. Еще до того как комиссией было принято решение, я и мои коллеги из КГУ имени Коркыт ата написали несколько научных статей, в которых говорили о наиболее оптимальном количестве знаков в новом алфавите. Разумеется, впереди нас ждет большая работа. Процесс перехода на латиницу – дело не одного дня, на это может уйти несколько лет. И потому еще есть время для того, чтобы каждый из нас осознал эту необходимость и сделал свои выводы. В своем выступлении председатель Мажилиса Парламента РК Нурлан Нигматулин отметил, что переход на латиницу прежде всего направлен на реформирование казахского алфавита и правил орфографии, что позволит установить соответствие между фонетикой языка и его графикой. Я полностью согласен с таким мнением, поскольку считаю, что оно полностью отвечает особенностям казахского языка. Например, один звук казахского языка в транскрипции может обозначаться двумя знаками. Это делается для того, чтобы как можно доступнее передать эти особенности.

**«Кызылординские вести», 12.09.2017г**

## НЕОБХОДИМО ШИРОКОЕ ОБСУЖДЕНИЕ ПРОЕКТА

**Нурбол АППАЗОВ, кандидат химических наук, руководитель лаборатории инженерного профиля Кызылординского государственного университета имени Коркыта Ата:**

— Сегодня переход казахского алфавита на латиницу – одна из основных тем обсуждения в нашем обществе. Считаю, что это важнейшее событие в развитии страны. Переход был поддержан народом, и теперь важно разработать такой стандарт алфавита, который также станет всенародно принятым. Для этого необходимо широкое обсуждение предложенного учеными проекта, учет мнений экспертов и рядовых казахстанцев. Реформа языка должна стать консолидирующим, а не разделяющим фактором. Латинская графика позволит наиболее оптимально адаптировать международную научно-техническую лексику в национальный словарь, облегчит внедрение цифровых технологий и ускорит вхождение в 30-ку стран — мировых лидеров, повысив конкурентоспособность страны.

Весь бизнес в настоящее время сконцентрирован на английском языке, в котором используется латиница. В современной технике практически везде мы сталкиваемся с латинским шрифтом. Поэтому реформа еще более приближает государственный язык к международному языку бизнеса, расширяет возможности общения с другими странами.

По моему мнению, переход способствует появлению инноваций в разных отраслях, в том числе в образовании. Известно, что латиница применяется в

медицине, на дорожных знаках, автомобильных номерах, в паспортах, сотовых телефонах, в визуальной информации. Очень важно, что введение единого стандарта алфавита государственного языка на латинской графике упорядочит этот процесс, сделает более удобными и доступными средства глобальной коммуникации.

**«Кызылординские вести», 21.09.2017г.**

## ВЕРНОПОДДАННЫЕ ЦАРИЦЫ НАУК

В рамках празднования 80-летия Кызылординского государственного университета имени Коркыта ата пройдут вторые международные научные Таймановские чтения, посвященные научно-педагогической деятельности академика АН Казахской ССР, доктора физико-математических наук, профессора Асана Дабсовича Тайманова, основателя теории моделей и математической логики в Казахстане.

В 2013 году в рамках первых Таймановских чтений в нашем университете были открыты аудитория и бюст ученого. В именной аудитории размещены информационные стенды, посвященные жизни и деятельности, научные труды, личные вещи, рукописи ученого.

Академик А.Тайманов внес выдающийся вклад в развитие математических наук в Казахстане. Работая в 1947-1954 годах заведующим кафедрой математики Кызыл¬ординского педагогического института имени Н.В.Гоголя, он внес крупный вклад в развитие математики в нашем регионе. Его научная работа и деятельность в качестве педагога-новатора оставили неизгладимый след у коллег преподавателей и студентов.

Работая в Институте математики Сибирского отделения Академии наук СССР и преподавая математические дисциплины в Новосибирском государственном университете, он по-отечески заботился о казахстанских математиках, обучавшихся или работавших в Новосибирском Академгородке. Будучи аспирантом Вычислительного центра СО АН СССР, по его приглашению я не раз бывал у него дома. Он был очень прост в общении с людьми. Мне было не совсем удобно, когда он обращался ко мне на «Вы». Узнав, что я из Кызылорды, он и его супруга Ольга Ивановна радушно угостили меня чаем, перебивая друг друга, они вспоминали Кызыл¬орду, с грустью вспомнили сына, которого потеряли здесь. Я удивлялся, как Асан Дабсович очень хорошо говорил по-казахски, мастерски используя пословицы и поговорки. Он очень высоко ценил академика К. Сатпаева, тепло вспоминал своих кызылординских студентов Р.Турганалиева, А.Оразалиева, С.Бекбаева, А.Тажмагамбетова и других. А как обрадовался я, неожиданно услышав из уст академика имена дорогих моих учителей, у которых учился на физмате! Очень интересными были и его рассказы об истории казахского народа, о жизни математиков, своем детстве, талантливом ученике Ж.Альмагамбетове.

Будучи заведующим кафедрой математики Кызылординского педагогического института, академик А.Тайманов призывал преподавателей

кафедры (С. Елубаева и других) и студентов (Р.Турганалиева, А.Ораза¬лиева, А.Тажмагамбетова, С.Бекбаева,К. Сексенбаева и других) заниматься наукой. Неоднократно организовывал городские и областные математические олимпиады среди школьников.

С первого дня основания института деканом физико-математического факультета, одновременно заведующим кафедрой математики был член-корреспондент АН Казахской ССР, доктор физико-математических наук, профессор Енгван Инсугович Ким, который позже по результатам своих исследований в соавторстве написал монографию «Математические модели тепловых процессов в электрических контактах» (Алматы, 1977). Кандидат физико-математических наук, профессор О.Камардинов написал десять замечательных, широко известных в Казахстане учебников по информатике.

Доктор физико-математических наук, профессор С.Елубаев по результатам научных исследований опубликовал спецкурс для студентов «Некоторые обратные задачи математической физики» (Новосибирск, НГУ, 1985) и монографию в соавторстве «Некоторые обратные задачи для гиперболического и параболического уравнений» на казахском языке (Алматы, 1993).

И список научных исследований, которые за все эти годы вели математики университета, можно продолжать очень долго.

Выдающийся советский математик и организатор науки академик М.Лаврентьев в своей книге писал, что «математические науки развиваются двумя путями: во-первых, решая те или иные задачи, поставленные другими науками, техникой, практикой, и, во-вторых, следуя собственной логике. Общеизвестно, что классический анализ в начале своего возникновения был призван решать задачи, выдвигаемые мореплаванием, астрономией, механикой. Позже одним из главных «заказчиков» математики стала физика: «...определенное число математических проблем носит абстрактно-теоретический характер и часто изолировано не только от естествознания или техники, но кажется даже далеким от всей остальной математики. Но приходит час, и эти теории находят свое место, оказываясь необходимыми в ранее непредвиденных дисциплинах».

Мы глубоко верим, что научные поиски ученых-математиков, в том числе и Кызылординского государственного университета имени Коркыта ата, не пропадут и будут полезными людям нынешнего и будущих поколений!

**Торебай ДИЛЬМАН,**
**кандидат физико-математических наук, доцент Кызылординского государственного университета имени Коркыта ата**

**«Кызылординские вести», 16.11.2017г**

## ӨРКЕНИЕТТІ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

Сапалы білімді әрдайым алдыңғы қатарға қоятын Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында да: «Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деп рухани жаңғырудың терең білімнен бастау алатынын, XXI ғасыр білімге негізделген жаңа экономиканың ғасыры екендігін баса айтты.

Өзінің бастау бұлағын осыдан мыңдаған жылдар бұрын Платон Академиясы, Аристотель Лицейі, Александрия мұражайы сияқты Еуропа жоғары оқу орындарының құрылуынан бастайтын университеттік білім берудің іргетасы Қазақстанда XX ғасырдың 20-30-шы жылдары қалана бастады. Өткен ғасырдың 40-жылдары Қазақстанда 12 жоғары оқу орны болса, соның бірі Қызылорда қаласындағы педагогикалық институт болатын.

Корей халқын Қиыр Шығыстан жер аудару туралы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1937 жылғы 21 тамыздағы аса құпия қаулысы бойынша корей ұлтымен бірге Корей педагогикалық институтының Қызылордаға қоныс аударуы негізінде бүгінгі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің іргетасы қаланды. Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында жоғары білімді мұғалімдер даярлайтын оқу орындары болмағандықтан, Қызылорда педагогикалық институтының ашылуы сол кезеңде тарихи маңызы зор оқиға болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Мәскеудің ауыл шаруашылығын механизациялау және электрлендіру, Симферополь медицина институты, Киев, Харковь университеттері Қызылорда қаласына көшіріліп, пединститут базасында жұмыс жасаған.

1952 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен педагогикалық институтқа Николай Васильевич Гогольдің есімі, ал 1992 жылы түркі халықтарына ортақ тұлға Қорқыт Ата есімі берілді. 1996 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық институты Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті болып қайта құрылды. Білім ордасына Қорқыт Ата есімін беруде және институтты университетке айналдыруда мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Сәрсенұлы Досманбетовтің еңбегі ерекше.

Отызыншы, қырқыншы жылдардағы қилы кезеңдер біздің оқу орнын да айналып өтпеді. Біз сол ауыр кезеңдерде болаттай берік топтасқан азаматтарға, әсіресе ардақты ұстаздарға қарыздармыз. Олар аштықты, қуғын-сүргінді басынан өткере жүріп, өздерінен кейінгі ұрпақты білім нәрімен сусындатып, олардың болашағы үшін өлшеусіз еңбек етті.

Біздің парызымыз сол ұстаздарды әркез есте сақтап, қалдырған рухани мұраларын жастарға әрдайым насихаттау. Осындай тарихи тағылым ұрпақтан ұрпаққа жалғасса нұр үстіне нұр болмақ.

Университеттің 80 жылдығы қарсаңында бірінші рет «Қалдырған ізің мәңгілік» атты кітап шығарылды. Кітапта университетте әр жылдары қызмет атқарған, бұл күнде арамызда жоқ аға буын әріптестеріміз туралы естеліктер

мен лебіздер жинақталған. Көпсалалы университетті құрып, қалыптастыруға, оның уақыт талабына сай дамып, өркендеуіне ерекше еңбек сіңірген осындай алдыңғы буын ағаларымыз бен апайларымызға, әріптес, замандастарымызға ризашылығымыз шексіз.

XX ғасырдың 60 жылдарының ортасында Кеңес Одағында қабылданған ұзақ мерзімді халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге арналған бағдарламасы аясында Қызылорда облысы көлемінде суармалы жерлер қарқынды игеріле бастады. Бұл өз кезегінде білікті инженер мамандарды қажет етті. Осыған байланысты КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1976 жылғы 13 шілдедегі № 136 бұйрығымен Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалы ашылды.

Көп жылғы үздіксіз, мақсатты жүргізілген жұмыстардың және филиал директоры Уәлихан Қозыкеұлы Бишімбаевтың қажырлы еңбегінің нәтижесінде 1990 жылы филиал Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты болып дербес шаңырақ көтерді. 1992 жылы институтқа екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың есімі берілді. Институт 1996 жылы ҚР Үкіметінің 7 мамырдағы №573 қаулысымен Ыбырай Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты болып қайта құрылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясаты негізінде еліміздегі жоғары оқу орындарының әлеуетін көтеру, мамандар даярлау сапасын арттыру мақсатында олардың қызметін оңтайландыру тәжірибесі қолға алынып, нәтижесінде көптеген мемлекеттік жоғары оқу орындары біріктірілген болатын. Осы орайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы №256 қаулысымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ыбырай Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтының бірігуі негізінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрылуы білім ордасы үшін жаңа тарихи белес еді. Бүгінде оған да жиырма жылға жуық уақыт болыпты.

Мерейлі мереке қарсаңында білім ордасының қалыптасуы мен дамуына ерекше еңбек сіңірген оқу орны басшыларының есімдерін атау орынды деп санаймын. Әділ Ермеков, Базарбек Өсербаев, Оралхан Камардинов, Абай Айтмұхамедов, Уәлихан Бишімбаев, Бақберген Досманбетов, Байзақ Момынбаев, Болатбек Абдрасилов – ғылыми-ұстаздық, басшылық-ұйымдастырушылық қызметтерін оқу орындарының өсуі мен өркендеуіне арнады.

Әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында университет 1998 жылдан бастап Ұлыбританияның, Италияның, АҚШ-тың, Польша, Бельгия, Ресей Федерациясы, Канада, Түркия, Оңтүстік Корея, Австрияның және Өзбекстан, Қырғызстан елдерінің 70-ке жуық жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтарымен әріптестік байланыс орнатты.

Мамандарды шетелдерде даярлау, халықаралық стандарттарға сәйкес оқу бағдарламаларын жетілдіру мақсатында 1996 жылдан бастап Ресей

Федерациясының бірқатар жетекші жоғары оқу орындарында мақсатты түрде жас ғалымдарды даярлау қолға алынды.

2005 жылдың қыркүйек айының 15 жұлдызында Италияның Болонья қаласында университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойдық. Сөйтіп келешек жас ұрпақтың қалыптасуына мүмкіндік жасап, еліміздегі белгілі жоғары оқу орындарының қатарында халықаралық білім кеңістігіне жол аштық.

Университетте 2000-2001 оқу жылынан бастап аймақтағы алғашқы әскери кафедра ашылды. Осы ретте әскери кафедраның, сонымен бірге құқықтану, дәстүрлі музыкалық өнер-жыр мамандықтарының ашылуына қолдау білдірген сол кездегі ҚР Білім және ғылым министрі, бүгінгі Қызылорда облысының әкімі, университет Қамқоршылық кеңесінің және Байқау кеңесінің төрағасы Қырымбек Елеуұлы Көшербаевқа облыс әкімінің білім гранттарын тағайындап, талантты жастар мен университет ұжымына көрсетіп келе жатқан ерекше қамқорлығы үшін зор алғысымызды білдіреміз.

Аймақтық жоғары оқу орнының өсіп-өркендеуі сол аймақтың экономикалық-әлеуметтік, рухани дамуымен тікелей байланысты. Осы ретте бүгін 80 жылдық белесті бағындырып отырған университеттің қалыптасуы мен дамуына ерекше үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері: Исатай Әбдікәрімов, Тәкей Есетов, Еркін Әуелбеков, Сейілбек Шаухаманов, Виталий Брынкин, Оңалбек Сәпиев, Сейітсұлтан Әйімбетов, Бердібек Сапарбаев, Серікбай Нұрғисаев, Мұхтар Құлмұхаммед, Икрам Адырбеков, Қожахмет Баймаханов сынды ел ағаларына құрмет сезімімізді білдіреміз.

Бүгінгі 80 жылдық асқаралы белес биігінен білім ордасының тарихы мен жүріп өткен жолына шолу жасай отырып, қандай жетістіктерге қол жеткіздік, алда қандай асулар бар, соған тоқталайық.

Университет 60 бакалавриат, 30 магистратура, 9 докторантура бағдарламалары бойынша білім беру қызметін 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарының алты бағыты бойынша жүзеге асыруда. Елбасымыздың тапсырмасына сай университет ұжымы бірқатар ауқымды жобаларды қолға ала отырып, оқу үдерісін ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесі негізінде халықаралық білім кеңістігіне интеграциялану бағытында жұмыс жасауда. 2012-2013 оқу жылынан бастап университетте 16 мамандық бойынша үш тілде білім беріліп, алғашқы түлектер аймағымыздың түрлі саласында табысты қызмет атқарып келеді. Үш тілді еркін меңгерген педагог мамандар даярлау бағытындағы жұмыстар да нәтижесіз емес.

«Цифрлы Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы негізінде цифрлық индустрияны дамыту, білім саласында цифрлық технологияларды қолдану бағытында оқу орнында «Ақпараттық технологиялар және ғылыми жұмыстарды коммерцияландыру» басқармасы құрылды. Университет пен қазақстандық робототехника федерациясы арасында робот саласы бойынша мамандар даярлау мақсатында меморандумға қол қойылды. Қазіргі таңда «Есептеу техникасы және ақпараттық жүйелер» кафедрасының студенттеріне Робототехника бағыты бойынша дәрістер жүргізілуде. Өз кезегінде оларға кәсіби практикадан робототехника федерациясының Қызылорда филиалының

базасын пайдалануға мүмкіндік жасалған. Сонымен бірге, облыс әкімдігі мен Microsoft компаниясы арасындағы меморандумға сәйкес университетте бірлескен ғылыми-тәжірибелік жұмыстар жүргізу мақсатында Microsoft академиясын ашу жұмыстары жүргізілуде.

Көрнекті ғалымдар мен ғылымды ұйымдастырушылар, жастарға жол көрсетуші танымал педагогтардың жетекшілігінің арқасында ғылыми мектептердің үлгісі уақыт талабына қарай дамыды. Ғылым мен өндірісті ұштастыруды басты назарға алған университет ғалымдары 2011-2012 оқу жылынан бастап ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде ғылымның барлық саласында жиырмадан аса ғылыми-инновациялық жобаларды орындап немесе жүзеге асырып келеді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық сананың жаңғыруы ұлт руханиятының терең тамырын түлетумен байланысты екенін атап өткен болатын. Талай тарихтан сыр шертетін Қызылорда облысының аумағындағы мәдени-тарихи мұраларды сақтау, қорғау және археологиялық-этнографиялық ғылыми зерттеулер жүргізумен «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы айналысады. Аталған орталық осы бағытта бірнеше ғылыми жобаларды жүзеге асыруда. «Қорқыттану және өлке тарихы» институты, Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы Сыр өңірінен шығып, есімдері әлемге танылған тұлғалар мен Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеуде. Осылайша, университет ғалымдары бірнеше салада ғылыми мектептер қалыптастырды, оқу орны білім, ғылым ордасы ғана емес, Сыр өңіріндегі рухани-мәдени орталыққа айналды. Осы уақыт аралығында мамандар даярлауда өзіндік дәстүр қалыптастырып, еліміздегі іргелі жоғары оқу орындары қатарынан лайықты орынға ие болды.

Ойлы көзбен, шынайы сергек сезіммен қарасақ: киелі білім ордасынан 80 жыл ішінде небір айтулы азаматтар қанаттанған екен. Университеттен түлеп ұшқан мемлекет және қоғам, өнер, әдебиет пен мәдениет қайраткерлері, ұлт руханиятын өркендетуге үлестерін қосқан түлектер Кеңес Одағының Батыры Иван Журба, мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаев, аты аңызға айналған бұлбұл әнші Роза Бағланова, академик Рахманқұл Бердібаев, сонымен қатар бүгінгі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктері, көрнекті ғалымдар Нәдір Кәрімұлы Нәдіров, Досмұхаммед Кішібеков, Әбдімәлік Нысанбаев, Амангелді Саданов, Юрий Ким, Лесбек Тәшімов, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев сынды түлектеріміз тек тәуелсіз Қазақстанның ғана емес, алыс-жақын шетелдердің зиялы ортасы құрмет тұтатын тұлғалар.

Университет түлектері даңқты спортшылар: ауыр атлетикадан төрт дүркін Әлем чемпионы Илья Ильин, Әлем чемпионы, Олимпиаданың қола жүлдегері Александр Зайчиков, Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Алмас Өтешев, Самбодан Әлем біріншілігінің күміс жүлдегері Жамал Бозова, велосипед спортынан Әлем чемпионы Марат Сатыбалдиев, бокстан Лондон олимпиадасының қола жүлдегері Марина Вольнова, бокстан Әлем

чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев және Дүниежүзілік универсиаданың ауыр атлетикадан күміс жүлдегері Рүстем Сыбай – еліміздің мақтаныштары.

Сексенжылдық тарихы бар ұжымның алдына қойған ендігі мақсаты – университетті инновациялық-кәсіпкерлік білім беретін жоғары оқу орнына айналдыру, университеттердің ең беделді халықаралық рейтингтеріне қатысу. Сонымен қатар, білім, ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар және инновацияны дамыту саласындағы Мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттарына қол жеткізе отырып, ақпараттық қоғам қалыптастыру ісіне нақты үлесін қосу арқылы өркениет өрісінің жаңа белестерін бағындыру жолында қызмет жасау.

**Қылышбай БИСЕНОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік**
**университеті ректорының міндетін атқарушы,**
**техника ғылымдарының докторы, профессор,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.**

**«Сыр бойы» газеті, 16.11.2017ж**

## СЕРПІНДІ СЕКСЕН ЖЫЛДЫҢ САЛТАНАТЫ

Бейсенбі күні Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың 80 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын өтті. салтанатқа облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Университет ректоры Қылышбай Бисенов қарашаңырақтың арғы тарихынан тарқатып айтып, сексен жылдағы маңызды деген дүниелерді санамалап берді. Бес жыл бұрын бакалавриаттағы 16 мамандық үш тілде оқытыла бастады. Қазір жоспарланған пәндердің 50 пайызы – қазақ, 30 пайызы – ағылшын, 20 пайызы орыс тілінде өтеді. Алдыңғы оқу жылында университеттің 300-ден астам өкілі халықаралық «Eurospeak» мектебінде Англия мен АҚШ филологтарынан ағылшынша үйренді. Соңғы үш жылда төрт-бес мамандықтың түлектері дипломдық жұмысын осы тілде қорғады.

– Инновациялық-кәсіпкерлік білім беретін оқу орнына айналу, өңірдің ақпараттық технология саласын дамыту, осы сала мамандарын даярлау – басты мақсат. Бүгінгі күні бейінді кафедралардың студенттері робототехника бағыты бойынша курстардан өтіп жатыр. Бізде автоматтандырылған «E-Univer» жүйесі жұмыс істейді. Барлық құрылымдық бөлімнің қызметі туралы мәлімет қоры толығымен автоматтандырылған. Биыл Сүлеймен Демирель университетімен бірлескен CISCO академиясы ашылды. Алдағы уақытта облыс әкімдігі мен Microsoft компаниясы арасындағы меморандумға сәйкес Microsoft академиясын құрамыз, – деді Қ.Бисенов.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бұл жалғыз университет ұжымының емес, бүкіл Сыр жұртшылығының ортақ қуанышы, мерейлі мерекесі екенін айтып, көпшілікті қуанышымен құттықтады.

– Оқу орнынан түлеп ұшқан мыңдаған маман еліміздің, аймағымыздың дамуына зор үлес қосып келеді. Олардың арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері, ұлағатты ұстаздар мен танымал ғалымдар, мәдениет майталмандары мен спорт саңлақтары, белгілі өндіріс басшылары мен бизнес өкілдері көптеп саналады. Сіздерді білім ордасының мерейтойымен құттықтай отырып, университет ұжымына толағай табыс тілеймін. Шәкірттеріңіз елімізді дамытуға зор үлес қосатын мықты маман болсын, университеттің аты биіктен көріне берсін! – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі осыдан кейін бірқатар азаматқа өзінің Құрмет грамотасын табыстады. ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Әбдіманап Бектұрғанов, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің төрағасы Болатбек Абдрасилов, ҚР ЖОО ассоциациясының президенті, академик Рахман Алшанов, еліміздегі бірқатар ЖОО ректорлары, түрлі салада танылған түлектер тілектерін ақтарды.

Ғылым мен білімнің дамуына үлес қосқан ардагерлер мен оқытушылар «Еңбек ардагері», «Ыбырай Алтынсарин», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерін кеудеге тақты. Университет ректоры Қ.Бисеновтің бұйрығымен тағы бірнеше адам «Қорқыт Ата атындағы Алтын медаль» мен «Үздік түлек» медалін алды. Ең басты марапат университетке Ахмет Байтұрсынов атындағы орденнің берілуі болды.

Салтанатты жиын қазақстандық және жергілікті өнер иелерінің концерттік бағдарламасымен жалғасты.

**Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.**

**«Сыр бойы» газеті, 18.11.2017ж**

## ДУХОВНОЕ ОБНОВЛЕНИЕ –УСПЕХ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Духовное возрождение Казахстана началось не сегодня. За 25 лет независимости нашей республики проделана большая работа. Еще в 2009 году в своем выступлении на III Съезде Лидеров мировых и традиционных религий глава государства отметил, что сегодняшнее «новое мироустройство немыслимо без высокой нравственности и духовности. Именно они должны стать главными механизмами посткризисного переустройства мира. Все лучшее, что есть в культуре каждого народа, должно быть достоянием всего человечества, и что «...без перемен в сознании, без твердого соблюдения моральных норм и высших нравственных принципов кризиса не преодолеть! Лишь справедливый миропорядок может стать основой процветания человеческого общества!». В рамках программы «Культурное наследие» обновлены историко-культурные памятники, в рамках еще одной программы – «Народ на волнах истории» – собраны самые важные документы, касающиеся истории нашего народа и страны.

Сегодня предстоит еще более масштабная работа в этом направлении. В программной статье Президента РК Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее:

модернизация общественного сознания» предложил ряд важных мероприятий, направленных на духовное обновление всего казахстанского общества, а именно: расширение границы национального самосознания, при этом сохранив главное в национальном менталитете.

В настоящее время наблюдается огромный интерес к опыту прошлого, имеющийся в обществе, через обращение к которому возможны усилия для разрешения новых возникающих проблем настоящего. Казахстан, занимая обширное евразийское пространство, как в прошлом, так и в настоящем является, по мнению многих исследователей, средоточием мощных цивилизационных процессов. На протяжении длительной истории жители степных просторов накопили богатый опыт в области обучения и воспитания подрастающего поколения, выработали своеобразные обычаи и традиции, правила, нормы и принципы поведения, где несущим каркасом в духовной культуре народа является Человек. Основой его духовно-нравственных ценностей стали гуманность, милосердие, доброжелательность, гостеприимность, открытость, миролюбие, и безусловно, толерантность, так как данное понятие есть органически присущий казахскому обществу этический принцип, ее важнейшая и характерная особенность.

История и культура казахского народа, хранит в себе уникальный опыт выживания, в самых сложных условиях. Способность кочевников ориентироваться в пространстве являлась жизненной необходимостью, поскольку род хозяйственной деятельности требовал непрерывных перемещений в границах обширных кочевых территорий. Его открытость вызывало постоянную готовность преодолевать все встречающиеся на пути препятствия. Вследствие чего сформировалась система, закаленная различными способами жизнедеятельности и внешними воздействиями как природными, климатическими, так и экономическими, военными.

Известно, что успешный бренд – это мощное выражение культурного имиджа, выполняющий важную миссию: воспроизводить черты характера национальной культуры и тем самым поддерживать культурное многообразие в мире. Во многих отношениях он несет ответственность за культурный код, за пропаганду уникальности в мировом сообществе. Так, культурными брендами Казахстана стали памятники «Алтын Адам» («Золотой человек»), мавзолей Ходжи Ахмеда Яссави, Отрар, Туркестан, труды выдающихся ученых мыслителей прошлого, которые по праву считаются жемчужинами мировой гуманистической духовной культуры: Аль-Фараби, Коркыта ата, Абая, Шакарима, памятники устного народного творчества. Одна из самых популярных и знаковых лиро- эпических казахских поэм «Кыз-Жибек» включена в мировое культурное наследие по линии ЮНЕСКО.

В современных реалиях, необходимость осознания интересов государства является залогом его успешного функционирования на мировом цивилизационном уровне. Говоря о сущностных идеях созидания и укрепления национальной государственности, Президент Н.А.Назарбаев подчеркивает, что доминирующей является идея единства и целостности народа Казахстана.

«Духовное начало – это сила, которая сплачивает нацию в единое целое. Чем сильнее дух народа, тем выше перспективы его государственности. Это – главный двигатель истории и нашей судьбы…».

Общеизвестно, что духовность есть общечеловеческая ценность, и поэтому она представляет собою интегральное качество, обусловливающее целостность личности, высокий уровень ее развития. В традиционно философском понимании духовность включает три начала – познавательное, нравственное и эстетическое. Трем данным способностям человеческой природы соответствуют три сферы духовной деятельности – созидающие научное знание и философию, нравственность, искусство. Им, в свою очередь, соответствуют духовные ценности, относимые к разряду высших – истина, добро, красота.

В истории человечества выработались и три «чистых» типа духовных творцов – познающий (мыслитель, мудрец, ученый), праведник (святой), художник (поэт, композитор, музыкант, живописец и т.д.). Все эти стороны образуют то, что называется духовной жизнью, духовным поиском. По своей сути добро, истина и красота – экзистенциальные константы в духовных исканиях людей, различные способы обретения одного и того же – высшего смысла жизни, согласия с собой и миром, гармонии. И хотя взаимоотношения их между собой складывались весьма непросто в истории духовной жизни людей, можно определенно сказать, что нравственность является ядром, нервом духовности.

Продолжая характеристику понятия «духовность», отметим, что в своих трудах казахстанские ученые- философы отмечают, что критериями духовности является поведение человека, его отношение к самому себе, к окружающим людям, к труду, к любви, к обществу и От- ечеству. И. Ергалиев, А. Косиченко духовность определяют как одну из главных особенностей внутреннего мира человека, как способность человека вбирать в себя все самое лучшее на свете. Духовность – это нравственное начало в человеке, являющееся воплощением всей совокупности ценностей личности для общества, для людей, для самого себя. Она – отражение в психике человека его бытия, отражение его в сознании, высокая мера приобщения к культуре общества. Для более детального рассмотрения данной ка- тегории необходимо касаться глубины и гибкости ума; возвышенности чувств, благородства души, деликатности в отношении к людям, стремления улучшить и облагородить свой внутренний мир и окружающую среду. Духовность – это готовность человека свои лучшие качества, как интеллект, талант, мастерство, внутренний мир, направить на благо окружающей среды и всех людей». Только в этом случае человек способен развиваться духовно, в противном случае он будет далек от духовного развития.

Мы склонны рассматривать духовность человека как синтетическую категорию, как тонкое и сложное единство многих качеств человеческой личности, как нечто, поддерживающее ее целостность. Согласно проделанному анализу понятия «духовность», опираясь на частоту употребления, отдельные

его признаки можно расположить в такой последовательности: свобода, добро, стыд, жалость, любовь, творческая активность, истина, разум, воля, интеллект. Ядром духовности считается «нравственность».

«Нравственность» понимается как благонравие, согласие с абсолютными законами правды, долгом, честью, чистой совестью гражданина. Философский энциклопедический словарь определяет «нравственность» как мораль, как один из способов нормативной регуляции действий человека в обществе. Воспитание можно рассматривать как незаменимый инструмент обучения нравственности. Преподавателю вуза, работающему над формированием и совершенствованием духовно- нравственной культуры обучающегося – студенческой молодежи, нужно понимать, что нравственность, ее принципы – это не только и не столько способы регулирования общественного порядка, сколько средства духовного развития человека. Так как в содержание нравственного воспитания включают и совесть, стыд, скромность, сочувствие, сострадание, милосердие, непримиримость к злу, любовь, ответ- ственность за свои дела и слова. Исходя из этого, можно констатировать, что нравственность – это духовные и душевные качества, необходимые человеку в обществе, а также выполнение правил, определяющих поведение человека. В современных условиях важным элементом формирования духовно-нравственного воспитания молодого поколения являются культурно- образовательные организации, как библиотека, театр, музеи и т.д. Так, например, создание в школах и вузах музейно-образовательной среды будет способствовать воспитанию у молодежи ряда важных личностных качеств, как: развитие нравственной культуры; воспитание исторического и национального самосознания; воспитание художественного вкуса; становление духовности личности.

Со дня обретения Казахстаном независимости, одним из важных векторов государственной политики стало создание новой модели казахстанской системы образования с учетом складывающихся политических, экономических и социальных условий. За основу реформирования и модернизации образования была взята система образования развитых стран, предусматривающая программную дифференциацию, ориентированную на переход от «образования для всех» к модели «образование по выбору», «образование в течение всей жизни».

Современная казахстанская система образования находится в стадии динамичного обновления. Система образования развивается в направлениях повышения её дифференцированности, вариативности, интегрированности образовательных программ, гуманизации и гуманитаризации образования. Сегодня большинство образовательных учреждений работает в режиме инновационной деятельности. Для республики в русле современных образовательных идей перспективно рассмотрение так называемой личност- но ориентированной парадигмы образования, предполагающей продуктивное развитие обучающегося, повышение возможностей формирования личности, ее адаптации в современном динамичном обществе.

Изменения, происшедшие в Казахстане за последние годы, это – появление инновационных образовательных учреждений, как Назарбаев Университет, Назарбаев Интеллектуальная школа, внедрение в педагогический процесс новых конструктивных технологий обучения; переход на 12-летний цикл обучения в общеобразовательной школе, переход на многоуровневую подготовку специалистов – бакалавриат, магистратура, PhD докторантура; обучение студентов по академической мобильности, внедрение трехъязычия, повышение квалификации педагогов через созданные Центры «Орлеу» и Педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», внедрение обновленного содержания образования в средней школе, переход на дуально- ориентированную форму обучения, создание прикладного бакалавриата, и вот новая страница в развитии государственного языка – это Указ нашего Президента от 27 октября 2017 года о переходе казахского языка на латинскую графику, все это – этапы духовной модернизации казахстанского образования, это доступ к самым современным достижениям науки и техники, это залог успешного и благополучного будущего нашей казахстанской нации. «Наш путь в будущее связан с созданием новых возможностей для раскрытия потенциала казахстанцев. Развитая страна в XXI веке – это активные, образованные и здоровые граждане».

Сегодня в образовательных учреждениях Казахстана, в том числе и в высшей школе, весь педагогический процесс направлен на воплощение главных направлений «Стратегии Казахстан-2050», Государственной программы развития образования страны на 2011-2020 годы, а в целом на воплощение национальной идеи «Мәңгілік Ел», направленной на в первую очередь на сохранение целостности республики как социального организма на уровне нации и общества, и во-вторых, на укрепление гражданской и духовной, этнической и национальной идентичности, ускорение социо- культурной и социопсихологической активности населения. Идея «Мәңгілік Ел» во главу всех приоритетов развития казахстанского общества ставит нравственно-духовное возрождение страны. По мнению ученых, нравственно-духовное возрождение Казахстана должно основываться на: 1) стимулировании самоорганизации интеллектуальной силы казахского народа, народа Казахстана и мощи казахстанской культуры; 2) обновлении духовного, научно-интеллектуального, научно- творческого и художественного потенциала нации и страны; 3) повышении гуманистической ориентированности системы образования, воспитания и участии граждан Казахстана в деле возрождения национальной культуры. Кто проходит школу умственного и нравственного обучения, тот может стать внутренне самостоятельным. Исходя из этого, сегодня в образовательных учреждениях необходимо мотивировать и стимулировать не только духовно- нравственное обновление сознания обучающихся, но и обновление их научно-интеллектуального, научно-творческого и художественного по- тенциала. Так как образование в современных условиях предстает как мощное средство демонстрации интеллектуального потенциала на мировой арене.

Безусловно, «идеалы – это высшая духовная ценность нашего общества. Необходимость целенаправленно воспитывать нравственные идеалы у подрастающего поколения диктуется не только психологическими особенностями формирования личности, но имеет и более широкое социально-политическое обоснование». У каждого народа есть свои герои, а вот такого, как Коркыт, не встретишь, он неповторим, такой необычный. Идеей духовного обновления сознания и деятельности человека пронизана вся жизнь Коркыта ата. Мы гордимся, что наш университет носит имя великого мыслителя. Коркыта ата – это ученый- мыслитель прошлого, труды которого по праву считаются жемчужинами мировой гуманистической духовной культуры. На сегодня «Китаби деде Коркут» («Книга моего деда Коркута») на языке племен «огузов» представляет единственный письменный памятник средневекового эпоса тюркоязычных народов. По выражению известного казахского писателя М. О. Ауэзова «…мелодии Коркута, и созданный им кобыз, пошли странствовать по земле, а имя Коркута осталось бессмертным в струнах кобыза и в сердцах людей». «Если Коркыт был символом тюркского единства в прошлом , то в настоящем их надежда на будущее. В учении Коркыта тюркский дух неиссякаем и бессмертен», – отмечает доктор филологических наук, профессор С.Акатай. В действительности легендарный Коркыт через века поражает мудростью весь мир.

Сегодня, когда нашему обществу необходимо, как сказал наш Президент, «сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать единой нацией сильных и ответственных людей», важно сохранить «свою культуру, собственный национальный код», свое духовное начало. Жизнь великого мыслителя Коркыта ата – хороший пример для овладения каждым человеком ценностями и опытом, связанными как с материальным, так и с нематериальным существованием человека, как признание единства научного и религиозного, рационального и религиозного, земного и космического.

Таким образом, духовное обновление сознания человека – это, во-первых, формирование нравственной позиции во взаимодействии с людьми, определение своего отношения к религии, проба сил в гуманистических поступках, определение своих возможностей в эстетической деятельности. Основным регулятором этих отношений, безусловно, является нравственность каждого из нас, те моральные нормы, которые и определяют наше поведение в различных ситуациях в частности и в жизни в целом. И, во-вторых, духовное обновление сознания человека – это успех развития образовательной системы общества.

Сегодня образование в Казахстане – это «фундаментальный фактор успешности нации в будущем», и потому одна из главных задач учителей и преподавателей вузов – культивировать ценность образования и инновационного мышления – должна решаться благодаря осуществлению ими целенаправленной работы по воспитанию высокообразованной, интеллектуальной молодежи на принципах общечеловеческих ценностей, в духе нового казахстанского патриотизма и национальной идеи «Мәңгілік ел».

**Шарбану МАЙГЕЛЬДИЕВА,**

**«Кызылординские вести», 05.12.2017**

## ЖАС ҒАЛЫМНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Жуырда он түрлі номинация бойынша үздік жастарға «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы тапсырылды. Мерейі тасып, мәртебе биігінен көрінгендер қатарында жерлесіміз, жас ғалым Нұрғали Ақылбеков те бар.

Нұрғали 1989 жылы Жаңақорған ауданының Қожамберді ауылында дүниеге келген. Осы ауылдағы №162 қазақ орта мектебінің түлегі. Мектепті бітірген соң Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне оқуға түсті. Еңбек жолын іргелі білім ордасының инженерлік бейіндегі физика-химиялық талдау әдістері зертханасында инженер ретінде бастады. Одан кейін жетекші маман болды. Ғылыми жұмыстармен айналысып, біршама ғылыми еңбек пен патенттің авторы атанды. Қазіргі уақытта Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дің ректоры Қылышбай Бисеновтің қолдауымен Қазан ұлттық зерттеу технологиялық университетінің аспирантурасында оқып жүр. Сондай-ақ «Жас ғалымдар альянсы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі.

Нұрғали бұған дейін бірнеше ауқымды шараға қатысты. Оның ішінде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры ұйымдастырған Қазақстанның жас ғалымдарының ғылыми жетістіктері көрмесінің, Қазан қаласында өткен Н.И.Лобачевский атындағы ғылыми жұмыстар конкурсының қатысушысы. Ғылыми-зерттеу материалдары Қазан, Санкт-Петербург, Мәскеу, Новосибирск, Иркутск, Алматы сияқты қалалардағы халықаралық, жалпыресейлік конференциялар мен симпозиумдарда жарияланды. Ал нәтижелері Украина мен Италиядағы шетелдік конференциялар мен симпозиумдарда жарық көрді. Химия ғылымының дамуына үлес қосып келе жатқан ғалымның азды-көпті еңбегі еленіп те үлгерді. Атап айтқанда, биыл Қызылорда қаласында өткен «EXPO-2017. Кемел келешек» инновациялық жобалар мен идеялар жәрмеңкесінде I орын алды. Облыс әкімінің «Сыр үміті», Ғани Мұратбаев атындағы республикалық жастар сыйлықтарының иегері.

Жас ғалым «Дарын» сыйлығын алар кезде «мен бұған лайықпын ба, менен де небір мықты жастар бар ғой» деп ойлағанын айтады. Дегенмен, марапат адамның мерейін өсіреді емес пе?! Нұрғали қол жеткізген жетістіктерімен тоқтап қалмай, әлі де аянбай еңбек етуге әзір. Ол қоғам қайраткері Шарль де Гольдің «Қиын жолды таңдаңыз, өйткені онда бәсекелесті кездестірмейсіз» деген сөзін қаперге мықтап түйген. Әрбір жетістіктің таза еңбекпен келгенін дұрыс көреді.

– Ғылым жолындағы алғашқы ұстазым, осы жолға келуіме бірден-бір себепкер – университеттің инженерлік бейіндегі физика-химиялық талдау әдістері зертханасының жетекшісі, химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Ресей Федерациясы

жаратылыстану ғылымдары Академиясының профессоры Нұрбол Аппазов. Қазіргі кезде аспирантурадағы ғылыми жетекшілерім – ресейлік ғалымдар, химия ғылымдарының докторы, профессор Александр Бурилов, химия ғылымдарының кандидаты Елена Чугунова. Осы кісілерге және «Жас ғалымдар альянсы» қоғамдық бірлестігінің ұжымына, бірлестік президенті Ғани Байұлына ризашылығымды білдіремін, – дейді Нұрғали.

**Назерке ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ,**

**«Сыр бойы» газеті, 15.12.2017ж**

# 2018 жыл

## ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҰЛАҒАТЫ

Асылы әдебиетті жақсы білу үшін, нақтырақ айтсақ, әдебиет теориясы туралы толғаулы һәм тұрлаулы пікір айта алу үшін ақын не жазушы болып, яғни суреткер болмыспен дүниеге келу керек сияқты көрінеді. Ұлы Зекең, академик З.Қабдолов дәл осындай жан, суреткер ғалым болатын. Зекеңнің ғылыми еңбектерінің өзі өлеңдей өріліп, оқыған сайын тереңіне тартып, төгіліп тұратын. Әдебиет пен өнер теориясы, шығармашылық психологиясы, суреткер тұлғасы мен бітім болмысы, т.б. туралы Зекең айтқан ой-пікірлер өзінің сыршыл да шыншылдығымен, тамыршыдай тап басып, тауып айтқан дәлдігімен, өлеңдей оқылатын нәзік дірілімен адамды терең баурайтын.

Қайран Зекең әдебиет теориясының толғақты тұстарын тілге тиек етер алдында әулие Аристотельден бастап, оның еңбектеріне жасаған әл-Фарабидің түсіндірмелерін бір көш әңгімелегеннен кейін, әл-Фарабидің әдебиет теориясына арналған еңбектеріне кеңірек тоқталатын. Зекең бұл тұстарда Шығыс халықтары әдебиетінің түп- тамырын, тарихи дәстүрлерін терең білетіндігімен таң қалдыратын. Ол тіпті әл-Фарабимен ой таластыра отырып, Шығыс халықтары әдебиетінен қазақ әдебиетінің тарихи, теориялық мәселелерінің бәрібір бөлек, ерекше екенін айтып, қазақ әдебиетінің түп негізінің түрік тұқымдас халықтар әдебиетімен тамырлас екеніне ерекше мән беретін, осы бағытта теориялық тұрғыдан бұл тамырластық, туыстықтың сыр-сипатына қатысты орамды ойларын көсіліп айтатын.

Аристотель мен Фарабиден кейін ұлы ұстаз Гегель философиясына, оның әдебиетке қатысты еңбектеріне талдау жасайтын. Әсіресе, «Эстетикасына» тереңірек тоқталып, оны әдебиет теориясының тарихындағы ұлы еңбек деп ерекше бағалайтын. Академик З.Қабдолов орыстың ұлы сыншысы В.Белинский еңбектеріне тоқталғанда, құдды құрдасымен әңгімелесіп отырғандай, «осы орысың көп нәрсе біледі, әй» деп қойып, әдебиеттің тегі мен түрі туралы толғақты ойларын ағыза жөнелетін. Әдебиет теориясы мен эстетиканың тарихындағы ұлы аруақтарды осылай түгендеп алған ұлы ұстаз лекция тақырыбына байланысты өз толғамдарын айтуға ауысқан тұста, ауыздығымен алысқан арғымақтай ой ағындарын бірінен соң бірін төгіп-төгіп жіберіп, кең көсілетін. Тыңдаушыларды байлап- матап тастайтын бұндай терең ойлар әдебиет туралы ұғым-түсініктерімізді байытып, тереңдетіп жіберетін. Өзінің байсалды, әсем қоңыр даусымен, анда-санда бір жөткіріniп алып оқитын Зекеңнің лекцияларын тыңдап отырып, Тәттімбеттің шертпе күйлерін тыңдап отырғандай тәп- тәтті күй кешетін едік.

Біздіңше, Зекең айтқан әдебиет пен өнер хақындағы ой-пікірлер теориялық тұрғыдағы толғаулылығымен қатар, практикалық жағынан өте тұрлаулы болды, өзі айтқандай нақты әрі затты еді. Зекең қазақ әдебиетін, оның проза, поэзия, драма секілді жанрларын жан-жақты меңгерген нағыз әдебиетші ғалым болғандықтан, айтқан ой-пікірлерінде өзінің оқумен, ізденумен келген білімін көп жылғы тәжірибемен шебер ұштастырып, өзі жатқа білетін поэзияның жарқын үлгілерімен, прозалық, драмалық

шығармалардағы нақты мысалдармен әдемі келтіріп отыратын. Айтылған теориялық ойлардың практикалық тұрғыдан нық, нақты әрі затты түр де бекітіліп отыруы Зекеңді әдебиет теориясынан оқулық, ғылыми еңбектер жазған басқа ғалымдардан ерекшелеп тұратыны шындық. Әдебиет теориясының кез келген мәселесі туралы Зекең ереже айтудан гөрі, көбінесе ізденушінің, оқырманның өз пайымына, тұжырымдауына мүмкіншілік тудыратын, жүк артатын.

Орыстың ұлы сыншысы В.Белинский лирикалық поэзияның классикалық анықтамасын жасады, оның таза субъективтілік сипатына баса назар аударды. Оның анықтауынша, қысқа көлемді лирикалық туындыда сюжет болмай ды. Әрине, негізінен дұрыс айтылған бұл анықтамаға уақыттың озуымен, әдебиеттің дамуымен байланысты қосымша ойлар мен тұжырымдардың қосылып, айтылып отыруы – заңдылық. Мәселен, қазақ әдебиеттануында оқиғалы өлең термині ХХ ғасырдың бас кезінен бастап қолданыла бастаса, орыс әдебиетіндегі «сюжетті» өлеңдердің жазылу тарихы бұдан да ертерек. Сондықтан болар, академик З.Қабдолов лирикалық поэзияда сюжет жоқ демейді, «лириканың сюжетке көп бара бермейтінін» ғана айтады.

«Қазақ Кеңес дәуіріндегі лирикалық поэзияның жанрлық спецификасы» деп аталатын кандидаттық диссертациямызды (Алматы, 1988) академик З.Қабдоловтың ғылыми жетекшілігімен қорғағанда, міне, біз осы оқиғалы өлеңдердің қазіргі қазақ әдебиетіндегі жағдайына, жанрлық сипатына, оның тарихи жолы мен теориялық ерекшеліктеріне әдеби- эстетикалық, ғылыми тұрғыдан бір шама талдаулар жасадық, зерттеу жүргіздік. «Оқиғалы» өлеңдердің тарихын жазба кәсіби әдебиет тұрғысынан алып қарастырсақ, ол өзінің бастауын ұлы Абайдың екі өлеңінен алады. Олар: «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» мен «Асқа, тойға баратұғын» өлеңдері. «Оқиғалы» өлеңдердің бұдан кейінгі тарихы ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиет, Кеңес дәуіріндегі әдебиет, қазіргі әдебиет болып жалғаса береді.

Оқиғалы өлеңдерге тән жанрлық сипат жөнінде айтар болсақ, біріншіден бұндай өлеңдердегі оқиға – оқиғаның өзі емес, ізі, сілемі, ойға от тастау үшін алынғандай оқиғаның элементі. Мысалға, қазіргі қазақ поэзиясынан М.Шахановтың «Ғайша», «Құз басындағы аңшылық зары» сияқты өлеңдерін алуға болады және бұндай шығармалар әдебиетімізде аз емес. Бұларда оқиғаның ізі, сілемі болатындықтан, оған араласатын объективті, ақыннан тыс, өмірде бар не болған кейіпкерлер болады. Бұндай кейіпкерлердің бітім-болмысында субъективтілік сипатпен бірге, объективтілік сипаттың да болатыны түсінікті. «Оқиғалы» өлеңдердің айталық, шағын көлемді поэмалардан ерекшелігі, бұндай өлеңдердің жанрлық сипатын өлең ішіндегі оқиға не оның нәтижесі емес, оқиға элементтерінен туындайтын сезім, лирикалық түйсік белгілей ді. Қазіргі поэзиямызда саны жағынан өте көп, сапасы, идеялық мазмұны, көркемдігі жағынан да қамшы салдырмайтындай үлгілері бар бұндай өлеңдер арқылы лирикалық поэзияда сюжет болмай ды деген ұғымның уақыттың ілгерілеуімен бірге, өзіне жаңа, қосымша, үстеме ойлар қажетсінетіні диссертациямызда біршама дәлелденген еді.

Жоғарыдағы айтылған тақырып пен диссертация жазуды бастағанымызда академик З.Қабдолов Г.Поспеловтің «Лирикасын» басшылыққа алып отыр деген болатын. Өткен ғасырдың 70-жылдарының аяғына таман әдебиеттану мен өнертануда нәтижелі қолданыла бастаған салыстырмалы – тарихи типологиялық әдістің негізінде, бүкіл әлемдік әдебиет танудың озық тәжірибелеріне сүйене отырып, профессор Г.Поспелов өзінің «Лирикасында» қазіргі орыс лирикалық поэзиясын бес түрге бөліп қарастырады. Олар: 1) описательная 2) описательно-изобразительная 3) медитативная 4) персонажная 5) повествовательная

Көріп отырғанымыздай, Г.Поспелов те повествовательная деп, қазіргі поэзиядағы оқиғалы өлеңдерді атап отыр.

Біздің де осы ізбен қазақ лирикалық поэзиясын арнау, толғау, баяндау деп үш топқа бөліп қарастыр ған талабымызға ұлы ұстаз аз-кем өз пікірлерін айтып қосқанымен, не гізінен қарсы болмаған еді, қазақ өлеңінің жанрлық сипатын салыстырмалы-тарихи типологиялық әдістің негізінде профессор Г.Поспеловтің ізімен қорғамақ ниетімізге оң қабақ танытқан. Жалпы, Зекең ғылыми зерттеушілік, жетекшілік жұмыста да өзінің даладай дарқан табиғатынан алыстамай, тәптіштемейтін, шұқыламайтын, ұсақтамайтын, керісінше ізденушіні қанаттандырып, «дәл осы тақырыпты өзіңнен артық кім біледі дейсің, қамшыны баса бер» дегендей, көңіліңді көтеріп тастайтын, зерт теуге ынталандыра түсетін, шабыттандыратын.

Бұдан шығатын қорытынды – әдебиеттің ең бір нәзік тұсын, құпиясын Зекеңдей білетін адамның сирек екені және оның емеурінмен, елеусіз ғана айтқан әдебиет туралы аз сөзінің астарында үлкен ғылыми зерттеу еңбектер жазатындай сыр мен сипаттың болатыны. Бұған дәлел – менің зерттеулерім. Ұлы ұстазбен реті келіп тақырып төңірегінде әңгімелесе қалғанда ойланып-толғанып жүрген тұсыңды дөп басып, «сол бір мәселені былай бағыттаған дұрыс болар» деп сенің қай шамада жүргеніңді білгісі келгендей жүзіңе ойлана қарап қалатын. Сұңғыла психолог ұстаз сенің жүзіңнің құбылыстарынан не айтқан сөзіңнен көп нәрсені аңғарар еді.

Бірде Зекең Қ.Аманжоловтың «өлеңім өзіме тартқан» деген сөзінен тудырып, лирикалық поэзияның теориясындағы лирикалық кейіпкер ұғымының жай-жапсары жөнінде ұзағырақ әңгімелеп кетті. Лирикалық кейіпкер, лирикалық қаһарман, лирикалық бейне ұғымдарын ақын тұлғасымен байланыстырып, «ақынның өзі деуге бола қояр ма екен» деп ойланып жүргенімізде Зекеңнің осы айтқандарынан өзімізге керекті көп жайттарды біліп, санамызға сіңіріп алғанымызды қалай ұмытайық?! Көп ұзатпай оқыған грузин зерттеушісі Беселияның «Кто ты, лирический герой» (Сухуми,1979) деген еңбегінде лирикалық кейіпкердің табиғатына бойлау үшін оның автобиографиялық және автопсихологиялық сипаттарын білу, меңгеру қажеттілігі айтылған екен. Кеңестік дәуірдегі одақтас республикалардың әдебиетін тұтастай алып, лирикалық кейіпкер ұғымын арнайы зерттеген Беселияның ойлары, пікірлері академик З.Қабдоловтың айтқандарымен тұп-тура дәл келіп, қабыса қалғанына қайран қалғаным күні кешегідей есімде. Бұл

деректің өзі ұлы ұстаздың әдебиет теориясын терең білетінінің тағы бір дәлелі емес пе?!

Әрине, ақын өмірбаяны лирикалық кейіпкер ұғымын айқын дау да ерекше маңызға ие, бірақ өлеңде жазылған нәрсенің бәрін ақынның өмірбаянынан іздей алмайтынымыз да ақиқат қой. Өлеңде ақын өз өмірбаянын типтендіріп, өнерлік тұлғаға айналдырып жіберетіндіктен,ен дігі жерде лирикалық кейіпкер туралы әңгіме айтқанда өмірдің емес, өнердің заңдылықтарына сүйенуге тиіспіз.

Қазіргі әдебиет шындығы лирикалық кейіпкер ақынның өзі ғана болады дегенді кесіп-пішіп айтуға ойлануға тиістілігімізді ескертетіндей. Мәселен, Г.Поспелов персонажная лирика тобында жеке адамдарға арналған өлеңдерді береді және бұндай өлеңдер орыс әдебиетінде ғана емес, барлық ұлттар әдебиетінде бар. Осы «персонаждар» яки өлеңдегі ақыннан тыс, өмірде бар, болған басқа адамдардың негізінде жасалған кейіпкерлер, бейнелер қалай ақынның өзі болады, бұндай кейіпкерлердің бойын да таза субъективтілік сипаттан гөрі, объективтілік сипат басымдау емес пе?! Мәселен, Ғ.Орманов «Бауыржанға» деген өлеңінде Б.Момышұлына мінездеме, сипаттама жасайды. Лирикалық поэзияның мүмкіншілігі аясында «бірде қатты, бірде жұмсақ» деген сияқты жолдармен батырдың бейнесін жасауға талпынады. Осы өлеңде Ғ.Орманов өзі туралы ештеңе айтпаса, сипаттама, мінездеме бәрі де тек Б.Момышұлы жайында болса және Б.Момышұлы өмірде бар, болған адам болса, оны қалай ақынның өзі деп қабылдаймыз. Сондай-ақ символдық бейнелер қатарында саналатын Қ.Мырзалиевтің шығармашылығындағы дала, М.Мақатаев поэзиясындағы тау, Т.Айбергенов шығармаларындағы теңізді қайда қоямыз? Лирикалық поэзияда ақыннан басқа да кейіпкерлердің, бейнелердің болатынын зерттеп- зерделеп дәлелдегенімізде Зекең берген бағыт-бағдармен жүрдік, өте бір нәзік сұңғылалықпен, байыпты білгірлікпен айтқан оның ақыл- кеңестері әрдайым алдымыздан шығып отырғанын қалай айтпайық?!

Адамдық, ғалымдық тұлғасына таң қалумен ғана жүрген біз ұлы ұстаздың бітім-болмысында басқа пенделерде жоқ не сирек ұшырасатын қасиеттердің молдығына талай көзіміз жеткен. «Шәкіртім деп иелену үшін, алдымен олар сені ұстазым деп құрметтесін» дейтін Зекең. Зекең ді бір көрген, одан жасы кіші жандардың барлығы оны ұстаз санап үлгеретіні қандай керемет?! Ол шын мәнісінде көзінің тірісінде-ақ ұлт ұстазына айналып кеткен еді.

Пендешілік біткеннің бәрінен ада, сұлу жаратылыс иесі, тәні де жаны сұлу Зекеңнің сұлулық үшін, сұлулықты жырлау үшін туғандай көрінетіні күні кешегі көз алдымыздағы шындық болатын. Ұстаз ұлағаты бойынша «адамдардың бойынан жамандық іздеме, жылт еткен жақсылықты байқасаң, оны дамыт, оят, сонда өзің де, ол да үнемі жандарыңнан жақсылық жаратып жүруге тырысасыңдар» делінетін қанатты ойларды қағидаға айналдырып алып, Зекеңше жүріп- тұруға тырысу – ұлы ұстаздың шәкірттерінің бәрінің бойына өсиет болып еніп, қасиет болып қонған. Бір көргенде паң, тәкаппар

кісі көрінетін  қайран Зекеңнің ұлы гуманист, адамдарды мейлінше терең сүйетін үлкен жүректі адам болғанын шәкірттері, біздер зор мақтаныш тұтамыз.

Жаратылысында нұрлы адамдар сирек те болса болады. Зекең нұрға малынып жүрсе, оның шәкірттері Зекеңнен шашылған шуаққа шомылып жүретін. Сыр елінің даңқты шайыры Тұрмағамбет «адамдық иісіңді жұрт аңсап тұрсын» деп жырлаған. Осы айтқандай, адамдық исін жұртқа аңсатып жүретін қазақтың Қабдоловы, менің ұлы ұстазым Зекеңнің өмірі мәңгілік екеніне әлдеқашан көзіміз жеткен.

**Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,**
**филология ғылымдарының докторы, профессор**

**«Айқын» газеті, 06.01.2018ж.**

## АГРАРЛЫҚ САЛАНЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢ

Жыл сайын Елбасының  Қазакстан халкына арнаған Жолдауын асыға күтеміз. Себебі, күн сайын өзгеріп  жатқан әлемдегіқұбылыстарға байланысты еліміздің ұстанған бағыты, экономикадағы,өндіріс салаларындағы, ғылым мен білімдегі маңызды, таяу мерзімде шешілуі тиіс бағдарламалар бойынша тапсырмалар осы аса маңызды құжаттакөрініс табады.

Жолдауда айтылғандай ауыл шаруашылығы өндірісі - ел экономикасының басым бағыттарыныңбірі. Кең, байтақ жерімізде егіншілік, мал шаруашылығы және өзге де ауылшаруашылығы саласы өндірістерін дамытуға мүмкіндік мол. ЕлбасыЖолдауында сол мүмкіндіктерді толық пайдалану аркылы әлемде сұраныска ие сапалы, экологиялық таза азық-түлікөнімдерін экспортқа шығару міндеті жүктеліп отыр. Мәселен, Елбасы айтып өткендей, егін егу мен астық жинаудың оңтайлы уақытын болжамдаудың «ақылды суарудың», минералды тыңайткыш себудің, зиянкестермен және арамшөппен куресудің интеллектуалды жүйелері аркылы өнімділікті арттыру шаралары бойынша елімізде тиімдіістер қолға алынуда.

Бұл бағытта өзіміз сүріп жатқан Сыр өңірінде де өркендіөзгерістер бар. Күріші пен ет бағытындағыөнімдердің сапасы артып, әлемдік нарыққа шығып жатқандығы көңіл куантады. Осы тұрғыда басты назар аграрлықғылым мен білімде болуы тиіс. Өндіріске жаңа технологияларды әзірлеп енгізу және әлемдегі озық технологияларды жергілікті  жағдайға бейімдеп пайдалану туралы өте құнды ойлар айтылған.

Сондай-ак, Мемлекет басшысы университеттердің диплом берiнқана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін  немесе ғылыммен айналысатын мамандарды даярлау керектігін баса айтты. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарынан агроөнеркәсіп кешеніндегі  озық білім мен үздік тәжірибені  тарататын орталыққа айналуын талап етеді. Яғни, аталмыш салада еңбек өнімділігін арттыру үшін заманауи техникамен қатар, оны

басқаратын мамандар қажеттігін ұғындырады. Олар әлемдік аграрлықғылым мен білімнің соңғы жетістіктерін жете меңгеруі керек.

Жаңатехнологияларды өндіріске енгізу өнімділікті арттырумен қатар,еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды, өнімнің жоғары сапасын және қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл тұрғыда біздің университет те жүйелі шараларды жүргізіп келеді.Білімбағдарламалары бойынша элективтіпәндертізімін құрастыруға «Ауылшаруашылығы мамандықтары бойынша академиялық кеңес» мүшелері, аграрлық сала мекемелерініңөкілдері және білім алушыларқатысады. Бұл болашақ маманньщ өндіріс саласы талаптарына сай білім алуына жол ашады.

**Ибадулла ТАУТЕНОВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ ғылыми жұмыстар**
**және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры,**
**ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы.**

**«Ақмешіт апталығы», 13.01.2018ж.**

## ХАЛҚЫМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШҚАН ҚҰНДЫЛЫҚ

Қоғам дамуындағы келелі мәселелерді дер кезінде ұсынатын Елбасының рухани жаңғыру бастамасына республика жұртшылығы белсене кірісіп кетті. Қазақстандағы ерте өркениеттің тоғысқан жері – Сыр бойы халқы да бұл процестің алдыңғы шебінде келе жатыр. Рухани жаңғырудың бабаларымыздан бізге дейінгі келіп жеткен бүкіл өркениеттің әртүрлі салаларын қазіргі уақыт деңгейі жағдайында дамыту арқылы жүзеге асатыны белгілі. Бұл ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін бірден-бір жол.

Президентіміз Н.Назарбаев биылғы Жолдауында: «Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да осында» деп нақты көрсетті. Ал ұлт әлеуетін көтерудің көп тетіктерінің бірі тарих қойнауынан көмескі тарта бастаған аяулы азаматтарымыздың елімізге, ғылым, білім, өнер саласына сіңірген еңбектерін жариялай отырып, оларды қазіргі өскелең ұрпақтарымызға жеткізу болып табылады.

Елеулі еңбектерімен ерекшеленіп, көптеген ғылыми, мәдени мұраларын біздерге аманат етіп кеткен сырбойылық тұлғаларда баршылық. Солардың ішінде өзінің ғылыми-теориялық ұсыныстарымен, болжамдарымен, жоғары лауазымдық қызметімен ерекше көзге түскен жерлесіміз, қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Қазақ ҰҒА корреспондент мүшесі Серғали Есбенбетұлы Толыбековті атар едім.

Серғали Есбенбетұлының бұрынғы аспиранты, яғни шәкірті ретінде ҚР БҒМ Экономика институтының бастамасымен (Директоры академик Ә.Сатыбалдин) академик А.Қошановтың ғылыми редакциясымен

С.Толыбековтың «Кочевое общество казахов XV-начало XX века (политико-экономический анализ)» атты көлемді ғылыми монографиясының 2017 жылы кейбір құрылымдық өзгерістермен республика жұртшылығына қайта ұсынылуы мені ерекше сезімге бөледі. Аталған монографияны кейбір өзгеріс толықтыруларымен қайта шығару жайлы мәселе автордың көзі тірісінде көтеріліпті. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Экономика институты Серғали ағаның өзі қатысқан 28 маусым 1994 жылғы Ғылыми Кеңесі аталған еңбекті қайта шығару жайлы шешім қабылдапты. 24 жылдан кейін Ғылыми Кеңестің сол шешімінің жүзеге асуы ғылым жолындағы Серғали ағамен бірге өткізген 10 жылғы уақытымның кейбір тұстарын, ұлы ұстазымның өрен тұлғасын санамда қайта жаңғыртты, қолыма қалам алғызды. «Ештен кеш жақсы» деген осы да.

С.Толыбеков 1907 жылы наурыз айында бұрынғы Қазалы уезінің Байқожа ауылында дүниеге келген. Өз сөзімен айтсақ: – Бала кезімде еліміз Сыр бойынан наурыз туа терістікті бет алып, сонау Ресей шекарасына дейін көшетін. Қайтып елге оралғанда коңыр күз түсіп, Арал өңірін паналайтын еді. Бізде қыстау деген тұрақты ұғым болмайтын, еліміз үнемі көш үстінде болатын – деп еске алатын-ды. Жастайынан көшпенді қазақ өмірінің қиындығын, ерекшелігін, өмір салтының, тұрмыс деңгейінің дәмін татып, зерделеп өскен Серғали ағаны ғылымның осы жолына итермелеген де бала кезінде қалыптасқан қайсар мінезі болса керек.

Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын (қазіргі Қаз ҰПУ) тәмамдап (1932 ж.), саяси-экономикалық, теориялық білім алған алғашқы қазақ, феодалдық қатынастардың күрделі проблемаларын патриархалдық укладка негізделген көшпелі өркениеттің зерттелуін әлемдік деңгейге көтерген ғұлама. С.Толыбековтың қазақтардың көшпелі қоғамына арналған көлемді зерттеу еңбегі 1971 жылы жарық көріп, соның негізінде докторлық диссертациясын қорғады. Ол зерттеген проблемалар өзектілігімен, ғылыми қорытындылардың нақтылығымен, зерттеу әдісінің авторға тән өзіндік сипатымен, бұрынғы Одақ ғалымдары арасында ғана емес, шетел ғалымдары арасында да кең көлемдегі ғылыми айтыстар мен пікірталастар туғызды. Себебі, автор әлемдік ғылымда алғаш рет классикалық көшпелі қоғамның негізгі өндірістік қатынастары проблемаларын жан- жақты терең талдап, оның шаруашылық жүргізуінің өндірістік негізінде малға меншік түрлерінің жататынын дәлелдеді. Оның ғылымдағы ашқан жаңалығы европоценттристік ағымға кереғар еді. Ағылшын философы Арнольд Джозеф Тойнбидің: – Көшпенді халықтар өркениетке жанаспайтын, тарихи ағымға кірмейтін пайдасыз қоғам, – деген расистік тұжырымына қарсы дәлелді жауап берген ғылыми еңбек. С.Толыбековтің тұжырымдамасының тағы бір ерекшелігі: қарастырған ғылыми мәселелерінің шешімін сырттан емес, олардың өз ішінен тапқандығы. Жоғарыда айтқанымыздай, ол кісі көшпенді қоғаммен біте қайнап, соның ішкі, сыртқы объективті даму заңдылықтарын сезіне тани біле жүріп, ғылыми көзқарасы қалыптасқан ғалым болатын. Сол себепті, ғалымның ұсыныс-пікірлері мен ғылыми болжамдарында абстракциялық пайымдаулардан гөрі нақтылық басым.

Біздің ойымызша, ғалымның көшпелі қоғам туралы докторлық диссертациясы оның көзқарасын әлемдік деңгейге көтерген. КСРО Ғылым академиясының Экономика институтында екі күнге созылған диссертациясын қорғауға С.Струмилин, Қ.Сәтпаев сынды академиктер қатысып, ойлы пікірлер айтуы сөзіміздің дәлелі.

Саналы өмірін көшпенділер өркениетінің теориялық мәселелерін зерттеуге арнаған ол қарастырған ғылыми объектісінің философиялық, тарихи, саяси-экономикалық, этнографиялық, этнопедагогикалық аспектілерін бір-бірімен байланыстыра зерттеп, нақты ғылыми тұжырымдар жасады. Сондықтан С.Толыбековті тек экономист емес, тарихшы, этнограф, педагог, фольклоршы, әдебиет, өнер зерттеушісі, шежіреші десек, артық емес. Ол республикадағы академиялық ғылымның қалыптасуының көшбасшысы. Өткен ғасырдың 50-60 жылдары академик Қ.Сәтпаевтың арнайы шақыруымен Академиялық Экономика институтының негізін қалап, оған он екі жыл басшылық етті. Өзі тәмамдаған Абай атындағы ҚазПИ-ді үш үзіліспен жиырма жылдай басқарып, көптеген экономист- ғалымдарға ғылыми жетекшілік етті.

Отан соғысы жылдарында Қазақстанның халық комиссары кеңесінде Мәдениет істері жөніндегі комитетке жетекшілік етіп, бірнеше рет Қазақстан өнер шеберлерімен соғыс даласында да болды. Құрамында қазақтың белгілі өнер шеберлері: К.Байсейітова, Ж.Омарова, М.Ержанов, Е.Иванов, Е.Өмірзақов, Ү.Тұрдықұлова, Ә.Үмбетбаевтар болған Серғали аға басқаруындағы арнайы бригада 1942 жылдың шілде, тамыз айларында Солтүстік Батыс майдан шебін аралап, 64 рет, қайтарында Мәскеуде 16 рет концерт берген. Сол жылдары Ресейдің Уланова, Мордвинов, Эйзенштейн, Марецкая, т.б. өнер қайраткерлерімен қойын-қолтық араласып, бірге болғандығын мақтанышпен еске алып отыратын. Жазықсыз жаламен өмірден өткен Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды Алаш арыстарының еңбектерін оқып, өлеңдерін жатқа айтатын.

Серғали ағаның ғылым жолындағы турашылдығы мен жоғары талабына да куә болдым. Сол кездегі сападан гөрі сандық көрсеткіштерге бағытталған ғылым мен білім саласындағы сыңаржақ саясатқа қарамастан, оның әділ де қатаң талабының тезіне шыдай алмай кеткен бірнеше аспиранттарын да білемін. Бірақ, ағаның ғылымдағы адалдығы, оның азабы мол еңбегіне табандылық танытуы нағыз «инемен құдық қазғандай» бейнетінің дәлелі еді. Өткен ғасырдың 80-жылдары Украина ғылым академиясы Экономика институтының Ғылыми Кеңесіне қабылданған менің диссертациялық жұмысымды қорғау кезінде Серғали ағаның кеңес жұмысына сонау Алматыдан ұшып келгенін, Кеңес мүшелерінің алдында ғылыми тұрғыда көсіле сөйлегенін, олардың бәрінің дерлік менің жұмысымды бекітуге келісім бергендерін қалай ұмытасың.

Серғали аға өмірінің соңғы жылдарында қазақтардың шығу тегі мен шежіресін зерттеумен айналысты. Оның «Қазақстан» тарихи-шежіре қорының президенті тарих ғылымдарының докторы, профессор Хамит Мадановтың алғы сөзі мен ғылыми редакциясы арқылы жарық көрген «Қазақ шежіресі» (1992 ж.)

деген еңбегінде қазақ халқының тарихы туралы мол мағлұмат келтірілген. Онда көне заманның аңыз шежіресі мен қазақ хандарының шежірелік тарихы, қазақ қоғамына енген ерте және орта ғасырлардан аттары шыққан рулар «Қазақ» деген халық атауының шығуы, отаршылдыққа бет бұру сияқты мәселелер нақты тарихи деректермен баяндалған. Әсіресе «Қазақ» деген атау туралы әртүрлі пікірлерге нүкте қояды. Автор бұл мәселе жөнінде: – Қорыта айтқанда, тарихи жағынан болсын, сөз мағынасы жағынан болсын, арабтың «Хузағиы», Түріктің «Қазы» біріне-бірінің қайшылығы жоқ, мазмұндас сөздер, халқымыздың «Қазақ» атануынанегіз болғандығы күмәнсіз деп білеміз. Себеп әрбір елеулі сөздің жаны – оның мағынасы, (53 б.) – деп келтіреді. Кезінде оның ғылыми, қоғамдық еңбектері жоғары бағаланды. Екі мәрте «Қызыл Ту» орденімен, отандық және шетелдік медальдармен марапатталған. Серғали аға тірі болғанда, биыл 111 жасқа толатын еді. Бірақ ғасырдан аса өмірді Алла пенделердің бәріне сыйлай бермеген. Ал Серғали Толыбеков артына санғасырлық мұра қалдырып кеткенін есептесек, оның ғұмыры сан ғасырларды қамтитыны да хақ. Сыр елі өзінің талантты тұлғаларын мәңгі есте қалдыру жағынан кенде емес. Қызылорда, Қазалы қалаларында оның есіміне көше, қаламыздан мектеп атауы берілді. «Сыр елі» энциклопедиясында өмірі мен қызметі жайлы мақала жарияланды. Жоғарыда атап өткен Серғали ағаның ғылыми монографиясының халқымен қайта қауышуы, 1995 жылы маусым айында өмірден озған ағаның рухын еске алудың маңызды шарасы іспеттес көрінеді маған. Ал баға жетпес бұл құндылықтың қазіргі уақыттағы Елбасымыз ұсынып отырған рухани жаңғыруды жүзеге асырудағы ғылыми, рухани, тәрбиелік маңызының зор екенін өмір дәлелдей бермек.

**Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры.**

**«Сыр бойы», 10.02.2018ж.**

## АГРОӨНЕРКӘСІПТІ ДАМЫТУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Жолдаудағы «Ақылды технологиялар» — агроөнеркәсіп кешенін каркынды дамыту мүмкіндіктері» деген үшінші міндетінде еліміздің еңбек өнімділігін түбегейлі артгыруға және өнделген онімнің экс- порттык әлеуетін ұлғайтуға бағытталу қажеттігі атап көр- "Ъетілген. Осы саланың шикі- затын кайта өндеуді камтама- сыз етіп, әлемдік нарыкка жоғары сапалы өніммен шығу кажетгігін, бұл мәселені шешу- ге барлык аграрлык кешеннің түбегейлі бет бұруы маңызды- лығын айткан Елбасының Жолдаудағы салмақты ой-тұжырымдары біраз жайттарға түрткі болғандай. Расында да, жүргізушісі жоқ, роботпен бас- қарылатын техникамен егістік алқапта жұмыс істегенде өнді-рілген өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, таза табысты молайтуға мүмкіншілік туады. Ауыл шаруашылығын қар- қынды дамыту өнімнің сапасы мен

экологиялық тазалығын сақгауға жол ашатыны белгілі. Сонымен қатар экономиканы арттыра түсудің бір жолы — алынған өнімді терең өндеу.

Елбасы атап өткендей, ауыл шаруашылығы ғылымы айрық- ша назар аударуды және афарлық университеттердің рөлін қайта қарауды, жаңа технологиялар мен бизнес үлгілерін ен- гізуді талап етеді. Мемлекет пеи бизнес өкілдері бірлесе Чітырыгі, отандық опімді ілгс- рілету керектігі туралы айтты. Елбасының бұл сөзі өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортын ұлғайту үшін қажырлы қызмет етіп жаткан және еңбек өнімділігін ұлғай- туға әзір жергілікті өнім өнді- рушілерге қанат бітіреді. Қазақстанда «ақылды техно- логиялардың» көмегімен агро- өнеркәсіпті қаркынды дамыту- дың барлык мүмкіндігі бар. Қазір ауыл шаруашылығын дамытуға, ауылдықжерлердегі өмір сүру сапасын артгыруға, халыққа жан-жакты жағдай жасауға баса мән беріліп отыр. Агросалада республика көлемінде атқарылып жатқан жұмыстардың тиімділігін арттыру мәселесі жетілдірілуде. Мәселен, жеке кәсіп ашып, ауыл шаруашылығы саласына тың технологияларды енгізіп, мол өнім аламын дегендерге мемлекет жан-жақты қолдау көрсетіп келеді.

Аграрлық ғылымды дамы- ту үшін жаңа технологияны Қазақстанның жағдайына икемдеп, өзімізге қажеттісін қолданысқа енгізсек, ұтамыз. Ауыл шаруашылығында ғы- лыммен айналысатын білікті мамандарды дайындау — кезек күттірмейтін мәселе. Жаңа технологияны пайдалана отырып, техниканы жаңарту арқылы адамға түсетін еңбек күшін азайтамыз. Жұмысты техника атқарады. Фермерлер ауыл шаруашылығын өркендетудің жаңа сатысына көтеріледі. Елбасы «Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроонеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылык- тарды кооперациялау кажеттігін күшейтеді» деп тиімді әрі дамудың төте жолын ұсынды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесе жүргізу және білім алушыларды өндіріспен таныстыру, оқу, өндірістік тәжірибеден өткізу максатында Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен келісімшарт жасалған. Институттың ғылыми, өндірістік бөлімдерінде «Агрономия», «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы», «Аграр- лық техника және технология», «Су шаруашылығы және жерді баптау және қорғау» мамандықгары бойынша білім алушылар өздерінің теориялық білімдерін нақты зертханалық және өндірістік жағ- дайда ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешуде колданады. Болашақ мамандарға өндірістің кыр-сырын үйрету үшін, жаңа техникалар мен технологияларды меңгеруге баулу бағытында аталған институтта, «Абзал және К» ТС, «Сыр Маржаны» ЖШС өндірістік-өңдеуші құрылымдарында, «Евразия групп Қазақстан» ЖШС және «СТ Агро» ЖШС ауылшаруашылық техникаларының дилерлік мекемелерінде кафедраның фи- лиалдары ашылып, білім алу- шыларға өндірістік жағдайда білім алуға мүмкіндік жасалған. Ауыл шаруашылығы өндірісіне білікті, бәсекеге кабілетті мамандар даярлау, жер-су қорларын тиімді пайдаланып, сапалы мол ауыл шаруашылық өнім өндіру арқылы, елімізде азық-түлік

кауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорт көлемін ұлғайтуға өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Ауыл шаруашылығын каржылай, материалдық колдау тетігін жетіддіру әрдайым күн тәртібіндегі мәселе екені белгілі. Ауыл шаруашылығы – экономи канық қозғаушы күші. Ауыл шаруашылығы өндірісі арқылы ел экономикасын дамытатын білімді, ғылымды игерген жастар, біздің алды- мызда тұрған міндет әлемдік бәсекелестік жағдайында, еліміздің дамыған 30 мемлекеті қатарына жеткізуге өзіміздің қомақгы үлесімізді қосу. Елба- сының кезекті Жолдауы бізді қанатгандырып, жаңа биіктерге және жеңістерге бағыттайды.

**Нұралы НҰРҒАЛИЕВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Инженерлік-технологиялық факультеті «Аграрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы (Phd)**

**«Халық» газеті, 15.02.2018 ж.**

## БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМ

Университеттердің ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, интеллектуалды ұлт қалыптастыруда рөлі айтпаса да түсінікті. Оның ішінде өңірлік университеттерге артылар жауапкершілік өте ауқымды. Соның бірі осыдан 20 жыл бұрын құрылған Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Сыр өңірінің мәдени-әлеуметтік ілгерілеуіне, білім беру ісі мен жергілікті ғылымның уақыт талабына сай дамуына қызмет етіп келеді.

1997 жылғы 1 қазанда Тәуелсіз еліміздің тарихындағы алғашқы ұзақмерзімді мемлекеттік даму бағдарламасы – «Қазақстан-2030» Стратегиясы жарияланғаны белгілі. Онда Қазақстанды дамыған 50 елдің деңгейіне жеткізетін стратегиялық міндеттер қатарында білім жүйесіндегі реформаларды жүзеге асыру қажеттігі атап көрсетілген болатын. Жоғары оқу орындарын біріктіріп, заман талабына сай қайта құру ісі аясында 1998 жылғы 24 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №256 қаулысымен Қызылордадағы гуманитарлық университет пен политехникалық институт біріктіріліп Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті құрылды. ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрінің 1998 жылғы 25 наурыздағы бұйрығымен жаңа көпсалалы аймақтық университетке ректор болып техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов тағайындалды.

Сөз жоқ, осы тағайындау жаңа басшыға зор жауапкершілік артқаны белгілі. Өйткені, бұрынғы екі оқу орындарының бірігуі астарында үлкен талап пен мақсат жатқан болатын. Ол – аймақтағы екі білім мен ғылым ошағының бұрыннан келе жатқан өңірге деген ықпалын еселеп өсіру, мамандар сапасын жоғары деңгейге көтеру, өңірге бірінші кезекте өте қажет деген мамандықтар

ашып, оларды жуық арада дамыту, жаңадан құрылған жоғары оқу орны ғалымдарының ғылыми ізденістерінің нәтижелілігін арттыра отырып облыс экономикасының түрлі салаларын одан әрі дамытуға қолайлы ықпал жасау.

Осы жерде ерекше жайтты ескеру қажет. Екі оқу орнын қосуды тек біріктіру деп түсіну аздық етеді. Біздіңше, сол кезеңде осы біріктіру арқылы қазақтың туын тіккен өңірдің білім мен ғылым өкілдерінің шығармашылық күші мен қарымын қосу арқылы олардың аймаққа, елге берер шығармашылық мүмкіндігін барынша еселеп өсіру еді. Тоқсан сегіздің наурызынан Сыр бойының жоғары оқу орны үшін жаңа тарихи кезең басталды десе де, артық айтқандық бола қоймас. Өйткені, осыған дейін жеке-дара тірлік жасап келген екі дербес жоғары оқу орындары алдарына ерекше мақсат пен бағдар ала отыра, екі тізгінді біреу етті, сөйтіп өңірдің рухани құндылығы мен әлеуетін бір бағытта, бір сарында, бір арнаға біріктіріп өркендеуге жол ашылды.

Сөз жоқ, жаңадан ашылған іргелі оқу орнының алға қарай өзгеше дамуының жағдайы мен қарқыны, өміршеңдігі мен қойылған талаптарға барынша сәйкестілігі жаңадан тағайындалған басшының өресіне, қабілетіне, білімдарлығына, ыждағаттылығына, қайсарлығына, шыдамдылығы мен табандылығына да байланысты еді. Үлкен ұжымның келе-келе жеткен табыстары сол қойылған басты мақсатқа ие болуда университет ректорының жоғары талапқа лайық болғанының дәлелі.

Қуанарлығы, өңіріміздегі іргелі жоғары оқу орнына облыс жұртшылығының, өңір азаматтарының және аймақ басшыларының көзқарасы мен ілтипаты ыстық және жоғары. Осының айғағы ретінде 2013 жылы университеттің Қамқоршылық Кеңесі құрылғанын айтуға болады. Кеңеске төраға болып сайланған аймақ басшысы өңірдің одан әрі дамуының кепілі осы оқу ордасының заман талабына сай жұмыс атқара алуымен байланысты екенін, алдағы уақытта республикада жоғары оқу орындары бәсекесінде алғашқы бестік қатарына кіруіне барлық қолдан келер істің атқарылатынын жеткізді. Бұл университет ұжымы үшін үлкен қолдау болды. Сонымен қатар оқытушылар мен студенттерге үлкен сенім еді. Бұл университеттің одан әрі дамуының күрделі бір кезеңі болғаны рас. Беделді ірі университеті бар өңірдің өзі де мықты, рухани әлеуеті жоғары, экономикалық қарымы күшті аймаққа айналатыны белгілі.

Жиырма жыл ішінде университет айтарлықтай мол жетістіктерге иелік етті. Соның ішінде туған өлкенің рухани және мәдени құндылықтарын құрметтеуде, ежелгі өркениеттер орталығы болған өңірдің тарихын студент жастардың санасына сіңіруде көп жұмыс атқарылғанын айту парызымыз. Сыр өңірі халық өнеріне деген айрықша ілтипатымен ерекшеленеді. Осыған орай 1998 жылы республикадағы алғашқы «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы бізде ашылды. Онда кәсіби орындаушы термеші-жыршылар дайындалуда. Бұл өңірдің көнеден келе жатқан қасиетті өнерін бүкіл елге насихаттау мен таратудың кепілі болған шығар.

Университет әлемнің көптеген беткеұстар білім және ғылым орталықтарымен тығыз байланыс орнату арқасында бұрын ойымызға кірмейтін

білім беруді халықаралық деңгейге көтере білді, тәрбиелеп жатқан түлектеріміздің жоғары бәсекелестікке дайындығын көтеріп, нығайтты.

Аймақта өтіп жататын көп іс-шаралардың биік деңгейде ұйымдастырылуына, облыстық түрлі саласының жаңарып, дамуында жаңадан ашылған көпсалалы университет ғалымдары мен түлектерінің лайықты, қолайлы орны айқындала бастады. Мәселен, Қызылорда атырабын арнайы экономикалық аймаққа айналдыру әдістемесі мен жолдарын жасап, қалыптастыруға университет ғалымдары өз кезінде мол үлестерін қосқаны белгілі.

Өткен кезеңді ойша артқа тастап, біз бүгін сол жиырма жыл бұрын жергілікті екі жоғары оқу орны бірігіп, іргелі университет ашылғаны дұрыс шешім болғанын қадап айтқымыз келеді. Ол қазір өңірдің барлық салаларына оң ықпалын тигізетін ықпалды күшке айналып отыр. Осында өңірдің, елдің көкейкесті мәселелері турасында өздерінің салмақты, білікті, табанды ойлары мен пікірін білдіретін мамандар жүр. Оларды дұрыс бағытпен ілгері тартқан өзінің жұртқа айтар өнегелі сөзі мен көрсетер жақсы ісі бар басшысы бар. Осы іргелі ұжымда қазір ғылым мен білімге еңбегі сіңген ғалым-ұстаздар, ғылым мен білімді өмірлік ұстанымы мен мақсаты деп таңдаған көп талапты жастар шоғырлануда. Соның арқасында өңірдің рухани және өндірістік мәселелері өзінің лайықты шешімін табуда.

Университет қазір еліміздің көпсалалы жоғары оқу орындары арасында алдыңғы ондыққа кіріп отыр. Бұл – жоғары табыс, әрі бұл университеттің соңғы жылдары атқарған мол жұмыстарының әділ бағаланғаны. Сондай-ақ, осыдан жиырма жыл бұрын өңірдің білімі мен ғылымына жасалған тарихи қамқорлық қадамының сәтті де дұрыс болғанының айқын дәлелі.

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ профессоры.**

**«Сыр бойы» газеті, 17.03.2018ж**

## СЫР ӨҢІРІ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

«Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі», – деген еді Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында.

Сананы жаңғырту жұмысы мәдени жадқа, символикалық, киелі және мәдени-тарихи заттарға негізделуі тиіс. Киелі жерлер немесе рухани қасиетті орындар – халықтың рухани дәстүрінің тірегі. Қазақстанда мұндай орындар көп, олардың кейбіреулері әлемдік деңгейдегі жауһарлар болып табылады. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы ұлттық нышандарды, қазақстандық ұлттық бірегейліктің каркасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұған

қоса, «киелі белдеудің» объектілері туризм индустриясы үшін өрлеу нүктесіне айналады.

«Қазақстанның киелі географиясын» құрастырған кезде негізгі үш элемент – әр қазақстандықты «Қазақстанның мәдени-географиялық белдігіне» қатысты танымдық дайындау, БАҚ-тың ақпараттық-үгіттеу жұмысын ілгерілету бойынша жүйелік тәсілдемесі, ішкі және сыртқы мәдени туризмнің халықтың символикалық мұрасымен шоғырлануы ескеріледі.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» − Елбасының Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында жасалған ауқымды жоба. Жобаны үйлестіруші – Мәдениет және спорт министрлігі, яғни орындаушы – Ұлттық музейдің жанынан құрылған «Киелі Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы.

Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы жобаны жүзеге асыру барысында осы уақытқа дейін еліміз бойынша киелі жер ретінде 100-ден аса нысанның тізімге алынатындығын, оның ішінде ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұралар тізіміне енген тарихи және мәдени ескерткіштердің бар екенін айтты.

Бүкіл еліміз бойынша «Киелі жерлер географиясы» ретінде 500-ге жуық нысан белгіленбек. Оларға археологиялық және сәулет ескерткіштері, ерекше құрметтелетін діни нысандар, тарихи тұлғалар мен саяси оқиғаларға байланысты киелі жерлерді картаға кіргізу көзделуде.

Ең алдымен киелі нысандарды іріктеудің өлшемдері болуы тиіс, сондай-ақ, оларды жобаға кіргізу үшін әдістеме жасалу қажет. «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы – діни жоба емес. Сондай-ақ, таза ғылыми жоба деп те айтуға келмейді. Өйткені, жобаның саяси жағы да бар. Санамызды дамыту үшін, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру үшін жұмыс атқару керек. Бұл бізге сырттан келіп жатқан жат идеологияларға қалқан болып тұру үшін қажет.

Жобаны жүзеге асыру барысында насихат жұмыстарына көңіл бөлініп, оның ішінде кітаптар шығарылып, мерзімді баспасөздерде материалдар жарияланып, бейнероликтер түсірілетін болады. Сондай-ақ, бүкіл Қазақстан бойынша ұйымдастырылған экспедициялар бүгінде бірнеше облысты қамтыды.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асырудың негізгі қағидаларының бірі – кең көлемді кешенді зерттеу жүргізу, материал жинақтау. Биыл елімізде алты бағыт (Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс, Орталық және Оңтүстік-Шығыс) бойынша ғылыми-зерттеу және дала экспедицияларын өткізу жоспарланған.

Қызылорда облысында мыңдаған тарихи-мәдени ескерткіштердің бар екенін ескерсек, олардың әрқайсысының тарихы, өзіндік ерекшелігі мен құндылықтары бар. Елбасы киелі жерлердің картасы туризмге де жұмыс жасау керектігін айтты. Сол себепті, киелі жерлердің ең белгілісін және болашақта туристік нысандар мен маршруттарға айналатын ескерткіштерді қамту керек. Сонымен қатар, өлкеміздің киелі орындарын көрсеткенде табиғи байлығымыздың ерекшеліктерін атап өту маңызды. Мысалға, Қаратау сілемдері, Сырдария өзені мен олардың көне сағалары, Қызылқұм құмды

массиві, Қамбаш көлі және аты әлемге мәлім Арал теңізі және т.б. киелі нысандарымыз қасиетті жерде орналасқандығы баршамызға мәлім.

Біздің аймақ шығыстан батысқа қарай созыла орналасқандықтан, киелі орындарды тақырыптық топтарға бөліп бірнеше картасын жасауға болады. Оларды аралауда «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолы үлкен маңызға ие. Бұл болашақта өлкеміздің туризм саласының дамуына әсерін тигізері сөзсіз.

Сыр бойының киелі жерлерінің тақырыптық экскурсиялардың технологиялық карталарын 4 ауданға – Қызылорда-Қаратау бағыты, Қызылорда-Қызылқұм немесе «Құм басқан өркениеттер» бағыты, Қызылорда-Жетіасар-Қорқыт ата, Қызылорда-Арал теңізі бағыты деп бөліп қарастыруға болады. Осы бағыттар бойынша өлкеміздің қола дәуірінен бастап бүгінге дейінгі аралықпен мерзімделетін киелі (қасиетті) орындары енгізілді. Әрине, картаға барлығын қосу мүмкін емес, бірақ, осы маршруттар барысында көптеген қосымша нысандарды қамтуға болады.

Қызылорда-Қаратау бағыты

Қызылорда – Бәйгеқұм ауылы – Оқшы ата қорымы – Шиелі – Көк кесене – Төменарық – Жаңақорған – Қыркеңсеауылы – Төлегатай-Қылышты ата кесенесі – Қорасан баба қорымы – Сунақ ата ауылы – Сығанақ кешені – Еңбекші ауылы – Сауысқандық жартас суреттері.

Қамтылатын нысандарға сипаттама берейік.

Жеті әулие немесе Оқшы ата қорымы. Мұнда қазақтың жеті әулиесі, сөзге шешен датқалары, батырлары жатыр. Атап айтқанда, Балаби, Есабыз, Ғайыпата, Қышата, Асан Қайғы, Оқшы ата, Досбол датқа кесенелері орналасқан.

Көк кесене – орта ғасырлардан орны сақталған архитектуралық ескерткіш, Сырдария өзенінің жағасына тұрғызылған сәулетті күмбез. Мамышбектің (Алып Мамыш, Алпамыс) жұбайы Баршын сұлудың (Гүлбаршын) қабіріне салжұқтар заманы сәулет өнерінің үлгісі мен биік мұнаралы етіп салынған.

Төлегатай-Қылышты ата кешені. Төлегатай баба Сүйінішұлы (шамамен 15-ғасырда өмір сүрген) – тарихи тұлға. Найманның (Ақсопының) шөбересі. Төлегатай баба өз заманында қолбастаған батыр, елдің қамын жеп, бірлігін ойлаған қайраткер болған. Мазары Қылышты ата әулиенің қорымында. Қылышты ата – аруақты адам болған, XI-XII ғасырларда өмір сүрген. Қайта жаңғыртудан өткен кешен – дайын туристік нысан.

Қорасан баба қорымы. Әбдіжәлил баб – Әли Абу Тәліптің (Әзірет Әлінің) жетінші ұрпағы, Хазіретимам Хұсайын әулетінен. XVIII ғасырдың 2-жартысында Йеменде патшалық құрған. Әбдіжәлилбаб пен оның ұлы Хұсайын баба жатқан жер «Қорасан әулие» аталып, бірнеше ғасырдан бері зиярат ету орнына айналып келеді. Олар жайлы ел аузында таңғажайып аңыздар сақталған.

Сығанақ қалашығы – Қыпшақ хандығының (XI-XIII ғасырлар), Ақ Орданың (XIV-XV ғасырлар), Қазақ хандығының (XV-XVI ғасырлар) астанасы. Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағының бойында орналасқан Сығанақ

қаласы Шығыс пен Батыстың көптеген ірі қалаларымен сауда, экономикалық, саяси және мәдени байланыстарда маңызды рөл атқарды. Сығанақ қалашығымен қатар Сунақ ата кесенесін, Сығанақ мешіт-медресесін тамашалауға болады.

Сауысқандық петроглифтері. Қаратаудың Сауысқандық, Бала Сауысқандық тауларының Күркіреуік өзенінің оң жағалауындағы қыратта және Сауысқандық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Тарихы қола дәуірінен басталып, ортағасырларға дейін созылған петроглифтер сюжеттерінің ішінде Қаратау мен іргелес аудандардың фаунасы мен мекендейтін жан-жануарларды бейнелейтін зооморфты бейнелер басым. Жартас суреттерінің арасында антропоморфты бейнелерді, арбалар, аңшылық сюжеттерін, солярлық таңбаларды, «күн басты» тіршілік иелерін кездестіруге болады.

Қызылорда-Қызылқұм бағыты

Қызылорда – Қармақшы ауданы, Көмекбаев ауылы – Бәбіш-мола қалашығы – Шірік-Рабат қала-қорымы – Сеңгіртам қорымы – Баланды кешені – Ұйғарақ қорымы – Оңтүстік Түгіскен қорымы – Солтүстік Түгіскен кесенесі – Жент қалашығы.

Бәбіш-мола кешені – еліміздегі ең ежелгі қала. Б.з.д. IV-II ғасырларда егіншілікпен айналысқан Арал маңы сақтарының ірі орталығы. Қалашықпен қатар ондаған қоныстар мен ірі ғибадатхана орналасқан кешен.

Шірік-Рабат қала қорымы – б.з.д. IV-II ғасырларда қанатын жайып, Арал маңы сақтарының «дах» деп аталатын тайпасының діни-рухани астанасына айналған орталық.

Сеңгіртам қорымы – Сырдың төменгі ағысын б.з.д. VIII-VII ғасырларда мекендеген көшпелі тайпалардың «өлікті өртеу» ғұрпы жүрген «шлакты» обалар мәдениетінің қорымы.

Баланды кешеніне – б.з.д. IV-II ғасырлар мерзімделетін қоныстар мен ірі жерлеу құрылыстары кіреді. Әсіресе, Баланды-2 кесенесі ең алғашқы дәстүрлі күмбезді сәулет өнерінің туындысы болып табылады.

Ұйғарақ және Оңтүстік Түгіскен обалы қорымы – б.з.д. VII-V ғасырларда Аралдың шығыс өңірін мекендеген тайпалардың материалдық мәдениетінің бейнесін толық сипаттайтын ескерткіштер.

Солтүстік Түгіскен кесенелері – кейінгі қола дәуіріндегі (б.з.д. IX-VIII ғасырлар) көсемдер жерленген орын. Саз кесектен тұрғызылған кесенелер Орта Азия мен Қазақстан ғана емес бүкіл Евразия даласына танымал ескерткіш.

Жент – Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы ортағасырлық қала орны. Қалада мұсылман дінін ұстанған түркі тайпалары қоныстанған. Жент X-XII ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы негізгі үлкен қала болған.

Қызылорда-ЖетіАсар-Қорқыт ата

Қызылорда – Тереңөзек – Қалжан ахун мешіт-медресесі – Жалағаш – Қармақшыауданы, Тұрмағанбетауылы – Жалпақ-асар – Қурайлыасар – Кіші

Қос-асар – Үлкен Қос-асар – Томпақ-асар – Алтын-асар – Бұзық-асар – Ордазы (Сортөбе) – Қорқыт ата кешені – Қармақшы ата қорымы – Марал ишан кесенесі және Қалқай ишан кесенесі.

Қалжан ахун мешіт-медресесі. XIX ғасырдың аяғында салынған медресе. Мешіттің батыс беткейіндегі қорымда өзі жерленген. Қалжан ахун 1862 жылы Хиуа хандығында дүниеге келген және Хиуа мен Бұқараның рухани оқу орындарында білім алған. Мешіт-медресе республикалық маңызы бар мемлекеттік ескерткіштер қатарына жатады.

Жетіасар қалалары. Жетіасар жазирасында б.з.д. I мыңжылдықтың соңы мен б.з. VIII-IX ғасырларға дейін тіршілік ошағы болған жалпы саны шамамен 50-ден аса қамал-қалалар бой көтерген. Оның 27-сі Жетіасар алқабында 5-7-ден топ-топ болып, Сырдарияның көне салаларының бірі Қуаңдария мен Ескідариялықтың ондаған ұсақ тарамдары мен қолдан қазылған оман арықтарының бойына салынған. Олардың қазіргі үйіндісінің биіктігі 18-20 метрге жетеді. Асарлардың барлығы әртүрлі деңгейде жасалған қорғаныс жүйелерімен қоршалған. Қорған іші тұрғын үй, зәулім сарай және қолөнер шеберлері тұратын бөліктерге бөлінген. Картаға жеті қалашықты ғана енгізіп отырмыз.

Ордазы (Сортөбе) – Қорқыт ата дәуірінде өмір сүрген оғыздардың қалашығы. Археологиялық қазба жұмыстары барысында құнды жәдігерлер табылған.

Қорқыт ата кешені – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Өлкеміздің басты киелі орны ғана емес басты туристік нысан. Ескерткіш түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт бабаға арнап салынған. Кешенге жақын Сырдарияның оң жағалауында Қорқыт атаның кесенесі болған үлкен қорым бар. Қорым бірнеше кезеңді қамтиды. Осы қорымға барар жолда аңыздарда кездесетін Ақсақ қызға арналған мұнара түріндегі ескерткіш тұрғызылған. Деректерге сүйенсек, Ақсақ қыздың да моласы осы тұста болған.

Қорқыт ата ескерткіші гранит тастан жасалған 4 тік стелладан тұрады. Әрбір стелла әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стеллалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде металл түтіктер бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған. Амфитеатр, қошқар бейнесіндегі ескерткіш, музей, т.б. нысандардан тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды.

Қармақшы ата (шамамен 1630-1710 жылдары өмір сүрген) – әулие. Әулие атаның мейірім-шапағатына бөленген елді мекен – қазіргі Қармақшы ауданы кейін осы кісінің лақап есімімен аталып кеткен. Әулие қабірінің басына кезінде мазар салынып, белгі тұрғызылған.

Марал ишан (1769-1841 жж.) – имам, жерді отарлауға қарсы халық қозғалысын ұйымдастырушы. Марал ишан Кенесары Қасымұлының туған нағашы ағасы. Ханның ұлт-азаттық көтерілісін қолдаған. Марал ишанға қатысты көптеген деректер мен аңыздар бар.

Қалқай ишан Қалмұхамед Маралұлы (1815-1870 жж.) қайраткер. Марал ишанның үлкен баласы. Әкесінен діни тағылым алып, кейін Бұхара мен Бағдат қалаларындағы діни медреселерде оқып, білімін толықтырған. Қалқай ишан мешіт, медресе салып, жастарға мұсылмандық білім берумен қатар, елді егіншілікке үйреткен. Екеуінің де мазарлары бір қорымда орналасқан. Бүгінде осы кесенелер тәуеп ету орындарына айналған.

Қызылорда-Арал теңізі бағыты

Қызылорда – Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті – Өркендеу ауылы – Қамбаш көлі – Бегім ана мұнарасы – Ұзынтам мұнарасы – Көкарал платинасы – Арал-асар қонысы – Кердері кесенесі – Барсакелмес қорығы.

Жанкент қалашығы – IX-XI ғасырларда өмір сүрген. Оғыз мемлекетінің ордасына айналған ірі қалалық орталық.

Бегім ана мұнарасы – шамамен X-XII ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Аңыз бойынша, Бегім ана Жанкент әмірінің әйелі, нақақ жаланың құрбаны болған. Қазақстанда осы тәріздес ортағасырлық мұнаралар (Ұзын там, Сараманқоса) көп кездеспейді, ал Орта Азияда мүлде жоқ. Бірақ «мұнаралы кесене» деген атаумен белгілі (XIII-XIV ғасырлардан кейін) мұндай ескерткіштер Иран, Түркия, Әзірбайжанда кең тараған. Бұл жағдай осы елдерге Арал аймағынан түркі тайпаларының ығысып баруына байланысты болуы мүмкін.

Ұзынтам мұнарасы – сәулет өнерінің ескерткіші.

Арал-асар қонысы және Кердері кесенесі – Аралауданы, Қаратерең ауылынан 65 шақырым жерде орналасқан. Қоныстың жалпы көлемі 6 гектар. Кердері кесенесі – Арал теңізінің кепкен табанында Барсакелмес аралының солтүстігінде 30 шақырымда орналасқан. Табылған жәдігерлер бойынша ескерткіштерді Алтын Орда дәуірімен (XIII-XIV ғасырларда) мерзімдеуге болады. Бұл Арал теңізінің осы дәуірде тартылғанын көрсетеді.

Киелі орындардың тақырыптық-туристік маршруттық картасы туристер үшін қолайлы болу керек. Аталған нысандардың басым бөлігіне туристер апаруға болады. «Қызылорда облысының қасиетті жерлерінің географиясы» атты облыстық іс-шаралар жүзеге асқан жағдайда киелі нысандарға қатысты аңыздар мен хикаяттарды жинақтау үшін аудандарға экспедициялар ұйымдастыру қажет. Нәтижесінде Сыр өңірінің қасиетті орындарын қамтитын үлкен еңбек шығары сөзсіз.

**Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ**
**«Археология және этнография»**
**ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі,**
**тарих ғылымдарының кандидаты.**

**«Сыр бойы» газеті, 19.04.2018ж**

## БАҒЫТЫ АЙҚЫН БІЛІМ ОРДАСЫ

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында қаланың мектеп бітірушілеріне арналған ашық есік күні өтті. Оқушылар аймақтағы басты білім ордасы ұсынатын мүмкіндіктермен, студенттердің креативті жобаларымен танысты. Шараға Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов, ғалымдар, оқытушылар, қала мектептерінің бітіруші түлектері қатысты.**

Әлемнің жылдам өзгеретіні айқын. Айталық, үшінші өнеркәсіптік революция ғалымдардың үлкен ЭВМ-дер мен жеке компьютерлерді ойлап табуымен ерекшеленді. Ал төртінші өнеркәсіптік революция цифрлық қоғамды қалыптастырып отыр. Біздің ел осы өзгерістерге дайын ба? Қала әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов шара барысында болашақ маман, университет түлектеріне осы жауапкершілік жүктелетінін айтты.

– Қазіргі таңда әлемде төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект, ауқымды мәліметтермен алмасу, онлайн сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді иинноваациялық салалар жедел дамуда. Сондықтан мемлекетіміздің даму талабына сәйкес білім жүйесі де жаңашылдықты қажет етеді. Бұл жауапкершілік ең алдымен осы салаларды жетік меңгерген болашақтың мамандарына, жастарға жүктелері анық, − деді ол. Сөз соңында оқу орнының білімді маман қалыптастыруда үлкен тәжірибесі бар екенін жеткізді.

Расымен, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, интеллектуалды ұлт қалыптастыруда университеттердің маңызы зор. Бұл ретте сексен жылдық тарихы бар Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дің жетістіктері елеулі. Университет 2017 жылы Қазақстанның үздік ЖОО-дары рейтингі қорытындысы бойынша 9-орыннан көрінсе, 2018 жылы Еуропа және Орта Азия елдері университеттерінің 2900-ден астам ЖОО-дары арасында Үздік 300 университет тобынан көрінді. Сонымен қатар, оқу орны Еуразиялық экономикалық одақтың «Признание» халықаралық сыйлығының иегері.

– Бұл жетістіктер университет ұжымының сараланған бағдарламаларының, сындарлы қадамдарының лайықты нәтижесі. Бүгінде университетті инновациялық технологиялар мен жаңа басқару қағидалары негізінде мамандар даярлайтын инновациялық-кәсіпкерлік типтегі жоғары оқу орнына айналдыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. 2012 жылдың 20 наурызында тұңғыш рет 9 мамандық бойынша PhD докторантура ашылды. 2012-2017 жылдары университет ғалымдары 80-ге жуық патент алды, 15 ұстаз-ғалым «ҚР ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды, − деді университет ректоры Қылышбай Алдабергенұлы.

Қазір университет 62 бакалавриат, 30 магистратура, 9 PhD докторантура мамандықтары бойынша маман даярлайды. Ресей Федерациясының Мәскеу, Қазан, Орынбор қалаларының жоғары оқу орындарымен келісім жасалған. Бір

ғана Қазан қаласының жоғары оқу орындарына 2013 жылдан бері 58 жас маман оқуға жіберілді. 2013 жылдан бастап аймақ басшысы өңірдің білім, мұнай газ ісі, құрылыс, электр энергетикасы, ауыл шаруашылығы секілді салаларын қажетті мамандармен қамтамасыз ету және жастарды қолдау мақсатында әкім грантын бөлгені белгілі. Бүгінгі күні университетте 428 студент облыс әкімінің гранты бойынша білім алады.

Бұл күні университеттің әр түрлі салада қарқынды еңбек етіп, елге танылған түлектеріне «Үздік түлек» төсбелгісі табысталды. Шара соңы студенттердің концерттік бағдарламасына ұласты.

**Айдана ЖҰМАДИНОВА,**

**«Сыр бойы» газеті, 23.04.2018ж.**

## 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ – ЖАҢҒЫРУ ЖЕТІСТІГІ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алуды ұсынған болатын.

Жуырда жарық көрген алғашқы 18 оқу-лықтың тұсаукесер салтанаты өтті. Аталған оқулықтар философия, әлеуметтану, психология, тіл білімі, антропология, дінтану, журналистика, экономика және кәсіпкерлік салаларын қамтиды. 100 оқулықты аудару – ғылыми контентті көбейтіп, қазақ тілінің қорын халықаралық лексикамен байытады. 10 000 данамен басылып шыққан әр оқулықтың жоғары оқу орындарына тегін таратылатыны көңілге қуаныш ұялатады. Оқулықтардың кітап түрінде, электронды онлайн нұсқасында және үздік лекторлардың ашық дәрістерінің видеотекасы сияқты үш түрлі форматта қолжетімді болатыны білім беру жүйесін жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік береді деген ойдамын. 2018-2019 оқу жылынан бастап, бұл оқулықтар жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енгі-зіліп, оқытыла бастайды. Қазақ тіліне аударылған әлемдегі ең таңдаулы 100 оқулық білім саласындағы жаһандық бәсекеге қабі-летті мамандар даярлауға мүмкіндік беретіні даусыз. «Гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы білім қуған жастарға тың серпін беретін басым бағыттардың бірі болатынына сенімім мол.

**Манат ЖАЙЛАУОВА,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**мемлекеттік университетінің доценті,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты.**

**«Сыр бойы» газеті, 24.04.2018ж**

# СЫРДА ТУҒАН САҢЛАҚ

Қазақ халқында адам өмірінің барлық қырын қамтып, кез келген мәселеге қатысты дөп айтылған дана сөздер өте көп. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген қанатты сөздің түпкі негізінде бала отбасында қандай тәрбие алады, қандай бағытта тәрбиеленеді, өмірде де отбасында алған тәрбиеге сәйкес ұстанымда болары айқындалған.

Халық арасында «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деген де сөз бар. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасының орны ерекше. Сондықтан, жас ұрпақты тәрбиелеудегі бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі.

Қазір айтулы тұлғаға айналған Мұрат Бақтиярұлы Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы Бала би ауылында 1958 жылғы 17 маусымда дүниеге келген.

Бақтияр ақсақал мен Рысқұл апай «Еңбек – ердің көркі, ер – елдің көркі», «Еңбек – ердің санаты, білім – ердің қанаты» деген ұстаным иесі, ауыл-аймаққа сыйлы, аса еңбекқор жандар болатын. «Әлемнің әміршісі – еңбек» деп білетін Бақтияр ақсақалдың балалары жастайынан еңбекпен шыңдалып өсті. Мұрат Бақтиярұлы да тынымсыз еткен еңбегінің арқасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, Қазақ Мемлекеттік заң университетін және Мәскеу Халықаралық бизнес және информациялық технологиялар университетін үздік бітірген тарихшы, заңгер және экономист.

Атақты орыс жазушысы Л.Толстойдың «Жақсы мұғалім тек екі қасиетке – үлкен білімге және үлкен жүрекке ие болса, жетіп жатыр» – деген сөзі нақ біз білетін Мұхтарға арналғандай.

Көз майынан шырақ жағып, ғылымның қатпарлы қойнауын қыртыстаған ұзақ жылдардағы ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдар докторы және профессор атағына ие болды. Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның қара шаңырағы – Қорқыт Ата атындағы университеттің ұлағатты ұстазы ретінде ұзақ жылдар бойы қаншама шәкірт тәрбиелеп, үлкен өмірге қанат қақтырды десеңізші. Қорқыт Ата атындағы университеттегі қызметін қарапайым оқытушылықтан бастаған Мұрат Бақтиярұлы кафедра меңгерушісі, факультет деканы болып, абыройлы еңбек етті. Қазақ Мемлекеттік заң университетінің Қызылорда филиалында директор қызметін атқарды.

Осы жылдары облыс және қала аумағындағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, 2005 жылы «Туған жер» қоғамдық ұйымын ашып, аймақта азаматтық қоғам институттарының қалыптасып, дамуына атсалысты. Аймақта алғашқылардың бірі болып жекеменшік оқу орнын ашып, 200-ге жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етті. 1999-2003 жылдары Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды. Сайлаушыларының аманатын абыроймен атқарған белсенді депутат ретінде халықтың құрметіне бөленді.

2008 жылы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды. Әкімнің идеология, денсаулық сақтау, білім және мәдениет саласын басқаратын орынбасары ретінде аймақ халқының әлеуметтік жағдайының жақсаруына бағытталған көптеген шаруалардың басында жүрді. Мысалы, 2009 жылы облыстық бюджеттен әлеуметтік салаға бұрын бөлінбеген қыруар қаржы бөлінді. Жөндеу көрмеген ауруханалар жөнделді, «100 аурухана», «100 мектеп» бағдарламасы аясында салынып жатқан құрылыс обьектілерінің басым көпшілігі Сыр өңірінде ірге көтерген еді.

Осы жылдары аймақтағы ақпарат кеңістігі қалыптасып, барлық ақпарат құралдары нарықтық қатынасқа, облыстағы 2 телеарна да сандық жүйеге көшірілді.

2010 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Францияға сапары мен Қазақ мәдениетіне арналған көрменің өткізілуі кезінде Қызылорда облысы әкімшілігінің мұрындық болуымен Париж маңындағы Ножан-сюр-Марн қаласында Мұстафа Шоқайдың бюсті орнатылды. Осы салтанатқа облыс делегациясын облыс әкімінің орынбасары Мұрат Бақтиярұлы бастап барды.

2011 жылы қыркүйек айынан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты. 2017 жылы ҚР Парламенті Сенатына екінші мерзімге депутат болып сайланды.

Парламент қабырғасында өткізген жылдарында Мұрат Бақтиярұлы өзін нағыз мемлекетшіл және демократияшыл бағыттағы саясаткер ретінде көрсете білді.

«Тіл – кез келген ұлттың ең басты атрибуты. Тіл болса – ұлт бар, жоқ болса – ұлт жоқ. Ұлт өз тілінде бір-бірінен сөйлесуден қалса, онда ұлт ретінде аталудан да қалады. Францияны француз тілінсіз, Ресейді орыс тілінсіз, өзбектерді өзбек тілінсіз көз алдыңызға елестету мүмкін емес. … Балтық жағалауындағы жапырақтай Латвияда екі жарым миллион халық тұрады, оның бір миллионы орыс болғанына қарамастан, елдегі бүкіл оқу жүйесі латыш тілінде, барлық іс-қағаздар мемлекеттік тілдеріне көшірілген.

…Еліміздегі жалпы білім беретін 7576 мектептің 1600-і орыс тілінде, 2089-ы аралас мектептер, 62-сі өзбек тілінде, 14-і ұйғыр тілінде. …Мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметі формальді түрде ғана сипат алып, бәсекелестікке шыдай алмағандықтан ақпарат құралдарының негізгі бөлігі өзге тілде шығуда», – дейді сенатор Мұрат Бақтиярұлы тіл мәселесі жөнінде.

«Адал еңбекті биік құндылық деп білмеген жерде, адал еңбекпен сый-құрметке бөленбеген елде іскерлік пен біліктілікке деген сұраныс барынша төмендейді. Еліміз нарықтық қатынасқа иек артқан екен, экономикалық өрлеудің ең дұрыс жолы осы десек, еңбек адамына деген құрметті арттыруымыз және адал кәсіби еңбекпен байлыққа кенелуге толық болады деген сенім қалыптастыруымыз қажет. Санамызға еңбекке деген қошемет-құрмет сынаптай құйылуы тиіс, сонда ғана еңбек құдіретті күшке айналады», – деп толғанады сенатор еңбек құдіреті жайлы..

Жалпы, Мұрат Бақтиярұлы ұлтжанды, ұлтшыл азамат. Ұлтын сүю – үлкен парасат, терең білім иесіне тән адамгершілік шыңы.

Ұлтымыздың рухани абызы ұлы Абайдың он төртінші қара сөзінде: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр дегені. Рахымдылық, мейірбандылық, әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды», – деген тұжырымы бар.

2015 жылы ұсынылған «Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы» қоғамның ең бір қызу талқысына түскен заңдардың бірі болғандығы белгілі. Парламенттің қос палатасындағы барлық депуттардың ішінде осы заңға қарсы болған 2 депутат болды. Олар – сенаторлар Қуаныш Айтаханов пен Мұрат Бақтиярұлы еді. «Жер тағдырына халық алаңдап отыр, жер халықтың ортақ байлығы, жекешеленбейді, сатылмауы керек» деген ой-пікірлер бұрын да, қазір де айтылып келеді. Біздер мұны ескеруіміз керек. Сондықтан да болашақта жерді пайдаланудың осы кезге дейін қолданылып келе жатқан жалға беру түрін ғана негіз етіп алғанымыз дұрыс», – деді сонда Мұрат Бақтиярұлы.

Мұрат Бақтиярұлы Қазақстанға Отаным, жерім, елім деп сағынышпен жүректері лүпілдеп келген оралмандардың қордаланып қалған күрделі мәселелерінің түйінін шешуге белсене кірiскені бәріміздің есімізде. Белгілі ақын, оралмандардың мұңын жоқтаушы, қоғам белсендісі Ауыт Мұқибек бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстанға қоныс аударған бауырларымыздың басына түскен қиыншылықтарды шешу кезінде көптеген ел ағаларынан көмек болмай мысы таусылғанда, сенатор Мұрат Бақтиярұлының қолын созып, көмектескендігін кеңінен жазған еді.

Сонымен қатар, Байқоңыр қаласындағы туындаған мәселелерге байланысты Мұқаң Ресей жағының зымырандарды гептилмен ұшыруына шектеу қою, космодром айналасындағы елді мекен тұрғындарын сақтандыру, зымыран ұшқаннан кейінгі атмосферада жүретін өзгерістерді тұрақты түрде зерттеп отыратын зертхана салу және Ресей жалға алған ауданнан жергілікті тұрғындарға жайылым жерін бөліп беру сияқты маңызды сұрақтарды депутаттық сауалдарында көтеріп отырды.

Қазақстанда білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген Үштілділік мәселесі жөнінде сенатор Мұрат Бақтиярұлы әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ағылшын тілін меңгеру кезең-кезеңімен, тілді оқытудың материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы жүргізілуін және ағылшын тілінде сабақ беретін педагог кадрларды дайындап алу қажеттілігін атап өтті. Және оқушылар мен ата-аналардың келісімі қажет екеніне тоқталды. Өмірдің өзі көрсеткендей, енді мектеп бағдарламасындағы төрт пәннің (физика, химия, биология және информатика) қайсысын ағылшын тілінде оқыту қажеттілігін оқушылар мен ата-аналардың келісімі бойынша мектеп әкімшілігі шешетін болды.

Мұрат Бақтиярұлының қаламынан осы кезге дейін туындаған ғылыми, тарихи, публицистикалық мақалаларының саны 300-ден асып, 11 монография түрінде ел игілігіне айналды. Шығармаларының негізгі арқауы тәуелсіз

еліміздің тарихына, қоғамдағы рухани және саяси, әлеуметтік құндылықтарға арналған.

Өзінің «Тәуелсіздіктің он сегіз асуы: құлдыраудан өрлеуге дейін» атты еңбегінде «Тәуелсіздік тақырыбы, оның қадір қасиеті, танымы мен патриоттық рөлі, елді, отанды сүюдегі, құрмет тұтудағы орны, тәуелсіздік туының халқымызға артар жүгі, қояр талаптары бүгінгі күнгі өзекті мәселе. Отан Анамен қатар тұратын тұмардай қасиетті ұғымның қадірін сезіндіретін, сананы ел тұғырына нығайтатын деңгейге дейін көтеретін серпіліс тудыратын үлкен құбылыс. Тәуелсіздік – еліміздің әрбір күнінің, әрбір қадамының қиыншылығы мен өркендеп дамуының қателіктері мен табыстарының белесі, жүріп өтетін жолы, тарихи шежіресі»,– деп толғайды ол.

Біздің түсінігімізде адамның рухы ең күрделі, бір қарағанда көрінбейтін, байқалмайтын құбылыс. Рухты ешкім ешқашан көрген емес. Көне заманның ұлы ойшылдары «Рух адамның ақыл-ойының биік шыңы болатын құбылыс» – деп, есептеген. Орта ғасырда өмір сүрген түркі ойшылы Жүсіп Баласағұни адам рухын биік ұстау керектігін және фәни өмірдің өтпелі екендігін айтады. «Ізгілік, сенімділік, ар-ожданның талабынан шықпау, әділеттілік – адам рухын мәңгілікке әкелетін ұғымдар» дейді ұлы ойшыл. Ал Үнді елінің ұлы қайраткері Махатма Ганди адамзаттың рухани жаңаруына жер бетіндегі әрбір тұлғаның қатысы бар екендігін айтып, ізгіліктің арқасында қоғамның келеңсіз жақтарынан тазара аламыз деп ой түйген.

Мұрат Бақтиярұлы рухы биік ақыл ойдың иесі, азаматтық позициясы бар Сенат депутаты, халық қалаулысы екендігін күнделікті ісімен дәлелдеп келеді. Қазақ қоғамындағы қордаланып қалған мәселелерге байланысты өз ойын, пікірін ашық айта алатын және оны Үкімет мүшелеріне дәлелдеп жеткізе алатын санаулы депутаттарымыздың бірі.

Атақты Шыңғыс Айтматов «Менің өзге жұрттың табалдырығынан аттарда өзіммен бірге алып жүретін екі қасиетім бар, олар – Мұхтар Әуезов пен «Манас». Осы екеуін айтсам болғаны, кез келген ортада шоқтығым биіктеп сала береді» деген. Мұқаңның да екі екі қасиеттісі бар. Ол – халыққа қалтқысыз қызмет ету және туған жері Сыр өңірі. Қанша жұмысбасты болып, жұмыр Жердің сан тарабын қанша шарлағанымен туған жері қасиетті Сыр өңірін ешуақытта есінен шығарған емес.

«Дүниенің қай түкпірінде жүрсем де көңіл төрінен сен кетпейсің, – Сыр елі, жыр елі! Өйткені сен «мың өлген» көк бөрілі байрағы бар көк түріктің ұрпағы қазақ халқын «мың рет» тірілтіп, тал бесігі болып тербеткен анасысың, өз еншіңді теңдей түркі жұртына бөліп берген Алты алаштың Қара шаңырағысың! Скиф-сақ дәуірі отырықшы мәдениеттің орталығы болып, сол кезеңдегі ең күшті мемлекеттер Парсы, Македония әскерлерін тас-талқан етіп жеңген өлкесің! Оғыздардың астанасы кезінде бүкіл Европаны өзіңнің айбарыңмен ықтыра біліп, бері келе Көк Орданың астанасы болдың! Қазақтың қазақ халқы болуында дәл осы өңірде ұйыстырған сенсің, Сыр елі. Бүкіл түркі жұртының пірі мен абызы, күй атасы атақты Қорқыт бабамыздың жатқан жері де осы өлке. Шығыс пен Батысты байланыстырған ұлы Жібек жолы да осы Сыр

бойымен жүріп отырған. Қасиетті дініміз Ислам дәл осы Сыр бойы арқылы бүкіл түркі жұртына тарады. Сондықтан да сыр өлкесі ұлы қазақ даласының рухани астанасы болды және бола бермек», – деп Мұқаң туған жері жайлы сыр шертеді.

Мұқаңмен сонау 1987 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының жас оқытушылары болып танысқан едік. Елдің болашағы мен ұлттық құндылықтарымыз жайлы тақырыпта әңгіме қозғайтынбыз. Онан бері біраз уақыт өтті. КСРО ыдырап кетті, қоғамдық формация өзгерді, қоғамдағы құндылықтар өзгерген заман болды. Мұрат Бақтиярұлы қазіргі уақытта мемлекетіміздің заң шығарушы органы – Парламентте халық қалаулысы болып ел үшін еңбек етуде. Ең бастысы, сонау жылдардағы өмірлік ұстанымы өзгермеген Сырда туған тау тұлға досымыздың әрі бәріміздің тірлігіміздің тұтқасы, татулығымыздың талбесігі, ырыс-ынтымағымыздың бастауы – Қазақ елінің жарқын болашағы жолындағы жасампаз еңбегіне толағай табыстар тілейміз!

**Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,**
**«Өрлеу» БАҰО» филиалы Қызылорда облысы бойынша**
**педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін**
**арттыру институтының директоры, профессор,**

**Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,**
***философия ғылымдарының докторы, профессор***

**«Түркістан» газеті, 14.06.2018ж.**

## ШАГ К КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ

– Проект «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» дает старт новому этапу программы модернизации общественного сознания в республике, духовного обновления казахстанцев. Помимо этого, важным результатом перевода лучших образцов мировой науки станет значительное обогащение современного казахского языка. В процессе подготовки текстов идет непростая, но необходимая для дальнейшего развития казахстанской науки работа над уточнением и корректировкой сложной терминологической базы различных гуманитарных дисциплин. В результате перевода учебников терминологический фонд казахского языка пополнился новыми понятиями.

Важно, что по указанию Главы государства все откорректированные термины будут собраны, и на их основе будет составлен новый толковый лексический словарь.

Проект будет полезен для развития казахского языка. Язык — живой организм, живая материя. Казахские лингвисты будут работать над собственными языковыми измерениями, выразительными способностями и над

насыщенностью повествования. Приветствую, что при выборе учебников будет уделяться внимание тем, что прошли проверку временем и популяризируют единые ценности, сформированные человечеством на протяжении веков.

Чтобы обогатить казахского читателя, необходимо дать приоритет тем учебникам в различных гуманитарных дисциплинах, в которых есть понимание истинной сути человека и на первом плане — моральные и человеческие ценности. В этом очевидность и значительность проекта. Ведь он будет способствовать развитию языка и мышления на казахском языке.

Возможность получения ценной информации на казахском языке, я считаю, имеет важное значение для молодых людей, так как наши дети получили уникальную возможность изучать труды ведущих ученых мира. Жизнь не стоит на месте, все меняется. Теперь задача не только в том, чтобы просто вырастить, выучить молодого человека, но и в том, чтобы воспитать творческую креативную личность. Казахстанцы должны быть готовы к переменам: цифровизации, технологическим изменениям, но главное – должна измениться ментальность. Реализация проекта позволит вывести подготовку молодых специалистов на качественно новый уровень и, что немаловажно, благодаря этой программе в Казахстане появится возможность поднять на мировой уровень содержание образования во всех высших учебных заведениях нашего государства.

Новые переведенные книги дают толчок для развития в различных отраслях. Это неоценимый многолетний опыт ведущих стран мира.

**Бахытхан Абдикаримов,**
**проректор по учебно-воспитательной работе**
**КГУ им. Коркыта Ата**

**«Кызылординские вести», 14.06.2018г.**

## БЕДЕЛІ БИІК БІЛІМ ОРДАСЫ

**Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауларында жоғары білімнің сапасы мен қолжетімділігін арттыруды тапсырып, еліміз бойынша біраз нәтижелі іс қолға алынды. Бұл бағытта аймақ білімінің қарашаңырағы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде де жүйелі жұмыстар бар. Тілшіміздің осы оқу орны ректорының міндетін атқарушы, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисеновпен сұхбатында беделі биік білім ордасындағы оң бастамалар жайлы тарата айтылады.**

**– Қылышбай Алдабергенұлы, заманға сай білім беру үрдісі қалыптасқан еліміздегі іргелі оқу орны Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстырсаңыз…**

– Университетіміз 2018 жылы Қазақстанның үздік ЖОО Ұлттық рейтингі қорытындысы бойынша (НАОКО рейтингі) жоғары 9-орыннан көрінсе, Европа және Орта Азия елдері университеттерінің 2900-ден астам ЖОО-лары арасында 2018 жылдың ақпан айында Үздік 300 университет тобына енді. Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық одақтың «Признание» халықаралық сыйлығына ие болды. Сыр өңіріндегі іргелі білім ордасының негізі қаланғанына 80 жыл толуы республикалық деңгейде аталып өтті.

Бұл жетістіктер – университет ұжымының 2011-2012 оқу жылынан бастау алған сараланған бағдарламаларының, сындарлы қадамдарының, жүйелі де жоспарлы жұмыстарының лайықты нәтижесі. Мақсатты жүргізілген білім беру саясатының, қаржыландыру мен ғылымды басқарудың жаңа формаларын ендіруі арқасында университет жыл сайын жаңа белестерді бағындырып келеді.

Аталған уақыттан бастап университетті инновациялық технологиялар мен жаңа басқару қағидалары негізінде мамандар даярлайтын инновациялық-кәсіпкерлік типтегі жоғары оқу орнына айналдыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Осы мақсатта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 2012-2016 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары жасалып, толық орындалды. Бүгінде 2017-2021 жылдарды қамтитын даму жоспары жүзеге асырылуда.

2013-2014 оқу жылынан бастап бүгінге дейін университеттің бакалавриат, магистратура және докторантурасының (PhD) 80 білім бағдарламасы Білім сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігінің мамандандырылған аккредитациясынан, 2015 жылғы ақпан айында университет мемлекеттік аттестациядан табысты өтті.

2012 жылдың 20 наурызында тұңғыш рет 9 мамандық бойынша PhD докторантура ашылды. Университет ғылыми және ғылыми-техникалық ұйым ретінде 2 рет аккредиттеуден өтті (2012, 2018 жылдары) 2015 жылдың 28 сәуірінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінен тарихи және мәдени ескерткіштерге археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізуге арналған мерзімі шектеусіз мемлекеттік лицензияға ие болды.

**– Бүгінгі талап – ғылым мен өндірісті бір арнада тоғыстыру екендігі белгілі. Осы орайда университеттің ғылыми-инновациялық жобаларды жүзеге асыруы қай деңгейде?**

– Ғылыми-зерттеу жұмыстары 2012 жылдан бастап ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде жүргізілуде. Нақты айтқанда: 2012-2014 жылдары – 10 гранттық жоба, 2015-2017 жылдар аралығында 4 жоба жүзеге асырылса, қазіргі күні 2018-2020 жылдарға арналған 9 жоба орындалуда. Мұндай көрсеткіштер университет тарихында бұрын-соңды болмаған. 2011 жылы инновациялық жобалар каталогы әзірленуі нәтижесінде кәсіпорындармен және бизнес-құрылымдармен өзара тиімді ынтымақтастық жолға қойыла бастады. 2017 жылы ғалымдардың жаңа жұмыстарынан тұратын осындай каталогтың екінші шығарылымы жарық көрді.

2012-2017 жылдары университет ғалымдары 80-ге жуық патент алды, 60-тан астам монография, бірнеше мың ғылыми мақалалар жариялады,

Халықаралық рецензияланатын журналдарда, импакт-факторы нөлден жоғары шетелдік басылымдарда – 600-ден астам ғылыми мақала жарық көрді. 15 ұстаз-ғалымдарымыз «ҚР ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Университет жанында 2008 жылы құрылған «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасында шетелдік ғалымдармен бірлесіп, аймақтың шикізаттық ресурстары, экологиялық және экономикалық ерекшеліктеріне негізделген іргелі және қолданбалы зерттеулер орындалуда.

2011-2012 оқу жылында ашылған «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты, «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы, 2016-2017 оқу жылында ашылған «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы, «Мәңгілік Ел» ғылыми-әдістемелік орталығы және «Рухани жаңғыру» оқу-әдістемелік орталығы, сонымен қатар 2013 жылы ашылған «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының жанындағы «Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан» оқу-көрме залы Сыр өңіріндегі тарихи-мәдени мұраларды түбегейлі зерттеуге, ұлт тарихын оқытудағы және жастарға патриоттық тәрбие берудегі өзекті мәселелерді шешуге үлестерін қосуда.

Ғылым мен бизнестің ықпалдасуының маңызы ерекше екені белгілі. Бұл тұрғыда 2013 жылы технологияларды коммерцияландыру орталығы, 2017 жылы Қызылорда облысы әкімдігімен бірлесіп Аймақтық инновациялар офисі ашылды. Сондай-ақ, білім алушылар мен ғылыми қызметкерлердің өзі бизнес-идеялары мен инновациялық жобаларын іс жүзінде жүзеге асыруына мүмкіндік жасау мақсатында 2017 жылдың мамыр айында «Business-START» орталығы ашылып, онда бүгінгі таңда 22 жоба бойынша 75 студент өз кәсіптерін ашып, жұмыс жүргізуде.

**– «Үш тілде білім беру», «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда университет тарапынан қандай шаралар атқарылып жатыр?**

– Университет алғашқылардың бірі болып 2012-2017 жылдарға арналған көптілді білімді дамыту тұжырымдамасын жасады. Осы тұжырымдамаға сәйкес бағдарлама дайындалды. 2012-2013 оқу жылынан бастап бакалавриаттың 4 мамандығы бойынша 1 курс студенттері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқи бастады. 2015-2016 оқу жылынан бастап 16 мамандықтың студенттері үш тілде білім алуда.

Университетте жасалған «Е-унивep» электрондық университет жүйесі барлық құрылымдық бөлімдерінің жұмыстарын автоматтандырумен қатар, қашықтықтан оқыту технологиясы және ашық білім беру ресурстары арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруда. 2017 жылдың 11 тамызында халықаралық CISCO академиясының және Майкрософт компаниясының, отандық «Казроботикс» компаниясының филиалдары ашылды.

Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 20-дан астам отандық, 40-тан астам шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасалған. Сонымен бірге

Еуропалық Одақтың Темпус және Эразмус Мундус бағдарламалары бойынша 5 бірлескен еуропалық жоба жүзеге асырылуда.

2012 жылдан бастап, рейтинг нәтижесі бойынша әр оқу жылының соңында университеттің «Үздік оқытушы» конкурсы өткізіледі. Конкурс нәтижесі бойынша 100-ден астам оқытушы-профессорға еңбекақыларына қосымша ай сайын үстемеақы беріліп келеді. Сонымен қатар, университетте үш тілде білім беру бағдарламасын дамыту аясында 56 профессор-оқытушы IELTS халықаралық емтиханын тапсырып, жоғары балл жинағандары еңбекақыларына ай сайын қосымша үстемеақы алуда.

Жыл сайын 100-ге жуық үздік, белсенді студент университеттің және облыстық білім және ғылым қызметкерлері салалық кәсіподақ комитетінің қаржыландыруымен, тынығу лагерьлерінде бір апталық тегін демалыстарға жіберіледі.

Бүгінде университет 62 бакалавриат, 30 магистратура, 9 PhD докторантура мамандықтары бойынша мамандар даярлайды. Жақында ғана бұларға қосымша бакалавриаттың математика-информатика, физика-информатика мамандықтарын ашуға қол жеткізілді. Университеттің ғылыми-педагогикалық қызметін 516 профессор-оқытушы, оның ішінде 20 ғылым докторы, 217 ғылым кандидаты, 16 PhD және 180-нен астам ғылым магистрі атқарады.

Ресей Федерациясының Мәскеу, Қазан, Орынбор қалаларына 2011 жылдан бері 25 аспирант, 54 магистрант жіберілді. Бір ғана Қазан қаласының жоғары оқу орындарында 2013 жылдан бері 58 жас маман білім алды. Арнаулы қаржы есебінен оқуға жіберілген жас оқытушыларымыз магистрлік, PhD докторлық диссертацияларын табысты қорғап келуде. Бүгінде университеттің осындай 40-тан астам жас ұстаз-ғалымдары ұжымның профессор-оқытушылар құрамында білім сапасын көтеру мен жан-жақты білім алған тұлғалар тәрбиелеу ісіне белсене араласуда.

**– Бүгінде техникалық мамандықтарға сұраныс көп. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті нарық сұранысына сай жұмыс атқарып жатыр ма?**

– Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен 2013 жылғы 31 мамырда Қамқоршылық кеңесі құрылды. 2016 жылғы 9 шілдеден Байқау Кеңесі жұмыс істей бастады.

Аймақ басшысы тарапынан университет ұжымына әрдайым қамқорлық көрсетіліп келеді. 2013 жылдан бастап жыл сайын аймақтың білім, мұнай газ ісі, құрылыс, электр энергетикасы, ауыл шаруашылығы секілді түрлі салаларын қажетті мамандармен қамтамасыз ету және жастарды қолдау мақсатында облыс әкімінің білім гранттары бөлінуде. Бүгінгі күні университетте 428 студент облыс әкімінің білім гранты иегері атанды.

**– Университетте алдыңғы буын өкілдерінің де есімі мен еңбегін құрметтеудің жақсы үлгісі қалыптасқанын білеміз…**

– 2012-2017 жылдары университетте 180-дей ғылыми іс-шара, оның 14 проценті халықаралық деңгейде, 34 проценті республикалық деңгейде

өткізілді. Университет күшімен жүзге жуық ғылыми конференция жинақтары, монографиялар мен кітаптар жарық көрді. 2007 жылы аймақтағы бірден- бір іргелі жоғары оқу орнының 70 жылдығына орай «Сыр еліндегі іргелі білім ордасы» кітабы, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары» атты библиографиялық анықтамалық баспадан шықты.

Білім ордасының 75 жылдығына арналған «Біз – түлектерміз», «Университет ақпарат айдынында (1998-2012 жж.)» жинақтарының бірінші шығарылымы және «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті: қалыптасуы мен даму жылдары» кітабы, үш тілде шыққан фотошежіре жарық көрді.

2017 жылы университеттің 80 жылдығы аясында жоғарыда аталған жинақтардың («Біз – түлектерміз», «Университет ақпарат айдынында (2012-2017 жж.)» екінші шығарылымы мен «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» кітабы жарияланды. Бұларға қоса оқу орнының қалыптасуы мен дамуында өзіндік үлесі бар дүниеден озған ұстаздар мен қызметкерлер туралы естеліктер мен мақалалар топтастырылған «Қалдырған ізің мәңгілік…» атты тұңғыш кітап оқырмандарға ұсынылды. Бұл – еліміздің жоғары оқу орындары тарихында бұрын-соңды болмаған жоба. 2016 жылы республика жоғары оқу орындарының ішінде алғашқылардың бірі болып танымал ғалым-ұстаздарымыздың өмір және еңбек жолына арналған «Ғибратты ғұмыр» сериясы бойынша кітаптар шығаруды бастадық. Бүгінгі күнге дейін аталған серияның 4 шығарылымы жарық көрді.

Мұндағы мақсатымыз – аға ұрпақтың өмір өнегесін, ізгілікті істерін, ғылыми мұрасын жас ұрпаққа үлгі ету, оларға құрмет көрсету және жастарды Отанын сүйетін, парасаты биік, арына дақ түсірмейтін тұлға ретінде тәрбиелеу.

**– Сыр еліндегі ғылым мен білімнің қарашаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің алдағы жоспарларымен бөліссеңіз…**

– Көпсалалы университеттің өткен 20 жыл ішіндегі даму белестерін саралау нәтижесінде алда атқарылар жұмыстың жоба-жоспары жасалды.

Бірінші – өңір экономикасы салаларына мамандар даярлау. Қызылорда облысында қызмет ететін мамандардың басым көпшілігі (70-75 проценті) Қорқыт Ата университетінің түлектері.

Екінші – өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту ісіне атсалысу. Университет қабырғасында дайындалып, қорғалған диссертациялар, дипломдық жұмыстар, жаңа мазмұндағы жобалар, ғылыми-зерттеу нәтижелері мен инновациялық жұмыстар өндірістің өзекті және практикалық маңызды проблемаларын шешуге елеулі ықпал етіп келеді.

Үшінші – аймақ халқын жұмыспен қамту. Біздің университет мыңнан аса адамды жұмыспен қамтып отырған жұмыс беруші.

Төртінші – өңірдің рухани-интеллектуалдық келбетін айқындау. Төл өнеріміз бен мәдениетіміз Қорқыт баба заманынан бастау алып, одан бергі ғасырларда дамып келеді. Бүгінгі күні университет ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өркениеттің туын биік ұстап, киелі қарашаңырақ ретінде белгілі болып отыр.

Бесінші – университет аймақта өтетін ғылыми іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу жұмыстарына белсене атсалысуда.

Оқу орнының мәртебесін қысқа уақытта осылайша орнықтыру, таныту, мойындату – оңай шаруа емес. Ол – ұжым мүшелерінің бекем бірлігінің, қажыр-қайратының, терең ізденістерінің, төккен терінің, өз ісіне деген жауапкершілігі мен адалдығының жемісі.

Жоғарыда аталған жетістіктермен қатар алда тұрған жаңа міндеттер бар. Олар:

– университеттің әлемдік QS рейтингіне белсене қатысуы;

– оқу үдерісін ұйымдастыруда әлемдегі жетекші университеттер мен Назарбаев Университеті тәжірибелерін іске асыру;

– студент-жастарды «Мәңгілік Ел» идеясының рухани-ізгілік құндылықтары негізінде тәрбиелеу;

– студенттерді ағылшын, орыс тілдеріне үздіксіз оқыту және мемлекеттік тілді білу деңгейін жетілдіру;

– оқу үдерісіне 3D-модельдеу мен робототехниканы ендіру іс-шараларын жүзеге асыру;

– ғалымдардың коммерцияландырылған және өндіріске ендірілген жобаларының санын көбейту;

– докторантура бағдарламасы бойынша жаңа мамандықтарға лицензия алу;

– тиімді оқыту, білім беру және ғылыми-зерттеу қызметіне қолайлы жағдайды қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаны одан әрі жетілдіру.

Университеттің білім беру қызметін заман талабына сай өркендету бағытында талай асуларды бағындырдық, алдағы белестеріміз де ауқымды. Жиырма жылды тарих көшіне жіберген, көпсалалы аймақтық университеттің болашағы баянды, келешегі кемел болатынына сенімдіміз!

**– Әңгімеңізге рақмет.**

**Сұхбаттасқан**
**Әзиз ЖҰМАДІЛДАҰЛЫ.**

**«Сыр бойы» газеті, 10.07.2018ж.**

## УНИВЕРСИТЕТ ТАҒЫ БІР ҒАЛЫММЕН ТОЛЫҚТЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті 2017-2018 оқу жылын жаңа ғылыми жетістіктермен қорытындылауда. Биылдың өзінде 7 ғалым өздерінің ғылыми жұмыстарын сәтті қорғады. Солардың бірі – осыдан екі айдан астам уақыт бұрын университет жанындағы «Құрылыс» және «Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі» мамандықтары бойынша докторлық диссертациялық кеңесте «Жергілікті

шикізат негізінде мұнай шламын қолдана отырып автоклавсыз газды бетонды өндіру технологиясы» тақырыбындағы диссертациясын қорғаған Н.Сақтағанова. Жуырда оған ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының бұйрығымен «Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесі берілді.

Наргүл Аманқызының ғылыми жұмысында автоклавсыз газды бетон құрылымының түзілуін және қасиеттерін қарастыру арқылы оның тиімді құрамы табылып, жергілікті шикізат негізінде бархан құмы мен мұнай шламы қосылған ұсақталған құрғақ қоспаны дайындаудың жаңа технологиясы ұсынылған. Осы технология тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыруда өндіріс тарапынан сұраныста ие болуда.

Диссертациялық кеңес мүшелері зерттеудің ғылыми жаңашылдығын, ізденушінің ғылымға қосқан жеке үлесін жоғары бағалап, алынған нәтижелердің практикалық маңызын, экономикалық тиімділігін ерекше атап өтіп, бірауыздан қолдау білдірген болатын.

Н.Сақтағанованың шетелдік ғылыми кеңесшісі – техника ғылымының докторы, РФ Самара мемлекеттік политехникалық университетінің профессоры Коренькова София Федоровна. Қазақстандық ғылыми кеңесшісі – техника ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Бисенов Қылышбай Алдабергенұлы.

Қ.Бисеновтің жетекшілігімен университетте ұзақ жылдан бері «Құрылыс және мұнай салаларында қуат және ресурс үнемдеуші технологияларды әзірлеу және өндіріске енгізу» тақырыбында кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Өз кезегінде Н.Сақтағанованың ғылыми жұмысы да жоғары тиімділікті қуат және ресурсүнемдеуші инновациялық технологияларды жасау бағыты аясында орындалғанын айтуымыз керек. Іргелі ізденістердің нәтижелері бірнеше халықаралық және республикалық конференцияларда баяндалып, олар бойынша өнертабысқа 2 патент алынып, шетелдік және отандық беделді басылымдарда 16 ғылыми мақала жарық көрген.

Наргүл Аманқызының еңбек жолы ширек ғасырдан астам уақыттан бері Қорқыт ата университетімен тығыз байланысты. Ол 1992-1997 жылдары «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша жоғары білім алды, 2013 жылы магистратураны, 2016 жылы докторантураны бітірді. Үйренуші-оқытушыдан аға оқытушы қызметіне дейінгі ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып келеді. Қазіргі күні инженерлі-технологиялық факультеті деканының орынбасары ретінде университеттің ғылыми-әдістемелік, оқу-тәрбие жұмыстарының сапалы ұйымдастырылуына лайықты үлесін қосуда.

**Қали ОМАРОВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ**
**ғылым департаментінің директоры.**

**«Сыр бойы» газеті, 26.07.2018ж.**

## ТАУ ТҰЛҒАЛЫ АЗАМАТ

Тарихи қысқа уақытта тәуелсіз жас мемлекетіміздің негізін қалау, оны нығайту, одан әрі дамыту бағытында қыруар жұмыстар атқарылды. Соның арқасында асқақ мәртебелі, дүниежүзілік саяси аренада басқаларға жол көрсететін, әлем елдерінің сенімі мен құрметіне бөленген жаңа да жасампаз Қазақстан мемлекетін құрдық. Осынау үдеріске ширек ғасырдан бері өзіндік үлес қосып келе жатқан ұлт перзенттерінің қатарында танымал ғалым-ұстаз, білім беру және ғылым саласының көрнекті ұйымдастырушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов бар.

Бақытжан Тұрсынұлы 1979 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика және қолданбалы математика факультетін бітіреді. Сол кезден бастап өзі бітірген Қазақстан білімі мен ғылымының қарашаңырағында қоғамдық қызметтер атқарып, ассистенттен профессорға дейін, кафедра меңгерушісінен ректорға дейінгі лауазымдарға көтеріледі.

Осы жерде, өзім де Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі болғандықтан, Бақытжан Тұрсынұлымен алғашқы кездесуім туралы санамда жатталып қалған сәттермен бөліскенім артық болмас деп ойлаймын.

1980 жылғы қараша айы. Білім іздеп ауылдан Алматыға аттандым. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің құрлық гидрологиясы мамандығы бойынша дайындық бөліміне құжаттарымды тапсырып жүргенмін. Құжаттарға байланысты туындаған мәселелер бойынша әрі-бері сабылып жүргенімде түс мезгілі де болыпты. Бас оқу ғимаратында (Панфилов және Киров көшелерінің қиылысы) орналасқан дайындық бөлімінің деканатына келсем, жабық. Коридорда аяқ суытып, тыныстайтын жер де жоқ. Бір сағаттай уақытты текке өткізбес үшін сол маңайдағы кабинеттердің есіктеріне ілінген тақтайшалардың мазмұнымен танысып тұрғанмын. Кенет деканатқа көрші «ҚазМУ комсомол комитетінің хатшысы» деген кабинеттен жүзі жылы, тұлғалы жас жігіт шығып, таза қазақ тілінде қандай жұмыспен келгенімді сұрады. Мән-жайды білген соң кабинетіне шақырып, орындық ұсынып, менің қай мамандықты таңдағанымды білді. Жақсы оқу арқылы білікті маман атанып, елге қызмет жасау қажеттігін түсіндірді. Білімді жастардың ел болашағындағы маңызы туралы ой толғады. Кім-кімді болса да баурап алатын жүйелі әңгіменің қызығымен түскі үзілістің аяқталғанын байқамай қалыппын.

Әлі есімде, кабинетінің терезесінен Алатаудың қар басқан шыңдары жақсы көрінеді екен. Осынау мен үшін тағылымды, бағыт-бағдарға толы әңгіме-сұхбатты терезенің алдында ақбас шыңдарға көз алмай қарап тұрып, жүргізгенді. Бейне бір асқақ арманы биік шыңдармен таласып, көкке самғағандай... «Адам болатын азамат алысқа қарайды» дейді халық даналығы. Жастардың жалынды жетекшісінің өзінің алдына асқаралы Алатаудай мақсат қойғанын іштей түйсінгендей болдым. Әрбір қадамы жастарға үлгі боларлықтай ол азамат осы университеттің болашақ ректоры Бақытжан Жұмағұлов еді. Талай айтулы азаматтарға тәлімді тәрбие берген тау тұлғалы қайраткердің сол кезеңде айтқан

ақыл-кеңестері жүрегіме мәңгілікке жазылып қалды. Содан болар оның өресі биік тұлғасы мен өнегесі мол парасаты көз алдымда менмұндалап тұрғандай.

Тура 26 жылдан кейін өмірімде аталған кездесумен сабақтас екінші бір оқиға орын алды. 2016 жылғы 25 қарашада ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті Б.Т.Жұмағұлов өз қолымен мені «Қазақстанның құрметті инженері» төсбелгісімен марапаттады. Білім баспалдағына алғаш рет қадам басар тұсымда жол сілтеген қайраткердің қолынан награда алу, әрине, ерекше қуаныш, үлкен мәртебе.

Бір бойына мемлекетшілдік, елжандылық, адамгершілік сынды тұғырлы қасиеттерді жинақтаған кемел тұлғаның елге жасаған қызметін баяндау арнайы зерттеулерді үздіксіз жүргізуді қажет етеді, сондықтан мен оның еңбек жолының негізгі кезеңдеріне ғана тоқталмақпын.

Профессор, техника ғылымдарының докторы Бақытжан Тұрсынұлы – ғылыми еңбектері елімізге және шетелдерге кеңінен танымал көрнекті ғалым. Оның математикалық модельдеу және ақпараттық жүйелердің өзекті мәселелерін қамтыған ғылыми ізденіс шеңбері студенттік кезеңнің өзінде-ақ анықталыпты. Өзі түлеп ұшқан университет қабырғасында әуелі іргелі математикамен айналысып, кейіннен қолданбалы математика саласында әріптестері мен шәкірттерінен тұратын беделді ғылыми мектеп қалыптастырды.

Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бақытжан Тұрсынұлы мұнай-газ өндіру саласына арналған математикалық модельдеудің күрделі мәселелері бойынша көптеген негіз қалаушы болып табылатын нәтижелі еңбектер иесі. Ол мұнай-кен орындарын игерудің технологиялық процестерін талдаудың автоматтандырылған жүйесін алғаш жасап, жаңа ақпараттық және сандық технологияларды жасау мен дамытудың, оларды мұнай-газ өндіру өнеркәсібіне ендірудің негізін қалаған талантты ғалым. Жетібай, Қаражанбас, Құмкөл, Жанкелді мұнай кен орындарына 1991-2000 жылдары ендірілген зерттеулерінің нәтижелері өзінің жоғары тиімділігін іс жүзінде көрсетуде. Бақытжан Тұрсынұлы жоғары өнімділікті сандық және суперкомпьютерлік техниканы отандық білім мен ғылым саласына, өнеркәсібіне пайдаланудың бастамашысы болып табылады. Жоғарыда біз атаған ғылыми-практикалық бағыттарды оның шәкірттері табысты жалғастыруда. Олардың 20-дан астамы ғылым кандидаттары, ғылым докторлары.

Бақытжан Тұрсынұлы еліміз егемендік алған 1991 жылы көрнекті ғалымдар мен ірі өндіріс басшылары, мемлекет және қоғам қайраткерлерімен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының негізін қалады. Осы жерде оның бас ғалым-хатшы, вице-президент, президент ретінде Ұлттық инженерлік академияның аяғынан тік тұруы, қалыптасуы, дамуы және өркен жаюына орасан зор еңбек сіңіргенін атап айту өте орынды.

Академияның негізгі қызмет бағыттарына тоқталар болсақ – ел экономикасын индустриалды-инновациялық дамыту мақсатында жоғары инженерлік білімді жетілдіруге қатысу; маңызды қолданбалы ғылыми-

зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру, үйлестіру және жүргізу; ғылыми-техникалық әзірленімдерді өндіріске енгізу; халықаралық және республикалық деңгейлердегі ғылыми және ғылыми-техникалық іс-шараларды өткізу болып табылады. Бұл бағыттарды іске асыруда өңірлік университеттер жанында ашылған академия филиалдарының орны ерекше. Солардың бірі – 1992 жылы Ы.Жақаев атындағы Қызылорда агро-өнеркәсіп өндірісі инженерлері институты (қазіргі Қорқыт Ата атындағы ҚМУ) жанынан ашылған Қызылорда филиалы – Сыр өңіріндегі ғылыми-инновациялық қызметті дамытуға және инженерлік кадрлар әлеуетін жетілдіруге лайықты үлесін қосуда.

Бақытжан Тұрсынұлы Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, ҚР Премьер-министрі Кеңсесінің әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі, Білім және ғылым бірінші вице-министрі қызметтерінде мемлекеттік деңгейдегі сан салалы реформаларды жүзеге асырушылардың бірі ретінде қоғамға танылды.

Жоғары білім саласының көрнекті, ұйымдастырушысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін басқарған жылдары мамандар даярлаудың сапалық өзгерісін, олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, білім беру үдерісі мен материалдық-техникалық базасын европалық стандарттарға жақындатуға және Болон процесіне интеграциялануға бағыт-талған түбегейлі жаңа мазмұндағы даму Стратегиясы жасалып, жүзеге асырылып, жоғары оқу орнының бүгінгі биік жетістіктерінің негізін жасады.

ҚР Білім және ғылым министрі қызметінде Мемлекет басшысының жүйе-лі бастамалары аясында тұтастай білім-ғылым саласын түбегейлі модерни-зациялауға жетекшілік жасап, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын әзірледі, «Білім туралы» ҚР Заңын жан-жақты жетілдірді, «Ғылым туралы» жаңа ҚР Заңын әзірлеп, ғылымды басқару мен қаржыландырудың жаңа моделін өмірге ендірді. Осынау заңнамалық, нормативтік құжаттардың отандық білім мен ғылым саласының дамуына айрықша серпіліс әкелгенін біз уақыт биігінен көріп отырмыз. Нақты бір ғана мысал: Сыр өңіріндегі іргелі оқу орны – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Ғылым туралы» Заңның игілігін 2012 жылдан бастап көруде. ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде: 2012-2014 жж. – 10 жоба, 2015-2017 жж. – 4 жоба орындалса, қазіргі күні 2018-2020 жылдарға 9 жоба жүзеге асырылуда. Мұндай көрсеткіштер – университет тарихында бұрын-соңды болмаған нәтиже. Ал, республика көлемін алсақ, ғылыми шығармашылықты, ғалымды нақты қолдау бағытында жасалған өлшеусіз еңбек ғылымның келешек дамуына, ел игілігіне қызмет ете береді.

Бақытжан Тұрсынұлы тәуелсіз еліміздегі саяси-партиялық жүйенің қалыптасуына ерекше үлес қосты. Ол 2005-2008 жылдары «Нұр Отан» партиясы Төрағасы міндетін атқарушы, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары, «Нұр Отан» ХДП Саяси кеңесінің бюро мүшесі, ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Нұр Отан» ХДП парламенттік фракциясының

жетекшісі болды. 2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентін сайлау кезінде үміткер Н.Ә.Назарбаевтың республикалық қоғамдық штабына табысты жетекшілік жасады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың барлық бастамаларының табанды қолдаушысы ретінде белгілі қайраткер 2007-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің IV шақырылым депутаты, ҚР Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары болып сайланды. 2017 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, 2018 жылғы мамыр айынан Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бес әлеуметтік бастамасының іске асырылуын бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің төрағасы қызметінде саяси-қоғамдық қызметін жалғастыруда.

Осы жылдың 3 тамызында республикалық қоғамдық кеңестің төрағасы Б.Ж.Жұмағұлов бастаған делегация облысымызға жұмыс сапарымен келді. Іссапарды қорытындылаған Бақытжан Тұрсынұлы Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму қарқынының жоғары деңгейіне ризашылығын білдіріп, аймақта қолға алынып жатқан жаңа бастамалардан жинақталған тәжірибені өзге облыстарға да тарату қажеттігін баса айтты. Сөз жоқ, бұл соңғы жылдары облыста атқарылып жатқан жұмыстарға берілген жоғары баға.

Академик Б.Жұмағұловтың есімі халықаралық ғылыми қауымдастыққа кеңінен танымал. Ол штаб-пәтері Мәскеу қаласында орналасқан Халықаралық инженерлік академияның вице-президенті, Ислам елдері инженерлік академиялары федерациясының құрметті президенті, Қазақстан математиктер қоғамының, Түркітілдес елдердің Бүкіләлемдік математиктер қоғамының құрметті президенті. Оның халықаралық ұйымдардың басшылығы мен қызметіне қатысуы еліміздің ғылыми-инженерлік ұйымының әлемдік қауымдастыққа тиімді кірігуіне және ықпалын арттыруға, мемлекеттердің осы маңызды саладағы өзара байланыстарын нығайтуға қызмет етуде.

Қазақстанның қазіргі тарихының жарқын бір белесі – «Астана-EXPO-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесі. Көрме аясында өткізілген «Болашақтың энергиясы инновациялық сценарийлер және оларды жүзеге асыру әдістері» тақырыбындағы Дүниежүзілік инженерлер мен ғалымдар конгресінің мазмұнын айқындап, бағыттарын қалыптастыру идея бастамашысы Бақытжан Тұрсынұлының ерекше ұйымдастырушылық қабілеті мен талантына тәнті болдық.

Әлемдік деңгейдегі маңызды проблемалар көтеріліп, оларды шешу жолдары ұсынылған Конгрестің Орталық Азия мемлекеттерінің арасында тұңғыш рет Қазақстанда ұйымдастырылуы – еліміздің ғылыми-инженерлік қауымдастығының еселенген қуаты мен беделінің жарқын көрінісі. Бұл әлемдік ғылыми ой мен инженерлік элита өкілдерінің, барша қатысушылардың ортақ пікірі.

Мәртебелі форумда 51 мемлекеттен келген мыңнан аса делегат, оның ішінде 4 Нобель сыйлығының лауреаты, халықаралық және ұлттық академиялар президенттері, ірі энергетикалық және инновациялық компаниялар, халықаралық ұйымдар, шетелдік және ұлттық ғылыми

орталықтардың басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары бас қосқаны белгілі. Үлкен табыспен өткен форум барысында таныстырылған шетелдік және отандық ғалымдар мен инженерлердің өнертабыстарының басым көпшілігі қазіргі күні нақты жобаларға айналып, өндіріске ендірілуде.

Қазақстан Ұлттық инженерлік академиясының бастамасымен Астананың 20 жылдық мерейтойы аясында Жібек жолы бойында орналасқан 30-дан астам мемлекеттің делегаттары – Нобель сыйлығының лауреаттары, көрнекті ғалымдар, белгілі инженерлер мен сарапшылар қатысқан «Global Silk Road-2018» халықаралық форумы өткізілді. Форум барысында Ұлттық инженерлік академия президенті Б.Жұмағұлов Ұлы Жібек жолы елдері ғалымдары ынтымақтастығын дамыту бойынша бірнеше нақты бастамалар көтерді. Әсіресе, делегаттар тарапынан қызу қолдау тапқан «Жібек жолы» халықаралық ғылым академиясының жұмысын одан әрі дамыту үшін халықаралық инженерлік орталық құру жөніндегі ұсынысының стратегиялық маңызы зор болып отыр. Расында, достас елдердің ғылыми-зерттеу, инженерлік ізденістері мен қызметін бір арнаға тоғыстыру аса өзекті. Бұл мәселені оңтайлы шешудің Ұлы Жібек жолын жаңғыртуға нақты қызмет ететіні ақиқат.

Саналы ғұмырын елге қызмету ету мұратына арнап, биік белестерден көрініп келе жатқан Бақытжан Тұрсынұлы өзінің 65 жасын ерекше күш-жігер, қажыр-қайрат, шығармашылық шабытпен қарсы алуда. Еркін Қазақстанның ертеңі үшін тер төккен қайраткердің әлі де еліне берері мол екендігіне сенеміз.

**Қали ОМАРОВ,**
**профессор, география ғылымдарының кандидаты,**
**Қазақстанның құрметті инженері.**

**«Сыр бойы» газеті, 16.08.2018ж.**

## ӨЛКЕТАНУҒА ҚОСЫЛҒАН ҚОМАҚТЫ ҮЛЕС

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен Астана қаласындағы «Фолиант» баспасынан «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы бойынша Қызылорда облысының аудандары мен Қызылорда қаласы туралы кітаптар шығару қолға алынған болатын. Бүгінгі күнге дейін аталған серия бойынша бірнеше кітап жарық көрді. Оның алғашқысы 2011 жылы Сырдария ауданына арналып шығарылған «Сырдария» кітабы (Б.Кәрібозұлы, А.Әбілов, Н.Мыңжас, С.Тайман, Ғ.Тұяқбаев) болса, оның ізін ала 2013 жылы «Қазалы» (Б.Кәрібозұлы, Ж.Сәдуақасұлы, Н.Мыңжас, С.Тайман), 2015 жылы Қызылорда қаласына арналған «Қызылорда» (Б.Кәрібозұлы, М.Аңсатова, У.Ибраев) және Жаңақорған ауданына арналған «Жаңақорған» (Б.Кәрібозұлы, Х.Тұрсын, С.Тайман), «Нағи Ілиясов және Абзал и К» (Б.Кәрібозұлы, К.Сарышова, Б.Ахметбек) кітаптары дайындалып, көпшілікке ұсынылды.

Соңғы кітап үш тілде: ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде жарық көрді. Нағи Ілиясовтай ауыл Қазақстанда өте сирек. Осындай ауылды еліміздің басқа өңірлерінен келген қонақтарға, шетелден келген қонақтарға таныстыру авторлардың кітапты үш тілде шығаруының себебі еді.

«Менің Отаным – Қазақстан» сериясы бойынша жарияланатын кітаптардың негізгі міндеті – әрбір қазақстандыққа өзі туған өлкесінің тарихын, табиғатын, өсімдіктері мен жануарлар дүниесін, сол өлкенің әр тарихи кезеңдердегі жай-күйін таныстыру және өңірден шыққан көрнекті тарихи және саяси тұлғалардың өмірі мен еңбек жолын үлгі ету.

«Менің Отаным – Қазақстан» сериясымен профессор Б.Кәрібозұлының ғылыми жетекшілігімен шығып келе жатқан бұл кітаптарды орта мектеп бағдарламасына енгізіп, факультатив сабақтарда оқушыларға оқыту бүгінгі күні аудандық оқу бөлімдері мен мектептердің кезек күттірмейтін шаруасы екені түсінікті болса керек.

Президент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты күні кешегі Жолдауында: «Өз жеріңді танып, біл!» жаңа бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту керек» деп айтып өтсе, «Менің Отаным – Қазақстан» сериясымен шығып жатқан кітаптарды бұл мақсатқа да тиімді пайдалануға болады.

Биылғы жылы Қызылорда облысындағы аудандардың құрылғанына 90 жыл толып отыр. Осы мерейлі мереке аясында «Менің Отаным – Қазақстан» сериясымен тағы бір кітап жарыққа шықты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ғалымдары Б.Кәрібозұлы, Ж.Сыдықова, Ә.Тәжекеевтер дайындаған бұл жолғы кітап Қармақшы ауданына арналды. «Қармақшы» деген атаумен жарық көрген кітап ауданның ежелгі заманнан қазіргі күнге дейінгі тарихын түгендеген, табиғаты мен тіршілік дүниесіне кеңінен тоқталған, Қармақшы топырағының қасиетін арттырған жыраулық өнердің бастауы саналатын Қорқыт ата туралы және аспан мен жерді жалғаған «Байқоңыр» жайлы жан-жақты қамтыған тұңғыш толыққанды еңбек болып отыр.

Кітап мазмұны бес бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Қармақшы жерінің ежелгі тарихы мен табиғи-географиялық ерекшеліктері қамтылса, екінші бөлім Қармақшы топырағының ортағасырлық тарихына, археологиялық және архитектуралық ескерткіштеріне, аудан территориясындағы киелі орындарға арналған. Сонымен қатар, бұл бөлімде қасиетті Қармақшы жерінен шыққан көрнекті тұлғалар, яғни, батырлар, билер, діни ағартушылар мен киелі жыраулық өнерді ұрпаққа мұра еткен күміс көмей жыраулар жайлы мол мағлұмат берілген.

«Кеңестер кеңістігіндегі кезең» деп аталатын үшінші бөлім 70 жылдан астам үстемдік еткен кеңестік жүйенің тұсындағы аса ауқымды тарихи оқиғаларды қамтиды. Тарих үшін аз ғана уақыт болғанымен, осы 70 жылдан сәл ғана асатын уақыт елдің тарихи жадында өшпестей із қалдырған түрлі оқиғаларға толы болды. Жүгі ауыр бұл бөлімде аудан территориясының

әкімшілік-саяси құрылымы жайлы мағлұматтар, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Қармақшы ауданынан майданның қара жұмысына алынғандар туралы мәліметтер, 1917 жылғы қос төңкеріс кезіндегі аудан халқының жағдайы, жаңа жүйенің халықтың қалай қарсы алғандығы туралы ақпараттар жинақталған. Сонымен қатар Кеңес өкіметінің солақай саясатының зардаптары: тәркілеу мен күштеп ұжымдастырудың аудан көлеміндегі нәтижелері Қызылорда облыстық архиві мен Қызылорда облысының қоғамдық-саяси тарихының архиві материалдары негізінде ашып көрсетілген.

Осы бөлімде алғашқы құрылған колхоздар тарихымен қатар XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанға күштеп қоныстандырылған корей шаруашылықтары, оларды орналастыру мәселелері туралы нақты ақпараттар берілген. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қармақшы халқының еңбек майданындағы ерен ерліктері және ер азаматтармен бірдей ел игілігіне қызмет еткен қыз-келіншектер мен әйел-аналар туралы, Жосалы механикалық зауытының соғыс жылдарындағы рөлі мен маңызы жайлы, майданнан аман-есен елге оралып, еңбек даласының батырларына айналған майдангер азаматтар туралы деректер де осы бөлімнің үлесінде.

1950-1980 жылдар аралығындағы аудан халқының тұрмыс-тіршілігі, саяси-әлеуметтік дамуы, жаңадан құрылған совхоздар, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының қарқынды көрсеткіштері, білім беру мен денсаулық сақтау саласының хал-жағдайы, үлгілі шопандар мен егінжай ерлері, үздік ұстаздар мен дәрігерлер және мәдениет саласының қызметкерлері жайлы да жан-жақты баяндалған.

Тәуелсіздік жылдарына арналған төртінші бөлімде Қармақшы ауданының жаңа саяси белестегі алған асулары, ауыл шаруашылығын дамытуда қол жеткізген жетістіктері, экономикалық-әлеуметтік даму көрсеткіштері көрсетілген. 90-жылдардың басындағы дағдарысты еңсерудегі шаруашылықтар мен аудан басшыларының қарымды қызметтері мен аудандағы әр саланың: білім беру, денсаулық сақтау, құрылыс, жастар саясаты, мәдениет және спорт саласы, халыққа қызмет көрсету, жұмыспен қамту сынды т.б. салалардағы мәселелердің жүйелі түрде жолға қойылып, оңтайлы шешілуі туралы айтылған. Ел тәуелсіздігінің айшықты көріністері болып табылатын әрбір ауылдардағы, аудан орталығындағы халық игілігіне ұсынылған түрлі әлеуметтік нысандар жайлы ақпараттар мен фотосуреттер ұсынылған.

Қармақшы ауданының территориясында әлемге әйгілі екі нысанның орналасқандығы белгілі. Оның бірі – тұтас түркі әлеміне ортақ Қорқыт атаға арналып салынған кешен болса, екіншісі – адамзат баласын ғарышқа аттандырып, аспан мен жер арасын жалғаған «Байқоңыр» ғарыш айлағы. Қорқыт ата жатқан жер түркі жұртының рухани дүниесінің орталығы болса, қазіргі технология дамуының озық жетістіктерін көрсететін «Байқоңыр» ғарыш кешені – ауданның ғана емес, Қазақстанның дамуында ерекше маңызға ие тұғырлы нысандар. Кітаптың «Қасиетті қос тұғыр» деп аталатын бесінші бөлімі Қорқыт атаға және Байқоңырға арналған. Бұл бөлімнен әрбір оқырман Қорқыт ата мен оның мұралары туралы, қорқыттану мен Қорқыт ата ескерткіштер

кешені жайлы, Байқоңыр ғарыш айлағының тарихы мен қазіргі дамуы туралы толыққанды мағлұмат ала алады.

Қармақшы топырағынан шыққан Ұлы Отан соғысының батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, ауданның атын әлемге, қала берді елімізге паш еткен әдебиет пен білім, медицина салаларынан шыққан қармақшылық тұлғалар «Қармақшы қаһармандары» деп аталатын арнайы айдарға топтастырылған.

Кітапта деректермен нақтыланған мәтіндер архивтерден, баспасөзден және жеке қорлардан алынған және арнайы түсірілген фотосуреттермен толықтырылған.

Көпшілікке ұсынылған «Қармақшы» кітабы осы ауданның тарихына, әлеуметтік-экономикалық дамуына, рухани дүниесіне қызығушылық танытқан әрбір оқырманға нақты және мол мағлұмат беретін жинақ екендігі сөзсіз. Бұл еңбек – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыруға арналған нақты іс-әрекеттің көрінісі. Кітапты дайындаған авторлар мен оның жарық көруіне қолдау көрсеткен Қармақшы ауданы басшылығының еңбектері ақталып, аталған еңбек көпшілік көңілінен шығады деген сенімдеміз.

Профессор Б.Кәрібозұлы бастаған Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары алдағы уақытта Арал және Жалағаш аудандарына арналған осындай мазмұнды кітаптарды дайындауды, сонымен қатар, «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы аясында жарық көрген кітаптар негізінде облыстың даму тарихына арналған кітаптар әзірлеуді жоспарлап отыр.

**Сәтбай ДАСТАН,**
**тарих ғылымдарыныңдокторы, доцент.**

**«Сыр бойы» газеті, 13.10.2018ж.**

## ӘДІСТЕМЕНІҢ ДҮРІ ЕДІ

Қазақтағы жырауы көп шыққан, көненің көзі – жыраулық дәстүр сақталған бірден-бір өлке қасиетті Қармақшы топырағының бір перзенті Молдаш ағай. Тектінің тұяғы екенін айтып отыратын. Шораяқтың Омар, Оспан, Достан деген үш ұрпағы болған. Омарын білмейтін қазақ жоқ. Біздің Молдаш ағай – Шораяқтың Достанының баласы. «Қармақшы», «Шарайна» деген өлеңдерінің алғашқы екі қатарын «Поэтика» деген пәннен дәріс оқығанда бізге жаздырып, әрі қарай ұйқас құрастыртатын. Өлеңін оқығанда, Қармақшы жайлы естісек те, көрмеген біз үшін жердің жәннаты сияқты болатын.

«Мамандыққа кіріспеден» Молдаш ағай берді бізге. Ян Амос Коменскийді осы ағай арқылы білдік, «Ұлы дидактиканы» оқып үйрендік. Бастауышта тек ана тілінде ғана оқыту керек, өзге тілді жоғары сыныптарда оқыту керек дегенді санамызға сіңірдік.

Ұстаздық, қай заманда болмасын, фанатиктердің кәсібі. Достанов сияқты біз де ұстаз болып, байыған адамды нағыз ұстаз деп мойындамаймыз. Ұстанымы мықты еді ағамыздың.

Молдаш аға институтты соғыс жылдары оқыған. Көшеде келе жатып «Затаевичтің мың әні» деген нота кітабын тауып алып қатты қуандым дейтін. Бізден неге қуанғанын сұрайтын. Біріміз әнді, өнерді жақсы көргендіктен дедік, екіншіміз басқаша пәлсапа жасадық. Сонда ағай «Ей, ақымақтар, лекция жазатын дәптер тапқаныма қуандым» деп қарқылдап күлетін. Дидактика деген сол шығар. Сұрапыл соғыстағы қиын сәттерді сонда ұғындық. Нанға карточка жүйесі жойылған кезде дүкеннен нанды еркін алып тұрған кезін әңгімелегенде, ағайдың орнында өзіміз тұрғандай күй кештік. «Нашар мұғалім шындықтың өзін береді, жақсы мұғалім шындыққа жетудің жолын көрсетеді» деген Сухомлинскийдің қанатты сөзін қайталап отыратын. Мұғалім әртіс болуы керек дейтін, өзі де образға еніп кететін. Кейде шәкірттің алдында әртіс болып кететініміз сол ұстазымыздан жұқса керек.

«Достановтың салпыншақтары» арқылы тілдік талдауды жетік меңгердік. Сөздердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін қатар талдау арқылы тәп-тәуір маман болдық деп айта аламыз. Институтқа кештеу келді Молдаш ағай. Білім саласында көп жылдар табысты еңбек еткен, облысымыздың жаңашыл ұстаздарының көшін бастаған кезінде. Талай жыл мектеп директоры болған. Жоғарыдағы тілдік талдауға қатысты ғылыми еңбегін көп жылдар тәжірибеде сынақтан өткізген. Әдістемеден қорғаған ғылыми жұмысын. «Ағай, институтқа екеуіміз қатар келгенбіз, мен студент болып, сіз оқытушы болып» дейтінмін әзілдеп. Біз мектепке ағайымыздың арқасында дайын мұғалім болып аттандық, ұстаздық жұмысымыздың алғашқы жылдарында-ақ ағайымыздың әдісін пайдаланып, тамыз конференциясында баяндама жасағанбыз, амбициямыз күшті болатын.

Бірінші курста Әли Байжолов тәлімгер болса, әскер қатарында болып келгесін, екінші курста Молдаш ағай тәлімгерлік еткен К-14 оқу тобында оқыдым. Группамыздан Айман Айтбаева, Гүлзада Әбенова және мен ғылым кандидаты атандық, екі-үш мектеп директоры шықты, көбісі мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарып жүр. Бұл да ұстазымыз мықты болғасын шығар, Достановтың шәкірті болғасын болар.

Тектілік деген болады қазақта. Шораяқтың Омары атанған мықты шыққан әулетінен. Сөйлер сөзінен, жүріс-тұрысынан, білімінің молдығынан тегі тегін емесі көрініп тұратын.

Нұрлыбек Тасқараев деген досым болды. Қазір Өзбекстанның Тамды ауданының бұрынғы Ленин ауылында мектеп директоры, сол өңірге аты белгілі жырау. Халықаралық айтыстарға да қатысты Өзбекстанның атынан. Шет жерде жыраулық өнерді дәріптеп жүр бұл күні, шәкірттерім де баршылық дейді хабарласқанда. Өзбекстаннан келіп оқитын бауырларымыздың білім деңгейлері бізге қарағанда сәл төмендеу болатын. «Сахнаға шығып бір ән орындап болғасын, жұрт қолпаштағасын екінші ән орындамақ болып залға қарасам, Молдаш ағай отыр екен, ағайдың сабағынан қаупім жоғары еді дейді.

Шораяқтың Омарының «Өсиетін» орындадым. Шыққасын Молдаш ағай «Әй, Тасқараев, сені нашар бала ма десем, тәуір бала екенсің ғой!» деп арқамнан қақты, кейін сабағынан «бес» қойды» деп еске алатын. Өнерін сыйласа керек, сағын сындырмайын десе керек.

«Екі нәрседен ақшаны аяма: бірінші жолыңнан, екінші ішер асыңнан» дейтін. Ұшаққа мінетін, болмаса жайлы вагонға билет алатын, тағамның тәуірін жегенді ұнататын. Дүние құмандар, өмірің зая болады дейтін. Дүние мен атақ қуып ғылымдағы абырой-беделінен айырылып жүрген азаматтар да жоқ емес, бұл күнде.

қ емес, бұл күнде.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі және Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәндерінен дәріс берді, мектептегі тәжірибеге өзі жетекшілік етті. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Кім жазықтысын» оқытқанда, ағайымның ақылымен әдебиеттің тегі мен түрін Грибоедовтың «Горе от ума» атты еңбегімен салыстыра отырып түсіндіріп шықтым. Тәжірибеден «бестік» алдым. Орыс топтарына қазақ тілінен сабақ бергізді, қазақ тіліне ғана тән дыбыстарды орыс тобында оқыту тәжірибесін қолдандым, жақсы нәтижеге жеттім, ешкімге көңілі тола бермейтін «Комсомол» мектебінің директоры Дауылбаевтан мақтау естідім.

Достановты ұстаз тұтатын, Достановтың арқасында адам болдым, Достанов дұрыс жол көрсетті дейтін көп адамды танимын. Қазақстанға белгілі журналист Өтеген Жаппархан журналист деген мамандықтың барын, оның қандай мамандық екенін, ол үшін қайда оқу керектігін мендей ауыл баласына түсіндірген, жолын көрсеткен Молдаш ағай деп айтып жүреді үнемі. Облысымыздағы жаңашыл ұстаздардың барлығы дерлік Молдекеңді әдістеменің корифейі санайтын. Университетіміздің білікті ғалымдарының бірі Айтжан Оразбақов «Молдаш аға, қорғауға бара жатырмын» дегенде Лениннің суреті бар жүз сомдықты қалтасынан суырып бергеніне біраз жігіт куә болғанымыз бар. Айлығымыз жүз алпыс сом еді ол кезде, Айтжанның да, менің де.

Бұл пәниден кеткеніне биыл 25 жыл өтіпті, 90 жасқа толар еді ұстазымыз. Ізі бар, артында қалған дүниесі бар. Із болғанда ұрпағы ғана емес, ұстаз тұтар шәкірттері бар. Артында қалған дүние – ғылымы, ескірмейтін, түгесілмейтін.

**Болат БОРАНБАЙ,**
**шәкірті, филология ғылымдарының кандидаты.**

**«Сыр бойы» газеті, 01.11.2018ж.**

## ҚҰНДЫ ҚОС ЕҢБЕК

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті кітапханасының кітап қоры тағы екі кітаппен толықты. Оның біріншісі – «Қазақ жәдитшілдігі» Г.Сайғы, Г.Камишева, Ә.Алмауытова, Ш.Баймаханова,

Ж.Ботабаева авторлық еткен ұжымдық монография университет жанындағы «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Б.Кәрібозұлының басшылығымен дайындалды.

Аталған еңбекте ХХ ғасырдың басында мұсылман қауымының қоғамдық-саяси өмірінде орын алған жәдид қозғалысының қалыптасу жолдары мен тарихы жайында жан-жақты мағлұмат беріледі. Сондай-ақ, ғылыми еңбекте, жәдид қозғалысының Мұстафа Шоқай өміріндегі, қайраткерлік жолындағы орны жөнінде мағыналы, тың мағлұматтар келтірілген. Еңбектен жәдид қозғалысының Сыр еліне келуі және таралуы жөнінде құнды деректерді, осы бағытты ұстанған авторлардың ойлары мен пікірлерін де оқуға болады. Тағы айта кететін жайт, бұл еңбекте монография авторлары түркі халықтарының жерін, тілін, ділін, дінін сақтау үшін күрес жолында көп еңбек еткен түрікшіл ғалымдардың еңбектеріне, олардың отаршыл империяларға қарсы жан аямай күрескендеріне тоқталып, тұшымды тұжырымдар жасайды.

Жәдидшілдік (арабша – «жаңа, жаңа тәсіл») тек таза діни бағыт қана емес, білім жүйесін, қоғамдық-философиялық ой-сананы, этика нормаларын қамтыған жаңа ағым ретінде Сыр бойының діни ағартушыларын да айналып өткен жоқ.

Монография екі бөлімнен тұрады. «Жәдид қозғалысы және қоғамдық-саяси модернизация» деп аталатын 1-бөлімде жалпы жәдид қозғалысының қалыптасуы мен дамуына, осы ағым туралы ғалымзерттеушілердің пікірлеріне талдаулар берілген. Сонымен қатар татардың атақты жазушысы әрі қоғам қайраткері И.Гаспринскийдің «жәдид» идеясын мұсылмандар арасына кеңінен насихаттағаны жөнінде жан-жақты айтылады.

«Қазақстандағы жәдид қозғалысы және ұлттық идея» деп аталатын екінші бөлімде жәдидшілік, түркілік идеялардың қоғамдық сипатына, Сыр бойында ашылған жаңа әдісті мектептер туралы, діни ағартушылардың қазақ жәдитшілігіне қосқан үлестері туралы тың деректер берілген. Сонымен қатар аталған тарауда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ жеріндегі медреселердің хал-жағдайы, оларды заман талабына сәйкес жақсарту мәселесінің сол кезде күн тәртібінде болғаны жөнінде де жан-жақты зерттелген.

Кітап көпшілік қауымға арналған. Бұл кітапта авторлардың айтайын деген ойы, мақсаты – оқырмандардың жәдид қозғалысына немесе мұсылман дініне жасалған реформа жайындағы түсініктерін молайту.

Екінші кітап та профессор Б.Кәрібозұлы және университеттің аға оқытушысы Б.Апеновтің авторлығымен «Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық дүниетаным сипаты» деген атпен жарыққа шықты.

Бұл кітапта XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Сыр бойында өмір сүрген Сыр сүлейлерінің дүниетанымдық, философиялық, ағартушылық, адамгершілік, этикалық, адами болмыс, өмір мен өлім мәселелері тұрғысындағы ой-толғамдары сараланып, отандық және әлемдік философиядағы танымал ойшылдардың ойларымен сабақтастырыла қарастырылады. Еңбекте Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Ешнияз Жөнелдікұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы, Шегебай Бектасұлы, Әлібек Бәйкенов,

Сейтжан Бекшентайұлы, Жорықбай Табынбайұлы, Оңғар Дырқайұлы, Баспан Құлымбайұлы, Әзілкеш Шымырұлы, Бұдабай Қабылұлы секілді ақынжыраулардың шығармаларындағы ұлттық дүниетаным сипаты жанжақты зерделенген.

Еңбектің құндылығы Сыр сүлейлері шығармашылығының жаңа мазмұнда, рухани жаңғыру аясында қарастырылуында. Өйткені, Сыр сүлейлерінің шығармалары, ондағы ойтолғамдар осы уақыттарға дейін көп жағдайда әдеби, лингвистикалық, тәрбиелік сипаты тұрғысынан зерттеліп, насихатталып келсе, аталған еңбектегі Сыр сүлейлері шығармашылығын дүниетанымдық, философиялық тұрғыдан талдау санаулы диссертациялық еңбектерде ғана кездеседі. Бұл еңбекті Сыр сүлейлерінің философиялық, дүниетанымдық ой-толғамдарын қалың көпшілікке таныстырып, насихаттаудағы алғашқы қадам деп санауға болады.

Кітаптағы қамтылған мәселелер алдағы уақытта жас ғалымдар мен ізденушілер үшін диссертациялық зерттеу тақырыптарына негіз бола алады.

Ғылыми-танымдық еңбектің қосымша тарауында Сырдан шыққан шайырлар мен жыраулардың, эпик жыршылардың, жыршы-орындаушылар мен ақындардың, әнші, күйші, композиторлардың, домбырашы мен қобызшылардың, сахнагерлер мен әдебиет, өнер, фольклортанушылардың, Сыр сүлейлері мұраларын жинаушылардың тізімдерінің берілуі, әдеби мұраларды игерудегі ұрпақтар сабақтастығын жалғастырудың, дамытудың, іске асырудың бірден-бір тиімді жолы деп түсінген абзал.

Айта кетейік, қос кітап та Білім және ғылым министрлігі жариялаған гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы «Сыр сүлейлері шығармаларының тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық және ұлттық сипаттарының «Мәңгілік Ел» рухында жырлануы» атты ғылыми жобаның аясында жарияланып отыр.

**Күнімжан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ докторанты.**

**«Сыр бойы» газеті, 24.11.2018ж.**

## ҚАЙРАН СОЛ, «СЫР СҰЛУЫ» ҚАЙДАСЫҢ?

**Кешегі өмір әпсәтте тарихқа айналды. Тарихқа айналған екен, оны қайта жаңғырту бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі келелі іс болып табылады. Міне, биыл осындай өнерлі ұжымның көркемдік жетекшісі, әрі дирижеры Мүлкаман Қалауовтың туғанына 80 жыл, «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамбліне 50 жыл толып отыр.**

1967 жылы «Сыр сұлуы» ансамблі құрылған кезде М.Қалауов бар болғаны 30 жаста екен. Әрине, жергілікті жерден бұл ұжымның өнер саңлағы болып қалыптасуына тікелей ықпал етіп, қамқорлық көрсеткен сол тұстағы басшылардың есімдерін айта кеткен жөн. Олар облыстық партия комитетінің

бірінші хатшысы М.Ықсанов, хатшылары – С.Танекеев, Қ.Жарқынбеков, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы А.Айдосов, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Б.Досмаханова, облыстық комсомол комитетінің хатшысы Б.Қарғабаев, Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтының ректоры Б.Өсербаев, М.Мәметова атындағы педагогикалық училищенің директоры Ұ.Рысбекова, факультет деканы Н.Жүнісов, облыстық мәдениет үйінің директоры С.Тұрлымұратов сынды ел азаматтары еді. Ұжым жұмысын насихаттап, ақпараттандырушы – облыстық газеттің бас редакторы Ұ.Бағаев және облыстық телерадио комитетінің төрағасы Ж.Бекқожаев болды. Ансамбльдің хор ұжымын доцент А.Манасбаева басқарса, би көріністерін қоюшылар Д.Әбіров, Р.Сүлейменова, ал оркестрге талантты музыкант М.Қалауов жетекшілік жасады. Конферансье – М.Макаева.

Жастар арасындағы ұйымдастыру және саяси тәрбие жұмысын С.Хангельдин басқарды. Қойылымның сценарийін әзірлеген ақиық ақын, жерлесіміз А.Тоқмағамбетов пен тарлан журналист О.Бодықов болатын. Осындай жауапты кісілердің басшылығымен бүкіл ел болып, жұмыла кіріскен жауапкершіліктің, күш-жігер, төгілген тер, күні-түні мезгілсіз еңбектің, бірліктің арқасында жаңа келбетті өнер өрнегі дүниеге келген еді. Ол – «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі.

Ансамбльдің атауы ән әлемінің падишасы атанған сазгер Ш.Қалдаяқовтың, ақын ағамыз З.Шүкіровтің сөзіне жазылған «Сыр сұлуы» әніне байланысты қойылды.

1967 жылы 9-14 шілде аралығында 140 мүшесі бар «Сыр сұлуы» ансамблі республикалық байқаудан үздік шығып, құрамы 90 адамға қысқартылып, Мәскеуге Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер апталығына жолдама алды. Бір апта бойы ансамбль Мәскеу алаңдарында Бүкілодақтық халық шаруашылық жетістіктері көрмесінің үлкен эстрадасында концерт беріп, нәтижесінде ВДНХ-ның «Алтын медалі» және дипломдармен марапатталды.

1968 жылы ақпан айында «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі республикамызда тұңғыш рет «Халық ән-би ансамблі» деген жоғары атаққа ие болды.

Осы жылы шеберлігі ұшталған, құрамында 35 адамы бар халық ән-би ансамблі Болгарияда өткен студентжастардың ІХ фестивалінің лауреаты атанды.

1970 жылы ансамбль Молдавия астанасы – Кишинев қаласында өткізілген ІІ Бүкілодақтық ән-би ансамбльдерінің фестиваліне қатысып, Орта Азия республикаларынан барған өнерпаз ұжымдардан шоқтығы биік болып, І дәрежелі дипломмен марапатталды. Араға жыл салып «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі Алматыға өнер көрсетуге шақырылды. Осы сапарда мәдениет министрлігінің «Құрмет» грамотасына ие болды. Ансамбль туралы журналист, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Ж.Бекқожаевтың сценарийі бойынша

белгілі кинорежиссер Болат ҒабитовЖансүгіров «Қазакфильм» киностудиясында «Сыр сұлуы» атты деректі фильм түсірді.

1986 жылы «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі Йемен Араб Республикасына және Йемен Халық Демократиялық Республикасына өнер сапарымен барып, абыроймен оралды.

Өнер өлмейді. Олай болса, М.Қалауовтың есімі ұлттық мәдениетімізге, білім мен тәрбие беру ісіне үлкен үлес қосқан азамат, тума талант, дарын иесі ретінде құрметтеле береді.

2015 жылдың желтоқсан айында Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Сыр сұлуы» ансамблі Оңтүстік Кореяның Сеул, Кванджу, Муан және Чолламандо провинциясының қалаларында өнер көрсетіп, үлкен абыроймен оралды.

Ал 2018 жылдың қыркүйек айында Ақтөбе қаласында өткен аймақтық 14 вокалды ансамбльдер фестиваліне қатысып, Сыр елінің мәртебесін асқақтатып, халықтың ыстық ықыласына ие болды.

Биылғы 2018 жылдың 6 қарашасы күні Қызылорда облысының Шиелі ауданында М.Қалауовтың 80 жылдығына арналған «Мүлкаман – мәңгілік мұнарасы» атты еске алу кешінде «Сыр сұлуы» вокалды ансамблі және «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі мүшелерінің қатысуымен үлкен ісшара өтті. Қазіргі кезде «Сыр сұлуы» вокалды ансамблінің көркемдік жетекшісі профессор К.Қыдырбаева.

«Сыр сұлуының» атын өшірмей, осы кезге дейін сахнадан түсірмей жүргеніміз Қорқыт ата атындағы ҚМУ ұжымының, ректор Қ.Бисеновтың бізге тікелей көрсеткен қолдауының арқасы. Ол кісіге үлкен қамқорлығы үшін өз ризашылығымызды білдіреміз.

1995 жылдан бері Қызылорда Қазанғап атындағы музыкалық колледждің «Сыр сұлуы» би ансамблі «Сыр сұлуының» өнерін жалғастырып келе жатыр. Көптеген қалаларда өткен халықаралық байқауларға қатысып, өнерінің өрісін өркендетіп, марапатталуда. «Сыр сұлуы» би ансамблінің жетекшісі – ҚР Мәдениет қайраткері Төребек Бақтыбаев. Осы орайда Қазанғап атындағы музыкалық колледжі ұжымына және ҚР Білім беру ісінің үздігі Кеулімжай Ботабаевқа үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

«Сыр сұлуы» халық ән-би ансамбліне жарты ғасыр толып отыр. Осындайда еріксіз ойға көптің көкейінде жүрген бір сауал келеді. Ол – «Қайран сол, «Сыр сұлуы» қайда екен?» деген сұрақ. Сыр елінің топырағында дүниеге келген ансамбль халқымыздың тыныс-тіршілігін, табиғатын, өнері мен салт-дәстүрін шетелдіктер алдында мойындатып, бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірген «Сыр сұлуы» неге жоғалады, неге жоғалуға тиіс? Осының шешімін таба алмай жүргенімізге 30 жылдан аса уақыт болды. Әрине, жүрегіміз сыздайды, жанымыз ашиды. Бұл 1967-1986 жылдар аралығындағы «Сыр сұлуы» ансамблі мүшелерінің де ойларында жүрген сауал десем, артық емес.

Өзінің соңынан өшпейтін із, өлмейтін мұра қалдырған Мүлкаман Сүлейменұлы Қалауовтың есімін облысымыздың бір іргелі өнер ошақтарының біріне беру ісі де, өз шешімін таба алмай келе жатқан жайы бар.

Қазіргі кезде «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі халық шығармашылығын дамыту орталығына қарайды. Рухани жаңғыру аясында «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблін қайта жаңғыртса екен деген арманымыз, әрі өтінішіміз бар. «Сыр сұлуы» құрамын қайта жасақтап, жас таланттармен жаңа шығармашылық өмірге жолдама берсе, Сыр елі өнерінің бір парасы боп, өнер тарихын жалғайтынына сеніміміз мол.

**Зина СЕКСЕНБАЕВА,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың доценті.**

**«Сыр бойы», 24.11.2018ж.**

## ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТУ ПАРЫЗ

Еліміздің жоғары оқу орындары арасында өзіне лайықты орнын иеленген, сексенжылдық тарихы бар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті өңіріміздегі білім мен ғылымның қарашаңырағы екені баршамызға аян. Сонымен қатар, осы іргелі ұжымның мәдениет пен өркениет мәселелерін дамытудағы істері өз алдына ерекше. Өңіріміздің қайсыбір мәселелерінде ұжым мүшелерінің салмақты көзқарасы мен түйінді пікірі ескеріліп, ел игілігіне пайдаланып жатқанын көріп байқап жүрміз.

Мұның барлығы осы ұжымдағылардың өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен жұмыла көтеруінің негізінде болып жатқаны да белгілі. Әрбір оқытушы мен қызметкердің өңір жастарын тәрбиелеудегі еңбектері айтарлықтай. Дегенмен, ордалы мекеменің бүгінгідей өрлеуінде өзгені соңына ертіп жүрген бірегей азаматтардың жөні бөлек дер едік. Осындай болымды азаматтар арасында Кеншінбай Темірболат Ыбырайұлы да бар.

Бұл азамат 1972 жылдан бастап бүгінге дейін осы іргелі оқу орнында оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, әлем тілдері факультетінің деканы, халықаралық қатынастар жөніндегі департамент директоры, халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы қызметтерін ойдағыдай атқарып келеді.

Ұлы Абайдың: «Ақырын жүріп, анық бас. Еңбегің кетпес далаға» деген биік сөзін Темірболат деген ініміз өмірлік ұстаным еткен сияқты. Ол әрдайым асықпайды, аптықпайды, өзінің ісі мен міндетін жоғары сапамен, биік іскерлікпен атқарады. Бірақ, сол асықпауымен де ол көп істі оңғарады, кейбір шыдамсыз, пысық, сырт көзге өзін көрсетуге ынтық әріптестеріне қарағанда салмақты нәтижеге жетеді.

«Жақсы адам жақсымын деп айта алмайды» дейді. Неге олай болды екен? Өйткені, ол ақылды, өнегелі, сабырлы, салиқалы, шыдамды, ұятты, білімді және сыпайы. Ендеше, осы мінездің барлығы Темірболатініміздің

бойында бар. Ол әрқашан іс үстінде, оның жайбарақат шалқайып отырғанын осы уақытқа дейін көрмеппіз. Бірде Қытайда, бірде Мәскеуде, бірде Германияда, бірде Кореяда, бірде Түркияда жүреді. Содан кейін «шаршап келді ғой, енді шамалы демалып, саябырситын шығар» деген үмітпен інімiздің әрлі-бері адам легі тоқтамайтын, есігі жабылмайтын кабинетіне кірсең, жанынан кеңес сұраған, көмек күткен жас ғалымдар мен қызметкерлер тобын көресің. Одан кейін біршама уақыт салып кабинетіне және бас сұқсаң, телефонмен шетел азаматтарымен сұхбаттасып жатқанының үстінен түсесің. Ендеше, бұл соқталы інімiздің «жақсымын» деп айтып жатар уақыты да жоқ екен.

Темірболат кімге де болса қолынан келген жәрдемі мен кеңесін аямайды. Ешкімді сыртынан жамандап, жалған сөз айтпайды. Қасында тұрып өзгені жорта жамандай бастасаң, оған қосылмайды, қоштамайды, мұны қаламайды. Ал, кемшілік аяқтан шалып, бой бермей жатса, қоймай мазалап тұрса, кімнің де болса олқылығын оның өзіне, көзіне айтады. Осы орайда Тұрмағамбет ақынның: «Әрқашан алам десең төрден орын, түзеп ал, татаусыз қып мінезіңді. Көрікті көп көзіне көрінбейсің, кеуліңнен кетіп тозаң, шаң басылмай. Өзіңді өзің түзеп үгітші бол, жан-жаққа жарық бермейді шам да ашылмай. Ерлерім, өзгені қой, өзіңді онда, оңдасаң халық қоймайды сені сонда», – деген аталы сөзі жадымызға оралады.

Темірболат ақынның осы сөздерін өз өмірімен, бүкіл ісімен растап, дәлелдеп келеді. Ол еліміздің «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» белгісімен, ҚР Президентінің алғыс хатымен және Құрмет грамотасымен және «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Алғыс хатымен марапатталған. Осыған әріптестерінің, маңайындағылардың, ағайын-туыстарының, білім алушылардың, басшылықтың оң ілтипаты мен мол ыстық ықыласын қосыңыз.

Біз кейде бірімізге біріміз, шамалы да болса мақтаныш сезімге ұрынып дәрежемізді көтергіміз келіп жатса, «Қай шетелде болып едің?» деген сұрақ қойып жатамыз. Дәл осындай сұрақты Темірболатқа бағыттар болсақ: «Сіз қай елде әлі болған жоқсыз?» деп айту керек шығар. Оның осы сұраққа бірден жауап бере алмасы анық. Себебі, бұл азаматтың төрт құрылықта бармаған, аяғы тимеген мемлекет аз. Ендеше, бұл – терең білімнің, биік талғамның белгісі, бұл – осы азаматтың ұжым мен елге мол қажеттілігінің дәлелі.

Бүгінгі күні біздің іргелі оқу орнымыздың қаншама көп шетелдік білім, ғылым және мәдениет орындарымен байланыста екенін баршамыз жақсы білеміз. Кеншінбай Темірболат Ыбырайұлы университеттің халықаралық байланыстарын кеңейтуге, шетелдік университеттермен әріптестік байланыс негізінде халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыруға ат салысып, халықаралық ынтымақтастық жөніндегі 80-нен аса келісім мен меморандум жасау жұмыстарын ойдағыдай атқарыпты.

Осы азаматпен танысып, араласқаныма көп уақыт болыпты. Інімiздің өсіп-өркендеуі көзіміздің алдында өтіп жатыр десе болатындай. Айтарлықтай мол табысқа жетіп, ұжымның оң ықыласына бөленгеніне қуәміз, ризамыз, қызығамыз, мақтанамыз, қуаттаймыз.

Мен өз басым Темірболат інімнің туған жылын жалпы білемін, өйткені, көп уақыттан бері қатарлас, қанаттас келе жатырмыз. Бірақ, соған қарамастан, осы кезге дейін ол менен үш жас емес, мүшел жас кішідей болып көрініп келді. Бұл ой маған сонда қайдан келіп, қайдан пайда болды деп сұраса, оған былайша жауап қайырамын. Оған себеп інімiздің елгезектігі, ісіне деген зор жауапкершілігі, қатары мен үлкенге деген биік ізеттілігі. Әйтпесе, мен өзімнен екі-үш жас үлкен ағаларымды, кейде әзілмен түрткілеп жататыным бар. Осыным бекер болғанын енді түсініп жатырмын ғой.

Біз осы мақалада Темірболат інімiздің жақсы адам екенін шама-шарқымыз жеткенше көрсеткендейміз. Алайда, бұл оның азаматтық болмысын түгелдей, түбегейлі толық аша алмасы анық. Өйткені, біз сол жақсылықтың, іріліктің негізі мен себебін айтып ашпадық. Ендеше, сол олқылықты жөндеуге тырысайық. Iніміз 1966 жылы Қызылорда қаласында орыс мектебін үздік бітіріпті. Кейін Н.Гоголь атындағы педагогикалық институты шетел тілдері факультетін «Ағылшын тілі» мамандығы бойынша үздік тәмамдайды. Сол институтта оқып жүргенде қоғамдық-саяси жұмыстарға белсенді қатысады, лениндік стипендиат атанады.

Осыған қарап отырсақ, бұл азаматтың өнегелі мінезі мен жақсы адами қасиеттері мектепте қалыптасып, жоғары оқу орнында шыңдалыпты. Бұл азамат жас кезінен өзіне мол жауапкершілікті артыпты, ауыр жүк көтеруден өзін алыс ұстамапты, соған дағдыланыпты. Демек, бұл iніміз бала кезінен мол еңбекқорлықты өзіне серік еткен, нәтиже тек шынайы еңбек арқылы ғана келетінін жасынан түсінгендіктен деп айтуға толық негіз бар. Өзі талантты, талапты жігітке осы жоғары адами қасиеттер мол мүмкіншілік сыйлапты, оның келешекте ірі маман болуына, қасындағылармен жоғары әріптестік қатынаста болуының кепіліне айналыпты.

Інімiздің өзгеге деген мол қамқорлығын, кең пейілі мен үлкен жүректі азамат екенін кезінде көріп байқағанмын. Отыз жылдай бұрын, ол уақыт жастау кезіміз болатын, ісіміз бен тірлігіміздің де ауқымы өзгеше еді. Сол уақытта бір қысылтаяң сәтте мені осы Темірболат інім өзінің кішілігі мен жастығына алаңдамай-ақ қолдады, ыстық ықыласын танытып, рухани демеушілік жасады. Бұл, әрине, әрдайым есте тұрады.

Тақыр жерден ешнәрсе шықпайтыны бесенеден белгілі. Темірболаттың бабасы Кеншінбай шамамен 1800-1860 жылдары қазіргі Қоғалыкөл аймағында өмір сүрген. Мал шаруашылығымен айналысып, Сарысу, Арқа жақта көшіп-қонып жүрсе керек. Одан туған Шәтен Қостанай өлкесінің Жеменей елді мекенінде жұмыс істеп жүргенінде әйелімен бірге сүзек ауруынан көз жұмыпты. Бұл 1915-1916 жылдары болған оқиға. Екеуінің артында Ыбырай (Темірболаттың әкесі), Ысмайыл, Күләйша деген ұл-қыздары қалған. 10-11 жастағы Ыбырай ауылдың қозысын бағып, іні-қарындасын асыраған. Бір-екі жылдан кейін нағашылары іздеп тауып, Қызылордаға алып келген.

Өмір ауыртпалығының барлығын басынан өткерген Ыбырай Кеншінбаев (1906-1995жж.) төрт кластық деңгейде ғана білім ала алған. Ұлы Отан

соғысының басынан аяғына дейін өткен. Ішкі істер саласының күзет қызметінде жарты ғасырға жуық старшина шенінде қызмет атқарған.

Темірболаттың анасы Ибрашева Мәлике (1920-1974 жж.) орта білімді және үй шаруасында болған, Ұлы Отан соғысы кезінде тыл жұмысшысы ретінде еңбек майданына қатысқанын да айта кеткеніміз жөн.

Темірболатініміз талантты, талапты, терең білімді, сөзге берік азамат. Осы оның ұстанымы бүгін жеткен мол табысының негізі екенінде ешкімнің таласы бола қоймас. Бұл інімізге тағдыр өңірдің осындай іргелі жоғары оқу орнында қызмет етуді бұйыртыпты. Жастайынан жақсылармен әріптестік қатынаста болып, сол тұлғалы азаматтардан мол тәрбие мен тәлімге иелік етіпті. Осы екі жақты байланыс азаматқа да, ұжымға да қолайсыз болмаған сияқты. Керісінше, осыдан Темірболатініміз білім мен ғылымның биігіне ұмтылды, игілігі мол табыстарға жетті. Ұжым да ұтылған жоқ. Қайталап айтар болсақ, бүгінгі университеттің алған биік асуларында осы iнiмiздiң iздерi көрініп-ақ жатыр.

Бүгін жетпістің асуына шыққан Темірболат iнiмiз тың, ширақ, ойы жүйрік. Осының түбірі оның терең білімінде, ортақ іске деген қарымды көзқарасында, әріптестері мен айналасына, ағайынға деген ақ пейілі мен адал қарым-қатынасында.

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,**<br>
**Қорқыт ата атындағы**<br>
**ҚМУ профессоры.**

**«Сыр бойы» газеті, 11.12.2018ж.**

## ҚҰРМАНҚҰЛОВТЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

**Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының бас ғылыми қызметкері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Жолдасбек Құрманқұлов мерейлі 70 жасқа толды.**

Сырдария өзенінің төменгі алқабы, яғни, Оңтүстік-шығыс Арал маңы, көне заманнан тұрақты сауда-саттықтың, Евразия далалары көшпенділерінің мәдени және этникалық қарым-қатынастарының орталығы, сонымен қатар, көшпенділер өркениеті мен Орта Азияның отырықшы оазистерін байланыстырған аймақ болды. Осы жерде атақты сауда жолдарымен бірге (әсіресе, Ұлы Жібек жолы), тарихи миграция іздері жатыр. Сыр өңірінде оған дәлел болатын керемет ескерткіштер көп. Олар жайлы алғашқы деректерді б.з.д. І мынжылдықтың орта кезеңінде өмір сүрген ежелгі Грек, Рим, Парсы елдерінің көрнекті тарихшылары мен жиһанкез географтарының еңбектерінен кездестіреміз. Орта ғасырлардағы Ұлы Жібек жолымен сапар шеккен араб,

парсы, Европа елдерінің ғалымдары мен саяхатшыларының, елшілері мен әскери мамандарының еңбектері бұл мәліметтерді толықтыра түседі. Ғылыми археологиялық қазба жұмыстарын негізінен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО Ғылым Академиясы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы кең көлемде жүргізді. 1946 жылы басталып 90-жылдарға дейін жалғасын тапқан бұл зерттеулер нәтижесінде жүздеген ескерткіштер тізімге алынып, оннан аса қоныстар, қорымдар мен қалалар, ауыл жұрттары, кең тараған жасанды суландыру жүйелері зерттелді. Сонымен қатар, тас, қола және ерте темір дәуірлерінің ескерткіштері алғаш рет анықталып, өзіндік белгілері айқындалып, кезеңдерге, мәдениеттерге бөлінді.

Сыр өңіріндегі тарихи құндылығы зор жүздеген ескерткіштерді одан әрі зерттеу мақсатында 1998 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті барлау экспедициясын жасақтады. Ә.Марғұлан атындағы Археология институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Құрманқұлов бастаған экспедиция құрамына университет тарапынан археолог Т.Мәмиев, жырау А.Алматов және басқа да бірқатар ғалымдар енді. Экспедиция мыңдаған шақырым жол жүріп, жүздеген ескерткіштерді зерттеп, ұзақ жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын жасады. Сонымен қатар, Сырдария қалаларының көне мәдениеті және Қорқыт мұраларына байланысты 1999-2010 жылдар аралығында жүргізілетін зерттеу жұмыстарының бағдарламасы айқындалып, ғылыми ізденістер жаңа мазмұн алды.

Бұл ғылыми жұмыстардың орындалуы араға бірнеше жылдар салып Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асуымен тұстас келді. Бағдарлама аясында Сырдың көне сағасы бойында орналасқан Арал маңы сақтарының орталығы, астанасы болған Шірік-Рабат ескерткіші еніп, оны зерттеу үшін 2004 жылы Ә.Марғұлан атындағы Археология институтында археологиялық экспедиция жасақталды. Құрамында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің бір топ студенттері бар экспедицияны Жолдасбек Құрманқұлов бастап, қазан айының басында ежелгі Шірік-Рабат жанына лагерь тіктік.

Ескерткіш Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылынан оңтүстікке қарай 100 шақырым жерде, Жаңадарияның кепкен арнасының сол жағалауындағы көлемі 850х600 метр болатын табиғи төбенің үстінде орналасқан. Алғаш көргеннен-ақ қаланың мықты қорғаныс жүйесі (биік дуалдар, бекіністі мұнаралар) және алып обалары, ғибадатханалары мен мавзолейлері ерекше әсер қалдырды. Экспедиция құрамында Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының ғалымдарымен бірге Жезқазған қаласы мұражайының жас мамандары мен қызметкерлері болды. Экспедиция Қызылқұм күзінің қара суығына қарамастан, нәтижелі жұмыс жасады. Жолдасбек ағай қаланың ішкі бөлігін мұқият аралап көріп, қазба орнын белгіледі. Бұл нысандағы қазба жұмысы екі жылға созылды. Кейіннен белгілі болғандай, аталған нысан Арал маңына белгісіз болып келген керемет жерлеу құрылысы болып шықты. Жерлеу лақатында батырдың не тайпа көсемінің

отбасымен жерленген мәйіттері табылды. Қазба алтын жапсырмалар, бағалы тастардан жасалған моншақтар, қылыш, қанжар және т.б. өте бай жәдігерлер берді. Сонымен қатар, иығында көне парфяндық жазу үлгісінде жазуы бар қыш көнек табылды.

Ғалым қазба жұмыстарымен қатар қазан айының аяғында Шірік-Рабат ескерткішінің маңайына экскурсия ұйымдастырды. Экскурсия барысында біз Шірік-Рабаттың оңтүстік-шығыс жағында 20 шақырымға созылып жатқан елді мекенмен, б.з.д. VII-V ғғ. мерзімделетін Сеңгіртам ескерткіші және Шірік 2 мавзолейімен таныстық. Осы Шірік 2 ескерткішінің басында археолог менен «Әзілхан, ғылыммен айналысқың келе ме?» деп сұрады. Экспедиция жұмысына қызығып жүрген мен қуана келістім. Жолдасбек ағай қолынан келген көмегін беретінін, археология ғылымының қызығы мен қиыншылығының қатар жүретінін ғылымға адал болу керектігін айтты.

Ғалым «Қызылорда облысы тарихи-мәдени ескерткіштер» жинағын шығару мақсатында Шірік-Рабат археологиялық экспедициясының 2005-2008, 2011 жылдары жасақталған барлау отрядына жетекшілік жасады. Қаратау мен Арал теңізінің аралығын алып жатқан Сырдың төменгі ағысы бойында орналасқан жүздеген ескерткіштерде археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, ескерткіштердің есебі алынды, географиялық координаттары анықталды және фотофиксация жұмыстары жасалынды. Барлау жұмыстары нәтижесінде ұжымдық монография жарық көрді.

Тынымсыз зерттеулердің нәтижесінде Сырдарияның ежелгі арналары бойында орналасқан тас дәуірінен бастап кейінгі ортағасырлық кезеңдерге дейінгі аралықты қамтитын мыңнан аса тарихи және мәдени ескерткіштерді кезеңдерге және мәдениеттерге бөле отырып, Арал маңының қалыптасу тарихы жайлы жүйелі көзқарас қалыптасты. Сонымен қатар, археологиялық деректер негізінде Сырдың ежелгі арналарының пайда болуын, қалыптасуын, олардың «көшу» циклдерін көрсететін археологиялық карта жасалынды.

2004 жылы Шірік-Рабат қалашығынан бастау алған зерттеулер Баланды, Бәбіш-мола кешендерінде жалғасын тауыпты. Еліміздің тарихындағы ең алғаш қалалық, отырықшы мәдениеттің озық үлгісінен деректер беретін зерттеулердің жаңа кезеңі басталды.

Жалпы Жолдасбек Құрманқұловтың жетекшілігімен «шірікрабаттық мектеп» қалыптасты десе де болады. Он бес жылға жуықтаған ізденісте көптеген жас мамандар ғылыми тақырыптарын белгілеп, деректерін жинақтап ғылымның даңғыл жолына түсті. Атап айтқанда, Айдар Ысқақов, Жанболат Өтебаев, Рүстем Дәрменов, Жайна Сыдықова, Еркебұлан Елеуов, Ыслам Құрманиязов, Қызғалдақ Шарапова, Мақпал Сүйіндікова, Жетес би Сұлтанжанов және т.б.

2004 жылы Қызылорда қаласында өткен «Арал аймағының археологиялық зерттелуі: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми конференция нәтижесінде Арал маңының ежелгі және ортағасырлық тарихын кешенді зерттеу мақсатында Қорқыт ата атындағы ҚМУ, Ә.Марғұлан атындағы Археология институты және РҒА Н.Миклухо-Маклай атындағы

Этнология және антропология институты арасында үшжақты келісім шарт жасалынды. Бұл шара университетіміздің жас археологтары үшін көп мүмкіндіктерге жол ашып, ғылым жолына түсуіне жағдай жасады. Ректораттың шешімімен университеттің арнайы жолдамасы бойынша Мәскеу қаласындағы РҒА Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының аспирантурасына алты маман аттандық. Жолдасбек Құрманқұлов осы іс-шаралардың үнемі басы-қасында болып, біздің кандидаттық диссертация жұмысымыздың тақырыбын таңдауда, оны жазу барысында кеңес беріп, жетекшілік жасады. Нәтижесінде, 2011 жылы университет жанынан жас мамандардың басын біріктірген «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Бүгінде ғалым осы орталықтың ғылыми кеңесшісі.

Жолдасбек Құрманқұлұлы бізді студент кезімізден-ақ ғылымға, құм басқан Сыр өркениеттерін зерттеуге баулыды. Ағалық қамқорлығынан, ғылымға адалдығынан айнымай, өз бітім-болмысымен үлкенге де, кішіге де үлгі болып, құрметке бөленіп келеді. Ең бастысы, ғылымға адал, білікті де білімді шәкірттер тәрбиелеп, Сыр жерінде өз қолтаңбасын, яғни, «Шірік-Рабат мектебін» қалыптастырды.

**Ә.ТӘЖЕКЕЕВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ**
**«Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, PhD докторы**

**«Сыр бойы» газеті, 30.11.2018ж**

## МӘДЕНИЕТ ПЕН ҒЫЛЫМДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

Қорқыт жырлары әлемдік өркениеттің бастауында тұрған өте құнды туынды. Қорқыт жырларының ғылым ныса- нында зерттеле бастағанына 200 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде Қорқыт жырларын әлемнің барлық елдерінің ғалымдары түгелге жуық зерттеген. Француз, неміс, түрік, орыс, тағы басқа елдердің ғалымдары Қорқыт жырларының әртүрлі мәселелері төңірегінде өздерінің ғылыми еңбектерін жарыққа шығарған. Қазақ ғалымдары да қорқыттану ғылымымен XIX ғасырдан бастап айналыса бастаған. Оның басында Ш.Уәлиханов тұр. Одан кейін Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев сияқты ғалымдар қазақ ғылымында арнайы қорқыттануды, Қорқыт жырларын жан-жақты зерттеген. Қорқыт мұраларының ЮНЕСКОның материалдық емес мұралар тізіміне енуі Қазақстан мемлекетінің мәдениеті мен ғылымындағы аса маңызды оқиға болды деп санаймын. Қорқыт мұраларының ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралар тізіміне енуіне Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевтың еңбегі зор. Облыс әкімінің басшылығымен мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың ғалымдары, мәдениет министрлігінің өкілдері бірлесіп 4 жылдан астам уақыт осы мәселемен айналысты. Бүгін Қорқыт ата мұраларының ЮНЕСКО-ның

материалдық емес мұралар тізіміне енуі, әсіресе, қызылордалықтар үшін өте қуанышты жағдай. Біз енді өркениеттің ерекше құнды туындысы Қорқыт мұраларын өзіміз иеленіп, оны бүкіл әлемнің танып отырғандығына мақтаныш сезіміне бөленеміз.

**Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт ата атындағы ҚМУ жанындағы «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры.**

**«Сыр бойы» газеті, 08.12.2018ж.**

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ

**Көрнекті ғалым Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы жарты ғасырдан астам уақыт жоғары білімді педагог-кадрлар даярлауға сүбелі үлес қосқан маманның бірі еді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Әлеуметтік ғылымдар Академиясының құрметті академигі атанған ғалымның шәкірттері қазір еліміздің әр түкпірінде еңбек етуде.**

Әбдікәрім аға 1929 жылдың қаңтар айында Ақтөбенің Ойыл ауданында дүниеге келген. Бүкіл Қазақстанды жайлаған аштық жылдары ол Түркменстанның Ташауз аймағындағы жетім балалар үйінде тәрбиеленді.

1943 жылы 7-сыныпты бітірген соң Ташауз қаласындағы мұғалімдер институтының 3 айлық дайындық курсын, одан аталған институттың физика-математика факультетін 1945 жылы үздік дипломмен бітіреді. 1945-46 оқу жылында сол қаладағы ауыл шаруашылық техникумының оқытушысы болады.

1946 жылы Қазақстанға оралған бетте Қызылорда пединститутына оқуға түсіп, оны 1948 жылы бітіреді.

Институт қабырғасында Әбекең Одақ деңгейінде танымал болған А.Тайманов секілді атақты ғалымдардан дәріс алды.

1948-53 жылдары Арал қаласындағы №13 Т.Г.Шевченко атындағы орта мектепте сабақ берген Әбекең 1953 жылдан бастап Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтында А.Таймановтың шақы-руымен жұмысқа қабылданып, түрлі лауазымды қызметтер атқарды.

1954-64 жылдары институттың физика-математика факультетінің деканы, 1964-79 жылдары кафедра меңгерушісі, 1980-87 жылдары Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарындағы мектептер басшыларының біліктілігін жоғарылату факультетінің деканы, ал 1987-92 жылдары кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1992 жылдан өмірінің соңына дейін «Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры ретінде студенттер мен жас әріп-тестеріне ақылшы ұстаз-аға болды.

Ә.Тәжмағанбетұлынан әр кезеңде дәріс, тәлім-тәрбие алғандардың ішінде академик Ә.Нысанбаев, ғылым докторлары Қ.Жаңабергенов, Б.Сейсенов, Д.Көшеров, Б.Әбдікәрімов, ғылым кандидаттары Б.Қашқынбаев, Ы.Қарқынбаев, Ж.Өтеулиев, Н.Әбдрахманов, Ш.Күдебаева, С.Баекова, В.Серікбаева, Б.Тұрбаев, З.Қасаева, Т.Ділманов және т.б. бар.

Факультеттің аға буын өкілдері түрлі кезеңдегі қиындықтарды жеңе отырып, Одаққа белгілі жетекші ғылыми орталықтармен тығыз байланыс жасай білді. 1961 жылы Әбекең бүкілодақтық педагогикалық оқулардың жүлдегері болып, абырой биігінен көрінді, ал 1966 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік математиктер конгресіне КСРО атынан А.Тайманов, С.Елубаев үшеуі делегат болып қатысты.

Ә.Тәжмағанбетұлы 1967 жылы Киев мемлекеттік педагогика институтында аспирантурасыз және ғылыми жетекшісіз «Взаимосвязь в преподавании математики и физики в общеобразовательной школе (на примере обучения алгебры)» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын табысты қорғап, мектеп педагогикасында зерттеулердің жаңа бағытына жол ашты.

Кеңес Одағы кезіндегі халықаралық, одақтық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларына баяндамашы ретінде (Мәскеу, Орынбор, Курск, Ашхабат, Даугавпилс,т.т.) қатысты.

Педагог-ғалымның еңбегі тиісті бағасын алды, ол «КСРО ағарту ісінің озаты», «Қазақ КСР ағарту ісінің озаты», «Ерекше еңбек үздігі» медалінің иегері атанды.

Математиканың сапалық жағына, терминдердің қолдануларына, олардың қазақ тіліне дұрыс аударылуына Әбекең баса көңіл бөлетін.

Ол 130-дан астам ғылыми-әдістемелік еңбек жазды. Олардың ішінде математиканың пәнаралық байланыстарына арналған әдістемелік құралдар мен нұсқаулар бар. Орта және жоғары мектепте математиканы оқытудағы пәнаралық байланыстардың ролін арнайы және маңызды проблема ретінде зерттеді. 1987 жылы Мәскеуде оның «Межпредметные факультативы по математике и физике» және «Совместное повторение математики и физики» атты әдістемелік құнды нұсқаулары жарық көрді.

Кафедра меңгерушісі ретінде Әбдікәрім ағай жас оқытушылардың оқу жүктемесіндегі пәндерді жиі ауыстырып отыратын. Кезінде techинститутта оқымаған сабақтарды да жүктемеге қосқызып қоятын. Соның арқасында жас оқытушы әр жылда жаңа пәннен дәріс беріп, ол пәндердің қыр-сырын меңгере алатын.

Әбдікәрім ағайдың тағы бір әдеті – жұмыстан қайтар мезгілде бар мәселені қозғап «Үйде осыны ойланыңдаршы, неге бұлай, а?» – деп ой салып жіберетін. Сонда «ағай бұны шынымен де түсінбей тұр ма екен?» деп, пікір таластырып отыратынбыз. Бұлар, әдетте, педагогиканың, математиканы оқыту методикасының, я геометрияның, не математикалық логиканың сұрақтары болатын. Үйге келе сала оқулықтарды ақтарып, жауап іздей бастайтынбыз. Сондағы ағайдың мақсаты – бізді ізденсін, білсін, дейді екен ғой.

Ғалым «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» саласында дербес ғылыми бағыт қалыптастырып кетті. Оның тікелей ғылымдағы шәкірттері Валентина Серікбаева М.Горький атындағы Киев мемлекеттік педагогикалық институтының аспирантурасын бітірген, Мәскеудегі халықаралық білім беру ғылымдары академиясының (МАНПО) корреспондент-мүшесі, ҚМУ-дың академиялық профессоры, Зәуреш Қасаева Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтының аспирантурасын бітірген, п.ғ.к., Мәскеудегі халықаралық білім беру ғылымдары академиясының (МАНПО) корреспондент-мүшесі, қазірде Қазақстан инновациялық университетінің Қызылорда қаласындағы өкілеттілігінің директоры, ал С.Меңліқожаева мен З.Сейілова педагогика ғылымдарының кандидаттары, доценттер.

Бүгінде Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да профессор Ә.Тәжмағанбетұлының ғылымдағы салған сара бағыты мен ізденістері жалғасын табуда.

«Мұғалім мамандығын – адамтану әлеміне ену, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу деп түсінген жөн. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер дегеніміз ол даналықты бар жүректен ұға білу болып табылады» деген В.А.Сухомлинскийдің сөздері Әбдікәрім аға Тәжмағанбетұлына, оның ұстаздық өміріне қатысты айтылған сияқты.

Өз ісін жалғастырар кейінгі буын өкілдеріне тәлімгер, үлгі бола білген қамқор ғалым ағаның қуатты жүрегі 2001 жылдың 30 қарашасында соғуын тоқтатты...

Қызылорда мемлекеттік университеті ғылыми Кеңесінің шешімімен п.ғ.к., профессор Ә.Тәжмағанбетовтің есімі өзі дәріс берген 6-оқу ғимаратындағы 303-дәрісханаға берілді, онда білім қуған XXI-ғасырдың жас ұрпағы ұстаздарынан дәрістер тыңдап, мамандыққа қанығуда.

Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы зайыбы Сара апаймен бірге 5 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, өнегелі отбасы атанды. Сара апай Арал қаласындағы орта мектепте, кейін Қызылорда қаласындағы №5 орта мектепте қазақ тілі пәнінен дәріс берді. Қазір еңбек демалысында, немере-шөбере сүйіп отырған ардақты әже, Алматы қаласында тұрады. Ұлдары Ерболат сондағы «Экотера» ЖШС-ның директоры қызметін атқаруда, Нұрболы – «Алматы қалалық жылу жүйесінің» қаржы басқармасының бастығы, ал қызы Сәуле «Казэкология» ЖШС-да инженер-химик болып қызмет атқарып, қазір зейнеткерлік демалысқа шықты.

Ұлағатты ұстаз-ғалымның ғұмыры ұрпағы мен шәкірттері арқылы жалғасын табуда.

**Бақыт ҚАЛИЕВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ «Физика-математика кафедрасының» меңгерушісі, т.ғ.к., профессор,**

**В.СЕРІКБАЕВА,**
**кафедра профессоры, п.ғ.к.**

**«Сыр бойы» газеті, 13.12.2018ж.**

# *2019 жыл*

## БАСТЫ МАҚСАТ – ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ

**Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «...мемлекеттің табысқа жетуінің кепілі елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі болып отыр... Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі басты басымдыққа айналуы тиіс», деп атап өтті. Шынымен де, адам ресурсының даму деңгейі, жан дүниесінің рухани байлығы білім сапасымен өлшенетіні белгілі. Бүгінде отандық білім жүйесі ашықтық жағдайында ғана өзінің ең жоғары сапасына қол жеткізе алады.**

Халықаралық ғылым-білім қауымдастығына толыққанды мүше болу бағытында еліміздің Арал өңірі мен оңтүстік-батыс аймағындағы бірден-бір іргелі жоғары оқу орны – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті үлкен нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Бұл тұрғыда Университеттердің ұлы хартиясына қол қою, Болон процесіне қосылу, кредиттік оқыту технологиясын енгізу, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру, шетелдік жетекші ғалымдарды шақыру, жоғары оқу орындарының автономиясы қағидасын қабылдау, ғылыми және академиялық этиканы мүлтіксіз сақтау, ұлттық және әлемдік рейтингтерге белсенді қатысу жұмыстарын айтсақ та жеткілікті.

Жоғары оқу орындарының рейтингтері – бұл білім беру процесін бағалаудың әлемде мойындалған тетіктерінің бірі. Бүгінде талапкерлер, жұмыс берушілер, инвесторлар, тіпті мемлекет үшін қай білім ордасының да тартымдылығы әлемдік немесе ұлттық рейтингте орындарды иелену деңгейіне сәйкес айқындалады. Рейтингтер нәтижелерінің мемлекеттік және басқа гранттарды тағайындау конкурстарында ескерілетінін де айтуымыз керек.

Еліміздегі білім беру және ғылым саласындағы реформалар аясында атқарылған қызмет нәтижелерін талдау, түптеп келгенде, өзінің бәсекеге қабілеттілігін жүйелі дәлелдеп отыруы мақсатында университет институционалдық және білім беру бағдарламалары деңгейінде халықаралық және ұлттық рейтингтерге тұрақты қатысып келеді.

Британдық рейтинг агенттігі өткізген Шығыс Еуропа мен Орталық Азия университеттерінің арасында QS University Rankings: Emerging Europe and Central Asia (QS EECA) халықаралық рейтингінде Қорқыт Ата атындағы университет екі рет қатарынан Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдері университеттерінің Үздік 300-іне енді. Осылайша, дүние жүзінің 26 мемлекетінің (оның ішінде Ресейден – 87, Түркиядан – 46) жоғары оқу орны қатысқан халықаралық рейтингте еліміздің әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, ҚБТУ, Қазақ ұлттық аграрлық университеті сияқты жетекші оқу орындарымен бірге үздіктер қатарынан көрініп, әлемдік деңгейде танылуы, сөз жоқ, үлкен мәртебе.

Осы рейтинг барысында университеттің академиялық саясаты, жұмыс берушілер алдындағы беделі, жаңа мазмұндағы ғылыми-педагогикалық әлеуеті, ғылым-білім саласындағы халықаралық байланыс деңгейі, оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы сынды негізгі көрсеткіштер сараланды.

Сондай-ақ білім беру қызметі, яғни үйрету, сабақ беру, зерттеу, түлектерді еңбекке орналастыру, интернационалдандыру, материалдық-техникалық база, қашықтықтан оқыту, әлеуметтік жауапкершілік, жаңашылдық, өнер және мәдениет, ашықтық, даярланған маманға нарықтағы сұраныс критерийлері бойынша бағаланды.

Британдық рейтинг агенттігінің сарапшылары университеттің сапалық көрсеткіштері айтарлықтай жоғарылағанын, білім бағдарламаларының сапасы жақсарып, олардың халықаралық стандарттарға сай интеграцияланғанын, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізетінін, сұранысқа ие инновациялық жобаларды іске асыратынын, өндіріс пен еңбек нарығының сұранысына жауап беретін жаңа технологияларды жасайтынын атап көрсетті.

Бұл – айтуға оңай көрінгенімен, іске асыруға кез келген жоғары оқу орнының әлеуеті жете бермейтін іс. Осы тұста университет басшылығы мен ұжымының қарымды қабілетінің, қажырлы еңбегінің, қалыптасқан дәстүр мен берекелі бірліктің нәтижесі айқын көрініп тұр.

Қазіргі күні университет құрылымында 7 факультет, 30 кафедра, ақпараттық модельдендіру технологиялары орталығы бар, білім беру қызметін 18 ғылым докторы, 25 PhD докторы, 203 ғылым кандидаты, 181 ғылым магистрі және басқа да тәжірибелі оқытушылар жүргізеді. Аймақтағы бірден-бір көпсалалы мемлекеттік жоғары оқу орнында бакалавриаттың 64 мамандығы, магистратураның 30 мамандығы, PhD докторантураның 9 мамандығы бойынша мамандар даярланады. Қазір барлығы 5042 (бакалавриатта – 4597, магистратурада – 402, докторантурада – 43) білім алушы оқиды. Білім беру, мұнай-газ ісі, құрылыс, электр энергетикасы, ауыл шаруашылығы және аймақ экономикасының өзге де салаларын қажетті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік білім гранттары негізінде 876, сонымен қатар Қызылорда облысының әкімі жыл сайын бөлетін білім гранттары бойынша 369 студент табысты білім алуда. Өңірдің қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап ретінде 2017-2018 оқу жылы бакалавриаттың 5В012500 − химия-биология, 5В012700 − математика-информатика, 5В012800 − физика-информатика, 5В090200 − туризм мамандықтары және магистратураның 6М050900 – қаржы мамандығы бойынша білім беру қызметін жүргізуге лицензия алынды.

Жоғары оқу орнының даму стратегиясында көзделген көптеген міндеттің жүзеге асуы білім алушылар контингентіне тікелей байланысты. Нарықтың қатаң да әділ талабы – осы. Сол себептен де білім алушылар санын көбейту бірінші кезекке қойылған. Бұл бағытта да ауыз толтырып айтар жетістіктер аз емес. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 2018-2019 оқу жылында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 945 білім алушы артық қабылданды.

Жүйелі жүргізілетін түрлі деңгейдегі рейтингтерге дайындалу үдерісіне профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің еңбегін бағалау жүйесі оң ықпалын тигізуде. Мысалы, оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби қызметін бағалау және көтермелеу мақсатында университетте 2012 жылдан бастап жылда «Үздік оқытушы» конкурсы өткізіледі, оның қорытын-

дылары бойынша Үздік 100-ге енген оқытушыларға келесі оқу жылы бойына негізгі қызметтік жалақыларына қоса үстемеақы төленеді, ал алғашқы үздік бестікке «Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Үздік оқытушысы» төсбелгісі табысталады. 2017-2018 оқу жылында рейтингке 401 оқытушы қатысты.

Университетте 2014 жылдан бері көптілді топтарда сабақ беретін оқытушылар IELTS халықаралық емтиханын тапсырады және оның нәтижелері бойынша еңбекақыларына қосымша үстемеақы алуда. Қазіргі күні аталған халықаралық емтиханды тапсырған оқытушылар саны 99-ға жетті.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттіктің Аккредиттеу кеңесінің шешімімен (IQAA) Қорқыт Ата атындағы университет 5 жыл мерзімге аккредиттелді (03.01.2018 ж.-03.01.2023 ж.). Сондай-ақ 80 білім бағдарламасы, оның ішінде 47 бакалавриат, 26 магистратура және 7 PhD докторантура мамандықтарының аккредиттелу туралы куәлігі бар.

Аталған агенттік жүргізген көпсалалы жоғары оқу орындары арасындағы ұлттық институционалдық рейтингте Қорқыт Ата атындағы университет көрсеткіштері жылдан-жылға өсіп, соңғы екі жылда алғашқы ондыққа берік орнықты (2015 жылы – 13 орын, 2016 жылы – 10 орын, 2017 және 2018 жылы – 9 орын).

Білім және ғылым саласындағы жоғары жетістіктері, еліміздің білім беру жүйесі мен экономикалық әлеуетін дамытуға қосқан үлесі, оқытушы-профессорлар және студенттер ұжымының биік кәсіби табыстары үшін Қорқыт Ата атындағы университет Еуразия экономикалық одағының «Признание» халықаралық сыйлығымен марапатталды.

Университет 2014 жылдан Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі жүргізетін еліміз жоғары оқу орындарының сұранысқа иелігін анықтауға бағытталған Ұлттық рейтингісіне қатысып келеді. Рейтинг көшбасшыларының үштігіне бакалавриаттың – бастапқы әскери дайындық; биология; құрылыс; құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі; биология; магистратураның – биология; тарих; қазақ тілі және әдебиеті; докторантураның – құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі сияқты білім бағдарламалары енеді.

Елбасымыздың 2018 жылғы Жолдауында жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман даярлау сапасына қатысты талаптар күшейтілетінін қадап айтқаны белгілі. Бұдан былай оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын басты көрсеткіші болмақ.

Болашақ мамандарды еңбек нарығына даярлау сапасын арттыру мақсатында Қорқыт Ата атындағы ҚМУ 2015-2016 оқу жылынан бастап нақты-бағдарлық оқыту жүйесін кезең-кезеңмен енгізу және өндірісте кафедра филиалдарын ашу процесін қолға алды. Қазіргі кезде университет кафедралары мен өндіріс орындарының ынтымақтастығы негізінде 41 филиал ашылды. Мамандарды нақты-бағдарлық даярлау университет түлектерінің еңбек нарығына енуін және олардың кәсіби құзыреттерінің сапалық өсуін қамтамасыз етуде. Түлектердің еңбекке орналасу көрсеткіші 2013-2018 жылдар аралығында

сәйкесінше 71%-дан 85%-ға дейін өсуі – атқарылған жұмыстың жарқын көрінісі.

Соңғы үш жылда студенттердің кәсіби шыңдалуын қамтамасыз ететін кәсіптік іс-тәжірибе базасының саны екі есе өсті. Кәсіптік іс-тәжірибелер Назарбаев зияткерлік мектебі, №9, №10 «Білім-инновация» облыстық лицей-интернаттар, жалпы білім беру мектептері, облыстық балалар сауықтыру орталығы, коррекциялық мектептер, жасөспірімдерге арналған мамандандырылған жасөспірімдер спорт мектептері, колледждер, балабақшалар, еліміздің бірқатар ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары: «Кентау трансформатор зауыты», «Ақтөбе мұнай жабдықтары зауыты» АҚ, «Каспий құбыржелілік консорциумы-К» АҚ, «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз» АҚ, «ҚазҚайтаЖаңарту» Қызылорда филиалы, «НУР Строй LTD» ЖШС, Қызылорда механикалық «Квант» зауыты және т.б. ұйымдар мен мекемелерде ұйымдастырылып өткізіледі.

Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасын іске асыру аясында қазіргі таңда 16 білім бағдарламалары бойынша үш тілде мамандар даярлануда. Студенттердің елеулі бөлігі ауылдық санатқа жатады, олардың тілдерді игеру деңгейі де әртүрлі. Осыған орай, 2017-2018 оқу жылында студенттерді ағылшын, орыс тілдеріне үздіксіз оқыту және мемлекеттік тілді білуін жетілдіру тұжырымдамасы қабылданды. Сондай-ақ Ш.Есенов атындағы ғылым-білім қорымен келісімшарт негізінде 44 оқытушы мен 90 студент ағылшын тілін қарқынды оқыту курстарында білімдерін жетілдіруде.

Білім сапасын арттыру мақсатында халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейту – білім беру қызметінің басым бағыттарының бірі. Осы салада 50-ден астам отандық және АҚШ, Аустрия, Түркия, Польша, Корея Республикасы, Бельгия, Болгария және т.б. шетелдердің 95 жоғары оқу орнымен жасалған ынтымақтастық туралы келісімшарттар негізінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы жүзеге асуда.

Шетел азаматтарын оқуға шақыру – заман талабы. Осыған сәйкес аталған үдерісті жүйелендіру үшін алдын ала бірқатар ұйымдастыру-әдістемелік шаралар атқарылды. Қазіргі күні Байқоңыр, Нөкіс (Өзбекстан), Орынбор (Ресей Федерациясы), Ош (Қырғызстан), Үрімші (ҚХР) қалаларында университет өкілдіктерін ашу жұмыстары басталып кетті.

2017-2018 оқу жылының өзінде 15 шетелдік университетпен, білім орталықтары мен халықаралық қорлармен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылуы нәтижесінде Түркия мен Болгариядан шақырылған топ-менеджерлер стратегиялық жоспарлау, академиялық мәселелер мен интернационалдандыру бойынша қызмет тәжірибелерімен бөлісті. 2018 жылы Ресей, Болгария, Жапония, Германияның жетекші жоғары оқу орындарынан шақырылған 10 ғалым магистранттар мен докторанттарға дәріс оқып, диссертациялық жұмыстар тақырыптары бойынша оқу үдерісіне инновациялық технологиялар мен ғылыми-зерттеулер нәтижелерін енгізуге байланысты кеңестер берді.

Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарының магистратура және аспирантура, PhD докторантураларында университет есебінен 30-ға тарта жас оқытушы білімін шыңдап, ғылыми-зерттеулермен айналысса, еліміздің жетекші университеттерінің докторантураларында мақсатты негізде 15 докторант білім алуда. Соңғы 4 жылда 26 жас ғалым диссертацияларын сәтті қорғады.

Алдағы 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражат үлесі әлемдегі ең дамыған елдердің көрсеткіштеріне сәйкес деңгейге, яғни ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізілетін болады. Бұл, ғылымның экономикадағы маңызын еселеп арттыруға, әсіресе жас ғалымдар мен мамандарды дайындау ісіне жасалған теңдессіз қамқорлық. Осы ретте Қорқыт Ата атындағы университет бірінші кезекте білім, ғылым және бизнесті интеграциялау үдерісін пәрменді жүзеге асыра отырып, өндіріс сұранысы мен еңбек нарығына сай іргелі зерттеулер аясын кеңейтуді өзінің басты бағдарының бірі етіп қоюда. Халықаралық рейтингтердің де талабы осыған саяды. Межелі белес биігінен көрінетініне ұжым мүшелерінің сенімі мол. Өйткені ғалымдардың зерттеулері мен инновациялық идеялары нәтижелі болып отыр.

Атап айтқанда, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде қазіргі күні 2018-2020 жылдарға арналған 9 жоба (жалпы құны 183 млн теңгеден астам) жүзеге асуда. 2012-2017 жылдар аралығында, яғни, алты жыл ішінде, осындай 15 жобаның табысты орындалғанын айта кеткеніміз орынды. Бизнес-әріптес «ФракДжет» ЖШС бірлесіп «Ғылым қоры» АҚ гранты негізінде (жалпы құны 270 млн теңге) «Мұнай қалдықтарын инновациялық технология бойынша өңдеу» жобасын коммерцияландыру іске асырылуда. Студенттік бизнес-инкубатор аясында 25 жоба бойынша 80 білім алушы өз кәсіптерін ашып жалғастыруда. Мұндай көрсеткіштер университет тарихында бұрын-соңды болмаған еді.

Халықаралық рейтингте профессорлық-оқытушылар құрамының ғылыми шығармашылығының алатын орны елеулі. Университет ғалымдарының бұл бағыттағы жетістіктері де айтарлықтай. 2017-2018 оқу жылында 15 монография, 43 оқулық пен оқу құралы, халықаралық рецензияланатын басылымдарда 950-ден астам мақала жарық көріп, өнертабыстарға 27 патент алынды. Сонымен қатар халықаралық компаниялар (Web of Science Core Collection, Scopus, т.б.) базаларында беделді 50 ғалымның Хирш-индексі айқындалған.

«Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты, «Археология және этнография», «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталықтары, «Елбасы және тәуелсіз Қазақстан» оқу-көрме залы, «Мәңгілік Ел» оқу-тәрбие орталығы, «Рухани жаңғыру» оқу-әдістемелік орталығы еліміздің және Сыр өңірінің тарихы, әдебиеті және рухани мұраларына кешенді зерттеулер жүргізумен қатар, жастардың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға белсене атсалысып келеді.

Барлық құрылымдық бөлімдердің қызметін цифрландырумен бірге, қашықтықтан оқыту технологиясы мен ашық білім беру ресурстары арқылы оқу

үдерісін ұйымдастыратын «E-UNIVER» электронды университет жүйесі қызмет етуде. Бұған компьютерлік технологиялар кафедрасы базасында ашылған CISCO, ORACLE халықаралық академиялардың филиалдары үлкен септігін тигізуде.

Білім алушылардың жетістіктері рейтингтерде жоғары бағаланады. Соңғы 5 жылда 367 білім алушы ҚР БҒМ өткізетін Үздік студенттік ғылыми жұмыстардың республикалық конкурсы мен пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.

Өткен оқу жылында ҚР БҒМ қолдауымен ұйымдастырылған «Hackday (хакдэй): идеядан прототипке дейін 24 сағат ішінде» атты ақпараттық технологиялар саласындағы студенттер мен оқушылардың байқауында университет жобасы бірінші орын иеленсе, бизнес-жобалардың («Startup Bolashak – Menin Armanym») облыстық конкурсының финалына 1 жоба шықты.

2017-2018 оқу жылында студенттер «Сыр сымбаты» спорт клубына 16 спорт секциясы бойынша қатысты. Олардың арасында бір Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, 14 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 21 спорт шебері және 40 спорт шеберлігіне үміткер бар.

Университеттің құрама командасы жоғары оқу орындары арасындағы IX жазғы Универсиадаға спорттың 15 түрі бойынша қатысып, 6 алтын, 2 күміс, 17 қола медаль жеңіп алды. Сонымен бірге VII қысқы Универсиадада 1 күміс және 2 қола медаль еншіледі.

Мини-футбол мен баскетбол құрамасы еліміздегі студенттік лигалардың финалдарына қатысты. Жалпы, 33 студент спорттың әртүрі бойынша Ұлттық штаттық командалардың мүшесі. Жоғары лигада өнер көрсететін «Қайсар ҚМУ» волейбол және «Сейхұн ҚМУ» гандбол командаларының құрамында студенттеріміздің көп болуы халықаралық рейтингтерде жоғары ұпайлар әкелді.

Университет ұжымының жетістіктері – сараланған бағдарламалардың, байыпты қадамдардың, жүйелі жұмыстардың қорытындысы. Өзінің стратегиялық жоспарларын лайықты атқара отырып, университет жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингтерінде үздіктердің ең алдыңғы легіне енуге ұмтылуда.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ұлттың рухани құндылықтарын қадір тұтатын, өз Отанын сүйетін, әлемдік өркениеттің үздік білімі мен озық ғылымынан нәр алуға ұмтылатын, жаңалықтарды игеруге барынша бейім парасатты тұлға, бәсекеге қабілетті маманды тәрбиелеу арқылы қоғам алдындағы мәртебелі міндетін болашақта да абыроймен атқара бермек.

**Қали ОМАРОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ғылым**
**департаментінің директоры.**

**«Егемен Қазақстан» газеті, 04.01.2019ж.**

# БІЛІМ МЕН РУХАНИЯТ ОРДАСЫ

**Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы халқымыздың кемел келешегіне жол көрсететін келелі ой, батыл шешімдерге құрылған ұлттық бағдарлама және адамзаттық ақыл-ойға ықпал ететін әлемдік рухани тұжырымдама деп айтуымызға болады. Елбасы мақаласын әлем ғалымдары мен саясаткерлері, философтары «Назарбаев ілімі» ретінде зерттеп, зерделеуі оның әлемдік өркениеттегі маңызын білдіріп отыр.**

Сананы жаңғыртуды, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай саяси-экономикалық жүйенің дамуымен үйлестіре отырып, ел игілігіне жаратуды басты мұрат тұтқан мақала халыққа ой салатын кемеңгерлік идеялар мен жасампаз бастамаларға толы. Сондықтан бұл мақала тек қазақ қауымын ғана емес, әлем халықтарының санасын сілкіндіріп, қазіргі жаһандану кезінде қай ұлттың да баянды болашағына жол сілтейтін кемел құндылыққа айналды. Бүгінде аталған бағдарлама аясында ұлт руханиятын жаңғыртудың бірегей моделі жасалды. Тарихты білу, өлкетануды меңгеру – бүгінгі және келер ұрпақтың өз тарихының тамыры терең, көкжиегі кең болғанын біліп өсуіне, ата-бабаларының адамзат өркениетін жасауға араласқанына көздерін жеткізеді.

Ұлт болмысы мен санасын рухани жаңғыру аясында өзгерту мен қалыптастыруға ғылымның әлеуеті аса қажет. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары Елбасымыздың болашаққа бағыттаған идеясы – рухани жаңғыруға өзінің нақты үлесін қосуда. Бұл тұрғыда қорқыттану бағытындағы ғылыми-зерттеулердің орны мен маңызы ерекше. Өйткені әлемдік деңгейдегі Қорқыт тұлғасы түркітектес халықтар руханиятының төрінде тұратыны, Қорқыт мұрасы – түркі руханиятының темірқазығы екені баршамызға белгілі. Өткен жылы Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевтың тікелей бастамасымен Қорқыт мұраларының ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралары тізіміне енуі − тарихи жетістік. Осынау кешенді жұмысқа университет ғалымдары да өз үлестерін қосты. Облыстық бюджеттен қаржыландырылған «Қорқыт Ата – әлемдік тұлға. Аңыз және ақиқат» ғылыми жобасы бойынша тарихи маңызы зор құнды кітап жарыққа шықты.

Тарихы бес мыңжылдықты қамтитын Сыр өңірін мекен еткен сақ, қаңлы, оғыз және қыпшақ тайпалары Қазақстан халқының этногенезінде ғана емес, Еуразияның қазіргі халықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарғаны белгілі. Өңірдің этностық тарихының маңыздылығына ғалымдар «Аралдық этногенез түйіні» деген анықтама беруі бекер емес. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оғыздардың Сортөбе, Шіркейлі Қос-асар, Арал маңы сақтарының діни-рухани орталығы ежелгі Шірік-рабат және Жанкент қалашықтарында кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары жаңа қарқын алды. Осы ескерткіштердің ішінде оғыздардың ордасы болған ортағасырлық Жанкент қалашығындағы зерттеулер үлкен маңызға ие. Аталған нысандағы археологиялық қазбаларды университет ғалымдары Ә.Марғұлан атындағы

Археология институты, Германияның Тюбинген университеті, Ресей Федерациясының Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу университеті мамандарымен бірлесіп жүргізуде.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтқан тарихи сананы жаңғыртуға қатысты терең ой-пайымдары 2018 жылғы 21 қарашада жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында жалғасын тапты. Екі бөлімнен тұратын мақаланың бірінші «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» атты бөлімінде Елбасы тарихымызды зерделеудің жаңа ғылыми тұжырымдамасын айқындап берді.

Кез келген халықтың жүріп өткен жолы, сол жолда қалыптастырған мәдени мұралары мен рухани құндылықтары, ой-санасы мен дүниетанымы сол халықтың әлемдік өркениеттегі алар орнын анықтайтыны ғылымда дәлелденген ақиқат. Елбасымыз мыңдаған жылдық тарихы бар халықтарды мысалға келтіре отырып біздің түп-тамырымыздың да ежелгі дәуірлерден бастау алатындығына бірнеше жаңа ғылыми деректер келтірді. Қазақ жерінде құрылып, өмір сүрген протомемлекеттік бірлестіктердің, бүгінде әлем халықтарының кәдесіне жарап отырған көптеген мәдени жетістіктер мен ең үздік технологиялардың жасаушысы, әрі мұрагері ретінде Ұлы дала өркениетінің әлемдік мәдениеттің дамуына қосқан үлесін айқындаудың өзектілігіне тоқталды.

Осы уақытқа дейін көшпелі мәдениеттің өкілі ретінде бағаланып келген халқымыздың рухани мұрасы ретінде тек бай дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз туралы ғана сөз болып, ғылым көкжиегінен алар орнымыз айқындала қоймағаны белгілі. «Ұлы даладағы ежелгі металлургия» деп атаған ой өзегі арқылы Елбасы қазақ ғылымының тарихтың терең тамырынан бастау алатындығын дәлелдеп отыр.

Түркі дүниесінің атажұрты саналатын қазақ жерінде әлемдік ой-санаға ықпал еткен ұлы ойшылдар, Ұлы даланы көзінің қарашығындай қорғаған батырлар, елдің ауызбірлігі мен түсіністігінің ұйытқысы болған би-шешендер ғұмыр кешті. Олардың ұлт тарихындағы өнегелі өмірі, тағылымды тағдыры бүгінгі ұрпақ үшін ұлтжандылықтың, елжандылықтың символы.

Шапқан аттың тұяғы тозатын, ұшқан құстың қанаты талатын сайын дала төсінде қала мәдениетінің негізін қалаған біздің халқымыз болатын. Ғасырлар бойы дүниежүзі халқына қызмет етіп келе жатқан жылқыны қолға үйрету мен атқа міну мәдениеті, металл өңдеу технологиясы және т.б. әлемдік өркениетке қосылған құндылықтарды да осыдан мыңдаған жылдар бұрын біздің бабаларымыз жасаған. Елбасымыз өз мақаласында тарихты жаңа көзқараспен зерделеу үшін осылардың барлығын ғылыми дерек ретінде ұсынды. Сонымен бірге Елбасымыз гуманитарлық ғылым саласының алдына жаңа міндеттер қойып, тарихты зерделеудің тың тұжырымдамасын жүзеге асырудың жобаларын да айқындап берді. Бағдарламалық мақала университет ғалымдарына айрықша рухани серпіліс беріп, жаңа бағыттардағы ізденістерге жол ашуда. Бұл тұрғыда алдағы үш жыл көлемінде «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» атты жоба жүзеге асырылатын болады. Археологиялық парк ұйымдастыру мақсатында

Жанкентті туризм нысанына айналдыру, музейлендіру және ғылыми консервациялау жұмыстары қатар жүргізілуде. Ресей музейлері мен архивтерінде сақтаулы тұрған Сыр өңірінен табылған жәдігерлер мен деректер бойынша жұмыстарды «Архив-2025» жобасы аясында жалғастыру да күн тәртібіне қойылған.

Жастарымыз үшін тарихи жәдігерлер мен әдеби мұралардың, өнер туындыларының сыр-сипатын, тарихын жете, терең біліп өсуі өте маңызды. Осы тұрғыдан қарағанда Елбасының бағдарламалық мақалаларының жас ұрпаққа берер тағылымдық, танымдық мәні зор. Ұлт тарихы мен мәдениетін жаңғырту, туған халқымыздың тарих толқынындағы орнын айқындау жастарымыздың ұлтжандылық, елжандылық қасиеттерін оятады, тәрбиелейді. Төл тарихымыздың терең бастауларын білген әр ұрпақтың бойында «Мен Ұлы дала өкілімін», «Тарихы терең, рухани байлығы мол ұлттың ұл-қыздарымыз, менің ата-бабаларым әлемдік өркениеттің өркендеуіне шексіз үлес қосқан» деген мақтаныш сезімі, өз ұлтының мәртебелі тарихынан тағылым алуы олардың өз Отанына деген шексіз ықыласын қалыптастыратыны сөзсіз.

Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайық қасиеттерге ие болуы керек» деген болатын. Мемлекет басшысы елге тұтқа болатын өскелең ұрпақты жан-жақты қолдап келеді. 2019 жылдың Жастар жылы болып жариялануы осының жарқын көрінісі. Осыған сәйкес Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті жас мамандарды даярлау бағытында мақсатты жұмыстар жүргізуде. Жұмыс берушілердің талаптары мен білім алушылардың мүдделерін ескере отырып, кәсіби стандарттар негізінде білім беру бағдарламалары мазмұнының 80%-ы қалыптастырылатын болады. Қазіргі кезде аймақтың жұмыс берушілерімен бірлесіп өндірісте кафедралардың 52 филиалы ашылды. Сонымен бірге студенттердің кәсіптік іс-тәжірибеден өтіп, кейін жұмысқа орналасуы үшін аймақтың бизнес-құрылымдарымен ынтымақтастық жасау туралы Қызылорда облысының кәсіпкерлік палатасымен меморандумға қол қойылды. Меморандумға сәйкес 3-курстан бастап әрбір студентке жұмыс орындарында тәлімгер-практика жетекшісі бекітіліп, ол студенттердің университет қабырғасында алған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын жетілдіріп, бекітуге кәсіби қолдау көрсетеді. 2021 жылдың 1 қыркүйегіне қарай Жұмыс берушілер кеңесімен бірлесіп бітірушілерді еңбекке орналасу көрсеткішін 85-90%-ға жеткізу көзделуде.

Жастардың өзін-өзі жүзеге асыруы мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін жағдай жасау арқылы білім алушыларды қолайлы білім ортасымен қамтамасыз ету, оларда көшбасшылық қасиеттерді, креативтілікті, бастамашылықты, көптілді, көпмәдениетті қоғамда еркін бағдарлана алуды дамыту жұмыстары өз жалғасын табуда. Цифрлы экономика үшін адам капиталын дамытуға арналған университеттің Жол картасы іске асырылуда. Білім алушылардың бизнес-идеяларына қолдау көрсету және жүзеге асыру

мақсатында ашылған «Business Start» инновациялық жобаларды іске асыру орталығында 25 жоба орындалуда. Университет студенттері 2018 жылдың қазан айында өткен «Business Start - Байқоңыр» және «IT-Business» жобалар конкурсында жүлделі орындарды иеленді.

Университетте қазір кешенді ғылыми-зерттеулерді жүргізетін, салалық заманауи әдістерді меңгерген жас ғалымдардың жаңа буыны қалыптасып, 60-тан астам мамандық, оның ішінде ақпараттық технологиялар, археология және этнография, туризм салалары бойынша мамандар даярлануда. Білім алушыларды ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарына, спортпен айналысуға тарту мәселесі жолға қойылған. Олардың қатарында ғылым, білім, өнер, спорт саласындағы халықаралық және республикалық байқаулар, көрмелер, сайыстар мен жарыстарға қатысып, жүлделі орындар иемденгендер көптеп саналады.

Университетте бұл күндері Қытай, Өзбекстан, Түрікменстаннан келген шетелдік 35 азамат білім алып жатыр. Шетелдік студенттер контингентін одан әрі көбейту үшін Байқоңыр, Нөкіс (Өзбекстан), Орынбор (Ресей Федерациясы), Ош (Қырғызстан), Үрімші (ҚХР) қалаларында өкілдіктерін ашу қолға алынды. Көптеген жас оқытушы алыс және жақын шетелдердің, оның ішінде Ресей Федерациясының, Түркияның, Оңтүстік Кореяның белгілі жоғары оқу орындарына аспирантураға, докторантураға оқуға жіберілді. Бұған 95-тен астам шетелдік жоғары оқу орындарымен орнатылған әріптестік байланыстар өз ықпалын тигізуде. Ағымдағы оқу жылында 15 студентіміз Қытай, Оңтүстік Корея, Польша, Болгария, Түркия мемлекеттеріндегі жетекші жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білімдерін жалғастыруда. Олар өздері білім алып жатқан оқу орындарында Қазақстанның тарихын, дәстүр-салтын таныстыру және заманауи қазақстандық мәдениетті насихаттау мақсатында «I am from Kazakhstan» жобасын орындап жатыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында аталған жоба бойынша танымдық және әдеби-сазды іс-шаралар ұйымдастырылып, шетелдік әріптестердің назарына ұсынылды.

Бүгінгі таңда Қорқыт Ата университеті Қазақстан Республикасының көпсалалы ЖОО ішіндегі Ұлттық рейтингте 9-орын иеленеді, екінші жыл қатарынан Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерінің Үздік-300 ЖОО тобының қатарына еніп отыр.

Университеттің 80 білім беру бағдарламасы мамандандырылған аккредиттеуден өткен. Соңғы бес жылда университет ғалымдары өнертабыстарына 62 патент алды, 61 монография, халықаралық рецензияланатын басылымдарда 185 ғылыми мақала жариялады.

Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қоғам алдындағы міндеті − бәсекеге қабілетті жас мамандарды даярлау, өз тарихын білетін, Отанын шексіз сүйетін және оған адал қызмет ететін парасатты азаматтарды тәрбиелеу. Ұжымның алдағы мақсаты − Қорқыт Ата университетін жоғары оқу орындарының ұлттық және әлемдік рейтингтерінде тұғыры биік, еліміздің индустриялық-ин-

новациялық дамуына лайықты үлес қосатын инновациялық-кәсіпкерлік жоғары оқу орнына айналдыру. Бұл – заман талабы.

**Қылышбай БИСЕНОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ректорының м.а., техника ғылымдарының докторы, профессор**

**«Егемен Қазақстан» газеті, 19.01.2019ж.**

## СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ В ВУЗЕ ТРАНСФОРМАЦИЯ УНИВЕРСИТЕТА В ИННОВАЦИОННО-ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИЙ

В настоящее время широко распространена модель предпринимательского университета, разработанная в 1995 г. профессором Стэнфордского университета Генри Ицковицем и профессором Амстердамского университета Лойетом Лейдесдорфом. Авторы теории «тройной спирали» исходили из того, что в обществе, основанном на научном знании, ключевую роль играют вузы, которые не только выполняют функции обучающего института, но и фокусируются на капитализации знаний. Данная модель предполагает, что именно предпринимательские университеты являются центрами, создающими новые технологии, и параллельно работают над научными исследованиями. Вместе с тем, стратегическое взаимодействие университетов, власти и бизнеса нацелено на активное участие в решении экономических и социальных проблем региона, стремление и возможность стать его точкой роста.

В стратегическом плане Кызылординского государственного университета имени Коркыт ата указано определенное видение себя инновационно-предпринимательским вузом с высокими позициями в национальных и мировых рейтингах высших учебных заведений, вносящих значительный вклад в индустриально-инновационное развитие региона и Республики Казахстан к 2021 году.

Для достижения указанной цели университетом разработана и успешно претворяется в жизнь Программа трансформации КГУ имени Коркыт Ата в инновационно-предпринимательский вуз. В соответствии с этим документом решаются следующие задачи:

-развитие предпринимательского образования;

-организация бизнес-инкубатора, технологического парка и т.д.;

- коммерциализация научных результатов;

- создание совместных с вузом малых предприятий, выполнение перспективных для внедрения научно-исследовательских проектов и т.д.;

- формирование предпринимательской креативной корпоративной культуры;

- расширение финансовых источников и инструментов управления и использование их для собственного развития.

Начиная с 2016-2017 учебного года в образовательный процесс был введен практикоориентированный курс «Предпринимательство» для студентов 3 курса обучения по всем специальностям и направлениям подготовки, целью которого является:

- научить будущих предпринимателей выбирать форму организационно-правовой деятельности компании (как открыть свое дело, какую организационно-правовую форму деятельности выбрать и как зарегистрироваться и т.д.);

- решать бухгалтерские задачи от проводки до баланса (как вести бухгалтерский учет, какие и когда надо платить налоги и т.д.);

- разрабатывать бизнес-план и программу выведения на рынок товара (как определить возможности своего бизнеса, как составить бизнес-план и определить для себя первые шаги);

- формировать команду для решения задач бизнеса (как искать и выбирать персонал);

- воспитать чувство ответственности за собственный бизнес в сочетании с достигаемым результатом;

- создавать условия для самореализации, что приносит удовлетворение от жизни.

Курс «Предпринимательство» способствует адаптации молодежи к условиям реального рынка труда, формированию и разработке у обучающегося собственной бизнес-идеи, применению полученных знаний на практике.

Конечно же, мы не настаиваем на том, что студенты начнут свой бизнес немедленно после окончания обучения. Главное для вуза — ориентировать обучающихся на то, что они могут не быть наемными работниками, а работать на себя. Университет стремится внедрить понятие предпринимательства, как альтернативы наемной занятости. Студенты должны понять, что в любой момент карьеры они могут создать собственный бизнес. Для этого в обучающие курсы включены информация и упражнения, формирующие навыки, необходимые для начала своего дела. Эффективность обучающих программ не измеряется количеством предприятий, созданных студентами. Руководство университета считает, что даже если студенты не начнут свой бизнес, знания в области предпринимательства все равно сделают их более конкурентоспособными на рынке труда и смогут развивать такие личностные качества, как креативность, инициативность, готовность рисковать, брать на себя ответственность, умение видеть возможности, а также планировать, управлять и организовывать деятельность.

На протяжении всего курса студенты должны работать над реальным проектом (своим, либо предложенным, но обязательно связанным с предпринимательством), и, таким образом, преподавание превращается в

консультирование. А по итогам обучения студенты планирует презентацию бизнес-планов своих проектов перед действующими представителями бизнеса. Такой подход позволит, на наш взгляд, эффективно развить навыки предприимчивости, что крайне важно.

В рамках повышения квалификации ППС по развитию навыков предпринимательства и предпринимательского мышления преподаватели университета приняли участие в ряде семинаров:

1. Повышение эффективности обучения навыкам предпринимательской деятельности, в рамках проекта USAID;

2. Новый социальный проект, годичная учебная программа «Professionalize Kazakhstan», организованная компанией «Сентрас капитал». Цель программы – интеграция субъектов малого и среднего бизнеса к передовым стандартам и технологиям в мире, повышение уровня квалификации преподавателей и совершенствование профессионального мастерства топ - менеджмента;

3. Тренинг для бизнес тренеров, 24 - часовая программа учебного центра «KEYSOURCE KAZAKHSTAN» и др.

Для улучшения качества подготовки квалифицированных специалистов, усиления практической направленности учебного процесса, проведения совместных научных исследований и внедрения результатов НИР в производство, а также приобретения предпринимательских навыков созданы 52 Филиала кафедр.

Для закрепления профессиональной компетенции, приобретения практических навыков и опыта предпринимательской деятельности университетом заключены 157 трехсторонних договоров на формирование баз производственных практик между вузом, обучающимися и научными организациями, промышленными предприятиями, предпринимательскими структурами Кызылординской области.

Ежегодно в университете совместно с Национальной палатой предпринимателей РК «Атамекен», фондом развития предпринимательства «Даму», управлением предпринимательства и туризма Кызылординской области для студентов 4 курсов проводится семинар-тренинг «Первые шаги предпринимательства» с целью предоставления возможности выпускникам вуза заняться развитием собственного дела в рамках предпринимательской деятельности.

Для создания условий для коммерциализации научных разработок обучающихся и преподавателей, для участия в проведении научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ, направленных на создание продукции и технологий для наукоемкого бизнеса, 4 мая 2017 года в КГУ имени Коркыт ата открылся Центр реализации инновационных проектов (Бизнес-инкубатор) «Бизнес-Start», основными направлениями деятельности которого являются:

- помощь инициаторам студенческих бизнес-проектов в стратегическом анализе бизнес-идеи;

- консультация при подготовке бизнес-плана и его оценка;

- информационное содействие в поиске и привлечении финансовых ресурсов;

- маркетинговое сопровождение бизнеса;

- предоставление офисных помещений на период становления субъектов малого бизнеса, созданных с участием студентов КГУ имени Коркыт Ата.

В рамках работы бизнес-инкубатора проводятся:

- выставки инновационных проектов преподавателей и студентов, магистрантов, докторантов;

- конкурс инновационных бизнес-проектов и идей «Кызылорда – город возможностей», «Смелые идеи», «От инициативы к проекту»;

- встречи с выпускниками университета-успешными предпринимателями.

За это время внедрены 25 проектов, 85 студентов являются постоянными резидентами бизнес инкубатора и продвигают свою деятельность, создано 14 субъектов малого бизнеса. Проведено 38 мероприятий: из них в масштабе университета - 9, на уровне города - 12, области -11, республики - 6. Из них в сотрудничестве с НПП «Атамекен» - 4 мероприятия.

В областном масштабе было проведено мероприятие в сфере информационных технологий под названием: «Hackday: от идеи и до прототипа за 24 часа» среди срудентов и школьников, при поддержке Министерства образования и науки РК организован областной конкурс бизнес-проектов «Startup Bolashak – Менің арманым». В конкурсе приняли участие 120 проектов, из них 64 проекта предоставили студенты нашего университета.

В рамках проекта «Жас проджект» 22 проекта университета выиграли по 1 млн. тенге каждый.

К достижениям резидентов бизнес инкубатора также можно отнести:

- 1 место в республиканском конкурсе бизнес-проектов «Project night» (2.02.2018г., г. Алматы);

- гран-при на конкурсе «Bisiness Start - Байконыр» (октябрь, 2018г.);

- 2 место в республиканском конкурсе «Eco-talk incubator» (29-30.11.2018г., г. Алматы);

- выход в финал конкурса «Startup Bolashak: Менің арманым» (13-15.12.2018 г.)

Как известно, основным ресурсом для создания нового стартапа служит хорошая новаторская идея, для выявления которой в университете ежегодно проводятся конкурсы инновационных проектов, таких как «FIRST STEP», «IQ Business», «Битва сценариев», «Бизнес-Импровизация», «Sapaly Urak», «Последователи Жакаева», «Современный молодой предприниматель» и другие мероприятия. Проводятся конкурсы хакатонов и бизнес-проектов.

С целью интеграции науки, образования и бизнеса в сентябре 2018 года в университете при кафедре «Профессиональное обучение» создан Центр ремесленников «СырЭтноДизайн», основными направлениями деятельности которого являются:

- использование инновационных технологий в ремесленном производстве на земле Сыра;

- изготовление национальных изделий с целью их реализации;
- содействие созданию студенческих Start-up компаний.

В данное время в рамках компонента «Развитие базы знаний для инноваций» по программе гранта для групп младших научных сотрудников АО «Фонд науки» проект на тему «Переработка нефтесодержащих отходов по инновационной технологии» признан победителем и получил грант в размере 270 000 000 тенге. Бизнес-партнером является ТОО «REEF центробежные технологии». Данный проект очень актуален для нефтедобывающих регионов Казахстана, так как его реализация позволит с помощью центробежной силы и химических реагентов из нефтесодержащих отходов извлечь до 95% товарной нефти.

Учитывая, что главным принципом организации предпринимательского университета является гармоничное объединение трех базовых видов деятельности: научных исследований, образования, включая воспитание, и инноваций, в КГУ имени Коркыт Ата создан и функционирует консорциума формата «образование –наука –производство». На основе данной модели осуществляются 4 научных проекта:

- проект на тему «Переработка нефтесодержащих отходов по инновационной технологии» (2017-2019 гг.), с участием АО «Институт химических наук им. А.Б.Бектурова», ТОО «REEF центробежные технологии»;
- проект на тему «Разработка и совершенствование энергоресурсосберегающих технологий производства новых строительных материалов» (2019-2021 гг.), с участием КазГАСА, Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана, НИИ Стромпроект, ТОО «КСМиК», ТОО «Асар курылыс»;
- проект на тему «Переработка отходов риса и нефтеотходов в адсорбенты» (2019-2021 гг.), с участием ДГП на ПХВ«Центр физико-химических методов исследования и анализа» КазНУ им. аль-Фараби, ТОО «REEF центробежные технологии»;
- проект на тему «Разработка и внедрение водосберегающих технологий в рисовых системах Кызылординской области» (2019-2021 гг.), с участием КазНИИ рисоводства им. И. Жахаева, КазННИВХ, ТОО «ТанLtd», ТОО «Шаған».

Заключены меморандумы по модели «вуз-НИИ-бизнес». Так, в декабре 2018 года подписаны:

- Меморандум о сотрудничестве между РГП на ПХВ «Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата» МОН РК, ДГП на ПХВ «Центр физико-химических методов исследования и анализа» РГП на ПХВ «Казахский национальный университет имени аль-Фараби» МОН РК и ТОО «REEF центробежные технологии» для совместной реализации проекта: «Совместная переработка твердых и жидких отходов в адсорбенты для очистки сточных вод» (2019-2021 гг.)»;
- Меморандум о сотрудничестве между РГП на ПХВ«Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата» МОН РК, ТОО «Казахский

научно-исследовательский институт рисоводства имени И. Жахаева» и ТОО «Опытное хозяйство Тогускенский» в сфере подготовки кадров и внедрению агротехнологий в АПК Кызылординской области.

В университете проводится работа по малосерийному производству различных изделий. К примеру, швейных цех производит промышленные образцы таких изделий, как женский демисезонный комплект, танцевальное платье «Степ», профессорская мантия, женское демисезонное пальто с декоративной вышивкой и др.

На перечисленные изделия малосерийного производства получены патенты:

- Патент на промышленный образец №2505 «Женский демисезонный комплект: куртка, платье» (Зарегистрирован в Государственном реестре промышленных образцов Республики Казахстан 01.07.2016),
- Патент на промышленный образец №2504 «Танцевальное платье «Степ» (Зарегистрирован в Государственном реестре промышленных образцов Республики Казахстан 01.07.2016),
- Патент на промышленный образец №2510 «Профессорская мантия с кокеткой» (Зарегистрирован в Государственном реестре промышленных образцов Республики Казахстан 01.07.2016),
- Патент на промышленный образец №2477 «Женское демисезонное пальто с декоративной вышивкой» (Зарегистрирован в Государственном реестре промышленных образцов Республики Казахстан 20.05.2016) и т.д.

Успешно реализуются и другие направления в контексте идеологии предпринимательского университета: расширяются международные связи, внедряются совместные программы обучения, реализуются программы академической мобильности, полиязычия и другие.

Таким образом, в Кызылординском государственном университете имени Коркыт Ата проводится большая работа по поддержанию, развитию и стимулированию предпринимательства на всех организационных уровнях. Между тем, есть еще много других задач, которые необходимо решать для трансформации КГУ имени Коркыт Ата в инновационно-предпринимательский университет.

**Жанна ЖАКСЫЛЫКОВА,**
**Начальник отдела стратегического планирования,**
**мониторинга и управления качеством КГУ имени Коркыт Ата,**

**Елена МИЛОВА,**
**Руководитель группы стратегического развития**
**КГУ имени Коркыт Ата, к.ю.н, доцент**

**«Высшая школа Казахстана», №1(25) 2019 г**

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ҒАЛЫМДАР ПОЛИЭТИЛЕН ПАКЕТТЕРІН ПАЙДАЛЫ ПОЛИМЕРМЕН АУЫСТЫРДЫ

**Таяуда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің инженерлік бейіндегі «Физика-химиялық талдау әдістері» зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, химия ғылымдарының кандидаты Клара Дәрмағамбеттің бастамасымен полимер қабықшалары (пленка) жасалды. Бұл үдеріс зертхана жұмысының бір бағыты саналатын нанокомпозиттер алу мүмкіндігі бойынша жүзеге асып отыр, деп хабарлады el.kz.**

Бүгінде нанокомпозиттер өндірісі ғылымдағы коммерциялық қызығушылық туғызған жаңа саланың бірі ретінде танылып келеді.

– Біз табиғи полимер негізіндегі крахмалды және мұнайдан алынатын өнім – глицеринді, Қызылорда облысы аймағынан табылған минералды шикізат – глауконитті пайдалану арқылы әр түрлі құрамдағы нанокомпозиттер алуды көздеп отырмыз. Қазіргі таңда биологиялық ыдырайтын қабықшалар нанотехнологияның бір саласы болып есептеледі. Тағам қабықшалары ретінде қолданылатын биополимерлер жерге түскеннен кейін ыдырап, топырақты құнарлы етеді. Қазір табиғатқа тек пайдасын тигізетін заттарды өндіріске енгізу мақсатында жұмыстар атқарылып жатыр, – дейді жоба жетекшісі.

Қазіргі қолданыстағы полиэтиленді пакеттер қоқысқа тасталғаннан кейін 10-20 жыл бойы құрамын өзгертпейді. Олар ыдырамайды, бұзылмайды. Құрамындағы заттардың да пайдасы жоқ. Ал глаукониттің бойында калий, натрий, фосфор, азот секілді жердің құнарлылығын арттыратын биогенді элементтер бар. Сондықтан да, полимерлі пакеттер топыраққа түскен соң шіріп, оның қоспалары тыңайтқыш қызметін атқарады.

Бұл минералдың биологиялық ерекшелігі де сонда. Қызылордалық ғалымдар ыдырайтын қабықшалардың құрамын одан әрі зерттеп, түрлі дүниелер өндіруді көздеп отыр. Глауконитті биологиялық белсенді қоспа ретінде қарастырып, дәрі-дәрмек жасау да жоспарларында бар.

**«Сыр бойы» газетінің сайты, 10.02.2017ж.**

## ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – КРЕАТИВТІЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ КЕПІЛІ

Жоғары оқу орнындагы білім алушылар тек дайын білімді алуға ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді ойлап табуға қабілетті болуы керек. Бізге таяу болашақтағы маңызды мәселе – креативті ойлау, білімді қайта жаңарту және инновацияларды пайдалану. Мақалада білім беру процесінде қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың өзектілігі ашылады. Атап айтсақ: компьютерлік технологиялар, мультимедиалық технологиялар, қашықтықтан оқыту технологиясы, интернет технологиялар,

бұлтты және смарт технологиялар. Олардың дидактикалық қызметі мен қасиеті де қарастырылған. Оқыту мазмұнын құрылымдау мен оқыту процесін ұйымдастыруда аталған технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың креативтілігін арттыру мүмкіндіктері жоғары. Сондықтан мақалада алдыңғы қатарлы оқыту технологияларына тоқталдық.

Мақаланың мақсаты – «смарт-технологиялар» ұғымын дидактикалық ұғым ретінде ұсыну және оның мәні мен мазмұнын бөлу болып табылады. Автор оқытудың интерактивті құралдарына қатысты әртүрлі көзқарастарды қарастыра отырып, оқырман назарын инновациялық құралдарға аударады. Бүгінде «смарт-технологияларға» жататын оқыту құралдары және оларды пайдалану креативтілікті дамытудың кепілі екендігі тұжырымдаған.

**Кіріспе**

Қазіргі қоғамда өздігінен білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға қабілетті белсенді, іскер адамдарға мамандарға қажеттілік туындауда. Адам бойьндағы аса маңызды қасиеттерге белсенді ойлау қызметі, мақсатқа жету, толеранттылық, бәсекеге қабілеттілік, кәсіби құзіреттілік, өздігінен білім алуға деген талпынысы мен қабілеті жатады. Болашақ мамандарды даярлау бағытының маңызды факторы ретінде ақпараттың ролі мен маңыздылығы арта түсуде. Ақпарат берудің дәстүрлі құралдарын компьютерлік және интерактивті оқытудың құралдары ыгыстырып, оларды білім беру процесінде қолдану болашақ сапалы мамандарды дайындауды қамтамасыз етеді.

Білім беруді ақпараттандыру білім беру процесі үшін үлкен басымдықтарға ие. Бүгінгі күні республика көлемінде білім беруді акпараттандыру мәселесімен айналысып жатқан Б.Б. Баймұханов, Е.Ы. Бидайбеков, Ж.А. Қараев, Г.Қ. Нұрғалиева сынды ғалымдардың ғылыми мектептері қалыптасты.

Ресейде білім беруде акпараттык технологияны қолдану мүмкіндіктері М.Ю.Бухаркина, О.Н.Волик, Е.И.Дмитриева, М.Г.Евдокимова, Г.И.Кирилова, Г.И.Ибрагимов, Е.С.Полат, И.В.Роберт, Р.К.Потапованың еңбектерінде қарастырылған. Г.И.Ибрагимовтың пікірінше, білім беру кеңістігі ұғымы бұрын қолданылған жок, өйткені әрбір педагог накты сынып, оқу тобы мен оку орнында болды. Білім беру ортасы накты оқу орны мен оның ресурстарына (кадрлык, ақпаратгык, материалдык-техникалық және т.б.) байланысты болды. Білім беруді ақпараттандыру және компьютерлендіру жағдайында сыртқы орта жаһандық ауқымға дейін кеңейтілді. Бұл білім беру процесінің барлық катысушыларының ролі мен орнын күрт өзгертті [1].

Қазіргі уақытта окытудың ақпараттық технологияларымен байланысты жаңа білім беру ортасы қалыптасты. «Технология» термині гректің Іеchпе сөзінен шыққан, аудармасы «өнер», «шеберлік». «Технология» - бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы. Технология дегеніміз — оку процесін ойдағыдай жүзеге асырудың мазмұнды техникасы. Оқытудың ақпараттык технологиялары ретінде білім алушылардың білімін

кеңейтетін және олардың мүмкіндіктерін дамытатын ақпаратты жинаудың, ұйымдастырудың, сақтаудың, өңдеудің, таратудың және ұсынудың әдістері мен техникалык құралдарының жиынтығын түсінеміз. Білім беру процесінде технологияларды қолданудың өзектілігі, ең алдымен, белгілі бір пәндер бойынша оқытудың тиімділігін арттырудағы педагогикалық қажеттіліктер мен құралдарды іздеуге негізделеді.

Біз Г.И. Кирилованың пікірімен келісеміз, ол өз мақаласында қазіргі заманауи әдістемелік қамтама мынадай негізгі қасиеттерге ие болуы тиіс: білім беру стандарттарына сәйкес келу; компьютерлік оқыту әдістемесін қолдану; оқыту процесі қазіргі заманғы окыту құралдарымен камтылған; оларды оқу процесінде қолдану орны мен тәсілі нақты анықгалған, күндізгі және қашықтықтан білім бе ру формаларында қолдануға дайын болу қажет [2,47].

Білім беру процесінде педагогтар мен білім алушылар белсенді қолданатын ақпараттық технологиялардың бірнеше түрлері бар: компьютерлік технологиялар, мультимедиялық технологиялар, қашықтықтан оқыту технологиясы, интернет- технологиялар, бұлтты-технологиялар,смарт-технологиялар. Дидактикалық тұрғыдан ақпараттық технологиялардың түріне жататын аталған әрбір технологияны қарастырайық.

## Негізгі бөлім

Акпараттык технологиялардың даму кезеңі білім беру ортасына оқытудың инновациялық құралдары ретінде дербес компьютерлерді енгізумен байланысты. И.В.Роберт электронды және компьютерлік технологиялардың пайда болу тарихын сипаттаған. Ол өз мақаласында электронды технологиялар XX ғасырдың 70-жылдары пайда болғанын атап өтті. Олар электронды-есептеу машиналарын (ЭЕМ) және ақпараттық-іздеу жүйелерін (АҚЖ) қолдануға негізделді [3,36].

XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында ЭЕМ-нің орнына әртүрлі мақсаттағы стандартты бағдарламалык өнімдердің үлкен пакетімен жабдықталған компьютерлік технологиялар келеді. Оқу процесінде компьютерлік технологияны қолдану ойлау үдерісін кеңейтуді іске асырып, жаңа әдістің пайда болуына ықпал етті. Оқу-тәрбие үдерісінде білімгерлердің шығармашылығын компьютерлік технологияны пайдалану аркылы дамытудың педагогикалык мүмкіндіктері Ж.А. Қараевтың еңбегінде қарастырылған [4].

Алайда интернет желісі сиякты жаңа телекоммуникациялык жүйелердің пайда болуына байланысты компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктері өзгерді.

Студенттердің креативтілігін дамытуда компьютерді пайдалану, оқыгту толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға креативтілігін арттыруға, оған қоса студенттердің вербалды және вербалды емес қарым-катынасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі педагог жаңа

компьютерлік технологиялармен жұмыс істеу іскерлігінен басқа оларды оқыту процесінде қолданудың мүмкін болатын барлық тәсілдерін білуі қажет [5].

Зерттеулерді талдай келе, БОЛАШАҚ МАманның креативтілігін дамыту үшін мультимедианың маңызды роль атқаратынын атап өткіміз келеді. Мультимеднялық технологиялар компьютерге қажетгі **ақпаратты** экранға шығаруға, өңдеуге, сақтауға, мәтін, графика, анимация, бейнематериалдар, дыбыстық файлдар сияқты деректер түрлерін беруге мүмкіндік беретін технологиялар жиынтығын білдіреді. Педагог білім алушылардың шығармашылығын дамытуда жаңа нысанды зерттеуде мультимедианың мүмкіндіктерін қолдану қажет. Креативті іс- әрекет кезінде білім алушы ескі білімге негізделген жаңа тәжірибеге ие болады. Мультимедиалык құралдарды пайдалану болашақ маманның карым-қатынас мәдениетін өзгертіп, оқытудағы тұлғаға бағдарланған тәсілді іске асыруды жеңілдетеді, мәдениетті, меңгеру ерекшеліктерін іске асыра отырып, *даралау.* мен саралауды қамтамасыз етеді. Мультимедиа сабақ барысында білім алушының жаңа тақырыпты терең түсінуі үшін пысықтау кезінде ғана емес, сабақтың кез келген кезеңінде қолдану үшін тиімді болып табылатын құрал — әуен,бейне, сурет және басқа да материалдың жиынтығынан құралып, креативтілікті дамытуда жетекші орын алады.

Қазіргі кезеңде кашыктыктан оқыту технологияларына заманауи акпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде қашықтықта оқу процесін жүргізуді қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен құралдарының жиынтығын, оқу рәсімдерін басқаруды жатқызады. ІТ-технологиялармен қашықтықтан оқытуға негізделген қазіргі білім беру жеке мемлекеттің аумағынан тыс аймақты да қамтуға болатындай, ашық, «қабырғасыз және шектеусіз» білім ретінде сипатталады. ҚР-да Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарга арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беруді ақпараттандыру мәселелері, соның ішінде қашыктыктан білім беру технологияларын енгізу алдыңғы қатарлы технологиялар ретінде қарастырылган. Қазіргі кезеңде көптеген ЖОО-да қашықтықган оқыту элементгері заманауи ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық жүйелер негізінде енгізілген.

Адамзаттың білім алуында Интернеттің жаһандық ақпаратгық-коммуникациялық желісі ерекше роль атқарады. Болашақ мұғалімдерді дайындауда интернет технологияларды пайдаланудың артықшылыгы орасан зор. Интернет байланысының әртүрлі формаларының (электронды пошта, чат, форумдар, веб-конференциялар) болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыруда әсері мол. Желілік ресурстар — білім алушылардың өз-өзін бағалауының және тәрбиеленуінің, терең білім мен кәсіби мүдделерінің баға жетпес негізі. Оқытудың интернет ресурстары төмендегі дағдыларды қалыптастыру мен дамытуға бағытталуы керек:

- когнитивтік дағдыларды іздестіру, алынған ақпаратты талдау;
- интернет ресурстарымен жұмыстың нәтижелерін талдау;
- интернет ресурстарын өз-өзін дамыту мақсатында пайдалана алу;

– желілік ресурстарды өз қажеттіліктерін, ақпараттық және білім беру мүдделерін қанағаттандыру мақсатында пайдалана алу.

Дидактикалық тұрғыдан Интернет желісі екі негізгі компонентті құрайды, олар — телекоммуникация нысандары және ақпараттық ресурстар. Телекоммуникацияның кең таралған түрлері: электрондык пошта, чат, форум, ICO, бейне және веб-конференциялар.

Оқыту үдерісіне интернет ресурстарын енгізуде болашақ маманның креативтілігін дамыту үшін оқу материалдарының күрделілігі мен көлемі оқытудың деңгейлеріне сай келуі керек. Интернетті пайдаланудың әдістемелік әлеуеті мыналарды қамтиды:

- оқытылатын талаптар бойынша мәтін, графика, фотосурет, дыбыс жэне бейне таңдау;
- кішігірім топтар немесе жалпы білім алушылар арасында мәдени және әлеуметтік, саяси, экономикалык, мәдени мәселелерді талқылау;
- шетел мәдениетін жоғары деңгейде меңгерген болашақ мамандар үшін интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Интернет ресурстарын пайдалану білімгерлердің креативтілігін дамыту мәселесін шешуге ықпал етеді: әр түрлі желілерді пайдалану аркылы қарым-қатынас жасауға ынталандырып, коммуникативтік мәдениетін кеңейту мақсатында интернетте зерттеуге бағытталған желілерді пайдалануға, түрлі конференцияларға катысуға мүмкіндік береді.

Бұлтты технологиялар ұғымы салыстырмалы аз уақытта танылa бастады. Өзіміздің адресімізді электронды поштаға тіркей отырып, біз бұлттық сервистердің колданушылары боламыз. «Бұлттық сервистер» термині (ағылшынша - cloud computing) ғаламтор желісі аркылы берілген кез-келген сервистер үшін қолданылады. Бұлтты технологиялар жыл сайын дүниежүзілік желі ауқымының өсуімен бірге өзінің сатылы дамуын көрсетуде. Қазіргі уакытта білім беру процесінде қолданылатын бұлтты есептеу технологиясы негізіндегі ең таралған сервистер жүйесі Microsoft Liye@edu және Coogle Apps Education болып табылады. Білім беру мекемелерінде «бұлтты» технологияларды пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтканда, олармен жұмыс жасаудың ең көп таралған үш тәсілі: құжаттармен бірлесіп жұмыс жасау, білім алушылардың бірлескен жобалық жұмысы, қашықтықтан оқыту. Бұлтты технологиялар оқу процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілі болып табылады және оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі әдістеріне балама ұсынады, дербес оқыту, топтық оқыту және интерактивті сабақтар үшін мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде білім берудегі смарт-технологиялар ең заманауи инновациялық ақпараттық технологиялардың бірі болып табылады. Smart (смарт) сөзі ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» дегенді білдіреді. Смарт туралы сөз қозғалғанда, жаңа қоғамның даму және қалыптасу парадигмасы туралы айтылады. Смарт қоғам - ақылды қоғам. Жаңа қоғамды калыптастыру

білім беру жүйесімен, атап айтқанда смарт-технология сиякты инновациялық технологиялардың пайда болуынан бастау алады.

Бүгінде «смарт-технология» ұғымының бірнеше түсінігі капыптаскан. Профессор Н.В.Тихомирова смарт-технологияларға мынадай аныктама береді: «еңбек ұтқырлығын кеңейтуге әкелетін құрылғы ретінде білім беруде, мемлекеттік қызметте және адамдарды жұмыспен қамтудың басқа да көптеген салаларында қолданылады» [6, 78]. Ал профессор А.В.Нестеров «смарт-технологиялар - білім алушылардың әртүрлі санаттарын ынталандыру және интерактивті түрде жеке білім алуға мүмкіндік беретін, атап айтсақ, смарт-білім алуға мүмкіндік бере отырып, білім беру саласында смарт - өнімдерді шығаруға мүмкіндік беретін технологиялар» деген анықтама береді [7,156]. М.П.Лапчик smart-технологиялар өзара әрекеттесуге және тәжірибе алмасуға негізделгенін атап өтті. Олар білім беруді басқару стратегиясына инновациялық өзгерістер енгізеді [8]. Смарт-технология смарт оқытудың тұжырымдамасына сәйкес білімнің сапалы болуына және білім алушының мотивациясына ыкпалы зор. Смарт- технологияны пайдаланып, оқыгту әдістерін жаңарту қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

## Қорытынды

Біз смарт-технологиялар ұғымының дидактикалық аспектісіне назар аударамыз және осыны ескере отырып, смарт- технологиялар - бұл оқытудың ақпараттық технологияларының барлық түрлерінің әр түрлі аспектілерін қамтитын, білім алушыларды оқытуға арналған интеграцияланған құралдар деп есептейміз, олар педагогқа сабақ уақытында және одан тыс уақытта студентгердің түрлі іс- әрекет түрлері мен оқу үдерісін ұйымдастыруға көмектеседі. Қазіргі кезеңде смарт-технологияларға интерактивті тақта, бағдарламалық қамтама, білім алушылардың білімін бақылау жүйесі және дербес компьютер сиякты оқыту құралдары жатады. Смарт-технологиялардың бірегейлігі ақпараттық білім беру платформасына негізделеді және оларды пайдалану педагогқа: білім беру сапасын басқару мақсатында қазіргі заманғы технологияларды енгізу арқылы оқу процесінің инновациялық моделін жасауға; смарт- технологияларды пайдалану барысында әмбебап білім беру іс-шараларын қалыптастыру үшін жағдай жасауға; әртүрлі ақпарат көздерімен оку-танымдық кызметтің әртүрлі тәсілдерін меңгеруге бағытталған тапсырмалар мен жаттығулардың авторлық жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, смарт-техно- логияларды қолдану негізінде сабақты модельдеу әртүрлі сабақ түрлерін жобалауға мүмкіндік береді.

Алайда, осы тәжірибені енгізу және тарату үшін педагогтың ақпараттық құралдарды меңгеруінің жеткілікті деңгейі қажет. Педагогты даярлау ісі оқытудың инновациялық құралдарын меңгеру бойынша теориялық материаддар мен практикалық тапсырмалардың максималды санын қамтуы тиіс. Осындай оқыту нәтижесінде болашақ педагог өз саласы бойынша білім беру контентін құру үшін барлық қажетті техникалық дағдыларды және

іскерлікті меңгереді. Сонымен, жаңа қоғамда жұмыс істей және ойлай алатын шығармашылық, креативті әлеуеті бар кадрларды даярлау бүгінгі күннің көкейкесті, маңызды мәселесі екендігін атап өткіміз келеді.

**Рабиға ИГЕНБАЕВА, Ж. АСАНОВА**
**Қорқыт ата атындағы**
**Қызылорда мемлекеттік университеті**

**«Вестник АПН Казахстана», 2019.-№4 (90).**

## ҚОССАЗ – ЕҢ ЕЖЕЛГІ ДОМБЫРА

**Зерттелу тарихы.**

Атақты Жетіасар мәдениетінің ескерткіштерінде 1946 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы әуеден барлау жұмыстарын бастап, 1948, 1949 және 1951 жылдары Алтын-асар, Жетіасар-9 қалашықтарында және Алтын-асар маңындағы обаларда археологиялық зерттеулерін жүргізеді. Осы аудандарда 1958, 1962-1963, 1966, 1971 жылдары барлау жұмыстары жүреді.

1973 жылы Жетіасар мәдениетінің қалашықтарында қазба жұмыстары қайта жанданып, 1976-1978 жылдары Бидайық-асарда, 1979-1981 және 1983-1984 жылдары Томпақ-асар мен оның маңында орналасқан жерлеу орындарында жасалды. 1986 жылдан «Бекей-Байқоңыр» су торабын тарту жобасы аясында кешенді қорғау жұмыстары басталып, нәтижесінде Алтын-асар, Томпақ-асар, Үлкен Қос-асар және Кіші Қос-асар қалашықтарының маңайынан 700-ге жуық оба зерттелді. Бұл зерттеулер 1991 жылға дейін жалғасын тауып, олардың нәтижелері бірнеше монографияларда, ондаған ғылыми мақалаларда жарық көрді.

**Археологиялық заттар кешені.**

Жетіасар шатқалының ежелгі тұрғындарының материалдық мәдениеті өзіндік ерекшелігімен, категорияларымен айқындалады. Олар:

– керамика;
– қару-жарақ және ат әбзелдері;
– еңбек құралдары және тұрмыстық заттар;
– киім-кешек;
– белбеу фурнитурасы және фибулалар;
– әшекейлер;
– дәретхана заттарының жиынтығы және айналар;
– ирандық ойып жасалған тастар;
– зооморфтық және адам пішінді суреттер мен басқа да культтық бұйымдар.

Аталған бай материалдық мәдениет кешеннің басым бөлігі Ресей Федерациясы Шығыс музейінде, ал бір бөлігі Мемлекеттік тарихи музейінде

және Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының қорында сақтаулы.

**Белгісіз ағаш бұйымы.** 1973 жылы Бидайық-асар қалашығының төртінші бекіністі дәлізінің баспалдағынан II құрылыс кезеңінің 9 мәдени қабатынан сыртында ойылып салынған суреттері бар белгісіз ағаш бұйымдары табылған [Левина, 1996]. Оның сақталған үлкен фрагментінде бірнеше жануарлардың суретін анықтаған.

Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану әдістемелік ғылыми кеңестің шешімімен «Хорезм экспедициясының Сыр өңіріндегі зерттеулер тарихы» атты кітап-альбом дайындау қолға алынып, жоба бойынша Ресей Федерациясы жоғарыда аталған ғылыми мекемелерінде өлкемізден табылған жәдігерлер бойынша ғылыми іссапарлар ұйымдастырылды.

**«Қоссаз» домбыра.** Осындай іссапар барысында 2018 жылдың желтоқсан айында РФ Шығыс музейінің қорында сақтаулы Жетіасар ескерткіштерінен табылған 700-ге жуық ағаш бұйымның фрагменттері қайта қаралып, зерттелді. Нәтижесінде 1973 жылы Бидайық-асар қалашығынан табылған ағаш бұйым «Қос мойынды» немесе «Қоссаз» домбыраның ататегі екені анықталды. Бұған қоса, екінші саз аспаптың шанағы табылып отыр.

«Қоссаз» домбыраның бір мойны, құлағы, екінші мойнының басы, шанағының жартысы және ішегі байланатын түймесі сақталған **(сурет 1).** Жалпы ұзындығы – 65,5 см.

*Шанағы* тегіс табанды, ұзындығы – 25,5, биіктігі – 3, қалыңдығы – 0,5-06 см. Шанақ қақпағы сақталмаған. Шанағының сыртында тазының, белгісіз аңның (қасқыр?), ақбөкеннің, қарақұйрықтың ойылып салынған суреттері бар. Ішегі байланатын түймесінде тесігі сақталған, түйменің көлемі – 1,5х1,3 см **(сур. 2).**

– *Мойны* басымен қоса есептегенде ұзындығы – 40 см, шанағына қосылар тұсының ені – 4 см, басы жағында 3 см-ге тең. Биіктігі – 3 см. Мойнының да беткі қақпағы сақталмаған, іші қуыс болып келген.

– *Басы* жартылай дөңес, ұзындығы – 6 см, ені – 3 см. Ішегі мен құлағы байланып бекітілетін екі тесігі бар. Екінші мойны сақталмаған, бірақ, өлшемдері бірдей екінші басы бар.

– *Құлағы* екі мойынын қосып, ішектерді тартып тұратындықтан, құрылымы күрделі болып келеді. Ұзындығы – 13 см, екі басы болған, бірақ, біреуі ғана сақталған. Басында бір тесігі және құлақтың дәл ортасында бір тесігі бар. Құлағының домбыра басына бекітілетін тұсы 1 см-ге дейін ойылып жонылған, ал ортасы ұзындығы – 7 см, ені – 1,8 см. Орта тұсы бір жағы бір, ал екінші жағы екі қырлы болып келген.

**Шығу тегі, тарихы, аспап түрі және мерзімі.**

Домбыра – дәстүрлі ортаның ішектері, көп пернелі ұлттық саз аспабы. Домбыраның қос ішегінде бүкіл қазақтың арғы-бергі тарихы, салт-санасы мен танымы сақталған. Оның пайда болуы жайлы сан қилы аңыздар мен деректер

бар. Кейбір деректер домбыраға ұқсас *«таңбура»* саз аспабын Әбу Насыр әл-Фараби жасаған дейді.

Домбыраға ұқсас саз аспаптардың бейнесі жартастарға немесе балбал тасқа сонау тас дәуірлерінен түркі кезеңіне дейін қашалып салындығы белгілі.

Музыка зерттеушісі Мұрат Әбуғазы алғаш домбыраның шыққан жері Алтай тауы дегенді айтады. Моңғолияның Ц.Төрбат бастаған археологтар тобы Нүкін-хад (Үңгіртас) үңгірінен қазба жұмыстары барысында домбыраға ұқсас саз аспабын табады. Белгілі түркітанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы домбыра тектес екі ішекті, тоғыз пернелі көне саз аспабы екенін айтып жүр [Әбуғазы, URL: https://www.oner.kz/music/view/588-dombyra-aspabynyng-shygu-tegi-zhajynda (қаралған күні: 22.04.19)].

Бұл Моңғолия жерінен табылған домбыраның біздің Бидайық-асар домбырасындағыдай аспаптың шанағына бұғының, бұланның бейнелері ойылып салынған. Жәдігерді шамамен б.з. VII ғасырына жатқызады.

*«Шертер»* – домбыраға ұқсас, екі немесе үш ішекті «шертер» деп аталатын көне ұлттық саз аспабы ағаштан бітеудей ойылып (көлемі 60-70 см), шанағы терімен қапталады, домбыра тәрізді шертіп ойналады. Шертердің көлемі домбыраға қарағанда әлдеқайда кіші болып келеді. Шертер аспабы ағаштан ойылып жасалып, шанағы көнмен қапталады. Сондықтан сыртқы түрі, ойналуы домбыраға ұқсас болғанымен, жасалуы жағынан қобызға жақын болып келеді [Қазақтың этнографиялық ..., 2014, 703-б].

Шертер мен домбыраның шанақтарын бір-біріне жанастыра біріктіріп жасайтын «қоссаз» деп аталатын жетілдірілген күрделі аспап екі мойынды болады, ішектері жеке-жеке тағылады (Қазақтың этнографиялық ..., 2011, 647-б).

**Қорытынды.**

Бидайық-асар қалашығындағы кешенді зерттеулердің нәтижесінде ескерткіш б.з. IV ғасырында өмір сүруін тоқтатқаны белгілі. Осы мерзімге сүйенсек, одан табылған «қоссаз» саз аспабын домбыраның арғы тегі және ең ежелгі түрі деп айтуға негіз бар. Ал, екінші асты мен үсті ашық болған домбыра шанағына жақын шанақтың бір бөлігі Жетіасар ескерткіштерінде саз аспаптардың бірнеше түрі болғанын дәлелдейді.

Сыр өңірінен табылып, Ресей Федерациясында сақталған мыңдаған жәдігерлерді жан-жақты зерттеу, оны ұлттық тарихымызға пайдалану Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы «Архив – 2025» тапсырмасы аясында жалғасын табады деп есептейміз.

**Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,**
**Қорқыт ата атындағы**
**ҚМУ-дың «Археология және этнография»**
**ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, PhD доктор**

**«Халық» газеті, 01.05.2019 ж**

# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Өмірдің өз заңдылықтары бар. Оны ешкім тоқтата алмаса керек. Дегенмен өмірдің, қоғамның қозғаушы күші адам екені бесенеден белгілі. "Дүние үлкен көл, замана соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен елітер, баяғыдай көрінер" - деп Абай атамыз айтқандай, өмір заңына, замана сағатына бір Алладан басқа ешкім үстемдік жасай алмайды. Ал, адам баласының тек қана жақсыға қуанып, мезгілсіз өткен өмірге куә болғаннан басқа қолдан келері жоқ. Бұл өмірдің жалғандығы өткінші екені шындық. Кезінде баршаның қадірлісі болған, дос, туыстарының, қызметтестерінің, шәкірттерінің жүрегінде, ұмытылмастай орын алған асыл ағамыз, ұстазымыз Құдайберген ағаның бұл өмірден өткеніне бір жылдай уақыт болыпты. Бірақ ағамыз бізден қанша алыстағанымен оның рухы, бейнесі, өмірдегі жақсы істері мен үлкен де ақылды тұлғасы барлық уақытта санамызда, апа-іні қарындастарының, шәкірттерінің жүрегінде, көңілдерінде жүретіні ақиқат.

Өзінің саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, өмір бойы бір салада еңбек еткен, қазір көзімізден кетсе де, көңілімізден бүкіл ғұмырымызда кетпейтін, мәңгі еске алуға тұрарлық, өзгермейтін, өшпейтін асыл қасиетті халқымыздың бойында мәңгілік сақталып қалған, руханилық тұлғадан алғанда ұстаз деген құрметті атқа лайық, педагогика ғылымдарының докторы, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың лауреаты, МАНПО академигі, профессор ағамыз Құдайберген Жаңабергенов еді. Аға тақырыбына сөз қозғау, ой тербеу аса жауапкершілікті талап ететін ұлағатты іс.

Кеңес үкіметі тұсында Қызылорда қаласында орын тепкен Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтын үздік дипломмен аяқтаған ағамыздың өмір жолы, Жаңақорған ауданының Төменарық елді мекеніндегі орта мектепте педагогикалық қызметтен бастау алған. Жас мұғалімнің таланттылығын байқаған ұстаздары өзі оқыған институтқа жұмысқа шақырып, жоғары оқу орнында сабақ беру мәртебесіне ие болдым деп әрбір пікірлесуде деуші еді асыл ағамыз. Содан бері жоғарғы оқу орнында еңбек етудемін дейтін.

Ұстаздық пен ғылымға деген ұмтылыс тізгінін қатар ұстаған ағамыз күндіз-түнгі жасалған еңбектің арқасында физика-математика ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болды. Оған ағайын-туыс, жолдас-жора, шәкірттері шексіз қуанды.

"Бұл үлкен ғылымға деген алғашқы баспалдақты нық басуы болатын" деп, өзі де өте сеніммен, соқпағы көп ғылым жолына қадам басқанымды кандидаттық диссертация қорғағанда ғана сезіндім деп отыратын.

Мен институт бітіріп мектепке мұғалім болып жүргенімде Құдайберген ағаймен С.Бекбаев ұстазымыздың себебімен танысу мүмкіндігіне ие болдым.

Бұл таныстықтан кейін көп ұзамай ағамыздан маған өзі басқарып отырған "Теориялық физика" кафедрасына аға лаборант керек, соған қалай қарайсың?" деген ұсынысына жалғасты. Менің де армандап жүргенім әрі қарай ғылыммен айналыссам деген ой болатын. Сол ойымның орындалуының алғашқы қадамының сәті туған тәрізді көрініп, көп күттірмей келісімімді беріп, кафедраға

қызметке орналастым. Ағамыздың маған жасаған жақсылығы, аға лаборанттық бұл қызметті атқара жүріп, студенттермен бірге өзіме кейін қажет болады-ау деген пәндердің лекциялық сабақтарына қатысуға рұқсат берді. Бұл деген үлкен адамгершілік, әрі жастарға деген аса үлкен қамқорлық болатын. Байқасам, тек маған емес, жас қызметкерлердің барлығына осындай қамқорлық жасай білген екен. Кафедра ғылыми семинарында үлкен ғылыми мәселелер туралы тақырыптар талданып, онымен бірге оқу әдістемесіне байланысты проблемалар қатар қарастыруына өзі барлық уақытта мұрындық болып жүрді. Факультет деканы, институт кәсіподақ ұйымын, партия ұйымын басқару кезінде институттың көптеген жастарына ағалық қамқорлық, жасай білді. Барлық уақытта институт басшылары алдына жастар мәселесіне байланысты сұрақтарын қоя білді. Ағамыздың қамқорлығының арқасында ғылым шыңына шыққан шәкірттерінің бірі ғылым докторлары: Бақытбек Сейсенов, Болатбек Абдрасилов, Ғани Ділімбетов, Қуатбай Бейсенбаев, Бақытхан Әбдікаримов; ғылым кандидаттары: Есіркеп Бейсенбаев, Бахыт Қалиев, Бауыржан Елеусінов, Нұртаза Абдрахманов, Ұлтай Ешимова, Төребай Дильман, Гулнара Туралиева, Надежда Шумейко т.б.

Біздер - жастардың армандарына жетуі үшін тұлғалық қасиетімен адамзат өркениетіне үлес қосатындай азамат етіп тәрбие беруді назарда ұстауымыз тиіс деп ойлаған ұстаздарымыз профессор Құдайберген Жаңабергенов еді.

Оның физиканы оқыту әдістемесі ғылымына қосқан үлесі аса зор. Қызылорда педагогикалық институтында, кейіннен Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университетте қызмет атқарған кезінде ағамыздан тәлім-тәрбие алумен қатар, бүгінде біздер ғылымның қыры мен сырына үңіліп, физика ғылымына ден қойып отырмыз. Тәлімгер ағамыз физика мамандығының студенттеріне дәріс оқып, зертханалық сабақтар жүргізді. Еліміз егемендік алғаннан кейін қазақ бөлімдеріндегі студенттерге аса қажет оқулықтар даярлауға да тікелей атсалысты. Ағамыздың авторлығымен 1990-2000 жылдары аралығында физикадан жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған "Ваккумды алу және өлшеу", "Газдарға тоқ", "Электроника негіздері", "Кванттық механика", "Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі", "Мектепте физиканы оқыту әдістемесі", т.б. оқулықтары жарыққа шығып студенттердің біліммен сусындауына үлкен үлесін қосты. Көз майын тауысып жазған еңбегінің бағаланып, көзделген мақсатына жету - қай ғалымның да өмірлік мұраты. Бұл жағынан алғанда Құдайберген Жаңабергенов ағамыздың жолы болған кісі деп айтуға болады. Ғылыми жұмыстарының қорытындысы бойынша 2001 жылы Ы.Алтынсарин атындағы бірінші сыйлықтың лауреаты атанды. МАНПО академиктігіне сайланды.

Бес кандидаттық диссертацияға ғылыми жетекші, сонымен бірге Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі педагогика ғылымдары докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің мүшесі болды.

Ағайымыздың мінезі қаталдау көрінгенімен, былайғы кезде өте жайдары, талапшыл әрі шәкірт жүрегіне жол таба білетін еді. Сонау Кеңестік заманда

мектеп оқушыларының облыстық пәндік олипиадалары қалыптасқан дәстүр бойынша аудандарда өтетін. Қай жылы екенін ұмытып қалыппын, физикадан Жаңақорған ауданында өтті. Жюри мүшелерін Құдайберген ағамыз өзі басқарып барды. Бізді қояр да қоймай, жақын ағайыны Әбітай ағамыздың үйіне қонаққа ертіп барды. Шай ішіп болған соң ағамыз қолына домбыра алып, күйлерді бірінен соң бірін күңіретті бір. Барлығымыз ағамыздың өнеріне риза болдық. Шай үстіне ағамыз бізге көптеген өнеге алатын әңгімелер айтты. Сол әңгіменің есімде қалған бірі мынадай еді. "Менің әкем Жаңаберген қарапайым еңбек адамы болатын. Ауылдың көнекөз қарияларының айтуларына қарағанда әкемнің келешекті болжайтын қасиеттері бар болған. Әкем сол кездегі кішкене колхоздың басшылық жұмыстарында бола жүріп, халықтың тұрмыс жағдайына көп көңіл бөлген екен. Соның бір айтатын мысалы, "Жаман бала" көліне келешек ұрпақтарыма тамақ болсын деген оймен балықтың ұрығын салып отыратын көрінеді. Ал, қазір ауыл адамдары сол көлден балық аулап, рахатын көріп отыр. Сол кездегі үштіктің үкімімен 1946 жылы "Халық жауы" атанып, нақақтан сотталған. Он жылға түрме жазасына кесілген. Үш жылдан кейін КарЛАГ түрмесінде қайтыс болғанын білдік. Кейіннен әділдік еңсесін көтерген уақытта, үкіметтің қаулысымен ақталған еді" деп төмен қарап бір күрсініп алғаны әлі есімде. 1954 жылы мектепті үздік бағалармен бітірсем де, қолым алтын медальға жетпеді. Сол кездегі аудандық комитетінің бірінші хатшысы мені кабинетіне шақырып алып: "Сенің әкең халық жауы" болып сотталған, түрмеде қайтыс болған. Сол себепті саған үздік аттестат берілмейді деп түсіндірді" деген әңгімесін төмен қарай отырып, құлаққа жағымды болғанымен мұңды үнмен айтқаны сол жерде отырғандардың әлі есінде болар.

"Институтта қазір әртүрлі қоғамдық жұмыстарды әлімнің келгенінше атқарып жүргенімді білесіңдер, естіп те жүрсіңдер. Ал, мен мектеп қабырғасында оқып жүргеннен бастап қоғамдық жұмыстарға бар ынта-жігерімен араластым. Жас кезімде әр түрлі музыкалық аспаптарда ойнай білдім, көркемөнерпаздар үйірмесінің тұрақты мүшесі болдым. Мектепте де, институтта да комсомол бюросының хатшысы болып сайландым, факультеттің және институттың оркестрін басқардым, драмалық үйірмеге қатысып, "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" қойылымының басты рөлінде ойнадым. Қазақстандық студенттер мен жастардың 1957 жылы өткен фестивалінде жюри мүшелерін Ахмет Жұбановтың өзі басқарған, домбыра ойнаудан лауреат атандым" деген еді.

Құдайберген ағамыз - өз заманының қабырғалы азаматы, он саусағынан өнер тамған, жігерлі, жүректі, ел жұртына қадірлі, тек өз ағайын бауырына ғана емес көршілес ағайындарға қамқорлығы мол түскен, табиғи қасиеттері, ата-анасы Жаңаберген әкеміз бен Қалдыгүл анамыздан тараған, үлкен ғалым, ар намысты бойына сіңірген рухани тұлға. "Ұлыны ұлы тұт - кемімейсің, үлкенді үлгі тұт - ірілейсің" деп айтылған халық сөзі ағамызға арналғандай. Құдекең науқастанып жатқанда Астана қаласына жол түсіп, көңілін сұрауға Қорқыт ата университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Қазбай Құдайбергенов екеумізге сәті түсті. Қол алысып амандасып, көзбен ғана қал-жағдайын

сұрағандай болдық. Осы сәт біздің соңғы кездесуіміз болатынын кім білген. Біраз уақыттан кейін Құдайберген «Жаңаберген ағаларың дүниеден өтті» деген суық хабар келіп жетті. Бұл хабар Құдекенді білетін университеттегі, Қызылорда қаласындағы азаматтар мен азаматшаларға төбесінен жай түскендей әсер етті.

Өмір - өзен. Зымырап бара жатқан уақыт. Бәрі кешегі күн тәрізді. Небір жайсаң азаматтар, қимас жолдастарымыз, достарымыз, қызметтес болған адамдар бұл дүниеден озды. Адамды бағалаудың басты өлшемі қоғамға, адамға пайдалы қызмет етуде, туған халқымен тамырлас бола білуде деп білемін. Олай болса, "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" демекші, Құдекеңнің жақсы қасиеттерін, бітірген еңбектерін үсті-үстіне айта берсе де артықшылығы жоқ. 2000 жылы докторлық дисертациясын жемісті қорғап келгеннен кейін ағайға құтты болсын айтуға үйіне барғанымыз, соның жалғасы ретінде кафедраның салтанатты отырысын ертеңіне өткізгеніміз әлі есімде. Сондағы айтқандарының бірі есіме түсіп отыр. Құдекең, "маған да мен мектепте оқыған жылдардағы барлық мектеп оқушыларының басына түскен қиыншылықта менің де басыма түсті. Күріш орағына, күріш жинауға қатысу, масақ теру, мал төлдету, мал қораларын тазалау жұмыстарына әліміз келгенше көмектестік. Маған, әсіресе жүрегіме жара болып қадалғаны, ауылдастарымның дұрыс түсінбей "Халық жауының" баласы деп шеттетуі болатын. 1964 жылы әкем заң жүзінде толық ақталған соң, 1975 жылы партия қатарына қабылдандым. "Білім" қоғамын басқардым, сол қоғамның "Алтын медалімен" марапатталдым. Бірнеше рет қалалық партия комитетінің мүшесі, қалалық атқару комитетіне депутат боп сайландым" деп, өзіне тән жарасымды қылығымен езу тарта күліп отырған еді. Әрі қарай көптеген үлгілі тұтарлық әңгімелерін айтып ағынан жарылды.

Құдекең ағамыздың еске алғанда адал жары, алтындай төрт перзенттің анасы Шолпан Сәйдінәсіпқызы еріксіз көз алдымызға елестейді. Апамызда көп жылдар бойында институтта қызмет жасаған.

Балаларының бәрі жоғары оқу орындарын бітіріп, әр салада жұмыс атқарып жүр. Үлкен қызы Гүлшат физика-математика ғылымдарының кандидаты, ал Темірхан - техника ғылымдарының кандидаты, Бақыт - жоғары маман, Ләззат - Құрманғазы атындағы консерватория түлегі, отбасылы, немерелер сүйгізіп, бір-бір мамандық иесі болған тектіден өмірге келген асылдың сынықтары.

Өмір жолы мен өнегесіне үңіліп қарап, ой елегінен өткізетін болсақ, көп нәрсені көңілге тоқуға болады. Құдайберген ағамыз жан тазалығына кір жуытпай, пейілінің кеңдігін, жомарттығын, жүрегінің мейірімділігі мен қайырымдылығын өзгертпей дүниеден өтті. Құдекең қызмет жасаған ортасына, шәкірттеріне үлгі етуге тұрарлық тұлға.

"Адал жанды өнеге тұт - өзіңе" деген ұлағат сөз бекер айтылмаса керек. Көп адамның маңдайына біте бермейтін асыл қасиеті, тектілік пен жан тазалығы ұрпақтар үшін үлкен қазына. Сондықтан да болар, мен ол кісіні өмір бойы өнеге тұтуымен келемін.

Адамның бойында болатын ұлылығы мен кішілігі, парасаттылығы мен азаматтығы, маңдайына біткен асыл қасиеті - тектілігі, сабырлық пен шыдамдылығы, ағамыз Құдекеңнің бойынан іздемей-ақ табылатын. Турасын айтқанда, мен білетін ұстаз - ғалым, асыл ағамыздың ойы озық, санасы сергек, талғамы терең, әділ сөйлейтін, адамшылықты, парасаттылықты аялайтын, үлкен әріппен жазылған абыройлы азамат болып есімізде қалды.

Мен осы естелікті жаза отырып, ерекше сезіммен ағамыз Құдекеңнің аруағына басымды иемін. Құдайберген Жаңабергенов сияқты асыл ағадан кейінгі ұрпақ өмір жолын дұрыс таңдауды біліп, жақсыға еліктеп жүрсе деген ниет бар.

**Нұртаза АБДРАХМАНОВ,**
**қызметтес інісі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры**

**«Ұстаз мәртебесі», 15.05.2019ж.**

## НАНОТЕХНОЛОГИЯ ӘЛІППЕСІ

**Енді 20 жылдан соң жер бетіндегі тіршілік нанотехнологияның арқасында жаңа мазмұнға, жаңа сипатқа ие болады деп есептейді бір топ ғалымдар. Егер қазірдің өзінде нанотехнологияның көмегімен әртүрлі микробтарды жоятын ұялы телефондар, аяқ киімнен хош иіс шығарып тұратын ұлтарақтар, ылғал мен шаң өткізбейтін үш қабатты астары бар төсеніштер, лай батпақ пен жауын-шашын жұқпайтын автомабиль әйнектері секілді ондаған тауарлар өндіріле бастаса, енді біраз жылдан соң күнделікті тұтынатын азық-түлігімізді де осы жаңа технологияға сүйене отырып өндіріледі. Олай дейтініміз, әлемдік ғалымдар дайын атомдардан кез-келген затты құрастыруға қабілетті нанороботтар жасап шығарады. Солардың көмегімен тауарларды өндірумен қатар, енді он-он бес жылдан соң сауын сиыр ұстамай-ақ, шөптің өзінен тікелей сүт өндірілетін сатыға көтерілеміз. Сонда бұл нендей керемет?**

### Нанобөлшектер

Нанотехнология − бұл көзге көрінбейтін аса ұсақ бөлшектерді ретке келтіре отырып, соның ерекшеліктерін алдын-ала белгілеп беру арқылы әлдебір құрылымды құрастыруға қажетті жекелеген атомдарды ыңғайластыра орналастыру. Нанотехнология (грек. nanos – ергежейлі және технология) – кеңістіктің нанометрлік аймағындағы жеке атомдарға, молекулаларға, молекулалық жүйелерге әсер ету арқылы жаңа физика-химиялық қасиеттері бар молекулалар, наноқұрылымдар, наноқұрылғылар мен материалдар алу мүмкіндіктерін зерттейтін қолданбалы ғылым. Нанометр дегеніміз бір метрдің миллиардтан бір бөлігі (1 нанометр=10-9 метр). Нанотехнология осындай ауқымды өлшемдермен айналысады. Адамзат тарихында өркениеттің қарыштап алға басуына елеулі септігін тигізген жаңалықтардың аса көп болмағаны белгілі. Бірақ әрбір жаңалық атаулы қоғамды бір саты болса да алға жылжытып

отырды.
Нанотехнология материалдарды өте тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Нанобөлшектер туралы айтқанда, олар әдетте 0,1 нм-ден 100 нм-ге дейінгі мөлшерде болады. Көптеген атомдардың мөлшері 0,1-ден 0,2 нм аралығында болады. Мысалы, ДНҚ молекуласының ені шамамен 2 нм, қанның жасушасы 7500 нм және адам шашы 80000 нм құрайды. Бөлшек өлшемі азайған сайын, заттың көлемге қатынасы артады. Осы себептен нанобөлшектер химиялық реакцияларға жақсы түседі. Кейбір заттардың кішкентай кристалдық үлгілері күшейе түседі. Өйткені олар кристалдардың әрекет ету кезінде бөліну шегіне жетеді.

## Нанобомбалар

Нанотехнологиялар компьютерлік технологияда, медицинада маңызды серпіліс береді деп күтілуде. Мысалы, медицина ғылымы дәрілік заттардың қатерлі жасушаларға тікелей «нанобомбалар» түрінде жеткізуге мүмкіндік береді. Болашақта нанотехнологиялар артерияларды қадағалауға, инфекциялармен күресуге және аурудың диагностикасын қамтамасыз етуге қабілетті болады. Американдық ғалымдар "оба" ауруын іздеу және жою үшін алтынмен қапталған «нано-оқтарды» табысты пайдаланды. Ғалымдар қатерлі ісік жасушаларын байланыстыру үшін нано-оқтарға антиденелерді қосады. Егер «нано-оқтар» инфрақызыл сәулелену жиілігіне жақын болса, олардың температурасы өседі. Бұл канцерогендік маталарды жоюға ықпал етеді. Кембридждегі армия қаржыландыратын нанотехнология институтының зерттеушілері (АҚШ) нанотехнологияны жаңа киім түрін жасау үшін пайдаланады. Олардың мақсаты — түсін өзгерте алатын, жарылыс жағы мен жарылыс толқынының энергиясын бұзатын мата жасау. Нанотехнология терминін қолданысқа алғаш рет 1974 жылы жапон физигі Норио Танигути енгізген. Микроскопиялық заңдылықтарға сүйенетін басқа инженер ғылымдардан нанотехнологияның негізгі ерекшелігі, нанонысандар үшін кванттық және молекулааралық өзара әсерлесуінің күшті болуында жатыр. Нанотехнология саласындағы зерттеулер қазірдің өзінде практикалық маңызы зор нәтижелер беруде. Генетика, медицина, клондау, микроағзалардағы бактерияларға әсер ету және машина жасау, электроника, т.б. өндірістерге арналған жаңа материалдар алу, техника мен өндірістің барлық түрлерін жаңа сапа деңгейіне көтеру мәселелерін нанотехнологияны дамыту арқылы ғана шешуге болаады.

## Нано трубалар

Бұған ғылыми фантастикаға ден қойған бірқатар жаңашылдардың да сенімсіздік танытары күмәнсіз. Мәселен, Scientifus Amerika журналының болжамына сүйенсек, таяу арада көлемі почта маркасына тең медициналық құрылғы жасалады екен. Соны жарақат алған жерге қойса жеткілікті, ол қанның құрамын, қандай дәрі қажет екенін анықтап, сол дәрі-дәрмекті қанның құрамына өзі жібереді. 2025 жылы дайын атомнан кез-келген затты құрастыруға қабілетті алғашқы нанороботтар жасалады. Ауыл шаруашылығында да айтарлықтай өзгерістер болады: нанороботтар өсімдіктер

мен жануарларды алмастырып, азық-түлік өндіретін дәрежеге қол жеткізеді. Осыған сәйкес экологиялық жағдай да жақсара түседі. Өнеркәсіптің жаңа түрлері болашақта қалдық заттар шығармай, оның есесіне нанороботтар ескі қалдықтарды жояды. Тәжірибе барысында анықталғандай, тоннельдеуші микроскоптың бұрынғыларға қарағанда біршама артықшылықтары бар екен. Соның көмегімен жекелеген атомдарды "көруді" былай қойғанда, соларға әсер ету арқылы кез-келген кернеуді өзгертуге мүмкіндік туады: қарапайым тілмен айтсақ, тоннельдеуші микроскоптың көмегімен атомды "іліп" алуға және қажетті жеріне қондыруға болады. Физиктердің атомдарды өз қалауынша орналастыруға теориялық мүмкіндіктері пайда болады, яғни соларды кірпіш секілді қалай отырып, кез-келген затты жасап шығуға болады екен.

## Нанороботтар

Қазір ғалымдар тұсауы жаңа кесілген 'нанотехнологияның үш негізгі міндеттерін айқындап алды: Біріншіден, осының көмегіне сүйене отырып, атомдарды өз қалауымызша тікелей орналастыру жүзеге асырылады, яғни ерекше қасиеттерге ие болған материалдар жасалады. Екіншіден, көлемі жекелеген молекулаларға немесе атомдарға тең белсенді элементтері бар электрондық схемалардың өндірісін ұйымдастыру көзделіп отыр.Үшіншіден, ғалымдар көлемі молекулаға тең механизмдер мен роботтар, яғни наномашина жасауды көздеуде. Бұл әрине енді ғана қолға алына бастаған, тәжірибе жүзінде сынақтан өткен алғашқы қадамдар ғана. Бірақ ғылымы мен білімі дамыған бірқатар елдерде соның алғашқы үлгілері қолданысқа енгізіле бастады. Мәселен, Массачусетс технологиялық институтында қазір көлемі бақыр ақшадай өрмекші-роботтың алғашқы үлгісі жасалынды, ол бір минутта 10000-ға дейін әртүрлі қозғалыстарға келтіріледі. Бірақ көлемі үлкен болғандықтан, оны нағыз наноробот деуге ертерек секілді. Ресей, Қазақстан ғалымдары да америкалық әріптестерінен қалысар емес. Олар нанотехнологияны әртүрлі салаға жұмыс істету жолында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Таяудағы жылдары адам ағзасындағы бойымен өз бетінше қозғалып жүретін және биологиялық заттардың орналасқан әрі шоғырланған жерін анықтауға мүмкіндік беретін молекулалық құрылымдар жасауымыз мүмкін, - дейді Ресей ғылым академиясының академигі, профессор Юрий Евдокимов. Егер осыған қол жетсе, онда биохимиялық зертханалар мен медицина-клиникалық диагностикада аса ауқымды мүмкіндіктер ашылып, адам ағзасындағы дертті дәл анықтауға және толық емдеуге мүмкіндік туады. Осындай молекулярлы машина өткен жылы Мичиган университетінде сынақтан өткізіліпті. Нанороботтар үш бөліктен тұрған екен: тасымалдағыш-молекулалар, қатерлі ісік жасушаларын барлап білетін-молекулалар (ДНҚ фрагменттері бар) және люминофер-молекулалар. Осындай құрылымды ағзаға енгізген кезде олар ісік жайлаған жерге орналасып, люминесценцияның көмегімен соны нақты көрсеткен. Дәл осындай амалмен ауру жайлаған жерге дәрі жіберуге болатыны да күмәнсіз. Қалай дегенмен де ғалымдар адам өмірі үшін күресті одан әрі жалғастыруда. Олардың сөзіне сенсек, таяу жылдары қолдан жасалған ДНҚ-молекуланың негізінде адам ағзасын микробтардан

тазартуға немесе енді тамыр жая бастаған қатерлі ісік жасушасын жоюға жол ашылатыны сөзсіз.

**Нанотүтікшелер**

Соның бір айғағы фуллерендер аккумуляторлық батареяларды шығаруға қолданылуда. Оның өз «ағайындарынан» айырмашылығы — сыйымдылығы бес есе көп, салмағы өте аз, жоғары экологиялық сапасы мен санитарлық қауіпсіздігінде. Батареяның бұл түрін жеке компьютерлер мен дыбыс аппараттарының қоректену көзіне пайдаланады. Бірақ оны жүзеге асыру оңай шаруа емес. Өйткені американдық «Carbon Nanotechnologies» тәулігіне 0,5-1 кг ғана нанотүтікше жасап шығара алады. Бұл ретте Жапония да белгілі бір мөлшерде табысқа жетті. Мұнда жылына 400 кг фуллерен шығаратын тәжірибе зауыты салынуда. Сонымен бірге осы елде жылына 120 тонна нанотүтікше шығаратын зауыт та іске қосылуда.

1991 жылы профессор Сумио Иидзима ұзын көміртекті цилиндр-нанотүтікшені байқаған. Нанотүтікше диаметрі бірнеше нанометр, ал ұзындығы оншақты микрон болатыН милиондаған көміртегі атомынан тұратын молекула. Адамның шашының қалыңдығынан 100 мың есе аз нанотүтікшелер сирек кездесетін өте берік материал болып шықты. Олар болаттан 50-100 есе берік, әрі тығыздығы алты есе аз. Нанотүтікшелерден космонавтар, өрт сөндірушілерге арналған ыңғайлы киімдер тігуге өте берік және жеңіл композиттік материал, микроскопқа зонд жасауға болады. Олар өзінің салмағынан бірнеше тонна артық жүкке шыдайды. Ғалымдар соңғы кезде нанотүтікшенің ішіне басқа дененің атомдарын енгізіп, олардың қасиеттерін (тіпті изоляторды өткізгішке) өзгертуге болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Микроприборларда оларды сым ретінде қолданса, таңқалатыны, бойымен ток жүргенде жылу бөлінбейді. Нанотүтікшелер газды (әсіресе сутегі) сақтауға қауіпсіз материал. Автомобилдерге жанғыш элемент ретінде сутегіні пайдаланса, ол бензинге қарағанда экологиялық таза элемент, алайда сутегі мөлшері үлкен баллонды қажет етеді. Ал машиналарға ауыр баллондарды салу олардың жылдамдығын азайтатын еді. Мүмкін болашақта автомобильдерге сутегімен толған баллондар қолданатын шығар. Қазақстанда нанотехнология саласы даму жолында. Алайда бізде нанотехнологияның мүмкіншіліктерін толық пайдалану алдағы уақыттың еншісінде. АҚШ, Жапония, Корея сияқты елдердің экономикасы нанотехнологияның есебінен байып отыр. Егер 2000 жылы нанотехнология салалары осы елдердің экономикасына 493 млн. доллар пайда түсірсе, онда 2015 жылға дейін 1 триллион доллар ақша түседі деген болжам жасалып отыр. Біз нанотехнологияның дамуы қоғамның жаңа түріне әкелетініне күмәніміз жоқ.

**Клара ДӘРМАҒАМБЕТ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Экология және химиялық технология» кафедрасының профессоры, химия ғылымдарының кандидаты**

**«Өскен өңір» газеті, 07.07.2019ж**

# СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ В ВУЗЕ

Ключевыми положениями Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам расширения академической и управленческой самостоятельности высших учебных заведений» от 4 июля 2018 года являются три основных направления деятельности вузов: академическая, управленческая и финансовая.

Академическая самостоятельность позволяет университету формировать 80% содержания образовательных программ на основе профессиональных стандартов с учетом требований работодателей и интересов обучающихся.

Изменения системы управления направлены на возможность самостоятельно решать вопросы найма на работу, формирование студенческого контингента в разрезе специальностей и направления подготовки, определения вузами академической структуры.

Изменение финансирования направлено на осуществление эффективного использования бюджетных и внебюджетных средств, а также на обеспечение материально технической и социальной базы.

В практической плоскости эти изменения направлены на повышение социальной ответственности вузов за результаты своей деятельности, качество подготовки специалистов, формирование современного мировоззрения подрастающего поколения.

Новое положение высших учебных заведений как самостоятельных хозяйствующих субъектов требует изменения концепции планирования и управления деятельностью вуза, основным ядром которого является стратегическое планирование.

Если при плановом бюджетном финансировании вузов, «планирование деятельности осуществлялось во многом «снизу вверх», т.е. от планов структурных подразделений (кафедр, факультетов и институтов) к плану высшего учебного заведения, то в новых условиях эффективность деятельности может быть достигнута только при планировании «сверху вниз»: от основных плановых показателей высшего учебного заведения к показателям и направлениям деятельности структурных подразделений» [1, С.249].

По оценкам американских экспертов организация стратегического управления и планирования в университете:

• Создает основу для определения стратегии развития в целях достижения желательного будущего,

• Обеспечивает условия для того, чтобы достигнуть конкурентоспособных преимуществ,

• Позволяет консолидировать университетское сообщество в совместной работе по выполнению поставленных стратегических задач,

• «Повышает видение всех ключевых участников, поощряя их творчески размышлять над стратегическим развитием университета», формирует у них стратегическое мышление,

• Способствует диалогу университета с внешней средой [2, С.54].

Хотя для каждого вуза процесс стратегического планирования уникален и разрабатывается в соответствии с потребностями и особенностями конкретного университета, каждая успешная «модель» включает большинство уже отработанных шагов. Университет начинает с того, что определяет свое видение будущего и миссию. Когда они ясно определены, проводится SWOT-анализ и определяются направления стратегического развития, включая стратегические цели, планы действия, и тактику. Важным моментом является выявление рисков. Периодически вуз оценивает реализацию ее стратегии и стратегического плана.

Стратегический план развития Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата на 2017-2021 годы рассмотрен и утвержден на заседании Наблюдательного Совета. В разработку данного документа было вовлечено большое число участников – ведущие ученые, специалисты в области управления, руководители структурных подразделений университета. Помимо этого для определения целевых индикаторов, расчета и темпов роста показателей достижения целей, обсуждения отдельных стратегических направлений были привлечены в качестве консультантов представители работодателей.

Свою миссию университет видит в подготовке конкурентоспособных и востребованных специалистов с высшим и послевузовским образованием, ориентированных на решение вопросов индустриально-инновационного развития всех сфер экономики Кызылординской области и Республики Казахстан.

Приоритетными направлениями развития университета являются:

- обеспечение качественной подготовки конкурентоспособных кадров;
- совершенствование содержания высшего и послевузовского образования в соответствии с современными требованиями;
- создание эффективной системы корпоративного управления вузом;
- развитие инфраструктуры.

Для *обеспечения качественной подготовки конкурентоспособных кадров* осуществляется:

- целевое обучение молодых преподавателей в PhD докторантуре ведущих отечественных и зарубежных вузов;
- развитие системы подбора лучших преподавателей, исследователей и практиков с отечественного рынка труда, а также с международного рынка труда;
- привлечение талантливых выпускников университета, выпускников программы «Болашак», выпускников докторантуры зарубежных вузов;
- совершенствование системы мотивации и социальной поддержки преподавателей и сотрудников университета (рейтинговая оценка деятельности ППС и KPI);
- внедрение эффективной системы повышения квалификации преподавателей по развитию профессиональных и языковых компетенций;

- дальнейшее сотрудничество с бизнес-структурами и работодателями региона. Совместно с Советом работодателей планируется к 1 сентября 2021 года трудоустроить 85-90% выпускников.

В целях *совершенствования содержания высшего и послевузовского образования в соответствии с современными требованиями* предполагается:

- разработка новых и инновационных образовательных программ совместно с работодателями;

- разработка междисциплинарных образовательных программ (Кибербезопасность, Искусственный Интеллект, Blockchain & BigData, IT в строительстве, IT-юрист, IT-химик, IT в агрономии и другие программы);

- разработка дополнительных образовательных программ в целях создания условий для обучения студентов с особыми образовательными потребностями

- развитие международной кредитной мобильности в рамках программ Европейского Союза Эразмус+, совместных международных обменных программ обучающихся и преподавателей со стратегическими вузами-партнерами (Турция, Республика Польша, Республика Корея, Китайская Народная Республика, Болгария, Российская Федерация).

-привлечение ведущих зарубежных и отечественных ученых к подготовке специалистов с целью передачи инновационных технологий образования, передового педагогического мастерства и научно-исследовательского опыта в рамках программ академической мобильности.

- организация постдокторских программ для преподавателей в топ-рейтинговых вузах в целях повышения профессиональной квалификации и педагогического мастерства.

- совместная разработка и использование дистанционных образовательных технологий, массовых открытых онлайн учебных курсов, создание единой онлайн платформы с вузами-партнерами.

Создание *эффективной системы корпоративного управления вузом* предусматривает:

- трансляцию опыта Назарбаев Университета

- трансформацию университета в некоммерческое акционерное общество.

- развитие инновационно-образовательного консорциума по модели «образование –наука –производство»;

-привлечение зарубежных специалистов в топ-менеджмент университета.

Стратегическое направление «*Развитие инфраструктуры*» включает в себя следующие индикаторы:

- развитие инфраструктуры IT парка, CoWorking центра, SMART-кампуса университета;

- расширение функциональности образовательного портала «E-UNIVER» и дальнейшая модернизация веб сайта университета;

- преобразование научно-технической библиотеки университета в образовательно- информационный центр;

- дальнейшая модернизация имеющихся исследовательских лабораторий и научных центров.

Целенаправленная работа по реализации индикаторов Стратегического плана позволило КГУ имени Коркыт Ата войти в ТОП-300 лучших вузов стран Восточной Европы и Центральной Азии QS University Rankings: Emerging Europe and Central Asia (QS EECA), войти в десятку лучших многопрофильных вузов Республики Казахстан, успешно пройти институциональную и специализированную аккредитацию.

У Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата высокие цели, реальные планы, исполнение которых позволит достичь новых высот в обеспечении качественного образования и внести значительный вклад в индустриально-инновационное развитие региона и Республики Казахстан.

**Использованная литература:**

1.Томилин О.Б., Фадеева И.М. Стратегическое планирование развития Мордовского государственного университета // №1/2 2005С.249-250

2.Блонин В.А. Университетское стратегическое планирование: американский опыт и возможности его применения в российском университете // Вестник ННГУ. Выпуск 1(6). 2005 Серия Инновации в образовании. С.53-62

**Жанна ЖАКСЫЛЫКОВА,**
**Начальник отдела стратегического планирования,**
**мониторинга и управления качеством КГУ имени Коркыт Ата,**

**Елена МИЛОВА,**
**Руководитель группы стратегического развития**
**КГУ имени Коркыт Ата, к.ю.н, доцент**

**III Международная научно-практическая конференция**
**«Наука и образование в современном мире: вызовы XXI века».**
**Нур-Султан, 10-12 июля 2019 г.**

## БАЗАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫ: ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ МЕН КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Қазақ халқының қастерлейтіні, қадір тұтатыны сөз өнері десек, өздерінің шығармаларымен Сыр елінің ғана емес, бүкіл қазақ жұртының руханият дүниесінен ерекше орын алатын Сыр сүлейлерінің басында Базар жырау Оңдасұлы тұр.**

Базар жыраудың шығармалары Сыр өңірінен шыққан ақын-жыраулардың ішінен алғашқылардың бірі болып Ә.Диваев, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаевтардың назарын аударған. С.Сейфуллин «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы – Базар жырау» десе, М.Жұмабаев: «Асса елдің қамын ойлаған, қалса өзінің ойына терең бойлаған» деп, Базар жыраудың ақындық қабілетін жоғары бағалаған. Базар жырауды

атақты Тұрмағамбет шайыр Ізтілеуовтің өзі ұстазым деп ұлықтап өтсе, - М.Байділдаев: «Кеншімбай, Оңғар, Жиенбай, Жорықбай, Кете Жүсіп, т.б. ақын, әнші-жыраулар – Базар жыраудың мектебінен үлгі алған түлектер» деп Базар жыраудың бағасын асыра түседі.

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті классиктерінің бірі А.Тоқмағамбетовтің «Жыр күмбезі» романы Базар жыраудың өмірі мен өнерін қамтып жазылғаны және бар. Бұл романда дәстүрлі жыраулық өнердің қыр-сыры Базар жырау бейнесін сомдау арқылы ашылған.

Жыраудың шығармалары кеңестік кезеңде «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Жеті ғасыр жырлайды», «Алдаспан», «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» жинақтары мен «Базар жырау шығармалары» (А., «Жазушы», 1986) кітабына енсе, егемен ел болған тұста «Жәмиғы қазақ бір туған», «Назбедеу» жинақтары күйінде және «Сырдария кітапханасының» құрамында бір том болып жарық көрді.

Базар жыраудың әдеби мұрасы филолог мамандар даярлау барысында курстық, дипломдық жұмыстарға, магистрлік, кандидаттық, докторлық диссертацияларға зерттеу нысаны болып келе жатыр.

Сыр сүлейлерінің шығармашылығы – қазақ әдебиеті делінетін үлкен өнердің құрамдас бөлігі, яки бүтіннің бөлшегі. Әдебиетіміздің басқа кезеңдерімен салыстырғанда толық хатталуға жақын қалды деп жүрген XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі кез келген мәселені, демек, Сыр сүлейлерінің шығармаларынсыз зерттеп-зерделеу дұрыс бола бермейді. Сондай-ақ Сыр сүлейлері шығармаларының әдебиет тарихындағы өзіндік орнын, ерекшеліктерін бүгінгі әдебиеттанудың талап-талғамына сәйкес айтып та отыруымыз қажет.

Негізінен ескіше (арабша) сауатты болған Сыр сүлейлері өздерінің шығармашылықтарында шығыстың классикалық әдебиеті дәстүріне шындап ден қойған болатын. Шығыстық өркениетпен аралас-құралас дамуға Кеңестік республикалардың әдебиеті мен өнеріне саналы түрде тосқауыл қойылды. Ұлттық көркем өнеріміздің өркениетті елдердің әдебиетімен, өнерімен шығармашылық байланыста болып, сырттай түлеп, іштей түрленіп өсуіне қойылған бұндай тежеуді Сыр сүлейлері шығармашылықтары да бастан кешті. Діни сюжетті, шытырман оқиғаға толы, негізінен, гуманистік идеяларды насихаттайтын қисса-дастандардың талайының өмірі қысқарды. Көзі қарақты, көңілі ояу адамдардың қолында қалып, күні бүгінге дейін сақталып келген осындай қисса-дастандардың мазмұнында адам миын улайтындай, рухани дүниесіне теріс әсер ететіндей ешнәрсе жоқ. Керісінше, шығыстық өркениет пен әдебиет дәстүрін меңгере отырып жазылған бұндай шығармаларда мұсылман дінінің гуманистік идеялары, адамгершілік сапалар насихатталады. Бұл айтылғандардың Ешнияз сал, Базар жырау, Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Тұрмағамбет Ізтілеуовтердің шығармашылықтарына тікелей қатысты екенін айтсақ, ақиқат ауылынан алыс кетпейміз.

Базар жырау – дәстүршіл ақын. Есін білгелі ел аузындағы жыр термелерді, толғау-дастандарды жаттап өсу – жыраудың балалық шағына тән базарлы уақыты. Ал халық ауыз әдебиетінің мол қазынасы, тарихи әдебиеттің тағылымды мұралары, өзі өмір сүрген өнер ортасы – бұлар оның өмірлік те, өнердегі де оқулықтары еді.

Құлаштап дүние сені
қармансам да,
Керімі келген шығар
ер Қорқыттың, –

дейді Базар жырау. Бұл жолдардағы Қорқыт есімі жайдан-жай аталмаған. Бір қызығы, Сыр сүлейлерінің барлығы да өздерінің жыр-толғауларында Қорқыт есімін атап отырады, өздерінің туындыларын Қорқыт дәстүрінің жалғасы деп меңзейді. Демек, Сыр сүлейлерінің шығармаларын Қорқыт дәстүрінен бастау алатын, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпіріндегі ақын-жыраулар шығармаларымен тығыз байланыста дамып келіп, әдебиет тарихына алтын қор болып қосылған құнды дүниелер деп есептейміз. Базар жырау шығармалары да өзінен бұрынғы әдебиетпен табиғи тамырлас болып келіп, оның ұлттық дәстүрін жалғастырған. Ұлан-байтақ территориямыздың кеңдігіне, баспа ісінің кешеуілдеп келуіне қарамастан, әдебиет дәстүрінің еліміздің әр жерінде қанатын кең жайып, тарап, мықтап орнығуы, тарихи әдебиет туындыларының қара тастай ұлттық дәстүрге берік болуы – бұл енді ғажайып құбылыс. Әдебиет туындыларының ұлттық дәстүрге тұрақтылығы қазақ көркемөнерінің дәстүрлілігінің ұзақ ғұмырлылығын және мәуелеген жемістей жасампаздығын дәлелдейді.

Өнердің мұраты – адамзатқа қызмет ету. Өнердің тақырыбы – адам тағдыры. Жанрлық тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясының дәстүрлі түрі толғаудың да туу, қалыптасу, даму арналарының болатыны секілді, бұндай процесті әрбір әдебиет өкілдерінің шығармашылығы да басынан өткереді. Әрбір әдебиет өкілінің ұлттық әдебиет дәстүріне қосқан үлесі оның суреткерлік қарым-қабілеті, таланты, өмірлік тәжірибесі мен білім-білігіне тікелей байланысты болады. Осы тұрғыдан келгенде, Базар жырау – ұлттық әдебиет дәстүрін жалғастырушы ғана емес, оны байытушы.

Базар жырау шығармашылығында, біздіңше, адам, адам тағдыры туралы айту ерекше орын алды. Адам туралы жаппай айтудан толғау үлгілі өлеңіміздің тарихында алғаш рет нақты айту, мораль, адамгершілік сапалар мен адамдық қасиеттерді көркем шығарма нысанына нақты адамды ала отырып жырлау жүзеге асты. Кез келген мәселені нақты, деректі жырлауы арқылы Базар жырау шығармалары толғаудың жанрлық мүмкіншілігін жетілдіре түсті. Көркем шығарманың өзі өмір сүріп отырған дәуірдің ділгір мәселелерін көтеруін, уақытпен үндесуін, реалистік сипатының артуын жолға қойды. Кез келген өнер туындысының бойынан адам бейнесі, оның жан-жақты жасалуы, сомдалуы неғұрлым айқын көрінсе, бұндай ерекшелік әдебиеттің соғұрлым нәтижелі даму жолына түскенін, есейіп келе жатқанын дәлелдей түседі. Демек, поэзиямыздың тарихындағы барынша жетілген, өмір құбылыстарының философиялық мәні

мен маңызын, адам өмірінің саяси-әлеуметтік мәселелерін терең жырлайтын Базар жырау толғауларын өз заманының үздік туындылары деп нық айтуға болады. Мысал үшін жыраудың «Әр кемелге – бір зауал» толғауында адам, аң-құс, жануарлар бейнесі типтендіріле отырып, өмір құбылыстарының мәні ашыла түседі, дүниенің жалғандығы мен өткіншілігі, өзгермелілігі «батыр – бір оқтық, бай – бір жұттық» дегендейін ыңғайда жырланады. Желге жеткізбес жүйрік аң – кер құлан, назбедеу тұлпар, қыран бүркіт, бай мен батыр – Базарша айтқанда бәріне де зауал бар, мәңгілік еш нәрсе жоқ. «Әлі де сенде арман жоқ» делінетін толғауда да сондай:

Көзі ақықтай сүзілген,
Маржандай тісі тізілген,
Келімі келген кермиық,
Сағағынан үзілген,
Белгілі ару қор болып,
Кімдерден жылап қалған жоқ,–делініп ару жайында, одан әрі тұлпар ат, батыр туралы айтылып кетеді. Образды ойлаудың бейнелілігі, көркем тіл дәстүрлі қазақ поэзиясын осы тұста да Базарлық анық ақындық қолтаңбамен байыта түскенін байқау қиын емес. Қазақ әдебиетінің дәстүріне өзіндік мәнерімен ендіріп жіберген осындай үздік үлгілі толғауларын Базекең одан әрі түрлендіре түседі.

«Ел жақсыларында» Сыр өңірінің мынадай айтулы тұлғалары жырланады: Өткелбай сыпа, Бекетай молда, Құлбарақ батыр, Самырза, Көбек, Басықара билер, Бекмырза, Бәймен, Төртқара, Үмбеттер. Әрқайсысының есіміне Сыр елінің әр жерінен жер-су атаулары берілген бұндай тарихи тұлғаларымызды жырау басқаларға үлгі ете жырлайды. Осы бағыт «Сұм дүниеде» одан әрі жалғаса түседі. Сұм дүниеден бәрі өткен. Олар: Әбілқайыр, Нұралы, Есім, Тәуке, Жәнібек, Абылай мен Жәңгір хандар, олар: Баба түкті шашты Әзиз, Сейтпембет, Мағзам, Марал ишан, Софы Әзиз әулиелер, олар: Жабағы, Сыпа, Өтеген, Ақмырза, Қуан, Көшермен батырлар, олар: Қазыбек, Төле, Әйтеке, Мөңке, Көбек, Өтетілеу, Сарытай, Тампыш, Мұрат, Киікбай билер, олар: Жанқожа, Есет, Қыстаубай, Қасым, Сейіл, Бұқарбай, Малайсары, Жантайлақ, Сәмет, Тоғанас, Қарадос, Өске, Бұдабай, Серәлі, Садыр, Орынбай, Шернияз, Шыман, Өтеген, т.б. батырлар мен билер, ақындар мен жыраулар. Бұл айтылғандар – Сыр өңіріне ғана емес, бүкіл қазақ жұртшылығына танымал есімдер.

Базар жыраудың ақындық орбитасының кең де кемелдігіне таңғаласыз. Осыншама тарихи тұлғаларды қамтып жырлау, олардың өмірін өзгелерге үлгі ете отырып толғану Базарға дейінгі ешбір жырауда болған емес. Өз өлкесі мен елінің елеулілерінің есімдерін елеп, өмірлерін көркем шежіреге айналдыра отырып жырлау – Базар жыраудың дара қолтаңбасы. Бүгінгі сырбойы-лықтардың жоғарыда аталған есімдерге бей-жай қарай алмайтыны, ата-бабаларының атын есітіп, жанын түлетіп, санасын жаңғыртатыны өнердің арқасы. Базар арқылы бізге жеткен мағыналы мағлұмат, құнды деректің әсері екенін айтуымыз керек. Толғаулардағы осыншама адамдардың есімдерінің

аталуы, оларға бірде тікелей, кейде жанама түрде болса да мінездеме, сипаттама жасалуы, сөйте отырып әділ биліктің, көшелі ой мен пайымды парасаттың, сұлулық пен батырлықтың, отансүйгіштік, туған жерге, елге адалдық, т.б. адамгершілік қасиеттердің насихатталуы – Базар жырау тұсындағы толғау үлгілі поэзиямыздың өскен өрелі биігі, жеткен жетістігі. Адамдық бітім-болмысқа, адамгершілік қасиеттерге қатысты нысанаға алынған, мысалға келтірілген кісі аттары, толғау кейіпкерлері бір қарағанда екінші жоспарда, негізгі мәселенің фонында ғана жырланып өтетіндей болып көрінгенімен, шынтуайтында, бұндай ерекшелік толғау жанрының уақыт пен кеңістік алдындағы мүмкіншілігін молайта түсіп, өлең өміріне адам кейіпінің, бейнесінің дендей түсуіне жағдай жасап отыр. Базар жырау өзі көтеріп отырған мәселенің мәні мен маңызын осы кейіпкерлерінің адамдық мінез-құлқы мен адамгершілік қасиетін ашу арқылы дәлелдеп береді. Дәл осындай жанрлық сипат толғаудың әдебиет туындысы тұрғысынан негізгі қызметі өмір мен адам танытушылық функциясын толық атқарып шығуына мүмкіншілік жасайды. Толғау өлең өміріне әдеби кейіпкерлерді молынан енгізе отырып, жанр жүгін деректі, нақтылы тарихи адамдар туралы айтумен ауырлата түсу – Базар жыраудың суреткерлік тұрғыдағы қазақ өлеңіне қосқан үлкен жаңалығы.

Демек, Базар жырау туындылары өз кезі үшін де, кейінгі ұрпақ үшін де көркем шығарма ретіндегі қызметін мінсіз атқарған құнды дүниелер болды деп айта аламыз. Екіншіден, толғау жанрының үздік үлгілері күйінде әдебиет тарихына үлкен үлес болып қосылған Базар жырау толғаулары өз заманындағы әдебиет өкілдерінің шығармашылықтарының дамуына игілікті әсер етті. Бұл бағытта жетекшілік рөл атқарды, қазақтың кәсіби жазба әдебиетінің қалыптасып-дамуына толық алғышарт болды. Жауыннан кейінгі көктей дүр ете қалып, бірден кәсіби әдебиеттің даңғыл жолына түсіп, дамуға бет алған қазақ әдебиетінің құнарлы топырағы Базар жырау сияқты сирек таланттарымыздың шығармашылығы болғанын түйіндер едік. Ақырында Базар жырау толғаулары өлкеміздің тарихынан мол мағлұмат беретін ғылыми дерек көзі ретінде де аса бағалы. А.Тоқмағанбетовтің Сыр өңірінің көркем шежіресін жасаған «Жыр күмбезі», «Көтерілген күмбез» романдарының материалы Сыр сүлейлерінің шығармашылығы болғаны көп жайды аңғартса керек.

Кез келген көркем туынды өмір құбылыстарының күнгей жақтарымен бірге, көлеңкелі тұстарын да көрсете алуымен құнды. Базар жырау толғауларындағы негізгі тақырыптар: өткінші дүние, өзгермелі өмір, адам өмірінің қысқалығы, т.б. жырланғанда адамдық мінез-құлықтың жақсы жақтарының айтылуымен бірге, жағымсыз тұстары да сыналып отырады. Оның: «Нарманға», «Лепес туралы», «Маутанға», «Қаражан болысқа» толғаулары – осы бағыттағы туындылар. «Қаражан болысқа» 220 жолдан тұратын көлемді туынды. Базар жыраудың осындай көлемі жағынан ұзақ толғауларының кейінгі ұрпаққа жетуінің бір сыры олардың сол кездің өзінде-ақ хатталып отырғанынан болу керек.

Базар жырау «Қаражан болысқа» толғауында:

Баласы батыр Қабақ,

молда Қисық,
Қолыңа қалам алып жазшы хатқа,
Себеппен азын-аулақ
айтып толғау,
Жаздым сөз жақсыларға
сынатпаққа, –
дейді.

Ұзақ толғауды айтылған заматта хаттап үлгіруге қаншалықты мүмкіншіліктің болғанынан бейхабармыз. Қалай болғанда да түйдек-түйдегімен беріліп отыратын орамды ой, кестелі сөз, ойлы образдарды талантты, шығармашылық қарым-қабілеті, импровизациялық қуат-күші жағынан жазба әдебиеті үлгілерімен таластыра алатындай туынды «Қаражан болысқа» сияқты дүниелердің жарыққа шығуында тоқсан толғану, күрделі шығармашылық акт, процесс жүріп өтетінін ескерсек, Базар бабамыздың тума таланттылығына тағы да ден қоя түсеміз.

«Қаражан болысқаның» тақырыбы – тойына арнайы шақырып, жырлатып, астына арық ат мінгізген болысқа Базар жыраудың ренжігені, ал идеясы – сараңдықты сынау, адамгершілік мәселесі. Міне, осы мәселені Базар жырау 220 жол көлемінде ұзақ толғаған. Толғаудың композициялық құрылымы, сюжеттік желісі негізгі ойды, идеяны ашу үшін шебер қиюластырылған. Базар жырау бірден Қаражанның сараңдығын бетке баса жөнелмейді, оқырманын ойға шақырып, тыңдарманын тебіреніске түсіріп, адам болмысындағы мінез-құлықтар сырын ұзақ толғап кетеді. «Біреу – мәрт, біреу – жомарт, біреу – нәмәрт» дегендей, сыңайлы адамдар арасындағы алыс-беріс қарым-қатынастардың қазақы тұрмыстағы орнын, маңызын жырлай отырып, оларды жіктеп-жіліктеп тастап отырады. Тыңдарманын еріксіз баурайтын толғаудың әр жолы – ойлы, тұжырымды, әр сөзі – алтын, бейнелі, үлгілі.

Ойды ашып отыруда:
Арғымақ шаба алмайды
тер қатқан соң,
Арық ат қисаңдайды
ер батқан соң, –

дегендей поэтикалық контраст құрайтын  жолдарды жиі қайталап отыру – Базар жырау стиліне тән ерекше әдіс. Базар жырау толғауларындағы ой мен сезімнің белгілі оқиға сілемімен, сюжеттік желімен беріліп отыратынына «Қаражан болысқадағы»:

Сыпалар тыңдап сөзді
мен айтқан соң,
Еміреніп есіткендер
судай тынды,
Көңіліне жағып
Кеңес ұнатқан соң,
Ұлықсат еттің болыс
таң атқан соң –

делінетін жолдар дәлел. Осындай баяндаулар арқы- лы негізгі идеяны бірнеше қырынан келіп қайталап отыру тақырып ашудағы кәсіби шеберліктің жарқын мысалы болатынын жоққа шығара алмаймыз. Болыстың сараңдығын айтпас бұрын Қаражанның руы Кетеден шыққан игі жақсыларды, атақты адамдарды: Бекмырза, Пірен, Тұңғышбай, Дәуімшар, Қитар, Жұбанбай, Нысанбай, Бекет, Аман, Барақ батыр, Садыр молда, Мыңжасар, Ешнияз, Мырзабектерді жақсы жақтарынан атап өтеді. Домбыраның құлақ күйін келтіргендей осыларды термелеп атап алғаннан кейін:

Қаражан асып тудың
Жиенбайдан,
Мен сені кем көрмеуші ем
Атымтайдан,
Дүниенің қызығына түсемін деп,
Талайлар құр қалып жүр
абыройдан,
Өзі арық, өзі жауыр,
алжыған көк,

Қолыңа қапелімде түсті қайдан, – деп бір түйреп кетеді. Осындай мазмұндағы тирадалар ұзақ толғаудың өн бойында бірнеше рет қайталанып отырады. Мақтамен бауыздағандай сараңдықтың сырын сызылта отырып түйрей беру сөз түсінетін адамға оңайға соқпасы анық. Базар жырау Қаражанды сөз өнерінің құдірет-күшімен осылайша тірілей өлтіргенге ұқсайды.

Толғау үлгілі поэзиямыздағы оқшау үрдіс – жырауларымыздың өз бейнелерін сөзбен сомдауы, жырмен жасауы. Жалпы өлең сөздің теориясында ақындық «мен», жыраулық «мен» делінетін ұғымдардың маңызы зор.

Суреткердің стильдік даралығы, көркем шығарманың жанрлық сипаты, ерекшелігі, т.б. қисын-қағидаларды жыраулық немесе ақындық «мендер» яки суреткердің өнердегі өз бейнелерін жасау арқылы түсіндіруге болатынын естен шығармаған ләзім. Басқаларды айтпағанда XV-XIX ғасырлар арасын қамтитын поэзиямызда осындай өнерлік ұғымға қатысты жыраулық бейнелердің небір әсем үлгілерін кездестіруге болар еді. Жыраулар үшін шабыт шақыруға, әруақтануға тиесілі көрінетіндей осы бір авторлық бейнелердің, ақындық шығандаулардың сөз өнеріміздің теориясында өзіндік орны бар.

Әлім менен Шөменнің,
Мен едім даңқты шайыры,
Екі енені тел емген,
Күшпек санды күреңмін,
Төсімнен тартса жетпейтін
Жуандықтан айылы,
Өзімдей-ақ ұл туар,
Бір адамның зайыбы.
Қабыл алмай алдымнан,
Қазақ халқы кеткен жоқ,
Сөзімнің келсе қайымы.

Базар жыраудың шалқар шабытын, әруақты ақындығын, талантының тегеурінділігін дәлелдейтін бұндай өлең жолдарының үздік үлгілілігі өз алдына, жыраудың осындай жолдарды саналы түрде қайталап отыруы, тыңдаушыларының назарын өзіне үнемі аударып отыруға ұмтылуы ерекше ден қоюға тұрарлық жағдай.

Саф алтындай жарқыраған, қарапайым да қатпарлы, мазмұнды әрі мағыналы, нақты, затты, көркем, бейнелі, шырайлы ана тіліміз, сөз мәйегі мен асылы – Базар жыраудың әдеби мұрасының айрықша сипаты. Тіл шұбарланбаған, мөлдіреген сұлу сөз дала жырауларының соңғы өкілі Базар жыраудың шығармашылығында тұнып тұр.

Ашығын айтсақ, Базар жыраудан кейінгі Сыр сүлейлерінің шығармаларында тіл шұбарлау элементтері кездеседі, араб-парсы сөздерінің орынды-орынсыз қолданылулары ұшырасады.

2011 жылы Базар жыраудың туғанына 170, дүниеден озғанына 100 жыл толды. Базар жыраудың 150 жылдығы еліміз бойынша кезінде аталмай, Өзбекстанда тойланғанын ескере отырып, Қызылорда қаласының төрінен батырлықты қастерлеп Жалаңтөс баһадүрге монумент орнатқанымыз секілді, Базар жырауға да ескерткіш қойсақ, бұнымыз сөз өнерін қадір тұтатын ұлттық ерекшелігіміздің жарқын үлгісі болар еді. Базар жырау тұлғасы бұл құрметімізге барлық жағынан лайық.

Базар Оңдасұлы – Сыр сүлейлерінің көшін бастап кеткен даңғайыр жырау, саңлақ суреткер. Жыраулық поэзияның дамуындағы қол жетпестей биіктікпен ғана белгіленер оның шығармалары қазақ халқының қандай ұрпағының болмасын жанына сәуле, рухына қуат құя беретініне ешқандай күмән жоқ.

**Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры**

**«Сыр бойы» газеті, 05.10.2019ж**

## ҒАЛЫМ ҒИБРАТЫ

**Атам заманнан бері Сыр өңірінің жағдайы жоғарыдан ағып келіп, көлдер мен ойпаттарды суға толтырып, соңынан өсімдік біткеннің барлығына қоректік заттар мен ылғал нұрын төгетін Сейхун дариясымен байланысты. Ұлы дария о бастан өз жағалауын көкорай шалғынға айналдырған. Сондықтан, өзен суын осы аймақта тірлік еткен азаматтардың мұқтажына жарату маңызды мәселе болған.**

Өткен ғасырдың екінші жартысында Сырдария суы арқылы осы алқап азаматтарының экономикалық-әлеуметтік жағдайын көтеру басталып, соның негізінде 30-40 жыл шамасында мол нәтижеге қол жеткені баршаға мәлім.

Маңызы аса жоғары ауқымды жұмыстың басы-қасында жүріп, ерен еңбегімен көзге түскен Ержігіт Бозғұлов, Сабыр Арыстанбаев, Елтай Құтыбаев, Айқынбай Дүйсеков, Елтай Тыныштықбаев, Мәделхан Нәлібаев, Тыныштықбай Сырғабаев, Әскербек Мақұлбеков, Жанайбек Сақтағанов, Әбдіманап Құтжанов, т.б. азаматтардың есімдерін Сыр халқы зор ілтипатпен еске алады. Маңызды іске жоғарыда көрсетілген ірі өндіріс басшыларымен қатар оқымыстылар да атсалысқаны белгілі. Осы тұста ғылым докторы Төрехан Қарлыхановтың атын атауға әбден болады.

Төрехан Қарлыханұлы 1950 жылы Жалағаш ауданы, қазіргі Мырзабай ахун кеңшарында дүниеге келген. Ол 1966 жылы Қызылорда қаласындағы №112 орта мектепті үздік бітірген. 1971 жылы Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институты «Гидромелиорация» мамандығын үздік бітіріп, сол оқу орнында «Гидравлика» кафедрасына оқытушылыққа қалдырылды. 1971-1991 жылдар аралығында аға оқытушы, доцент, факультет деканы орынбасары қызметтерін ойдағыдай атқарды. Сонымен қатар, Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты аспирантурасында білігін ұштай түсті.

Ғалым Қарлыханов Жамбылдан Қызылорда агроөнеркәсіп инженерлер институтына 1991 жылы келді. Институт басшылығы білікті ұстаз, дарынды ғалымды арнайы шақырған болатын. Ол осы мол сенімнен үлкен абыроймен шықты. Алғашқыда кафедра меңгерушісі, соңынан проректор қызметін атқарды. Бұл Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институты Қызылорда филиалының агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтына айналған кезі еді. Ұжымның алдында іргелі оқу орнының басты талаптарын тапжылтпай орындау мақсаты тұрды. Атқарылатын жұмыс сан салалы, ауқымды, күрделілігі мен қиындығы да жеткілікті. Міне, осы жауапты жұмысқа бірінші күннен бастап Төрехан Қарлыханұлы да араласып кетті. Талапты, білікті басшы Уәлихан Бишімбаевпен қоян-қолтық жұмыс атқарды, сенімді көмекшісі бола білді.

Төрехан Қарлыханов 300-ден астам ғылыми еңбектің авторы, 8 авторлық куәлігі бар, бірнеше оқу құралдары мен кітаптары жарық көрді. 2001 жылы ауыл шаруашылығы саласының облыс бойынша «Жыл адамы», «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен, «Еңбек ардагері» медалімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Өңірдің білім саласына зор үлесін қосқан болымды, өнегелі азаматтың дайындаған мамандары Сыр өңірінде, елімізде еңбек етуде.

Сонау жылдары ерте көктемде Сырдария мұзын елді мекендерге зиянын тигізбей өткізу мәселесі аса күрделі болғанын баршамыз ұмытқан жоқпыз. Міне, сол уақытта профессор Қарлыхановтың зерттеулерінде анықталған тың нәтижелер мұздан қорғану шараларына пайдаға асты.

Осыдан біраз бұрын «Көксарай» су реттеушісі жобасы қоғамда өткір пікірталас туғызды. Мәселе төңірегіндегі көзқарас екіге бөлінді. Мамандар мен ғалымдардың көпшілігі «Көксарай» су реттеушісінің зиянын дәлелдеп, қарсылық білдірді. Бұл топ қатарында мен де бар едім. Алайда, сол жобаның пайдалы тұстарын дәлелдеп, «Көксарай» су реттеушісінің қажеттігін қолдаған

азаматтар да болды. Осы тұжырымды айтқан өңірдің су шаруашылығы саласының ардагері Ержігіт Бозғұлов пен профессор Қарлыханов еді. Пікірталасты Елбасының өзі тоқтатып, шешімін айтқаны баршаға аян. Демек, осы жерде біз Төрехан Қарлыханұлының көрегендігін мойындауымыз қажет.

«Адам күні адаммен» деп бабаларымыз бекер айтпаған. Өмірде жан-жағымыздағылармен қатысып, жанасып, бірігіп тірлік жасаймыз. Өкінішке орай, азаматтардың арасында мінезі-құлқы, болмысы пәстеулері де кезігіп қалатыны бар. Бұл адамға қиындық туғызып, істі күрделендіреді, айтарлықтай кедергі жасайды. Есесіне адамның айналасына өнегелі, білімді, мәдениетті азаматтар шоғырланатын болса, ісі ілгері басады, жақсылық пен игілікке біртабан жақындай түседі. Қоғамда, ұжымда азаматтардың оңды істерді мол атқаруына олардың түсіністігі, ұғынысуы, келісуі оң ықпал етеді. Адами ара-қатынасты ұлы Абай мол зерттеген, жақсы адам, толық адам болудың сырын ашқан. Ұлы ұстаз «ақыл, қайрат, жүректі бірге ұста» депті. Төрехан Қарлыханұлы – осы жолды өзінің өмірлік бағдаршамы еткен болымды, білікті азамат. Әсіресе, азаматтың жүрек жылуын молынан сезінуші едік.

Өмірде қатар жүрген адам туралы тірлікте анау айтқандай көп толғанбайсың. Арадан ұзап кеткен соң ғана қадірін түсініп, біле бастайды екенсің. Ұлы Абай «Ақырын жүріп, анық бас» десе, Тұрмағамбет ақын «Әр уақытта алам десең төрден орын, түзеп ал татаусыз қып мінезіңді» деген екен. Міне, осы сөздер дәл Төреханға айтылған сияқты көрінеді. Өйткені, ол салмақты, бай мінезді, сабырлы, шыдамды еді. Өмірде шыдамсыз, жеңіл мінезді, шапшаң адамдарды да көрдік. Олар, әдетте, істің мәніне түгел қанығып түсінбей-ақ, жедел жауап қайтарып, қасындағысының мазасын алатыны бар. Сонысымен өзгеге зиян келтіріп, қиянат жасайтыны да белгілі. Ал, Төреханініміздің жұмсақтығы мен жоғары мәдениеттілігінің түбірінде не жатыр? Мұнда, сөз жоқ, терең білім мен мол парасат бар. Ұзақ уақыт Төреханмен қызметтес болғанда байқағаным, жиындарда, жеке адами қатынаста, екеуара мәселелерді талқылауда өзгеге қатаң мінез көрсетіп, мәселені шорт кесіп, қасындағының көңілін қалдырғанын көрген емеспін. Демек, біздің түсінуімізше, Төрехан Қарлыханұлының өмір бойы ұстаным еткен қағидасы адамсүйгіштікке, айналасына оң ықпал мен қолайлы әсер беруге негізделген сияқты. Сөз жоқ, бұл екінің біріне бұйыра бермейтін өнегелі, сауапты қасиет.

Жасыратын несі бар, кейбір адамдардың басқаны көре алмаушылығы, өзгенің жетістігіне өзінікіндей пейіл білдірмеуі, қасындағының артықшы-лығына мән бермей, немқұрайлық көрсетуі – бүгінгі қоғамның осал тұсы. Осыдан жұртымыз, азаматтар мол зиян шегуде. Рухани кеселге шалдықпаған, кезікпеген, ұрынбаған адамдар ерекшеленіп тұрады, олардың беделі биік, алар орны өзгеше. Әрдайым өзінің адал да, шынайы көңілімен болмысты нұр-ландырып, жақсартып, ізгілендіріп жүреді. Төрехан Қарлыханұлы жаңағы айтқан кемшіліктен мүлдем ада еді. Оған Ұлы Құдірет жағымды мінез-құлық сыйлапты. Үнемі адалдық, тазалық жолымен жүретін. Оның біреуді сыртынан жамандағанын мүлдем естіген емеспіз, өзгенің кемшілігін көзіне айтатын.

Сондықтан болар Төрехан Қарлыханұлы жақсы, өнегелі, рухани байлығы мол ортадан табылатын. Осыған дәлел – інімiздің еліміздің белгілі азаматтарымен, ірі ғалымдарымен таныс, жақын дос болуы. Сол тұлғалы азаматтардың бірі – елімізге, Одаққа белгілі ғалым Абай Тұрсынов. Абай Әбдірахманұлы – Ресейде, Санкт-Петербургта білім алған азамат. Ол – өзінің терең білімі және ғылыми жетістіктерімен ғалымдарды тәнті етіп, сол жоғары ғылыми ортада орнын иеленген ірі ғалым. Оның еліміз жағдайында өзен алаптарының гидроэкологиялық жағдайының қалыптасуы мен жақсарту жолдарын анықтаудағы зерттеулерінің ғылыми құндылығын шетелдік, отандық ғылыми орталар мойындаған. Міне, осындай өресі мол ғалыммен біздің Төкең дос, әріптес болды. Екеуі бірге Сырдарияның төменгі ағысында қалыптасқан күрделі гидроэкологиялық жағдайды өзгертіп, жақсартудың жолдарын іздеді.

Шындап келгенде, атақты ғалыммен қатарлас жұмыс атқарудың өзі кімге де болса жоғары мәртебе. Жауапты ғылыми шығармашылық кезеңдерден Төрехан Қарлыханұлы үлкен абыроймен өте білді. Атқарылған ауқымды, терең, өңірге қажет зерттеулердің негізінде Төрехан дүние жүзінің ірі ғылыми орталығы – Мәскеу қаласында 1993 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Тағы айта кетерлігі, Төрехан Қарлыхановтың зерттеулерінің нәтижелері соңғы жылдары Сырдария өзенінің төменгі ағысында жүзеге асып жатқан САРАТС жобасына бірден-бір негіз болды десек қателеспейміз.

Оның өңірдің өсімдік шаруашылығына тигізген ықпалының сыры неде деген орынды сұрақ туындайды. Төреханмен қызметтес болғандықтан, мінезі мен өмірлік ұстанымының қыр-сырына бір адамдай қанық болғандықтан, жоғарыдағы сұраққа жауапты көп ұзамай тапқандаймын. Қасиетті Сыр топырағында дүниеге келіп, ата-анадан ұлағатты, қазақы тәрбиені молынан сіңіргенінен, ауылда өсіп жер мен судың қадір-қасиетін жастайынан түсінгенінен деп ойлаймыз. Ыстық аптап пен шыжыған күннің астында жүріп күріш өсірген, сөйтіп ел ырысын арттырған Қарлыхан ағамыздың жанкешті тірлігі Төрехан інімiздің көз алдында өтті. Сол мол өнеге, өзінің жоғары азаматтық жауапкершілігі Төрехан Қарлыханұлын Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтын басқарған кезінде ұжым мен ел қамын ойлауға, білімі мен күш-жігерін адал еңбек етуге жетелеген болса керек.

Бұл әулетті «ғалымдар ордасы» деп те айтуға болады. Өйткені, Төреханның бауыры Оразхан да – техника ғылымдарының докторы. Гүлнұр баламыз – техника ғылымдарының кандидаты. Осының түбірі, сірә, Қарлыхан әкелерінен, аталарынан келген биік тектілікте жатқан болар.

2009-2011 жылдары Төрехан Қарлыханов Аралды құтқару Халықаралық қорының атқару комитетінде ақпараттық-сараптама орталығының директоры қызметін атқарды. Бұл кезең тәжірибелі ғалымның мол білігін халықаралық деңгейде Арал мәселесін шешуге арнаған шағы болатын. Аралды қорғау Халықаралық қорының төрағасы қызметін атқарған, шет елдерге танымал ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор Сағит Ибатуллиннің айтуынша, сол уақыттағы Сырдария өзені ағысын бірігіп пайдаланудағы Орта Азия мемлекеттері арасындағы қайшылықтарға қарамастан, профессор Қарлы-

ханов биік мәмілегершілік пен жоғары мәдениеті арқасында ортақ істің алға жылжуына себепкер бола білген. Сонымен қатар, келіссөздердегі ұғындыру қабілеті, жылы шырайы бұл азаматтың атқару комитетімен тығыз әріптестікте болған Германия, АҚШ, Франция, Ресей, Литва, Белоруссия мамандары арасында абыройға ие болған.

Өмірде мүмкіндік пен несібені орнымен, ретімен пайдалану, іске асыру, дамыту әркімнің қолынан келмейді. Төрехан інімізге Жамбыл қаласында жоғары білім алуға мүмкіндік туды. Дегенмен, сол заманда институт қабырғасындағы студентке «сен жақсы оқы» деп көп үгіттемейтін. Сондықтан, жақсы оқитындар оқуын жалғастырып, нашар оқитындар қатардан шығып қала беретін. Ол уақытта жүз адам оқуға қабылданса, соның шамамен елуі ғана бітіретін.

Біздің кейіпкеріміз оқуды үздік тәмамдады. Мұны – бір деңіз. Оқуды үздік бітірген жас маман Жамбылда оқытушылық қызметке қалдырылды. Оқытушылық мол тәжірибе жинақтап, Мәскеуде ғылым кандидаты атағын қорғады. Осыны – екі деңіз. Елден ұсыныс келгенде Қызылордаға жұмыс ауыстырды. Кафедра меңгерушісі, факультет деканы, институттың проректоры қызметтерін атқарып, абырой-атағы өсті. Бұны – үш деңіз. Көп ұзамай күріш ғылыми-зерттеу институтына жаңа басшы қажет болды. Таңдау оған түсті.

Институт директорлығы Төкеңнің қызметтік өрлеуінің шыңы болды десек, артық айтқандық емес. Қандай нәтижеге жеткендерін жоғарыда ашып айттық. Осыны – төрт деңіз. Қарлыханов үш жыл Алматыда жоғары беделді халықаралық ұжымда биік лауазымды қызметті ойдағыдай атқарып ауылға келді. Жәй келген жоқ, шетелдік ғалымдар қауымдастығына кіріп, белгілі тұлға болып оралды. Демек, Төрехан Қарлыханұлы – өмірде айы оңынан туған тұлғалы азамат. Соңына қалдырған игі істері, айтқан өнегелі сөздері, жазған еңбектері мен кітаптары арқылы ол өзіне биік ескерткіш орнатып кеткен тұлға.

Ол өнегелі Алманы өмірлік жар қылып таңдады. Болмысына ақылы сай Алма Төкеңнің алаңдамай елге қызмет етуіне молынан жағдай жасап көмектесті. Азаматтың басты міндеті – ұрпақ өсіріп, тәрбиелеу. Сол ұрпақ өз кезегінде ата-ананың игі істерін жалғастырып, ел қамына жарауы қажет. Төрехан Қарлыханұлының балалары: Ардақ – кедендік басқарманың белді маманы, Гүлнұр – әке жолын қуып университетте үлгілі ұстаз, ғылым кандидаты, Жайна – «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясында жемісті қызмет атқарады. Өмірін білім мен ғылымға арнаған тұлғалы азаматтың артында қалған әулеті мен ұрпағына амандық, бақ-береке тілейміз.

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,**
**Қорқыт ата атындағы**
**мемлекеттік университеттің профессоры.**

**«Сыр бойы» газеті, 17.10.2019 ж..**

# БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Жерімізге сұғынған жатжұрттықтармен соғыста және ұлт-азаттығы жолында жан аямай күрескен батыр тұлғаларымыздың жарқын істерін кеңінен дәріптемей, шынайы патриоттарды тәрбиелей алмаймыз. Азаттық таңының атуы үшін сан ғасырлар бойы егеулі найзасы қолдан түспей күрескен батырларымыз келешек ұрпаққа отаншылдықтың өміршең өнегесін, тамаша ғибрат үлгісін көрсетіп кетті. Осыған байланысты батырлар институтының қазақ қоғамындағы орны әлі де болса жан-жақты қарастырылуы қажет. Несін жасырамыз, аталған санатқа жататын көптеген жеке тұлғалардың өмір жолдары, елге жасаған еңбектері әлі кеңінен зерттеле қойған жоқ.

XVII-XIX ғасырларда қазақ қоғамында батырлардың рөлі ерекше болды. XVIII ғасырдың ортасында Жоңғар шапқыншылығына түпкілікті тойтарыс берген халқымыз, XIX ғасырдың алғашқы жартысында, сондай-ақ осы жүзжылдықтың орта тұсында ауыр тарихи кезеңді басынан кешіріп, екі бүйірден қысымға түсті. Ол бір жағынан бүкіл шығысқа үстемдік орнатуды көздеген Ресей империясы еді. Әбілқайырдың өтінішін желеу еткен орыстар 1735 жылы Ор бекінісін тұрғызды. Бірнеше жылдан кейін орны ауыстырылып, Орынбор аталған бұл қамал-қала кіші орда қазақтарының жерін отарлаудың мықты тірегіне айналды. Тура 112 жылдан соң Сыр өңіріндегі алғашқы бекінісінің негізін қалады (Арал бекінісі, 1847 жылы), яғни, Орскіден 1000 шақырымдай жерден (әрі кетсе екі айлық жол) Арал бекінісін салу үшін бір ғасырдан астам уақыт керек болды. Кедергі келтіргендер кім? Жауап біреу – осынша уақыт Ресей экспансиясына тосқауыл болып жолында тұрған, атамекені үшін жан беріп, жан алысқан батыр бабаларымыз.

Екінші жағынан Сырдарияның сол жағалауындағы жерлерге бекіністер салу, есепсіз алым-салық жинау және т.б. әрекеттер арқылы өктемдік еткен Орта Азия (Хиуа, Қоқан) хандықтары еді. Хиуа хандығы 1812-1816 жылдары жүргізген басқыншылық шараларынан соң Сырдарияның төменгі ағысындағы Қуаңдарияның бойында 200 адамдық гарнизонға арналған Құрытөбе, кейінірек Қазалыға жақын тұстан Жаңақала және Қожанияз бекіністерін тұрғызды. Қоқан хандығы 1815-1820 жылдары Сырдарияның оң және сол жағалауында Жаңақорған, Ақмешіт, Күмісқорған, Жүлек, Қосқорған, т.б. бекіністерін салды.

Жатжұрттық басқыншыларға әрі олардың шексіз озбырлығына қар сы XIX ғасырдың 30-70-жылдарында ірі-ірі көтерілістер болды. Мұндай күресті Сыр бойында Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Сыздық Кенесарыұлы, Пірәлі Өтетілеуұлы, Жарылқап Манасұлы, Әзберген Мұңайтпасұлы, т.б. би-батырлар өрістеткені белгілі.

Демек, жоңғар шапқыншылығы тудырған ел тарихындағы сындарлы кезеңде де, Ресейдің екі ғасырға созылған отарлау саясатына қарсы күрескен де, іргедегі жатжұрттықтарға ар-намысын таптатпаған да батырларымыз болатын. Патша өкіметі, кейіннен кеңестік билік жүргізген отарлық саясаттың құрамдас бөлігінің бірі – батырлардан құтылу арқылы қазақ халқын жуасыту еді. Осындай жымысқы әрекеттер нәтижесінде қазақ жерінің тәуелсіздігі мен

бүтіндігінің жоқшысы – батырлар әлеуметтік топ ретінде өмір сүруін тоқтатты. Десе де әкімшіл-әміршіл жүйе азаттық рухының өміршеңдігін жоя алмады. Ол халық жүрегінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Бұған жарқын дәлел – 1986 жылғы 17-19 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметіне қарсы көтерілісі.

Қай заманда да тарихшылар биліктің, күштінің ығына есіп, күлшелінің сойылын соққаны дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Қазіргі қоғамымызда кеңестік кезеңдегі сана- сына сіңірілген (ұлттық мүддемізге қарсы) тұжырымдарды ақиқаттың шыңына балап жүрген «оқымысты» азаматтар баршылық. Кеңестік таптаурын жолдан шыға алмай жүрген осындайлар бабаларымыздың ел қорғаудағы ерліктерінің ауқымын жоңғарлармен (құба қалмақтармен) болған соғыспен ғана шектегісі келеді. Тәуелсіз мемлекет болғанымыздың өзіне отыз жылдай уақыт өтсе де, тарихымызға, тіліміз бен ділімізге аяусыз соққы берген коммунистік дәуірдің өлшемдері олар үшін әлі қымбат қазына іспеттес. Бұл феноменді әлеуметтанушылар, философтар мен психологтар жүйелі талдауы қажет. Сонда ғана өзге елдің идеологиясына табынатындар қатарын азайту тетіктерін таба аламыз және өз кезегінде болашағымызды бекемдей түсеміз.

Ел басына күн туғанда халықтың рухын көтеріп, топтастыратын батырлардың өнегесі. 1941-1945 жылдардағы КСРО-Германия арасындағы соғыстың бастапқы кезеңінде коммунистік партия басқарған Одақтың тағдыры қыл үстінде болғаны баршаға аян. Жалаң ұранмен елдің, әсіресе орыс халқының рухын көтере алмайтынын түсінген большевиктер бұрынғы өткен тарихи тұлғалардың ерлігін насихаттауды, өз Отаны алдындағы еңбектерін үлгі етуді жедел қолға алды. Қазан төңкерісінен кейін үстем тап өкілдері санатында ұмыт қалған көптеген көшбасшы-қолбасшылардың есімі қатарға қосылды. Алайда Германияны тізе бүктірген соң аталған тақырып өзектілігін жоғалтып, күн тәртібінен тез түсті. Қазақтың кейбір беткеұстар тарихи тұлғалары туралы жазған тарихшыларымыздың қуғынға ұшырап, қамалғаны да осы кезең.

Жақсы-жайсаңдарымызды жарыққа шығарудың екінші кезеңі өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Қазақстанның Ресейге «өз еркімен» қосылуының 250 жылдығын (1981 жылы) атап өтуге дайындық жұмыстары аясында басталды. Кеңес үкіметі бұл датаны насихаттау ісіне қаржыны үйіп-төкті. Көптеген көркем шығармалар мен ғылыми еңбектер жарық көрді. Әсіресе, біреудің ерлігін біреуге телитін, барды көрсе де көрмей, жоқтан бар жасап, қиялымен қиянға жеткізетін, оңтайына келмейтін тұсын қызыл сөзбен көмкере білетін жазушылар қауымының наны жүрді. Кезінде жазушылар шығармаларында шегенделген шоғыр елге еткен еңбектері тарихи деректермен ғылыми дәйектеле қоймаса да, отандық тарихнамадан орнын ойып алды. Тәуелсіздік жылдары шаңнан аршылған талай жаңа есімдер бұрын әспеттелгендердің көлеңкесінде қалғандай.

Айтылғанды нақты мысалдармен өрнектеген орынды. Еліміздегі іргелі білім-ғылым ордаларының бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдарының 2000 жылдардан бастап жүргізген ынталы ізденістерінің

нәтижесінде Сыр өңірінен соңғы төрт ғасырда шыққан 500-ден астам батырдың тізімі жасалды. Ұлтымыздың алғадай перзенттерін ғылыми айналымға қосу мақсатында ғылыми конференцияларда баяндама жасағанда басқа оқу орындары ғалымдарынан еститініміз: «бір өңірден мұндай көп батыр шығуы мүмкін емес», «ауыл арасындағы ұрда-жықтың бәрін батыр деуге болмайды», «батырлардың санын көбейте бермей, бұрыннан белгілі (яғни, кеңестік кезеңде айқындалған) тұлғалардың маңайына топтасайық», т.с.с. қыршаңқы сөздер. Бұларға қоса «ешкім білмейтін қайдағы біреулерді әспеттейсіңдер», «өз руластары мен ата-бабаларын насихаттайтындар көбейіп кетті» деген сипатта уәж айтатын кертартпаларымыз да аз емес. Соңғы жылдары жарық көрген тарихи энциклопедиялар мен өлкетану оқулықтарында да кемшіліктер баршылық.

Белгілі бір топты ғана асқақтатып, қалғандарын аласарту «Мәңгілік ел» мүддесіне қызмет етпейді. Кеңестік кезеңде есімдері шегендел- ген бірнеше тұлғаны ғана дәріптеу қазақ еліне жау тек шығыстан кел- гендей түсінік қалыптастырады. Ал бұл – кешегі кеңестік биліктің өткен тарихымызға қатысты жүргізген залым идеологиясының сарқыншағы. Сондықтан қазіргі әлемдік геосаясат алаңында ізбасарлары бар мемлекеттердің экспансиясынан туған жерімізді жанын аямай қорғаған батырларды ұлықтау мәселесін алға шығарғанымыз жөн.

Тағы айтарымыз, үлкен ұрыстың тағдырын бір адам қаншама батыр болса да шеше алмайды, әлемдік тарихнама ондай мысалдарды білмейді. Қолбасшылардың соңында үлкендікішілі жүздеген сардар, мыңдаған қатардағы сарбаз тұрды. Жауды сан мыңдап қырған, өздері де қандарын төгіп, жандарын аямаған және осы қадамдары арқылы талай қантөгісті ұрыстардың тағдырын шешкен сондай қарапайым қандастарымыз.

Қазақ жеріне қамалдар салу арқылы мысықтабандап енген орыс отаршылары біртіндеп хандық билікті шектеп, қазақ даласындағы ықпалын күшейте түсті. Мықтап орнығып алған соң хандық басқару жүйесін, яғни қазақ мемлекеттілігін жойды. Ендігі жерде билік ру басшыларына қалды. Қол астындағы жұрттың тірлігін сақтау бағытында біреулері орыс отаршыларына қарсы одақтас іздесе, біреулері уақыт өте келе отаршылар дәргейіне мойынсұнуға мәжбүр болды. Енді біреулері жан-жақтан анталаған түрлі басқыншылармен өз бетінше арпалысты. Ел тарихындағы сындарлы кезең бұрынғы батырлық дәстүрдің ізбасары іспетті жаңа азаматтарды дүниеге әкелді. Олардың әрқайсысы өз ауылына, өз жеріне қорған болу арқылы елдің намысын бермеді, ұлттық рухымыздың өміршеңдігін паш етті.

Қазақ қоғамының негізін бағзы замандардан ауыл халқы құрап келді. Ал қиюы кеткен сол кезеңдерде де бұл үрдіс сақталғаны ешқандай құпия емес, яғни, халық арасынан батырлардың көп шығуы – заңды құбылыс. Қазақстан тарихы жөніндегі үстірт пікірлер жеке тұлғалардың жете зерттелмегенімен тығыз байланысты. Бұл ғалымдар тарапынан соңғы кездері ғана көтеріліп жүр. Кеңестік кезеңде сол кездегі ағымға қарсы болуы немесе іздеушісі болмауы салдарынан көптеген саңлақтарымыз тасада қалып қойды. Осынау еліміздің

бүтіндігі, жеріміздің тұтастығы, ұлтымыздың азаттығы жолында жанын аямай күрескендерді немесе отаршылар тарапынан қуғын-сүргінге ұшырап, ұзақ жылдар теперіш көргендерді негізсіз кемсіту фактілерін енді болдырмауға тиіспіз.

Өкінішке қарай, өткен заманда жеке өзінің немесе өз тобының мүддесін ұлт мүддесінен жоғары қойғандар да болмай қалмады. Кейбір жалпақшешей саясаткерлер басыбайлы бодандықты таңдаған осындайлардың іс-әрекетін «кемеңгерлік, көрегендік пен тағаттылықтың көрінісі» деп жастарымызға үлгі-өнеге етуде. Зердесі бар кім-кім де ұлтымыздың басынан өткен отаршылдықтың есепсіз ойраны мен нәубет-зобалаңына аталғандардың қатысы барлығын біледі, сезінеді, түйсінеді.

Тарихнамадағы ақтаңдақтардан арылу, халқымыздың беткеұстар саңлақтары туралы тың деректерді ғылыми айналымға қосу, бұрынғы қапысыз ақиқатқа баланған тұжырымдарды жаңаша пайымдау ісі, кейбір кедергілерге қарамастан, жолға қойылып келеді. Дей тұрғанмен, қолға алынған шаруаны қарқындату үшін «Отан тарихы» көптомдығына негіз болатын әр өңірдің тарихын кемінде 10 том етіп жазуды қолға алу, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» көптомдығын жаңартып, қайта басу, әр облыстың энциклопедиясын қайта шығару қажет. Қорқыт ата атындағы ҚМУ ғалымдарының «Сыр – Алаштың анасы», «Сыр өңірі батырлары» атты іргелі еңбектерді, «Сыр өңірінің тари- хы» атты оқу құралын қаржы тауып, жарыққа шығару да – игілікті іс.

Елдің, жердің бүтіндігі жолында шайқасқан күрескерлердің жарқын істерін кеңінен дәріптеп, насихаттауда теледидар мен кинотеатрларда көрсетілетін фильмдердің орны ерек- ше. Ал, бізде азаматтық тарихымызға арналған фильмдер жоқтың қасы. Отансүйгіштік сезім адамның бойында балалық шағынан, мектептегі кезінен қалыптаса бастайтыны белгілі. Ал біздің мектепке арналған оқулықтарымыз халқымыздың жатжұрттықтармен күресін баяндауда кеңестік таптаурын жолдан әлі толық шыға қоймағандай.

Жас өскінді ұлан-байтақ жерімізді біләктің күші, найзаның ұшы, ақылдың амалымен сақтап, бізге аманаттаған батырларымыздың өміршең үлгіөнегесін сіңіру арқылы тәрбиелеу ең абыройлы міндетіміз болып қала бермек. Батыр бабаларымыздың мұрасы – отаншылдық дәстүрін қайта түлету – ұлт дамуының басты стратегиясы. Халқымыздың жүрегіне жол тапқан «Мәңгілік ел» идеясы негізінің өзі осында.

**Қали ОМАРОВ,**
**ғалым, публицист**

**«Сыр бойы» газеті, 16.11.2019ж**

## ТАБИҒАТЫНАН ТӘЛІМГЕР ЕДІ

Зымырап бара жатқан уақыт жылдамдығына көз ілеспесейді. Тіршілік көшінде «Не бітірдім, не бітіруім керек, кімнің қамқорлығын көрдім, кімге

қарыздармын?» деген сауалдарға жауап іздегенде қиналған сәттерде ақыл қосқан, көмек қолын созғандардың ойыңа оралары ақиқат. Сондай жандар ойға түскенде «Апырым-ай, арамызда жүргенде сол азаматтардың қадірін түсіне алдық па, бағалай алдық па?» деген сұрақтар санаға салмақ салады.

Қазір заманнан ба, әлде адамнан ба, бәлкім «көзден кетсе – көңілден кетеді» деген рас па, әйтеуір бір кездері қамқорлығын көрген, тек мен ғана емес, талаптанып ғылымға қол созған көптеген жас мамандарға көмегін аямаған ағалардың өмірден озуы сол екен, ұмыта бастайтынымыз дағдыға айналып барады. Ал, университетке кейін келген жастар олардың кім болғандарынан да хабарсыз екен. Бұған не дерсің?!

Мен Сыр бойына белгілі қстаз, ғалым, физика - м а т е м а т и к а ғылымдарының кандидаты, профессор Ысқақ Қарқынбайұлы Қарқынбаевпен сонау 1980 жылдары танысқан едім. С.Киров атындағы ҚазМУ-ды бітіріп, жолдамамен Қызылорда пединститутына келдім, осы кезде Ысқақ ағамен кездейсоқ танысып, ол өзі меңгеруші болып қызмет ететін Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты Қызылорда филиалында жаңадан ашылған «Жоғары математика» кафедрасына жұмысқа шақырды. Алайда, мен Қызылорда қаласында қалғым келмейтінін, пединститутта да көп кідіре қоймайтынымды, елді сағынғанымды айттым. Әскері бар, оқуы бар 7-8 жыл отбасыңнан алшақ жүру де оңай емес екен, сонымен үш-төрт айдан соң мен Арал қаласына келіп, сондағы №14 орыс орта мектебіне математика пәнінің мұғалімі болып қызметке кірісіп кеттім. Алайда ағай мектеппен байланысып, маған «Көп жүріп алма, қарайып қаласың, сосын ғылымға беттемей қоясың» деп телефон арқылы шақыруын тоқтатпады. Мен ішімнен «Туысым емес, туғаным емес, мына кісі мені неге мазалай береді?» деп жүрдім. Бүгін ойлап отырсам, егер Ысқақ ағай солай қамқорлық жасамаса, ғылымға келер ме едім, келмес пе едім, келсем де қазіргі деңгейге, ғылым докторы, профессор деңгейіне көтеріле алар ма едім, бәлкім жете алмас па едім?!

Ағай арамызда болғанда биыл 80 жылдығын тойлар едік, тағдырдың жазуы шығар ұстаздың өмірден озғанына, міне, екі жылдан асып барады екен. Ол 1939 жылдың 17 қарашасында Жалағаш ауданы қазіргі Мырзабай ахун ауылында дүниеге келген. Осы ауылдағы жетіжылдық мектептің 5-сыныбын бітірген соң, Қызылорда қаласындағы «1 Мамыр» мектебі жанындағы пансионат-интернатта тәрбиеленіп, 1956 жылы бітіріп шықты. Оқушы кезінде математика пәніне деген қызығушылығымен, зеректігімен көзге түскен Ысқақ ағай, 1956 жылы ұстаздарының жол сілтеуімен Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика бөліміне оқуға түсіп, оны 1961 жылы бітіріп шығады.

1961-1962 жылдары Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы №171 мектепте физика және математикадан дәріс берген ол 1962-1971 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектептің мұғалімі және өндірістік оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. «Білімімді жетілдірсем, ғылым жолына түссем» деген арман оны 1971 жылы өзі бітірген физика-математика факультетінің математика кафедрасына оқытушы қызметіне әкелді.

1973-1978 жылдары Т.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің «Дифференциалдық және интегралдық теңдеулер» кафедрасында академик А.Самойленконың жетекшілігімен стажер болып бастап, содан кейін аспирантурада оқыды. 1979 жылы осы университеттің арнайы мамандандырылған диссертациялық кеңесінде профессор А.Самойленконың және физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Перестюктің жетекшілік етуімен «Исследование слабо нелинейных систем с переключением и систем с импульсным воздействием» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап, физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Кейінірек ағай бір көңілденіп отырғанында Киев университеті туралы сөз қозғалса, «Сендердің ағайларың қырық жасында, қырқыншы дәрісханада кандидаттық диссертация қорғаған, оны білесіңдер ме?» деп қалжыңдайтын. 1980 жылы ол Жамбыл гидромелиоративтікқұрылыс институтында жаңадан ашылған «Жоғары математика» кафедрасына меңгеруші болып сайланды. Ысқақ Қарқынбайұлы кафедра жұмысын дұрыс жолға қоя білді және ол жұмысты жоғары деңгейге көтерді. Кафедраның жас оқытушыларының Кеңес Одағының ірі қалаларында аспирантурада оқуына жағдай жасады. Кафедра меңгерушісі болып істеген жылдары Р.Рахметова, Ғ.Баканов, Е.Әбжанов, Е.Батырбаев, Б.Жанмолдаев және т.б. оқытушылар Воронеж, Киев, Москва, Новосибирск сияқты ірі қалалардың оқу орындарына аспирантураға жіберілді. Оқытушылардың біліктілігін көтеру, студенттердің үлгірімін қадағалау, кафедраның материалдық базасын нығайту назардан тыс қалмады. Мәдениетті, киімді аса талғаммен киетін, оқытушыларға да, студенттерге де ешқашан дауыс көтермей сөйлейтін, жастарға жол көрсетуден, ақылын айтудан жалықпайтын Ысқақ ағай бүкіл ұжымның құрметіне бөленді. Студенттердің, оқытушылардың, әсіресе жас оқытушылардың сүйікті тәлімгеріне айналды. Ол кафедраны 1980-1989 жылдары басқарды, 1986 жылы доцент атағын иеленді. 1990-1997 жылдары Ы.Жақаев атындағы КИИАП-тың доценті, ал 1998 жылдан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, 2002 жылдан бастап жоғары математика кафедрасының профессоры болып жұмыс атқарды.

Ысқақ Қарқынбаев – 70-ке тарта ғылыми еңбектің және 4 оқу құралының авторы. Ғылымизерттеу жұмысының бағыты – импульстік дифференциалдық теңдеулерді зерттеу болды.

Ол бірнеше мерекелік медальмен, “Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі” белгісімен, Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатымен, Халық депутаттары облыстық кеңесінің Құрмет грамотасымен, Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған. Ысқақ ағаның жұбайы – Әлиакбарова Қаншайым апай да ұстаз, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері, зейнеткер. Төрт бала тәрбиелеп өсірді. Олардың жоғары білім алуына мүмкіндік жасады, он бір немере, бір шөбере сүйді.

Мәскеу, Алматы, Одесса, Свердловск, т.б. қалалар университтерінде ғылыми баяндамалар жасап, шетелдік ғылыми журналдарда мақалалары жарық көрген Ысқақ аға 2017 жылдың 10 ақпанында өмірден озды.

Жібек мінезді, жаны таза, адалдықтың ақ туын биік ұстаған, бүкіл ғұмырының 51 жылын жастарға ілім-білім беру ісіне арнаған ұлағатты ұстаз Ысқақ Қарқынбайұлы табиғатынан тәлімгер, болмысынан ұстаз болып жаратылған жан еді.

**Б.ЖАНМОЛДАЕВ,**
**техника ғылымдарының докторы,**
**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ профессоры**

**«Сыр бойы» газеті, 24.12.2019ж.**

# 2020 жыл

# ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Бимағанбет Ділманов (1929-2003жж.) Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогика институтында «Химия» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, музыкапедагогика факультетінің деканы болып 40 жылға жуық қызмет атқарды. Ол Сыр өңірінің, республиканың орта мектептеріне химия пәні мұғалімдерін даярлау ісіне қажымай еңбек еткен ғалымпедагог болатын.

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Фо лиант» баспасынан Білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғарыдан кейінгі оқу орындарының білім алушыларына оқу құралы ретінде ұсынған Б.Ділманов пен А.Тапалованың «Жалпы және бейорганикалық химия практикумы» атты оқулығы жарық көрді. Айта кетейік, аталған оқу құралы Б.Ділмановтың 1972 жылы Алматы қаласындағы «Мектеп» баспасынан жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Жалпы және анорганикалық химия практикумы» атты оқу құралы негізінде жазылды. Бұл практикумды Бимағанбет Медеуұлының жазуының өзі де кездейсоқтық емес еді, себебі ол жаратылыстану факультетіне түскен 1-курс студенттерінің ең алғаш оқитын қиын да, қызық химия пәні – «Бейорганикалық химия» пәнінен дәріс оқып, лабораториялық практикумды өзі жүргізетін. Сол кезеңде қазақ бөлімінің студенттеріне арналған оқулықтар, лабораториялық практикумдар тек орыс тілінде ғана болып, қазақ тілді студенттерге айтарлықтай қиындық тудыратын.

Б.Ділмановтың осыдан 48 жыл бұрын жарық көрген сол кітабы республика бойынша қазақ тілінде жазылған химиялық алғашқы еңбектердің бірі екенін еске алсақ, оның құндылығы айтпаса да түсінікті. Практикумды жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, орта мектептің химия пәнінің мұғалімдері осы уақытқа дейін пайдаланып келеді. Кітаптың 2-басылымы 2009 жылы Астана қаласындағы «Сарыарқа» бас пасында жарық көрген болатын.

Оқу құралы педагогикалық мамандар даярлайтын ЖОО «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері» және «Элементтер химия сы» пәндерінің бағдарламаларына сәйкес оқытылатын тараулардың теориялық материалдарын жүйелеп, анализдеу үшін қажетті зертханалық жұмыстардан, шығарылу жолдары көрсетілген мысалдардан, студенттің химиялық ойлау қабілетін дамытатын көптеген проблемалық сұрақтар мен есептерден тұрады. Оқулықта жалпы және бейорганикалық химияның барлық тақырыптары бойынша 450-ден астам тәжірибенің сипаттамалары, 500-ден аса сұрақ, жаттығу және есеп берілген. Қосымшасында есептеулер жүргізуге қажетті стандартты шамалардың кестелері, іргелі физикалық және физика-химиялық тұрақтылар мен кейбір өлшем бірліктердің арасындағы қатынастар көрсетілген.

Практикум жоғары оқу орындарының химия, химия-биология, экология бөлімдерінің білім алушыларына, мектеп оқытушылары мен химияға қызығушылық танытатын талапкерлерге арналып жазылған.

Оқу құралының қосалқы авторы Анипа Тапалова – техника ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы университеттің «Биология, химия және география» кафед расының профессоры. Бимағанбет Медеуұлының ісін жалғастырушы ізбасар шәкірті, кафедрада бірге қызмет жасаған әріптесі ретінде Анипа Сей далықызы Қорқыт Ата атындағы ҚМУ мектептен химия мамандығына 1-ші курсқа түскен студенттерге «Бейорганикалық химия» пәнінен дәріс беріп, лабораториялық практикумды жүргізеді. Анипа Сейдалықызы оқу құралын қазіргі заман талабына сай жетілдіріп, баспаға қайта шығаруға үлкен үлес қосты.

Б.Ділманов бұдан да басқа көп теген ғылыми-әдістемелік мақалалардың және ЖОО студенттеріне арнап Алматы қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Зәуре Ділмановамен бірге жазған «Жалпы химияның теориялық негіздері» (Қызылорда, «Тұмар» баспасы, 2009 жыл, 200 бет) атты оқу құралының авторы.

Шотландтық жазушы және ре форматор, ұлы адамдардың өмірбаянынан алынған фактілерге толы адамгершілік-философиялық сипаттағы кітаптардың авторы Сэмюэл Смайлс «Кітаптар өлмейтін қабілетке ие. Олар – адамзат қызметінің ең өмірлік жемісі» деген болса, Оноре де Бальзак «Рухында болашаққа ұмтылған жағдайда ғана кітап өміршең болмақ» дейді. Болашақ маман кадрларды даярлауда орны бар құнды оқу құралының өміршеңдігінің сыры да осы болар. Дана халқымыздың «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді» деген қанатты сөзі ұстаз-ғалым Бимағанбет Ділмановқа арнап айтылғандай...

**Гүлмира АБЫЗБЕКОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың қауымдастырылған**
**профессоры, химия ғылымдарының кандидаты.**

**«Сыр бойы» газеті, 6.01.2020 жыл**

## КҮРІШ ҚАЛДЫҒЫНАН КӨМІР АЛҒАН ҒАЛЫМ

Абай жылында бастаған ғалымтану бағытындағы «Ғылым таппай мақтанба» атты жобамызды мұнай шламынан (қалдығы) қайтадан мұнай және күріш қауызы мен сабанынан белсендірілген көмір алған ғалым Нұрбол Аппазов туралы таныстырумен жалғастырмақпыз.

Күріш қауызынан белсендірілген көмір алу идеясы Нұрбол Орынбасарұлына 2017 жылы Португалияға барған сапарынан кейін келіпті. Бұған дейін белсендірілген көмір әдетте тек ағаштан ғана алынатын. Ал португалдықтар әртүрлі органикалық, оның ішінде өсімдік қалдықтарынан белсендірілген көмір алумен айналысады. Отандық ғалым осы тәжірибені өзі туып-өскен және еңбек ететін Сыр өңіріндегі күріш қауызы мен сабанынан жасап көруді қолға алды. Елге келгеннен соң көп ізденді. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері де дәл осы әдіспен күріш қауызынан белсендірілген көмір алады екен. Қазақстанда да іске асырғандар бар. Бірақ күріш қалдықтарынан алынған бел-

сендірілген көмір қасиеті жағынан ағаштан алынғаннан нашар келетін көрінеді. Өйткені күріш қалдықтарының ағашқа қарағанда тығыздығы төмен. Осы мәселені шешу үшін зерттеуші тағы да терең іздене түсіп, күріш қалдықтарынан алынатын көмірдің тығыздығын арттыру жолын тапты. Бұл ретте оған өз өңірінде еш пайдаға аспай жатқан мұнай қалдығын қосу туралы ой көмектесті. Мұнай қалдығын күріш қалдықтарымен араластырып, сығып, ағаш сияқты тығыз күйге келтіріп барып белсендірілген көмірге айналдырғанда шетелдік мамандардың немесе Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары әзірлеген өнімінен кейіпкеріміздің белсендірілген көмірі қасиеті, яғни зиянды заттарды бойына сіңіріп алу жағынан жоғары сапалы болып шықты. Осы жұмыс барысында 3 бірдей патентке қол жеткізді. Алғашқысы күріш қауызы мен мұнай шламын бірге өңдеу (со-термолиз) әдісімен белсендірілген көмір алу; екіншісі күріш сабанынан белсендірілген көмір алу; содан соң күріш сабаны мен мұнай шламын бірге өңдеу әдісі бойынша ғылыми ізденістерін патенттеді.

Қаладағы Биотазалау стансасы кәріз құбырларынан жиналған нәжісті сүзіп алып, суын көлшікке апарып құяды. Ғалым өзінің жұмыс тобымен бірге сол көлшіктегі су құрамын зерттеді. Тұрғындар әжетхананы түрлі химиялық заттармен жуады, тазартады. Ғалым химиялық заттар құрамына қосылған, бойына тараған суды өзі жасаған белсендірілген көмірмен (сабан мен мұнай шламы араласқан түрі) тазартты. Сонда өнертабысының 1 килосы 1000 литр суды тазарта алатын күшке ие екеніне көз жеткізді. Лас суды ауыз су деңгейіне дейін тазартуға болады екен, бірақ кейіпкеріміз химик болғандықтан судың тек химиялық құрамын зерттеумен шектелді.

Қалай болғанда да ғалымның бір бағыттағы зерттеуі бірден екі өзекті мәселені шешіп отыр. Ғалымның айтуына қарағанда, Қызылорда облысы жылына 500 мың тонна күріш өндіреді және дәл осыншама мөлшерде қалдық қалады. Ал оны өртегенде ауаға қаншама зиянды заттар тарайды. Мұнай қалдығын өртеуге, көмуге болмайтындықтан жай ғана резервуарларда сақтап отыр. Міне, құр жатқан қалдықтарды, ауаны ластайтын мұнай шламын да, күріш сабаны мен қауызын да кәдеге жаратуға болады. Яғни, кәріз суларын тазартуға, медицинада, күнделікті тұрмыста және бағалы металдар өндірісінде кеңінен қолданылатын белсендірілген көмір алынатынын дәлелдеді. Қажетсіз қалдықтан пайдалы өнім шығарып қоғамға, адамзатқа, экономикаға, экологияға қаншама есе пайда келтіріп, игі іс істеуге болатынын көрсетті.

Бұл жобалары Ғылым комитетінің 27 млн теңгеден аса қаржылай қолдауымен зерттеліп, патенттелгені болмаса, өкінішке қарай, әлі өндіріске енгізілмеді. Алдағы уақытта кейіпкеріміз кәріз суларын және басқа да өндіріс орындарының қалдық суларын тазалау бойынша ұсыныстар бермек.

Дегенмен, кейіпкеріміздің Ғылым қорынан 430 млн теңгеге қаржыландырылып, өндіріске енгізілген жобасы да бар. Бұл – мұнай шламынан қайтадан мұнай алу технологиясы. Мұнай алу, дайындау, өңдеу кезінде 1-1,5 пайыз мөлшерінде мұнай шламы түзіледі. Мұнай шламы дегеніміз – мұнай мен су, тұздың бір-бірімен бөлінбей қалған қойыртпақ, қара түсті болып келетін қоспасы.

Ешкім оны қазір өңдеумен айналыспайды. Өйткені оның шығыны мұнайды өңдеуге кететін қаржыдан асып түседі. Ғалым өзінің жұмыс тобы және бизнес-әріптесімен бірігіп осы жұмыстың шығынсыз әдісін іске қосты. Бұл үшін кейіпкеріміз бастаған топтың жалғыз талабы бар: мұнай шламындағы мұнайдың мөлшері 20 пайыздан төмен болмауы керек. Әр өндіріс орнынан шығатын мұнай шламының мөлшері, құрамы әртүрлі. Мәселен, «Құмкөл» кен орнында жинақталған мұнай шламындағы мұнайдың мөлшері – 30 пайыздан жоғары, өңдеу тиімді. Ғалым өзінің зерттеу тобы, бизнес-әріптесі мен мұнай компаниясымен серіктестікте жүргізілген жұмыстың нәтижесінде күніне 5 текше метр мұнай шламын өңдейтін қондырғы ойлап тапты. Осы жаңа технологиямен Германияда жасалған қондырғыны ғалымның студент, магистрант, жас ғалым деңгейіндегі шәкірттері өндіріске енгізу бағытында белсене жұмыс істеп жатыр.

Нұрбол Орынбасарұлы бүгінде өзі білім алған Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы Химиялық зерттеулер және технологиялар институтының директоры қызметімен ЖОО-ның Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры міндетін қоса атқарып жүр. Еңбегі де еленіп, 2010 жылы талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияны, «Қазақстан Республикасының үздік оқытушысы – 2016» грантын иеленді және Қазақстан ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін берілетін төсбелгімен марапатталды. Кейіпкеріміздің монография, оқу құралдары, шетелдік және отандық беделді ғылыми басылымдардағы мақалалар, халықаралық ғылыми конференция материалдары түріндегі 230-ға жуық ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде өнертабыс, инновациялық, пайдалы модель түріндегі 40 патенті бар. Сондай-ақ ол – химия ғылымдарының кандидаты, профессор, Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі.

**Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,**

**«Егемен Қазақстан» газеті, 13.02.2020 жыл**

## РЕЙТИНГ ВУЗА КАК ПОКАЗАТЕЛЬ ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

В современном обществе значение качественного образования неуклонно возрастает. В Послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана отмечается, что «мы должны направить все наши усилия на повышение качества образования» [1]. Именно оно сегодня – «путь к успеху и главный инструмент развития экономики» [2].

Одним из признанных в мире механизмов оценки качества являются рейтинги учебных заведений, в первую очередь вузов. Попадая в мировой или национальный рейтинг на ведущие места, университет резко повышает свою привлекательность не только для абитуриентов, но также для работодателей,

инвесторов и государства, которое может обеспечить его дополнительными грантами.

Высокие позиции вуза на глобальном уровне представляют собой серьезный вклад в формирование имиджа страны, а по мере глобализации рынка образовательных услуг обеспечивают рост уровня человеческого капитала в регионе, привлечение инвестиций, а также увеличивают долю образовательных услуг в структуре экспорта страны. Оснований для этого достаточно: по данным экспертов Всемирного доклада по мониторингу образования и Международного института планирования образования при ЮНЕСКО, в настоящее время более чем из 200 млн студентов мира по зарубежным университетам активно перемещается около 5,2 млн человек. При этом на долю Германии и Франции приходится до 9% от общего количества иностранных студентов, России - 5%, в то время как США и Великобритания привлекают около 40% иностранных студентов. По данным Центра Болонского процесса и академической мобильности МОН РК, в 2018 году общая численность иностранных граждан, обучающихся в вузах страны составляла 18 809 чел. (2017г.- 10 399 чел.). Из них по уровням образования: в бакалавриате - 18 386 человек, в магистратуре - 381 и в докторантуре - 42 человека. В 2017 году в бакалавриате обучались 9 942 иностранных граждан, в магистратуре - 422 и в докторантуре - 35 человек. Таким образом, доля иностранных обучающихся от общего контингента обучающихся вузов страны составляет 4% [3].

В Государственной программе развития образования и науки РК на 2020-2025 годы обозначено, что доля иностранных студентов в системе высшего образования, от общего количества студентов, должна достигнуть к 2025 году - 10% [4].

Основными показателями эффективности и качества университета в большинстве рейтингов является результативность его деятельности по таким направлениям, как образование, наука, интернационализация и коммерциализация. Однако, несмотря на видимую схожесть, рейтинги довольно сильно различаются – набором, числом оцениваемых индикаторов, а также системой весовых коэффициентов и т. д. Поэтому вуз выбирает участие в том или ином рейтинге исходя из своей миссии.

Миссией КГУ имени Коркыт Ата является подготовка конкурентоспособных и востребованных специалистов с высшим и послевузовским образованием, ориентированных на решение вопросов индустриально-инновационного развития всех сфер экономики Кызылординской области и Республики Казахстан.

Исходя из этого, стратегическая задача нашего университета - высокие позиции в национальных рейтингах и вхождение в мировой рейтинг высших учебных заведений.

Ежегодно Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата принимает участие в трех рейтингах:

- Национальном рейтинге лучших вузов Казахстана;
- Национальном рейтинге востребованности вузов РК;
- *QS World University Rankings*.

Национальный рейтинг лучших вузов Казахстана проводит Независимое казахстанское агентство по обеспечению качества в образовании (НКАОКО) с 2010 года. Учебные заведения представлены по следующим направлениям: многопрофильные, технические, гуманитарно-экономические, педагогический, медицинские и вузы искусства. Для всесторонней оценки высших учебных заведений используется три показателя. Первый определяется параметрами образовательной и научно-исследовательской деятельности вузов, второй и третий - репутационный, отражает мнение представителей академических и научных кругов, оценку работодателей.

Позиции КГУ имени Коркыт Ата в Национальном рейтинге лучших многопрофильных вузов Казахстана представлены ниже:

2011 год – 17 место
2012 год – 15 место
2013 год – 14 место
2014 год – 11 место
2015 год – 13 место
2016 год – 10 место
2017 год – 9 место
2018 год – 9 место
2019 год – 9 место

Положительная динамика роста позиций университета в рейтинге обусловлена улучшением показателей по следующим ключевым критериям:

- увеличено количество образовательных программ (специальностей) подготовки с 84 до 103;
- возросло число студентов-победителей на научно-практических конференциях, олимпиадах в Казахстане и странах СНГ (1-3 места) с 66 до 231;
- увеличено число студентов-победителей на научно-практических конференциях, олимпиадах в дальнем зарубежье от 0 до 62;
- увеличен общий объем финансирования НИР за последний календарный год (государственное и негосударственное финансирование, международные гранты) от 17 368,533 до 386 892, 349 тыс. тенге;
- возросло число международных обменов, командировок (включая по стипендиям Болашак) преподавателей и сотрудников с 15 до 101.

Национальный рейтинг востребованности вузов Республики Казахстан, проводится Независимым агентством аккредитации и рейтинга (НААР) с 2014 года.

Данный рейтинг ранжирует образовательные программы вузов по 4 индикаторам:

- высокая концентрация талантливых студентов, преподавателей и исследователей,
- академическая мобильность,
- конкурентоспособность выпускников,
- конкурентоспособность научных публикаций преподавателей, магистрантов и докторантов специальности.

Ежегодно НААР представляет тройку лидеров ранжирования образовательных программ бакалавриата-магистратуры-докторантуры, а также

Генеральный рейтинг по направлениям подготовки специалистов и Топ-50 лучших преподавателей вуза.

С 2014 года в тройку лидеров постоянно входят следующие образовательные программы КГУ имени Коркыт Ата:

5В010400 Начальная военная подготовка

5В011300 Биология

5В072900 Строительство

5В073000 Производство строительных материалов, изделий и конструкций

6М011300 Биология

6М011400 История

6М011700 Казахский язык и литература

6D073000 Производство строительных материалов, изделий и конструкций

В Генеральный рейтинг ППС вузов Республики Казахстан (TOP-50) вошли 8 преподавателей нашего университета:

Бисенов Кылышбай Алдабергенович (2015 г.)

Таутенов Ибадулла Айгалиевич (2017 г.);

Удербаев Сакен Сейтханович (2014, 2015, 2017 гг.);

Токтамысов Асет Мырзаханович (2015 г.);

Абжалелов Бахытбек Байдосович (2016,2017, 2018 гг.);

Аппазов Нурбол Орынбасарович (2017, 2018 гг.);

Турешбаев А.Т. (2018 г.)

Айтимова Улзада Жолдасбековна (2014 г.)

С 2015 года наш университет принимает активное участие в мировом рейтинге высших учебных заведений QS World University Rankings, который рассчитывается по методике британской консалтинговой компании (Quacquarelli Symonds QS) и считается одним из наиболее влиятельных глобальных рейтингов высших учебных заведений.

Составители рейтинга используют **шесть критериев оценки:**

*- академическая репутация (вес критерия в рейтинге –* **40%;** *вычисляется на основе международного опроса ученых);*

*- репутация среди работодателей (***10%;** *вычисляется на основе международного опроса работодателей);*

*- соотношение профессорско-преподавательского состава и студентов (***20%;***данные университетов и открытых источников);*

*- научное цитирование публикаций (***20%***; количество цитат на одну статью, рассчитанное на основе данных* Scopus/Elsevier*);*

*- доля иностранного профессорско-преподавательского состава (***5%;** *данные университетов и открытых источников);*

*- доля иностранных студентов (***5%***; данные университетов и открытых источников).*

Ежегодно агентство анализирует показатели более 2900 вузов из 21 страны мира, в том числе Чехия, Польша, Турция, страны СНГ и Прибалтики и определяет ТОП -300 лучших высших учебных заведений стран Восточной Европы и Центральной Азии (QS EECA).

В 2018 году в ТОП-300 лучших университетов вошел и Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, заняв 273 место.

Таким образом, достойные позиции нашего университета в национальных и мировом рейтингах - это очередное подтверждение и признание качества образования в нашем университете, в результате кропотливой работы всего коллектива КГУ имени Коркыт Ата. Однако мы не должны останавливаться на достигнутом, необходимо прилагать усилия для улучшения своих позиций в рейтингах по следующим направлениям:

- активнее реализовывать совместные образовательные программы с зарубежными вузами;
- разрабатывать образовательные программы на английском языке;
- привлекать иностранных преподавателей и студентов;
- развивать международную академическую мобильность для студентов и преподавателей университета;
- расширять проведение совместных научных исследований с зарубежными университетами и научными центрами;
- коммерциализовывать научные разработки;
- а также увеличить количество публикаций ППС и обучающихся в мировых научных журналах.

Реализация данных направлений, на наш взгляд, окажет довольно существенное влияние на эффективность деятельности вуза, на его последующее развитие. Однако, надо не забывать, что рейтинги, внимание к которым постоянно возрастает, не самоцель, но важный инструмент, позволяющий оценивать эффективность работы вуза. А улучшение позиций в рейтингах является следствием развития университета.

**Список использованной литературы:**

1. Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 2 сентября 2019 года.

2. Ключ к развитому государству – качественное образование // Казахстанская правда. 2019 год, 19 августа.

3. Аналитический отчет по реализации принципов Болонского процесса в Республике Казахстан, 2018 год. – Астана: Центр Болонского процесса и академической мобильности МОН РК, 2018. 64 с.

4. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы, утверждена Постановлением Правительства РК № 988 от 27 декабря 2019 года.

**Жанна ЖАКСЫЛЫКОВА,**
**Начальник отдела стратегического планирования,**
**мониторинга и управления качеством КГУ имени Коркыт ата**

**Елена МИЛОВА,**
**Руководитель группы стратегического развития**
**КГУ имени Коркыт ата, к.ю.н, доцент**

## ҚЫЗЫЛОРДА: АЙМАҚТЫҚ БАҚ-ТА УНИВЕРСИТЕТ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде облыстық «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Qyzylorda» телеарнасында оқу орнындағы қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының филиалдарын ашу жөніндегі кездесу өтті.

Республикалық және жергілікті БАҚ өкілдері қатысқан шарада университет ректоры Бейбіткүл Кәрімова аймақтағы білім мен ғылымның қарашаңырағы саналатын іргелі оқу орнындағы бастамалар жайлы баяндады.

Білікті маман даярлау қай оқу орнының да алдында тұрған басты міндет. Осы мақсатта алдағы сәуір айында мектеп бітірушілер арасында облыстық пәндік олимпиадалар өткізіледі. Соның қорытындысына сәйкес сұранысқа ие мамандар даярлау үшін университет тарапынан 2020-2021 оқу жылында қабылданатын түлектерге ректор гранты және өндіріс орындары жетекшілері, кәсіпкерлер гранттары бөлінеді.

Қазіргі күні балаға кәсіби бағдар беру жұмыстарын ертерек қолға алуды ескергеніміз дұрыс. Университетте бұл бағытта арнайы Жол картасы қабылданып отыр.

– Біз көбіне мектеп түлектерінің болашақ мамандығына 10-11-сыныптарда ғана мән береміз. Мамандық әрбір жастың өмірлік таңдауы болғандықтан, шәкірттер оны ерте таңдап, соған бейімделуі керек. Бұл – кәсіби маман дайындаудың басты шарты. Міне, осы жұмыстарды жүйелі жүргізіп, оқушыларға көмек көрсету, психологиялық қолдау білдіру мақсатында наурыз айынан бастап университетте «Рекрутинг» орталығы ашылды, – деді ректор.

Кездесуде білімді маман даярлаудағы бастама жайлы қоғам қайраткері Әбдіжәлел Бәкір, «Qyzylorda» телеарнасының директоры Жағыппар Қарабала, облыстық «Кызылординские вести» газетінің бас редакторы Қазыбек Ботаев пікір білдіріп, бірқатар ұсыныстар айтты.

Университет басшылығы мен «Сыр медиа» ЖШС, «Qyzylorda» телеарнасы жетекшілері арасында келісімге қол қойылғаннан кейін бірқатар әріптестерімізге Қорқыт Ата атындағы «Алтын медаль», «Үздік түлек» төсбелгілері тағылып, «Құрмет грамотасы» табыс етілді.

**Мұрат ЖЕТПІСБАЕВ,**

**«Егемен Қазақстан» газеті, 14.03.2020ж.**

## ҚЫСЫЛТАЯҢ КЕЗЕҢДЕ ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНДЫ

**Мемлекет басшысы елімізді дүрбеленге салған коронавирус індетіне байланысты Қазақстан халқына мәлімдеме жасады. Президент өз мәлімдемесінде халқымыздың көкейіндегі сан қырлы сұрақтарға жауап берді.**

Елімізге төнген қиын кезеңде елді бірлік пен ауызбіршілікке шақыра отырып, мемлекет тарапынан барлық қолдау көрсетілетінін нақтылады. Оған Қасым-Жомарт Кемелұлының «Біз, мемлекет және қоғам болып барша азаматтарымызға қолдау көрсетеміз, ешкімді көмексіз қалдырмаймыз» – деген сөзі айқын дәлел.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысы әлеуметтік сала бойынша көрсетілетін көмектер мен үстемақылар жайында ашып айтты. Бұл әрине, қазіргі қысылтаяң кезеңде еліміз үшін қажетті шаралар екендігі анық. Бір-бірімізге көрсеткен қолдауымыз бен ауызбіршілігіміздің арқасында қазақ елі бұл ауыр індетті де жеңіп шығары сөзсіз. Біріккен елдің алмас қамалы жоқ, бұл кезең де артта қалатынына сенеміз.

Әрдайым бірлікте болып, сақтық шараларын қатаң ұстанайық!

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**уиверситетінің Басқарма төрағасы – ректоры**

**«Сыр бойы» газеті, 02.04.2020ж.**

## ВЫСШИЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ В УСЛОВИЯХ НОВОЙ ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВОЙ ФОРМЫ

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются возможности, представленные университету, в связи с переходом в новую организационно-правовую форму – некоммерческое акционерное общество со 100-процентным государственным участием.

**Ключевые слова:** трансформация университетов, некоммерческое акционерное общество, эндаумент фонд, стартап-компании, дополнительные источники финансовых и материальных средств.

Согласно Плану нации «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ» Первого Президента РК Нурсултана Назарбаева, в стране предусматривалось «поэтапное расширение академической и управленческой самостоятельности вузов с учетом опыта Назарбаев Университета, а также трансформация частных вузов в акционерные общества (АО) в соответствии с международной практикой» [1]. В связи с этим Министерством образования и науки РК проводилась целенаправленная работа по преобразованию государственных и национальных вузов в новую организационно-правовую форму – акционерное общество со 100-процентным государственным участием.

В соответствии с Постановлением Правительства РК от 11 октября 2019 года, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата реорганизован в некоммерческое акционерное общество со стопроцентным участием государства в уставном капитале [2]. Данное Постановление

коснулось не только КГУ имени Коркыт Ата, а еще 24 государственных университета Казахстана, которые также были преобразованы в НАО.

Постановление определило основным предметом деятельности обществ предоставление образовательных услуг в сфере высшего, послевузовского, технического и профессионального, послесреднего и дополнительного образования.

С переходом в НАО университет получил больше свободы в управлении образовательными программами, имуществом и финансовыми активами, а полученная прибыль будет направляться только на развитие университета и укрепление материально-технической базы.

Новое положение высших учебных заведений как самостоятельных хозяйствующих субъектов требует изменения концепции планирования и управления деятельностью вуза, основным ядром которого является стратегическое планирование [3]. Поэтому университет разработал новый Стратегический план развития НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата» на 2021-2025 годы с учетом прав, предоставляемых новой организационно-правовой формой [4].

В связи с переходом в НАО у университета появилась возможность[5]:

1) создавать эндаумент фонд, цель которого привлечение денежных средств в виде взносов и даров выпускников Университета и различных компаний Республики Казахстан, которые в последующем будут направлены на содействие в обучении студентов, укрепление материально-технической базы, осуществление поддержки научных проектов студентов и сотрудников НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата».

Средства эндаумент фонда позволят привлекать к преподаванию лучших ученых, оплачивать обучение одаренных студентов, приобретать современное оборудование, финансировать инфраструктуру, создавать новые современные факультеты и кафедры.

Работа фонда будет открытой и прозрачной. Вся финансовая отчётность будет размещаться на сайте университета.

На сегодняшний день Университет имеет опыт по привлечению партнеров. Так, например, в 2019-2020 учебном году за счет частного научно-образовательного фонда имени Толыбека Куанышбаева на базе института естествознания открыт Научно-образовательный центр химико-биологических исследований имени Т.Д.Куанышбаева. В структуре научно-образовательного центра 3 лаборатории: учебная лаборатория по физической и биологической химии, научная лаборатория прикладных химико-биологических исследований и лаборатория педагогического мастерства. На ремонт и оснащение Центра современным инновационным учебным и научным оборудованием, лабораторной мебелью, химическими реактивами, лабораторной посуды выделено 150 млн. тенге.

За счет привлечения иностранных инвестиций Университета Принца Мохаммада бен Фахда (Королевство Саудовской Аравии) в университете

создана лаборатория арабского языка, приобретено необходимое оборудование и отремонтированы 2 кабинета на общую сумму 37356 долларов США.

При финансовой поддержке Академии Корееведения (Республика Корея) создан компьютерный центр с доступом в Интернет на общую сумму 7183 доллара США.

Реализация совместного проекта «GeKaVoC - Трансферт профессионального обучения по логистике, мехатронике и устойчивому энергоснабжению Казахстана» с Магдебургским университетом имени Отто фон Герике (Германия) позволил приобрести оборудование по нетрадиционным источникам энергии на общую сумму 10000 евро.

В 2019-2020 учебном году 118 студентов получали спонсорскую помощь по оплате за обучение в размере от 25 до 100% за счет таких предприятий как, СНПС-Айдан Мунай, ТОО «КазГермунай», ТОО «Кумколь Транс Сервис», ТОО «КАМ», ТОО «Мелиоратор» и другие.

2) создавать юридические лица по научно-образовательной деятельности за счет внебюджетных источников финансирования, что выведет на новый уровень коммерциализацию результатов научных исследований ученых.

Университетом успешно реализуются научные проекты на основе модели «образование –наука –производство»:

– проект на тему «Переработка нефтесодержащих отходов по инновационной технологии», с участием АО «Институт химических наук им.А.Б.Бектурова», ТОО «REEF центробежные технологии»;

- проект на тему «Разработка и совершенствование энергоресурсосберегающих технологий производства новых строительных материалов», с участием Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана, ТОО «КСМиК»;

- проект на тему «Переработка отходов риса и нефтеотходов в адсорбенты», с участием ДГП на ПХВ«Центр физико-химических методов исследования и анализа» КазНУ им.аль-Фараби, ТОО «REEF центробежные технологии»;

- проект на тему «Разработка и внедрение водосберегающих технологий в рисовых системах Кызылординской области», с участием КазНИИ риса им.И.Жахаева, КазННИВХ, ТОО «ТанLtd», ТОО «Шаған».

В результате выполнения данных проектов, одобрена заявка на международный патент (PCT) как уникальный способ переработки нефтесодержащих отходов, позволивший достичь глубокого извлечения нефти в товарную форму до 95%, а также получены патенты на новые сорта мягкой яровой пшеницы «Зарина» и ярового ячменя «Алтын Арай».

3) открывать стартап-компании и реализовывать предпринимательские инициативы обучающихся и преподавателей.

С этой целью в Университете функционирует Центр реализации инновационных проектов «Бизнес-Start», в рамках которого проводятся:

- выставки инновационных проектов преподавателей и студентов, магистрантов, докторантов;

- конкурс инновационных бизнес-проектов и идей «Кызылорда – город возможностей», «Смелые идеи», «От инициативы к проекту»;

- встречи с выпускниками университета-успешными предпринимателями.

За это время внедрены 25 проектов, 95 студентов являются постоянными резидентами бизнес инкубатора и продвигают свою деятельность, создано 14 субъектов малого бизнеса.

Ежегодно проводятся конкурсы инновационных проектов, таких как «FIRST STEP», «IQ Business», «Битва сценариев», «Бизнес-Импровизация», «Sapaly Urak», «Последователи Жакаева», «Современный молодой предприниматель» и другие мероприятия. Проводятся конкурсы хакатонов и бизнес-проектов.

Функционирует Центр ремесленников «СырЭтноДизайн», основными направлениями деятельности которого являются:

- использование инновационных технологий в ремесленном производстве на земле Сыра;

- изготовление национальных изделий с целью их реализации;

- содействие созданию студенческих Start-up компаний.

В университете проводится работа по малосерийному производству различных изделий. К примеру, швейных цех производит промышленные образцы таких изделий, как женский демисезонный комплект, танцевальное платье «Степ», профессорская мантия, женское демисезонное пальто с декоративной вышивкой и др.

На перечисленные изделия малосерийного производства получены патенты:

- Патент на промышленный образец №2505 «Женский демисезонный комплект: куртка, платье»,

- Патент на промышленный образец №2504 «Танцевальное платье «Степ»,

- Патент на промышленный образец №2510 «Профессорская мантия с кокеткой»,

- Патент на промышленный образец №2477 «Женское демисезонное пальто с декоративной вышивкой» и т.д.

На базе Университета предполагается открытие швейного цеха, сварочного производства, оказание туристических услуг, услуг СТО, образовательных услуг в рамках дополнительного профессионального образования и переподготовки кадров, таких как: Энергоаудит, Энергоменеджмент, Эксперт энергосбережения и повышения энергоэффективности, Инновационные методы изготовления изделий из войлока, Оператор по добыче нефти и газа, Оператор по поддержанию пластного давления (нефтегазовый сектор), Бетонщик, Каменщик, Сварочное дело, Журналистское мастерство, Защита информации и информационная безопасность, Курсы аккумуляторщиков, AutoCAD и др.

4) привлекать дополнительные источники финансовых и материальных средств для осуществления уставной деятельности. Университет сможет

самостоятельно распоряжаться доходами от сдачи в аренду таких помещений как Дворец студентов, спортивно-оздоровительный комплекс «Сейхун», спортивные залы и площадки, столовые и буфеты, аудиторный фонд и др.

5) Создавать филиалы в иностранных государствах. С целью привлечения иностранных студентов Университет планирует открытие офисов для приема документов в зарубежных странах: Республика Узбекистан, Китайская Народная Республика, Киргизская Республика, Российская Федерация.

Таким образом, трансформация университетов в новую организационно-правовую форму направлена на увеличение доходов вуза и формирование финансовой модели, близкой к мировой практике. А это, в свою очередь, позволит расширить возможности и усилит потенциал университета в области подготовки кадров, реализации непрерывного образования, активизирует роль вуза в решении актуальных проблем региона.

**Список использованных источников:**

1. Программа Первого Президента РК «План нации - 100 конкретных шагов» // Казахстанская правда от 20 мая 2015 года;

2. Постановление Правительства Республики Казахстан «О некоторых вопросах высших учебных заведений Министерства образования и науки Республики Казахстан» от 11 октября 2019 года № 752;

3. Уразбаев Н.Ж., Жаксылыкова Ж.Т., Кеншинбай Т.И., Милова Е.В. Some aspects of strategic planning at the university // Вестник КГУ имени Коркыт Ата 2019. №2. С.220-229;

4.Стратегический план развития НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата» на 2021-2025 годы;

5.Закон РК «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III с изменениями и дополнениями от 7 июля 2020 года.

**Жанна Жаксылыкова,**
**Начальник отдела стратегического планирования,**
**мониторинга и управления качеством**
**КГУ имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан**

**Елена Милова,**
**Руководитель группы стратегического развития**
**КГУ имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, к.ю.н, доцент**

**Сборник трудов VII Международной научно-практической конференций «Наука и образование в современном мире: вызовы XXI века», 2020.**

# COVID-19 A GLOBAL PANDEMIC

On March 12, 2020, COVID-19 was declared a pandemic by the World Health Organizations. Since that declaration, false data have been circling through the web misinforming citizens. In this essay, we will try to summarize the current data on COVID-19 and debunk popular myths that surround it.

COVID-19 is essentially a highly contagious disease the main cause of which is the SARS-CoV-2, which stands for severe acute respiratory syndrome coronavirus 2.

There are several types of coronaviruses that can affect both humans and animals and cause serious respiratory diseases. One of them is an infamous Severe Acute Respiratory Syndrome or SARS, which infected thousands of people all over the world in 2003. The spread of the virus initiated in Wuhan in December 2019, which later took a lead as global pandemic. The disease is known to produce symptoms similar to that of an ordinary flu. The person infected by the disease is characterized as having a fever, dry cough, breathing problems, experiencing nausea and being fatigued for a long time. It is generally accepted that the immune system of a healthy person can easily handle the disease and its symptoms. However, it is especially hazardous for people suffering from respiratory diseases, as it is known to exacerbate the diseases already present on a person. As its name implies, a respiratory system is what is severely affected by the virus. Apart from that, elderly, pregnant women and children are the most susceptible; for example, there is a roughly 20% likelihood of death for people over 80. Unlike what other people think, coronavirus is not an airborne disease, as it is too heavy to be transmitted through air. Instead, it mainly transmits through droplets that are released after a person sneezes or coughs. As we have said, there is a lot of myths surrounding this topic. For example, the virus cannot simply be overwhelmed by a high temperature and high doses of sunlight as others commonly tend to think. The cases of COVID-19 have been reported all over the world including particularly hot countries. Another common myth is that you don't have a disease if you can hold your breath for over 10 seconds. The most appropriate way to figure it out is to test yourself for the presence of the virus or to look for common symptoms. Another myth states that you can prevent the disease and reinforce your health by drinking excessive alcohol. However, this myth produces totally opposite results and lead to the deterioration of your health. There is also a common myth that introducing alcohol or chlorine into your body can kill the virus. This is a complete myth, as they can do nothing to a virus that is already present in your body.

Currently, a vaccine against the virus has not been invented yet. There it is best to take proactive measure rather than reactive ones. Because this disease spreads through sneezing and coughing, it is best to stay away as much as possible. In addition, it is mandatory to wash hands properly with soap as it can eradicate pathogens on your hands. Overall, it is strongly recommended to follow the news and stay at home, maintaining a personal growth.

**Nurgazy ZHAPBAROV,**
**Senior lecturer of the Department of Practical English**
**Master of Humanitarian Sciences**
**2020г.**

## МЫ – ВМЕСТЕ!

Глобальный кризис, вызванный пандемией коронавируса, стремительно поменял правила жизни, по которым существует современная цивилизация. Почти половина населения планеты оказалась в условиях домашнего карантина. И это, в свою очередь, оказало негативное влияние как на развитие мировой экономики, политики, образования, так и на типичный набор жизненных правил. Пандемия заставила миллиарды людей во всем мире изменить свои базовые привычки и формы деятельности; причем в незнакомой доселе, непривычной и одновременно быстро меняющейся среде оказались все — и простые люди, рядовые сотрудники, и руководители.

В связи с этим, изменившаяся в одночасье реальность предъявила новые требования, в первую очередь, лидерам всех стран. Одним из незамедлительных действий нашего правительства на фоне пандемии явилось заседание Государственной комиссии по Чрезвычайному Положению под председательством Президента РК Касым-Жомарта Токаева, где были даны поручения по принятию усиленных мер в плане оказания неотложной помощи и поддержки населению Казахстана, столь необходимых в условиях новой реальности. В связи с введением чрезвычайного положенияи переходом в карантинный режим, Министерство Образования и науки Республики Казахстан приняло решение о внедрении дистанционного обучения в школах и университетах страны.

Комплекс предпринимаемых нашим государством экстренных мер направлены на удовлетворение потребностей граждан в трех основных областях: физической, ментальной и реляционной. Следует отметить, что в принципе, эти потребности существуют всегда, но особую актуальность они приобретают во время глобальных кризисов, один из которых мы переживаем в данное время. Удовлетворение этих потребностей, выражаемое в оказании реальной точечной помощи людям в период адаптации в новых условиях и придании чувства уверенности, и является основной задачей руководителей.

Полагаю, что не менее важный аспект реляционной активности в условиях сильного стресса и неблагоприятных условий — это поддержание корпоративной культуры, представляющей цели и ценности любой организации.

Общность целей и ценностей, способствующих формированию, к примеру, в сотрудниках ощущения принадлежности к своему коллективу, равно как и своевременность всех вводимых комплексных мероприятий, я ощущаю непосредственно на себе, поскольку для меня очевидно, что руководство моего вуза — Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата, четко осознает, что кризис и сложившаяся глобальная ситуация — это проверка на прочность, требующая особой планомерности и конкретных принципов руководства и дающая возможность для дальнейшего роста.

В период действия ограничительных мероприятий по предупреждению распространения коронавирусной инфекции, наш университет продолжает

свою деятельность, согласно комплекса экстренных мер, предпринятых Министерством Образования и науки Республики Казахстан, включая обучение с использованием дистанционных технологий.

Согласно разработанному руководством документа «Подходы университета в организации учебных занятий с использованием дистанционных образовательных технологий», вуз принимает самое активное участие в мероприятиях, осуществляемых в режиме онлайн. Преподаватели проводят онлайн занятия, онлайн-курсы, видео мастер-классы, образовательные вебинары, презентуют видео-уроки, участвуют в работе республиканских онлайн сессий, проводят различного рода конкурсы и олимпиады для студентов. В настоящее время идет подготовка к работе ежегодной традиционной студенческой конференции.

Большое внимание уделяется в вузе профориентационной работе: организуются видео-конференции со школьниками посредством программы ZOOM. Посредством этой же платформы осуществляются регулярные видео совещания с непосредственным участием ректора, администрации, директоров и преподавателей вуза. На период дистанционного обучения в вузе создан CALL-центр.Вся онлайн деятельность вуза, охватывающая как учебную-методическую, воспитательную, так и научную работу, регулярно отражается в сайте университета.

Мы продолжаем осуществлять свою деятельность, понимая, что мы во власти временного явления, и я уверена, что вскоре мы будем пожинать плоды сплоченной активности нашего вуза.

Призываю всех к более глубокому осознанию таких реальных глобальных проблем настоящего времени, как введение режима чрезвычайного положения, чрезмерно высокую контагиозность и летальность от инфекций во время пандемии, строгому соблюдению всех санитарных требований и проявлению терпения, выдержки и понимания в столь нелегкое для всех нас время.

Оставайтесь дома! Мы — Вместе!

**Салима САДЫБЕКОВА,**
**кандидат филологических наук, доцент кафедры Практический английский язык Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата**.

**«Kyzylorda-news.kz», 20.04.2020г.**

## ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР МЕН ИГІ ІСТЕР

Ұрпақ тәрбиесі қашан да өз маңызын жоймақ емес. Өйткені бүгін біз тәрбиелеп отырған ұрпақ – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, ұлт үмітін ақтайтын айтулы азамат болмақ. Сондықтан жоғары оқу орындарының алдында бәсекеге қабілетті, отансүйгіш, креативті тұлға тәрбиелеу міндеті тұр. «Қазақтың таным-түсінігінде Қыдыр ата ақ түйесіне мініп, қыр қыдырып, су сыдырып, құдық қазған, жол салған, бидай сепкен, мал баққан шаруақор жандарды бақылап,

оларға сақы мырзалықпен ақ бата береді екен. Ақжолтай Қыдыр ата түйесінің аяғы тиген жерде жайқалып-толқындап егін өседі екен» (С.Негимов). Мен, бүгінгі қоғам дамуына жанкешті еңбек етіп жүрген арнайы мамандық иелерін осы бір қасиетті тұлғаға балар едім. Өйткені салауатты қоғам дамуын сауатты ұрпақ қана жетілдіре алады.

Бір ғана мысал келтіре кетейін. Табаны күректей 80 жылдан астам тарихы бар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті бакалавриаттың – 80, магистратураның – 59, докторантураның – 12 бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды. Әлбетте әрбір білім ордасы өзінің танымал түлектерімен мақтанады. Еліміздің түкпір-түкпірінде абыройлы еңбек етіп, университет мәртебесін жоғары ұстап келе жатқан түлектерімізді біз де әрдайым мақтан тұтамыз. Қазіргі күні жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім берудің оңай емес екендігін қашықтан жұмыс істеу тәртібі одан әрі дәлелдей түсті емес пе? Ал белгілі бір мамандықты игеріп жатқан бүгінгі білім алушыларымызға келсек, олар да алдыңғы буын түлектерімізге ұқсап келешекте ел мақтанышына айналып жатса, нұр үстіне нұр болмай ма?

Орайы келгенде, университеттің қазіргі атқарып жатқан жұмыстарының жай-жапсарын ортаға салсам деймін.

Біріншіден, студенттерге қолайлы орта қалыптастырылуда. Осы ретте «Коворкинг» орталығы ашылуда. Орталық жастардың бір-бірімен еркін араласуына, шығармашылықпен, ғылыми жұмыстармен айналысуына, университеттің, аймақтың, сондай-ақ, еліміздің қоғамдық өміріне белсене атсалысуына үлкен септігін тигізетін болады.

Екіншіден, алдымызда түлектерімізді жұмыс берушілердің талабына, сұранысына жауап беретін білікті маман етіп дайындау міндеті тұр. Осы бағытта білім беру бағдарламаларын кәсіби стандарттарға сай және жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып қайта даярлау, сондай-ақ, зертханалық, практикалық сабақтарды салалас өндірістер мен мекемелерде ұйымдастыру, кәсіптік және оқу іс-тәжірибелерін ыңғайлы мерзімге қою сынды жұмыстар атқарылуда. Наурыз айында «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Қызылорда» телеарнасында қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының филиалы ашылғаны – соның жарқын мысалы. Қай салада болмасын «бірлесе көтерген жүк жеңіл» екені белгілі.

Үшіншіден, 2020-2021 оқу жылында қабылданатын түлектерге ректордың білім гранттарының және өндіріс орындары мен кәсіпкерлер тарапынан да сондай гранттардың бөлінуі. Білім гранттарына кімдер ие бола алады деген сұрақ өз-өзінен туындайды?! Ең алдымен біз аймақтағы еңбек ресурстарының балансына және мектеп бітірушілердің таңдауына талдау жасадық. Нәтижесінде біздің өңірде орыс сыныптарында педагог мамандардың, оның ішінде орыс тілі, физика, химия, биология, математика пәндерінен мұғалімдердің жетіспеушілігі айқындалып отыр. Аймақтың сұранысын қажетті кадрлармен қамтамасыз ету аясында үстіміздегі жылдың 25-29 сәуір аралығында онлайн режимде мектеп бітірушілер арасында облыстық пәндік олимпиадалар өткізіледі. Білім гранттарының басым бөлігі жоғарыда аталған мамандықтарға

берілетін болады. Бұны өңірдің талантты жастарына көрсетілетін үлкен қамқорлық, олардың заманауи білім алуына жасалатын зор мүмкіндік деп бағалаймыз.

Қолға алынып отырған төртінші мәселе – мектеп бітірушілерді алдағы сынаққа дайындау әрі оқу орнының мамандықтарымен, оқытушы-профессорлар құрамымен таныстыру мақсатында университеттің жетекші ғалымдарының дәрістері мен тегін курстардың өткізілетіндігі. Оқушыларға арналған онлайн курстар бір жағынан, оларға моральдық-материалдық тұрғыдан көмек болса, екінші жағынан, өздерінің болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауға үлкен септігін тигізбек.

Бесіншіден, кәсіби бағдар беру жұмыстарының мектеп оқушыларына 7-8 сыныптан бастап жүргізілуі. Арнайы дайындалған жол картасы үкілі үмітімізді ақтайды деп ойлаймыз.

Көп жағдайда оқушыларға болашақ мамандығының бейінді пәнін таңдату 11-сыныпта ғана жүргізіліп келгенін несін жасырамыз. Біздің пікірімізше, мамандық – әрбір жастың өмірлік таңдауы болғандықтан, мектеп түлектері өзінің болашақ мамандығын ерте бастан таңдап, соған бейімделуі керек. Сонда ғана ол өзі таңдаған кәсіптің иесі бола алады. Міне, кәсіби бағдар беру жұмыстарын тұрақты жүргізу және оқушыларға көмек көрсету, психологиялық қолдау білдіру мақсатында наурыз айының 1-нен бастап бізде «Рекрутинг» орталығы ашылды. Орталық шетел азаматтарын оқуға шақыруды іске асырып, бизнес-компаниялармен бірлесе жүргізілетін жұмыстарды үйлестіреді.

2020-2021 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұлты қазақ шетел азаматтарына арнап: бакалавриат мамандықтарына – 490, магистратураға – 50, докторантураға 10 грант бөліп отыр. Қазіргі таңда осы стипендиялық бағдарламаға қатысуды ұйымдастыру қолға алынуда.

Ұстаздарымыздың мәртебесін асқақтату – ең басты міндетіміз болып табылады. Өздеріңізге белгілі, «Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес мектеп мұғалімдерінің жалақысы көтерілді. Бізде өз тарапымыздан оқытушыларымыздың айлық жалақысын 20-30 пайызға көтердік. Алдағы оқу жылында біз бұл көрсеткішті жоғарылатуды жоспарлап отырмыз.

Университетте қолға алынып жатқан іргелі мәселенің бірі – шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау, қос дипломды білім бағдарламасын жүзеге асыру. Біз маман даярлау ісінде өз тәжірибемізбен қоса үздік әлемдік тәжірибелерге сүйенуіміз қажет. Шетелдік әріптестермен байланысты одан әрі нығайту бағытында бакалавриат мамандықтары бойынша Оңтүстік Кореяның Каннам университетімен, Пекиндегі Қытай мұнай университетімен, Польшаның Жоғары Силез экономикалық университетімен қос диплом бағдарламасы жүзеге асып жатса, Ұлыбританияның Роберт Гордон, Австрияның Зальцбург, Бельгияның қолданбалы ғылымдар университеттерімен магистратура бойынша қос диплом бағдарламасы қолға алынуда. Яғни, біздің түлектер екінші жоғары оқу орнының дипломын иеленбек.

Сонымен бірге, бакалавриаттың химия, IT саласы бойынша, магистратураның экономика, ағылшын тілі, информатика бағыттары бойынша ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары әзірленді.

Ғылым саласы бойынша да біздің ғалымдарымыз жемісті еңбек етуде. Ағымдағы жылы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен 9, келісім-шарт негізінде 4 ғылыми жоба орындалуда. Web of Science, Scopus базасына енетін шетелдік жоғары рейтингілі журналдарда біздің ғалымдарымыздың 50-ден аса мақаласы жарияланды. Асқаралы межеміз – зерттеулердің нәтижелілігін арттыру, ғалымдардың тың идеяларын ілгерілету, қорыта айтқанда, ғылыми қызметті жаңа сапалық деңгейге көтеру.

2021 жылдан бастап жоғары оқу орындары өздерінің жеке үлгідегі дипломдарын береді. Өйткені, әлемдік тәжірибе осылай. Біздің ұжым университеттер арасындағы бәсекелестікке төтеп беретініне нық сенімді. Білім беру үдерісіндегі, халықаралық деңгейдегі, ғылым саласындағы және тәрбие бағытындағы жүйелі қызмет, жасампаз жетістіктеріміз жеке үлгідегі дипломымыздың ең түйінді нәтижесі болмақ. Өткен айдың 16-нан бастап еліміздегі төтенше жағдайдың орын алуына байланысты қашықтан оқыту жүйесіне көштік. Оқыту форматы Платонус ақпараттық жүйесінде чат дәрістер негізінде бастау алған болса, екінші аптадан оқу үдерісін одан әрі сапалы және тиімді ұйымдастыру үшін университет педагогтары мен студенттері түрлі ZOOM, Google Classroom.com, Moodle, Telegram, Скайп ақпараттық платформаларында еркін жұмыс істей бастады. Сондай-ақ оқытушылар мен студенттерге Coursera, Лекториум, МООК сияқты білім порталдарында орналасқан видеодәрістер мен онлайн курстар ұсынылды.

Қашықтан білім беру жағдайында туындаған барлық сұрақтарға жауап беру мақсатында университет сайтына Call орталығы туралы ақпарат орналастырылып, онда келіп түскен сұрақтарға дер кезінде жауап берілуде.

Қашықтан оқыту технологиясын пайдалануды – біліктілік пен білімнің сыналатын уақытында өзіміздің бәсекеге қабілетті екенімізді байқатуға жасалған бірден-бір мүмкіндік деп сезіндік.

Қорыта айтқанда, өзінің сан-салалы қызметін мемлекет пен қоғам қойып отырған жаңа талаптар үдерісінде дамытуда, заманымыздың сындарлы сынақ-шақыруларына лайықты жауап беруде – атқарып жатқан істеріміз бен шараларымыз ұшан-теңіз. Игілігі мол әрбір ісіміз жүйелі жалғасады.

Алға қойған мерейлі мұратымыз – қасиетті Қорқыт ата есімін иеленген осынау киелі оқу ордасының озық дәстүрлерін одан әрі жалғастыру, ұжымның қалыптасқан бірлігін бекемдей, қуатын еселей түсу, рухы жоғары, парасаты кенен мамандар даярлауда биік белестерді бағындыру.

**Бейбітқүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ректоры.**

**«Ақмешіт апталығы» газеті, 21.04.2020ж.**

# БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ҚОЛДАУ КҮТЕДІ

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым мен білім мәселесі турасында сөз қозғап, ғылымға қамқорлық жасау туралы пайымдары сала мамандарының баршасының көңілінен шыққаны анық.

Мемлекет басшысы өз сөзінде әр оқушыға казір елімізде 1 мың доллардан кем мөлшерде қаржы бөлінетініне айрықша назар аударып, бұл қаржы көлемі алдыңғы қатардағы шет елдерде 10-14 мың доллар шамасында екенін де ашық айтты. Осы орайда еліміздегі жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндетін алға тартқан Президент, білім гранттарының орташа құнын 340-420 мың теңгеден 1 миллион теңгеге дейін көбейту туралы шешім қабылданғанын атап өтті.

Демек, мемлекеттік грант құны 3 есеге артып, сол арқылы оқытушылардың жалақысын кезең-кезеңмен арттырып, университеттердің материалдық базасын нығайтуға да басымдық беріліп отыр.Кеңес отырысында айтылғандай, ауыл мектептерінде бір мұғалімнің өзі 3-4 пәннен дәріс беруі, әрине, өкінішті жағдай.

Қазақы үрдіс пен ұлттық тәрбиенің көзі ауыл мектептері екенінде дау бола қоймас. Сондықтан, ауыл мектебінің мәртебесін көтеру – ұлт өнегесі мен мәртебесін көтеру деп түсінген абзал.

Өйткені, үлкен өмірге енді араласқан жастың кейде қоғамнан өз орнын таба алмай жататыны – сол мектепте көре алмаған тәрбиенің кемшіндігінен болар деп ойлаймын.

Грант құнын арттыру – уақыты келген маңызды іс. Өйткені «Не ексең, соны орасың» деген сөз бар. Біз Батыстың үрдісін қабылдадық. Бірақ, оның түбірін ескермей жатырмыз. Қазір «ғылым магистрі» мен «PhD докторы» ғылыми атақтары үшін ғылымға бет бұрған жастар ұмтылуда. Өкінішке орай, магистратура мен докторантураға қабылданған үміткердің ғылыми жобаларды өзінің тақырыбы бойынша орындауға арнайы қаржы бөлінбеуі жастардың алғашқы ғылыми талпынысына кедергі болып отырғанын айтар едім. Осыдан соң гуманитарлық мамандықтарды есептемегенде, әсіресе бұл техникалық мамандықтарға қатысты зерттеулер көпшілігінде толыққанды жүргізілмейді, яғни, ізденуші алдыңғылар атқарған зерттеулерді талдап, солардың төңірегінен алыстап кете алмайды.Ғылыми жұмыстарды атқаруға грант бөлу ережесінің жақсы да, көлеңкелі де тұстары баршылық. Осыдан болар, мемлекеттің қаржысы шашыраңқылыққа түсіп жатады.

Біз жеке ғалымдардың жоғары қабілеті мен ерекшеліктерін ескеруге қарсы емеспіз. Дегенмен, бүгінгі күні біраз ғылыми-зерттеу институттарының қаржылық жағдайы қанағаттанарлық емес. Сондықтан, ғылымға грант бөлгенде мемлекеттік реттеуді де іске қосқан дұрыс болатын сияқты. Осы орайда өңірлік үлкен білім мен ғылым ордаларындағы ғылыми әлеуетті барынша тиімді пайдалануға көңіл бөлу керек. Өңірлік университеттер арнайы ғылыми қаржыландыруды күтіп отыр. Солай болғанда, ең алдымен, аймақ экономикасы

нығаяды, өңірлік ғылым өркендейді, сол іргелі оқу орнында мамандар даярлау сапасы күрт өседі.Президенттің қойып отырған талабына сай болашақта әрбір ғылыми жұмыстың нақты әлеуметтік-экономикалық, өндірістік және техникалық қайтарымы болуы қажет. Сондай-ақ, медико-биологиялық зерттеулер, агроөндірістік ғылым, “жасыл” технология, жасанды интеллект, энерготиімділік сияқты салаларға көбірек мән беріліп, қаржылай қолдау қажеттігі тапсырылды.

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінің**
**профессоры, техника ғылымдарының докторы.**

**«Сыр бойы» газеті, 30.05.2020ж.**

## СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ САҢЛАҚТАРЫ

*Автор туралы анықтама*

*Серікбай Иманбайұлы Қошқаров 1945 жылы Сырдария ауданында өмірге келген. 1963 жылы Қызылорда гидромелиоративтік техникумын үздік бітіріп, Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институтына түсті. Оны 1968 жылы қызыл дипломмен бітірген.*

*Еңбек жолын Тасбөгеттегі 29-ПМК-да мастерлік қызметтен бастады. 1970-1978 жылдары Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер, лаборатория меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1978 жылдан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде ұстаздық етеді. Мұнда кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры болды. Қазір қатардағы профессор.*

*1978 жылы Мәскеудің гидромелиоративтік институтында кандидаттық диссертация, 1997 жылы докторлық диссертация қорғады. Туған өлкенің егін шаруашылығы саласының дамуына, өңірдің суармалы алқаптарында су қорын тиімді пайдалану ісіне үлес қосқан.*

*С.Қошқаров жақында мерейлі 75 жасқа толды. Төрт монография, оқу құралдарының авторы. Университет «Ғибратты ғұмыр» сериясымен ол туралы кітап шығарған. Өзі «Әулет», «Жерұйық» атты кітаптар жазған. «Құрмет» орденінің иегері.*

Студенттерге дәріс беріп тұрмын. Үйреншікті біркелкілікті ысырып тастап, олармен пікірлесемін.

– Сабақтарыңда адам күнкөрісінде басты, түпкі, маңызды жер мен суды тиімді пайдалану жолдары мен әдістерін оқып, үйренесіңдер! Ендеше, ертеңгі міндеттерің не болмақшы? – деймін.

– Мақсатымыз – жерді аздырмау, егіс топырағының құнарлылығын арттыру, – дейді шәкіртім.

– Қоғамға қолайлы ықпалың қайда? – деп, тағы соңдарына түсем.

– «Жер-ана» деген сөз бар. Сол Жер-ананы баптап күтеді екенбіз. Жер мен су қадірін жақсы түсінсек, ата-ана мен ел қадірін білген үстіне терең ұғынатын шығармыз! Біздің ойымыз осы, – деп жауап берді екіншісі.

– Үшіншісі де қарап қалмады: «Кеше тәлімгер ағаймен Тасбөгеттегі музейде болдық. Мамандық тарихы мен сырына үңілдік. Облыста әйгілі су мамандары қызмет атқарыпты, суреттерін көріп, қысқаша өмірбаяндарымен таныстық. Бізге осы күшті әсер етті», – деді ол.

Апырай-ә! Қарашы, ой салуын?! Әйтпесе, оның музейден білгенін мен өмірде көрдім ғой! Бас салып кінәладым өзімді! Мамандығымның өрлеуіне қыруар еңбек сіңірген азаматтар жөнінде осы уақытқа дейін бір ауыз сөз айта алмағаным ба? Ендеше, ештен кеш жақсы!

Өңірдің өсіп-өркендеуіне мол үлес қосқан ұлы жерлесіміз Ыбырай Жақаевтың ісін ізбасарлары жалғады. Егіншілікті жаңа талаптарға сай инженерлік жүйеге айналдырған суармалы алқаптар болмаса бүгін баршамыз көріп, байқап отырған жоғары дәрежеге көтерілмеуі де мүмкін еді.

Сыр бойы – жөні бөлек, ерекше аймақ. Өңіріміздің басқа өлкелермен салыстырғанда өзгешелігі көрініп-ақ тұр. Ол – жерімізді оңтүстіктен солтүстікке қарай кесіп, қасиетті Сырдарияның шалқып ағып жатуы. Бұл – ұлы табиғаттың туған жерге берген мол несібесі, құты. Осы дария шөліркеген жерді сумен қандырып, аймақ несібесін өсіріп келеді. Тарихи деректерге жүгінер болсақ, аймағымызда жерді өңдеу, оны ылғалдандыру жұмыстары ерте заманнан орын алған көрінеді. Оған дәлел – өлкемізде оның бойын кез келген тұстан тілім-тілім етіп кесіп жатқан ірілі-кішілі, бұрын суға толған, казір құрғап қалған, арналар мен жыралардың көп болуы. Демек, бұрыннан судың тілін білетін, оның ағымын реттеп, өз бағытына жетелеп, егіске апаратын мұрабтар болған мұнда. Жер мен судың тілін білетін, қуаңшылық жағдайда адам күнкөрісіне керек дақылдарды өсіріп-баптап, жұрт қажетіне беретін мамандардың орны ерекше болған. Айта кету керек, өңіріміздің осы тарихи ерекшелігі өткен ғасырдың екінші жартысынан бері күрделі өзгеріске ұшырады. Бұл сол кездегі алып елдің жерді мелиорациялау ісіне аса жоғары мән беруінен басталғанын баршамыз білеміз. Осының айқын дәлелі – Қызылорда маңында Сырдарияға тоспа салынып, дария суын егіске бұру еді.

Алпысыншы жылдардың ортасына таяу Жамбыл қаласындағы жоғары оқу орнына түстім. Бір мамандықтың өзіне ғана 180 жас қабылдандық. Айтарлықтай көп. Өйткені, заман талабы сондай жоғары, күрделі. Оқуымызды тәмамдап, Қызылордаға оралдық. Сөйтсек, Сыр өңірінде суармалы егіс шаруашылығы қызу жүріп жатыр. Сол іске араласып кеттік. Өңірде екі мықты құрылыс тресі осы аса маңызды істі өз қолына алған. Аудан сайын әрқайсысына қарасты бір-бірден жылжымалы механикаландырылған колоннасы бар. Жыл сайын он мың гектардан аса инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жер тегістеліп, қолданысқа беріледі. Оған қоса жаңадан ашылған шаруашылықтар орталығындағы үйлер мен өндірістік нысандар қарқынды салынып жатты. Жұмыс көлемі өте ауқымды.

Осы көлемді жұмыстарды атқару барысында көптеген мамандар қоғам назарына іліге бастады. Олардың алдында Ержігіт Бозғұлов, Сабыр Арыстанбаев, Айқынбай Дүйсеков, Елтай Тыныштықбаев, Әлімбет Жаббарханов, Елтай Құтыбаев, Мәделхан Нәлібаев, Тыныштықбай Сырғабаев, Жанайбек Сақтағанов, Кенжебек Ерімбетов, Әскербек Мақұлбеков, Қуаныш Есханов, Исатай Алдабергенов, Жақсылық Байділдаев, Төрехан Қарлыханов, Әбдіманап Құтжанов, Виктор Морозов, Камал Кулумбетов сынды азаматтардың абыройатағы жұрт арасына кеңінен тарады. Сол дәуірде осы азаматтар ылғи жұрт алдында, ел аузында болды. Мамандық дәрежесін биіктетті, аймақ ырысын өсірді. Ендеше осы тұлғалы азаматтардың барлығы болмаса да, алдыңғы, нағыз «алғы шепте» жүрген бірегейлері жөнінде қарымды сөз айту міндетіміз болар.

Институт бітіргесін бір жарым жылдай 29-ПМК-да шебер қызметін атқардым. Сондықтан, ПМК-лардағы күрделі де қиын жағдайлардан шамалы да болса хабарым бар. Олардағы скреперші, бульдозерші, экскаваторшылардың құрамы, білігі мен ортақ іске деген көзқарасы және жеке тәртібі ала-құла болғанында да дау жоқ. Міне, соған байланысты олардың жұмысын тәртіпке сай бақылау мен қадағалау жүгінің ауыр бөлігі трест басқарушысы Ержігіт ағамызға түскені рас. Біздің ойымызша, тарих пен тағдыр сол жылдары өңірдің келешегіне жоғары адалдықпен, солайымен берілгендікпен, мелиорациялау жұмыстарын басқаратын тұлғалардың қажеттілігін айқындады. Міне, сол өткен заман Ержігіт ағамызды алға шығарды. Дәлірек айтар болсақ, Ержігіт ағамыз алғырлығымен, жоғары біліктілігімен, биік ұйымдастырушылық қабілетімен өзі алға шықты.

Бас-аяғы 25-30 жылда 250 мың гектар жерде күрделі тегістеу жұмыстары орындалды. Бұл жұмыстарды басқаруға жоғарыда аттары аталып кеткен біраз азамат атсалысты. Сол азаматтардың ішінде шоқтығы биік, орны ерекше, атқарған еңбегінің салмағы өте жоғары Ержігіт Бозғұлов еді.

Оның атқарған қызметтерінің тізімін оқып отырып-ақ, өңіріміздің тарихын, орындалған суландыру мен мелиорациялау жұмыстарының болмысын ұғынып, зерттеуге болады.

Азаматтың ірілігі мен мықтылығы күнделікті, жәй жұмыста байқалмайды, ол күрделі, қысылтаяң, күйзелісті сәтте бірден көзге түседі. Осындай қолайсыз жағдайға кезіккен өзінің қызметкерін қорғап, әріптес інісін қанатының астына алыпты Ержігіт аға. Бұл бір жағы ортақ іс қамын ойлау болса, екіншіден, қарамағындағы азаматты «жауға бермеудің» нағыз азаматтық үлгісі еді.

Ержігіт аға туралы сөз қозғағанда ол кісінің дауысы мен үні туралы айтпай кету мүмкін емес. Адамды зерттеу ғылымының пайымдарына жүгінер болсақ, дауыс көп жайды аңғартатын көрінеді. Ағаның дауысын өзгелер ішінен айна-қатесіз тануға болады. Оның дауысында желді күні теңіздегі толқын жағалаудағы қиыршық тастарды жөн-жөнімен іріктегендей, жанындағы азаматтарды өз орындарына қойып, олардың өңір су шаруашылығының қолайлы дамуына барынша мүмкіншілігін арттыратын дауылды екпін де,

талапты жастарды өзіне тартып, жақындатып, оларды сақтандыратын айырықша мейірімді айғақтайтын жылу да бар болатын.

1959 жылы Қызылорда гидромелиоративтік техникумына түсіп оқып жатырмын. 1960-1961 жылдары бізге қиын да күрделі «Гидравлика» пәнінен Сабыр аға дәріс берді. Сабыр аға сабақты тамаша түсіндіреді. Бой қандай, түр-әлпет қандай! Дауысы да сондай ерекше! Техникумды бітірісімен Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институтына түстім. Оны 1968 жылы тәмамдадым. Дипломдық жобама Сабыр аға жетекшілік жасады. Сондықтан, Сабыр Шаймерденұлы – үлкен ұстазым. Ағаның алдында әрдайым қарыздармын.

Осынша мол егістік жерді тегістеп, қолдануға берумен қатар, мыңдаған шақырымдық кең каналдар мен егістіктен қашыртқы суды әкетуге арналған ірі коллекторлар салынып, іске қосылды. Тегістелген жерлер бұрыннан бар, жаңадан құрылған шаруашылықтар меншігінде болса, каналдар мен коллекторлар жүйесі облыстық мелиорация және су шаруашылығы басқармасы қарамағында еді. Бұл – республикада бұрын-соңды болмаған ауқымды құрылыс. Осыдан болар, кезінде Қызылорда Солжаға суармалы алқабы Бүкілодақтық комсомол екпінді құрылысы деп аталды.

Бұрын небәрі 50-60 мың гектар егісі бар өңір 250 мың гектар көлемде егін егетін ірі аймаққа айналды. Егінге дер кезінде тиісті мөлшерде су жеткізу – ауқымды іс. Міне, осы үлкен шаруаны Сабыр ағамыз бастаған мекеме өз қолына алды. Күріш егісі 100 мың гектарға жуық көлемде. Бұл дақыл жаз бойы су астында тұратынын ескерсек, сол егіске су жеткізу асқан іскерлікті, мол жанашырлықты, мықты табандылықты талап ететін. Мәселен, «Шіркейлі» арнасы бойында төрт ауданның егістік алқаптары орналасқан. Сабыр аға басқарған мекеме азаматтары сағадан алынған мол суды көп шаруашылықтарға олардың егіс көлеміне сәйкес дұрыс бөлуді қамтамасыз етуі тиіс. Біреуіне артық су берілсе, екіншісіне жетпей қалады. Осыдан облыс көлемінде айқай-шу шығады. Міне, бір қарағанда жұмыстың қауырттығы осы. Жауапты істі Сабыр аға көп жылдар мінсіз атқарды. Сөйтіп, бірнеше медальдар мен ордендерді айтпағанда, омырауына «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі» атағын айғақтайтын белгі тақты. Осы жетістік оңай келген емес. Бұл жолда қанша қайрат-жігер жұмсалғанын, жүйкеге қаншалықты ауыр салмақ түскенін, қаншалықты ақыл-ойдың ағыны ағытылғанын Сабыр ағаның өзі біледі, қасында жүрген әріптес інілері сезеді.

Сабыр аға әділдіктің эталоны болатын. Оны осы кісі бүкіл өмірімен дәлелдеді. Сесті адам еді. Көп кісі одан тайсақтайтын. Білместікті, әділетсіздікті мүлдем жақтырмайтын еді, тіпті сондай кезеңде жай ұрыспай, «қазақшалап» сыбағаңды беретін. Бірақ осыған әріптес інілері ренжімейтін, өйткені, ол бостан-бос өзгені сынамайтын. Салқын сөзінің артында зілі болмайтын.

Айқынбай Дүйсеков кезінде Алматының ауыл шаруашылығы институтының «Гидромелиорация» мамандығын бітіріп, Қызылордада еңбек жолын бастап, құрылыс мекемелерін басқарды. Кейін Ақтөбе облыстық су шаруашылығы басқармасына жетекшілік етті. Елге оралып, обкомда белді

қызметтер атқарды, құрылыс бөлімін меңгерген. Кейін облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде болды. Қолына мол жауапкершілік тапсырылды. Өңірде салынып жатқан барша құрылыс нысандарын іске қосу алдындағы мемлекеттік қабылдау комиссиясы оның басқаруымен жұмыс атқарғаны белгілі.

Айқынбай аға ұзақ уақыт құрылыс саласын басқарды. Қол астында жүздеген, мыңдаған мамандар мен құрылысшылар жемісті еңбек етті.

Сонау жылы көктемде Сырдария арнасының «Әйтек» су торабы тұсында аса маңызды жұмыс орындалды. Қуаңшылық әсерінен өзен суы төмендеп кеткен. Сөйтіп, «Әйтек» каналына су ақпай қалды. Мұның шешімі дариядағы су деңгейін көтеру. Тікелей жолы – тоспа салу. Бірақ, бұл өте қымбатқа түседі және оған екі-үш жыл уақыт қажет. Әрине, ол уақытты ешкім бере де алмайды. Мамандар тиімді жолын көрсетті. Сырдарияның сол тұстағы табанын көтеру ұсынылып, ол мақұлданды. Қыс ортасында басталған күрделі құрылыс жұмыстарын Айқынбай ағамыз тікелей өзі қадағалады. Жұмысшылар «Әйтек» маңындағы зәулім жатақханада жатады. Арасында біздің студенттер де бар. Оқытушылар біз де солардың арасындамыз. Күнде кешке сол жерде Айекең планерка өткізеді, бүгін орындалған істің бағасын береді, ертеңгі жұмыстың жөнін айтады. Сол уақытта баршамыз облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, инженер-гидротехник Айқынбай Дүйсековтің мол тәжірибесін, биік білігі мен терең білімді екенін байқадық. Сол ауқымды жоба, бұрын-соңды Сырдарияда салынбаған құрылыс, жоғары сапамен егіске су беру алдында орындалып, іске қосылды. Сөйтіп, бір ауданның төрт-бес шаруашылығының егістік жеріне аяқсу кедергісіз, дер кезінде берілді.

Қажырлы еңбекпен талапқа сәйкес тегістелген инженерлік жүйедегі суармалы жерлерді игеру, оларда өсетін дақылдарды озық агротехникалық ережелерге сай күтімге алып, жоғары өнім алу ісі қарымды іс пен түбегейлі табандылықты қажет етті. Бұл – өңір ауыл шаруашылығы басқармасының басты міндеті еді. Сол кезеңде осы саланы мол ыждағаттылықпен, ұтымды ұйымдастырушылықпен, жоғары талғаммен басқару қажеттілігі айқын көрінді. Осы маңызды істі белгілі азамат, білікті су маманы Елтай Байназарұлы Тыныштықбаев биік білімділікпен, мол жанашырлықпен атқара білді. Бұл кісі ұзақ уақыт облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары, кейіннен басшысы болып өңірдің суармалы алқаптарында күріш өндірісін жетілдіруге бар қабілетін аяған жоқ, айтарлықтай еңбек сіңірді. Өйткені, суармалы алқаптарды салудың түпкі мақсаты – жаңадан пайдалануға берілген егістіктен күріштің мол өнімін алу болатын.

Елтай ағаның аймақтың экологиялық ахуалының тұрақтануы бағытында атқарған игілікті істерін айта кетуіміз міндет. Облыста 1988 жылы ұйымдастырылған табиғат қорғау комитетінің алғашқы басшысы болған. Қанат жайып көтеріліп келе жатқан жаңа, жіктес салаға жүрексінбей басшылық жасауы, осыны оншақты жылдай мол абыроймен атқаруы, ағаның терең де, жан-жақты білімінің дәлелі болса керек. Осы кісінің мол тәрбиесін көрген ізбасар інілері: «Елекеңе жағымпаздық, жалтақтық жат еді. Ол кісі тірлікте биік

мансап, атақ-даңқты елең қылмаған секілді, дүниеқорлықты да тәрк еткен адам еді» деуінің өзі тұлғалы азаматтың адами қасиеттеріне берілген зор баға болса керек.

Туған жерге аянбай қызмет етумен қатар өзге атырапта да табысты қызмет атқарып аймақ абыройын асқақтатқан Әлімбет Жаббарханұлы Ташкенттегі ауыл шаруашылығы ирригациясы және механизациясы институтын бітірген. Қызылордада құрылыс мекемелерінде прораб, бас инженер, басшы қызметтерін атқарған. Кейін бес жылдай құрылыс-монтаж тресін басқарады. Сол жылдары Сыр өңірінде мыңдаған гектар инженерлік жүйеге келтірілген суармалы егіс жерлері қолданысқа берілді. Ол Сыр бойының суармалы егіс орталығы болуына мол үлес қосты. 1975-1984 жылдары Талдықорған облысында мелиорация басқармасына жетекшілік жасайды. Сырда жинақтаған мол тәжірибесін Жетісу жерінде өсетін дақылдар қажеттілігіне орай су жеткізу қызметін бұл ағамыз биік талаптарға сәйкес табысты атқарады. Одан соң Алматыда «Казглавводстрой» бірлестігіне жетекшілік жасап, бүкіл республикадағы су шаруашылығы құрылысын реттеп, өзінің құнды кәсіби ықпалын тигізеді. Тоқсаныншы жылдан кейін «Талдықорғанмелиорация» акционерлік қоғамының президенті болды. Сөйтіп туған өлке мен қазақ елі су шаруашылығы саласының аршынды дамуына айтарлықтай үлес қосты. Бұған ол кісінің омырауына тағылған «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» белгісі ордендері және Қаз ССР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі» атағы – мықты дәлел.

Елтай Махмұтұлы Құтыбаевтың өмір жолы – жастарға ерекше өнеге. Балалық шағынан білімге мол құштарлық танытыпты. Орта мектепті Қызылорда қаласында үздік тәмамдағасын Алматыға бұрылмай, бірден Одақ астанасы – Мәскеуге ат басын тірейді. Ондағы су шаруашылығы инженерлері институтына оқуға қабылданады. Елге оралғасын Қызылордадағы гидромелиоративтік техникумда оқытушылық қызмет атқарды. Елтай ағамыздың дәрістерінің жоғары сапасы, мықты білімі мен жоғары сауаттылығы шағын Қызылордаға қалай тарамасын, білікті маман көзге түседі, жоғары қызметке тартылады. Елтай Махмұтұлы облыстық мелиорация және су шаруашылығы басқармасы басшылығына көтерілді. Одақта енді қолданысқа ие болып жатқан қондырғылар мен құралдар сол жылдары өңір су шаруашылығы саласына жаппай енгізіле бастады, бұл жаңашыл басшының арқасында орындалған істер болатын.

Ол ғылымға да мол үлесін қосты. Әмудария мен Сырдария алаптарындағы суармалы жерді қарқынды игеру бара-бара су тапшылығына алып келетіні о бастан айқындала бастады. Ғалымдар осыған мол көңіл бөлді. Жамбыл қаласындағы су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ірі ғалымы, кейінірек Одаққа танымал болған Н.С.Горюновтың жетекшілігімен Елтай ағамыз күріш атызында топыраққа сіңіп шығындалатын ылғал мөлшерін азайту шараларын зерттеп, елеулі жаңалық ашты. Соның нәтижесінде өңірдің әр гектар күріштігіне шаққанда 3,5-4,5 мың текше метр су үнемделді, дақылдың маусымдық суару мөлшері төмендеді.

Өндірістік іс-тәжірибесі мол, ғылымға айтулы үлесін қоса білген білікті маман Елтай Құтыбаев одан кейін Алматыдағы республика төңірегіндегі бүкіл су шаруашылығы саласының іздестіру-жобалау орталығы – «Казгипроводхоз» институтына басшы болып бекітілді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті арқасында елімізде көптеген іргелі су шаруашылығы нысандарының жобалары дайындалып, құрылыстары жүргізілді. Қызылорда агроөндіріс инженерлері институтында кафедра меңгерушісі болды. Әріптеспіз. Ол оқыған әрбір лекция – студенттер мен жас оқытушыларға бағалы сабақ. Қандай тақырыпқа болмасын, өзінің мол өмір тәжірибесін ұтымды пайдаланды. Дәрістерінде аудитория толы болатын, оқытушылар да қатысып отыратын.

Мәделхан Нәлібаев ағаның су шаруашылығы саласына жасаған еңбегі ұшан-теңіз. Ол Одақтың іргелі жоғары оқу орны – Ташкенттің ирригациялау және механизациялау институтын бітірген. Ұзақ жылдар Сырдария ауданы суармалы жүйесі мекемесін басқарған. Таңданарлығы, кәсіби ынтасы мен іскерлігі зейнетке шыққаннан соң да бәсеңдемеген, қайта артқан, еселенген. Ол өңірде бұрын-соңды болмаған іс атқарды. Су шаруашылығы саласы музейінің негізін қалады. Қалағаны сол, осы істен өмірінің соңына дейін күш-жігерін аяған емес. Сол музей бүкіл елге әйгілі болды. Еліміздің белгілі азаматтары осында болып, Мәделхан ағамызға ризашылығын білдіріп, қолтаңба қалдырды. Сыр бойының несібе мен дәулет басы деуге де болатын, бүкіл Орта Азияға әйгілі Қызылорда түбіндегі Тасбөгеттің кіреберісінде орналасқан сәулетті ғимараттың бірінші қабатын алып жатқан бұл музей Сабыр Арыстанбаевқа ұрпағы орнатқан еңселі ескерткіш ығында жайғасқан. Өткен мен казіргінің үйлесімі, жарасымы осыдан артық бола қоймас!

Мәделхан аға бұрынғы өткен мұраптарды таныстырып, ақпаратты қолымызға ұстатып кетті. Бұл – айтарлықтай мол өнеге, үлгі болар іс. Нұртаза мұрабты тірілтті, істеп кеткен игілікті істерін таныстырды, үйретті. Күрделі де қызықты, жан-жағына мейірім шуағын шашқан жан баршамызды жақсылық жасауға шақырды. Өңірдің су шаруашылығы саласына қолыңнан келген пайдалы ісің мен ықпалыңды аяма деп тәрбиеледі. Сөзіміздің дәлелі – оның жазған бес-алты кітабы.

Мәделхан ағаның «Шежірелі Сыр бойы» кітабын парақтаймын. Ғылыми мақалаға бергісіз Сырдария және Арал теңізі жөнінде бұрын-соңды естімеген мәліметтерді пайдаланып жазыпты. Туған өлке аумағындағы бұрын атқарылған суландыру ісінің көпшілік біле бермейтін тұстарын айқындап, ашыпты. Аудандардағы су шаруашылығы мекемелерінің жай-күйін жақсы баяндапты. 50 жыл, 100 жыл өткен соң ұрпақ осы құнды еңбекті жата-жастанып оқып, азаматтардың рухына ықыласын көрсетер! Ол кісі су мамандары қоғамдық бірлестігін ұйымдастырып, басқарып, лайықты бағыт-бағдар көрсетіп отырушы еді. Мәделхан аға ұзағасын қоғамға қажет іс баяулап қалғандай.

Мақаланы жазу барысында бұл кісілердің бірі біріне ұқсамайтынын байқадым. Әрқайсысы ерекше мінезімен, ортақ іске деген айырықша, ыстық көзқарасымен, жұмысты ұйымдастырудағы өзіндік оңтайлы әдістерімен дараланады екен. Осыны ағалардың атқарып кеткен істерін қысқаша ғана

зерттеп, талдағанда түсіне бастадық. Олар алапат аспанның кеңдігіне алданып шашырамай, ұйысқан үркердей болды. Терең білімі мен білігі, санасына ұялаған туған жерге арналған перзенттік адалдығы, кәсіби мамандығының бар мүмкіндігін сарқа пайдаланғаны барлығын біріктіріп, айырылмастай ұстап тұр.

Ой құшағындамын. Ағалардың ортақ іске деген зор ынтасымен берілгендігінің сырын білгім келеді. Бірақ, ол қайда-а?! Болжам айту ғана қалған шығар. Сол кісілердің көргені мол, тәрбиесі құтты болған-ау, шамасы!.. Әлбетте, ол уақытта біздің кезіміздегіге қарағанда қазыналы, қариялар көбірек болғанында күмән жоқ. Олардың жастарға айтқан әрбір сөзі салмақты еді. Бұған ай сайын ауылға бет түзеп, екі-үш күн жырлайтын жырауларды қосыңыз. Осыдан мол тағылым ұққан шығар ағалар. «Құдайдан қорық, адамнан ұял, өзгенің ала жібін аттама» деген ата-анасының сөзін санасында мықты сақтаған да шығар. Олар 1930-1932 жылдары дүние есігін ашыпты. Бәлкім, сол уақытта адамның адамға қасақана істеп жатқан зорлығына қатты ренжіген Ұлы Құдірет жаңа туған балалар санасына мейірім мен жақсылық бұлағын молынан ағытты ма екен?

Ағалар қауымы қолымызға ұстатып кеткен қазынаның сырын ашайық енді. Алдымен бұрынғы хал-жағдайымыздан мәлімет бере кетейік. 1959 жылы облыста 81,2 мың гектар егістік жер болыпты. Оның 14,6 мың гектарына күріш егіліп, гектарынан 18 центнерден өнім алыныпты. Енді казіргімізге ауысайық. Біріншіден, суармалы жер көлемі үш есе өсті, өңіріміз еліміздің күріш өндіру орталығына айналды. Екіншіден, алпысыншы жылдары гектарына 20 центнердің о жақ бұ жағында дақыл өнімділігі өсіп, 50-55 центнер көлеміне тұрақтанды. Үшіншіден, осыдан 50-60 жыл бұрын бір гектар күріштікке берілетін су мөлшері 45-50 мың текше метрді құрайтын болса, казір сол көлем 25-27 мың текше метрге түсті. Бұл аз емес, көп, өте көп!

«Жолдасын көріп, жігітті таны» дейді. Онда «Ұстазын көріп, шәкіртін таны» деуге де болатын шығар. Ендеше Ержігіт, Сабыр, Айқынбай, Елтай Махмұтұлы, Әлімбет, Елтай Байназарұлы, Мәделхан ағалар – біздің ұстазымыз, бүкіл Сыр бойы су мамандарының ұстазы. Демек, бізге пәс болуға, арқалаған міндетімізді сылбыр орындауға жол жоқ. Ұстаздарымыз салып, көрсетіп кеткен сара жолдан ауытқуға қақымыз жоқ. Шындығында солай болып келеді. Атақты ағалардың өнегелі істерін жалғастырған ізбасарлары бар ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Бар болғанда қандай!..

Солардың шамалысын ғана атап өтейік. Марат Құрманбаев оқу орнын бітіргесін үш-төрт жылдай құрылыс мекемесінде шебер, прораб болып, кейін сол кезеңде жаңадан ұйымдастырылған облыстық экология департаменті құрамында жұмыс атқарады. Талапты жас тың салада ынталы еңбектенді. Бүгінде облыстық экология департаментінің басшысы. Өңір экологиясының бүгінгідей оңды тұрақтануында осы азаматтың еңбегі мол. Әліби Бекжанов атты түлегіміз Жалағаш ауданындағы ірі жеке шаруашылықты үлгілі басқаруда. Осы шаруашылық күріш өндірудегі озық технологияны пайдалану жөнінде әрдайым алда келеді, Суармалы алқаптарды күрделі жөндеуден өткізетін маңызы биік «Мелиоратор» құрылыс ұжымының білікті басшысы Бердібек

Мыхановтың өңір үшін еңбегі мол. Түлегіміз Айгүл Әлібекова Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының бас маманы, ол өз міндетін жоғары кәсіби деңгейде атқаруда. Мамандықтың алғашқы түлегі, облыстық су шаруашылығы мекемесі бастығының орынбасары Жорабек Ерназаров та Сабыр ағаның тәрбиесін алға ұстап, Сырдария суын өңірімізде ұтымды пайдалану ісін жақсы басқарып келеді. «Солтүстік Арал теңізі бөгеті және Ақлақ су торабы» өндірістік учаскесінің инженер-гидротехнигі, түлегіміз Майра Нұрқышева су торабы құрылымдарының пайдалануын жоғары кәсіби дәрежеде орындауда. «Жаңақорғансушар» өндірістік учаскесінің жетекшісі Әбдімәжит Ахметовтің атқарып келе жатқан істері құптарлық. Осы ауданда суды пайдалану көрсеткіші жоғары. Мамандық абырой-атағын өңірімізде, елде жоғары көтеріп жүрген түлектеріміздің осы тізімін ұзақ жалғастыра беруге болады.

Шүкір, көптен ойлап жүргеніміз сәті түсіп, бүгін іске асып жатыр. Өмірде жақсыны да, жаманды да көресің. Жаманды ысырып алыстатасың. Жақсыны жинай бересің. Ендеше, көрген игілікті іс пен естіген шарапатты сөзді неге жұртқа айтпасқа, елге таратпасқа, артқа қалдырмасқа? Мүмкін, осыны кейінгіге, жастарға жеткізу, олардың қолдарына тапсыру біздің міндетіміз шығар? Мамандығымыздың өткені өнегелі, қазіргісі де оңды, алдыңғылар істерін лайықты жалғастырып келе жатыр. Ендеше, ертеңгісі де жақсы болатынына сенім мол. Өйткені, қасиетті Сейхун ағысын тоқтатпаса, сол дарияның жағасында ата-баба өнеге-үрдісін бойына мықтап сіңіріп өскен, ел мен жұрт қамын ойлаудың үлгілерін көрген өнегелі ұрпақ жүргенде, Ержігіт ағамыздың басшылығымен салынған суармалы алқаптарда ел ырысы – күріш жайқалып өседі, өңір несібесі еселене береді. Жүрек түбінен шыққан лебіздерімізді жұртқа жеткізуде мол үндестік танытып, қолдау көрсеткені үшін «Сыр бойы» газетіндегі азаматтарға алғысымыз мың.

Уақыт өткен сайын экологиялық жағдай күрделене түсетіні анық. Сондықтан, қай салада болмасын қоршаған ортаға қолайсыз әсерді аз беретін өндіріс алға шығады. Ауыл шаруашылығы саласында да бұл талап жоғарыламаса, төмендемейді. Осы тұрғыда жоңышқа дақылының орны ерекше. Топырақта, әсіресе егістік топырақта, органикалық заттар мен химиялық құрамалар арасында қолайлы тепе-теңдік сақталса ғана сол жердің экологиялық болмысы да бүлінбейді, теріс өзгерістерге ұшырамайды. Сондықтан, осының басты көрсеткіші – егіс алқабындағы жоңышқа дақылының жай-күйі. Ал біздің өңір суармалы егісінің топырағы көпшілігінде осы талаптарға жауап бере алмай келеді, өйткені, жоңышқа өнімділігі өзінің о бастағы ереже-талаптағы мөлшерінен төмен. Бұл – өңір суармалы егісі топырағына төніп тұрған қауіп. Ендеше, осы қауіптен аймақ топырағын ажырату – міндет. Мұның жолы бар. Ол – күріштің о заманнан мойындалған әйгілі алғы дақылы жоңышқа жағдайына тиісті көңіл бөлу, осы дақылдың атыз бетінде біркелкі, тегіс өніп-өсуіне жағдай туғызу, оны дер кезінде тиімді әдіс-термен суару, дақылдың суару тәртібін ғылым ұсыныстарына сай қадағалап,

орындау. Солай болғанда негізгі дақыл – күріштің шығымы да артады, егіс топырағының экологиялық және құнарлылық жағдайы күйзелмейді.

Мақаланың күретамыры болған азаматтарға баяғыда жоғары оқу орындарына бет бұрып, жолайырықта тұрғанда, осы мамандықты бұйыртып тағдыр оларға мол сый жасапты. Сөйтіп, өмірде жолдары оңынан ашылып, ел үшін аянбай еңбек етіп, жұрт ықыласына бөленіпті. Мамандық таңдау – әрине, жауапты іс. Өнегелі, талапты жас мамандық таңдағанда қалауының осы аймақ болашағына қызмет етуге жарайтынын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық болмысын жақсартуға қабілеттілігін, кәсіптің бұл өлкеде әр уақытта өзінің қажеттілігін жоғалтпайтынын, ең соңында сол мамандықтың азамат бойындағы барша қабілеттерінің уақыт өте ортақ істе ашылып, барынша пайдалануын қамтамасыз етуін ескеруі абзал. Ендеше, жазғанымызды оқыған азаматтар, жастар, орта мектеп түлектерінің ата-аналары ұрпақтарына, жалпы қауымға игілікті бағыт-бағдар ұсынатынына сенімдіміз.

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы, «Құрмет» орденінің иегері**

**«Сыр бойы» газеті, 09.07.2020ж.**

## ІРГЕЛІ БІЛІМ – ІЛГЕРІЛЕУ КЕПІЛІ

**Білім мен ғылымның дамуына адамзат баласының бүкіл тіршілігі тәуелді екенін соңғы кезде бұрынғыдан бетер сезіндік. Пандемияға айналған инфекцияның алдындағы дәрменсіздік, вакцина жасауға кеткен уақыт ғылымды өркендетудің маңызын тағы бір мәрте түсіндіргендей. Техника ғылымдарының докторы, профессор Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері Бақытжан Жанмолдаевпен болған әңгіме осы саладағы бірқатар мәселенің түйткілін тарқатты.**

**– Бақытжан Жамаладдинұлы, Черчилль «Әлемдегі әрбір дағдарыс – жаңаруға бастайтын жол» депті. Бірақ бүгінгі дағдарыстың жөні бөлек, ол күллі әлемді шарпыған дерттің салдарынан туындап отыр. Оның бүгінгі мазмұны да сипаты да бұрынғыдан өзгешелеу, ешкімге, ешнәрсеге ұқсамайды. Тіпті, басқасын былай қойғанда, оның сырын білуге, тұйықтан шығудың жолын іздестіру бағытындағы талпыныстарға әзірге технологиялық жағынан дамыған елдердің өзі дәрменсіз. Олар бар болғаны коронавирустан кейінгі әлем өзгеше болады дегеннен әріге бармайды. Шындығында солай ма? Сұхбатымыздың алғашқы сауалын үйреншікті дағдыдан бастағым келді.**

– Иә бүкіл әлем осылай дейді. Көзі қарақты, көкірегі ояу әрбір адам пандемиядан кейінгі өмір бұрынғыдан өзгеше болатынын айтады. Сонда қаншалықты өзгеше боламыз? Бұл туралы сан алуан пікірлер, болжамдар

жеткілікті, тіпті басың айналады. Меніңше, осы пікірлердің, болжамдардың қорытындылары білімге келіп тірелетін сияқты. Себебі, тек білім негізінде адамзатқа төнген қауіпті алдын ала болжауға және оны болдырмауға, жол көрсетуге болатынына бүгін көпшілігінің көзі жеткен сыңайлы. Менің бүкіл саналы өмірім білім беру саласында өтіп жатыр. Сондықтан қазіргі болып жатқан жағдайларға байланысты білім саласындағы өзгерістерге, жаңа бағдарламаларға өз көзқарасым, өз пікірім бар. Қазіргі цифрлық технологиялар мен жүйелер қарышты дамып жатқан уақытта «цифршылар» деп атайтын жаңа ұрпақтың тобы пайда болғанын айтқым келеді. Әсіресе, Астана, Алматы, Шымкент, т.б. сияқты ірі қалаларда көп кездестіресіз. Көз алдыңа елестеткіңіз келсе, ойыңызға тұйық, сөйлеуге ерінетін, білгенін айтудан немесе біреуге үйретуден қашқақтайтын, бірдеңе сұрай қалсаң, өздерінің «құс тілінде» жауап беретін, шашы жалбыраған жасөспірім. Олардың ойынша, алдымыздағы 5-10 жылдан кейін, дәстүрлі білім беру жүйесі толығымен жойылып, мектептерде, колледждерде және университеттерде тек қашықтан оқыту технологиясы қолданылады, яғни, жаңа ұрпақ мұғалімдермен, профессорлармен ауызба-ауыз сөйлеспейді және осылай болатынына олар өте сенімді...

**– Сонда сіздің бүкіл әлем қолға алып жатқан цифрлы жүйе туралы пікіріңіз бөтен болды ғой. Неліктен?**

– Мүлде олай емес. Елімізде төтенше жағдайға байланысты екі айға жуық уақытта мықты технологиялық ілгерілеу болды. Өте құнды педагогикалық тәжірибе жинақталды, әрине, олардан бас тартуға мүлдем болмайды. Қашықтан оқыту технологиясының жақсы жақтары бар, оны жоғалтуға құқығымыз жоқ. Алайда, тек цифрлы технологияға жүгінетін болсақ, онда білімнің ішкі мағынасы мен міндетін түсінбегеніміз. Алдында бір сөзімде «құс тілі» деп айтып қалдым, мысал келтірейін бе? Әлгі жоғарыда аталғандар былай деп түсіндірмек болады: «Мектеп жасындағы балалар, облыстық хайтек кластерінің IT хабының бастамасымен болған коллаборация аясында инновациялық стартаптары бар коворкингтегі кофаундермен айналасуы керек». Не түсіндіңіз? Бұл айтқанының қазақшасы былай: «Мектеп жасындағы балалар ұшақ құрастыру немесе кеме құрастыру үйірмелерінде айналысуы керек». Міне, бар болғаны осы. Бұл енді осы цифрлық технологияның негізгі өзегі немесе күретамыры десе болады, Буль алгебрасының қарапайым ережелерін сұрай қалсаң, түсінбеген сыңай танытады. Себебі белгілі, өйткені білмейді және білгісі де келмейді. Өзінің «цифрлы әлемінен» шығуға құлқы жоқ, ал, оның арғы жағында терең фундаменталды (іргелі) білімінің аздығы жатыр. Олар үшін мемлекетімізде болып жатқан жағдайлар, өзгерістер, қазақ тілінің мүшкіл жағдайы, халықтың тұрмыс-тірлігінің құны көк тиын. Осындай топтың ортасына түсіп қалған, 20-30 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер өздерін жат ағымдағы сектанттардың ортасында қалғандай күй кешеді, керісінше, олар сол мұғалімдердің алдында өздерін зор санайды. Жалпы менің жеке басымның цифрлық технологияға ешқандай қарсылығы жоқ, ел-халық оның игілігін көріп жатыр, қазіргі жаңа ақпараттардың легі тасқындай аққан заманда онсыз өмірімізді көз алдымызға елестету мүмкін емес. Алайда, қазіргі өскелең жас

ұрпақтың бүкіл болмысымен, санасезімімен «цифрлық әлемнен» шықпауына мүлдем қарсымын.

**– Ойыңызды сабақтастыра кетуді жөн көрдім. Өзіңіз жаңа ғана іргелі, яғни фундаментальды білім жөнінде айтып кеттіңіз. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары АҚШ президенті болған Ричард Никсон «Біздің ғарыштағы осалдығымыз Кеңес Одағының мектеп партасында негізі қаланған білімнен артта қалушылықтан болды» деп мойындапты. Бізге осы іргелі білім жетіспейтін сыңайлы?**

– Сізбен толық келісемін. Негізінен, біздің қазақ балалары өте қабілетті және жаңалыққа жаны үйір болып келеді. Бүкіл саналы ғұмырым университетте өтіп жатса да, мектептермен байланысымды соңғы 40 жылдай уақытта еш үзген емеспін. Сонда байқағаным, дарынды балалар белгілі бір деңгейге көтерілгеннен кейін, әрі қарай жұмыс істеуге құлқы азая бастайды. Олар ғылым деп аталатын үлкен әлемге әлі енбегенін, тек есіктен сығалап қана тұрғанына көзін жеткізгенде ғана алға жылжи бастайды. Бұл жерде, әрине, мұғалімнің оқушылар алдындағы беделі, оның терең білімі мен біліктілігі үлкен роль атқаратыны анық. Бірде, досым Асқардың (академик А.Жұмаділдаев) былай дегені бар: «Қазіргі кезде біздің балалар Халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен Кембридж, Гарвард, Оксфорд университеттерінде, Массачусетс технологиялық институтында, тағы да басқа атақты шетелдік оқу орындарында оқып жатыр. Ал енді соларға дәріс беретіндер негізінен менің курстастарым және 2-3 жыл бұрын немесе кейін бітірген таныстарым, – дейді. Онысы рас, Кеңес Одағы күйреген кезде, сол кездегі ортақ елімізден талантты ғалымдар мыңдап, жүз мыңдап шетелдік оқу орындарына шақырылады. Оның себебі, сол кездегі Кеңес Одағында қалыптасқан оқу жүйесі іргелі терең білімге негізделген еді. Сол Асекең бітірген М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінен мыңдаған ғалымдар, аспиранттар шетелге кетті. Алайда, осы іргелі оқу орны өзінің дәстүрлі оқу жүйесін, өзіндік келбетін сақтай білді. Осы оқу орны – әлі күнге дейін бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған барлық республикалардың мектеп бітірушілерін Ресей азаматтарымен бірдей тең құқықта қабылдайтын бірден-бір университет. Сонымен қатар, Бауман атындағы МГТУ, МАИ, МФТИ, МИФИ сияқты техникалық университеттер де өздерінің білім беру жүйелерін толығымен сақтап қала білді. Бұларды білетінім, 2005-2011 жылдары менің қызым Айнұр Халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен әлемге әйгілі Мәскеу авиациялық институтында (МАИ) компьютерлік технологиялар мамандығы бойынша білім алды. Айта кететін жағдай, осы аталған оқу орындарында оқу мерзімі әлі күнге дейін 6 жыл. Оқу орындарында жиі болдым, олардың оқу бағдарламаларымен таныстым, кейбір дәрістерге де қатыстым, профессор-оқытушыларымен әріптес ретінде пікір алмастым. Аңғарғаным, инженерлік мамандықтар бойынша негізгі сабақтар – жоғары математика мен физика. Айталық, математиканың барлық бөлімдері 3 жыл бойы (6 семестр), физика 2 жыл бойы (4 семестр) оқытылады, ал, сағат жүктемелері сәйкесінше 360 және 240 сағат. Осындай терең теориялық дайындықтан кейін ғана, 4 курстан бастап, соңғы үш жылда өздерінің

мамандықтары бойынша пәндерді оқи бастайды. Мысалы, Бауман атындағы техникалық университетінде көргенім, «Машиналар мен механизмдер теориясы» сабағында небір күрделі механизмдер бөлшектерінің қималарын тек қолмен ғана сызғызады. Компьютерлік жобалау кабинеттерінде ол қималарды санаулы минуттарда салуға болады, жоқ, ол кабинеттерге студенттерді кіргізбейді, тек қолмен сызуы керек. Немесе МАИ студенттерінің кеңдігі ат шаптырымдай ангарларға қойылған ұшақтардың сан мыңдаған сымдарын қолмен жалғап жатқандарына куә болдым. Оларда виртуалды зертханалар жоқ дейсіз бе? Керісінше, жетіп артылады, алайда студенттер ұшақтың барлық тетіктерін, бөлшектерін қолдарымен жалғайды. Бұларды мен неге айтып отырмын? Өзім сол Мәскеуде білім алғасын оларды дәріптеп отырған жоқпын. Қалыптасқан дәстүрін, оқу жүйесін толық сақтап қалса да, дипломдары әлемдік бренд екенін мысалға келтіріп отырмын. Өткеніміздің барлығы жаман емес, оның жақсы жақтарын, әсіресе білім саласындағысын сақтап қалу – бізге парыз. Осы тұрғыда, мен әріптесім профессор Бағдат Карбозұлының «Білім беруде дәстүр болуы керек» деген терең ойлы сөзімен толық келісемін.

**– Өткенсіз бүгініміз бұлдыр. Осы орайда айта кеткім келеді, кеңестік іргелі білім ғарышты игерді. Атом қаруын жасады. Сахаров, Ландау, Курчатов, Королев, Капица, Харитон... Атай берсеңіз, толып жатыр. Оларды Сталин де құрметтеді емес пе? Айталық Қаныш Сәтпаев, Шахмардан Есенов есімін кім ұмытады? Осылардың бәрі кеңестік іргелі білімді меңгерген ұлылар ғой.**

– Ұлы диктатордың өзі ғылымды, ғалымдарды құрметтеді. Олар мемлекет үшін қажет болды. Білесіз бе, сол Қаныш Сәтпаев Қазақстан Ғылым академиясын Сталиннің келісімін ала отырып құрған. Тіпті Курчатов көсемге «Ғалымдардың жалақысын екі есе көтеру керек» деп өтініш білдіргенде Сталин мырза мырзалық танытып үш есе өсірген. Капица Бериядан сескенбей жоғарыға хат жолдағаннан кейін Сталин басты жендетке «Оған тиісуші болма, қабырғаңды сындырамын» деп ескерту жасаған. Міне, осының барлығы ғалымдарға деген ерекше құрмет еді. Ешкімді мойындай қоймайтын досым Асқар Жұмаділдаев академик Орынбек Жәутіковтің есімін жиі атаушы еді. Қазақстан ғылымы Асқар Қонаев, Өмірбек Жолдасбеков, Мұрат Айтқожин, Өмірзақ Сұлтанғазин және тағы басқаларының есімдерімен әлемге танылды. Біз әлемдік жетістікке бұрынғы дәстүрімізбен міндетті түрде көтеріле аламыз. Себебі бізде іргелі білімнің іргетасы бар. Тек мемлекеттік қолдау, оқу үдерісін барынша жетілдіруіміз қажет. Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, біздің егеменді еліміздің ертеңі – іргелі білім мен ғылымда. Жан-жақты теориялық дайындықтан өткен, ол білімін практикамен ұштастыра білетін жас кез келген жағдайда өзін еркін сезінеді және цифрлы технология заманында орнын қиналмай табады. Мен бұған сенімдімін.

**Әңгімелескен Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ**

**«Сыр бойы» газеті, 25.07.2020ж**

## АБАЙ МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ АҚЫЛ-ОЙДЫҢ КӨРІНІСІ

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 10 тамыз «Абай күні» болып белгіленді. Мемлекеттік мерекелер тізбесіне енді. Бұл қазақ әдебиеті мен мәдениеті, жалпы ұлт руханияты үшін үлкен мәртебе. Олай дейтініміз, Абай мұрасы – жалпыадамзатқа ортақ құндылық, ұлттық ақыл-ойымыздың көрінісі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек.**

Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз»-деп, жаһандану уақытында ұлттық құндылықтарымызды бағалап, ұлт мүддесі үшін пайдалана білудің маңыздылығын айтқан еді. Осы ретте, Абай мұрасы біздің темірқазығымыз болуы керек. Ұлы ойшылдың «Толық адам» ілімі жеке тұлғаның интеллектуалдық мәдениеті мен қалыптасуының ғана емес, тәрбиелі, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырудың өзегі. Туған халқының бүгіні мен ертеңіне кемеңгерлікпен қарап, ел болашағының білім мен ғылымда екендігін көрсеткен Абай, ұлт болып ұйысудың, қазақ қоғамын әлемдік өркениетке танытудың жолын көрсетті.

Ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойы аясында республикамызда түрлі шаралар өткізілуде. Қазіргідей қиын кезеңде ұлт кемеңгерінің мерейтойын мағыналы, мәнді, ең бастысы болашақ ұрпақ өнеге алатындай тағылымды шаралар өткізілуде.

Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның ордасы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде де ақынның өмірі мен шығармашылығын зерделеу, олардың тағылымдық мәні мен мағынасын түсіну мақсатында көптеген шаралар ұйымдастырылды. Абай өлеңдерін оқу челленджі университет студенттері мен оқытушы профессорлары арасында жалғасын тапты. Студенттер арасында өткізілген ақын өлеңдерін жатқа оқу байқауында филология мамандығының 2-курс студенттері Елена Пак 150 өлеңін, Айсана Тынбай 30 қарасөзін жатқа айтып, республикалық конкурсқа жолдама алды.

Университет оқытушы-профессорларының ұйымдастыруымен кафедра, институт, университет және облыстық, республикалық деңгейде өткізілген ғылыми-танымдық, тәрбиелік шаралар Абай мұрасының өміршең, мәңгілік екендігін, қазақ қанына сіңіп, қазақпен бірге өмір сүре беретіндігін көрсетті.

Тау алыстаған сайын биіктей түседі. Тау тұлғалар да солай. Зерттеп, зерделеген сайын ойы тереңдеп, сыры құпиялана түседі. Абай мұраларының әдебиеттану, лингвистика, педагогика, өнертану, философия ғылымдарының назарына ілігіп, зерттеу нысанына айналғанына да екі ғасырға жуық уақыт болды. Қазақ ғылымында Абай шығармашылығына байланысты жүздеген монография, мыңдаған ғылыми мақалалар жазылды, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Ұлы Әуезов негізін қалаған «Абайтану» ғылымы өмірге келді. Бірақ Абай әлемінің сырын ішіне бүккен әлі талай жұмбағы бар.

Соның бірі ақын поэзиясы мен қара сөздеріндегі ұлттық философияның астарын ашу, М.Әуезов айтқан «Сыншыл ақылдың» діни-исламдық тереңіне сүңгу, лирикадағы ой ағысын зерделеу болмақ. Осы мақсатта университет ғалымдары, магистранттар мен докторанттар Абай шығармашылығын зерттеп зерделеуге баса мән беріп келеді. Алдағы қазан айының алғашқы онкүндігінде «Абай мұрасы – жалпыадамзаттық құндылық» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізу жоспарланып отыр. Онлайн түрінде өткізілетін ғылыми конференцияға отандық абайтанушылармен қатар, Түркия, Азербайжан мемлекетінің ғалымдары да қатысады деп күтілуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «…Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы»,-дей келе: «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

…Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал»,-деген еді.

Ендеше, ақын арманы мен аманатына адал болайық! Абай мерекесі – ұлт руханиятының мерекесі, ұлттық мереке! Мереке құтты болсын!

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**Университетінің Басқарма төрағасы – ректоры**

**«Сыр бойы» газеті, 10.08.2020ж.**

## КӘСІПКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІ БІЛІКТІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Бүгінгі уақыт, жаңа индустриалдық революция қай салада болмасын мамандардың кәсіби біліктілігі жаңа деңгейде болу керегін көрсетті. Бұл бәсекелестік орта қалыптасқан бизнес өкілдеріне де қатысты.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың түрлері мен әдістері ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу барысында жетілдіріледі. Бүгінде елімізде кәсіпкерлік әлеуетті дамыту мәселелеріне ерекше басымдық берілуде. Осы орайда, кәсіпкерлер санының артуы, бизнестің сәтті дамуы мемлекеттің тиімді бағдарламалар қабылдауына және жаңа заманға сай білім беру жүйесіне тікелей байланысты болмақ. Қазір елімізде экономиканың болашағы зор секторы саналатын шағын және орта бизнеске ерекше көңіл бөлінуде.

Соңғы жылдары отандық білім беру мен бизнес саласы арасындағы әріптестік байланыс күшейіп келеді. Мұндағы басты міндет – ел эко-

номикасының дамуына қажет мамандар даярлау. Бұл бағыттағы жүйелі жасалған жұмыстар екінші жағынан аймақтық бәсекені арттырары сөзсіз. Дей тұрғанмен, елімізде кәсіптік білім беруді көздейтін стандарттарға енді ғана көңіл бөлінуде. Осы ретте ірі кәсіпорындар кәсіптік білім беру жүйесіне қыруар қаржы салып, жас мамандарды даярлау ісіне белсене қатысуда.

Білім беру жүйесін дамыту үшін елімізде аталған сала құрылымдық, мазмұндық бағытта жаңаруда. Озық әлемдік технологиялар енгізіліп, ауқымды жұмыстар жасалып жатыр. Осы мақсатта қабылданған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аталған мәселелерді шешуге арналған қарқынды жоба болып табылады. Қай уақытта да маманның білімі мен кәсіби біліктілігі – экономика дамуының басты тетігі екені белгілі. Сондықтан жоғары оқу орындары мен әлеуметтік серіктестіктер байланысының жақсарғандығы игі бастамалар мен кәсіпкерліктің қанат жаюына әкелетіні анық.

**Қамар БЕКЕТОВА,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің**
**қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы,**
**экономика ғылымдарының кандидаты**

**«Сыр бойы» газеті, 15.08.2020ж.**

## БАСТЫ ҰСТАНЫМ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев күні кеше, яғни, бірінші қыркүйекте Қазақстан халқына арналған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында еліміз экономикасы курсының жаңа 7 қағидатын жариялады. Оның 5-ші қағидаты адам капиталын дамыту, жаңа типтегі білімге инвестициялар деп аталды. Расында, адами капиталды дамытуда оның басты таған-тірегі – білім саласының рөлі қашанда ерекше. Аталған стратегиялық салаға инвестиция салудың қоғамның әл-ауқатына ықпал ететіні талассыз. Жолдауда адами капиталды дамыту бойынша үлкен жұмыстардың экономикалық көкжиегі айқындалды. Еліміздің білім беру жүйесіндегі жүзеге асырылып жатқан тың реформалар мен жаңа бастамалар жоғары оқу орындарының алдына үлкен міндет жүктеуде.**

Отандық білім жүйесінің басты мақсаттарының бірі – жоғары және жоғары білімнен кейінгі кәсіби білікті мамандар даярлауды халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестендіру. Сондықтан, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті осы мақсатқа сай білім беру мазмұнын жаңарту, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу арқылы еңбек нарығының бәсекеге қабілетті мамандарға деген сұранысын қанағаттандыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алға қойған басым бағытына сай және аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму

бағдарламасы негізінде университеттің 2021-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы әзірленді. Бүгінде аталған стратегиядағы басым бағыттарды жүзеге асыру мақсатында бірқатар ауқымды жұмыстарды атқарып келеміз.

Ең алдымен білім беру бағдарламалары қоғам сұранысы мен жұмыс берушілердің талабына және кәсіби стандарттарға сай толық жаңартылып, бакалавриаттың – 80, магистратураның – 35, докторантураның 13 бағдарламасы Реестрге толық енгізілді. Биылғы оқу жылында жаңадан магистратураның «Музыкалық білім», «Есеп және аудит», «Орыс тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламалары ашылып, докторантураның «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасына талапкерлер оқуға қабылданды. Бұл – аймақтың сұранысын қанағаттандыру мақсатында қолға алынған жұмыстардың бірі.

Жоғары білім беруді интернационалдандыру бағытында да бірқатар жұмыстарды қолға алдық. Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтармен ынтымақтастық байланыс ауқымын кеңейту – университеттің алдында тұрған межелі міндет. Әріптестік аясын кеңейту, білім алушыларымыздың академиялық ұтқырлық, қос дипломды бағдарламаларын жүзеге асыруға жол ашады. Бүгінде біздің студенттеріміз Америка Құрама Штаттарының, Польшаның, Австрияның, Түркияның, Корея Республикасының, Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарында білім алуда. Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру нәтижесінде студенттеріміз алдағы уақытта Болгария, Венгрия, Германия, Португалия, Испания, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания және Канаданың жетекші жоғары оқу орындарында «Бірлескен білім беру бағдарламасы» аясында білімін шыңдай алады.

Бүгінгі заман талабына сай мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында университетте 19 білім беру бағдарламасы көптілді білім беру (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) негізінде жүзеге асырылуда.

Жаңа оқу жылында бакалавриаттың «Информатика» және «Химия» білім беру бағдарламалары ағылшын тілінде жүргізілетін болады. Университет ұжымының алдында тұрған маңызды міндет – алдағы 3 жылдың ішінде аймақтың сұранысына сай 3 білім беру бағдарламасын ағылшын тілінде дайындау және жаңа инновациялық 9 білім бағдарламасын реестрге енгізу, сонымен бірге, Ресей, Қытай, Польша мемлекеттерінің және отандық жоғары оқу орындарымен бірлескен 5 білім беру бағдарламасын, 3 қос дипломды бағдарламаны жүзеге асыру жоспарланған.

Аталған жұмыстарды сапалы жүзеге асыру, оқытушы-профессорлардың біліктілігін арттыру, мәртебесін көтеру, материалдық жағдайын жоғарылату бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Өткен оқу жылында университеттің арнаулы қаржысы есебінен оқытушы-профессорлардың еңбекақысын 30 пайызға дейін арттырдық. Атап айтқанда, оқытушылардың еңбекақысы орташа алғанда 35-40 мың теңгеге көбейді. 2020-2021 оқу жылында оқытушы-профессорлар мен қызметкерлердің еңбекақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізіліп, осыған сәйкес қызметкерлердің еңбекақысы тағы да артатын болады. Сонымен бірге, ОПҚ қызметін бағалаудың рейтингі және KPI

көрсеткіштері бойынша алдыңғы қатарлы оқытушыларға арнайы үстемеақы тағайындалады.

Жаңа оқу жылындағы ақжолтай жаңалықтың бірі– «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Корея бұрышы» жобасы аясында арнайы дәрісхана ашылуы. Екіжақты келіссөз арқылы жүзге асырылған жобаның тұсаукесері қазан айында өткізілмек.

Жоғары оқу орындарының ең басты көрсеткіштерінің бірі – түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі. Осы ретте, университеттің биылғы көрсеткіші өткен жылғы көрсеткіштен 10 пайызға (87,4%) жоғарылап отыр. Тек сапалы білім беріп қана қоймай, жастарға келелі жол көрсетіп, олардың жаңа өмірге бейімделіп кетуіне ықпал ету, сол арқылы түлектердің еңбек нарығында әрдайым сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету – біздің парызымыз.

Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандыру мақсатында «Рекрутинг» орталығын құрдық. Негізгі сыныптардан бастап кәсіби бағдар беруге және ғылыми-инновациялық жұмысқа (олимпиадалар, конкурстар, қызығушылық клубтары, робототехника, мехатроника, логистика, киберспорт, т.б.) тартуға бағытталған «Kids university» тұжырымдамасы қабылданды. Шетел азаматтарын университетке оқуға шақыру мақсатында шетелдерде арнайы өкілдіктер ашу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Университет беделін арттыру мен білім беру сапасын жетілдіру мақсатында атқарылған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде студенттер саны да жылдан-жылға артып келеді.

2020-2021 оқу жылына бакалавриатқа 2241 білім алушы, оның 519-ы мемлекеттік білім гранты негізінде, 107-сі облыс әкімінің білім гранты бойынша оқуға қабылданды. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, бұл көрсеткіш былтырғыдан 37 пайызға артып отыр.

Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтетін пәндер бойынша университет базасында облыстық олимпиада ұйымдастырылып, жеңімпаздары ректордың білім грантын иеленді. Сонымен бірге, мүмкіндігі төмен 198 студенттің оқу ақысына түрлі санаттар бойынша жеңілдік берілсе, кәсіпорындардың демеушілігімен 31 студенттің 1 жылдық оқу ақысы төленіп отыр.

Биылғы оқу жылының қашықтықтан оқыту форматында ұйымдастырылуына байланысты дайындық жұмыстарына ерекше назар аударылды. Барлық профессор-оқытушылар құрамына арнайы вебинарлар өткізіліп, өзара тәжірибе алмасты. Оқытушы-профессорлар видеодәрістерін талапқа сай жабдықталған арнайы студияларда жазды. Сонымен қатар, кейбір мамандықтардың зертханалық, практикалық сабақтарын оффлайн режимде ұйымдастыру көзделуде.

Жалпы 2020-2021 оқу жылының күзгі оқу семестрінде 771 пәнді оқыту жоспарланған. Оның ішінде 727 пән қашықтан оқытылса, 44 пән аралас форматта өтпек.Аралас форматты, әсіресе шығармашылық, әскери, спорт саласындағы мамандықтар көбірек қажет етеді.

Жаппай қашықтан оқыту басталғанда интернеттен шектеу туындамауы үшін оқу ғимараттарында жылдам интернет пайдалану мүмкіндіктері

қарастырылды. Шалғай ауылдарда тұратын, интернетке мүмкіндігі жоқ студенттер үшін университеттің студенттер үйінен ашылған арнайы компьютер кластары қажетті құрылғылармен қамтамасыз етілді.

Бүгінгі студент – ең алдымен еліміздегі түрлі кәсіпорындар мен бизнес құрылымдарының, мектептер мен оқу орындарының, бір сөзбен айтқанда, экономиканың түрлі салаларының болашақтағы кәсіби білікті мамандары. Сондықтан да университет өз білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда болашақ жұмыс берушілердің ой-пікірлері мен ұсыныс-тілектерін барынша ескеруде.

Университетімізді таңдаған жас ұрпақ – ертеңгі білікті маман. Бұл тұрғыда, ғылым мен тәжірибенің жетістіктеріне негізделген білімге сусындап, қажетті кәсіби икемділіктерді меңгерген білікті маман даярлау әрі креативті шешімдер қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру ісі басты міндетіміз болып қала бермек.

Университетте ғылыми ізденістерді дамытуға барлық мүмкіндіктер жасалған.Атап айтқанда, шетелдік және отандық жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтарымен бірлескен зерттеулер жүргізу әрі олардың ғылыми зертханаларын пайдалану, «білім-ғылым-өндіріс» моделін жүзеге асыру, жастардың бизнес-идеялары мен start-up жобаларына қолдау көрсету, халықаралық рецензияланатын беделді ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар санын көбейту, зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру, т.б. жұмыстар тың қарқын алуда. Университет жанындағы 7 бағыт бойынша ашылған диссертациялық кеңестердің, 6 ғылыми орталықтың қызметтері де нәтижеге бағытталған.

ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының ғылымды қаржыландыру көлемін ІЖӨ-нің 1 пайызына жеткізуді басты меже етіп қойғаны, сөз жоқ, отандық ғылымды дамытудағы тарихи бетбұрыс. Біздің ғалымдарымыз 2020-2021 және 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына 29 жоба ұсынды. 2021-2023 жылдарға жарияланған ғылыми жобалар конкурсына қатысу үшін бүгіннің өзінде отызға жуық іргелі және қолданбалы ғылыми жоба дайындалды.

Жас ғалымдарды қолдау, ғылыми-инновациялық идеяларын жүзеге асыру мақсатында университеттің арнаулы қаржы есебінен арнайы гранттар бөлінетін болады.

Бүгінде аймақтың іргелі білім ордасы аз уақыт ішінде осындай толайым жетістіктерге қол жеткізді. Алға қойған негізгі басым бағыттар қатарында атқарылар ауқымды шаруа көп.

**Біріншіден,** білім беру қызметін интернационалдандыру стратегиясын жүзеге асыру;

**Екіншіден,** жоғары оқу орындарының әлемдік QS рейтингісіне ену болып отыр;

**Үшіншіден,** аймақ экономикасы үшін маңызды ғылыми-техникалық жобаларды жасау және орындау;

**Төртіншіден,** университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту;

**Бесіншіден,** студенттік креативті идеялар мен әлеуметтік бастамаларды қолдау біздің негізгі қызметіміз болып қала береді.

Шығыс ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, Білім – жарық, нұрын саған шашатын» деген сөзінің астары терең, айтар ойы ауқымды, қашанда, қай заманда болмасын өзінің мән-мағынасын жоғалтпайтын аталы сөз. Ғасырлар бойы сан буын ұрпақты адамгершілік пен білімпаздыққа тәрбиелеп келе жатқан осы сөздің бүгінгі күні де өзектілігі жоғары. Университет ұжымы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда бабалардан қалған осы ұлағатты сөзді басшылыққа алып, уақытпен санаспай еңбек ете береді.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**Университетінің Басқарма төрағасы – ректоры**

**«Сыр бойы» газеті, 01.09.2020ж.**

## «ӨМІРДЕГІ ҚҰБЫЛЫС КЕЗДЕЙСОҚ ПАЙДА БОЛМАЙДЫ»

**Адамзаттың қазіргі ұрпағы өз дамуының қарама-қайшылығы мол күрделі дәуіріне қадам басты. Күрделі дейтініміз, аға ұрпақтың айнала-сында болып жатқан бүгінгі құбылыстарды бағалап, өзінің сана сүзгісінен өткізуге қабілетті дегендері оншалықты көп емес. Себебі бүгінгі құбылыстың жай-жапсары көпшілігі үшін жұмбақ. Керек десеңіз, сананың қабылдауына тым ауыр соғады. Сонымен біз өзіміз қаламаған, жасыратыны жоқ сырттан таңылған жаһандану үрдісінде не болып жатыр? Біз қазір қандаймыз? Ертеңіміз не болады? Философия ғылымының докторы, профессор, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Баймырза Қожамберлиевпен болған әңгіме-сұхбатымызға осы және басқа да сауалдарға жауап іздейміз. Біздің өзара әңгімеміз еркін пікір алмасу сипатында өрбіді.**

**– Баймырза Қожамберліұлы, бүгінде күллі әлем коронавирустан үлкен дағдарысқа ұшырады. Тіпті, оның жалын шарпыған ауқымын санасы түзу адамның өзі қабылдауға дәрменсіз болып шықты. Өзіміз мақтап, үлгі алатын демократиялық институттары, дамыған индустриясы бар мемлекеттердің өзі пандемия індетіне қарсы күресте дәрменсіздік танытты. Әңгімені үйреншікті сауалдардан бастағым келіп отыр. Не болды? Неліктен?**

– Алдымен әңгімемді мына мәселеден бастағым келеді. Өзің тарихты жақсы білесің, адамзат өз ғұмырында қысқа кезеңдер болмаса, ешқашан рахат өмірден тұратын алтын ғасырды бастан кешкен емес. Алғашқы адамдар табиғаттың еркін сыйы ретінде бәрін алды деген пікір айтушылар бар.

Қоршаған ортадағы сананың пайда болуы нәтижесінде бөлініп шыққан адам еркіндікте болғанымен, өмір сүру қиындығымен ұдайы алысып-жұлысып келеді. Одан кейінгі формация адамының да, одан кейінгісінің де өз қиындықтары жетіп артылады.

**– Сөзіңізді бөлгенім үшін кешірім өтінемін, шығыс шайыры Шамшеддин Хафиз өлең жырында: «Бақытты ғой бұл өмірге келе салып өлгендер, ал өмірге келмегендер тіпті одан да бақытты» депті.**

– Бұл – философия. Қазақша жай ұғымға салғанда құдайтану ілімі десе де болады. Біз жаһандағы құбылыстардың тез өзгеріп жатқанын байқамай қалдық. Сайрандадық. Көп нәрсенің қадірін білмедік. Адам құндылығы дегенді тіпті ойлаудан қалдық. Ал өзгеріс жылдам болды. Айналасы 30-40 жыл ішінде болмысымыз мүлдем өзгерді. Тұтынушылық психология пайда болды. Барлығымыз сән-салтанатта өмір сүргіміз келді. Бір-бірімізбен жарыстық. Экономикадағы бәсеке болса кәнекей, біз той жүргізумен, аста-төкпен жарыстық емес пе?

**– Бұл орайда бүгінгі уақыттың сипатын алдын ала болжаған Мөңке би және атақты ғалым Лев Гумилевтің айтқандарын білетін боларсыз...**

– Кейде мен Гумилевті Мөңке бидің сөзін біреуден естіген шығар деп ойлаймын. Өмірде не болмайды? Кеңес ғалымы қазақтардың арасында көп болды. Олардан көп нәрсе естіді. Сол Гумилев уақыт өте келе адамдардың өзгеруі мүмкін екенін өз заманының бағытына қарап болжапты. «Этногенездің соңғы фазасына өткенде елдің белсенді өкілдерінің селдіреуі, қанағатшыл тобырдың қаннен-қаперсіз ғұмыр кешуі «өркениеттің» өзіндік ерекшелігіне айналады. Шығармашылықпен айналыспайтын, еңбек етпейтін, ой сезімі кедей, ындыны тойымсыз адамдар молаяды. Мұндай пенделер, әрине, ерлік пен естілік бел алған заманда өмірден орын таба алмас еді. Олар жауынгер болып жарытпайтындар, еңбек ету қолынан келмейтіндер, ал қылмыс жасаса, қатал заман қыршынынан қияды. Рас, босбелбеу өркениет кезіндегі тоқшылықта бір үзім нанмен жеңіл етек шүйке бас кім-кімге де табылып бағады. Дегенмен, «өмірге құштарлар» көбейген үстіне көбейе береді.... Өміршеңдік өлермендікке бағаланады, еңбекқорлық мазақ етіледі, ақылдыларды көргендер ашуға булығады.

...Жақсылық емес, жамандық сұрыпталады. Қабілетің дәріптелмейді, қабілетсіздігің марапатталады, білімің емес, біліксіздігің бағаланады, табандылығың емес, тайғанақтылығың таңғалдырады» депті ғалым.

Қалайша дәл болжаған? Менің ғалым ретіндегі түсінігім бойынша өмірдегі құбылыс кездейсоқтықтан пайда болмайды. Ол – белгілі бір түсініксіз, стихиялық қозғалыстың қорытынды жемісі. Біз байқамаймыз. Оның келгенін сезгенде аһ ұрамыз.

Бүгінгі дағдарыстың неден болғанын сәуегейлік жасап айтушылар көп. Өзімді-өзім алдағым келмейді. Білетінім, Германияның канцлері Меркель бұл екінші дүниежүзілік соғыс зардабына жақын келетін дағдарыс деп атады. Бұл пікірді айтып отырған жәй адам емес, дүниежүзіндегі 3-ші әлде 5-ші

экономиканың жетекшісі. Тарихты білесің, сол екінші дүниежүзілік соғыста қанша адам шығыны болды?

**– Шамамен 50 млн. адам. Тең жарымы кешегі Кеңес Одағының халқы. Енді әңгімеңізді жалғастыра беріңіз...**

– Әлбетте, ел қорқып қалмасын, мен бұл жерде адам шығыны жөнінде айтқым келіп отырған жоқ. Соғыстың аты – соғыс. Бірақ бүгінгі дағдарыстың сипаты ауыр екенін айту үшін салыстырмалы түрде пікір білдіргенім ғой.

Иә, әлгі Меркельді айттым. Әрі қарай ойымды жалғастырайын. Ойдың сабақтастығы және керек. Сол Германиядан екінші дүниежүзілік соғыстан кейін үйінді ғана қалды. Коронавирустан кейін АҚШ, Испания, Италия, Германия үшін де оңай соқпайды. Ресейге де оңай болмайды. Экономикалық жағынан тағдырымыз ортақ Қазақстанды күрделі кезеңдер күтіп тұр. Бірақ Германия соғыстан кейін аяғынан тез тұрып кетті. Әлбетте бағдарламалар болды, көмектер көрсетілді. Қазақстанда да солай болады деп үміттенемін.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев «Қазір бүкіл әлемнің және әлемдік экономиканың тағдыры ғалымдардың қолында. Бұл артық айтқандық емес. Әлемнің тағдырын футболшылар, шоу-бизнес өкілдері емес, ғалымдар шешеді. Біз осы жағдайдан сабақ алуға тиіспіз» деді. Президенттің осы сөзі мені қатты ойға қалдырды. Үндеу жарияланды. Бүкіл ел жұмылып жатыр. Орта және шағын бизнесті қолдауға көп қаржы бөлінді. Қазір цифрларды тізбелеп шығудың оншалықты қажеті жоқ қой деп ойлаймын. Ұлттық қордың бүгінде қаншалықты тиімді болғаны айтылуда. Әйтеуір құралақан емеспіз.

Қазір Ресей ақпарат құралдарында кеңестік жүйеден мұра болған медицинаның бүгінде өте тиімді жұмыс істеп жатқаны айтылуда. Меніңше, АҚШ пен Батыстан гөрі бізде дертке қарсы күрестің біршама жақсы жүргізіліп жатқанын осымен түсіндірер едім.

Батыстың менталитеті бөлек. Олар еркіндікті жақсы көреді. Бірақ Батыстың медицинасын мүлдем жамандауға қарсымын. Жалпы, менің ақпараттан алып отырған түсінігім бойынша АҚШ-та сол еркіндік мүлдем басым болды. Өйткені олар еркін өскен. Екі дүниежүзілік соғыс та олардың аумағында болған жоқ. Олар қасіреттің не екенін білмейді. Италия, Испания, басқа да Батыс елдерінің жаппай халықты дендеген ауруға қарсы дәрменсіздік танытуының бір себебі – осы.

Екіншіден, оларда жұқпалы ауруларды гигиена сақтамайтын тоталитарлық елдерде болады деген түсінік қалыптасты. Қытаймен барлығы шектеліп қалады деген ұғым болды.

Батыста медицинада жалпы жұқпалы ауруларға қарсы күресетін клиникалар жоқ. Барлығы жекеменшік. Оларда емделудің құны қымбат. Бір апта жеке меншік клиникада емделу үшін біздің ақшаға шаққанда 6 млн теңге төленуі қажет. Жедел жәрдем шақырту тым қымбат.

**– Сөзіңізді жандандырайын. Біздің Батысқа деген көзқарасымыз қазір өзгерді. Күні кеше Трамп әрбір тұрғынға 1200 доллардан қолдау көрсетті. АҚШ-та 400 доллар дүкенге екі рет барып, азық-түлік сатып алуға жететін қаражат екен. АҚШ-тың қоғам қайраткері Ариэль Коэн жуырда**

**Ресей теледидары арқылы сөйлеп, американдықтардың орта тап жүргендері туралы біздің көзімізді ашты. Сол американдықтардың 75-80 процентінің жекеменшік үйі жоқ. Табыстары айлықтан айлыққа әрең жететін халық тобын құрайды. Ендеше біз өз елімізде жасалып жатқан қолдауларды жеңіл-желпі ойынмен қабылдауымыз мүлде қисынсыз. Сол АҚШ-тың өзінде екінші тоқсанның қорытындысымен жұмыссыздар саны 30 процент көлемінде құрайды деген цифрлар айтылуда. Мен қазір Қазақстанда немесе облыста жан басына қанша төсек-орын келетінін, әрбір 100 мың тұрғынға шаққанда қанша дәрігерден келетінін білмеймін, бірақ соңғы келтірілген деректерден білгенім, Батыс елдерінде ол мүлдем аз көрінеді. Барлығы ақшамен емделеді.**

– Біздің медицина кемшілігіне қарамастан, жаңа айтқандай, кеңестік дәуірдің мұрасын сақтап қалды. Әрине, кемшіліктер бар, көптеген қысқартулар болды. Біз Батыс елдеріндегі салыстырмалы жағдайларды айтқанда, көп нәрсеге шүкіршілік етуіміз керек. Бөлініп жатқан қаржыға жағдайымыз түзеліп кетпесе де, қанағат етуге болады. Бұлардың бәрін мүмкіншілігімізге қарай бөлініп жатқан қолдау деп түсінгеніміз абзал. Біз жуырда мұғалім мәртебесі туралы заң қабылдадық. Халық жақсы қабылдады. Енді, меніңше, дәрігер мәртебесі туралы заң қабылдауымыз қажет. Уақыт бізден осыны талап етуде.

**– Алдымен біз алдағы уақытта жағдайдың біршама күрделі болатынын түсінуіміз керек. Бизнесмендер көмекке келуде. Соңғы уақытта Мағжан Ералиев, Бағдат Махашев, Асқар Маханбетов, тағы басқа кәсіпкерлер қаржылай көмек көрсетіп жатыр. Бұл – халқымыздың бойында, болмысында бар ізгі қасиет. Әсіресе, волонтерлардың қолдау көрсетуі ерекше сүйіспеншілік сезімін туғызады. Бұл – Президенттің бастамасы. Ел жақсы қабылдады.**

– Мен оларға өзім туған Қазалы өңіріндегі белді кәсіпкер Мінәжадин Өтеевті, Қызылордадағы қонақ үйін дәрігерлерге тегін берген Қайрат Боранбаевты қосар едім. Олар көп. Алдағы уақытта көмек беретіндер саны арта түсетініне кәміл сенемін. Менің бұл орайда айтатыным, қазір сыпсың әңгімеге ермей, барлығымыз ел болып ұйысып, қиындықтан шығудың жолын іздестіру маңызды екенін еске салғым келеді. Жауапкершілік, бірлік пен ынтымақ біз үшін алдағы уақытта дағдарыстан шығудың басты критерийі болып саналады.

Реті келген соң, сенен сұрағым келеді. Бізде қазір тұтынушылық психология деген ұғым пайда болды. Ол өзі қайдан келді?

**– Кәдімгі өзіміз айта беретін Батыстан. Жақсы салтанатты өмір сүруді ешкім жек көрмейді. Бірақ оның да шегі болуы керек. Өткен ғасырдың 60-жылдары тұтынушылық психологиясы пайда болды. Батыстың бай-шонжарлары салтанатты өмірді үйреншікті құбылысқа айналдыруды бастады. Кеңес жүйесі құлаған соң бізге Батыстың баюға, сән-салтанатты өмірге деген құштарлығы санамызға бірте-бірте ене бастады. Ақшаны көп табу, оны қандай жолмен болса да табу, тіпті ұсталмаса болды дегендей, ұрлықпен болса да табу үрдіске айнала бастады. Меніңше, біз Батыстың өркениетті үлгісін алудың орнына әлгі**

**тұтынушылық психологияны, яғни, оңай ақша табуды тез үйрендік. Ал олардың артында Батыстың шіріген байлары тұрғанын білмедік. Алғаш шетелге барып келгендердің, әсіресе шенеуніктердің ойы тез өзгерді. Бұрын бірыңғай шектеу көріп қалғандар өздеріне ұнаған соң «о, осы жерде осындай екен ғой» деп мастанды. Ақыр соңында тойымсыз психология шама-шарқымызға қарамай, несиеге ұрынудан басталды. «Кедей бай болғысы, бай құдай болғысы келді». Біз осының бәріне алдағы уақытта барынша жауапкершілікпен қарап, өмірге деген көзқарасымызды мүлдем өзгертуіміз қажет деп санаймын. Ғалымдардың пікірінше, коронавирустан кейінгі өмірдің бір өзгерісі осы айтқаныма байланысты болады деп ойлаймын. Бұл қазақша айтқанда, «көрпеңе қарай көсіл» деген ұғымды білдіреді. Жалғыз Қазақстанда емес, бұндай өзгерістер көптеген елде болады. Сарапшылар бұл орайда халықаралық валюта қорының талаптарына өзгеріс енгізілмесе, әлемде халықтың кедейшілік тобы қазіргіден де көп болады деген пікір айтады.**

– Қазір гибридтік соғыс туралы көп айтылуда. Әлемде бірін-бірі жоққа шығаратын ақпараттар ағымы өте көп. Қайсысына сенеріңді білмейсің. Не істеуіміз керек?

**– Сіздің сыпсың әңгіме дегенге қатысты мынаны айтқым келеді. Қазір ақпарат құралдары жетілген. Гибридтік соғыс деген бар. Ол тыңдармандарын жалған ақпараттармен жаулау деген ұғымды білдіреді. Бұл соғыс кезінде жиі пайдаланылған. Оларға қатаң жаза қолданылған. Қазір де солай. Бірақ сол жалған ақпарат адамдардың санасын улайды. Біз не істеуіміз керек? Оларға жанды, дәйекті, шынайы ақпарат тарату арқылы күрес жүргізу қажет деп санаймын.**

– Тағы бір маңызды мәселе. Егер есіңізде болса, біз тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде біршама алтын кезеңдерді бастан өткіздік. Бірқатар дағдарыстар болды. Олар өтті де кетті. Әсіресе, әлем рыногында мұнай бағасының 180 долларға дейін көтерілген мамыражай уақытын жақсы білемін. Бюджеттің кірісі ернеуінен асып төгілді. Тіпті, екпе ағаштарға дейін, картоп егістігіне дейін субсидия төледік. Көпшілігі дәл осылай кете береді деп ойлады. Мал сатып алуға бөлінген жеңілдетілген несиені өйтіп-бүйтіп қағазын дұрыстап толтырып дегендей, баласын үйлендіруге жұмсағандар да болды. Бір нәрсе айқын. Біз енді осы ағаттықтарымыз үшін «үстемақы» төлейтін боламыз. Өйткені табиғатта, болмыста ешнәрсе аспаннан түспейді, ағаттықтарымыз үшін жауап береміз.

Бүгінгі уақыттың ерекшелігі сол, алдағы болмыстың қандай болатынын болжау өте қиын. Бүгінде халқы 1,5 млрд адамды құрайтын Үндістанның байырғы президенті Махатма Ганди: «Аш адамға Құдай нан түрінде келеді» депті. Демек, аш адам үшін тоқтық – жұмақ. Жұмақ дейтінім, көп халық болғандықтан, олар ұдайы кедейшілікпен өмір сүрді. Үнділіктердің өмірі кинодағыдай салтанатты болған емес. Британдықтар аяусыз қанады. Бірақ сеніммен айтуға болады: бізде ондай болмайды.

Қазақстанның өндірген бидайы өзіне жетіп артылады. Малы да бар, көкөнісі жеткілікті. Президент көктемгі егіс науқанына көптеген қаржы бөлді. Ел далаға шықты. Біз бар болғаны 18 млн халықпыз. Күдіктен сенім мол. Бірақ бұл біздің әрқайсымыздан жауапкершілік жүгін түсірмейді.

Әңгімелескен
**Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,**

**«Сыр бойы» газеті. 18.09.2020ж**

## СЫРДЫҢ СЫРБАЗ АЗАМАТЫ

Сыр жұртшылығына белгілі,1998 жылы наурыз айында өңіріміздің екі ірг елі жоғары оқу орны біріктіріліп, оның басшысы болып тағайындалдым. Ол күн дердің маған жүктеген жауапкершілік ауқымы, мені күндізтүні ұйқыдан айырға н беймаза кездері ерекше еді. Аз ұйықтап, көп ойланатынмын. Бағыттары әртүр лі екі үлкен ұжымның педагогикалық құрамын бір іске біріктіру, бір мақсатқа ж ұмылдыру, ортақ мүддеге бағыттау, екі жоғары оқу орнынан бір үлкен көпсалал ы университет құру оп–оңай шешіле салатын шаруа емес–ті.

Шаруашылық жұмыстарын және оқу орындары ғимараттарының жай-күйін айтпай-ақ қояйын, оқу процесін сапалы ұйымдастыру, педагогикалық және техникалық мамандықтардың құрылымын сақтап қалып, қайта кеңейте түсу, ұтымды жолдарын тауып, бір арнаға тоғыстыру, ежелгі Сыр бойындағы бірден-бір мемлекеттік жоғары оқу ордасының білім беру ісін еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен теңестіріп, халықаралық деңгейге дейін жеткізу, тағы басқа қат-қабат кезек күттірмейтін жұмыстар жатсам-тұрсам мені толғандырған түйткілдер ретінде санама дамыл бермеді. Осындай сындарлы сәтте маған тәжірибелі маман, сенімді серіктес, ақылман әріптес, қолдаушы қанаттас, жанашыр дос аса қажет еді. Кімді таңдаймын, кімге сенім артам, кімнен қолдау таба алам? Әрине, мұндайда іскерлігіне, жауапкершілігіне өзімнің көзім жеткен, алдымда үлкендігімен де, ғалымдығымен де үлгі бола білген ұлағатты ұстаз Серікбай Иманбайұлына үміт артып, оқу ісі жөніндегі проректор қызметіне тағайындап, университеттің жауапты саласын сеніп тапсырдым. Мұным өте дұрыс, орынды шешім болды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болып құрылған жоғары оқу орнына оқу ғимараты етіп берілген бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің үлкен ғимаратын оқу процесіне бейімдеп қайта жабдықтау, аудиториялар, қажетті кабинеттер ашу, әкімшілік-басқарушы персоналға, құрылымдық бөлімшелерге қажетті кабинеттер жасау жұмыстарымен қатар, оқытушы-профессор құрамын, қызметкерлерді лайықты таңдап, іріктеу, студенттердің білім алуына толық жағдай жасау жұмыстарын жедел әрі ұтымды атқару күн тәртібінде тұрды. Осы істердің бәрінде тәжірибелі әріптес, ғалым ұстаз С.И.Қошқаровтың өмірлік, еңбек тәжірибесіне арқа сүйеп, ақыл-

кеңесіне құлақ асып, шешім қабылдадық. Оның үстіне біз «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегенді үлгі тұтқан алдымыздағы ұлағатты әке-ағалардың, үлкендердің ұсынысын тыңдап өскен келелі ұрпақтың өкілі екеніміз шындық. Осылайша, қатар жүріп, уақытпен санаспай университетті жаңа белеске көтеруге бірге еңбек еттік. Жоғары білім ордасының халықаралық және ұлттық деңгейлерде жоғары рейтингке қол жеткізуі біздің иық тіресе жүріп атқарған еңбегіміздің нәтижесі. Сол жылдарда жоғары оқу орнының қалыптасып, дамуында, өсіп-өркендеуінде бес жылдан аса бірінші проректор лауазымында қызмет атқарған Серікбай Иманбайұлының қолтаңбасы, үлкен үлесі жатыр. Менің басшылық тұғырдағы бастамаларыма қолдау жасап, қамқорлығын көрсеткен Серікбай ағаға ілтипатым ерекше. Кейін университет жанынан ашылған Экология және су шаруашылығы жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының директоры, су шаруашылығы және жерге орналастыру кафедрасының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

…Өткен күндерден белгі көп. Бірге жүрген күндер біліндірмей біраз асулардан өткізіпті. Бұл күнде ғұмырының жетпіс бесінші белесіне жетіп отырған ғалым-ұстазбен танысып, бірге келе жатқанымызға қырық жылдан аса уақыт болды. Алматыдан В.И.Ленин атындағы ҚазПТИ-ді (қазіргі Қ.Сәтпаев атындағы Ұлттық техникалық университет) үздік бітіріп, 1980 жылы атбасын туған жерімдегі Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылорда филиалына тіреген алғашқы күннен бастап Серікбай Иманбайұлы Қошқаровпен бірге келеміз. Сол кездер әлі есімде. Институтты үздік бітіріп, жоғары білімді маман атанып, елге келген менің алдымда үлкен мақсаттар, ізгі армандар тұр еді. Алға қойған жоспарларымды іске асырсам деген үмітпен елге келгенмін.

Филиал директоры У.Қ.Бишімбаевпен жақынырақ танысып шыққан соң, аспирантураға кеткелі тұрған Н.С.Бажиров (филиал директорының ассистенті) мені ізіне ертіп, жұмыс орныммен таныстырды. Себебі, У.Қ.Бишімбаевтың ендігі ассистенті мен болып тағайындалдым. Филиалды аралатып, бәрін көрсетіп шықты. Нұрлыбек Сайфуддинұлы филиалда ассистент бола жүріп, қабылдау комиссиясының хатшысы қызметін де атқарған, филиал ұжымында нәтижелі жұмысымен өзінің орны бар маман екен. Сол күні филиалда қалыптасқан дәстүрге сәйкес Нұрлыбек Сайфуддинұлын аспирантураға шығарып салуға жиналдық. Осылайша, жұмысқа кіріскен алғашқы күні-ақ өзімнің болашақ бірге жұмыс істейтін оқу орнымның белгілі ұстаздарымен бірінші рет жүздесіп, жақын таныстым.

Арнаулы пәндер кафедрасының меңгерушісі, филиалдың кәсіподақ комитетінің төрағасы Серікбай Иманбайұлы Қошқаров, физика-математика ғылымдарының кандидаты, физика-математика кафедрасының меңгерушісі Бақытбек Сисенов, жалпы инженерлік факультет деканы Тұрлыбек Өтешұлы Ысқақов, теориялық механика кафедрасының меңгерушісі Керімжан Сейтжанұлы және Ысқақ Қарқынбаев ағаларыммен танысып, алғашқы жұмыс күнімнің осындай сәтті басталғанына көңілім толып, толқып та, мерейленіп қалдым. Менің ұстаздық тәжірибем жоқ, институтты кеше ғана бітірген

жаспын, дастархан басындағылардың бәрі дерлік жастары менен біраз үлкен, ғылыми дәрежелері бар, оқыған-тоқыған азаматтар. Филиалдың табалдырығын аттағаннан-ақ алдымнан осындай ғылым кандидаттары шығып, солардың ортасына түсіп, келелі әңгімелерін тыңдау маған үлкен әсер етті.Сондықтан болар, өнегелі өріс ашқан жандар мен үшін әрқашан құрметті.

1987 жылы Серікбай Иманбайұлы филиалдағы гидромелиорация факультетінің деканы болды. Механика факультетінің деканы – Серік Тойымұлы Әбдрахманов. Ал құрылыс факультетінің деканы Қазыбай Құдайбергенов, оның орынбасары мен болдым. Осы үш факультет арасында барлық жағынан нағыз қызу бәсекелестік жүріп жататын. Жарыса жүріп жұмыс атқардық. Серікбай аға факультет деканы ретінде спорт дейсің бе, көркемөнерпаздар байқауы дейсің бе – бәрінің жанында өзі жүретін. Міне, сонау шақтардан қойынқолтық жүріп, қызметтес әрі алдымыздағы ақылшы аға болып келе жатқан Серікбай Иманбайұлының жоғары білім беру ісіндегі барлық жетістіктері, өсуөрлеу жолы көз алдымызда.

Филиалдың дербес институтқа айналуында қаншама қажырлы еңбек жатыр?! 1990 жылы 15 қарашада Қызылорда агроөнеркәсіп инженерлері институты Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының филиалы негізінде ашылсын деген шешім қабылданды. Ұстазымыз, академик Уәлихан Қозыкеұлы Бишімбаевтың қажырлы, зор еңбегінің нәтижесінде Сыр өңірінде өз алдына дербес аграрлы-техникалық жоғары оқу орны ашылды. Оның игілігін сырбойылық мыңдаған жастар көрді, әлі де көріп келеді. Заманауи үлгіде жаңа оқу-зертханалық ғимараттар кешені салынды, оны қазір №5 оқу ғимараты деп атайды. Осы қызу тірліктің ортасында әрқашан Серікбай аға жүрді. Оның әріптестермен де, шәкірттермен де, үлкенмен де, жаспен де тіл табыса білетін көпшіл қасиеті өзін үлкен құрметке бөледі. Маңайына адамдарды топтастыра білетін, сөзін тыңдата білетін ғалым-ұстаздың абыройлы болуы заңды.

Серікбай Қошқаров – Қазақстанға, облысымызға белгілі су шаруашылығының жоғары білікті маманы. Сыр бойының су мәселесі қашаннан күрмеулі. Жауын-шашыны аз, жазы ыстық әрі құрғақ өлкеміздің іргесінен ағып жатқан бір кездегі асау өзен – Сырдарияның кейінгі тапшы суын егістік шаруашылығына тиімді пайдалану, ұқыппен тұтыну, үнемдей білу, топырақтың құнарлылығын арттыру жергілікті ғалымдарды, су мамандарын толғандырған мәселеге айналды. Сондай ғылыми бағытта ұзақ уақыт ізденіс жүргізіп, зерттеу жұмыстарымен айналысу нәтижесінде Серікбай Иманбайұлы 1997 жылы «Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан суармалы алқаптардың экологиялық-мелиоративтік режимдерін реттеу» тақырыбына Мәскеу мемлекеттік гидромелиорация институтының ректоры, академик Александр Иванович Головановтың кеңесшілігімен докторлық диссертация қорғады.

Серікбай Иманбайұлы туралы бұған дейін де көп жақсы сөздер айтылып, ғылыми-педагогикалық еңбек жолына арналған мақалалар жазылды. 2017 жылы «Фолиант» баспасынан «Ғибратты ғұмыр» сериясымен «Серікбай Иманбайұлы Қошқаров» атты кітап жарыққа шықты, оның редакциялық алқасына өзім төрағалық еттім. «Жақсының жақсылығын айт, мерейі тасысын»

дегендей, ғалым-ұстаз туралы әріптестерінің, шәкірттерінің, достарының жүрекжарды жылы лебіздері Серікбай ағаның азамат, ғалым, ұстаз, ардақты аға, сенімді әріптес ретінде бейнесін жарқырата көрсетті.

Қызметтен тыс уақыттағы аға-інілік сыйластығымыздың да орны бөлек. Ұлы Отан соғысының ардагері, Социалистік Еңбек Ері, ауылшаруашылық саласының көрнекті ұйымдастырушысы, ардақты әкеміздің 90 жылдығын атап өту аясында 2016 жылы күзде Сырдария, Жалағаш аудандарында іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Атақоныс Аққұм ауылында әкеміз бен анамыздың рухтарына бағыштап ұрпақтары біршама мерейтойлық шаралар өткіздік. Еңселі тұғырға ардақты әкеміздің мүсіні орнатылды. Өз кәде-жоралғысымен ата-ана рухтарына бағыштап ас бердік. Сонымен қатар ауыл халқы үшін арнайы әлеуметтік нысандар (монша, ипподром, дәріхана, тойхана) құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Мұндай үлкен шараға жан-жақтан шақырылған меймандар саны аз болған жоқ.

Осы шараларды абыроймен аяқтап, дүйсенбі күні жұмыс барысында жоспарланған университет мәжілісінен кейін Серікбай Иманбайұлы жаныма келіп, қолымды қаттырақ қысып тұрып, екінші қолымен арқамнан қайта-қайта қағып: «Ата-анаңа жасаған қызметіңе ризамын!» деді. Ағаның осындай өзіме деген ыстық ықыласынан көңілімде ерекше рухани күш беретін серпіліс пайда болды.

Анда-санда, өте сирек, өзінің ризашылығын білдіргенде әкем марқұм арқамнан осылай алақанымен қағатыны есіме түсті. Толқып та кеттім. Және мұнымды сездірмеуге тырыстым. Өзімнен бір мүшелдей жас үлкен Серікбай ағаның осы іс-қимылымен көрсеткен ықыласын әкелік ықыластан кем қабылдаған жоқпын. Бұл сәт адам көңілінің кілті аспанда емес екенін тағы бір дәлелдегендей болса керек.

Серікбай Иманбайұлы – бәйтеректей жайқалған шаңырақтың иесі. Қызмет барысында өз орнын тауып, еселі еңбегімен құрметке бөленген ардақты азамат, белгілі ғалым отбасының да шуағына, берекелі бірлігіне кенелген отағасы. Өмірлік серігі Рабиға апай екеуі – білімді, тәрбиелі ұрпақ өсірген аяулы ата-ана. Ел алдында жүрген азаматтың жанында сенімді жансерігі бола білген Рабиға апай – жаны жайсаң, өн бойынан ізгілік, кішіпейілдік нұр шашып тұратын ибалы, сабырлы жан. Ата-аналарының сенімін ақтаған ұл-қыздары өмірден өз орындарын тапқан елге белгілі азаматтар, бір-бір отбасының басшылары. Бұл тұрғыдан алғанда да Сәкең – бағы жанған, жолы болған ардақты азамат.

Оның жоғары білім саласына қосқан үлесі лайықты бағаланып, «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталып, мерейі үстем болды. Серікбай Иманбайұлының жаңа ғұмыр

белесіне жеткен тұсында інілік, әріптестік ізгі лебізімді тағы бір жеткізу маған да үлкен рухани мәртебе, мерейлі парыз.

«Ақыл – ағадан, ілтипат –ініден» деген ұстаныммен арадағы сыйластығымыз әрқашан жарасымды жалғасын тауып, шуақты күндерді бірге қарсы ала берейік.

Мерейлі абыз жасыңыз құтты болсын, ғалым-ұстаз, ардақты аға!

**Қылышбай БИСЕНОВ,**
**техника ғылымдарының докторы, профессор,**
**ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі**

**«Сыр бойы» газеті, 19.09.2020ж.**

## СЫР БОЙЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ДӘСТҮР

Тарихы көне, ежелгі дәуірлер қойнауларынан әрі өтіп, біздің дәуірімізден бұрынғы ғасырларға жол тартатын өлкеміздегі оқу, білім беру ісі де ежелден басталғаны анық. Өйткені, адамзат баласының өмір сүруі үйрену мен үйретудің бірлігінен тұрады емес пе?! Ал үйрету мен үйрену деп отырғанымыз, сайып келгенде оқу, білім беру ісі деген сөз.

Сыр бойындағы білім беру, оқу ісі тарихын, тіпті бұл аймақ қана емес, бүкіл қазақ даласындағы оқу ісін біреулер Кеңес дәуірінен бастайды. Біреулер алғашқы мектеп деп орысша мектептердің өмірге келуін айтады. Біздің ойымызша, бұл дұрыс емес. Өйткені, адамзат баласының білмекке, үйренбекке құштарлығы оянған сәттен бастап оқу, білім беру ісі басталды. Ендеше, біздің аймақтағы білім беру, оқу ісінің тарихы да көне замандардан бастау алады. Ал, біздің қазіргі кезде «пәленше алғашқы мұғалім еді» деп атауымыз да шартты түрде ғана, мұны кеңестік көзқарас деген де жөн шығар. Себебі біз қазақ ұстаздарының атасы санап жүрген Ы.Алтынсариннің өзі кезінде біреуден білім алды, оның да ұстазы болғаны анық қой. Оқу, білім беру ісін Ы.Алтынсариннен бастасақ, онда оған дейін қазақ тарихында оқу, білім беру ісі жоқ болып шықпай ма? Дұрысында біз Ы.Алтынсаринды орысша оқытуды бастаған алғашқы ұстаз деп атағанымыз жөн болса керек.

Тарих бұл өлкеде орта ғасырларда үлкен өркениет болғанын әлдеқашан дә-лелдеген. Ал сол өркениеттің оқусыз, білім берусіз болмайтыны – тағы да ақиқат. Аймақтағы оқу мен білім беру ісі туралы сөз қозғағанда кешегі Кеңес заманындағы «Қазан төңкерісіне дейін қазақтар 2 процент ғана сауатты болды» деген тұжырым ойға оралары анық. Ал, бұл жалған, қазақ ұлтын кемсітуді мақсат еткен қитұрқы пікір еді. Кеңес дәуіріндегі газет-журналдар осы деректі жарыса жазып, сол тұстағы мектептер санымен салыстыра, кеңестік өсуді мақтана көрсеткен тұстар өте көп. Біз мұның ақиқат ауылынан алыс екеніне деректер келтіре өтелік.

Тоғыз жолдың торабына орналасқан бұл аймақ орта ғасырларда күрделі миграциялық үдерістер мен шиеленіскен саяси оқиғалардың орталығына

айнал-ғаны тарихтан белгілі. Біздің өлкедегі сол тұстағы қалалар осы оқиғалардың бел ортасында болды. Олар Оғыздардың Сырдария жағасындағы ең басты қа-лалары – Янгикент (Жанкент), Жент, Өзгент, Баршынкент, Сүткент, Сауран, Отырар, Асанас және тағы бас-қалар. Бұлардан да басқа көптеген кесене, мұнара, мазар және т.б. әлі де зерттеулерді қажет етеді. Біз бұл тұста сол ескерткіштердің барлығын санамалаудан аулақпыз. Біздің мақсат – сол қалалар, сол ескерткіштер арқылы Сыр бойында өркениет, білім беру, оқу ісі ықылым замандарда-ақ жүзеге асқанына назар аударту. Бұған сол қалалар мен қалашықтардың, мазарлар мен мұнара, күмбездердің сәулет өнерінің талаптарына сай жасалуы, түрлі суландыру жүйелері, ою-өрнек, нақыштар сол ғасырдағы бабаларымыздың геометрия, математика, аграномия, гидротехния, бояу-лар технологиясы, сурет, металлургия, музыка және т.с.с. салаларды толық меңгергенін көрсетеді. Бұл – айтса-айтпаса да оқу-білімсіз болмайтыны ақиқат. Ал, ол тұстағы оқу ісі туралы зерттеу жүргізу келер күндердің кезек күттірмес міндеті екені анық.

Біздің бұлай деуіміз негізсіз де емес. Орта ғасырларда қазақ даласынан көптеген оқымысты ғалымдардың шығуы да біздің осылай тұжырым жасауымызға әкеп отыр. XX ғасырдың соңына дейін біздер ортағасырлық ойшылдардан тек бес-алты ғана есімді – Әбу Насыр әл Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иассауи, Махмұт Қашғари, Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыриларды ғана қазақ тарихына байланысты айтып, одан да басқа көптеген есім тасада қалып келді. Бұл, «қазақ халқы көшпелі болды, оның жазуы-сызуы болмады, оқу, білім беру ісі болған жоқ, кеңес өкіметіне дейін сауатсыз болды» деген сыңаржақ пікірдің салқыны екені де анық. Ал, кейінгі зерттеулер мұның жалған екенін, қазақ даласында ықылым заманнан бері білім беру, оқу ісі болғанын көрсетуде. Мұның бір дәлелі – қазақ даласынан көптеген оқымысты-ғалымдардың шығуы.

Басқасын айтпағанның өзінде, қа-зіргі Қызылорда облысымен шекте-сіп жатқан, қасиетті Сыр бойында қатар отырған Оңтүстік Қазақстан айма-ғындағы Отырардан көптеген оқымысты ғалымдардың шығуы да көп сырды аңғартады. Сол сияқты орта ғасырда Сыр өңірінен Гийас ад Дин әл Женди сияқты оқымысты, ақын Йағкуб әл Женди сияқты ғұлама ғалым, Мухаммад әл Женди сияқты оқымысты, Хусам ад Дин әл Баршынлығи сияқты әдебиетші, ақын, ойшыл ғалым, Молла Ахмет әл Женди сияқты ғұлама, Сирадж ад Дин Баршынкенти сынды ғалым, Хусам ад Дин әл Хусейн ас Сығанақи сынды ақын, ғалым, Шайқы баба Сығанақи сияқты ойшыл ғалым, ұстаз бен және т.б. ғалымдар мен ойшылдардың шығуы – бұл аймақта тек оқу, білім беру ісі болып қана қоймай, қазақ елінің басқа өңірлеріне таралуына ықпал жасаған деп болжам жасауымызға негіз болады. Кейінгі деректер мәселенің шындығында көз жеткізе түседі. Сол кезеңдерде, яғни, біз сөз арқауы қылып отырған орта ғасырларда тек қана Арал теңізі маңынан Әбд әл Ғафур әл Кердери, Мухаммад әл Кердери, Хафиз ад Дин Мухаммад әл Кердери сияқты ғалымдардың шығуы да біздің әлгі пікірімізді тиянақтай түседі. Шайқы баба Сығанақи жөнінде белгілі шығыстанушы ғалым, профессор Ә.Дербісалиевтің «… бар уақытын

ғылым мен білімге, дәріс беру мен шәкірт тәрбиесіне арнаған кемеңгер де тақуа кісі болған» деуі де жоғарыда аталған ғалымдар мен ойшылдардың қай-қайсысы да ізіне шәкірт ерткен деп пайым жасауымызға негіз болады.

Одан бергі тұста білім беру ісінде орны бар ұстаздар – Сайд Ахмат Жалаладдин Қосани (1461-1542 ж.ж.), Мақтұм Сейіт Баба (1590-1663 ж.ж.), Қожжан қожа (1595-1676 ж.ж.), Мәдіқожа (Махди), Мүсірәлі сопы Әзиз – Әжіқожа Жәдікұлы (XVII ғ. екінші жартысы – XVIII ғ. басы), Сейтбембет әулие (XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. ортасы), Марал ишан Құрманұлы (1780-1841 ж.ж.), Құлболды ишан (шамамен 1785-1860 ж.ж.), Оразай ишан Бұғыбайұлы (1809 – ө.ж.б.), Сайфназар ахун (1811-1873 ж.ж.), Қалқай ишан – Қал-Мұхамед Маралұлы (1815-1870 ж.ж.), Мырзабай ахун Азаматұлы 1833 жылы Сырдарияның орта ағысы тұсында өмірге келіп, 1900 жылдар шамасында өмірден озған), Ораз-Мұхамеджан ахун Бекетайұлы (1836-1894 ж.ж.), Алтайбек ахун (1841-1913 ж.ж.), Бәймен ахун (1846-1916 ж.ж.), Тапал ахун – Нұрмұхаммед Қадырұлы (1848-1921 ж.ж.), Бабай ишан Жүнісұлы (1857-1937 ж.ж.), Қалжан ахун Бөлекбайұлы (1857-1916 ж.ж.), Жармұхамед ишан Оразайұлы (1858-1919 ж.ж.), Ахмет ишан Оразайұлы (1861-1927 ж.ж.). Садық ахун Қодарұлы (1860-1937 ж.ж.), Мақсұт ишан (1873-1938 жж.), Ақмырза ишан Төсұлы (1882-1930 жж.) және т.б. есімдерін құрметпен атаймыз. Сол кезеңдегі діни ағартушы-қайраткер бабаларымыздың дәстүрлері үздіксіз жалғасып келді. Осы қатардағы Мүкім ата, Тобағабыл, Мамырбай, Алдажар, Әмит, Қауыс, Ысқақ, Көшім, Керей ишандардың, Қазалыдағы Қуандық әулиенің халық ортасында жасаған иман-дылық, адамгершілік, тәлім-тәр-бие-лік қызметтері ұрпаққа өнеге. Кезінде ағартушылық рөлі жоғары болған Қожабай, Ерімбет, Ешмағанбет және т.б. ахундар мешіттерінің іздері әлі жоғалған жоқ. Оқымысты молдалар – Ибрайым, Мамырайым, Есназар, Қосназар, Солтанай, Мақұл шайхтар, Исмаил, Ысқақ, Ремет, Пірше, Шоқбар Ізтілеуұлы, Есмахан Қауғаұлы, Қундақбай, Сыдық, Әшіман, Асан, Омар, Әбділмүтәллап, Ибадулла, Жұмаділла, Сейдахмет, Оспан, Мұсахан, Сапар, Іскендір, Балта, Мұстафа, Үсейін, Бұрхан, Мәді, Махмұд, Инаят, Жүсіп, Тайман, Аманөткелдік Ахмет, қазалылық Қуандық әулие (Қалпе ата), теректібастық Кемалбай ахун, құмсайлық (қазіргі Сексеуіл стансасы) Баймахан ахун, аралдық Қалдыбайұлы Әлмұхаммед (Қарамолда) және т.б. қасиетті тұлғаларымыздың ұлағаты ел жа-дында. Сондай-ақ алты Алашқа аты мәлім осы өңірден шыққан жыраулар мен шайырлардың да, кейін Кеңес өкіметі жылдарында ел басқарған, оқу ісіне араласқан азаматтардың көпшілігі де алғаш сауаттарын осы діни ағартушы-лардан, молда, ишан, ахундардан ашқаны көпшілікке мәлім екені анық.

Арал маңы мен Сыр бойында ағар-тушылық бағыт ұстанған ахун, молда, ишандар тек сауат ашу жұмысын ғана жүргізген жоқ, олар ел бірлігін, ағайын ауызбірлігін, татулықты сақтауға, ұлттық салт-дәстүрді сақтап, дамытуға да үлес қосты. Олар мешіт салып, имандылыққа тәрбиелеу ісіне, мектеп ашып, білім бе-ру ісіне, медицина, астраномия, фармацев-тика, тарих және т.б. салалар бойын-ша ізденіс жасап, ел ішінде ауру-сырқау-ларды, жын иектегендерді

емдеген, ел шежірісі мен аңыздарды, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, елді кәсіпке баулыған.

Енді манағы кеңестік дерекке келсек, төңкеріс алдында ислами мектеп, медреселерді, семинариялар мен басқа да оқу орындарын айтпағанның өзінде 1910 жылы Қазақстанда 157 орыс-қазақ мектебі болса, 1916 жылы мектептерді айтпағанның өзінде, тек училищелердің санының өзі алты жүзге жеткен. 1914-1915 жылдары Қазақстанда екі мың алты жалпы білім беру мектебі болған, оларда 105100 оқушы оқыған. Бұған қоса, Қазақстанда жеке мектептер де болған. Міне, соңғы деректер «Кеңес билігіне дейін қазақтар сауатсыз болды» деген пікірдің жалған екенін көрсетеді.

Сол тұстағы оқу, білім беру ісін негізгі екі бағытта қарастырамыз. Олар-дың біріншісі – мұсылманша оқу, яғни, таза діни оқу болса, екіншісі – жәдитше не орысша оқу бағыты. Мұсылманша, яғни, таза діни оқу осы кезеңге дейінгі дәуірден бері жалғасып келе жатқан жүйе болатын. Бұл оқу да, жәдитше оқу да Кеңес өкіметінің қысымына қарамастан әр тұста көбіне жасырын жағдайда 1930 жылдарға дейін жалғасты. Одан кейін Кеңес билігі дінге қарсы күресті күшейтіп, діни мектептердің, ме-шіт-тердің де, ахун, ишандардың да 1937 жылы көзін құртып тынды. Кейбір діни ағар-тушылар уақыт толқынына іле-се кеңестік мектеп мұғалімі қызметіне кірісті.

XX ғасыр басында да Сыр бойын-да діни бағыттағы білім беру ісі жал-ғасып, ел сауатын ашу, білімдендіру ісіне үлкен үлес қосты. Кей кезде екі ба-ғыттың тұтасып кеткені де байқалады. Қарамолда-Мұхамеджан (1888-1937 ж.ж.), Айтмұхамед (Айтбай) (1887 жылы дү--ние-ге келген), Сүлеймен ишан Есейұлы (1888-1969 ж.ж.), Алдашбай ахун Ерназарұлы (1858-1936 ж.ж.), Ізтілеуов Тұрмағамбет (9.7.1882 – 15.5.1939.), Алшынбаев (Мұхамедрахым) Рахым (1893-1980 ж.ж.), Найзабаев Әбду (1891-1931 ж.ж), Басапа ишан Алдабергенұлы шамамен (1894 жылы (кей деректерде 1892 жылы, яғни Ұлу жылы деп те көрсетіледі.) – 1946 ж.), Әбдісадық (1848-1888), Шаймағанбет ахун (1870 ж. – ө.ж.б.), Махмұт ишан Нығаметұлы (1894-1982 ж) және т.б. тағылымы әлі де ел есінде.

Перовск қаласында орысша оқыта-тын алғашқы мектептер 1860-1863 жыл-дары ұйымдастырылған. 1863 жылы Қыр-ғыз (қазақ) училищесі, 1879 жылы қыз балалар, 1906 жылы ер балалар училищелері ашылды. Олар небәрі 150 шәкіртті қабылдады. 1901 жылы Перовск (Ақмешіт) қаласында орыс-туземдік училищесі ашылды. Ал 1911 жылы онда оқитын оқушылардың саны 82-ге жетті. Оның 63-і қазақ балалары еді. Қазалы, Аралда да шіркеу-приход мектептерінің ашылуы жоғарыда аталған мерзіммен тұспа-тұс, 1860-63 жылдар аралығын қамтиды.

Сыр бойында оқу, білім беру ісі үздіксіз жүрген. 1918 жылдың өзінде Перовск және Қазалы уездерінде ха-лыққа білім беру бөлімдері құрылып, қызмет атқара бастады. Мәліметтерге сүйенсек, 1918 жылдың қазан айында Қазалы уездік халыққа білім беру бөлімі құрылған. Оның төрағасы А.П.Акирский болды. Қазалы уездік халыққа білім бе-ру кеңесінің алғашқы мүшелері. А.П.Анкир-ский, Г.П.Олышевская, Қ.Ун-ге-баев, О.О.Инвицкий,

А.Ақшолақов, А.В.Ковалев, С.И.Тудаков болған. Ау-дан-ның білім беру саласын одан кейінгі жылдары Е.Құдасов, С.Толыбеков (кейін-нен академик болатын Серғали Толыбеков), С.Нұрманов, Р.Бөлебаев, Ш.Әлімбетов, Ә.Ұлманов және т.б басқарады. Ал, бұл іс одақтың өзге аймақтарында басқа сипатта болды. Қазан төңкерісінен екі жыл кейін, 1919 жылдың 26 желтоқсанында В.И.Ленин қол қойған «Сауатсыздықты жою туралы» декрет шықты. 1920 жылы мамыр айында Қаз АССР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ АССР-ның біртұтас жүйедегі еңбек мектебінің уставын» қа-былдады. Сырдың топырағында туып өскен білімдар педагог Е.Букин-нің де ағартушылық қызметі қызылорда-лық-тарға жақсы мәлім. Оның 1920 жылы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі жарық көрді. Бұл Қазақстандағы алғашқы ғылыми сөздік еді…» деп көрсетеді «Сыр елі» энциклопедиясы.

Өткен ғасырда мектеп жанынан интернаттар, мектеп-интернаттар ашылуына қатысты деректерде де ауытқушылық бар. Мәселен, Аламесектегі екі жылдық орыс-қазақ туземдік мектебі 1920 жылы мектеп-интернатқа айналған. Ал, кей еңбектерде интернаттардың ашылуын 1925 жылдарға дейін шегереді.

Облыс көлемінде мектептер санының өсуі 1930 жылдардан кейін ерекше қарқынға ие болады. Жалпы, кей деректер Сыр бойына Қазақстан астанасы көшіп келмей тұрып-ақ бұл аймақтың еліміздің оқу ісінде маңызға ие болғанын көрсетеді. Мәселен, 1924 жылы мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлерінің бүкілқазақстандық тұңғыш конференциясы Қызылорда қаласында өткізіледі. Сол сияқты балалар мекемелері ісіне қатысты бұл аймақта мол тәжірибе жинақталады. Жоғарыда аталған республикалық конфе-ренцияның да, одан кейін де көптеген шаралардың Сыр бойында өтуі біздің аймағымыздың 1920-1950 жылдары осы бір аса маңызды істе жетекші орында болғанын көрсетеді. Иә, балалар меке-мелерінің материалдық базасын жақ-сарту, балаларды мектепке даярлау мен балалар үйін ұйымдастыруда тек Сыр бойында ғана емес, бүкіл Қазақстанда қызылордалық К.Ш.Травинаның еңбегі зор болғаны елге белгілі.

Сауатсыздықты жою мектептері туралы деректерде де шындықтан ауытқу бар. Мәселен, «…1938 жылы ауданда 18 ауылдық кеңесте 27 мыңдай халық тұрды. Осылардың ішінде 5183 адам сауатсыз, 3302 адам шала сауатты, барлығы 8485 адам сауатсыз еді. Сауатсыздар үшін 127, шала сауаттылар үшін 85 барлығы 212 мектеп ашылып, бұларға 4031 сауатсыз, 2 240 шала сауатты барлығы 6271 адам оқуға тартылды. Ауданда 1938 жылы 60 бастауыш комсомол ұйымы болды…» деп жазылған «Сырдария (Тереңөзек)» атты кітапта. Деректердің қайдан алынғаны көрсетілмеген, ал мұны біз сауат ашу ісінің әуелі араб әліпбиі негізіндегі қазақ жазуы бойынша, сосын 1928 жылдан бастап латын әліпбиі негізінде, 1940 жылдан бастап орыс графикасына негізделген әліпбиде, яғни, үш рет жүргеніндегі мектептер санын қосып жіберген деген ойдамыз. Дәл осы тұс туралы «Тереңөзек» атты кітапта: «…Ауданда 1938 жылы 3 бастауыш, бір орта мектептердің құрылысы басталып, 1939 жылы бітіру жоспарланған. Сауатсыздық пен шала

сауаттылықты жою мақсатында 26 мектеп ұйымдастырылып, онда 2734 адам оқыды. Ауданда 30 бала тәрбиелейтін балабақша және 75 баланы қамтитын маусымдық екі балалар алаңы болды. Аудандағы 41 мектепте 5272 оқушы білім алды…» деп көрсетілген. Бұл – шындыққа жанасымды, 26 мектеп пен 212 мектептің арасы жер мен көктей ғой.

Деректерге көз жүгіртсек, 1938 жылы жаңа құрылған облыс көлемінде 230 бас-тауыш, 48 орталау және 11 орта мектеп болды. Бұл мектептерде 1370 мұғалім сабақ берді. Сондай-ақ, облыста 13 интернат, 6 балалар үйі, 9 балабақша болса, жоғары және арнаулы орта оқу орындарынан Қызылорда педагогикалық институты, Қызылорда және Қазалы педагогикалық училищелері, сауда, темір жол, ауыл шаруашылығы, малдәрігерлік техникумдары мен фельдшерлік мектеп жұмыс істеді. Жетіжылдық мектеп-ке ұстаз кадрлар даярлау міндетін екі-жылдық педагогикалық курстар атқарды. 1938 жылы бұл курстарда 756 адам оқыды. Осы курсты бітірушілердің есе-бінен Сыр бойындағы мектептер педагог кадрлармен біршама қамтамасыз етілді.

Міне, аймағымыздағы білім беру ісі тарихының кей беттерін ұсына отырып, адам тіршілігіндегі аса маңызды іс – ұрпақ тәрбиесі, білім беру ісі ел егемендігі жылдарында қарыштап дамуда, ұстаздар мәртебесі көтерілуде, бұл аймағымызда да айқын аңғарылады деп тұжырым жасамақпыз. Сыр бойы ұстаздары көне заманнан бастау алған қасиетті істеріне адалдық танытып, биіктерден көрінуде.

**Алдажар ӘБІЛОВ,**
**филология ғылымдарының кандидаты,**
**ҚР Журналистер одағының мүшесі**

**«Сыр бойы» газеті, 03.10.2020 ж.**

## КӨКЖИЕГІ КЕҢ КӨРКЕМ ТУЫНДЫ

**Ұстаз – ұлы есім, ұлағатты мамандық. Алаш ардақтысы Мағжанның «Алты Алаштың баласы бас қосқанда, төр – ұстаздыкі», орыстың әйгілі педагогі Ушинскийдің «Ұстаздық – күн астындағы ең ұлы мамандық» деуі осы кәсіп иелеріне берілген абыройлы, мәртебелі баға екендігі сөзсіз.**

**75 жыл! 43-оқу жылы! Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап келе жатқан техника ғылымдарының докторы, профессор Серікбай Иманбайұлы Қошқаровтың биыл 43-оқу жылы! Иә, тарих өлшемімен алып қарасақ аз ғана уақыт болып көрінер. Ал «Он жылдығыңды ойласаң – мал бақ, жүз жылдығыңды ойласаң – ағаш ек, мыңжылдығыңды ойласаң – ұрпақ тәрбиеле» деген ескіден қалған есті сөздің биігінен қарар болсақ, мың жылға татырлық ғұмыр.**

Адам ұрпағымен ғұмырлы. Ұстаз да солай, өзі тәрбиелеген шәкірттері арқылы қадірі артып, құрметке бөленеді. Ұлағатты ұстаздан тәлім алған ұрпақ өз ұстазын ұмытпайды, қашанда оған ілтипатпен, ізетпен қарайды. Біздің бү-

гінгі әңгімеміздің кейіпкері Серікбай Иманбайұлы да – өз бақытын ұстаздықтан тапқан, білім мен ғылым саласындағы еңбегі арқылы абыройға бөленген жан.

Қолымызға қалам алуға себеп болған биыл мерейлі жасқа келген ағамыздың «Жерұйық» атты кітабы. Әдетте, кемел жаста аға буыннан күтетініміз ғибрат, өсиет сөздер, өмірден көрген-білген естелік, ғұмырбаяндық кітаптар. Ал «Жерұйықтың» орны бөлек! Кітапқа автордың көркем әңгімелері, күнделіктері еніпті.

Әңгіме – қиын жанр. Қиындығы – жазушы оқырманға айтар ойын тарының қауызына сыйғызғандай аз сөзбен, көркем тіл, көрнекті оймен бере алуы тиіс. Кең көсіліп, тереңнен тартуға, «ұзаққа шабуға» жанр талаптары жібере қоймайды. Кейіпкерлері де санаулы, сюжет шағын, шырыққан тартыс та көбіне көріне бермейді. Сөйте тұра тақырып, идея нақты, оқырманның «қолына таяқ ұстатқандай» болуы тиіс. Осының барлығы, айналып келгенде суреткерлік шеберлікті талап етеді. «Жерұйыққа» енген әңгімелерге осы талап биігінен қарадық. Кітап «Өзгеру» атты әңгімемен ашылыпты. Әңгіме бұған дейін көрінгеннің барлығын баса бермейтін, әсіресе көркем дүниеге барынша ыждағаттылықпен қарайтын республикалық «Жұлдыз» журналында, өзіміздің «Сыр бойында» жарық көрген екен.

Өзгеру! Біз ойлаған қоғамның не заманның өзгеруі емес екен. Адамның, адам ойының, адам пиғылының өзгеруі. Жалпы көркем шығарма үшін өмірлік тәжірибенің алар орны ерекше. Автор дүниетанымы, өмірден көрген-білгені шығарманың өнбойынан көрінуі – заңды құбылыс. «Өзгеруде» осы нәрсе анық көрінеді.

Әңгіме шынайы, сюжет шағын, шым-шытырық оқиға да жоқ, кейіпкерлері оқырманның күнде жанында жүргендей әсер етеді, таныс, жақын адамдар. Бұл – айналып келгенде, қаламгер еңбегі.

Әңгіменің басты кейіпкері Ахмет – өз ісінің білгірі, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы. Қызуқандылығы өзіне жарасады, жастық қайраттың, жігердің көрінісі. Әділетсіздікке, бейбастыққа төзе алмауы да осы қызуқанды қасиетінен. Жаны таза, жүрегі нәзік. Қысылғанға қол ұшын созуға дайын. Ал Жекен іштарлығы басым, «бір бармағын ішіне бүккен», аяқтан шалуға, жамандық жасауға дайын.

Автор – кейіпкер сомдауда шебер. Әр қаһарманының ішкі дүниесін түрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып ашады. Психоанализ мықты. Әңгіменің өнбойындағы диалог, монолог, ішкі монолог (хат жазу) сәтті пайдаланылған.

«…Жекен өзінен өзі сөйлеп кетті. «Мені ішімнен жегі аямай жеп жатыр. Үңгіп жатыр. Мені аяқ бастырмайды. Бұрынғыша жүре бер дейді. Өзгерме дейді. Өзгерсең өлесің дейді. Ал мен өмір сүргім келеді. Жұрт қатарлы. Жан-жағыма қараймын. Өз-өзімен тату өмір сүріп жатқандарға қызығамын. Бірақ қаныма сіңген үйреншікті әдетім босатпайды. Енді не істейін?! Әбден шаршадым, мүлде болдырдым-ау!». Бұл – Жекеннің ішкі ойы. Өзімен, өзінің ішкі әлемімен тартыс. Қанына сіңген көреалмаушылықтан құтылар жол іздейді.

Жандүниесін тазартқысы, арын аршығысы келеді. Жанын жегідей жеген де – осы қасиеті.

Автор ішкі монологті сәтті пайдаланған. Әдетте, көркем шығармаларда тартыс екі адамның, екі көзқарастың, екі қоғамның, бітіспес екі дүниетанымның арасына құрылады. Ал «Өзгерудегі» негізгі тартыс бас кейіпкер Жекеннің жандүниесінде болып жатыр. Оған себеп – жамандыққа жақсылықпен жауап қайтарған Ахметтің адамгершілік болмысы. Өзі аяғынан тартып, іштей бақталас болып, қайтсем шалып құлатам деп жүрген Ахмет Жекеннің денсаулығы күрт нашарлағанда көмекке келді. Жекен күтпеген Ахметтің осы қасиеті оны ойландыра бастайды. Бірақ қанында бар қасиет өзгеруге, адамгершілік жолына түсуге бірден мүмкіндік бере қоймайды.

Әңгіме Жекеннің хатымен түйінделген: «Ахмет інім! Өмірімде мен оңды іс атқармаппын. Осыны кеше ғана Берік досыммен сөйлескенде білдім. «Өлімнен ұят күшті депті». Сол ұяттан өлгім де келеді, Ахмет. Бірақ өлімге өзімді қия алмадым. Әлсіз екенмін.

…Мені осы жарық дүниеде аман алып қалған – Берік досым мен сен, Ахмет, сенің өнегелі жолың мен ісің. Мен саған опасыздық жасадым. Содан да саған қарай алмаймын, көзбе-көз сенімен сөйлесуге менде бет жоқ…».

Әңгіменің оқырманға айтары – «Таспен ұрғанды аспен ұр» деген қазақы пәлсапа. Ұлттық мінезден сусындаған авторлық мұрат оқырманын ойландырмай қоймайды.

Кітапқа енген «Тал мен адам» мысал-әңгімесінің де айтары көп. Жанрлық табиғаты да өзгеше. Өмірді шыншылдықпен суреттеуде, идеяны астарлап жеткізуде мысал жанрынан асқан көркемдік құралды табу қиын. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан тұрмысқа етжақын суреттер ұласа келеді. Әртүрлі аңдар, әртүрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Адамдардың мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды мысал арқылы суреттеуге болады. Жанр табиғатындағы осындай ерекшеліктерді ескерген болуы керек қаламгер «Тал мен адам» мысал-әңгімесін диалогқа құрған. Екеуінің сөйлесуі арқылы өмірлік маңызды сұраққа жауап бергендей.

«Е-е, шіркін-ай, адамдыкі осы ғой!.. Алдымен ойлайтыны – өз қамы. Бізге оны Алла бұйыртпапты. Соған шүкір. Әйтпесе күнәға батар ем. Маған күш-қуат беретін – тірі жанға жасаған қызметім…». Ағашқа осылай тіл бітіру арқылы үлкен философиялық түйін жасайды автор. Адам бойындағы менмендік, көреалмаушылық, көзбояушылық сияқты қасиеттерді сын садағына алады. Адамдар арасында мейірімділіктің, ізгіліктің азайып бара жатқандығына күйінеді. Сондықтан да талға: «Адам болмағаныма қуанамын. Олар қанағатсыз, тойымы төмен. Дүние тек солар үшін жаралған деп ойлайды» деген сөз салу арқылы адамзат баласын қанағатшылдыққа, мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Әрине, шағын мақалада кітапқа енген барлық әңгімелерге талдау жасап, ой-пікір білдіру мүмкін емес. Қаламгердің қай шығармасын алып қарасақ та, шығарма мұраты ізгілік, мейірімділік, қанағат пен сыйластық, парық пен

парасат, азаматтық болмыс мәселесіне келіп тіреледі. Бұл, айналып келгенде, суреткерлік дүниетанымның, ұстанымның көрінісі болса керек.

Кітапқа енген «Күнделіктер» де назар аудартпай қоймайды. Өнер адамдары мен ғалымдардың, саяхатшылар мен мемлекет басқарған қоғам қайраткерлерінің күнделік жазуы – әдеби үдерісте бұрыннан бар үрдіс. Күнделік – өмірлік тәжірибе мен көзқарастың, таным мен көңіл-күй сезімдерінің нәтижесінде өмірге келетін жанр. Көбіне күнделікте автордың өз өмірі немесе өмір сүрген қоғамы, оның ойы мен қиялы, дүниетанымы мен философиясы баяндалады. Мемуарлық жанрдың бір түрі ретінде күнделік – жазушының, ғалым не саяхатшының өз көзімен көріп-білген жайларын есте сақтау үшін жазылатын шығарма. Күнделікке тән қасиет – деректің, шынайылықтың басым болуында. Мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиеттанушы ғалым М.Жолдасбеков күнделік туралы: «Елдің, халықтың тарихы болатыны секілді әрбір кісінің де тарихы болады. Ол әрбір сәттен, сағаттан, күннен, тәуліктен, аптадан, айдан, жылдан тұрады. Сөйтіп бүкіл өміртіршілігің сенің өміршежіреңді құрайды. Басыңнан өткен әрбір күнді, әрбір оқиғаны түгел есте сақтау мүмкін емес. Есте сақтаудың жалғыз жолы – күнделік жазу» дейді.

Серікбай Иманбайұлы күнделіктерінің де маңызы мен мәні ерекше, құнды дүниелер деп айтар едік. Әр сәт, әр күн, әр кездесу Серікбай аға назарынан тыс қалмайды. Университет, облыс өміріндегі өзі куә болған жайлардың барлығы қағазға түскен. Әр жазбаның айтары бар.

Жалпы ұстаздық пен қаламгерлік егіз ұғымдай көрінеді, кейде. Екеуінің де нысаны адам, мақсаты – ұрпақ тәрбиесі. Сол арқылы ұлтты тәрбиелеу. Біз оқыған «Жерұйық» – осы сөзіміздің дәлелі.

*P.S: Сырдың сары күзі. Серікбай Иманбайұлы өзіне ғана жарасымды қалпымен оқу ғимаратына қарай келеді. Ой құшағында. Мүмкін, өзін күтіп отырған шәкірттеріне айтар ойын саралап келер... Әлде өмірге келетін тағы бір көркем дүниенің әсерінде ме екен?!*

**Ғабит ТҰЯҚБАЕВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті**
**Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының**
**меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты**

**«Сыр бойы» газеті, 31.10.2020ж**

## ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕХОДА КАЗАХСТАНА НА ЛАТИНИЦУ

**Предстоящая реформа вызвала огромный резонанс среди ученых-экспертов, политологов, общественных деятелей, филологов и журналистов. Проблемы, имеющие место в данном процессе, стали предметом обсуждения ученых-филологов и Кызылординского университета им.Коркыт Ата, которых также глубоко заинтересовал**

**вопрос о переходе государственного языка нашей страны с кириллицы на латиницу.**

Вне всякого сомнения, есть сторонники и противники данной инициативы, имеющие свои доводы поразличным аспектам предстоящего нововведения, таким как результат, значимость и польза смены графики, лингвистической реформы в целом, достоинства и недостатки нового алфавита, к примеру, ярые протагонисты полагают, что этот сложный процесс будет способствовать укреплению позиций государственного языка, в то время как контрадикторы высказывают, скорее всего, надуманные опасения, что в результате ожидаемой инициативы возможно вытеснение русского языка из сферы официального общения, что, к слову, весьма нехарактерно для нашей страны, где сосуществуют различные этносы, связанные общностью языковой и коммуникативной сре-ды, происходящей посредством русского языка. Абсолютное же большинство носителей казахского языка поддерживает процесс перехода, тем самым выказывая небезразличное отношение к судьбе языка, и полагает, что необходимо широкое обсуждение соответствующих мероприятий, мотивирующих изучение и быстрое усвоение новой графики казахского языка, осуществленной на латинице.

Во главе угла рассматриваемого вопроса стоит утверждение о том, что это требование времени и настоящая необходимость в плане мировой интеграции (а возможно, интеграции Казахстана в тюркский мир?) через смену кириллицы на латиницу, равно как и объединения тюркского мира (хотя здесь закономерен вопрос о целесообразности смены письменности для улучшения каких-либо политических взаимоотношений – существенности политического влияния наших отношений с такими странами, как Узбекистан, Азербайджан, Туркменистан, Турция, Кыргызстан, именно вследствие объединения латинской базой письменности, поскольку чрезмерно некорректный политический характер этой перемены может способствовать разобщению народов Казахстана и созданию дополнительных барьеров между ними). Таким образом, в вопросе перехода на латиницу имеет место быть политический подтекст, ведь, по сути, он предполагает изменение менталитета общества и обычно связан с колоссальными трудностями для носителей языкав существующем виде.

В связи с этим наряду со всесторонним изучением опыта перехода на латиницу ряда тюркоязычных стран, возможности обсуждение ее представителями научной общественности возникает необходимость рассмотрения положительных и негативных аспектов рассматриваемого процесса, поскольку он гораздо сложнее, чем представляется на первый взгляд. Кириллица с имевшими место попытками идеологизации, русификации, ассимиляции языка затеняла казахское национальное самосознание идентификации. Возврат кистокам позволит казахскому народу сохранить богатое культурное наследие. Наша независимая страна имеет право на свою суверенную идентичность титульной нации, и в этой связи явно положительной

ожидаемой стороной обсуждаемого вопроса является укрепление национальной идентичности казахов. Вполне очевидно, что процесс перехода казахского языка на латиницу предполагает выполнение значимого объема поистине масштабной работы, предстоящей государству, и будет сопряжен с созданием

стандарта латинского алфавита, выбором модели и варианта перехода на латиницу, долгосрочных мер по переводу научных трудов и художественных произведений для школьных и вузовских программ, классики казахской литературы и фольклора, научного и культурного наследия на латинскую графику. Вместе с тем, правовые регулирующие механизмы перехода, подготовка кадрового потенциала, выделение источников финансирования на обучение педагогических кадров, переподготовку контингента работников законодательных, исполнительных органов, госслужащих, осуществление мер по созданию правовой базы, полиграфии, оргтехники, переиздание на латинице справочников, словарей, учебников, на замену денежных знаков с латинской графикой, документов казахстанцев, на компьютеризацию и другие виды активности породит целый комплекс организационных, коммуникационных, финансовых и других проблем.

Полагаем, что при переходе на латиницу Казахстан столкнется с множеством проблем, и в первую очередь следует исключить проблему «недостаточной» квалификации лингвистов-филологов, которые будут вовлечены в процесс «переделки» алфавита. Неполноценный, неграмотный отбор и переписывание большого объема текстов также могут стать своеобразной «помехой» для поколения, которое по истечении времени придет в школу и предпочтетчитать на латинице, нежели на кириллице. Иными словами, вопросы о том, каков будет отобранный материал, каково будет его количество на латинице, как он будет

отбираться, и другие закономерны, и это все не «праздные» вопросы. Помимо этого, довольно сложная ситуация может возникнуть в связи с проблемой постоянной нехватки учебников для учащихся школ и студентов высших учебных заведений нашей страны. Наряду с этим, несомненно, огромных затрат потребует перевод на латиницу многочисленных учебников и учебных пособий для всех ступеней учебных заведений, художественной литературы, равно как и издание газет, журналов и т.д. Новая графическая система средств массовой информации, замена названий улиц и вывесок породит поиск квалифицированных профессионалов различных сфер. И уже сейчас мы наблюдаем множество стоящих определенных затрат и спешно вывешенных (по- скольку содержат грубые ошибки в написании, употреблении апострофов, которые очень быстро устарели) «латинизированных» объявлений, вывесок, рекламных конструкций на административных, промышленных учреждениях, объектах культуры, образования и других. Международная фонетика не всегда соответствует особенностям национальных языков. Каждая страна использует дополнительные знаки, которые отличают алфавиты. У казахского языка есть своя особенная природа. Поэтому нужно понимать, что казахский алфавит не может быть полностью скопирован с английского алфавита и состоять только

из 26 знаков. Таким образом, в нынешнее экономически и жизненно непростое время становление века латиницы в нашей стране или же откладывание в долгий ящик практической реализации языковой реформы, предложенной в рамках концепции духовной модернизации, в силу вышеизложенных проблем и в первую очередь из-за финансовых соображений является важнейшим вопросом титульной нации, для которой сохранение письменности и языка – приоритетный фактор будущего.

Мы воспринимаем переход на латинскую графику как неизбежный объективный процесс в развитии нашей страны. «Сегодня Казахстан не отстает от велений времени, соседние страны также выбрали латинскую графику, 90% информации в мире публикуется на латинице. Как известно, кто владеет информацией, у того развивается наука и технология. Переход казахского языка на латиницу – один из ключевых этапов духовной модернизации», – подчеркнул Президент К.К. Токаев. Экономически выверенное, поэтапное осуществление государством языковой реформы, без искусственного ускорения, с учетом опыта центральноазиатских государств, умелая агитация и пропаганда, достаточное финансовое обеспечение позволит Казахстану полностью отказаться от кириллицы к 2025 году, и в перспективе оправдает затраты. Ведь в случае даже малейших недочетов в вышеуказанных процессах факт того, что что-то значимое останется вне поля культурной памяти, очевиден, ввиду того, что посредством письменности формируется литературное наследие, накапливаемое веками и создающее культурный фундамент нации. Полагаем, что прагматичный и вдумчивый переход на новый алфавит, наиболее точно выражающий специфичные звуки, присущие нашему языку, и представляющий часть культурного кода и инструмента коммуникации, будет способствовать более эффективной модернизации общества, увеличению интереса к изучению казахского языка, более легкому освоению западных языков, оптимальному адаптированию международной, научно-технической лексики в национальный словарь, внедрению современных технологий и коммуникаций, научных и образовательных процессов, усилению тесных политических, экономических, научных, культурных и духовных связей как между тюркоязычными странами, так и сообществами всего мира.

**Салима САДЫБЕКОВА,**
**доцент кафедры «Практический английский язык»**

**«Білімді ел – Образованная страна» газеті, 24.11.2020 г.**

## СЫРДЫҢ ТАРИХЫ ТЕРЕҢ

**Президент жанындағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова панде-**

**мияға қарамастан, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихи-мәдени ескерткіштерде зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты.**

Расында, тарих – өткеннің ізі. Сыр бойында сыры ашылмаған, толық зерттеліп үлгермеген ескерткіштер өте көп. Десек те, археологиялық жұмыстар өз деңгейінде ұйымдастырылуда. Ескі қаланың орнын мұражайға айналдыру уақыт күттірмейтін мәселе екені де айтылуда.

Биыл бағдарлама арқасында ежелгі Бәбіш мола, Жанкент, Сығанақ, Сортөбе, Қышқала қалашықтарында ғылыми-археологиялық зерттеулер жалғасын тапса, Алтын Орданың 750 жылдығы аясында Асанас қалашығында зерттеу жұмыстары басталды. Бұл мәдениет саласының өркендеуіне бағытталған қолдау деп білемін.

Сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көзделген мақсаттарды жүзеге асыру аясында «Киелі жерлер географиясы» жобасы енгізіліп, ол ескі қалашықтар мен кесенелерге археологиялық зерттеу және қазба жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік берді.

Мәселен, аталған бағдарламаның «Қазақстанның сакралды географиясы» арнайы жобасы аясында жалпы ұлттық маңызы бар қасиетті нысандар тізіміне енген Жанкент шаһарында университет жанындағы «Археология және этнография» ғылыми орталық мамандары қазба жұмыстарымен қатар, музейлендіру шараларын да жүргізді. Оған тарих, археология және этнология мамандығының студенттері де тартылды.

Сыр өңірінің сыр бүккен өркениетін ашу жолында әлі талай тарихтың сыры ашылатынына сенім мол.

**Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің «Археология және этнография»**
**ғылыми орталығының жетекшісі**

**«Сыр бойы» газеті, 25.11.2020 ж.**

## БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ ҮЗДІКСІЗ ЖАЛҒАСУДА

Пандемия кезеңіндегі оқу үдерісін ұйымдастыру білім алушылардың, ата-аналардың және педагогтардың алдына үлкен міндет жүктеп келеді, бұлстуденттердің білім деңгейіне, білім сапасына деген үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Елде жарияланған төтенше жағдайға байланысты Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқу үдерісі толықтай қашықтықтан оқу технологиясына көшірілді. Осыған сәйкес аталған технология бойынша барлық пәндер қашықтықтан оқытылып, 1120 бейне дәрістер дайындалып, YouTube каналына және университет білім алушыларының негізгі оқу платформасы болып табылатын Platonus ақпараттық жүйесіне жүктелді. Сабақтарды өткізу кезінде профессор-оқытушылар Platonus, MicrosoftTeams, Ciscowebex, Googlemeet, Googleclassroom, Zoom сияқты платформаларды меңгеріп,

қолданып келеді. Оқу сабақтарын сапалы өткізу мақсатында Platonus ақпараттық жүйесінде «тапсырмалар» және «Онлайн Прокторинг жүйесі» лицензиялық модульдері сатып алынды. Оқу үдерісін 448 оқытушы, оның ішінде 18 ғылым докторы, 162 ғылым кандидаты, 28 PhD докторы және 167 магистр жүзеге асырады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан дайындалып бекітілген нұсқаулықтарға сәйкес қашықтықтан оқыту кезінде оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша білім алушылардың аралық және қорытынды бақылауын, сонымен қатар қорытынды аттестаттауын қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы жүргізу бойынша өткізу жөнінде университетішілік нұсқаулықтар дайындалып, университеттің академиялық саясатына тиісті толықтырулар енгізілді.

2020 жылдың 3-4 тамыз аралығында «Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру технологиялары және цифрлық білім беру құралдары» атты университетішілік вебинар өткізіліп, профессор-оқытушылар құрамының өзара тәжірибе алмасуларына мүмкіндік жасалды. Ал 17-19 тамыз аралығында университет профессор-оқытушыларға «Білім берудің цифрлық трансформациясы: теория, практика, тәжірибе» атты университетішілік вебинар өткізілді. Назарбаев университетінің тәжірибесін оқу үдерісіне енгізу мақсатында бірлескен оқу-вебинарлары ұйымдастырылып, ғалымдардың біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік жасалды. Қазіргі таңда 338 оқытушы өзінің сабақ беретін пәндері бойынша біліктілік арттыру курстарынан өтті.

Білім алушылардың, ата-аналардың және қызметкерлердің сұрақтарына дер кезінде жауап беру мақсатында «Call – центр» құрылып, жұмыс жасауда. Білім алушылар мен оқытушылардың қашықтықтан білім беру технологияларына бейімделуін анықтау мақсатында 2020 жылдың мамыр айында университет оқытушылары мен білім алушылары арасында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Бұл сауалнама негізінде ауыл аймақтарда Интернеттің сапасы төмен немесе жоқтығы және компьютерлік техниканың болмауы немесе жеткіліксіз болуы проблемасын анықтады.

Барлық білім алушылардың арасында компьютерлік техникамен және интернетпен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу нәтижесінде 39 студент анықталып, оларға университет жатақханасында тұруға жағдай жасалынды. Интернет жылдамдығы 200 Мбит/сек-тен 500 Мбит/сек-ке дейін арттырылды. Пандемия кезінде қабылдау комиссиясы қашықтықтан жұмыс жасауға мәжбүр болды. Бұл жағдай ата-аналарға да, мектеп бітіруші түлектерге де болашақ мамандығын таңдау жолында оңай болмағаны рас. Соған қарамастан 1 қыркүйекте университетке 2525 білім алушы қабылданып, университет бойынша барлық білімалушылар саны 6242 жетті. Мемлекеттік грант негізінде қабылданған білім алушылардың саны 715 құрады. Аз қамтылған, көп балалы отбасыбалаларын қолдау мақсатында Қызылорда облысы Әкімі тарапынан 107білім гранты бөлінді.

Ағымдағы жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жоғары білім беру жүйесін одан әрі жаңғыртуға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болатын

«Жоғары білім беруді дамытудың дағдарысқа қарсы үш қадамды жоспарын» жариялады, бірінші қадамда ол мамандар даярлаудың жекелеген бағыттары бойынша оқытушылардың ғылыми дәрежелілігіне, штатқа, біліктілікті арттыруға және базалық білім беруге қатысты талаптарды қайта қарау қажеттігін айтты. Бұл жоғары оқу орындарына практикалық қызметкерлерді көбірек тарту қажеттілігіне, сонымен қатар, білім беру сапасын арттыруға және оны практикаға бағдарландырумен байланысты болды.

Екінші қадамда мемлекеттік грант құнының артқанымен, ақылы негізде білім алушылардың оқу ақысына әсер етпеуі керектігі айтылса, үшінші қадамда ЖОО-дарының дербестігі, соның ішінде өңірлік жоғары оқу орындарының мәселесі сөз болды. Бұл бағыттар жоғары оқу орындарына қойылып отырған талап пен қолдаудың көрінісі деп айта аламыз.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім беру бағдарламалары тізілімінде 126 Білім беру бағдарламасы іркелген, оның ішінде бакалавриат бойынша – 78, магистратура бойынша – 35, докторантура бойынша – 13.

6В07155 (5В071800) – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасынан басқа барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқыту қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, онлайн форматта жүргізіліп келеді. «Электр станциялары мен қосалқы станциялар» және «электр қондырғыларындағы Еңбекті қорғау» пәндері бойынша 3-4 курс студенттеріне арналған зертханалық және практикалық сабақтар оффлайн режимде өтеді. Сондай-ақ, оффлайн режимде «дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының студенттері үшін оқу-жаттығу сабақтары, спорт түрлері бойынша университеттің құрама командаларының қатысушы студенттері үшін спорттық секциялар өткізіледі. Университетте үш тілде мамандар даярлау бакалавриаттың 16 білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі, мұнда 469 студент білім алуда.

2020-2021 оқу жылында академиялық ұтқырлық бағдарламасымен 59 білім алушы білім алды. (43 білім алушы сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Польша, Болгария, Түркия және Корея елдерінде оқиды).

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Ресей, АҚШ, Германия, Түркия, Болгария және Корея елдерінен 7 шетелдік ғалым шақырылды. Университетте білім алушылар мен ПОҚ-ның шет тілдерін білуін арттыруға тұрақты көңіл бөлінеді. Қазіргі уақытта Корея бұрышы, TOEFL Аймақтық тестілеу орталығы құрылды, ағылшын тілі, корей тілі, қытай тілі және араб тілі курстары ұйымдастырылуда. Серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесіп, шет тілдері бойынша курстар өткізу үшін оқу орталықтарын құру мақсатында ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен, сертификатталған келесідей оқу орталықтарын ашу жоспарлануда: түрік орталығы, Қытай орталығы, Араб орталығы және университет студенттері мен оқытушыларына арналған Үнді орталығы.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында 5В011200 -

«Химия» және 6В01202 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламалары бойынша2020 жылдың 21-23 мамыр аралығында XII Республикалық студенттік пәндік олимпиада пандемия жағдайына байланыстыонлайн форматта өткізілді. 5В011200 – «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша 22 жоғары оқу орнының студенттері қатысса, 6В01202 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша 15 жоғары оқу орнының студенттері қатысты.

2020 жылы университеттің 77 кафедра филиалдарымен тығыз байланыс нәтижесінде оқу процесіне Қызылорда облысының кәсіпорындары мен мекемелерінен 35 жетекші мамандар тартылды, олардың ішінде ұйымдардың директорлары, бас мамандары, цех бастықтары, зертхана меңгерушілері, аға тергеушілер, журналистер және т.б.. 2021 оқу жылында Қызылорда облысының полиция департаменті, «Қызылорда автобус паркі», «Мағжан және К» ТЖ, «Сыр Маржаны» ЖШС, «РЗА-Агро» ЖШС сияқты кәсіпорындарда кафедра филиалдарын ашу жоспарлануда.

2020-2021 оқу жылының 2 қараша мен 27 қараша аралығында 1 курс білім алушылары үздіксіз педагогикалық, оқу практикалары аралас форматта ұйымдастырылды.

Оқу практикаларынан өту үшін екі жақты келісім-шарттар негізінде 621 білім алушының 176 білім беру ұйымдарына, 1 Акционерлік қоғамға, жіберілді. Студенттерге өздерінің тұрғылықты елді-мекендеріндегі мекемелерде практикадан өтуге мүмкіндік берілді.

Биылғы жылы жоғары білім жүйесіндегі ең маңызды және жаңа реформа – жоғарғы оқу орындарының өзіндік үлгідегі дипломдар беретіндігі. Ол білім беру қызметтерін ұсыну сапасы үшін университет алдындағы жауапкершілікті арттырып отыр.

Грант құны өскенімен, университетте ақылы негізде білім алатын студенттер үшін оқу ақысы өскен жоқ, кейбір бағытта қажеттілікке байланысты оқу ақысын төмендеткен жағдайларда болды. Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру мақсатында 256 студенттің оқу ақысына түрлі көлемдегі (25%, 50%, 100%) жеңілдіктер жасалды. Соның ішінде талантты студенттерді қолдау мақсатында мектеп оқушылары арасында облыстық деңгейде өткізілген пәндік олимпиада қорытындысымен университет ректорының 3 гранты берілді. Студенттерді түрлі өндіріс орындары тарапынан өткізілетін жобалар мен байқауларға қатыстырып, 56 студентке демеушілердің есебінен білім алуына мүмкіндіктер жасалды.

Педагогикалық мамандық білім алушылардың шәкіртақылары өсті. Педагог мәртебесін арттыру мақсатында педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына түсудің шекті баллы 70 балл болып белгіленгенімен, бұл осы бағытты таңдаған талапкерлерге кедергі болған жоқ. Керісінше биылғы жылы осы оқу бағытына талапкерлер саны 439-дан 663-ке дейін өсті. Жоғары оқу орындарының рейтингін айқындайтын басты көрсеткіш түлектердің жұмысқа орналасуы. Бүгінгі күні «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік

корпорациясы» Қызылорда облысы бойынша филиалынан алынған мәлімет бойынша 2020 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу пайызы 91% құрап отыр. Жалпы алғанда, бұл көрсеткіш университеттегі білім беру сапасының деңгейінің және кәсіби құзіреттелікті игерту дағдыларының қалыптасқандығының, ал ол жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің көрінісі деп қабылдауға болады.Коронавирустық пандемия жағдайында қашықтықтан оқытуға көшудің алғашқы күндерінен бастап кітапхана университеттің білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін қолдау бойынша ақпараттық қызметтерін күшейтті. Университет сайтында (https://lib.kgu.kz) және кітапхананың әлеуметтік желілердегі парақшаларында Ұлттық база ресурстары мен қызметтері туралы барлық ақпарат орналастырылды. Білім алушылар мен профессор-оқытушылардың сұраныстары бойынша кітапхана қызметкерлері жинақтаған электрондық кітапхана қолжетімді. Күн сайын кітапхана қызметкерлері толық мәтіндерге қол жеткізу үшін пайдаланушыларды «КАБИС электрондық кітапханасында» қашықтықтан тіркеуді жүргізеді.

Қазіргі күні оқу үдерісі университетте қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы жүргізіліп келеді.2020-2021 оқу жылының екінші академиялық кезеңінде оқу үдерісібірінші және төртінші курстарда аралас оқыту форматында, екінші және үшінші курстарда педагогикалық, гуманитарлық, әлеуметтік ғылымдар бағытындағы, журналистика, бизнес, басқару және құқық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағыттары бойынша онлайн форматта, техникалық, өнер, жаратылыстану ғылымдары, ауылшаруашылық бағыттары бойынша аралас форматта ұйымдастырылатын болады.

**Абайбек ЖҮНІСОВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің проректоры**

**«Сыр бойы» газеті, 29.12.2020 ж.**

# 2021 жыл

# БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ САТЫЛАРЫ: БҮГІНІ ЖӘНЕ ЕРТЕҢІ

**Жоғары білім беру жүйесі – бұл болашақ кадрлар қалыптасатын және елдің әлеуетін дамытатын орта. Бұл жүйенің тиімді жұмыс істеуінің нәтижесі ел экономикасының табысты дамуының кепілі болмақ.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 27 желтоқсанында «Педагог мәртебесі туралы Заңға қол қойып, жалпы педагог, ұстаз атаулы қауымның мәртебесін көтерді. Сонымен бірге, 2021 жылғы 8 қаңтарда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Қолданыстағы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қазіргі заман талабынан туындаған өзекті мәселелер.

Соның бірі Заңдағы қашықтықтан білім беруге байланысты енгізілген жаңа нормалар. Қашықтықтан білім беру тек жоғары оқу орындарына ғана емес, білім берудің барлық деңгейлеріне қатысты. Сондықтан өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жаңа Заңда бұл мәселеге көңіл аударылуы орынды деп ойлаймыз.

ҚР Білім туралы Заңына өзгерістер мен толықтырулар Білім және ғылым министрлігі тарапынан болған ұсыныстар нәтижесінде енгізіліп отыр. Білім сапасын арттыру, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, білім беру мен индустрияның тығыз ынтымақтастығы, академиялық адалдық, әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану бағытында министрліктің бастамасымен жасалып жатқан ірі шаралар қазіргі кезде өзінің оң нәтижелерін беріп келеді.

XXI ғасыр университеттеріне қойылатын талап та жаңарды. Біздің ең басты мақсат-міндетіміз осы жаңалықтардың, Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жүзеге асуына қызмет ету болып табылады.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жоғары білім беру жүйесін одан әрі жаңғыртуға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болатын «Жоғары білім беруді дамытудың дағдарысқа қарсы үш қадамды жоспарын» жариялаған болатын. Бірінші қадам, мамандар даярлаудың жекелеген бағыттары бойынша оқытушылардың ғылыми дәрежелілігіне, штатқа, біліктілікті арттыруға және базалық білім беруге қатысты талаптарды қайта қарау қажеттігін айтты. Бұл жоғары оқу орындарына практикалық қызметкерлерді көбірек тарту қажеттілігіне, сонымен қатар, білім беру сапасын арттыруға және оны практикаға бағдарландырумен байланысты. Екінші қадамда мемлекеттік грант құнының артқанымен, ақылы негізде білім алушылардың оқу ақысына әсер етпеуі керектігі айтылса, үшінші қадамда жоғары оқу орындарының дербестігі, соның ішінде өңірлік жоғары оқу орындарының мәселесі көтерілді.

Жақында министрлік жанынан Студенттік кеңес құрылып, алғашқы отырысы өтті. Оның құрамына әрбір жетекші ЖОО-ның студенттері арасынан және республикалық жастар ұйымынан бір-бірден көшбасшы кірді. Мұндағы басты мақсат – жастардың бастамаларын дамытуға және студенттерді қолдау.Биылғы жылы жоғары білім жүйесіндегі ең маңызды және жаңа

реформа жоғарғы оқу орындарының өзіндік үлгідегі дипломдар беретіндігі, білім беру қызметтерін ұсыну сапасы үшін жауапкершілікті күшейтті.

Университеттердің жеке үлгідегі дипломдар беруі – жоғары оқу орнының беделін айғақтап қана қоймай, оған артылған үлкен сенім екені де белгілі. Бұл мәселе болашақ мамандығын енді таңдағалы жүрген талапкерлерден бастап, жоғары оқу орнын бітіріп, қолына диплом алам деп отырған түлектерді, олардың ата-анасын алаңдататыны рас. Дегенмен, бұл өзіндік үлгідегі дипломды әр ЖОО өз бетінше дайындай береді деген сөз емес. Бұл жоба БҒМ-ң тарапынан қатаң қадағаланып, тиісті сәйкестендіру нөмірі беріліп, ол ҰБДҚ (НОБД) базасында сақталады.

Осы ретте еліміздегі іргелі білім ордасы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтсек. Университет бүгінде бакалавриат бойынша – 78, магистратура бойынша – 35, докторантура бойынша – 13, яғни 126 білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.2020 жылы 77 кафедра филиалдарымен тығыз байланыс нәтижесінде оқу процесіне Қызылорда облысының кәсіпорындары мен мекемелерінен 35 жетекші мамандар тартылды, олардың ішінде ұйымдардың директорлары, бас мамандары, цех бастықтары, зертхана меңгерушілері, аға тергеушілер, журналистер және т. б. салалардың өкілдері бар.

Бюджеттік қаржыландырудың ұлғаюы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ПОҚ мен қызметкерлердің жалақысын орта есеппен 20-40% – ға арттыруға мүмкіндік берді. Бұл да ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан жоғары оқу орындарының профессор оқытушыларына жасалып отырған қолдау деп білеміз.

Университеттің материалдық-техникалық базасын жаңартуға 2020 жылы – 192 млн.054 мың теңге бөлінді. Грант құны өскенімен, университетте ақылы негізде білім алатын студенттер үшін оқу ақысы өскен жоқ. Аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, кейбір бағытта оқу ақысын төмендеткен жағдайлар да болды.

Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру мақсатында 256 студенттің оқу ақысына түрлі көлемдегі (25%, 50%, 100%) жеңілдіктер жасалды. Соның ішінде талантты студенттерді қолдау мақсатында өткізілген пәндік олимпиада қорытындысымен университет ректорының гранты берілді. Студенттерді түрлі өндіріс орындары тарапынан өткізілетін жобалар мен байқауларға қатыстырып, 27 студентке демеушілердің есебінен білім алуына мүмкіндіктер жасалды.

Педагогикалық мамандық білім алушылардың шәкіртақылары өсті. Педагог мәртебесін арттыру мақсатында педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына түсудің шекті баллы 70 балл болып белгіленгенімен, бұл осы бағытты таңдаған талапкерлерге кедергі болған жоқ. Керісінше биылғы жылы осы оқу бағытына талапкерлер саны 439-дан 663-ке дейін өсті. Сонымен қатар, педагогикалық бағыттағы білім алушыларға шәкіртақының өсуі, осы ұстаз болуды армандаған жастардың жүректеріне жылулық сыйлағаны рас.

2020 жылдың 16 наурызынан бастап елімізде пандемияға байланысты карантин жариялануы себепті оқу процесінің толығымен қашықтықтан оқыту технологиясына ауыстыру ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан жүргізілген жүйелі және сапалы жұмыстың арқасында жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қысқа мерзім ішінде барлық пәндер бойынша 1120 бейнедәрістер дайындалды, аралық және қорытынды бақылауды, сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу бойынша нұсқаулықтар әзірленіп, бекітілді. 2020 жыл болашақ білім берудің бастапқы нүктесіне айналып, университеттерді дәстүрлі оқу әдістерін қайта қарауға мәжбүр етті.

Қашықтықтан оқыту, шәкіртақыны арттыру, болашақ мұғалімдерді даярлауға аса маңызды көңіл бөлу, жас ғалымдарды қолдау – бұл ең алдымен білім беру сапасын және жоғары оқу орындары қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталған. Университет тарихында тұңғыш рет жас ғалымдардың ғылыми ізденістерін қолдаудың нақты тетігі – университет гранты енгізілді. Қазіргі күні осы грантқа ауыл шаруашылығы, мұнай және IT салалары бойынша конкурс жарияланып, жұмыстар кезең-кезеңмен жүріп жатыр. Жасампаз бастаманың жас ғалымдардың ғылыми шығармашылығына соны серпіліс әкелетініне сенімдіміз. Әрине, табысқа жету жолы оңай емес, бірақ үйлесе ұштасқан биік талап, айқын мақсат, еселі еңбектің нәтиже берері сөзсіз.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма төрағасы – ректоры**

**«Сыр бойы» газеті, 04.02.2021ж.**

## ЖАҺАНДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты көлемді мақаласын жариялағаны баршамызға белгілі. Мақалада бүгіннен бастап мән беруімізге тиіс ең бір көкейтесті дүниелер бар.**

Мақала ауқымды төрт бөлімнен тұрады. «Бағдар мен белес» деп аталатын алғашқы бөлімінде тәуелсіздігіміздің мерейлі мерзімін үш онжылдық белеске бөліп қарастырады. Алғашқы онжылдықты Қазақстанның іргетасын қалау, екінші онжылдықты қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі деп атаса, үшінші онжылдықта еліміздің өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналғаны баяндалады.

Мемлекет басшысы алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу екендігін айта келіп, осы жолда заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру қажеттігіне баса назар аударады. Сонымен қатар қазіргі пандемия жағдайында түрлі

қатерлермен бірге әлемде жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келе жатқандығына алаңдайды. Сондықтан жаһандану кезінде әсіресе, жас ұрпақты кез-келген ақпаратқа ілесіп кетпеуге шақырады.

«Таным мен тағылым» деп аталатын екінші бөлімінде халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға бағытталған ой-тұжырымдарымен бөліседі. Ұлттық мүддемізге сай келетін тарихымыз жазылатын уақыт келгендігін, ол ұрпақтың санасын оятып, ұлт жадын жаңғыртуға мүмкіндік беретінін бағамдайды.

Мақаланың «Қоғам мен құндылық» деп аталатын үшінші бөлімінда Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің егемендігіміздің мәңгілік үштағанына балаған байтақ жерімізді, қастерлі тілімізді, береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтауға үндейді.

Мақаланың «Ұлағат пен ұстаным» атты соңғы бөлімінде саяси жаңғыру мәселесіне кеңінен тоқтала келіп, елімізде адамның құқығын сақтауға негізделген заң мен тәртіп болу керектігін баса айтады. «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу», – дейді.

Ол үшін XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі екендігін, әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алатынына ерекше мән береді. «Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші», – деп өскелең ұрпаққа сенім артады.

Сондықтан да егемендік жылдарында дүниеге келіп, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген қасиетті сөзді мәңгі ұранға айналдыруды ұсынады.

Біз де өз кезегімізде Мемлекет басшысының маңызды мақаласын жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі алдағы жұмыстарымызға жаңаша тың серпін береді деп ойлаймыз.

Әрбір жас өреннің өзі мекен еткен жеріне жанашырлық танытуына тек ақыл айтып қоймай, өзі үлгі болатындай әрекет жасау – аға буынның, яғни біздің Отан алдындағы міндетіміз. Мақалада бүгінгі жастардың шетелде білім алуына барынша қолдау көрсетіп, алған білімі мен жинаған тәжірибесін өз еліне қызмет істеуге пайдалана білетіндей ұлтжанды ұрпақ дайындау үшін сананың ашықтығы керек деген ойын өз өмірінен мысал келтіре отырып, қисынды жеткізе білген. Ұрпақ тәрбиесінің мемлекеттің назарынан тыс қалмауы, олардың бойындағы табиғи таланты мен ерекше дарындылығын дамыту үшін қойылатын талаптың жоғары екендігін сезінген сайын өз мамандығымның ұлт болашағы үшін маңызды екенін, осындай ұлы мамандықтың тізгінін ұстап тұру үшін ел үшін тынымсыз еңбек етудің өзі зор бақыт әрі үлкен сын деп қабылдаймын. Соңғы жылдардағы педагогтардың еңбекақысының сатылап өсуі де жүктелген міндеттің салмағының ауырлығында деп түсінуіміз керек.

Қорыта айтқанда, лайықты еңбек етіп, ұрпақ тәрбиесіне өз үлесімізді қосуымыз қажет. Бұл – біздің ұрпақ алдындағы борышымыз.

**Сәрсен ТІЛЕУБАЙ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің**
**Информатика және ақпараттық-коммуникациялық**
**технологиялар кафедрасының меңгерушісі**

**«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі, 08.02.2021ж.**

## ӨНДІРІСКЕ ҚАЖЕТТІ МАМАНДАР ӨЗІМІЗДЕ ДАЯРЛАНАДЫ

**Қазіргі білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті маман дайындау, жастарға жан-жақты білім беру, теория мен практиканы ұштастыра білу мен техникалық, кәсіптік маман даярлауға басымдық берілуде. Жастар тек білім алып қана коймай, білікті де тәжірибелі маман болу үшін артылған жауапкершілікті ақтай білген жөн. Осы орайда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті инженерлі-технологиялық институты маман даярлауда үздіктер қатарында. Талай шәкірттің білім алып, білікті маман болуына септігін тигізіп келеді.**

Мұнай газ саласы біздің еліміздің экономикасында жетекші орын алатыны белгілі. Сондықтан мұнай газ секторы әрқашан біліктілігі жоғары мамандарды қажет етеді. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Мұнай-газ инжиниринг» кафедрасы білімді жастардың қатарын арттырып, білім беру бағдарламасы екі деңгейдегі мамандарды дайындауда. Олар бакалавриат пен магистратура. Кафедра «мұнай газ ісі», «технологиялық машиналар мен жабдықтар», «Стандарттау, метрология және сертификаттау», «геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау», «тау-кен ісі» және «технологиялық машиналар мен жабдықтар» білім беру бағдарламасын оқытады. Онда білікті оқытушылар студенттерге тәлім береді. Жарқын болашақ үшін келешек жас буындарға, өз тәжірибесімен бөлісіп, ұстаздық еткен, аянбай тер төккен кафедра ұжымының мұнай саласын жаңғыртуда қосқан үлесі зор деп сеніммен айтуға болады. Университет түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие болып, мықты маманға айналуына ұстаздар қауымы өлшеусіз үлес қосуда.

– Оқу орнындағы жастарға сапалы білім беру, қоғамға қажетті маман даярлап шығару біздің басты мақсатымыз. Бұл тұрғыда кафедрада тәжірибесі мол білікті мамандар қызмет атқарады. Қаншама шәкірттер дипломын қолға алып, ірі мұнай компанияларында қызмет атқарып жүр. Мұнда студенттің жан-жақты дамуына барлық мүмкіндік қарастырылған. Жастардың өзін-өзі басқаруға деген ұмтылысы, да үлкен жетістік. Білім мен ғылымды өндіріспен ұштастыру, студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуі білімін жетілдіреді. Білім теория жүзінде берілсе, оны іс жүзінде қолдану студенттің білімін дамытып, көкірек көзін ашады. Өндіріс орындарымен тікелей байланыс орнатылып,

келісімшарт жасалған. Тәжірибеден өтіп, сосын жұмысқа орналасқан жастарымыз баршылық, – дейді кафедра меңгерушісі Нұрлан Әбілдаев.

Бүгінде кафедраның үш филиалы бар. 2018 жылдан бері облыстағы тау-кен саласындағы мамандарды қамтамасыз ету мақсатында жаңа мамандықтар ашылды. Олар «Тау-кен ісі», «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау». Бұл мамандық қазіргі таңда сұранысқа ие. Жаңақорған, Шиелі аудандары тау-кен өндірісі орналасқан өңір болғандықтан мұнда сала мамандары қажет. Бұған дейін өндіріс ошақтары қажет мамандарды сырттан шақыратын, себебі жергілікті оқу орнында арнайы маман даярланбайтын. Осы мақсатта кафедрада «Тау-кен ісі», «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығын ашты. Алғашқы қабылданған студенттер биыл 3 курста оқып жатыр. Студенттер теория мен практиканы қатар меңгеріп, сапалы білім алуда. Оқу кезінде кәсіпорындарда өндірістік практикадан өтеді. Мәселен жастар «Петро Қазақстан Құмкөл ресорсиз»АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ, «Қазгермұнай» БК ЖШС, «АйданМұнай»СНСП, «Қуатамлонмұнай»БК ЖШС және «Ақтөбе мұнай жабдықтары зауыты» ЖШС кәсіпорындарында тәжірибе жинап, болашақ маман ретінде саланың қыр-сырын меңгеруде.

Студенттердің жан-жақты білім алуына мүмкіндік жетерлік. Кафедра қажетті оқу зертханалар, кабинеттер, дәріс алатын жаңа техникалық дәрісханалармен қамтылған. Болашақ маманның келешегін жарқын ету үшін оқу орны еліміздің және сырт елдердегі маңдайалды университеттермен тығыз байланыс орнатқан. Осы бағыттағы білім алуға арналған бағдарламаларды тиімді жүзеге асырып отыр. Атап айтар болсақ, халықаралық қатынастар бойынша Ресей Федерациясы Ухта мемлекеттік политехникалық университеті, Казань ұлттық технологиялық зерттеу университеті, И.М. Губкин атындағы Ресей мұнай және газ мемлекеттік университеті, Пекин мұнай және газ университетімен және еліміздегі белгілі жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатыныста. Дүниежүзілік мұнайшылар қоғамына мүше оқытушылар да бар.

Кафедра оқытушылары да тәжірибе алмасу үшін және біліктілігін жоғарылатуды мақсатында алыс, жақын шет елдерде жоғары оқу орындарында шыңдап келеді. Оқытушы құрамның белді мүшелері Панабек Таңжарықов, Аслан Жабағиев, Мақсұт Досжанов, Ерден Қодар сынды білікті мамандар жауапкершілікті абыроймен атқаруда.

Халықаралық ынтымақтастық аясында кафедра академиялық ұтқырлық бағдарламасын сәтті жүзеге асырылуда. Студенттің академиялық ұтқырлығы – білім алушыны белгілі бір академиялық кезеңге оқуға немесе зерттеуге басқа оқу орындарына ауыстыру, алынған білім беру бағдарламаларын міндетті түрде өзге жоғары оқу орнында жалғастыра алады. Бағдарламаның басты мақсаты – халықаралық стандартқа сай қазақстандық жоғары білімнің сапасын қамтамасыз ету және бәсекеге қабілетін арттыру. Қос диплом бағдарламасы бойынша өткен жылы Айбек Базарбай Қытай елінде білімін жалғастырып, оқуын аяқтады. Енді онда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Қытай еліндегі университеттің дипломы бар.

Оқытушылардың айтуынша, жоғары оқу орнындағы мамандықтар жайында көпшілік біле бермейтінін жеткізді. Және де жергілікті кәсіпорындар, өндіріс ошақтары да қажетті мамандықтың жергілікті оқу орнында оқытылып жатқанынан бейхабар. Сол себепті мұндағы оқытушылар олармен байланысқа шығып, өздері жайында ақпарат беруді дағдыға айналдырған. Жаңадан қосылған мамандықтар мен өзгерістер жайында айтып отырады.

Инженерлі-технологиялық институт директоры Аслан Жабағиев соңғы кезде мұнай-газ саласына қызушылық танытатын жастар қатары сирегенін жасырмады. Және де оның негізгі себебін атап өтті.

– Қазір көпшілік мұнай сарқылып жатыр, аз өндірілуде. Болашақта бұл мамандыққа жұмыс азаяды деген пікір айтады. Бірақ бұл мұнайдың таусылып жатқанын білдірмейді. Мұнай толық зерттелген жоқ. Тек беткі қабаты ғана. Облыста мұнай 1984 жылдан бастап өндіріліп келеді. Негізінен мұнай жер асты қабатында қабат-қабат болып жатады. Сондықтан беткі қабаты игерілуде. Ал, одан кейінгі қабаттары  зерттелмеген. Оған қаражат керек. Мәселен, Ақтөбе, Атырау облыстарында мұнай 5000-6000 метр тереңдіктен алынуда. Біздің облыста 2000 метрден асқан жоқ. Ол үшін геологиялық зерттеу жұмыстарын жасау керек. Кафедрадағы жаңадан ашылған екі мамандық осы мәселенің шешімін табуда үлкен рөл атқарады. Нақты зерттеулер жүргізілу арқылы мұнайдың қорын білуге болады. Оған зерттеу жүргізетін мамандар бізде оқытылып жатыр, – дейді ол.

Мұнай сарқылуда деген пікір ата-аналар мен жастардың құлағына жеткеннен кейін білім алушылар саны азайған.  Бұрындары бір мамандыққа 100-ден астам студент қабылданса, қазір бұл көрсеткіш төмендеген. Осы мақсатта оқытушылар түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеді. Қойнауы қара алтынға бай өңірдің мұнайы сарқылмайды, тек оны зерттеу керектігі,  қажетті мамандарды даярлау маңызды болып тұрғанын айтады.

Бастысы оқу орны маман дарярлау үшін оқытушылардың біліктілігін үзбей жетілдіру, студенттің практикалық білімін көтеру және жаңартылған бағдарлама бойынша кадр дайындауды жүйелі атқарып келеді. Білікті ұстаздар бар да кафедра ұжымы әлі талай шәкіртті тәрбиелеп шығатыны сөзсіз. Біз де мұны сеніммен айта аламыз.

Сара АДАЙБЕКОВА,

«Сыр бойы» газеті, 18.03.2021 ж.

## ВОЗМОЖНОСТИ ПРОЕКТНОГО УПРАВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО

**Аннотация**

Важным фактором достижения стабильного развития страны является грамотное кадровое обеспечение ее управленческого аппарата, а также соответствующих государственных предприятий, учреждений и организаций.

Можно констатировать тот факт, что организация деятельности общегосударственного масштаба должна быть упорядочена, иметь, так сказать, «базовые эталоны», которые позволяют контролировать процесс кадрового обеспечения, устанавливая его соответствие заданным параметрам и выявляя возможности для его дальнейшего совершенствования. В литературных источниках прямо отмечается, что система работы с персоналом строится и внедряется на основе принципов такой работы. Можно отметить, что публичное управление осуществляется большим количеством государственных служащих, которые занимают различные по своему назначению и уровню компетенции должности в многочисленных государственных структурах, что тем более обусловливает необходимость определения единых критериев для кадрового обеспечения.

Задача проектного управления – эффективная работа правительственных кадров, их профессиональное и социальное развитие ради качественного выполнения правительственных задач. Целью работы является анализ возможностей проектного управления профессиональной деятельностью госслужащего.

**Ключевые слова**

государственная служба; государственный служащий; профессиональная ответственность; проект; проектное управление.

**Введение**

Государственная политика напрямую связана с программной и проектной деятельностью, влияющей на экономический рост. Роль государственных программ и проектов в национальном развитии трудно переоценить, поскольку их эффективность – показатель эффективности деятельности правительства. Анализ литературы показывает, что крупные проекты, связанные с инфраструктурным развитием, стали для развивающихся стран средством достижения более быстрого экономического роста. Фактически, проектная работа стала важнейшим компонентом глобальной промышленной деятельности. Например, после Второй мировой войны наблюдался высокий уровень экономического роста, в основном в западном мире. Этот рост, который называют и «экономической экспансией после

Второй мировой войны», и «послевоенным экономическим бумом», и «долгим бумом» или «Золотым веком капитализма» и т.д., привел к тому, что государства взялись за осуществление крупных стратегических программ/проектов, способствующих росту и развитию.

Наглядными примерами являются финансируемые правительством США проекты, учрежденные в университетах для аспирантов с целью проведения исследований, направленных на повышение экономического и оборонного развития; например, Манхэттенский проект по производству материалов для создания бомб. Недавний рост, наблюдаемый во многих странах, особенно в странах с формирующейся экономикой, свидетельствует о том, что государственные или общественные программы и проекты необходимы для национального развития. Внедрение электронных систем для обеспечения

доступности осуществления государственных операций является показательным примером реализации программ и проектов. Используются технологии – особенно веб-приложения – для улучшения доступа к правительственной информации и услугам; устанавливается связь между правительством и гражданами, другими правительствами и предприятиями; используются средства информационных и коммуникационных технологий (ИКТ), такие как Интернет, для создания и данных, поддержки дискуссий, автоматизации, отслеживания, а также технологии идентификации личности. В результате значительно облегчается процесс коммуникации в ходе реализации стратегических национальных разработок.

Важно отметить, что наблюдаемый во многих странах экономический рост, реализуемый частными компаниями, был инициирован и регулировался правительством посредством программ и проектов.

Реализация некоторых государственных программ и проектов потерпела неудачу и привела к отказу от них. При этом исследования, посвященные данной теме, встречаются редко. Исследователи, затрагивающие эту тему, в основном сосредоточивались на общих факторах, приводящих к неудачной реализации проектов, таких как задержка и перерасход средств.

**Материалы и методы исследования**

Были проанализированы результаты, полученные по измерениям минимума, максимума, а также среднего и стандартного отклонения и асимметрии по совокупности переменных, наблюдаемых в двух рассматриваемых группах: цифровая трансформация и управление знаниями.

Анализ проводился путем расчета для каждой группы основных компонентов с целью проверки целесообразности, при вариабельности примерно 50%, представлять группу переменных по первому компоненту.

Были применены статистические методы исследования.

**Результаты и обсуждение**

Несмотря на то, что многие службы государственного управления добились значительного прогресса, далеко не весь потенциал цифровой адаптации использован.

Перспективы цифровизации правительственной сферы постоянно меняются, поскольку отражают попытки найти инновационные решения в социальной, экономической и политической областях и трансформацию процесса принятия решений [3; 6; 7].

Необходимость организационных изменений реализуется посредством цифровой трансформации: правительства удовлетворяют социальные потребности в плане эффективного предоставления услуг. Понимание и прогнозирование таких изменений чрезвычайно важно для политиков, государственных руководителей и всех тех, кто разрабатывает, внедряет или оценивает цифровые правительственные решения [8].

Были определены преимущества управления в цифровом формате: повышение качества государственных услуг, повышение компетентности правительства и содействие его здоровом развитию [1]. Таким образом,

подтверждается идея о том, что успех деятельности правительства в значительной степени зависит от управления.

Управление вышло на первый план у государственных и частных организаций в связи с необходимостью более рационального и эффективного использования знаний [2]. Как отмечают авторы в работе [5], управление знаниями «потенциально может обеспечить конкурентное преимущество и способствовать развитию наукоемких экономик».

Управление знаниями является важным и специфическим вопросом в контексте исследований государственного сектора. Авторы [4] утверждают, что «государственный сектор находится под влиянием растущей потребности в конкуренции, стандартах производительности, мониторинге, измерении, гибкости, акценте на результаты, клиентоориентированности и контроле». Похоже, что «управление знаниями для правительства – это уже не выбор, а императив, если экономика хочет выжить в эпоху приватизации, либерализации и глобализации»

[14]. По мнению авторов [9], управление знаниями «имеет потенциал для значительного влияния и улучшения процессов обновления государственного сектора». Действительно, в государственном секторе управление знаниями «является мощным посредником в нынешнем стремлении к повышению эффективности во всех областях» [17].

Тем не менее, в [9] утверждается, что «развитие культуры управления знаниями в государственном секторе является более сложной задачей, чем в частном секторе». Исследование [12] поддерживает этот аргумент, подчеркивая, что «организационные цели в общественных организациях, как правило, труднее измерить и они более противоречивы, чем в частных организациях, и по-разному подвержены влиянию политических факторов».

Согласно [11], управление знаниями с начала 1990-х годов стало объектом пристального внимания академического сообщества, государственных лиц и деловых людей. Исследование, опубликованное в журнале «Journal of Knowledge Management», сообщает, что важность управления знаниями в государственном секторе растет как область исследований. Отмечается фрагментарность литературы на эту тему вследствие низкого уровня международного сотрудничества авторов и небольшого количества сравнительных тематических исследований [13].

Сознательное, систематическое и целостное управление знаниями может повысить осведомленность отдельных людей и организаций. Однако в настоящий момент в государственном секторе отсутствует полноценная осведомленность об управлении знаниями, что может нанести серьезный ущерб процессу цифровой трансформации и реализации инициатив в организациях, стремящихся повысить эффективность своей деятельности.

Одна из целей данной статьи – представить структурированный обзор литературы по цифровизации и управлению знаниями в государственном управлении. Кроме того статья может быть использована для интеграции будущих исследований в области цифрового правительства, поскольку

консолидирует репрезентативную литературу. Обзор научной литературы был проведен в поддержку исследования, состоявшего в анализе влияния цифровой трансформации на практику управления знаниями в португальском государственном управлении.

Исследование преследует следующие цели: проверить, изменила ли цифровая трансформация осуществление процессов управления знаниями в общественных организациях, и выявить эффективные практики управления знаниями, связанные с процессом цифровой трансформации.

Исследовательский вопрос заключался в следующем: какова взаимосвязь между внедрением цифровой трансформации и использованием практик управления знаниями в общественных организациях? Исследовательская гипотеза такова: процесс цифровой трансформации оказывает влияние на практику управления знаниями, а управление знаниями, в свою очередь, является основополагающим фактором успеха цифровой трансформации.

Для реализации определенных целей и гипотез, в обзоре литературы анализируется несколько исследований с целью определения, истоков и особенностей цифровой трансформации и управления знаниями в государственном секторе. Обзор литературы показывает, какие аспекты по теме исследования уже были рассмотрены и какие затрагиваются меньше всего.

Слово «управление» ассоциируется со словами «правительство», «управление» и «контроль».

Правительству управление обеспечивает основу для принятия этических решений и действий, основанных на прозрачности, подотчетности и определенности.

Есть два взгляда на государственное управление. Одна школа утверждает, что в разных подразделениях правительству необходимы различные типы управления. Некоторые 75 атипы управления включают документы по управлению информационными технологиями (ИТ), по управлению знаниями, по сетевому управлению, по государственному управлению и по управлению проектами.

Эти взгляды на управление, по-видимому, были разработаны ИТ-менеджерами, руководителями проектов, чиновниками правительственных департаментов и учеными, которые работают исключительно в рамках определенной дисциплины. По их мнению, управление – это функция руководства или любого субъекта, ответственного за принятие решений и/или надзор за проектной работой. Каждая практика управления действует независимо друг от друга, и нет интегрированной теории практики [17].

Вторая школа была разработана такими организациями, как Организация экономического сотрудничества и развития, различными институтами директоров и агентствами, ответственными за управление фондовыми биржами. В этой модели управление – это единый процесс с различными гранями (рис. 1) – представленными различными функции управления в рамках пяти основных направлений: управление отношениями, управление изменениями, управление персоналом, финансовое управление,

жизнеспособность и устойчивость. Другие аспекты управления, такие как деятельность совета директоров и отдельных директоров, были исключены в интересах ясности.

В центре рисунка 1 выделяются основные ценности хорошо управляемой деятельности правительства, которые включают этику и приверженность корпоративной социальной ответственности, также здесь можно проследить и то, как осуществляется самоуправление совета директоров. За реализацию ценностей ответственность лежит исключительно на государстве.

В стремлении создать лояльное отношение к правительству изменяют стратегическое направление, разрабатывают новые продукты, наращивают потенциал или внедряют новые технологии, которые позволят повысить эффективность и конкурентоспособность. Методы управления проектами часто применяются для решения задач планирования и осуществления необходимых оперативных изменений [14].

Необходимо дать некоторые определения понятий «проект», «программа», «портфель» и «стоимость» для обеспечения основы обсуждения. Проект – это временное усилие, предпринятое для создания уникального продукта, услуги или результата. Управление проектами – это применение знаний, навыков, инструментов и методов в проектной деятельности для удовлетворения требований проекта. Программа была определена Ассоциацией управления проектами как группа взаимосвязанных проектов, которые достигают выгодных изменений стратегического характера.

Определение «портфель» отражает совокупность инвестиций правительства в изменения, необходимые для достижения стратегических целей. Все три уровня специализированного управления – проект, программа и портфель – можно рассматривать как механизмы осуществления изменений для достижения стратегических целей правительства и реализации ценностей.

Ценность сама по себе является менее осязаемым понятием и имеет более широкое толкование. Ценность достигается тогда, когда результаты проекта используются организацией для получения запланированных результатов, а результаты позволяют реализовать ряд ожидаемых выгод.

Затем, если материальные и нематериальные выгоды превышают входные затраты, связанные как с проектом, а конечные организационные результаты обеспечивают стратегическое или тактическое преимущество для правительства, создается «ценность».

Автор предполагает, что проектное, программное и портфельное управление являются подмножеством корпоративного управления в рамках «изменения», как показано на рис.1.

Основное внимание уделяется обеспечению максимальной пользы для правительства в результате реализации проектов и программ. В этом контексте «проектное управление» является подмножеством корпоративного управления, где оно фокусируется на областях, связанных с программной и проектной деятельностью.

Управление проектами только недавно стало важным вопросом в исследовательской литературе. Публикации, обсуждающие вопросы управления в контексте проекта, можно разделить на две основные группы. Первая – исследования и публикации в области проектного управления, ориентированные в основном на государственный сектор и крупные проекты. В этих публикациях одни рассматривают управление крупными мультифирменными контрактными правительственными проектами, другие рассматривают управление проектами, являющимися связующим звеном договоров с участием нескольких субъектов, связанных между собой межорганизационными отношениями.

Вторая группа рассматривает модели управления, связывающие различные уровни проектной деятельности в рамках деятельности правительства. Эта система управления часто описывается как «корпоративное» или «стратегическое» управление проектами. Совсем недавно было разработано несколько стандартов и руководств для дальнейшего рассмотрения моделей управления проектами в управлении корпоративными проектами. Эти стандарты были выпущены такими организациями, как

Немецкий институт стандартизации, Британское Управление правительственной торговли, Институт управления проектами и Ассоциация управления проектами [13].

Принятый на сегодняшний день подход к управлению проектами делает акцент на развитии надлежащей структуры и процессов управления. Однако это всего лишь механизмы, необходимые для достижения качественного управления [4]. Нынешняя модель управления проектами имеет недостатки, которые могут привести к возникновению фундаментального конфликта интересов.

Во-первых, существует конфликт между ролями эффективного управления портфелем и поддержкой проектов. Существует мнение, что основной целью управления проектами является создание систем подотчетности [11]. Однако видимая подотчетность обычно увеличивает страх и сопротивление, и поэтому на практике является причиной разочарования для менеджеров и часто порождает путаницу [13]. Примером такого конфликта интересов является несовместимость между ролью управления портфелем, включающей в себя отбор и отклонение проектов для удовлетворения требований стратегического плана правительства, и ролью поддержки тех же проектов.

Во-вторых, представление о том, что «управление проектами» является функцией менеджера среднего звена, также может привести к конфликту интересов. Эта угроза исходит из распространенного заблуждения среднего руководства о том, что управление сосредоточено на надлежащем контроле. Некоторыми учеными утверждалось, что сосредоточения внимания на инструментах и структурах недостаточно для обеспечения эффективного управления проектами.

Например, многие назначают спонсора проекта или Контрольный совет проекта в качестве «управляющего» агента, и основное внимание будет уделяться обеспечению того, чтобы руководитель проекта следовал «надлежащей процедуре». В результате появляется риск, что при соблюдении этой надлежащей процедуры спонсор или Контрольный совет проекта могут посчитать, что все «управленческие» обязанности выполнены и что кто-то другой – обычно руководитель проекта – несет ответственность за обеспечение соответствия проекта намеченным целям. Конфликт возникает тогда, когда одни и те же люди несут ответственность за обеспечение достижения заявленных результатов и ответственность за переосмысление процессов. В таких условиях руководящей группе будет трудно сохранять сбалансированный подход к принятию решений.

Рассмотренные выше ограничения указывают на необходимость четкого разграничения ролей и отношений между управлением и менеджментом. Таким образом, качественное управление проектами для предприятия – это система соответствующих противовесов, которая обеспечивает прозрачность, подотчетность и строго определенные роли. Определив ограничения, необходимо определить тип отношений между управлением и менеджментом с тем, чтобы он усиливал стратегическую, оперативную и тактическую деятельность.

Цифровая трансформация требует ответственного руководства на всех уровнях, необходим комплексный подход во всех правительственных министерствах и ведомствах [8]. Это требует «большей координации при принятии решений и реализации политических мер между министерствами и уровнями правительства, а также более активного участия всех ключевых заинтересованных сторон» [15].

Цифровая трансформация относится к экономическим и социальным эффектам оцифровки и цифровизации. Оцифровка – это преобразование аналоговых данных и процессов в машиночитаемый формат. Цифровизация – это использование цифровых технологий и данных, а также их взаимосвязь, которая приводит к появлению новых или изменению существующих видов деятельности [17].

Цифровая трансформация требует поощрения горизонтального и вертикального сотрудничества, она может потребовать изменения ролей и обязанностей различных государственных учреждений [4].

Организация экономического сотрудничества выделила семь векторов цифровой трансформации:

1. Шкала без массы.
2. Панорамный обзор.
3. Скорость: временная и межвременная динамика.
4. Нематериальный капитал и новые формы стоимости.
5. Трансформация пространства.
6. Расширение прав и возможностей.
7. Платформы и экосистемы.

Представителям органов государственной власти необходимо понимать, как эти векторы будут влиять на эволюцию цифрового государственного управления. При этом существует неопределенность относительно того, как эти векторы повлияют на общественные институты, роль государственных учреждений, структуру рынков, занятость, международную торговлю, безопасность и конфиденциальность, а также благосостояние человека [13]. Государственные органы на всех уровнях управления несут ответственность за обеспечение ответственного руководства, за создание благоприятной среды, в которой технологические инновации смогут развиваться и процветать, а также за внесение вклада в развитие цифрового государственного управления. Однако правительству также необходимо использовать сильные стороны частного сектора и других заинтересованных сторон и сотрудничать с этими партнерами в создании цифрового государственного управления [9].

Другие общественные институты, такие как бизнес-ассоциации и отдельные группы граждан, могут не видеть картины цифрового государственного управления с точки зрения глобальной конкурентоспособности, экономического роста, повышения производительности и инноваций, поскольку сосредоточены на своих узких интересах, и не имеют надлежащих стимулов для инициирования и поддержки цифровой трансформации, особенно в государственном секторе. Точно так же и другие заинтересованные стороны могут не иметь перспектив, необходимых для продвижения цифрового государственного управления. Существующие предприятия могут не поддерживать внедрение технологических инноваций, поскольку это позволит новым фирмам усилить конкуренцию на рынке. Существуют большие различия в темпах внедрения инноваций среди фирм: данные свидетельствуют о том, что «основным источником замедления производительности является не столько замедление инноваций наиболее глобально развитыми фирмами, сколько неравномерное поглощение и распространение этих инноваций по всей экономике [13]. Рабочие могут опасаться автоматизации рутинных задач и все более широкого использования промышленных роботов в производственных процессах. Отдельные группы граждан могут не иметь необходимых знаний о последних достижениях в области технологических инноваций; они могут не оценить или не признать потенциальные выгоды от технологических инноваций для улучшения своей жизни.

Правительство должно признавать потенциальные выгоды от технологических инноваций, которые развиваются по всему миру, должно следить за показателями цифровой трансформации благосостояния граждан. Стимулирование международной торговли в рамках цифровой трансформации может стать важным источником выгод для делового сектора.

Главная цель цифровой трансформации – повышение общественного благосостояния [17].

Чтобы заручиться поддержкой, государственные органы должны разъяснить гражданам потенциальные выгоды от цифровой трансформации для

повышения качества жизни. Правительство должно склонять предприятия и граждан к внедрению новых технологий. Ниже приведены некоторые показатели инноваций, связанных с ИКТ:

1. Занятость в секторе ИКТ в общей численности занятых.
2. Специалисты в области ИКТ в процентах от всех профессий.
3. Добавленная стоимость сектора ИКТ в общей добавленной стоимости.
4. Научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы в области ИКТ в общем
объеме коммерческих расходов на исследования и разработки.
5. Патенты на ИКТ в общем количестве патентных семейств IPS.
6. Товарные знаки ИКТ во всех товарных знаках.
7. ИКТ и аудиовизуальные проекты в общем объеме проектов.

Государственные органы должны регулярно взаимодействовать с национальными и международными экспертами технологических секторов, чтобы иметь представление о нежелательных последствиях новых разработок и представлять возможные способы решения проблем.

Технологические инновации необходимы для создания цифрового государственного управления. Однако успех в реализации цифрового государственного управления – это не просто технический вопрос, связанный с внедрением технологий [11].

На правительственном уровне необходимо оценить готовность различных слоев общества к участию в цифровой трансформации. Внедрение цифровой трансформации требует чуткого и инициативного руководства на самом высоком уровне. Различные регионы могут находиться на разных стадиях готовности к цифровым технологиям, соответственно, стратегически грамотным будет определение уровней цифрового развития в отдельных регионах. Ниже приведены некоторые показатели цифровизации общества:

Государственные служащие должны делиться с гражданами видением цифрового государственного управления, а цифровое государственное управление должно создавать ценностные аспекты для граждан, используя сильные стороны технологических инноваций, повышая эффективность государственного сектора и минимизируя негативные последствия [14].

На глобальном уровне цифровые технологии продолжают развиваться быстрыми темпами.

Правительство должно содействовать приобретению технологических инноваций на международной арене с акцентом на открытость.

Заключение

Правительства и частные компании вкладывают значительные средства в новейшие технологии, такие как искусственный интеллект и интеллектуальные устройства. Необходимо обеспечить надлежащее руководство для решения задач технологических инноваций и реализации программ национальной стратегии цифрового государственного управления. Страны, способные использовать преимущества новых разработок, будут более конкурентоспособны в мировой экономике, в то время как страны, которые не

признают важность этих технологических инноваций, будут отставать. Чтобы поддержать развитие цифровой трансформации в государственном секторе, Организация экономического сотрудничества и развития предложила двенадцать принципов цифрового правительства, а Евросоюз опубликовал Таллиннскую декларацию об электронном правительстве. Другие страны, которые являются лидерами в области цифрового управления, заявили о схожих принципах. Многие страны создали специальные агентства для содействия процессу цифровизации. В Великобритании есть Государственная цифровая служба, в Австралии – Агентство цифровой трансформации, в Сингапуре – Государственное технологическое агентство, в США – Цифровая служба США.

Учитывая скорость, с которой происходят изменения в области технологических инноваций, трудно предсказать, как они трансформируют общество и различные сектора экономики. Деятельность правительства должны быть направлена на разработку эффективных стратегий для решения возможных проблем. Обязанности государственного управления должны измениться с учетом технологических инноваций в различных секторах экономики. Кроме того, структура и организация государственного управления, возможно, должны адаптироваться к технологическим инновациям.

Например, обмен данными потребует сотрудничества между различными правительственными учреждениями, и это может привести к реструктуризации.

Во многих странах доверие населения к государственным институтам из-за цифровизации снизилось. Руководство должно способствовать укреплению среди граждан доверия к цифровой трансформации. В частности, правительство должно обеспечить гражданам безопасную личную идентификацию для цифровых транзакций и предотвратить кражу личных данных.

Список литературы:

1. Бикмурзин Р. Проектное управление – что это такое в реальности? // HR-Portal: [сайт].
URL:http://hr-portal.ru/blog/proektnoe-upravlenie-chto-eto-takoe-v-realnosti-chast-1-prakticheskiy-smysl (дата
обращения: 01.03.2021).
2. Борисов С.А. Сравнительный анализ проектного и процессного подходов в управлении
инновационной деятельностью // Российское предпринимательство. 2013. №13(235). С. 91-96.
3. Грей К.Ф, Ларсон Э.У. Управление проектами. М: Издательство «ДИС», 2003. 528 с.
4. Дмитриев А.В. Методика внедрения проектного подхода в управление социальным
развитием российских регионов // Науковедение. 2013. №1(14). С. 25.
5. Кузнецов Ю.В. Государственное стратегическое управление: монография. СПб.: Питер,
2014. 320 с.

6. Мазур И.И., Шапиро В.Д. Управление проектами. М.: Издательство «Омега – Л», 2008. 405 с.
7. Мильнер Б.З. Теория правительству: учебник. М.: ИНФРА-М, 2002. 477 с.
8. Ускова Т.В. Региональная политика территориального развития: монография. Вологда:
ИСЭРТ РАН, 2015. 156 с.
9. A conceptual framework for effective appropriation of proactive public e-services / R. Sirendi,
A. Mendoza, M. Barrier, K. Taveter, L. Sterling // Proceedings of the 18th European Conference on Digital
Government, Santiago, Spain, 25–26 October 2018. Pp. 213-221.
10. Adu K.K. A multi-methods study exploring the role of stakeholders in the digital preservation
environment: The case of Ghana // Electronic Library. 2018. Vol. 36 (4). Pp. 650-664.
11. Baron J.R., Thurston A. What lessons can be learned from the US archivist’s digital mandate for
2019 and is there potential for applying them in lower resource countries? // Records Management Journal.
2016. Vol. 26(2). Pp. 206-217.
12. De Angelis C.T. Models of governance and the importance of KM for public administration //
Journal of Knowledge Management Practice. 2013. Vol. 14. №2. Pp. 1-18.
13. Dumay J. 15 years of the journal of intellectual capital and counting: A manifesto for
transformational IC research // Journal of intellectual capital. 2014. Vol. 15. Pp. 2-37.
14. Koniaris M., Papastefanatos G., Anagnostopoulos I. Solon: A holistic approach for modelling,
managing and mining legal sources // Algorithms. 2018. Vol. 11(12). P. 196.
15. Massaro M., Dumay J., Garatti A. Public sector knowledge management: A structured literature
review // Journal of Knowledge Management. 2015, Vol. 19(3). Pp. 530-558.
16. Omar A., Weerakkody V., Sivarajah U. Digitally enabled service transformation in UK public sector:
A case analysis of universal credit // International Journal of Information Management. 2017. Vol. 37 (4).
Pp. 350-356.
17. Serenko A., Dumay J. Citation classics. Part II: Studying research trends and discovering the
Google Scholar Effec // Knowledge management journal. 2015. Vol. 19 (6). Pp. 1335-1355.__

**Сабира НАСИПОВА**
**заведующий отделом повышения квалификации**
**и дополнительного образования,**
**Кызылординский университет им. Коркыт Ата**

**02.04.2021**

# ҒЫЛЫМҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – ДАМУДЫҢ ӨЛШЕМІ

Айналамыздағы шуақты өмір ғылым жетістіктерімен тығыз байланысты. Ғылымға бөлінген қаржы көлемі қай мемлекеттің де даму деңгейінің маңызды өлшемі іспеттес. Бүкіл әлемде ой еңбегімен айналысатындар санының тұрақты өсу үрдісі байқалуда.

Ғылым адамға білім арқылы тікелей әсер етеді. Білім мен ғылым саласының ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы, адами капиталды дамытып, интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы рөлі айтпаса да түсінікті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің мәртебелі лауазымындағы алғашқы күндерден бастап отандық білім мен ғылым жүйесін бәсекеге қабілетті дамыту бойынша асқаралы міндеттерді белгілеп, ауқымды іс-шаралардың қалтқысыз орындалуын өзінің жіті назарында ұстап келеді.

Тың белестерді бағындыру жолын жақсы білетін ҚР Білім және ғылым министрлігі Асхат Қанатұлы Аймағамбетовтің басшылығымен еліміздің білім-ғылым саласын өркендету жолында өршіл реформаларды жүзеге асыруда. Жаңашыл да байыпты бастамалар қысқа уақытта өзінің келелі нәтижелерін беруде. Бұл, әрине, айтуға ғана оңай қадамдар.

Білім саласының мәселелерін тереңнен түсінетін министріміз «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануына ерен еңбегін сіңірді. Қатары қалың ұстаздар қауымы осы заңның игілігін барынша көруде. Ал білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ғылымның ел экономикасына қосатын үлесін ұлғайтудың жолдары жан-жақты сараланып қабылданған Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, әсіресе, ғылым саласының көсегесін көгертуге бағытталған тың жаңалықтарға толы. 2025 жылға қарай білімге бөлінетін қаржы көлемін 6 есе, ғылымға бөлінетін қаржы көлемін 7 есе көбейту айтылғанның бір ғана дәлелі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында сөйлеген сөзінде: «Бұған дейін ұсынылған «Қуатты өңір-Қуатты мемлекет» қағидасы құр сөз емес. Бұл-еліміздің табысты дамуы үшін аса маңызды талап», - деп нақты айтқан болатын. Осы тапсырманы қисынды мәресіне жеткізуде облыс орталықтарындағы университеттердің рөлі өте ауқымды деп білеміз. Өйткені, қазір еліміздің әр өңірін университеттерсіз көзге елестету қиын. Олардың бір-біріне өзара ықпалдастығы өңірлік дамудың жетекші факторы десек, елімізде алғашқы ашылған жоғары оқу орындарының ондығына кіретін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің көпсалалы қызметінің басымдықтарын талдау бұған көзімізді жеткізе түседі.

Ең басты басымдығы – облыс экономикасы салаларына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлау. Өңірімізде қызмет ететін мамандардың 80%-дан астамы университетіміздің түлектері.

Тағы бір маңызды басымдығы – өңірдегі заманауи ғылым және инновация орталығы болып табылуы. Жүргізілген іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер (жобалар, диссертациялар, дипломдық жұмыстар) нәтижелері мен

инновациялық жаңалықтар қоғам мен өндірістің өзекті әрі практикалық мәселелерін шешуге елеулі ықпал етуде.

Халықты жұмыспен қамту да ерекше басымдықтар қатарында. Бүгінде университет мыңға жуық адамға жұмыс беруші ретінде белгілі. Бұған олар асырап отырған отбасы мүшелерін қоссаңыз оқу орнының әлеуметтік-экономикалық саладағы әлеуетін байқау қиын емес.

Сыр өңірінің мәдени-интеллектуалдық келбетін қалыптастырудағы басымдықтар өз алдына бір төбе. Өткен замандарда бірнеше байырғы өркениеттің тағдыры тоғысқан өңірде орналасқан әрі бүкіл түркі дүниесінің абызы Қорқыт баба есімін иеленген университеттің өз орнын білім мен ғылым қарашаңырағы ғана емес, мәдениет орталығы ретінде де айқындауы заңды. Рухани жаңғыру, тарихи сананы қалыптастыру, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында халқымыздың тарихи, мәдени және рухани мұралары жүйелі зерттелуде. Ұжым мүшелері, зиялылар қауымы өңірдің рухани-мәдени өмірінің дамуына елеулі үлесін қосып, қоғамдық-саяси ахуалына оң ықпалын тигізуде.

2012 жылғы 12 сәуірден бастап Елбасының жарлығымен дүниеге келген ғылым қызметкерлері күні аталып өтуде. Ғалымдардың төл мерекесі қарсаңында соңғы бір жыл ішінде ғылым саласында атқарылған ілкімді шаруалар мен қол жеткен жетістіктермен бөлісудің артықтығы болмас. Рет-ретімен таратып айтар болсақ. Білім және ғылым министрлігінің алға қойған міндеттеріне сай және аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы негізінде университеттің 2021-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы әзірленді. Осы стратегияның инновациялық экожүйені дамыту бөлімінде айқындалған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін ғылыми қызметке қаржы тарту маңызды.

Біздің ғалымдарымыз 2020-2021, 2020-2022 және 2021-2023 жылдарға арналған ҚР БҒМ-нің ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысып, бүгінге дейін жеңімпаз атанған 7 жоба қаржыландырылса, енді 13 жоба сарапшылардың шешімін күтуде. Осы зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін Ұлыбритания, Италия, Португалия, Түркия, Ресей, Украина, Литва, т.б. мемлекеттердің жетекші жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтарымен жасалған меморандумдар мен келісімдердің тигізер пайдасы мол болмақ.

Облыс әкімдігінің қолдауымен ортағасырлық қалашықтар орнына археологиялық зерттеулер жүргізуге дәстүрлі түрде қаржы бөлінуде.

Биылғы жылы Германияның DFG гуманитарлық зерттеу қоры және Тюбинген университетімен бірлескен «Ұлы Жібек жолының солтүстік аймағындағы көшпенділер мемлекетінің қалыптасуы және урбанизациялануы: Ерте орта ғасырлардағы Жанкент қаласы (Арал теңізі аймағы, Қазақстан)» атты үш жылдық жобаны қорытындылайтын боламыз.

Еуроодақтың гранттық «Көкжиек-2020» зерттеулер және инновациялар бағдарламасы аясында өткізілген байқау нәтижесі бойынша ғалымдарымыздың «Инновациялық судаерігіш фитоматериалдар – Альцгеймер және Паркинсон

ауруларының алдын алу үшін ингибиторлар» атты жобасы жеңімпаз атанды. Төрт жылға есептелген жоба (жалпы құны 64,4 млн теңге) алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарымен бірлесіп орындалмақ. Ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру – күн тәртібінен түспейтін мәселеміз. Бұл бағыттағы жұмыстарымыз нәтижесіз емес. Өткен жылдың соңында «Ғылым қоры» АҚ технологияларды коммерцияландыруға бөлген гранты негізінде жүргізілген «Инновациялық технология бойынша мұнай қалдықтарын қайта өңдеу» атты жобасы аяқталды.

Пандемия барысында университеттің инженерлік бейіндегі зертханасында «Эфир майлары негізінде вирус және бактерияға қарсы антисептик жасау» жобасы коммерцияландырылды. Зертхана қызметкерлері қолға алып жатқан «Фунгицидтік және бактерицидтік белсенділігі бар жаңа бензофуроксандар», «Бактерияға қарсы белсенді ломефлоксацині бар бензофуроксан тұздарын алу» тақырыбындағы жобалардың коммерциялық әлеуеті зор. Қоржынымызды келешекте коммерцияландыруға бейім 13 жобамен толықтыру ойымызда бар. Ағымдағы жылы «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз» АҚ тапсырысы негізінде «Мұнай қалдықтарын инновациялық технологиямен қайта өңдеу» тақырыбындағы инновациялық жобасын қолға алмақпыз.

Ғылым қызметкерлері күні мерекесіне орай ғылым апталығы жарияланып, соның аясында 6 сәуірде университет профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларының ғылыми жетістіктерінің көрмелері, 9 сәуірде «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты онлайн-конференция, 12 сәуірде «Аймақ ғылымын дамытудың өзекті мәселелері» атты онлайн-дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Осы шаралардың қатарында жас ғалымдардың өңір экономикасы салаларының өзекті проблемаларын шешу бойынша идеяларын жүзеге асыруы үшін университет тағайындаған (жалпы сомасы 10,0 млн теңге) арнайы гранттың жеңімпаздарын анықтау конкурсы оқшау тұр. Білім ордасының тарихында тұңғыш рет өткізіліп отырған осынау конкурсқа агроөнеркәсіп, мұнайхимия, IT салалары бойынша ұсынылған 14 жобаның арасынан 4-уі таңдалды. Болашақта жас ғалымдарға арналған гранттың сомасын көбейтіп, жасампаз тәжірибені жалғастырмақпыз. Себебі, жас ғалымдарды қолдау біздің даму стратегиямыздың өзегі. Бүгінгі жас буын әріптестеріміз – ертеңгі шығармашыл ғалым, ұлағатты ұстаз, жаңашыл менеджер. Ғылыми-педагогикалық әлеуетін өсіру мақсатында оларды университетіміздің докторантурасына, мақсатты немесе арнаулы қаржы есебінен отандық жетекші жоғары оқу орындарының докторантурасына бағыттаудамыз. Кейбір кадрға зәру бағыттар бойынша жастардың алыс және шетелдерде оқуына, ғылыми тағылымдамадан өтуіне немесе біліктіліктерін көтеруіне қолайлы жағдайлар жасалуда.

Соңғы бір жылдың өзінде жас ғалымдар арасынан 6 PhD, 2 қауымдастырылған профессор, 2 ғылым кандидаты, 1 «ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегері шықты.

Студенттерміз халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми конкурстар мен конференцияларға, пәндік олимпиадаларға, көрмелер мен

шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп жүр. 50-ден астам студент халықаралық деңгейдегі, 75 студент республикалық деңгейдегі іс-шаралар қорытындысы бойынша биіктен көрінді. Ғылыми мақалалары жарық көрген студенттеріміз көптеп саналады. Ғылыми жобаларды орындауға тартылған білім алушыларымыз да баршылық.

Web of Science, Scopus базасына енетін шетелдік жоғары рейтингілі журналдарда бір жыл ішінде біздің ғалымдарымыздың 106 мақаласы жарияланды. 18 патент алынып, 19 монография жарық көрді. Халықаралық грант, республикалық және жергілікті бюджет есебінен 16 ғылыми жоба орындалды.

Университет Аккредиттеу және рейтингтің Тәуелсіз агенттігі (НААР) өткізген ЖОО-ң сұранысқа ие болуының Ұлттық рейтингісі қорытындысында қатысқан 87 ЖОО ішінен – ҚР ЖОО Бас рейтингісінің ТОП-20-да 9 орын иеленді. Әрине, бұндай көрсеткіш үдесінен шығуда ғылыми құраушының да үлесі қомақты.

Ғылыми білімді жинақтау қызметін атқаруда университеттерге теңесетін басқа қоғамдық институттар жоқ десе де болады. Білім беру үдерісі мен білімнің құрылымына тура әсер ету арқылы ғылым оның барлық құраушыларына таралады. Осы себептен де өңірлік жоғары оқу орындарында академиялық шеберлік орталықтарын ашу ісі баламасы жоқ тың бастама.

Университет базасында soft skills кәсіби дағдыларына ие бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау мақсатында «Химия, жасыл технологиялар, жаңартылатын энергия көздері, педагогикалық және іргелес ғылымдар ғылыми-инновациялық орталығы» академиялық үстемдік орталығын құру жобасы жан-жақты негізделуде. Орталық білім алушыларға IT, гуманитарлық-педагогикалық, жаратылыстану ғылымдары, тау-кен технологиясы, инженерия салаларының заманауи білімдері мен әдістерін меңгертіп қана қоймай, олардың кәсіпкерлік және инновациялық құзыреттерін қалыптастыруға қызмет етпек. Әлемдік деңгейдегі озық зертханалармен жабдықталған инфрақұрылым өңірдің кәсіпорындары мен ұйымдарын білім мен дағдылардың жаңа түрлерін игерген білікті кадрлармен қамтамасыз етуге, өңірдің, республиканың жедел дамуына ықпал ететін ғылыми зерттеулерді мүлдем жаңа сапаға көтеруге, ғалымдардың халықаралық ғылыми жобалар конкурстарына іркіліссіз қатысуына теңдессіз мүмкіндік жасайды деп күтілуде. Университеттің 84 жылдық тарихында бұрын-соңды кездеспеген ғасырлық жобаның Білім және ғылым министрлігінің тарапынан қолдау табатынына сеніміміз мол. Университетті материалдық-техникалық жарақтандыруға аймақтағы ірі компаниялардың да атсалысатын уақыты жетті деп есептейміз. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі Жолдауында: «Ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңызды көзі – ірі кәсіп-орындардың, әсіресе шикізат саласындағы компаниялардың қаражаты» және «Ірі бизнес өкілдері өңірлік университеттердің ғылыми қызметін қамқорлыққа алса, нұр үстіне нұр болар еді» – дегенін қаперден шығармауымыз керек.

Өңірдің басты байлығы – оның халқы. Олардың ғылым-білімге деген сұранысын өркениет талаптарына сай қанағаттандыру, яғни өңірдің адами капиталын дамытуға үлес қосу университеттің басты мақсаты болып қала береді.

**Бейбітқүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры**

**«Айқын» газеті, 14.04.2021ж.**

## УПРАВЛЕНИЕ УНИВЕРСИТЕТОМ В УСЛОВИЯХ НОВОЙ ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВОЙ ФОРМЫ

**Аннотация**. В данной статье рассматриваются компетенция органов управления университетом в связи с переходом в новую организационно-правовую форму – некоммерческое акционерное общество со 100-процентным государственным участием.

**Ключевые слова:** управленческая самостоятельность, корпоративное управление, некоммерческое акционерное общество, органы управления, совет директоров

Согласно Плану нации «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ» Первого Президента РК Нурсултана Назарбаева, в стране предусматривалось «поэтапное расширение академической и управленческой самостоятельности вузов с учетом опыта Назарбаев Университета, а также трансформация частных вузов в акционерные общества (АО) в соответствии с международной практикой» [1]. В связи с этим Министерством образования и науки РК проводилась целенаправленная работа по преобразованию государственных и национальных вузов в новую организационно-правовую форму – акционерное общество со 100-процентным государственным участием.

В соответствии с Постановлением Правительства РК от 11 октября 2019 года, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата реорганизован в некоммерческое акционерное общество со стопроцентным участием государства в уставном капитале [2]. Данное Постановление коснулось не только КГУ имени Коркыт Ата, а еще 24 государственных университета Казахстана, которые также были преобразованы в НАО.

В соответствии с Уставом НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата», органами управления вуза являются:

высший орган - Единственный акционер;

орган управления - Совет директоров;

исполнительный орган - Правление (Ректорат);

коллегиальный орган - Ученый Совет;

орган, осуществляющий контроль за финансово-хозяйственной деятельностью Общества - Служба внутреннего аудита [3].

Функции по управлению Университетом распределены между органами управления с учетом иерархии и подотчетности.

К исключительной компетенции Единственного акционера относятся следующие вопросы:

- избрание (назначение), определение срока полномочий, досрочное прекращение полномочий Председателя Правления - Ректора Общества на основании рекомендации Республиканской комиссии;

- привлечение к дисциплинарной ответственности Председателя Правления - Ректора Общества;

- назначение, определение срока полномочий члена Правления по академическим вопросам и досрочное прекращение его полномочий, а также рассмотрение вопроса об его дисциплинарной ответственности;

- внесение изменений и дополнений в Устав Общества или утверждение его в новой редакции;

- утверждение Кодекса корпоративного управления, а также изменений и дополнений в него;

- добровольная реорганизация или ликвидация Общества на основании соответствующего решения Правительства Республики Казахстан;

- принятие решения об увеличении количества объявленных акций Общества и другие.

Совет директоров осуществляет общее руководство деятельностью университета. В состав Совета директоров входят представители Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан, Министерства образования и науки РК, председатель Правления и независимые директора.

К компетенции Совета директоров относятся следующие вопросы:

- определение приоритетных направлений деятельности;

- предварительное утверждение годовой финансовой отчетности общества;

- определение количественного состава членов Правления Общества, срока их полномочий и избрание членов Правления (за исключением Председателя Правления - Ректора Общества и члена Правления по академическим вопросам), а также досрочное прекращение их полномочий и привлечение к дисциплинарной ответственности;

- определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования Председателя Правления - Ректора, членов Правления Общества и главного бухгалтера;

- утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность;

- принятие решений о создании и закрытии филиалов и представительств и утверждение положений о них;

- принятие решения о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых имеется заинтересованность и др.

Руководство текущей деятельностью осуществляется исполнительным органом (Правление). Председатель правления – ректор – выполняет решения Единственного акционера и Совета директоров, вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Общества, не отнесенным действующим законодательством и уставом Общества к компетенции других органов и должностных лиц Общества.

Ученый совет - выборный коллегиальный орган. В пределах своей компетенции Ученый Совет осуществляет следующие функции:

- рассмотрение вопросов и принятие решений по научной, учебной, методической и воспитательной деятельности;

- рассмотрение перспективного плана развития учебно-лабораторной и научно-лабораторной базы;

- рассмотрение вопросов присвоения ученых званий профессорско-преподавательскому и научному составу;

- рассмотрение и утверждение правил внутреннего распорядка;

- принятие решений по всем вопросам организации учебно-воспитательного процесса;

- рассмотрение вопросов, связанных с реализацией плана Стратегического развития университета;

- рассмотрение основных вопросов и принятия решении социального развития университета;

- подведение итогов деятельности университета за истекший учебный год;

- периодическое рассмотрение отчетов об учебной, научно-исследовательской и воспитательной работе Общества;

- рассмотрение отчетов о деятельности иных структурных подразделений, входящих в состав Общества;

- рассмотрение образовательных программ высшего и послевузовского образования в соответствии с государственными общеобязательными стандартами образования для утверждения правлением Общества.

В состав Ученого совета входят: ректор (председатель Ученого совета), проректора, директора институтов, руководители структурных подразделений, представители ППС, студенческих и общественных организаций университета.

Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью Общества образована Служба внутреннего аудита, основными задачами которой являются:

-аудит и оценка показателей финансово-хозяйственной деятельности Общества;

-оценка эффективности использования бюджета, ориентированного на результат;

-аудит управления рисками системы внутреннего контроля в Обществе;

-оценка достоверности, полноты, объективности и надежности системы бухгалтерского учета, информации (планов и отчетности) Общества, а также оценка правил (принципов, методов), используемых для идентификации,

измерения, классификации и представления такой информации (планов и отчетности) внутренним и внешним пользователям;

-оценка рациональности и эффективности использования ресурсов, активов и применяемых методов (способов) обеспечения их учета, сохранности (восстановления) и/или безопасности (защиты);

-анализ эффективности системы корпоративного управления и процесса ее совершенствования, соблюдение этических стандартов и ценностей и другие.

Таким образом, трансформация университетов в новую организационно-правовую форму наиболее полно реализовывает принципы корпоративного управления. А это, в свою очередь, позволит расширить возможности и усилит потенциал университета в области подготовки кадров, реализации непрерывного образования, активизирует роль вуза в решении актуальных проблем региона.

**Список использованных источников:**

1. Программа Первого Президента РК «План нации - 100 конкретных шагов» // Казахстанская правда от 20 мая 2015 года;

2. Постановление Правительства Республики Казахстан «О некоторых вопросах высших учебных заведений Министерства образования и науки Республики Казахстан» от 11 октября 2019 года № 752;

3. Устав НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата» // https://korkyt.edu.kz/images/docs/naooooo2.pdf

**Жанна ЖАКСЫЛЫКОВА,**
**Начальник отдела стратегического планирования, мониторинга и управления качеством КУ имени Коркыт Ата,**

**Елена МИЛОВА,**
**Руководитель группы стратегического развития КУ имени Коркыт Ата, к.ю.н, доцент**

**Сборник статей LXXII Международной научной конференции «Актуальные научные исследования в современном мире» (заочно),**
**26-27 апреля 2021 г., Украина**

## СЫР ӨҢІРІНІҢ СЫРБАЗ АЗАМАТЫ

**Елін сүйген, елі үшін, елінің болашағы үшін аянбай қызмет етіп, халқының ықыласына бөленіп, өңірдің білім саласын дамытуға сүбелі үлес қосқан педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әли Мүсілімов ағамыздың есімін мақтанышпен айту – бізге парыз. Бұл – елге мерей, азаматқа мәртебе, өскелең ұрпаққа өнеге.**

Ағамыз еңбек жолын Қармақшы ауданындағы №105 қазақ орта мектебінде физика-математика пәндерінен сабақ беретін қарапайым мұғалім

болып бастайды. Осылай ұстаздық қызметке қадам бастаған кезден басқарушылық қызметке бейімін танытып, басшылық назарына түседі. Өзінің қабілет-қарымы, жауапкершілігі, ұйымдастырушылық шеберлігімен көзге түскен Әли Мүсілімұлы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, одан соң мектеп директоры лауазымына тағайындалады. Өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға бейім жан бір орында тұрып қалмайтыны шындық. Ондай жандар үнемі ізденіс үстінде жүреді, өзін табуға ұмтылады. Міне, осындай талпыныстар Әлекеңді еңбек жолындағы өзгерістерге жетелейді. Осылайша ол Қызылорда медицина училищесінің оқытушысы, бөлім меңгерушісі қызметтерінде болып, өсіп-өрлеу жолына бет алады. Соның нәтижесінде Қызылорда қалалық және облыстық партия комитеттерінде жауапты қызметтерді абыройлы атқарады.

Оның іскерлік, табандылық қабілетін, білімі мен біліктілігін тани білген облыс басшылығы 1983 жылы облыстық халыққа білім беру бөлімінің бастығы лауазымына тағайындайды. Осы тұғырда жиырма жылға жуық, яғни 2001 жылдың мамыр айына дейін басшылық қызмет атқарып, жемісті еңбегімен аты шығып, елдің ықыласына бөленді.

Осы жылдар аралығында Әли Мүсілімұлының басшылығымен облыстың орта білім беру саласында көптеген ауқымды, маңызды істер атқарылды. Оның басшылығы кезінде орта білім беру саласы кабинеттік жүйеге көшірілді. Пәндер бойынша өз алдына математика, химия, биология, физика кабинеттері жасақталды. Бұл әр пәннен терең де жүйелі білім беруге мүмкіндік туғызды. Осындай атқарылған жұмыстардың нәтижесінде мектептегі оқу үдерісін ұйымдастыру жұмыстары оңтайлы жүйеге келіп, оқушылардың білім деңгейі көтерілді. Мектеп бітірушілердің жоғары оқу орындарына түсу көрсеткіші жылдан-жылға өсіп отырды. Жыл сайын мектеп оқушыларына арналып өткізілетін республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауында жүлделі орын алып, дипломдармен марапатталған оқушылар саны көбейді.

Облыстың бас ұстазы өзінің іскерлігімен әріптестеріне үлгі болып, уақытпен санаспай, шалғай ауылдардағы мектептердің жай-күйімен танысып, әрбір туындаған мәселелерді жүйелі түрде шешіп отырды. Әли Мүсілімұлы облыстың білім саласын басқарған кезеңде мектептерге көптеген жаңалықтар енгізілді. Әрбір мектепке көңіл бөлініп, басталған іс жүйелі түрде жалғасын тауып, нәтижелі түрде жүзеге асырылатын болды. Облыс мектептерінің материалдық-техникалық базаларын нығайтуға зор үлес қосты.

Әли Мүсілімов тәуелсіздік алған күннен бастап Елбасының сындарлы саясатының қоғамда, білім саласында жүзеге асуына ерекше еңбек сіңірді. Ол еліміздің білім саласындағы реформаларға өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Облыстық білім басқармасының жаңа нарықтық жағдайда мектеп оқушыларын еңбекке даярлауды ұйымдастыру жайлы тәжірибесі Білім және ғылым министрлігі арқылы бүкіл республикаға таратылды.

Мемлекеттің тыныс-тіршілігін, оның дамуын терең зерттеп, өзінің білім беру, бала тәрбиелеу, ұстаздарды қалыптастыру туралы ойларын жинақтап, ғылыми мақалалар мен еңбектер жазды. Елбасының білім саласын

ақпараттандыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында облыс көлемінде мектеп жасындағы балалардың оқуға толық қамтылуы үшін жүйелі түрде жұмыс жүргізді. Ол облыс мектептерін компьютерлендіру және ақпараттандыру мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Мектептерді сол кезде алғаш шыққан компьютерлермен және оларды жаңа бағдарламалармен жабдықтауға баса назар аударды. Әли Мүсілімов жас дарындарды дайындауды басты назарда ұстады. Мектеп мұғалімдері мен оқушыларының өңір тарихында алғаш рет шетелде білім алуына қол жеткізді.

Әли Мүсілімов орта мектеп пен жоғары мектептің арасындағы үздіксіз сабақтастыққа негізделген шығармашылық байланысты дамытуға жұмыс жүргізді. Өйткені ұстаздың кәсіби қалыптасуы жоғары оқу орнында терең білім алуына негізделген.

Ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқытушылық қызметті қоса атқарып, өзінің орта білім саласындағы көп жылдар бойы жинаған тәжірибесін студенттерге үйретіп, болашақ ұстаздарға сапалы білім беруге үлес қосты. Болашақта мамандардың педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасуына ғылыми-теориялық әдістемелерді пайдаланып, кәсіби шеберліктерін дамыту бағыттарын анықтауды қалыптастырды.

Әли Мүсілімұлы ағамыздың салмақты да сырбаз мінезі, ақыл-ой парасаты, өз кәсібіне деген ұстанымы Сыр өңіріндегі көптеген білім саласында қызмет атқарған азаматтарға үлгі-өнеге болды. Әли аға басқарған 18 жылда облыстық білім беру жүйесінде білім беру ұйымдарының сыннан өткен, іскер де белсенді басшылары қалыптасты. Солардың көпшілігі осы күнге дейін қызметтерін абыроймен атқарып келеді.

Парасатты ұстаз басшылық қызметін білім берумен, ғылыммен ұтымды да оңтайлы ұштастыра білді. Ол өзін білікті ғалым ретінде де танытты. 1999 жылы «Мектеп оқушыларын нарықтық экономика жағдайында кәсіптік бағдарлау» деген тақырыпта кандидаттық, ал 2003 жылдың желтоқсан айында «Оқушыларды еңбекке даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Ғалым-ұстаз докторлық диссертациясында жаңа экономикалық жағдайларға жастарды бейімдеу, нарықтық қатынастардың субъектісін дайындау бүгінгі күнгі негізгі әлеуметтік қажеттіліктердің бірі екенін атап көрсетті. Әлеуметтік-экономикалық тұрақты даму және оның бәсекелестік сипатын қалыптастыру үшін кәсіпкерліктің маңызды рөл атқаратынын дәлелдеді. Ғылыми зерттеуінде еркін нарықтық экономикаға өту барысында жастарды өмірге және еңбекке дайындайтын мақсатты әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің қажеттігі жөнінде тұжырымдама ұсынды. Оның зерттеулерінің нәтижесінде 8 монография, 100-ден астам ғылыми мақала жарық көрді. Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының толық мүшесі – академигі болып сайланды. Парасатты педагог ұдайы ізденіс үстінде болды. Мәскеу, Алматы қалаларындағы білім жетілдіруге арналған семинарларға бірнеше рет қатысты. Қазақстан Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясында біліктілігін арттырды.

Жаңашылдығына тағы бір мысал келтірейік. Ол республикада бірінші болып облыстық мұғалімдер газеті – «Сыр мектебін» ашты. «Қазақстан мектебі» журналының ақылдастар алқасының мүшесі болды. Сонымен бірге, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарды. Бірнеше мәрте облыстық кеңестің депутаты болып сайланды. Республикалық мұғалімдер съезінің делегаты ретінде алқалы жиындарда мазмұнды баяндамалар жасады. 1995 жылы Анкарада өткен білім саласы қызметкерлерінің халықаралық съезіне қатысты.

Бедел бірден әрі оп-оңай келе қоймайтыны белгілі. Үлкен саланы бұрынғы деңгейінен төмендетпей, оны алға бастырудың жолын іздеді, тапты. Заман талабы, өмір заңы солай. Салада бірсыпыра басшы кадрлар жаңартылды. Осы істе науқаншылыққа бармай, дау-дамайсыз, сабырлылықпен межелі істерді жүзеге асырды.

Алты жастағы балаларды алғаш оқуға тарту, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту облыс басшылығының қолдау-көмегімен шешіліп, жүзеге асырылды.

Облыстық білім басқармасының салиқалы басшысы барлық министрлермен, облыс, аудан басшыларымен тіл табысып жұмыс істей білді. Ол министрлік пен облыс әкімшілігіне орынбасарлық қызметтерге бірнеше рет шақырылып, оған «дәлелді себептерді» алға тартып, бармағанын да білеміз.

«Әли ағаның ұжым басшысы ретінде тәрбиеші, қамқоршы, іш жылуын сыртқа байқатпайтынын, қаталдығы ағалыққа, кеңдігі кісілікке саятынын пендешілікпен сәл кейін аңғардық, кештеу білдік. Қазір үнемі еске аламын. Ол кісі кейбір ағаттықтарымызды байқаса да байқамағандай болып, кейін жайшылықта, сөз арасында сол «қылығыңызды» зілсіз ескертіп қоятын. Өзің туралы «сыбырлақтардан» естіген «сыбыстарға» пәлендей мән бермеуі, ешқашан әрбір мәселені шешуде асығыстықпен шешім-қорытынды жасамауы, көптің көзінше ұжым мүшесін сөгіп, намысқа тимеуі, дауыс көтермеуі, тағы басқа басшыға лайық іс-әрекеттерінің ар жағында тектілік, асыл қасиеттер жатыр екен ғой» деп, қарамағында көп жылдар қызметтес болған әріптес інісі Кендебай Сейітұлының тебірене еске алғанына куә болған едім.

Ғұмырын білім-ғылымға арнаған, еңбекті жаны сүйген ұлағатты ұстаз Әли ағамыз орта арнаулы оқу орындарының оқыту жүйесіне еңбекпен тәрбиелеу методикасын енгізген алғашқы ғалымдардың бірі екенін айтып, Сыр елінің білім саласындағы әріптестері мен шәкірттері күні бүгінге дейін зор құрметпен еске алып, үнемі үлгі тұтады.

Бүкіл саналы ғұмырының қырық жылдай уақытын халыққа білім беру саласына арнаған ұстаз, ғалым Әли Мүсілімов жақсы қасиеттерімен жұртшылықтың жадында қалды.

Әли аға өзінің отбасында сүйікті жар, ардақты әке атанды. Үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Елге есімі танымал, халқына қалтқысыз қызмет еткен жандар туралы сөз қозғағанда, олардың жарлары туралы айту парыз. Әли ағамыз қандай биікті бағындырып, қандай шыңға шықса да, оның қасында жансерігі жүрді. Асыл ағаның рухын аялап өткен Күлбарам Сәдуақасқызы – белгілі

ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры еді. Оның шәкірттері де көптеген ғылыми сайыстарда биік жетістіктерге қол жеткізді. Әли Мүсілімов пен Күлбарам Сәдуақасқызы қырық жылдай тату-тәтті ғұмыр кешті.

Бүкіл болмысы, ерен еңбегі, ұлағатты өмірлік ұстанымы қазір біз қолға алып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының талаптарына толық үйлесетін Әли ағамыз осындай ардақты азамат еді.

Бүкіл саналы ғұмырының қырық жылдай уақытын білім беру саласына арнаған Әли Мүсілімұлы 2004 жылдың 15 мамырында 63 жасында дүниеден озды.

Сыр өңірінің ұстаздар қауымының жадында Әли Мүсілімұлының ардақты да азаматтық бейнесі, артында қалдырған өшпес ізі мен ісі болашақта да өркениеттің баянды бағытына қарай жол тарта беретін болады. Ғалым-ұстаздың педагогикалық ой-пікірлері, ұлағатты өмірлік ұстанымы, тәрбиелік тағылымы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Сондықтан да бітім-болмысы ерекше азамат Әли Мүсілімұлының рухы мәңгілік болып қалатынына сенеміз.

**Қылышбай БИСЕНОВ,**
**техника ғылымдарының докторы, профессор,**
**ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

**«Сыр бойы» газеті, 18.05.2021ж.**

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМ

Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы – жарты ғасырдан астам уақыт бойына республикамызда жоғары білімді педагогкадрлар даярлауға сүбелі үлес қосқан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Әлеуметтік ғылымдар Академиясының құрметті академигі.

Әбдікәрім аға 1929 жылдың қаңтар айында Ақтөбенің Ойыл ауданында дүниеге келген. Бүкіл Қазақстанды жайлаған аштық жылдары ол Түркменстанның Ташауз аймағынан шығып, 1936- 1945 жылдар аралығында сол қаланың жетім балалар үйінде тәрбиеленген. 1943 жылы 7-сыныпты бітір ген соң Ташауз қаласындағы мұ ғалімдер институтының 3 айлық дайындық курсын, одан аталған институттың физика-математика факультетін 1945 жылы үздік дипломмен бітіреді. 1945-1946 оқу жылында қаладағы ауылшаруашылық техникумында мұғалімдік қызметін атқарған. 1946 жылы Қазақстанға оралған бетте Қызылорда пединститутына оқуға түсіп, оны 1948 жылы бітірген. Институт қабырғасында Әбекең кейіннен бұрынғы Одақ дең гейінде танымал болған А.Тай манов секілді атақты ғалымдардан дәріс тыңдаған. 1948-1953 жылдары Арал қаласындағы №13 Т.Шевченко атындағы орта мектепте мұғалімдік қызмет атқарған Әбекең 1953 жылдан бастап Н.Гоголь атындағы

Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтында А.Таймановтың шақыруымен жұ мысқа алынған, түрлі лауазымды қызметтер атқарған. 1954-1964 жылдары институттың физика-математика фа культетінің деканы, 1964-1979 жылдары кафедра меңгерушісі, 1980-1987 жылдары Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының мектеп басшыларының біліктілігін жоғарылату факуль тетінің деканы, ал 1987-1992 жылдары кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1992 жылдан өмірінің соңына дейін Әбекең «Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры ретінде студенттер мен жас әріптестеріне ақылшы ұстаз-аға болды. Әбдікәрім Тәжмағанбетұлынан әр кезеңде дәріс, тәлім-тәрбие алғандардың ішінде академик Ә.Нысанбаев, ғылым докторлары Қ.Жаңабергенов, Б.Сейсенов, Д.Көшеров, Б.Әбдикаримов, ғы лым кандидаттары Б.Қашқын баев, Ы.Қарқынбаев, Ж.Өтеулиев, Н.Әбдрахманов, Ш.Күдебаева, С.Баекова, В.Серікбаева, Б.Тұрбаев, З.Қасаева, Т.Ділманов және т.б. бар. Факультеттің аға буын өкілдері әртүрлі кезеңде кездескен барлық қиындықтарды жеңе отырып, Одаққа белгілі жетекші ғылым орталықтарымен тығыз байланыс жасай білді. 1961 жылы Әбекең Бүкілодақтық педагогикалық оқулардың жүлдегері болып абырой биігінен көрінді, ал 1966 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік математиктер Конгресіне КСРО атынан А.Д.Тайманов, С.Елубаев үшеуі делегат болып қатысты. Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы 1967 жылы Киев мемлекеттік педагогика институтында аспирантурасыз және ғылыми жетекшісіз «Взаимосвязь в преподавании математики и физики в общеобразовательной школе (на примере обучения алгебры)» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын табысты қорғап, мектеп педагогикасында зерттеулердің жаңа бағытына жол ашты. Кеңес Одағы кезіндегі Халықаралық, Одақтық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларына баяндамашы ретінде (Мәскеу, Орынбор, Курск, Ашхабад, Даугавпилс,т.т.) қатысты. Өз уақытында педагог- ғалымның еңбегі үкіметтен тиісті бағаларын алды, ол КСРО, Қазақ КСР ағарту ісінің озаты, «Ерекше еңбек үздігі» медалінің иегері. Математиканың сапалық жа ғына, математикалық терминдердің қолдануларына, олардың қазақ тіліне дұрыс аударылуына Әбекең көңіл бөліп отырды. Ол Мемлекеттік тілді қолдану аясында жіберілген логикалық қателерді жөндеуге біраз еңбек сіңірді – БАҚ-та мақалалар жариялап, ғылыми конференцияларда сөз сөйлеп, жоғары мемлекеттік билік орындарына талап-хаттар да жазды. «Қазақ тілінің ішкі әлеуетбайлығын пайдаланып, оның мемлекеттік мәртебесін қорғайық» – деуші еді Әбекең... Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы: «Алдын ала берілген заңдарға негіздеп қорытынды жасау мате матикалық білімнің сапалық жағы болып есептеледі. Математиканың осы қыры мектепте де, кәсіби кадр дайындауда да, жоғары оқу орындарында да басымдықта оқытылмай келеді. Өкінішке орай, кейінгі кездері оқушылардың дәлелді пікір ай туын, ой қорытындылауын, әсіресе ойлаудың дедуктивтік формасын дамыту мен дағдыландырудың орнына «жаттау», машинаға жүгіну, «тестілеу», т.б. әдістермен тек адам табиғатына ғана тән – ойлау деген қасиетті ұғымнан алыстауадасу жолына түскен... Қазіргі кезде мектепте математикалық

білім бар болғаны оқушының миына «тыққышталған» фомулалар мен геометриялық фигуралардың қа сиеттерінің жиынтығы ғана бо лып тұр» – деп өкінетін еді ғалым аға. Орта мектептегі өткізілуі міндеттелген тестілік жүйеге көңілі толмайтын еді. Осы олқы лықтарды, міне, енді ғана респуб лика деңгейінде реттегелі отыр- мыз. Ол 130-дан астам ғылымиәдістемелік еңбектер жазды. Олардың ішінде математиканың пәнаралық байланыстарына арналған әдістемелік құралдар мен нұсқаулар бар. Орта және жоғары мектепте математиканы оқытудағы пәнаралық байланыстардың ролін Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы арнайы және маңызды проблема ретінде зерттеді. 1987 жылы Мәскеуде оның «Межпредметные факультативы по математике и физике» және «Совместное повторение математики и физики» атты әдістемелік құнды нұсқаулары жарық көрді. Ол кезде кафедрада, факультетте ғылыми ізденістер қарқынды жүргізіліп, олардың жүру барысы, нәтижелері кафедраның, факультеттің ғылыми-әдістемелік семинарларында қызу талқыға түсетін. Әбекең оқытушыларды, әсіресе жас педагогтарды ғылымға бейімдеп отыратын. Олардың ғылым жолына түсуіне ықпал етіп, ғылымды терең игерулеріне бағытбағдар беріп отырды. Кафедра меңгерушісі ре тінде Әбдікәрім ағай жас оқытушылардың оқу жүктемесіндегі оқытатын пәндерді жиі ауыстырып отыратын. Кезінде techинститутта оқымаған сабақтарды да оқу жүктемеге қосқызып қоятын. Соның себебінен әр жылда жаңа пәннен дәріс беріп, ол пәндердің қыр-сырын меңгеруге тура келетін. Бірақ осылайша өткен дайындықтың арқасында осы мақаланың бір авторы аспирантураға мақсатты орын берілгенде, қиналмастан түсу емтихандарын ойдағыдай тапсырып шыққан. Әбдікәрім ағай жұмысқа келгенде және, әсіресе, кетерде бір сұрақты қозғап-көтеріп, «Үйде осыны ойланыңдаршы, неге бұлай а?» – деп ойға салып жіберетін. Сонда «Ағай бұны шынымен де түсінбей тұр ма екен?» деп пікір таластырып отыратынбыз. Бұлар, әдетте, педагогиканың, математиканы оқыту методикасының, иә геометрияның, не математикалық логиканың, т.б. сұрақтары болуы мүмкін. Үйге келе сала оқулықтарды ақтарып, қойылған сұрақтарға жауаптар іздей бастайтынбыз. Сондағы ағайдың мақсаты бізді ізденсін, білсін дейді екен ғой. Ғалым-ұстазымыз Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы тынбай үздіксіз тер төге жүріп, «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» саласында дербес ғылыми бағыт қалыптастырып кетті. Оның тікелей ғылымдағы шәкірттері Серікбаева Валентина М.Горький атындағы Киев мемлекеттік педагогикалық институтының аспирантурасын бітірген, Мәскеудегі халықаралық білім беру ғылымдары академиясының (МАНПО) корреспондент-мүшесі, ҚМУ-дың академиялық профессоры, Қасаева Зәуреш Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтының аспирантурасын бітірген, п.ғ.к., Мәскеудегі халықаралық білім беру ғылымдары академиясының (МАНПО) корреспондент-мүшесі, қазірде Қазақстан инновациялық университетінің Қызылорда қаласындағы өкілеттілігінің директоры, ал С.Меңліқожаева мен З.Сейлова педагогика ғылымдарының кандидаттары, доценттер. Бүгінгі күндері Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-да профессор Әбдікәрім Тәжмағанбетұлының ғылымдағы салған сара бағыты мен ізденістері жалғасын

табуда. «Мұғалім мамандығын адамтану әлеміне ену, адамның күрделі және қызықты, шымшытырығы мол рухани жан дүниесіне үніле білу деп түсінген жөн. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер дегеніміз ол даналықты бар жүректен ұға білу болып табылады» деген В.Сухомлинскийдің сөздері Әбдікәрім аға Тәжмағанбетұлына, оның ұстаздық өміріне тікелей қатысты айтылған сияқты. Өз ісін жалғастырар кейінгі буын өкілдеріне тәлімгер болып, үлгі бола білген қамқор ғалым ағаның қуатты жүрегі 2001 жылдың 30 қарашасында өзінің соғуын тоқтатты... Әбдікәрім Тәжмағанбетовтің 90 жылдығына арналған «Жаңа мазмұнда білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесін математиканың пәнаралық байланыстары негізінде жетілдіру» атты ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Қызылорда мемлекеттік университеті ғылыми Кеңесінің шешімімен п.ғ.к., профессор Әбдікәрім Тәжмағанбетовтің есімі өзі дәріс берген 6-оқу ғимаратындағы 303-дәрісханаға берілді, онда білім қуған XXI ғасырдың жас ұрпағы ұстаздарынан дәрістер тыңдап, мамандыққа қанығуда. Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы зайыбы Сара апайымызбен бірге 5 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, өнегелі отбасы атанды. Сара апай Арал қаласындағы орта мектепте, кейін Қызылорда қаласындағы №5 орта мектепте қазақ тілі пәнінен дәріс берді. Еңбек демалысында немере-шөбере сүйіп отырған ардақты да қадірлі ана әрі әже. Ағай қайтыс болғаннан кейін Алматы қаласында балаларымен бірге тұрды. Жақында апай да мәңгілік сапарға аттанды. Ұлдары Ерболат Алматыдағы «Экотера» ЖШС-ның директоры қызметін атқаруда, Нұрболы – «Алматы қалалық жылу жүйесінің» қаржы басқармасының бастығы, ал қызы Сәуле «Казэкология» ЖШС-да инженер-химик болып қызмет атқарып, қазір зейнеткерлік демалыста. Ұлағатты ұстаз-ғалымның ғұмыры ұрпағы мен шәкірттері арқылы жалғасын табуда. Бүгінде академик Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы атына Қызылорда қаласынан көше берілуде. Бұл – ұлағатты ұстазға жасалған үлкен құрмет.

**В.СЕРІКБАЕВА,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты,**

**Б.ҚАЛИЕВ,**
**техника ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессорлары**

**«Сыр бойы» газеті, 20.05.2021ж**

## БІРЛЕСКЕН БАРЛАУ

### Дала күнделігінен

**Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Археология және этнография» ғылыми орталығының**

**ғалымдары бірлесе отырып солтүстік-батыс Арал маңы мен Ырғыз-Торғай аймағына археологиялық барлау жұмыстарын жүргіздік.**

Ізденіс жұмыстары тарих ғылымдарының кандидаты Ақан Оңғарұлының «Батыс Сарыарқа мен Солтүстік Арал бойы сақтарының мәдени кешені: пәнаралық зерттеу» гранттық жобасы аясында іске асты. Экспедиция атынан Сексеуіл, Қосаман, Ақеспе, Ақбасты, Құланды, Ырғыз, Нұра, Белшер елді мекендерінде қол ұшын созып, көмектерін берген, ел ішінде сақталған деректерді айтып, жолсерік болған азаматтарға алғыс айтамыз.

## Арал маңының тас және қола дәуірлері

Сыр өңірін археологиялық тұрғыдан зерттеудің бірнеше бағытта өрбігендігін аса маңызды ашылулармен атап өтуге болады. Арал маңының неолит және қола дәуірлеріне, географиялық кең түсінікпен қарағанда, ортаазиялық қос өзен Сырдария мен Әмудария аймағында ежелден өркениеттер ізі сақталған. Өлкемізде біздің заманымыздан бұрынғы IV-III мыңжылдықтардың өзінде туыстас тайпалардың қоныстануы аңғарылады. Олардың экономикасы қарапайым, яғни, аңшылық және балық аулау кәсіптері еді. Арал маңы археологиясында бұл мәдениет «келтеминар» атымен белгілі.

Бұл мәдениеттің үлкен тұрақтары ХХ ғасырдың орта шегінде (Сексеуіл, Көнту, Ақеспе, Қара-сандық, Шөлқұм, Тәмпі, т.б.) Солтүстік Арал маңы мен Кіші Борсық құмдарынан табылды. Олар өмір сүруге жайлы, суға жақын аймақтарда орналасқан. Тастан жасалған еңбек құралдарынан басқа, қой, сиыр және құлан сүйектерінің табылуы алғашқы қауымдық тайпалардың отарлап мал өсіру кәсібіне өткендігін көрсетеді.

Кейінгі жылдары Арал маңынан (Қазалы, Арал) осы дәуірлердің жаңа ескерткіштері ашылды. Олардың ішіндегі ең ірісі – Тапа қонысы мен қорымы, Үрген, Ерімбетжаға, Сарышоқы, т.б. ескерткіштер.

Биылғы барлау жұмыстарының мақсаты ежелден Сырдың төменгі ағысы мен Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан (Қостанай) Батыс Сібір аймақтарын жалғап жатқан Солтүстік Арал маңында әлі күнге дейін ғалымдардың табаны тимеген ақтаңдақ жерлерді аралап, кешенді зерттеулер жүргізу үшін жаңа нысандар таңдау болды. Барлау жұмысы барысында тас дәуірі ескерткіштерінен бастап, XIX-XX ғасырлардың бас кезеңіне дейінгі барлық ескерткіштер тізімге алынып, сипаттамалары жазылып, фотофиксация жасалып, географиялық координаттары анықталды. Сонымен қатар, олардың орналасқан тарихи-табиғи ландшафты да әуеден суретке түсірілді.

Тас (негізінен неолит кезеңі), қола және ерте темір дәуірлерінің тұрақтары мен қоныстарының орындары қазіргі ауылдарға жақын, ыспа құмдар маңынан анықталды. Олар жоғарыда атап өткендей, тұщы бұлақ, құдық маңына шоғырланған. Мысалы, бүгінде ауызсу мәселесі өте қиын жағдайдағы Ақбасты және Құланды маңында, тас дәуірінің ескерткіші аздап болса, сақ-сармат кезеңінің ескерткіштері анықталмады.

Алғаш анықталған тұрақтар Арал ауданы, Шижаға, Сексеуіл маңында орналасқан. Жалпы Сексеуілдің солтүстік маңында халықтар ежелден қоныстанып, ұзақ уақыт өмір сүрген. Тағы өмір сүруге өте ыңғайлы аудан – ол Кіші Борсық құмының батыс жағалауы мен оңтүстігі, яғни, Қосаман, Ақеспе маңы болған. Ақбасты маңынан бір тұрақтың орны және Құланды маңынан бір тас құралдарын жасаған шеберхана және екі қоныстың орны анықталды. Бұлар – жаңа ашылған ескерткіштер.

Барлау жұмысының басты мақсаттарының бірі – Ырғыз өзені мен Торғай өзенінің қосылатын аймағы. Бұл жерді «Құйылыс» немесе «Құрдым» деп атайды. Аты айтып тұрғандай, бұл екі өзен осы маңда қосылып, Арал маңы Қарақұмы арқылы Шалқар теңізі ойпатына құяды. Өкінішке қарай, биыл су Құйылыс маңына жетпей, өзендер табанының шаңы шығып жатыр. Осы жерден үлкен тас дәуірінің қоныстарының ізін таптық.

## Сақ-сармат мұралары

Сырдың төменгі арнасының сақ дәуірі (б.з.б. VII-V ғғ.) археология ғылымында көрнекті Оңтүстік Түгіскен және Ұйғарақ обалы қорымдарымен танымал. Олар Жалағаш ауданының Қызылқұм беткейінде орналасқан. ХХ ғасырдың 60-жылдары Хорезм экспедициясы бұл ескерткіштерде толықтай археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген.

Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскеннің құм үйінділері астынан алуан түрлі жерлеу құрылыстары қазылып ашылды. Жерлеу құрылыстарының осындай әртүрлі болуы, шамасы, отбасылық қатынастар жүйесін ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік құрылымды, рулық қауымның эволюциясын да көрсетсе керек. Бұл, әсіресе, Ұйғарақ қорымындағы әртүрлі обалар топтарының үлгісінде ерекше айқын байқалады. Абыз әйелдер көп жерленген шығыс топтың молаларында кейінгі қола дәуірінен келе жатқан ғұрып-дәстүрлер айқынырақ байқалады.

Табылған алуан түрлі заттар б.з.д. VII-V ғасырларда Аралдың шығыс өңірін мекендеушілердің материалдық мәдениетінің бейнесін толық сипаттайды. Заттардың қатарына жапсырылып істелген жергілікті ыдыстар мен құмырашы ұршықшасында жасалған керамика, қола пышақтар, киім әшекейлері мен сәндік бұйымдар, тас құрбандық ыдыстары мен жануыштар, ат әбзелдері мен қару-жарақтар жатады.

Ұйғарақ пен Түгіскеннің жерлеу мүліктерінің ішінде бейнелеу өнерінің көз тартар үлгілері де кездеседі. Бұлар – ер-тұрмандағы, алтын қаптырмалардағы, алтын шеттіктердегі хайуандардың бейнелері. Хайуанаттар бейнелерінің арасында бұғы, киік, жылқы, таутеке, қабан, арыстан, барыс не қабылан, жыртқыш құс, түйе бар. Бұл заттардың жасалу әдістері мен стилі Арал өңірі сақтарының мәдениетін скифтік-сібірлік өнер дүниесіне енгізеді.

Осы жәдігерлерге қарап, оларды Төменгі Әмудария, Орталық Қазақстан, тіпті Жетісу және Батыс Қазақстан аймағын мекендеген сақ-савромат тайпаларымен тығыз байланыста болғанын көреміз.

Батыс аймақпен байланысты дәлелдейтін осындай ескерткіштер Сырдың Аралға құяр маңы мен Аралдың солтүстік маңында неге анықталмаған? Міне, осы сұраққа жауап іздеу мақсатында барлау барысында бірнеше обалы қорымдарды анықтадық.

Осы уақытқа дейін ақтөбелік әріптестеріміз Шалқар мен Ырғыз, Үлкен Борсық пен Кіші Борсық маңынан көптеген обаларды анықтаған болатын. Біздің мақсат сол зерттеулер қамтымай қалған екі облыстың шекара аймағында сақ-сармат ескерткіштерін табу еді.

Жалпы дегенімізге жеткен сияқтымыз, бірақ, біз ойлағандай олар көп болмай шықты. Оның бірнеше себептері бар деп ойлаймыз. Кейінгі қола (б.з.д. IX-VIII ғғ.) ерте сақ кезеңінде (б.з.д. VII-V ғғ.) Арал теңізі тартылып, Сырдың бойында су тек Іңкәрдариямен ағып су тапшылығы болғанға ұқсайды. Аралдың солтүстік, батыс жағалауларын мекен етіп отырған халық әрі ығысып, өмір сүруге қолайлы аудандарға қоныс тепкен.

Кейін Шірік-рабат мәдениеті (б.з.д. IV-II ғғ.) Жетісасар мәдениетінің ерте кезеңінде (б.з.д. I-V ғғ.) экологиялық жағдай жақсарып, Сырдың төменгі ағысы мен Арал теңізі жағалауында халық қайта тығыз қоныстана бастайды.

Оған дәлел Сексеуілдің солтүстігіндегі Алтыншоқысу қыратындағы Сарыоба, Алтыншоқысу обалы қорымдары, Ақеспе мен Ақбасты арасындағы шоқыларда сармат обалары көптеп анықталды. Ырғыз төңірегінде де осындай обалар орналасқан.

Ерекше айта кететін ескерткіш – Ақеспенің шығысындағы қырат басындағы ақбөкенді қаумалап айдап алып келіп, қамайтын аранның табылуы.

Аран – аң аулаудың ерекше тәсілі. Аңдарды қаумалап үркітіп келіп, аранға, яғни, қоршауға қамаған кезде, кірген аң сасқалақтап істік, қадаларға түйреліп, қозғала алмай қалады. Осы сәтте аңшылар олжасын оңай соғып алады.

Иен даладағы арнайы қазылып жасалған аран түрлерін «қамба» немесе «ұра» деп те атайды. Ол аң көп жүретін жерлерге тастан, ағаштан, шіліктен қоршау тәрізді етіп жасалып, оның түйіскен тұсына терең апан немесе ұра қазады.

Бұндай арандар Үстіртте көп кездескенімен, Арал маңында алғаш анықталып отыр. Жебе тәріздес бейнеде қазылған ордың жалпы ұзындығы 800 метрге жетеді. Аранды өте ыңғайлы жерді таңдап, дайындаған.

## Ортағасырлар кезеңі

Сөз басында айтқандай, барлау жұмысы барысында негізінен ерте кезеңнің ескерткіштерін ескердік. Бірақ, аймақтың толық тарихи кезеңі мен келбетін ашу мақсатында барлық дәуірлерді қамтыдық.

Аралдың солтүстік және батысы аймағында ортағасырлық ірі қоныстың іздері табылмады. Бұл басты шаруашылық түріне, яғни, көшпелі мал шаруашылығына және қосымша балық аулау кәсібіне де байланысты. Есесіне

арабша жазулары бар құлпытастар қойған қазақтың рулық қорымдарын тізімге алдық.

Ырғыздың Нұра ауылының іргесінен тарихи деректерде кездесетін Кіші жүз хандарының қалашығының (Нұра шартты атауы берілді) орнын таптық. Қалашық жоспары шеңберлі, ортасында цитаделі бар, айналасы ормен қоршалған. Жергілікті өлкетанушы Арман Қаражанұлының айтуынша, көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев 1979 жылы осы Нұра маңында болып Әбілқайыр хан салдырған қалашық орнын іздеген екен. «Үркер» романында Қаратүбекте Әбілқайыр ордасы болған деп жазылған. Біз тапқан қалашық сол Қаратүбекте орналасқан.

Тағы бір қызық «Тесік арық» деп аталатын ескерткіш Ырғыз ауданы Белшер ауылынан оңтүстікке қарай 30 шақырым жерде Торғай өзені бойынан анықталды. Торғай өзенінен шығысқа қарай тізбектеле қазылған шамамен 116 құдық орны сақталған. Жалпы ұзындығы 2,5 шақырым құрайтын кәріз жерасты суын бір орынға жинап, оларды шаруашылықта пайдалану мақсатында жер бетіне шығарған. Тесік арыққа қатысты ел арасында аңыз да сақталған.

Арал маңы Үлкен Борсық құмы, Кіші Борсық құмы, Арал маңы Қара құмы өзіндік табиғатымен және Ырғыз өлкесі 80-нен аса ірілі-кішілі көлдерімен ерекше. Бұл аймақтың халқы ежелден табиғатпен бітесе тіршілік етіп келеді. Бірақ, табиғатты сол адамзаттан қорғауға мәжбүр болып отырмыз. Аралда «Барсакелмес», Ырғызда «Ырғыз-Торғай» табиғи-қорықтары жұмыс жасайды. Торғай бойындағы барлау жұмыстары барысында даланың иесі мен киесі – ақбөкендер мекенінен өттік. Бағымызға орай төлдеу кезеңіне тап болып, даланың сұлу келбетін тамашаладық.

## Қорытынды ой

Шығыс, Солтүстік Арал маңының физикалық-географиялық ерекшеліктері бұл өңірде басқа халықтар мен экономикалық, саяси және мәдени байланыстарының тығыз дамуына мүмкіндік берген. Арал маңының тарихы бес мыңжылдықты қамтиды. Ежелгі заманнан бастап осы жерде өмір сүрген халықтар Батыс және Шығысты байланыстыра отырып, өзіндік шаруашылық пен мәдени типті қалыптастырады.

Сыр өңірінде мекен еткен сақ, қаңлы, оғыз және қыпшақ тайпалары Қазақстан халқының этногенезінде ғана емес, Орта Азия, Орталық Азия және Еуропаның қазіргі халықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарған.

**Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,**
**археолог, тарих ғылымдарының кандидаты,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Археология және этнография» ғылыми орталығының жетекшісі**

**«Сыр бойы» газеті, 29.05.2021ж**

# ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ (XIX- XX ҒАСЫР)

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кездерінде қазақ қоғамында мал шаруашылығының көшпенді, жартылай көшпенді және отырықшылық үш түрі қалыптасты. Бұл шаруашылық түрлері табиғат – ауа райы, әлеуметтік-экономикалық және тарихи факторлардың әсерімен қалыптасты *(Жданко Т.А.Проблемы полуоседлого населения Средней Азии и Казахстана. – Советская этнография, 1961, 82).* Бұл кезеңде, Сырдария облысында, жайлаулы – жартылай қолда ұстайтын, жартылай көшпенділік мал шаруашылығы дамыды.

Облыс тұрғындары негізінен жылқы, түйе, ірі қара мал және қой-ешкі өсірумен айналысты. Бұл мал түрлері облыста кейбіреуі табиғат жағдайына, ал XX-ғасырдың бас кезінде сауда-нарық сұранысына байланысты дамыды. Мысалы, 1892 жылғы мәлімет бойынша, Шымкент уезінде – 62700 жылқы, 160300 түйе, 48000 ірі қара, 1450000 қой-ешкі, Әулиеата уезінде – 95500 жылқы, 50300 түйе, 60900 ірі қара, 1065100 қой-ешкі, Перовскі уезінде – 40100 жылқы, 95000 түйе, 26000 ірі қара, 1016000 қой-ешкі, Қазалы уезінде – 27400 жылқы, 71700 түйе, 16300 ірі қара, 285600 қой-ешкі болған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 г.Ташкент, 1894). Сырдария облысындағы мал шаруашылығымен айналысуда және табын (мал) құрылымының жеке түрлерінің дамуына, өлкенің табиғаты, ауа-райы және халықтың көшпенді, жартылай көшпенділікпен айналысуы үлкен әсерін тигізді. Табында негізінен қойдың үлес салмағы жоғары болды. Уезде оның үлес салмағы 60,7% жетті. Екінші орында ешкілердің (19,3%) үлесі басым болды. Шымкент және Қазалы уездерінде олардың үлесі 30,2 – 10,6% жетті. Облыста жылқы малы, (6,8%) ірі қара 6,4% және түйе 6,8% түлігінің үлестері негізінен бірдей дәрежеде дамыды. Жылқының үлесі ең көп болған – Әулиеата уезі болды (10,3%), түйе (12,9%) – Қазалы уезінде, ал жылқы мен ірі қараның ең аз үлесі (3,3% және 3,7%) Шымкент, түйенің азы – (3,3%) Әулиеата уезінде болды. Мал басының ең көп саны 33,6% - Әулиеата, ең аз көрсеткіші – 15,4% - Қазалы уезінде болды. Мал басының Әулиеата уезінде көп болуы, уездің жері мен табиғатының малға қолайлы екендігінде болды. Сондай-ақ, бұл уезді бүкіл облыстағы қазақтардың үштен бір бөлігі де мекендеді.

Перовскі, Қазалы уездерінде қой және түйе өсіру жоғары дәрежеде болды, бұл жағдай шаруашылықтың типімен және жергілікті жағдаймен байланысты болды *(Кауфман А.А.К вопросу о русской колонизации Туркестанского края. Спб, 1903).*

Енді облыстағы шаруашылықтардың әлеуметтік құрамына келсек, оны төмендегі кестеден көруге болады. Кесте бойынша облыста малы жоқ шаруашылықтар – 3,8%, жылқысыз және 1 жылқысы барлар – 17,3% - 44%, 2-ден – 8-ге дейін жылқысы барлар – 27,8%, 9-дан 22-ге дейін – 7,4%, ал 23-тен жоғары жылқысы барлар – 3,5% болған.

Ал, бүкіл Қазақстан бойынша барлық мал басының санын шартты түрде 100% деп алсақ, онда Сырдария және Орал облысында үй малдарының үлесі - 21-22%; Торғай және Семей облысында – орташа есеппен алғанда 14,6%, Ақмола және Жетісу облысында – 10,5%-тен 17,4%-ке дейін жеткен. Көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы қазақтар жылқы, қой, ешкі, мүйізді ірі қара, түйе өсірді. Кедей және орташа шаруалар ірі қара, түйе, қой өсірсе, ауқатты байлар көбіне жылқы ұстаған. Кедей-шаруалардың азын-аулақ малы күн көріс қамына жарады, ал бай үйлердің малдары сауда-саттыққа шығарылды. Барлық мал, оның терісі, жүні, еті, сүті, т.б. жәрмеңкеге шығарылып, астық, халат, шыт-сәтен тауарларына, ыдыс-аяқтарға, т.б. айырбасталып отырды. Қазақтардың мал шаруашылығының дамуына орасан зор апат әкелген – қыс, көктем суығында малдардың жейтін шөбі болмай, қырылуы, яғни жұт үлкен әсерін тигізді. Жұт негізінен қолайсыз ауа райының әсерінен, яғни, құрғақшылық, қарлы қыс, боран немесе көктемде жер көктегенде қар, бұршақ жауып, малдардың тебінге шыға алмауынан болды. Кей жылдары бірнеше күнге созылған бұрқасынды борандарда 500-1000 жылқы табындар қатпаған, беті қармен жабылған сортаңды көлдерге түсіп кетіп, қырылғандары болған. Жұт, негізінен Қазақстанның барлық аймақтарын қамтып отырды. Жұт, көбінесе 10-12 жылда бір рет, кейде 3-5жылдарда қайталанып отырды.

ХХ-ғасырдың бас кезінде Сырдария облысындағы мал шаруашылығында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Тұрғындардың басым көпшілігі малдарын жыл бойы жайылымдарда ұстауын өзгертпеді. Алайда, отырықшы орыс поселкелерінің маңында орналасқан қазақтар қысқа мал азығы қорын жинауда қолға ала бастады. Сондай-ақ қоныстанушы шаруалар өздерінен артылған жем-шөп қорын қазақтарға сата бастады. Ол, Әулиеата, Қазалы, Перовск уездерінің қазақтары мал жайылымының жетіспеуінен Қазақстанның солтүстік аудандарына көшіп жүруге мәжбүр болды. Қазалы, Перовск, уездерінің қазақтары солтүстікке Қарақұм арқылы Торғайға одан әрі Қостанай уезіне қарай жылжыды. Перовск уезінің жалпы шаруашылығының 29,3 пайызы Торғай облысындағы Қалмаққырғанға, 25 пайызы Атбасар уезіне тұрақтанған. Тек 12,4 пайызы ғана Қостанай уезі жеріне жете алды *(Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX в.Алма-Ата, 1980).*

Алысқа көшу тек ауқатты адамдарға ғана оң болды. Олардың малшы бақташылары көп болды. Себебі олардың алысқа көшіп қонуға шамалары жетпейтін еді. Қорыта келгенде, қазақтардың мал шаруашылығының дамуына табиғат әсері, қоғамдық-әлеуметтік жіктелу процестері, яғни, өлкеде көп ұлтты халықтардың санының өсуі, қазақ жеріне келген қоныстанушылардың үлгі-әдістері, жайылымдық жердің азаюы, қазақ ауылдарына буржуазиялық қатынастардың енуі, жаңа әкімшілік-саяси өзгертулер, т.б. үлкен әсер етті.

XIX-ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында да Сырдария облысы қазақ даласындағы егіншіліктің маңызды орталығы болып қала берді. Жері құнарлы, суы мол бұл жерлер ерте заманнан-ақ егіншілікпен айналысуға қолайлы еді *(Толстов С.П.По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962).* XIX ғ. Бас кезінде Оңтүстік Қазақстанда егіншілік Сырдария, Шу, Талас, Қаратау,

бөктерінде дамыды. М.Поспеловтың мәліметі бойынша, мұнда «астық өсіру кең өрістеген», ал Түркістан маңындағы қазақтар егін шаруашылығы мен мал шаруашылығымен қатар айналысады. 1820 жылы қазақ даласында болған Е.Мейендорф Жаңадария, Қуаңдария өзендерінің, Қамыстыбас және Арал бойында егін шаруашылығының кең түрде дамығандығын жазған. «Сырдария өзенінің бойындағы «шабындық жерлерді суаратын каналдар өзінің ұзындығымен, орналасуымен және тереңдігімен өте ерекше», – деп жазды А.Левшин *(Описание киргиз-казачиьхи, или киргиз-кайсацких орд. 1932).*

Сырдария өңірінде егіншіліктің дамуына біршама дәрежеде суармалы егіншілікті ұйымдастыруға мүмкіндіктің болуы әсер етті. Негізінен мұндай жерлер Сырдария өзені жағаларында, оның Ақирек, Арықбалық және үлкен үш саласы: Сырдария, Қараөзек, Жаңадария және Қуаңдария салалары бойында болды. 1862 жылы Сырдария бойында егіншілікпен 8827 отбасы айналысып, 34688 дес. жерге тары, 10694 дес. арпа, 10488 дес. бидай және 282 дес. жерге сұлы еккен *(Туркестанский сборник, Т.290).* Сырдария аңғарындағы Қуаңдария, Жаңадария және Арал теңізінің жағалауында шөп шабу мен егін салатын жерлерде қыстаулар бола бастады. 1877 ж. Қазалы уезінде егін шаруашылығымен айналысатын қазақтар саны – 30,8 пайыз, Перовскіде – 32,5 пайыз, Түркістанда – 38, Шымкентте – 31,3, Әулиеата уезінде – 62,3 пайыз болған.

Осы кезеңде жартылай көшпелі өмір салтынан отырықшы өмірге көшулердің саны үнемі көбейіп отырды. Отырықшы болған алғашқы жылдарда жатақтар егіншілікті мал шаруашылығымен ұштастырып жүргізді, алайда, олар егіншілікке көбірек көңіл бөлді, ал мал шаруашылығы егіншілікке қосалқы кәсіп болды *(Кауфман А.А. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края).* Сырдария қазақтарының егін шаруашылығы жайлы XIX ғасырдың ортасында Орынбор көпесі Дмитрий Беловтың деректері өте қызықты мәлімет болып табылады. Ол 10 жыл бойы Сырдария бойындағы қазақтардың арасында болып қазақтардың егін егу технологиясы, оның әдістері мен тәсілдері жайлы жазып кеткен. «Қазақтар (кедей жатақтар немесе егінші) – дейді Д.Белов, - көкек (сәуір) айының басында алдымен арпа егуге, содан соң бидай мен тары егуге кіріседі. Егістік жерді олар күзде дайындап, арықтарға Сырдариядан 10-15 км жерден су жіберіп шайып отырады. Көктемде күздегі су жерге сіңіп болған соң, жер айдауға кіріседі. Тары егуден бұрын алдын-ала арам шөптерін отап болған соң жер жыртады, тарыны шашып болған соң тырмамен тырмалайды. Жылқыны соқаға байлап, екі адам жұмыс істейді. Жерді ескі соқамен жыртып болған соң, тырманың орнына бөрене, ағаштарды байлап кесектерді майдалайды».

Егу науқаны қолмен жасалды. Егіншілер егін жинау науқанында орақпен орып жинады, тіпті орақ жоқ болған жағдайда қолмен жұлып жинаған. Жиналған астықты, ағашпен ұрып дәндерін түсіріп, астықты жинап отырған. Оңтүстіктегі егіншілік көбіне қолдан суландырылды, ал қазақтар қолдан суару, ирригациялық жүйелерді ұлғайту және жерді суарудың неғұрлым жетілдірілген тәсілдерін жетік білді. Бұл жөнінен әсіресе Қазалы, Шымкент және Перовск

уездері ерекше көзге түсті *(Алекторов А.Е.Земледелие у киргиз. Оренбуркский листок, 1988, №50).*

Перовск уезінде ирритациялық жұмыстар үлкенді-кішілі арықтар қазып, олардан егістікке су тартумен шектелген жоқ, сондай-ақ егіншілер өз қолымен 141 көпір, 10 шлюз, 2 бөгет салды. Арықтарды күту (жөндеуді, мұраптар мен арық ақсақалдарына ақы төлеуді қосқанда), егіншінің өзінің жұмсаған еңбегін есептемегенде, егін салатын әрбір шаруашылыққа орта есеппен жылына 2 сомға түсті, ал жекелеген арық ақсақалдарына қарайтын жерлерде бұл цифрлар 34 тиыннан 3 сом 70 тиынға дейін ауытқып отырды.

1891 жылдың басына қарай Перовск уезінде 7 арық ақсақалы мен 129 мұрап болды. Әрбір арық ақсақалына жалпы ұзындығы 150 шақырымнан 403 шақырымға дейін жететін 79 канал қарады. Мұраптар арықтарды, каналдарға салынған көпірлерді, бөгеттерді, үймелерді, шлюздерді, тоғандарды жөндеу қамын жасауға тиісті болды. Олар су тартуды реттеп, егіншілердің су пайдалану мәселелері жөніндегі айтыс-тартыстарын шешіп отырды, ал егіншілер оларға жыл сайын тиісінше орта есеппен 8 сомнан 35 сомға дейін ақы төлеп отырды (Дингельштедт Н.Опыт изучения ирригации Туркестанского края Сыр-Дарьинская область.1893 г.). Оның үстіне қоғам арық ақсақалдары мен мұраптарға арнайы сыйлық ретінде жер учаскелері мен тұқым беретін еді. Ауыл ақсақалдары тұтас жүйелерге, ал мұраптар жекелеген арықтар мен каналдарға басшылық етті.

Егіс көбінесе атпамен суарылды. Атпа дегеніміз – ұшы ағашқа жуан арқанмен (көбінесе жылқының жалқұйрығынан есілген) байлап ілінген ұзын (2,5-3 м) сырғауылға сапталған ағаш қауға. Суды суаттан қауғамен алып, ағаш науға құятын да, одан су атыз арқылы ағып, содан суару жүйелерімен ағып кететін. Егін суаруға түбі бітеу, аузы кең, жіңішке, ұзынша кеспектер, айқыш-ұйқыш байланған дөңгелек - шығыр да пайдаланылды *(Захаров И.В.Об итогах этнографических экспедиции 1955-1956 года; Алма-Ата, 1959).*

Суармалы жерлер үлкенді-кішілі артельдер арасында, одан соң арық қазуға қатысқан жеке егіншілер арасында бөлінетін еді. Бөліс былай болды: алаң көбінесе шартты түрде – көзбен, мөлшермен немесе адымдап, арқанмен, белгілі бір ұзын таяқпен белгіленді. Бөліске ақсақалдар, болыс басқарушылары және ауыл старшындары қатысты. 5-20 және одан да көп шаруашылықтардың егіншілер тобы сенім білдіріп ақсақалдар сайлады, олар ірі учаскелерді артельдерге, одан соң жекелеген шаруашылықтарға бөлді. Учаскелер жекелеген шаруашылықтар арасында жеребе бойынша бөлінді, бұл бөлісу жыл сайын қайталанып отырды. Бөліс процесінде ақсақалдар мен мұраптардың пара алып, учаскелерді байларға тиімді етіп беруі жиі кездесетін еді.

Суармалы егіншілік тәжірибесі жай егіншілік егіс айналымынан біраз өзгеше болды. Жер учаскелеріне суарылуына қарай төрт-бес жыл бойы және одан да көп жыл қатарынан егіс егілетін, ал сулdescribed алқап жетпеген жағдайда, тіпті 15-20 жыл қатарынан егілетін. Дақылдар былайша кезектестірілді: бірінші жылы тары, екінші жылы бидай немесе арпа, үшінші жылы – қайтадан тары, төртінші жылы – бидай, бесінші жылы тары немесе

бидай егіліп отырды. Кейде жердің әбден құнарсыздануына байланысты, оны бесінші жылдан бастап тыңайтуға қалдыратын еді. Бірақ егістік үздіксіз және бірқалыпты суландырылғанда ғана дақылдар осылайша ауыстырылып отыратын *(Материалы по киргизскому землеиспользованию. Ташкент, 1908).*

Егіншіліктің дамуына орыстың қоныстанушы шаруалары жан-жақты ықпал жасады. Олар жергілікті егіншілік – суармалы егіншілікпен танысты, қазақтарға өз егіншілік тәжірибесін үйретті. 1888 ж. Сырдария облысында орыс қоныстанушыларының 16 қыстақтары (селения), 1006 отбасы (4996-жан) болды [26, 10-п]. Әсіресе, XIX ғасырдың аяғында облыста Ресей шаруаларының қоныстанушылары тез қарқынмен дамыды. Егер 1891 ж. облыста 27 орыс поселкесі болып, онда 1607 отбасы тұрса, (7702-жан), ал 1894 ж. орыс селоларының саны 48-ге ал тұрғын халық саны 3058-отбасыға немесе 15461 жанға жетті *(РФ ОМТА. 1126-кор, 1-тізбе, 37-іс).*

Орыстың қоныстанушы – шаруалары мен қазақ ауылдарының өмір-тұрмысы бір-біріне үлкен ықпал жасады. Ал, отырықшы қазақ қоныстары өздерінің типі жағынан қоныстанушы шаруалар селоларына жақындай түсті. Сырдария облысында егіншілік басқа облыстарға қарағанда көбірек дамыған болса да, оның өсу қарқыны мен егіншілік техникасындағы өзгерістер солтүстік және батыс аудандарда едәуір баяу дамыды. Оның себебі, бұл өңірде егіншілердің көпшілігі халықтың ең кедей топтары болды. Бұл туралы И.Аничков былай деп жазды:... «Қазіргі уақытта нағыз көшпелі болып қалғандар – азшылық, бұлар негізінен алғанда ауқатты адамдар, ал көпшілік жұрттың бәрі дерлік егіншілікпен айналысады, ал мал шаруашылығымен егіншілікке демеуші ретінде ғана шұғылданады, ал өзен бойында және теңіз жағалауында көшіп жүретіндер балық аулаумен айналысады» *(Очерки народной жизни Северного Туркестана. Спб.1899).*

Сырдария облысында егінмен айналысу үшін, суландыру – мелиоратив жұмыстар қажет болды. 1887 жылы Перовск және Қазалы уездеріндегі суармалы егістік алқаптар 100 мың десятина болды. Ал 1891 жылы бір ғана Райым болысында 989 қазақ шыңырағы егіншілікпен айналысу үшін Сырдария бойында 8 үлкен арық қазған. Облыстағы қазақ диқаншылары туралы: «...Солтүстік Қарақұмда көшпелі қазақтардың – 700 шаңырақ түтіні болды, бірақ олардың тең жартысы көшпеліліківпен айналысса да, диқаншылықпен Сыр өзені бойында айналысқан. Олар сондай-ақ Қуаңдария, Жаңадария, Қараөзек өзен бойларында көшіп-қонып жүрген. 26000 шаңырақ түтіннен тек қана мал шаруашылығымен 6000 шаңырақ қана айналысты», – деп жазды И.Аничков. XX ғасырдың басында Қазақстанда негізінен егін шаруашылығымен айналысатын аудандар айқындала түсті, яғни, товарлы шаруашылық елеулі орын ала бастады.

Бұлардың алғашқы тобына Шымкент, Әулиеата уездері жатты. Шымкент уезінде бос жатқан егістік алқаптарында егістік жерлерге жарамды, суармалы жерлер 1890 жылмен салыстырғанда 1906-1908 ж. қазақтардың егістік алқабы 2,5 есе өсіп 216000 десятина болды да, көршілес Әулиеата уезінде 158733

десятина болды *(Материалы по киргизскому землеиспользованию. Ташкент, 1908).*

Бұл мақаламызда барлық мәліметтерге егжей-тегжейлі тоқталмадық. Десек те, Түркістан өлкесіндегі шаруашылық түрлерінің өркендеуіне қатысты мұрағаттық деректер аз емес. Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Сырдария облысының экономикасы ауыл шаруашылығы, яғни, егін шаруашылығының үдемелі түрде дамуымен ерекшеленеді. Қазақ шаруалары қоныстанушы орыс-украин шаруаларымен егін егудің түрлі технологиясы, агротехникасы әдіс-тәсілдерімен тәжірибе алмасып, егін көлемінің, оның өнімділігін арттыруда біршама жетістіктерге жеткені анық.

**Өтеубай ҚОЖАҚҰЛЫ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің профессоры,**
**тарих ғылымының докторы**

**«Ақиқат», 01.06.2021ж**

## НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИНФОРМАТИЗАЦИИ И ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА

**Аннотация:**

Образование играет важную роль в обеспечении экономического развития государства. На сегодняшний день основные изменения образовательной среды Республики Казахстан связаны с цифровизацией образования. Статья посвящена актуальным вопросам внедрения и развития цифровых технологий в Кызылординском университете имени Коркыт Ата.

**Abstract:** Education plays an important role in ensuring the economic development of the state. Today, the main changes in the educational environment of the Republic of Kazakhstan
are associated with the digitalization of education. The article is devoted to topical issues of the implementation and development of digital technologies at the Korkyt ata Kyzylorda University.

**Ключевые слова:** Цифровые технологии, «E-UNIVER», онлайн обучение, виртуальный сервер, Концепции «Виртуальный университет 4.0»;

**Keywords:** Digital technology, «E-UNIVER», online training, virtual server, "Virtual University 4.0" Concept.

Неотъемлемой частью современной системы образования является развитая цифровая инфраструктура. Цифровые технологии в современном мире — это не только инструмент, но и среда существования, которая открывает новые возможности: обучение в любое удобное время, непрерывное образование, возможность проектировать индивидуальные образовательные

маршруты, из потребителей электронных ресурсов стать создателями. Поэтому система образования должна обеспечить обществу уверенный переход в цифровую эпоху, ориентированную на рост производительности, новые типы труда, потребности человека.

Одним из основных направлений Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы, является развитие инфраструктуры и цифровизация образования и науки [1]. Данное направление нашло свое закрепление и в Стратегическом плане развития НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата на 2021-2025 годы» [2]. Основной задачей по созданию современной инфраструктуры вуза и комфортных условий для работы ППС и обучения студентов является дальнейшая цифровизация деятельности университета.

В настоящее время в Кызылординском университете имени Коркыт ата функционирует корпоративная сеть, система информационно-образовательного портала «E-UNIVER», к которой подключены все отделы, службы и учебные подразделения. Благодаря единой корпоративной сети университета динамично развиваются собственные информационные проекты: информационный сайт www.korkyt.edu.kz и «E-UNIVER».

Система «E-UNIVER» включает в себя такие разделы, как: блог ректора, блоги руководителей подразделений, электронный документооборот, государственные услуги, ИС «Деканат», ИС «Кафедра», ИС «Преподаватель», ИС «Студент», ИС «Абитуриент», «Электронная библиотека».

ППС и студенты КУ имени Коркыт Ата обеспечены интернетом от провайдера ТОО «Сәтті Телеком» по выделенному каналу со скоростью 500 мб/с. Доступ к интернету обеспечен во всех компьютерных классах, в директоратах, кафедрах и отделах университета. На территории всех корпусов университета студентам и сотрудникам доступен бесплатный Wi-Fi.

Работники университета, обучающиеся и другие посетители могут получить в электронном формате следующие виды государственных услуг:

-прием документов и зачисление в высшие учебные заведения для обучения по образовательным программам высшего и послевузовского образования;

-предоставление общежития обучающимся в высших учебных заведениях;

-прием документов для участия в конкурсе на замещение должностей профессорско-преподавательского состава и научных работников высших учебных заведений;

-выдача дубликатов документов о высшем и послевузовском образовании;

-прием документов для участия в конкурсе на обучение за рубежом, в том числе в рамках академической мобильности;

-выдача разного рода справок для студентов и сотрудников университета.

В целях реализации Государственной программы «Цифровой Казахстан», в Кызылординском университете имени Коркыт Ата на всех образовательных программах введена дисциплина «Информационно-коммуникативные технологии» [3]. Данный курс направлен на овладение студентами

профессиональных и личностных компетенций, которые дадут возможность пользоваться современными информационно-коммуникационными технологиями в различных областях профессиональной деятельности, научной и практической работе, для самообразовательных и других целей.

В университете функционируют кружки «RoboLand» (при кафедре «Информатика и информационно-коммуникационные технологии») и «Программист» (при кафедре «Компьютерные науки»). К работе кружков привлекаются не только обучающиеся нашего университета, но и школьники города Кызылорда. Под руководством ведущих ученых они выполняют научно-исследовательские проекты, результаты которых представляют на олимпиадах, конкурсах и научных конференциях. Также на базе кружков проводятся вводные курсы по робототехнике и программированию для школьников.

Активную работу в данном направлении проводит и Центр молодежного предпринимательства «Бизнес Старт». Только в 2020 году были проведены конкурсы и хакатоны «First step 2.0», «Smart city Kyzylorda», «I-Vent», «IT-Business в области информационных технологий», подписан меморандум о сотрудничестве с Международным технопарком Астана хаб. Все эти мероприятия направлены на развитие и поддержку талантливой молодежи, развитие у них цифровых навыков.

С 2020 года обучение в университете по всем образовательным программам проводилось в онлайн формате с применением дистанционных технологий. А это значит, что преподаватели должны использовать совершенно иные подходы и формы работы с обучающимися. Меняется статус педагога: он не только носитель знаний, но и проводник по цифровому миру. Он должен обладать цифровой грамотностью, способностью создавать и применять контент посредством цифровых технологий, включая навыки компьютерного программирования, поиска, обмена информацией, коммуникацию. Для совершенствования и освоения новых знаний ППС в университете были проведены внутривузовские вебинары:

- Технология организации дистанционного обучения и цифровые средства образования (3-4 августа 2020 года);
- Цифровая трансформация образования: теория, практика (17-19 августа 2020 года).

С 8 по 18 января 2021 года проводилась Зимняя школа по программе «Инновационные и цифровые возможности в высшем образовании».

На сегодняшний день по университету 473 преподавателя прошли повышения квалификации с использованием ДОТ.

В целях обеспечения учебного процесса электронными контентами Телестудией университета подготовлено около 3000 видеолекций, которые размещены на YouTube канале университета.

При проведении занятий использовались такие платформы, как Platonus, MicrosoftTeams, CiscoWebex, Googlemeet, Googleclassroom, Zoom.

В целях качественного проведения учебных занятий были приобретены Лицензионный модуль «Задания» и «Система Онлайн Прокторинга» в информационной системе Platonus.

Составлено электронное расписание занятий, которое размещено на сайте университета.

Для обеспечения безопасности информационных систем Университета осуществлен перевод серверной системы информационной инфраструктуры университета на последнюю выходную операционную систему WindowsServer и LinuxUbuntu. Для удобства работы с пользователями прикладных и серверных служб введена единая регистрация пользователей на сервере ActiveDirectory. ExchangeServer 2010 с помощью почтового сервера @korkyt.kz по корпоративной почте сотрудники университета могут воспользоваться внутренней корпоративной сетью и доступом к внешней среде.

Создан новый виртуальный сервер VMware и усилена информационная безопасность через этот сервер. Этот сервер выполняет функции сбора (архивирования) информационной базы университета, а именно «backup», сайт университета переведен на новый сервер. Обеспечена безопасность серверов университета с использованием возможности фильтрации исходящего и входящего трафика, проходящего через систему межсетевого экрана (FireWall). Брандмауэр имеет возможность значительно повысить уровень безопасности сетей. Фильтрация информационных потоков заключается в создании некоторых модификаций для их выбора через экран. Фильтрация осуществляется с помощью предварительно загруженных правил на межсетевой экран (FireWall) в соответствии с выбранными правилами безопасности.

Библиотека университета также идет в ногу со временем, предоставляя доступ к электронным информационным ресурсам через Web-сайт библиотеки http://www.korkyt.kz/ntb/.

Для дальнейшего развития электронной библиотеки в 2020 году приобретена автоматизированная интегрированная библиотечная система «МегаПро», в фунциональные возможности которой входит защищенный просмотр электронных документов; обслуживание читателей, соответствие требованиям по защите персональных данных и др.

Для формирования интегрированной информационной среды, ориентированной на инновационное развитие образовательных услуг в условиях цифровизации, в Кызылординском университете имени Коркыт Ата была разработана Концепция «Виртуальный университет 4,0» [4]. Реализация данного документа потребует не только больших финансовых затрат, но и прежде всего трансформации сознания каждого сотрудника нашего большого и дружного коллектива. Только тогда мы сможем получить от данной Концепции ожидаемый эффект:

- полную автоматизацию бизнес - процессов с использованием BIGDATA и возможностей искусственного интеллекта;

- обеспечение инновационными кадрами, обладающие трендовыми знаниями в области Digitalskills;

- благоприятные условия для развития и расширения цифровых возможностей университета;

- широкую узнаваемость и популярность на международном уровне, как инновационно-научный и предпринимательский Qorqyt Ata University, имеющий свою цифровую индивидуальность.

**Использованная литература:**


1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы, утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года №988;
2. Стратегический план развития НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата» на 2021-2025 годы, рассмотрен и утвержден на заседании Совета директоров 24 декабря 2020 года, протокол №4;
3. Государственная программа «Цифровой Казахстан», утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года №827;
4. Концепция «Виртуальный университет 4,0», утверждена Председателем Правления-ректором НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата» 25 декабря 2020 года.



**Жанна ЖАКСЫЛЫКОВА,**
**Начальник отдела стратегического планирования, мониторинга и управления качеством КУ имени Коркыт Ата,**

**Елена Милова**
**Руководитель группы стратегического развития КУ имени Коркыт Ата, к.ю.н, доцент**



**Международная научно-практическая конференция «Современные информационные технологии и компьютерное моделирование систем». 08.06.2021 г.**


## ҰЖЫМ ТАРИХЫНДА ӨШПЕС ІЗІ ҚАЛДЫ

«Алаштың анасы» атанған Сыр өңірі ежелден-ақ өркениеттің, ғылым мен мәдениеттің дамыған аймағы. Осынау алтын бесіктен шыққан тұғырлы да тұлғалы азаматтардың біразы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектері екенін біз мақтанышпен айтамыз. Келер жылы 85 жылдығын тойлағалы отырған білім ордасының шежіресіне көз жіберер болсақ, небір парасат иелері мен зиялылардың қызмет атқарғанын көреміз. Бүгінде арамызда жоқ ұлағатты ұстаздарымыздың өмір жолы жас буын үшін үлгі-

өнегеге толы. Ардақты аға-апаларымыздың ерен еңбегі мен аяулы есімдерін әркез естен шығармай, құрметтеу – қастерлі парызымыз. Осы ретте белгілі ғалымұстаз Күлбарам Сәдуақасқызының есімін ерекше атағым келеді. Өкінішке орай, мыңдаған түлек тәрбиелеп, ғылымға өзіндік үлес қосқан, ұжымда беделді, қызметтестері мен шәкірттеріне қадірлі әріптесіміздің өмірден өткеніне де жыл толыпты. Бұл кісі өз мамандығының майталманы болумен қатар, бар саналы ғұмырын білім беру ісіне, жастарды тәрбиелеуге арнаған шын мағынасындағы ұстаз еді. Асыл арман мен ерен еңбек адамды биікке жетелейді, көкке кең құлаш жая самғатады. Жастайынан білімге құштар болып, өнердің құдіретін терең түйсіне білген Күлбарам Сәдуақасқызының бағындырған биіктері ұзақ жылғы еңбегінің жемісі. Ол 1943 жылғы 13 қаңтарда Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақжар кеңшарында дүниеге келеді. Туған ауылындағы орта мектептегі оқуын аяқтаған соң, Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына химия және биология мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1965 жылы бітіреді.

1965- 1969 жылдары Жосалы кентіндегі орта мектептердің бірінде жұмыс істейді. 1969-1997 жылдары Қызылорда қаласындағы №4 Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектепте еңбек етіп, химия, биология пәндерінен сабақ береді. Сол кездері бұл мектепті соғыс ардагері Қасымбек Ибраев басқарып, онда тарихшы Сақтаған Жүнісов, математик Тоқсұлу Көшербаева, орыс тілі пәнінің мұғалімі Райкүл Сералина, физик Спандияр Дүйсеков, шет тілі пәні мұғалімі Жібек Есенжолова, қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Үміткүл Айманова сынды мықты педагогтар топтасқаны жөнінде әлі күнге айтылады. Қаладағы маңдай алды мектеп қабырғасынан түлеп, ұшқан облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов, белгілі бизнесмен Нұрмұрат Ерманов, дәрігерлер Сапар Рахменшеев, Нұржамал Тоқпанова, Айман Төлегенова, Айдос Сапаров, А.Рзаева, Ф.Ибадуллаева, А.Байназаров, С.Күппанова, талантты әнші Мәдина Сәдуақасова және т.б. кең танымал тұлғалардың Күлбарам Сәдуақасқызының да тәлімін алып, тәрбиесін көргені сөзсіз. Өйткені, «мектеп-ұстаз-шәкірт» бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын, біте қайнасқан ұғымдар. К.Сәдуақасқызы 1997 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне ауысып, бейінді кафедраларда (аға оқытушы, доцент, академиялық профессор) өмірінің соңғы күндеріне дейін еңбек етті.

Осы кезеңде әдіскерлік тәжірибесі әбден шыңдалып келген ұстаз ғылыммен айналысуға шындап ден қояды. 2006 жылы Елордада жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика мамандығы бойынша «Оқыту процесінде нәтижеге бағыттап оқыту жағдайында оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеу» тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атанады. Күлбарам апай өзі таңдаған ғылым саласын шын сүйетін, соның ыстықсуығына күюге жан-тәнімен берілген нағыз ғалым. Соның дәлелі – 63 жасқа келгенде диссертация қорғауы. Менің ойымша, осындай жауапты іске екінің бірі тәуекел етпейтіні айдан анық. Мұндай қадамға өзінің таңдаған тақырыбын әбден жан-жақты

зерттеп, нәтижелерінің ғылым үшін, ел үшін пайдалы екендігіне әбден сенімді адам ғана бара алмақ. Ғылымды сүйген ғалымның осылайша жалпы ұжымды таңдандырып, жастарға да, жасамыс ғалымдарға да биік мақсатқа жетудің сара үлгісін көрсетіп, барлығын жаңа ізденістерге жігерлендіргені, әрине, ұмытылмақ емес. Әдіскер-ғалым білім алушылардың дипломдық, диссертация жұмыстарына жетекшілік жасап, оларға мақала жазуды үйретіп, мектеп мұғалімдеріне де ғылыми-әдістемелік көмегін аямайтын. Жаңалыққа жаны құмар, ізденімпаз ғалымның шетелдік жоғары импакт-факторлы және отандық беделді ғылыми басылымдарда, халықаралық және республикалық конференциялар жинақтарында 150-ден астам мақаласы шықты. Оның авторлығымен 2 патент, ЖОО студенттері мен жалпы білім беретін мектептің оқушылары мен химия пәнінің мұғалімдеріне арналған 21 оқу және оқу-әдістемелік құрал, 2 электрондық оқулық және 3 монография жарық көрді. Ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерін мектеп мұғалімдері мен оқушылары, ЖОО оқытушылары мен білім алушылары кеңінен пайдалануда.

2020 жылы университетке басшылыққа келгенімде халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдарының академиясының корреспондент-мүшесі, «ҚР ЖОО үздік оқытушысы» грантының екі мәрте иегері екенін өзім сыртынан жақсы білетін К.Сәдуақасқызымен жақын танысудың реті түсті. «Биология, география және химия» кафедрасының профессоры, кафедра аясында құрылған «Қызылорда облысы химия пәні мұғалімдері мен оқытушыларының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы және университеттің құрметті профессоры екен. Әңгімелесіп отырғанда мұғалім, оқыту, тәрбиелеу жайлы өзінің ойда қорытылып, іс жүзінде дәлелденген тұжырымдарын ортаға салған еді. Жарты ғасырға жуық білім саласының ыстық-суығын көрген жанның әлі де ұстаздықтың қиын жолын тастамай, оқыту мен тәрбиенің таразысын тең ұстаған қажырлы еңбегі, ерекше білгірлігі, ғылыми ізденіске деген құлшынысы маған үлкен әсер еткенін айтуым керек. Кездесу барысында аталған салалардағы уақыттың өзі қойып отырған мәселелерді талқыладық, болашақ жоспарлардың көкжиегін белгіледік. Бұған жарқын дәлелдің бірі – К.Сәдуақасқызының бастамасымен

2020 жылғы 10 маусымда «Мектеп химия курсын оқытудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы вебинардың ұйымдастырылуы. Ұлттық және өңірлік университеттерден бірнеше жетекші әдіскер-ғалымдар қатысқан вебинарда жаңартылған мазмұнда химияны оқытудың көкейтесті мәселелері, қиындықтары мен тәуекелдері ортаға салынып, оларды жоюдың әдіс-тәсілдері егжей-тегжейлі талқыланды. Вебинардың тұжырымдалған ұсынымдары еліміздің педагогикалық ЖОО-да химияны оқыту процесін қолданыстағы нормативтік құжаттар талабына сай ұйымдастыру ісіне көп пайдасын тигізді деп есептеймін. Биыл 30 сәуірде Күлбарам Сәдуақасқызын еске алуға арналған «Мектеп оқушыларының жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру сапасын арттыру жолдары» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар өткіздік. Мектепте оқыту сапасын арттырудың түрлі мәселелеріне арналған

семинарларды аталған айдармен дәстүрлі түрде өткізу ойымызда бар. «Талантты адам бар жағынан да талантты» деген тәмсіл бар.

К.Сәдуақасқызының өзгеше бір қыры – ақындық қасиеті. Аталған қасиет оның шығармашылығын шыңдап, тұлғасын әрлендіре түсетіні де рас. Бұған жақсылық пен іңкәрлікке, ізгілік пен тұңғиық ой-сезімге толы өлеңдерін оқыған кімкімнің де көзі жетеді. К.Сәдуақасқызы ардақты ана, сүйікті әже атанды. Сыр өңірінің білім саласын дамытуға елеулі үлес қосқан басшы, белгілі ғалым Әли Мүсілімұлы екеуінің балалары ата-анасының абыройына абырой қосатын азамат болып жетілгеніне облыс жұртшылығы куә. Күйеу балалары мемлекеттік қызметте абырой биігінен көрінуде. Немерелері әжесінің берген тәрбиесінің арқасында ғылым мен білімге жақын болып өсіп келеді. Халқымызда «Артыңда ізің қалды ма ұрпағың мақтан етерлік?!» деген сөз бекер айтылмаған. Есімі үлкен әріппен жазылатын ұстаздарға тән мол білім, үлкен жүректің иесі К.Сәдуақасқызының артында салиқалы сөзі, өшпес мұрасы, жарқын бейнесі, өнеге боларлықтай ізі қалды.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма төрағасы-Ректор**

**«Ақмешіт апталығы» газеті, 03.07.2021ж**

## ӨРКЕНИЕТ ДАМУЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Кез келген мемлекеттің, халықтың әлемдік өркениеттегі алар орны, бәсекеге қабілеттілігі оның білімі мен ғылымның дамуымен өлшенеді. Өйткені білім мен ғылым – өркениет дамуының қозғаушы күші. Сондықтан да әлемдік өркениетте танылуға, оның алдыңғы қатарынан орын алуға ұмтылған мемлекет өзінің ғылыми-технологиялық, инновациялық дамуына көңіл бөледі, әлемдік білім кеңістігінің озық тәжірибелерін игеруге күш салады.

Қазіргі заманғы университеттер үшін тек білікті маман даярлау жеткіліксіз. Ең басты міндет жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, озық ойлы, рухани тұрғыдан кемелденген, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу болса керек-ті. Абай айтқан «толық адам» тәрбиелеуде білім қаншалықты өзекті болса, тәрбиенің алар орны да соншалықты ерекше. Фарабише: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Ал шәкірт бойына білім мен тәрбиенің дәнін қатар егетін диқан – білімі мен білігі қатар өрілген, өнегелі ұстаз. Қоғам сонау Фараби заманынан бері «ақылгөй ұстазға зәру». Ел болашағын ұрпақ болашағымен бірге қарастыратын қай мемлекет болсын, білікті педагог, ұлағатты ұстаз даярлау мәселесіне ерекше мән беріп, ұлттық стратегиялық басым бағыт ретінде қарастыруы да осындай қажеттіліктен туған. Осы ретте Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы елімізде ғана емес, әлемдік қоғамдастықтан оң

бағасын алып, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын ұстаздарға деген және ұлт болашағына жасалған қамқорлық ретінде бағаланғанын айта кетуіміз керек.

2020 жылдан бастап жоғары оқу орындарына педагогикалық мамандықтар бойынша түсуге ниет білдірген талапкерлерге қойылатын талап та күшейтілді. Егер бұрын Ұлттық бірыңғай тестілеуден болашақ педагогтер үшін шекті балл 50 болса, енді шекті балл 75-ке дейін көтерілді. Жасыратыны жоқ, соңғы кездері болашақта жұмыспен қамтылу мәселесінде көп қиындықтар туындай қоймайды деген оймен, өзінің болашақ мамандығына деген ешқандай сүйіспеншілігі мен қызығушылығы жоқ кез келген мектеп бітіруші педагогикалық мамандықты таңдайтын үрдіс қалыптаса бастаған. Қоғамдағы осы үрдіс Алаш арысы Мағжан «төрге оздырған» ұстаз мәртебесіне сәл де болса сызат түсіргендей еді. Білім және ғылым министрлігінің бұл ұстанымы ұстазға деген қадір мен құрметті арттырып, жоғары жауапкершілік жүктейтіні ақиқат.

Сонымен бірге биылдан бастап жоғары оқу орнын бітірсе де осы уақытқа дейін мектепте жұмыс істемеген педагогтер Ұлттық біліктілік тестін тапсыруы міндеттелді. Министрлік қойып отырған жаңа талап – тест тапсырып, қажетті балл жинаған түлектерді ғана жұмысқа қабылдау. Педагог кадрлардың сапасын арттыруға бағытталған біліктілік тесті түлектердің пән бойынша білімі мен оқыту әдістемесінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде университет ұжымы берік дәстүр мен заманауи инновацияны ұштастыра отырып, білікті педагогтер даярлап келеді. Осы жылы университетті бітіруші 400-ге жуық болашақ педагог Ұлттық біліктілік тестті ойдағыдай тапсырды.

Адамзатқа алғаш рет бетпе-бет келіп отырған пандемия әлемдік білім беру жүйесі үшін ауыр сынаққа айналды. Мектеп оқушылары мен жоғары оқу орнының студенттері дәстүрлі форматта білім алуы мүмкін болмай қалды. ЮНЕСКО-ның мәліметі бойынша 200-ге жуық мемлекеттің білім ошақтары жабылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пандемия уақытындағы білім беру жүйесіне байланысты «Білім беруді неғұрлым икемді ету керек, балалар мен студенттерді қашықтық режімінде оқытудың хаттамалары мен әдістемелерін әзірлеу, еліміздегі оқу орындарын іс жүзінде цифрландыруды аяқтау маңызды. Қазіргі заманғы қашықтан оқыту технологияларын жеделдетіп енгізу қажет. Алдымызда білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау, оларды қолжетімді және интерактивті ету міндеті тұр», деген тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында министрлік заңнамаға «қашықтан оқыту» ұғымын енгізді. Қашықтан оқыту жағдайында жұмыс істеу үшін мұғалімдеріміздің құзіреттілігін арттырды. Болашақ мұғалімдерді даярлауға арналған университеттік бағдарламалардан бастап, үздіксіз білім беру курстарына дейінгі барлық білім беру бағдарламасында қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған жұмыс істеу әдіснамасы, педагогикалық технологияларға, сонымен қатар IT-құзіреттіліктер бойынша да арнайы модульдер енгізілді. Аз ғана уақыттың ішінде жасалған білім беру жүйесіндегі осындай реформалар білім сапасын төмендетпеуге ықпал етеді.

Пандемия жағдайында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушы-профессорлары бірқатар жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес MOOCs, Coursera онлайн курстардан өтіп, біліктіліктерін арттырды. Platonus ақпараттық жүйесінде «Тапсырмалар» және «Онлайн Прокторинг жүйесі» лицензиялық модульдері сатып алынды. 3 мыңнан астам бейнедәрістер дайындалып, университет серверіне орналастырылды. Қазіргі кезде «МИСиС» Ұлттық зерттеу техникалық университеті (ҰЗТУ) Edcrunch University орталығымен бірлесіп, жаппай білім беру онлайн курстарына (МООК) дайындалуда.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің бастамасымен қабылданған 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, ғылымды қаржыландыруды 2025 жылға қарай ІЖӨ-нің 1%-на дейін ұлғайту жоспарланған.

Ғылымды республикалық бюджеттен қаржыландыру соңғы екі жылда екі есеге өсіп, 2020 жылы 50,1 млрд теңгені құраса, 2021 жылғы көрсеткіш 71,6 млрд теңгеге дейін өсті. Егер бұрын гранттық қаржыландыру конкурсы 3 жылда 1 рет өткізілсе, 2020 жылы 5 конкурс өткізілді.

Бұл өз кезегінде университеттегі ғылыми жобаларды қаржыландыру деңгейінің елеулі өсуіне әкелді. Мысалы, ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыруы негізінде 2020 жылдың қыркүйек айынан бүгінгі күнге дейін, яғни 9 айдың ішінде 11 жоба ұтып алынды. Бұл былтырғымен салыстырғанда 20%-ға артық. Жалпы, гранттық қаржыландыру сомасы 250 млн теңгені құрайды. Одан бөлек, облыстық бюджеттен бөлінген қаражат негізінде (28,1 млн теңге) 3 жоба бойынша археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Мемлекет басшысы өткен жылғы халыққа арнаған Жолдауында ел ғылымын дамытуға ерекше назар аударғаны белгілі. Үкіметке жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету және «Жас ғалым» жобасы аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу үшін 1000 грант бөлу жөніндегі тапсырмасы қазіргі кезде орындалу үстінде. Бұл – отандық ғалымдарға деген үлкен қамқорлық. Олардың ғылыми-шығармашылық жұмыспен айналысуына жасалған мүмкіндік.

Академиялық дербестік университетке білім беру бағдарламалары мазмұнының 80%-ын жұмыс берушілердің талаптары мен білім алушылардың мүдделерін ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Басқару жүйесіндегі өзгерістер жұмысқа қабылдау, мамандықтар мен даярлау бағыттары бойынша студенттер контингентін қалыптастыру, ЖОО-лардың академиялық құрылымын анықтау мәселелерін өз бетінше шешу мүмкіндігіне бағытталған.

Жоғары оқу орындарына практик қызметкерлерді көбірек тарту қажеттілігіне, сонымен қатар білім беру сапасын арттыруға және оны практикаға бағдарлауға байланысты университет өндірістен практик мамандарды тартуды басты назарға алып отыр. Бүгінгі күні өндірістен 35 басшы мен қызметкер

жұмыс істейді, бірнеше білім беру бағдарламасы бойынша практик мамандар дәріс оқуға шақырылған. ҚР БҒМ 2021-2024 жылдарға жариялаған өңірлік университеттерде «Академиялық үстемдік орталығын құру» конкурсына «Химия, жасыл технологиялар, жаңартылатын энергия көздері, педагогикалық және сабақтас ғылымдардың ғылыми-инновациялық орталығы» жобасын ұсындық. Осы жоба аясында ірі 8 оқу-ғылыми зертхана ашу жоспарланып отыр.

Мемлекетіміздің басты капиталы – ел болашағы болатын жастар. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруге, яғни одан бұрын жаңғырып отыруға тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», деген болатын. Қазіргі Білім және ғылыми министрлігі тарапынан жасалып жатқан реформалардың мақсаты – кемел келешегімізді, жарқын болашағымызды жасайтын рухани жаңғырған, саналы ұрпақ тәрбиелеу екені сөзсіз.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма төрағасы – ректоры**

**«Егемен Қазақстан» газеті, 13.07.2021ж.**

## ТАРИХЫ БАЙ ТАҒЫЛЫМ

Жоғары білім берудің іргетасы Қазақстанда ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қалана бастады. Алғашқы жиырма жылға жуық уақыт ішінде еліміздегі жоғары оқу орындарының саны 12-ге жетті.

Соның бірі корей халқын Қиыр Шығыстан жер аудару туралы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1937 жылғы 21 тамыздағы қаулысы бойынша Қызылорда қаласына көшірілген Қиыр Шығыс Корей педагогикалық институтының негізінде құрылған Қызылорда педагогикалық институты болатын. Бүгінгі Қорқыт ата атындағы Қызылорда универ ситетінің іргетасы осылайша қаланды. Сыр өңірінде педагогикалық жоғары оқу орнының ашылуы сол кезеңде тарихи маңызы зор оқиға еді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті бабалардан мирас болып жеткен білім мен ғылымның бүгінгі мұрагері десек болады. Осы жылдар ішінде университет мамандар даярлауда өзіндік дәстүрі қалыптасқан іргелі жоғары оқу орнына айналды. Қазіргі кезде университет бакалавриаттың 60, магистратураның 30, PhD докторантураның 9 мамандығы бойынша мамандар даярлайды. Университеттегі тарихы ең бай «Экономикалық теория және мемлекеттік басқару» кафедрасы 1937 жылы құрылған. Кафедраның негізгі ғылыми бағыты – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы: мәселелері мен мүмкіндіктері. Профессор-

оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бірнеше отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда жарық көрді. Алға қойған міндеттердің бірі – ел экономикасы мен оның өңірлері, халық шаруашылығы мен оның салаларын, мемлекет пен оның аумақтық құры лымдарын басқару салаларында кәсіптік құзіреттілік пен сапалы жоғары білімді тұлғаны, заманауи жаһандық үдерістерді талдай алатын мамандарды қалыптастыру. Білім ордасының түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада қызмет атқаруда. Олардың арасында Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, өнер және мәдениет майталмандары, ғылым мен спорт саңлақтары бар. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті адами капиталдың құндылығын жақсартуға, ең алдымен жастардың білім деңгейін көтеріп, бәсекеге қабілетті маман даярлауға аса мән береді. Алдағы уақытта да бұл құрметті миссияны абыроймен атқаратынына сенімдімін.

**Қамар БЕКЕТОВА,**
**экономика ғылымдарының кандидаты,**
**қауымдастырылған профессор**

**«Сыр бойы» газеті, 17.07.2021ж**

## БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық білім мен ғылым жүйесінің бәсекеге қабілетін дамыту бойынша нақты міндеттерді белгілеп, ауқымды іс-шаралардың қалтқысыз орындалуын жіті назарында ұстап келеді. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің бастамасымен қабылданған Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы кезең-кезеңімен нәтижелі жүзеге асырылуда. Сондай-ақ 2020 жылдың тамыз айында министр Асхат Аймағамбетов жоғары білім беру жүйесін одан әрі жаңғыртуға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болатын «Жоғары білім беруді дамытудың дағдарысқа қарсы үш қадамды жоспарын» жариялады.

Бағдарламалық құжаттың негізгі басымдығы – жоғары оқу орындарының академиялық дербестігін кеңейту. Яғни білім беру бағдарламаларының мазмұны 80 проценті жұмыс берушілердің талабы мен білім алушылардың мүдделерін ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде қалыптастырылады.

Келесі басымдығы – басқару жүйесіне өзгерістер енгізу. Жұмысқа қабылдау, білім беру бағдарламалары (БББ) мен даярлау бағыттары бойынша студенттер контингентін қалыптастыру, академиялық құрылымды анықтау мәселелерін дербес шешуге бағытталған.

Тағы бір маңызды басымдық – жаңа қаржыландыру механизмін қолдану. Бюджеттік және бюджеттен тыс қаражатты тиімді пайдалануды жүзеге асыруға, сондай-ақ материалдық-техникалық базаны нығайтуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары жоғары білім жүйесіндегі көптеген жаңалық орын алды. Мәселен, оқу орындарының өзіндік үлгідегі диплом беруі, білім алушыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік стипендияның мөлшері ұлғаюы секілді қадамдар Сыр өңіріндегі іргелі білім, ғылым, мәдениет орталығы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің жүйесін де қамтиды.

Университет мемлекеттің білім және ғылым саласындағы даму бағыттарын барынша қамтыған өз стратегиялық жоспарын түзіп, соған сәйкес ауқымды жұмыстар атқаруда. Қазақстандағы байырғы оқу орындарының санатындағы университет биыл, яғни 84-ші оқу жылын үлкен жетістіктермен қорытындылауда. Аккредиттеу және рейтинг Тәуелсіз агенттігі (АРТА) 2021 жылы өткізген ЖОО-ның Ұлттық рейтингісі қорытындысында ҚР ЖОО Бас рейтингісінің ТОП-20 университетке еніп, 7 орыннан көріндік. Бұның алдында 2 жыл қатарынан университет 9-орынды иеленіп келген еді. АРТА рейтингінде 12 білім беру бағдарламамыз бірінші үштікке еніп отыр. Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз агенттігінің (НАОКО) рейтингінде былтырғы 13-ші орыннан биыл 8 орынға көтерілдік.

Қазіргі таңда оқытушы-профессорлар құрамында 19 ғылым докторы, 168 ғылым кандидаты, 30 PhD доктор, 179 ғылым магистрі, 34 «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері қызмет атқарады. Биылғы оқу жылында ғалымдар арасынан 6 PhD, 3 қауымдастырылған профессор, 2 ғылым кандидаты, 1 «ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегері шықты. Рейтинг бойынша жоғары көрсеткішке ие болған профессор-оқытушылардың еңбек-ақыларына қосымша ақшалай үстемақы тағайындалады. Сондай-ақ биылғы оқу жылында оқытушылардың айлық жалақысын 25-40 процент аралығында ұлғайттық. Министрдің тапсырмасына сәйкес 2021-2022 жаңа оқу жылында барлық оқытушылардың айлық жалақысын тағы да өсіруге дайындық жұмыстары жүргізілуде.

2020-2021 оқу жылында білім алушылардың жалпы контингенті 6222 адамды құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде 1692, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім гранты негізінде – 77, ақылы негізде 4453 білім алушы оқиды. Бакалавриаттың 260 білім алушысына жеңілдіктер тағайындадық. Атап айтқанда, көп балалы отбасылардан шыққан 122 студентке оқу ақысына 25 процент, анасының алтын немесе күміс медалі бар көп балалы отбасылардан шыққан 35 студентке 50 процент, 6 «Алтын белгі» иегеріне 100 процент жеңілдік берілді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 386 білім алушы Қызылорда облысы әкімінің білім гранты есебінен оқуда. Ендігі мақсатымыз облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен бірлесе отырып, 2021-2022 оқу жылына грант санын көбейту. Қысқы сессиясының нәтижесімен университет бойынша 1654 білім алушыға мемлекеттік стипендия тағайындалды. Көзі нашар көретін және құлағы нашар еститін мүгедектігі бар білім алушылар – 75 процент, жетім

балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қамқорлығындағы балалар қатарындағы студенттердің стипендиясы салыстырмалы түрде 30 процентке көп.

Университеттің білім беру қызметінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, ғаламдық коммуникациялық желіге шығу. Бұл тұрғыда профессор-оқытушылар құрамы оқу үдерісін жүзеге асыруда цифрландыру үдерісіне толық тартылды. Олар пандемия жағдайында бірқатар MOOCs, Coursera, т.б. онлайн курстардан өтіп, біліктіліктерін арттырды. Ресейдің «МИСиС» Ұлттық зерттеу техникалық университеті (ҰЗТУ) Edcrunch University орталығымен бірлесіп, жаппай білім беру онлайн курстар (МООК) дайындалуда.

Өркениет өрісіне бастайтын халықаралық байланыстарды дамытудың қашанда маңызы зор. Бүгінге дейін 170 университет және ғылыми қауымдастықпен серіктестік байланыс орнатылды. Білім алушылар мен оқытушыларға дәріс оқу және кеңес беру үшін Ұлыбританияның UCL, Германияның Ахен, Сингапурдың Менеджмент, Шотландияның Эдинбург университеттерінен жетекші ғалымдары шақыртылып, дәріс жүргізді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 30-ға жуық студентіміз Польша, Болгария, Оңтүстік Корея университтерінде білім алуда.

Университетте аймақтық TOEFL орталығы ашылып, жұмыс жүргізуде. Орталықтың мақсаты – барлық ниет білдірушілерге TOEFL форматындағы халықаралық тестілеуден өту арқылы шетелдік жоғары оқу орындарына түсу үшін ағылшын тілін игеру деңгейін ресми растауға және ағылшын тіліндегі халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік беру. Бүгінге дейін 39 адам осы халықаралық тестті тапсырды.

Шетелдік талапкерлерді университетке оқуға шақыру мақсатында «Отандастар қорымен» арнайы іс-шаралар жоспары бекітілді. Бізде Қытай Халық Республикасынан, Өзбекстан, Түркіменстан және Моңғолия республикаларынан келген студенттер оқиды.

Халықаралық және республикалық ғылыми-зерттеу және шығармашылық конкурстарда 40-тан астам студент жүлдегер атанды. ҚР ЖОО арасында өткізілген XIII Республикалық студенттік пәндік олимпиадаларда университеттің білім алушылары I дәрежелі дипломдармен – 2 ББ, II дәрежелі дипломдармен – 4 ББ және III дәрежелі дипломдармен 7 білім беру бағдарламасы бойынша марапатталды. Республикалық пәндік олимпиада қорытындысы бойынша 13 білім беру бағдарламалары бойынша 31 білім алушы жүлделі орындарға ие болды.

Материалдық-техникалық базаны жаңарту мақсатында соңғы жылы 14 дана интерактивті панель және тақта, 238 дана компьютер, құрал-жабдықтармен қамтылған медиа орталығы және 20 млн теңгені құрайтын журналистика кабинеті, Студенттер сарайына соңғы үлгідегі LED-экран мен музыкалық аппаратуралар, робототехникалық конструктор, мобильді робот, квадрокоптер алынды. Университеттің серверлік жүйесі WindowsServer және LinuxUbuntu соңғы көшпелі операциялық жүйесіне ауыстырылды. Жаңа

VMware виртуалды серверін құру арқылы ақпараттық қауіпсіздік орнатылды. Интернеттің жылдамдығы 500Мбит/сек дейін көтеріліп, бейнедәрістер мен контенттержады көлемі 1 терабайттан асатын жаңадан алынған серверге сақталды. Барлық оқу ғимараттары мен жатақханалар Wi-Fi сымсыз желісімен қамтамасыз етілген.

Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі. Біле білсек, бұл бағзыдан бері өміршеңдігін жоғалтпай келе жатқан қастерлі ұғым. Білімді ұрпақ тәрбиелеген халық қана елін әлемдік өркениет көшінің алдына шығаратыны белгілі. Осы тұрғыда жаһандану үдерісі кезеңінде болашақ ұрпақ қандай болуы керек дегенге келсек, ол – ұлтымыздың салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын бойына сіңірген, таңдаған білім бағдарламасының қыр-сырын барынша меңгерген жоғары білікті кадр әрі кәсіби деңгейін әлемдік мәдениет, білім мен ғылымның ең озық жетістіктерімен үнемі жоғарылатып отыратын тұлға. Демек, сындарлы дәстүрден нәр алған, еңбек нарығындағы бәсекеге неғұрлым бейімделген креативті ұрпақ еліміздің жарқын болашағының кепілі болмақ.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры**

**«Ақмешіт апталығы» газеті, 20.07.2021ж.**

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРІ

Білім – кез келген мемлекет пен қоғамның бәсекеге қабілетті әлеуметтік және экономикалық өсуін қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі десек, нақты шындықты айтқанымыз.

Бүгінгі тез өзгеретін әлемде сыни ойлау қабілеті бар, өз бетінше әрі тиімді өмір сүре алатын тұлға сұранысқа ие.Осы әлеуметтік тапсырыс әлемдік білім беру кеңістігінде қалыптасқан заманауи трендтерге сәйкес қазақстандық орта және жоғары мектепті жаңғыртудың негізгі басымдықтарын айқындайды. Жаңғырту үдерісі қазіргі заманғы мұғалімдерді кәсіби даярлау проблемасымен тығыз байланысты.Олардың жүйелі түрде кәсіби өсуге дайындығы, өзгермелі әлеуметтік-педагогикалық жағдайларда тиімді жұмыс істей алуы, кәсіби маман бола білуі алдыңғы қатарға шығады. Бұл үздіксіз кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінің стратегиялық міндетін жүзеге асыруды, яғни педагогика, психология, әдіснаманың заманауи құзыреттіліктерін меңгерген жаңа буын педагогтерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Біз, педагогикалық қауым, атқарылған жұмыстың нәтижесін қоғам, мамандар, сарапшылар, сондай-ақ жұмыс берушілер бағалайтынын айқын түсінуіміз тиіс. Демек, ғалым-педагогтардың да, практиктердің де назарын XXI ғасырдың мұғалімін даярлаудың өзекті мәселелеріне аудару талабын уақыттың өзі қойып отыр.

Педагогикалық білім жеке тұлғаға бағытталған. Жоғары оқу орындарында педагогикалық кадрларды даярлау кезінде білім беру мазмұнының әртүрлі деңгейлері үш бағыт бойынша бөлінеді.Бірінші бағыт–педагогикалық білім беру бағдарламалары студенттерінде мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келетін білім мен дағдыларды қалыптастыруды көздейді. Екінші бағыт - оқытудың басты міндеті: «оқуға үйрету» ретінде анықталады.Үшінші бағытты «шығармашылық белсенділікті ояту және тәрбиелеу, жаңа білімге деген құштарлық» - деп айқындауға болады.

XXI ғасырдың мұғалімдерін даярлау процесінде психологиялық-педагогикалық практикада бар технологиялық тәртіптің әртүрлі теорияларын, мысалы: Чарльз Кулидің адамдар басқалардың оларды қалай бағалайтыны туралы көзқарасына негізделген «айнадағы шағылысудың әсері» теориясын; Эрик Эриксонның «Өзінің өмір жолында тұлға дағдарыстарды жеңуге байланысты даму сатыларынан өтеді» теориясын; Жан Пиаженің «Ойлау қабілеті тек тізбектелген кезеңдерден өткен сайын дамиды, олардың әрқайсысы жаңа танымдық дағдыларды игеруге ықпал етеді» теориясын; Лоренс Колбергтің «Тұлғаның ізгілік дамуы басқа адамдардың танымдық қабілетін дамытуды және сезімдерін түсінуді көздейтін бірнеше тізбектелген кезеңдерді қамтиды» теориясын негізге алу маңызды.Әрине, аталған теориялар әлі де өзекті, бірақ біз білім беру процесін білім берудің заманауи үрдістеріне сәйкес құруымыз керек.

Болашақта білім беру саласында қандай трендтер басым болады, алдағы айлар мен жылдарда мектептерде, колледждер мен ЖОО-ларда неге назар аудару және нені күту керек? Біріншіден, қазіргі білім беру үрдістері студенттерді осы процеске қызықтырудың жаңа жолдары мен тәсілдерін іздейді.Егер бұрын жаңа технологияларды пайдалану жеткілікті болса, қазір олармен ешкімді таң қалдыра алмайсың. Сондықтан, оқушы мен мұғалімнің рөлдерінің өзгеруі, түрленуі, тіпті кейде алмасуы тың идеялардың пайда болуына әкеледі.Білім беру саласында назар аударуды қажетсінетін осындай заманауи трендтер көп. Солардың ең маңыздыларына қысқаша тоқталсақ:

**Lifelong Learning трендi емесе өмір бойы оқыту қағидаты** көптеген ғасырлар бойы белгілі. Біздің дәуіріміздің басында-ақ Луций Анней Сенека бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған дәйексөз айтты: «Өмір қалай өтетінін ғасыр бойы жаса, ғасыр бойы үйрен». Ол XXI ғасырға дейін «өмір бойы оқу» деп қысқартылды, бірақ мәні сол күйінде қалды.Сіз әрқашан оқып, әрдайым өсіп, дамуыңыз керек, өйткені тоқырау деградациядан жақсы емес.Қазір үздіксіз оқыту өте танымал, адамдар өзін–өзі дамытудың маңыздылығын түсінді (себептер-жұмыста, жеке өмірде және т.б. тұрақты бәсекелестік). Ақпараттық ағым бізді 24/7/365 форматында қоршап алды.Жаңалықтар, оқиғалар, жаңа ашылулар: бәрі керемет жылдамдықпен жаңартылып, роботтар мен жасанды интеллект адамдарды алмастыра бастады.Бұрынғы білім ескірген, сондықтан әрдайым үйрену әрі қай кезде де оқу және өз дамуыңызда бір сәтке тоқтамау өте маңызды.

**Келесі тренд – білім беруді цифрландыру.**Өте ұзақ уақыт жүргізілген қағидатты заңды мәресіне жеткізу бағытында соңғы жылдары ғана ауқымды қадамдар жасалды, әсіресе, пандемия кезеңінде барлық білім беру мекемелері қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Бес жыл бұрын бұны көзге елестетудің өзі қиын еді.

Интернет ғаламдық желісі бүгінде әр үйде бар. **Осыдан тікелей туындайтын келесі қағидат**–интернет кеңістігіндегі курстардың, мектептердің және т. б. қызметтер санының есепсіз артуы. Білім беру жүйесіндегі осынау ғаламат өзгеріс оны дамытудың заманауи тенденцияларының бірі болып саналады.Өйткені, жаппай ашық онлайн-курстар: өзекті білім беру деректеріне адамдардың барынша көп санының қолын жеткізу, білім беру үдерісін ашық, интерактивті және қызықты ету сынды екі міндетті тиімді шешеді.

Жоғарыда аталған жаппай ашық онлайн-курстардың міндеттерінің бірі білім беруді геймификациялау.**Геймификация** – оқу үдерісінде оқушылар мен студенттерге soft skills-ті жетілдіре отырып, шығармашылық және бейімделгіш ойлауды дамытуға ықпал ететін ойындар мен ойын-сауық элементтерін енгізу, онсыз қазіргі әлемде өмір сүру мүмкін емес. Геймплей арқылы үйрену оңайырақ. Ойындар мен ойын-сауық білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, тіпті ағылшын тілінде «оқыту» және «ойын-сауық» - Edutainment сөздерінің бірігуінен пайда болған арнайы термин.

Геймификацияның бұл қағидаты білім берудегі келесі **«кеңейтілген және Виртуалды шындық» трендімен** тығыз байланысты болуы керек. VR (Virtual reality) және AR (Augmented reality) технологиялары білім беруде тиімді қолданылады, дұрыс көзқараспен олар мұғалім мен оқушыға процесті тереңдетуге, оны көлемді, ерекше және қызықты етуге мүмкіндік береді. Виртуалды және толықтырылған шындық білім беру ақпаратын қабылдау шекарасын арттырады, зерттелетін материалдың әртүрлі сәттерін, ерекшеліктерін, фактілерін көрнекі және кең бағалайды. VR және AR технологияларының әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдану теория мен практиканың біртұтас болуына ықпал ететіні сөзсіз.

Білім беру саласындағы **маңызды тренд «жобалармен белсенді жұмыс»** болып табылады. Егер бұрын студенттер көп уақытын үй тапсырмаларын орындауға, сондай-ақ семинарлар мен дәрістерге жұмсайтын болса, қазір бәрі өзгерді. Студенттерге келешек өмірде күтілетін жағдайларға жақын топтық тапсырмалар немесе жобалар жиі берілуде. Жобамен жұмыс істеу барысында студенттер болашақ жұмысында кәдеге асатын нақты тәжірибе алады, сондай-ақ сыни ойлауды үйренеді және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын дамытады, теориялық білімді практикада пысықтайды. Жобалармен белсенді жұмыстың мұғалімді қажетсіз және пайдасыз жұмыстан босататыны да белгілі.

Білім беру процесін тиімді ұйымдастырудағы маңызды тәсілдердің бірі – оқытуда инновацияларды белсенді пайдалану деп санаймыз. Осы тұжырымға сәйкес **бейімделгіш оқыту қағидаттарын қолдану** сияқты трендтің маңызы

мен мәніне қысқаша болса да тоқталған жөн. Көптеген жылдар бойы оқытушылар өз позицияларынан айырылғысы келмей, білім алушылардың өздеріне бейімделуін талап етті. Уақыт өте келе, AI (Artificial Intelligence) жасанды интеллектінің дамуы нәтижесінде оқытушылар, керісінше, өздерінің білім алушыларға бейімделуі қажеттігін түсінді.Білім беру процесін әр білім алушыға жеке-жеке, оның күшті жақтарын толық қолдана отырып, әлсіз жақтарын күшейте отырып бейімдеуге болады. Алайда, бейімдеу бағдарламалары өз дамуының шыңына жетті деп айтуға әлі ерте, таяу жылдары білім беру мекемелерінде осы трендті дамытуға ғалымдардың да, практиктердің де назарын аударған абзал.

Әрине, **Интегралдық тәсіл, Agile және Scrum әдіснамасы, Нейротехнология және Big Data** сияқты жаңа трендтерді немесе қағидаттарды білім беру саласына батыл ендіру қажет.

Білім берудегі және өмірдегі интегралды тәсіл пәнаралық оқытуды қамтиды. Университеттің алдында білікті және жоғары білікті сұранысқа ие кадрларды даярлаудың сапалы деңгейін қамтамасыз ету міндеті тұрғандықтан, пәнді әртүрлі жағынан зерттеуге мүмкіндік беретін пәнаралық дағдыларды дамытуға ерекше мән берудеміз.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындары өздерінің білім беру бағдарламасына эджайл (Agile) әдіснамалары мен скрам-тәсілдерді (Scrum) белсенді түрде енгізуде. Қысқаша мағынада, Agile-бұл бағдарламалық жасақтама өнімдерін жасау мен дамытуда қолданылатын көптеген «икемді» тәсілдерге арналған ұжымдық сөз. Кеңірек айтқанда, Agile ойлаудың белгілі бір тәсілі және осы тәсілдердің барлығын сипаттайтын ерекшеліктер. Егер біз неғұрлым кең тәсілге жүгінетін болсақ, онда Agile-ді тек IT саласында ғана емес, сонымен қатар білім беру саласында да жүзеге асыруға болады. Scrum Agile тәсілінің негізі, құрылымы ретінде қарастырылады. ЖОО-да оқу бағдарламасы семестрге есептелген. Scrum спринтинг қағидаттарына жүгінуге, жалпы мақсатты көптеназға бөлуге, содан кейін тапсырмаларды қоюға және қысқа мерзімде (1-2 апта) орындауға мүмкіндік береді. Нәтижелерді қысқа мерзімде алу, сондай-ақ жылдам рефлексия жоба жетекшісіне проблемаларға тез жауап беруге және бейімделгіш оқыту әдістерін қолдана отырып, командамен бірге шешуге мүмкіндік береді. Эджайл әдіснамасында адамдар мен олардың өзара әрекеттестігі ең маңызды, сондықтан бүкіл процесс командада жұмыс істеуге негізделген, жеке тұлға өз әріптестерінің көмегінсіз міндеттерді шеше алмайды. Топтарға 6-8 адам кіреді, олардың бірі көшбасшы болады,содан кейін тапсырмалар команданың барлық элементтері арасында бөлінеді, орындалу уақыты келісіледі. Бұл оларға оқу үдерісіне белсенді қатысуға ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынасты арттыруға және өзара көмек көрсетуді үйренуге мүмкіндік береді.

Agile әдісін қолдану кезінде топтық жұмыстан басқа, біз оқу үдерісін ұйымдастыруда шығармашылық немесе ойын тәсілін байқаймыз. Тапсырмаларды шығармашылық және ойын түрінде атқара білу – әдіснаманың ең маңызды элементтерінің қатарында. Agile және Scrum әдіснамасын қолдану

оқу нәтижелерін жақсарту мақсатында тұрақты диалогты ұйымдастыруға ықпал етеді. Егер дәстүрлі білім беруде оқытушы студенттің немесе оқушының білімін өзіндік жұмыс немесе қорытынды тестілеу нәтижелері бойынша тексерсе, онда Agile тәжірибесінде әр спринттен өткеннен кейін нәтиже мен процесс талқыланады. Мұнда сыртқы бағалаудың орнына, атап айтқанда оқытушының орнына, scrum командасының жұмысын ішкі бағалау маңызды рөл атқарады. Оқытушы енді студенттерден өз тобын бағалауды сұрайды, осылайша студенттерге кері байланыс беру және жобаларға жауапкершілікпен қарау сияқты дағдыларды дамытуға септігі тиеді.

Классикалық білім беру стилінде оқытушы іс жүзінде орталық, бақылаушы рөл атқарады, орталықта және барлық процестерді басқарады.Эджайл нұсқасында бәрі басқаша, оқытушы тек көмектеседі, түзетеді, бірақ процесті толығымен басқармайтын скрам-шеберге айналады. Ол көшбасшы емес, көмекші және кеңесші ретінде әрекет етеді. Оған әр студентті оқу үдерісіне тарту, мотивацияны сақтау, жойылуына жол бермеу, сонымен қатар бірегей және интерактивті жобаларды құру, бағыттау және бағыттау үшін бәрін қалай жасау керектігі туралы міндеттер қойылады.

Нейротехнологиялардың дамуы және қазіргі әлемдегі Big Data маңыздылығы таяу жылдары адам өмірінің білім беру саласын да қамтиды деп ойлаймыз. Нейротехнологиялар студенттердің назарын мүмкіндігінше ұзақ сақтау үшін ақпаратты оқу үдерісіне сауатты біріктіру үшін қолданылады. Big Data бәрін талдау және білім беру үдерісін жақсарту мақсатында жиналған ақпарат негізінде қорытынды жасау үшін ақпараттың килотоннасын өңдейді. Университеттің білім беру және ғылыми қызметі білім берудегі дамып келе жатқан трендтерге сәйкес жүргізілуде.

Студенттің болашақ жоғары білімді кадр ретінде заман талабына сай кәсіби міндеттерді ғана емес, өмірлік міндеттерді де шешуге дайын болуына қалай қол жеткіземіз? деген сұрақ өте өзекті. Аталған мәселені шешудің келесі тәсілдерін ортаға салсақ. Бірінші, оқытуда инновацияларды белсенді пайдалану. Инновация, бір жағынан, оқытушының жұмыс әдістерін, оқытушы мен студенттің қарым-қатынасын өзгертеді, ал екінші жағынан, инновация оқытушының ой-танымын өзгертеді, оқытушылардың да, студенттердің де практикалық іс-әрекетінің философиясына айналады. Біз өз университетімізде инновациялық білім беру ортасын құру жұмыстарын қолға алдық.

Екінші, акмеологиялық білімге ие болу. Егер сіз студентке – болашақ түлекке/білікті кадрға сәттілік психологиясының мәнін, белгілі бір іс-әрекеттегі жеке және әлеуметтік жетістіктердің негіздерін, шындық (акмеологиялық) даму қағидаттарын, көшбасшы қасиеттерін қалыптастырудың алғышарттарын түсінуге үйретсеңіз, кадрды осы форматта даярлау процесі тиімді болады. Бүгінгі таңда жоғары мектепте болашақ мұғалімнің акмеологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін психологиялық-акмеологиялық қызметті құру қажеттілігі туындауда. Университетте келер жылы құрылатын STEM EDUCATION жөніндегі зертханалар жоғарыда аталған міндетті іске асыруға мүмкіндік бермек.

Үшінші, оқу сапасы мен оның нәтижелерін жақсартуға ұмтылу (performance improvement). Біз оқыту әдістемесі, білімді игеру туралы көп айтамыз, бірақ білім берудің нәтижесі, әсері, қайтарымы да байқалуы қажет. Жоғары білім беру аясында студенттер практикалық нәтижеге қол жеткізуге үйренеді. Мұнда ғылымның әртүрлі салаларынан келетін оқыту әдістерінің сапасы маңызды рөл атқарады. Оқыту барысында студенттердің бұрыннан бар білімі мен дағдыларына назар аударып, олардың алдына кәсіби қызметте ғана емес, сонымен қатар тәуелсіз өмірде де қажет болатын күрделі міндеттер қойылуы керек.

Біздің ойымызша, университет педагогикасының мәні студенттердің Метатанымы мен олардың одан әрі жұмысқа орналасуының өзара байланысына негізделуі тиіс. Метакогнитивті құзыреттілікті меңгеру-студенттің еңбек жолында бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз етеді. Жұмыс берушілердің көзқарасы бойынша бұл өте маңызды детерминант. Белгілі ғалым Питер Найттың пікіріне жүгінсек кәсіби жарамдылық «бұл жұмыстың болуы емес, оны сақтау мүмкіндігі». Әрине, осы тұрғыдан алғанда, Мета-таным педагогикасы туралы идея бізден, университет оқытушыларынан студенттің білім алуға, білуге деген ұмтылысын оның ішкі мотивациясына, өмір салтына айналдыру мақсатына жауап беретін білім беру қызметін құруды талап етеді. Болашақ мұғалімдер үшін жеке тұлғаның танымдық қызметін реттейтін метакогнитивті процестерді енгізу де маңызды қадам.

Төртінші, конструктивистік оқыту теорияларына негізделген білім беру трендтерінің табысты дамуы қазіргі заманғы педагог-түлектен оқыту мен оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануды талап етеді. Сондықтан, Интернетте бар әлеуметтік желілерді, платформаларды пайдалану арқылы оқыту бағдарламаларымен жеткілікті түрде қамтамасыз ете алатын мұғалімді даярлау өзекті. Блогтар, Wiki, подкасттар, әлеуметтік бетбелгілер және тіпті Youtube—мұның бәрін оқытуда, әсіресе цифрландыру және киберкеңістікті дамыту жағдайында қолдануға болады. Осы бағытта болашақ педагогтардың БББ жаңарту, «Киберпедагогика», «Цифрлық білім беру ортасының педагогикалық дизайны», «Педагогикалық анимация» элективті курстарын енгізу қажет. БББ-ға «Педагогикалық аксиология», «Метатаным педагогикасы», «Экологиялық педагогика», «Экологиялық психология», «Музей педагогикасы», «Музыкалық педагогика» сияқты пәндерді енгізу де болашақ педагогтер үшін пайдалы. Олар ізгіліктің, бейбітшіліктің және Отанға, қоршаған ортаға, сұлулыққа деген сүйіспеншілік тәрізді жалпыадамзаттық құндылықтарға жаңа көзқарастар қалыптастырады.

Бесінші, университет қызметінде деңгейлік бағдарламалар бойынша жаттықтырушыларды даярлау тұрғысынан «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің білікітілігін арттыру институтымен ынтымақтастықтың орны ерекше.

Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың жаңа бағдарламалары бойынша оқыту үш деңгей бойынша жүргізілетіні белгілі - 3 (базалық), 2 (негізгі), 1 (ілгері). Бұл бағдарлама жұмыс тәжірибесіне 7 модульді енгізу

арқылы іске асырылады: 1. Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыни ойлауға үйрету. 3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Оқыту мен оқытуда АКТ қолдану. 5. Дарынды және дарынды оқушыларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту. 7. Оқытудағы көшбасшылық және басқару. Барлық модульдер бір-бірімен байланысты және бір модульдің идеялары екіншісіне ауысады. Бұл жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарындағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын түбегейлі жаңарту және оларды модульдік жоспарлауға көшіру қажеттілігін көрсетеді.

Білім берудегі жоғарыда аталған заманауи трендтерді ескере отырып, болашақ педагогты мақсатты даярлауды жүзеге асыру – университет миссиясының ең негізгі басымдықтары қатарында.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**филология ғылымдарының кандидаты,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры**

**«Сыр бойы» газеті, 13.08.2021ж**

## «ЖЕРҰЙЫҚТЫ» ОҚЫҒАНДА

**Қолымда Серікбай Иманбайұлы Қошқаров ағамыздың «Жерұйық» атты кітабы. Парақтап шыққаннан кейін, кейбір ойларым мен пікірлерімді қағазға түсіргенді жөн көрдім. Кітаптың жарық көруі дегеніміз – түптеп келгенде, үлкен қоғамдық оқиға. Сондықтан жарық көрген кітапты оқып, оған пікір айту әрбір зиялы азаматтың міндеті деп ойлаймын.**

Жалпы жазу жұмысы, біздің түсінігімізше, «еріккеннің ермегі емес», қиямет-қайым жұмыс. Сөйлеу бір басқа, жазудың мехнаты бөлек дүние. Сөйлегіштердің бәрі жаза алмайды. Жазу – шығармашылықтың ең бір нәзік әрі күрделі құбылысы болатыны сондықтан.

Бірде жас жазушы ұлы суреткер Лев Толстойдан «қалай жаман жазбауға болады?» деп сұрапты. Лев Толстой: «Жазбауға мүмкіншілігің болса, жазба» деп жауап беріпті. Тағы бірде сол жазушы Л.Толстойдан «Қалай жақсы жазуға болады?» деп сұрағанда, ұлы суреткер «Жазбауға мүмкіншілігің қалмаған кезде жаз» – деп жауап берген екен.

Осы айтқандай, Серікбай Иманбайұлы да «жазбауға мүмкіншілігі қалмағасын» қолға қалам алып жүргенін түсінемін. Әдетте жазу жұмысына гуманитарлық, қоғамдық ғылымдар мамандары жақындау келетін сияқты еді, ал Сәкеңнің мамандығы – техникалық. Ол техника ғылымдарының докторы, профессор. Бұл жерде әңгіме жалпы жазу жайында емес, көркем шығармашылық – үлкен өнер жайында болып отырғанын еске сала кетейік.

Көркем шығармашылық өнерге, әрине, кез келген адам бара бермейді. Әдебиет теориясынан, көркем шығармашылықтың табиғаты мен психологиясынан біраз хабарымыз бар болғасын, басқа мамандық иелерінің көркем шығармашылық ісіне баруына таңырқап қарайтынымызды жасырмайық.

Серікбай ағамыз өмірде барынша жақсы адам, зерделі ғалым, ағалардың болмысында іні қызығарлықтай, арқасүйерліктей қасиеттердің болғаны қандай ғанибет?! Әр қадамын санап басып, сыз жерден аттап өтетін ақылды Сәкеңнің бойында ғалымдығына қоса суреткерлік талант та бар екен. Ғылым бір басқа да, шығармашылық өнер бір басқа. Біздіңше, ғалым болу үшін, таудай талаптан бұрын талғампаз талант керек. Нағыз ғалымның бойында ойға тереңдік пен сезімге сергектік, қажымас қайраттылық пен шыңдалған шыдамдылық, жан тазалығы мен рух биіктігі тұтаса көрінуі тиіс болса, Серікбай Иманбайұлы бұл қасиеттерден құралақан емес.

Сәкеңнің жазып жүрген публицистикалық шығармаларын, очерктері мен мақалаларын оқып, олар да көтерілген әр алуан ұлттық мәселелердің, адамдар қарым-қатынастарындағы, психологиясындағы қалыптасқан кейбір келеңсіз жайлардың, мінез қалыптарының астарына үңіліп, оларды шешудің жолдарын нұсқаған, мегзеген өткір ойлар мен сергек те сарабдал сезімдердің Сәкеңнің публицистік қаламынан тәп-тәуір төгілгенін оқып, қуанып жүруші едім, Сәкең көркем әңгіме жазыпты дегенді естіп, сәл тосырқап қалғаным рас.

Азаматтық, ұлттық мәселелерді ту қылып көтеріп, адамтану мен қоғамтануға үлес болып қосылатындай саяси-әлеуметтік, саяси-философиялық очерктері мен мақалаларын жазып жүре бергенде ғой деп бір сәт ойланып қалғаным бар. Екеуара әңгіме арасында бұл ойымды Сәкеңнің өзіне айтып та қалғам. Сабырлы Сәкең менің айтқан «сыныма сыр бермеді, қалай қабылдағанын» сездірмеді.

«Жерұйықтағы» «Сенім қайырымы» – көркем әңгіме. Әңгімедегі Жұман, Түлкібай, Сержан, Әнуар мен Нұрландардың өмірде өзіміз көріп, араласып жүрген адамдардың өнердегі болмысы, типтендіріліп жасалған жиынтық бейнесі екені даусыз. Бұл кейіпкерлердің кейбірінің болмысы қараңғыда шам жаққандай оқырмандарды ынтықтыра түсіп, жандарына жарық түсіретіндей әсерлі болса, кейбірі адамды шошытатындай, өзінен оқырманды безіндіре түсетіндей әсер қалдырады. Өкінішке орай, өмірде Жұмандар аз, Түлкібайлар көп. Өмір осы типтердің тартысынан тұрады. Өтірік пен шындықтың, адалдық пен арамдықтың, әділдік пен әділетсіздің арасындағы күрес пен тартыс – өмірдің шындығы осындай. Бұрын да солай болған, қазір де солай, алдағы уақытта да солай бола бермек.

Сәкеңнің басқа әңгімелерінде де: «Өзгеру», «Басты парыз», «Көліктер кеңесі», т.б. оқырманға ой салатын іс-әрекетімен, өмірлік ұстанымдарымен бір-бірінен ерекшеленетін әдеби бейнелер бар. Өмірдегінің бәрін өнерден таба алмасымыз анық бола тұра, өнердің бейнелеуінде өмірді тани түсетінімізді жоққа шығара алмаймыз.

Серікбай Иманбайұлы өзінің әңгімелерінде өмір шындығына көз жұмып қарамай, оқырмандарына ой салады, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді. Бұл Сәкеңнің әдебиеттің ұлы мақсаты өміртану мен адамтануға қоғамның белсенді мүшесі тұрғысынан азаматтық тұғырдың биіктігін көрсетуі мен үлес қосуы деп ұғамыз. Осы жолда Сәкең өзінің бір қыры – жазу өнерін де нәтижелі пайдаланған. Мөлтек сыр тыңдағандай әдемі әсер қалдыратын Сәкеңнің әңгімелері қысқа да нұсқа, оқырманның ойын тереңдетіп, жанын жадырататын әдемі дүниелер болып шыққан.

**Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,**
**Қазақстанның еңбек сіңген қайраткері,**
**филология ғылымдарының**
**докторы, профессор**

**«Сыр бойы» газеті, 19.08.2021ж**

## БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН БАЙЫПТЫ ЖҰМЫСТАР

Жоғары білім беру тиімді жұмыс істеуінің нәтижесі ел экономикасының табысты дамуының кепілі. Соңғы жылдары білім беру сапасын және жоғары оқу орындары қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталған реформалар кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Ең бастысы – еңбек нарығында сұраныс бар мамандыққа ие болу. Бұл, әсіресе, ақпараттық технологиялар, өндірісті цифрландыру және компьютерлендіру дәуірінде өзекті болмақ. Таяу болашақта қазіргі мамандықтардың 50 пайызына сұраныс болмайды. Сондықтан, уақыт талабына сай болу керек» – деп, жоғары білім жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойғаны белгілі.

Осы ретте, кеше елдордада өткен «Білім мен ғылым – елдің тұрақты дамуының кепілі» тақырыбындағы педагогтердің Рспубликалық тамыз конференциясының пленарлық сессиясының маңызы ерекше болды деп ойлаймын. Ұстаздар басқосуын ашқан Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Қ.Аймағамбетов отандық жоғары білім беру жүйесін әрі қарай өркендету басымдықтарына кеңінен тоқталды. Асхат Қанатұлы ЖОО-ның тиімді цифрлық стратегиясын және дуалды оқыту жүйесін дамыту, академиялық артықшылық орталықтарын құру, жасы келген азаматтар үшін өмір бойы оқыту ортасын жасау, ЖОО ректорларының рейтінгін ендіру, сапаны қамтамасыз ету жүйесін мемлекеттік реттеу, тағы да басқа алда жасалатын қадамдар бағдары мен енгізілетін құралдар түрлерін белгілеп берді.

Сондай-ақ, облыс орталықтарында орналасқан университеттердің, негізінен, сол өңірдің экономикасы мен әлеуметтік салаларын дамытуға бет бұруы қажеттігін қадап айтты. Расында, еліміздің әр өңірінің дамуын университеттерсіз көзге елестету қиын. Бұған көз жеткізу үшін Қорқыт Ата

атындағы Қызылорда университетінің білім беру қызметіндегі жетістіктер мен жаңалықтар жөніндегі мәліметтермен қысқаша бөлiскім келеді. Өткенді байыпты қорытындылау қашанда болашақты баянды етудің берік негізі.Өткен оқу жылында, яғни 2020-2021 оқу жылында университетте бірқатар жаңа бастамалар көтеріліп, игілігі мол істер атқарылды. Ең маңызды жаңалық-түлектерге өзіндік үлгідегі диплом беру. Тұңғыш университет дипломдарын 1500-нан астам түлекке тапсыру, әрине, ЖОО-ға зор мәртебе. Түлектерге жаңа техника, саладағы жаңа тәуекелдер мен мүмкіндіктер талап етілетін жаңа дағдыларды игерту қажеттігі күн тәртібінде өткір тұр. Білім беру бағдарламасы (БББ) ішіндегі біліктілік талаптары деңгейінің өзгеруі білімі бар және біліктілігін арттыруды жоспарлаған адамдар үшін пайдалы.

Қызылорда облысының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін экономикасы мен әлеуметтік салаларына мерзім-мерзім жүргізілген мониторинг пен талдау нәтижесінде аймақтың инновациялық кадрларға және мамандықтарға сұранысы анықталды, бұл BTS Education компаниясымен жұмыс бастауға және облыстың Жаңа мамандықтар атласын қалыптастыруға триггер болды. Академиялық бағдарламаларды күшейту, жаңарту және жаңаларын әзірлеу бойынша 2021 жылдың ақпаны мен мауысымы аралығында университетте «Ұлттық Ұстаз Онлайн Академиясы» сарапшыларын шақыру арқылы «Инновациялық-кәсіпкерлік университеттің академиялық бағдарламаларының жаңа архитектоникасы» тақырыбында оқыту семинары және академиялық бағдарламалардың аудиті өткізілді.

Семинар қорытындысы бойынша 7 инновациялық білім беру бағдарламасы (Цифрлық журналистика; Ұшқышсыз ұшу аппараттары; Қаржылық технологиялар; Агрохимия және агротопырақтану; Басқарудағы цифрлық трансформация; Бизнес аналитика; Цифрлық дизайн) және 2 бірлескен білім беру бағдарламасы (Құрылыс инжинирингі (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ); Физика (магистратура, РФ Дубна университеті) әзірленгені үлкен жетістігіміз. Енді осы бағдарламаларды кезең-кезеңімен енгізетін боламыз.

Бекітілген жаңа кәсіби стандарттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары негізінде барлық даярлау деңгейлері бойынша 95 білім беру бағдарламасы жаңартылды. Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) мен (немесе) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша (Minor) пәндерді оқытуда білім алушының дербес траекториясын қалыптастыруға байланысты БББ трансформациялау және мазмұнын жаңарту нәтижесінде бакалавриаттың қолданыстағы бағдарламаларының саны 78-ден 65-ке дейін қысқарды.

Жаппай ашық онлайн-курстар (МООК) әзірлеу мақсатында РФ «МИСиС» ұлттық зерттеу технологиялық университетінің Edcrunch University орталығымен жолға қойылған ынтымақтастықтың берері көп. Өнеркәсіппен және еңбек нарығымен әріптестік қатынастарын дамыту аясында 38 білім беру бағдарламасы бойынша дуалды оқыту элементтері енгізіліп, өндірістегі цехтарда, зертханаларда практикалық сабақтар өткізілуде. Университет кафедраларының өндірістерде 91 филиалы (оның ішінде 29-ы соңғы 2 жылда

ашылды) бар. Практика базаларымен жасалған келісімшарттың білім беру процесіне тартылатын практик-мамандардың санын көбейтуге тигізетін ықпалы тұрақты.

2020-2021 оқу жылында университеттің 742 қызметкері біліктілік арттыру курстарынан өтті. Білім алушылардың, оқытушылар мен қызметкерлердің ағылшын тілін білу деңгейін көтеру мақсатында деңгейлер бойынша ағылшын тіліне оқыту курстарын тегін ұйымдастырдық. Атқарылған жұмыстардың магистратура мен докторантураға түсушілер санын арттыратынына күмәніміз жоқ. Сөзіміз жалаң болмас үшін 2020 жылы университет докторантурасына тек 3 оқытушымыздың, магистратурасына – бакалавриаттың 210 түлегі қабылданғанын, 2021 жылы докторантураға – 20 оқытушымыздың, магистратураға – 370 бакалавриат түлегінің құжат тапсырғанын айтсақ та жеткілікті.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы студенттерінің кәсіби дағдыларын қалыптастыру, оларды сертификаттау және еңбекпен қамту мақсатында университетте үстіміздегі ашылған «Абырой» мемлекеттік қызмет мектебі 25 түлекке сертификат берді. 2021 жылдың қаңтарынан бастап университетте педагогикалық білімі жоқ, сәйкес бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш кірісуші кәсіби білімі бар тұлғаларды педагогикалық қайта даярлау жүргізілуде.

Өмір бойына оқу тұжырымдамасын іске асыру үшін университетте Қосымша білім беру орталығы ашылды. Орталық барлық ниет білідірушілерге: Чемпиондар Лигасы (шахмат, дойбы, тоғыз құмалақ), Дарындылар бояуы (сурет салу және дизайн), Шеберлер қаласы (киім пішу және тігу), Медиа орталық (шешендік өнер), Ғылым қалашығы (web әзірленім), Технопарк (робототехника), Тілдер академиясы (ағылшын, араб, қытай тілдері), Кәсіпкерлік клубы, Қаржылық сауаттылық клубы және тағы да басқа клубтарда қосымша білім алуды ұсынып отыр.

Қай ЖОО-ның да бай-қуаттылығы талантты білім алушылардың көптеп болуына да байланысты. 2020 жылы қаңтарда Рекрутинг орталығы ашылуы, «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп пәндік олимпиадалар өткізілуі, университет қабырғасында мектеп оқушыларымен түрлі шаралардың ұйымдастырылуы, студенттеріміздің мектептерде шефтік жұмыстар жүргізуі мемелекеттік грантқа түсушілердің санын арттырып отыр. 2019-2020 оқу жылында біздің бакалавриатқа мемлекеттік тапсырыс негізінде 396 талапкер оқуға түссе, 2020-2021 оқу жылында – 519, биылғы оқу жылында 795 түлек грант иегері атанды.

Жалпы білім алушылар контигенті 2019-2020 оқу жылында 5300 құраған болса, 2020-2021 оқу жылында 6242 өсіп, басталайын деп отырған оқу жылында 7000-ға жетпек. Бұл дегеніміз университетіміздің имиджі арта түскендігінің белгісі. Облыс әкімдігінің қолдауымен өңірімізде жүзеге асырылатын 22 инновациялық жобаға университет ғалымдары мен білім алушыларды тарту жоспарлануда. Ал, Білім және ғылым министрлігінің ғылым

саласындағы енгізілген жаңашылдықтарының арқасында ғалымдарымыз 230 млн. теңгеге ғылыми жоба орындауда.

Былтырғымен салыстырғанда қаржыландырылатын жобалар саны 20%-ға көбейгенін де айту ләзім. Өңірлерде білім, ғылым мен өндірістің интеграциясын тиімді жүзеге асыру, шетелдік ғылыми тағылымдамаға жіберу арқылы ғалымдардың деңгейін көтеру, өңірде орындалатын жобалардың сапасын арттыру мақсатында құрылған «Академиялық артықшылық орталығы» жобасы аясында университетте 8 заманауи зертхана ашылмақ. Жас ғалымдардың ғылыми ізденістеріне қолдау көрсету ісі де басты назарымызда. Биыл тұңғыш рет конкурстық негізде анықталған үздік 4 жобаға университет гранты бөлінді.

Елімізде алғашқы ашылған жоғары оқу орындарының ондығына кіретін 85 жылдық тарихы бар іргелі оқу орны Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жаңа технологиялар мен әдістерді өңір экономикасы мен ел мүддесі жолында тиімді пайдалана отырып, өркениетті дамуды-басты миссиясына балайды. Табысқа жетудің жолы оңай емес, бірақ бір арнаға тоғысқан-заманауи талап, биік мақсат, жасампаз еңбектің әрдайым көкжиегі кең болмақ!

**Бейбітқүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры**

**«Білімді ел» газеті, 24.08.2021ж**

## БІРЛІК. ТҰРАҚТЫЛЫҚ. ӨРКЕНДЕУ: КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Бүгін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бас оқу ғимаратының мәжіліс залында онлайн форматта ZOOM платформасында “Қазақстан Республикасының Конституциясы: бірлік, тұрақтылық, өркендеу” атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Шараны Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылым департаментінің директоры, география ғылымдарының кандидаты, профессор Қали Омаров ашты. Жиынға ZOOM-мен оқытушы-профессорлар, білім алушылар қатысып, еліміздің Ата заңына байланысты баяндамалар оқылды.

Философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамберліұлы баяндамасында біздің Қазақстан Республикасының Конституциясының ұстанымдары жайлы сөз қозғады. Конституция 4 ұстанымға негізделген. Бірінші ұстаным – қоғамдағы саяси тұрақтылық. Екіншісі – экономикалық даму. Үшінші ұстаным – Қазақстандық патриотизм, соңғысы – барлық мәселені референдуммен шешу екенін түсіндіріп, әр ұстанымға тоқталды. «Адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне ешкім қол сұға алмайды. Осыған орай, жастарға

Конституцияны жаттап, өз құқығын білуге, заңға сауатты болуға шақырамын», – деді Баймырза Қожамберліұлы.

Сонымен қатар, ҚР Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Ақзада Айдарқызы Конституцияның ережелерімен, құрылысы және құрылымымен таныстырды. Бұдан бөлек, PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті құқықтану кафедрасының аға оқытушысы Айнұр Жеңісқызы кәмелеттік жасқа толған барлық жастардың Конституция заңдарын қатаң сақтауға міндетті екенін ескертті.

Конференцияның соңында Қали Омаров барлық конференцияға қатысушыларды 30 – тамыз Конституция күнімен құттықтап, конференцияны қорытындылады.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің медиа орталығы**

**«Ақмешіт апталығы» газеті, 31.08.2021ж**

## ЖОЛДАУ ЕЛІМІЗДІ ӨРКЕНИЕТ ӨРІСІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСТЕРІНЕ БАСТАМАҚ

**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы елдің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына арналды.**

Мемлекет Басшысы Жолдауда өткен отыз жыл ішінде «Ең басты жетістігіміз-біртұтас ел болдық. Еліміз тұрақты қоғам құрып, орнықты даму жолына түсті» дей отыра, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз елімізді құрып, дамытудағы ерен еңбегін атап айтты.

Орталық Азиада көшбасшы болу, әлемдік экономикадағы орнымызды одан әрі нығайту ел дамуының басым бағыттары болып қала береді. Әлемді жайлаған пандемия кезінде қолға алынған байыпты шаралардың арқасында 150 мың жұмыс орны сақталып, бір миллионнан астам адам тұрғын үй жағдайын жақсартты. Іске қосылған қарапайым заттар экономикасы да аз уақытта өз өміршеңдігін көрсетіп отыр.

Жолдауда айтылған экономиканы барынша әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібі өнімінің экспортын арттыру, жер асты байлықтарының ресурстық әлеуетін толық ашу, т.б. нақты қадамдар ел дамуына жаңа мүмкіндіктер әкелетіні сөзсіз.

Агроөнеркәсіп кешенінде қордаланған проблемалар өз алдына бір төбе. Бұл орайда, Ел Президенті әкімдердің мал шаруашылығын жайылыммен қамтамасыз ету, ветеринария саласын дамыту, қолайсыз ауа-райының болуы мүмкін зардаптарының алдын алу, ауыл шаруашылығы нарығында баға

белгілеу, аграрлық саясаттағы сабақтастықты жолға қою мәселелеріне тоқталып, нақты тапсырмалар берді.

IT саласында 4.0 элементтерін батыл ендіру, заманауи технологиялар трансферті, жас мамандарды көптеп даярлау, Орталық Азиядағы цифрлық хабқа айналу елімiздiң цифрлық архитектурасын жедел өзгертетін болады.

Еліміздің басты байлығы-адам. Сондықтан, Жолдауда ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу қажеттігі баса айтылды. Осы ретте, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, биологиялық қауіпсіздік жүйесін құруға да ерекше көңіл бөлінді.

Білім және ғылым саласының адами капиталды дамытудағы орны қоғамға жақсы белгілі. Соңғы жылдары Мемлекет Басшысының тікелей қолдауымен бұл салаларда өршіл бастамалар қолға алынып, осының арқасында баршамыз бұрын-соңды болмаған сапалық өзгерістерге куә болудамыз. Осынау үрдісті жалғастыру аясында алдағы 3 жылда ұстаздардың еңбек ақысын өсіруге 1,2 трлн теңге бөлінетіні барша зиялы қауымның көңіліне қуаныш ұялатты десек, артық айтпаймыз. Жолдау осындай көптің көңілінен шыққан білім бағдарламаларын тез өзгермелі заман талабымен үндестіру, оқытушы-педагогтердің кәсіби біліктілігін 5 жыл сайын емес, енді 3 жыл сайын көтеру, оқушылар арасындағы ғылыми жобалар конкурстары мен олимпиада жеңімпаздарын тәрбиелеген педагогтерді марапаттау сияқты бастамаларға толы.

Жолдауда айтылған жетекші ғалымдардың жалақысын базалық қаржыландыру арқылы төлеу, ғылыми ұйымдарды тікелей қаржыландыру, гранттық қаржыландыру бойынша ұтып алынған жобаларды орындау мерзімін 5 жылға ұзарту. Ұлттық ғылыми кеңестер шешіміне апелляция институтын енгізу сынды құндылығы теңдессіз бастамалардың отандық ғылымның серпінді дамуын қамтамасыз ететіні күмәнсіз.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған бүгінгі Жолдауында еліміздің сындарлы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары егжей-тегжейлі сараланып, оларға қол жеткізудің жаңа мазмұнды жолдары көрсетілген. Сын-тегеуріндерден әрдайым бір адым алға жүру қағидатына негізделген Жолдау елімізді өркениет өрісінің жаңа белестеріне бастамақ.

**Бейбітқүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы**
**Қызылорда университетінің**
**Басқарма төрағасы – ректоры**

**«Сыр бойы» газеті, 02.09.2021ж.**

## ОБРАЗОВАННАЯ МОЛОДЕЖЬ – ЗАЛОГ БУДУЩЕГО СТРАНЫ

**Аман АБАСИЛОВ, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Кызылординского университета имени Коркыта ата:**

– Одно из приоритетных направлений политики Президента Касым-Жомарта Токаева – поддержка науки и образования. Не стало исключением и нынешнее Послание Главы государства «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны».

Определяя ключевые направления развития науки, Глава государства поручил внедрить прямое финансирование научно-исследовательских институтов, занимающихся фундаментальной наукой, а профильному министерству – разработать четкие и прозрачные правила отбора и финансирования таких научных организаций. Он также поручил обеспечить достойную оплату труда ученых, что позволит проводить инновационные конкурентоспособные исследования и привлекать в науку талантливую молодежь.

Своевременным является решение и об увеличении сроков грантов, который ныне составляет три года. Действительно сложно добиться значимых результатов за столь короткое время. Президент поручил рассмотреть вопрос увеличения сроков грантового финансирования науки до пяти лет. Также очень актуален вопрос о введении института апеляции. Много внимания уделено школьному образованию, повышению статуса педагогов, особенно учителей средних общеобразовательных школ. Если в прошлом году Президент говорил о строительстве 800 школ до 2025 года, то теперь поставил цель довести их число до тысячи. Не менее важно повышение квалификационной грамотности педагогов. Глава государства поручил пересмотреть ныне существующие правила и дать возможность учителям проходить курсы повышения квалификации раз в три года, а не в пять лет. Каждый педагог должен работать над уровнем своей профессиональной компетентности.

**«Кызылординские вести», 11.09.2021г.**

## ТЕҢІЗ ТАБАНЫНДАҒЫ ТІРШІЛІК ІЗДЕРІ

Қазіргі кезде ғалымдардың Арал теңізіне қатысты мәселелерге қызығушылығы қатты байқалады. Арал апатының зардабы тақырыбы аймақтық деңгейден әлдеқашан шығып кеткен. Бүгінде Қарақұм мен Қызылқұм шөлдерінің жалғасына айналатын жаңа Аралқұм шөлі пайда болуда. Кейбір сарапшылардың пікірінше, Арал теңізі қазіргі тартылу басталмай тұрып-ақ бірнеше рет кепкен және су деңгейінің өзгеруін циклдік деп атаған жөн.

Археологиялық және тарихи деректер не дейді? Біздің заманымызға дейінгі І мыңжылдықтың басында Әмудария Арал ойпатын толығымен толтырды. Сырдария да оған бір мезгілде ағып жатқандықтан, теңіз өзінің

максимальді деңгейіне жетті. Алайда, кейінгі тарихи кезеңдерде Әмудария суы батысқа қарай бірнеше рет Сарықамыс ойысына бағытталып, салдарынан Арал теңізі тартылып отырды. Біздің заманымыздың I мыңжылдығының ортасында – IV-VI ғасырларда теңіз деңгейі айтарлықтай төмендеген кез де болды. VII ғасырдан бастап XIII ғасырға дейінгі аралықта Әмудария ағысының бағыты қалпына келтіріліп, Арал теңізі қайтадан толды. Алайда, зерттеушілердің айтуынша, XIII ғасырдың басында моңғол шапқыншылығы кезінде өзеннің төменгі ағысындағы суландыру жүйелері бұзылып, Әмударияның ірі сағалық салалары қайта бұрылды. Келесі осындай өзгеріс шамамен Хорезмді Әмір Темір басып алғаннан кейін болды. Оның әскерлері каналдар мен су бұру жүйелерін толығымен бұзды. Ақыры Арал теңізі жағалауы кері кетті.

Бұл – шамамен XIV ғасырдың аяғы. Геологиялық зерттеулер көрсеткендей, Арал теңізі үнемі толып тұрған жоқ. Оның жоғары (трансгрессиялар) және төмен (регрессиялар) кезеңдері болды. Көлдің көлемі бірнеше рет және соңғы ғасырларда өте күрт өзгерді. Бұл ауытқулар Арал аймағының өмір салтына және адамдардың қоныстануына әсер етті. Тарихшылар теңіз туралы ежелгі қолжазбаларда айтады, ал араб тарихшылары мен географтары оны X ғасырдан бастап егжейтегжейлі сипаттап, Кердері, Хорезм немесе Жендт көлі деп те атайды. Шамамен сол уақытта ол ежелгі карталарда пайда бола бастады. Дереккөздерде күрт өзгерістердің бірнеше дәлелдері келтірілген: 1221 жыл – Шыңғыс ханның суару жүйелерін бұзуы, Әмударияның (Өзбой өзені арқылы) Каспийге бұрылуы; 1417 жыл – Арал теңізінің жоғалуы (Хафизи-Абру); 1573 жыл – Әмударияның Аралға қайта бұрылуы (Әбілғазы); 1627 жыл – «Книги большого чертежа» еңбегіндегі Көк теңіз. 2000 жыл – Арал теңізінің ортағасырларда тартылып кетуінің нақты дәлелі – «Кердері-1», «Кердері-2» кесенелері мен «Арал асар» қонысының табылуы.

Тамыз айында Қазақ-неміс университеті мен Германияның сыртқы істер министрлігінің «ESERA» жобасы аясында Арал теңізі аймағында кешенді зерттеулер экспедициясы ізденіс жұмыстарын жүргізді. Геоморфологтар, гидрологтар тобынан бөлек, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің археологтар тобы экспедиция жұмысына қатыстық. Зерттеу жұмыстарының басы – Арал қаласында орналасқан «Барсакелмес». Барлау жұмыстарының нәтижелерін айтпас бұрын, теңіз ұлтанынан табылған археологиялық нысандардың зерттелу тарихына тоқталсам. «Арал Атлантидасының» ашылуы «2000 жылы Арал теңізінің кепкен табанынан шыққан жәдігерлер жергілікті тұрғындарды дүр сілкіндірді» деп жазады алғаш зерттеулерін жүргізген археолог Т.Мәмиев. Арал өңірі халқы экологиялық күйзелісте отырғандықтан әрбір құбылысқа алаңдаушылық білдіріп ғалымдардың зерттеулерін талап етеді. Осылайша, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары мен студенттерінен құралған Арал экспедициясы белгісіз нысанға аттанады. Экспедицияға академик К.Байпақов, профессор, тарих ғылымдарының кандидаты А.Айдосов ғылыми жетекшілік жасаса, құрамында антрополог О.Исмағұлов, археологтар Т.Мәмиев, Е.Смағұлов, архитекторлар

А.Жүнісқожаев, Ж.Жылысбаев, эколог-жазушы С.Жұбатырұлы болды. 2001 жылы алдыңғы жағалау сызығынан 100-120 шақырым шегінген Арал теңізінің құрғақ түбінде тас пен күйдірілген кірпіштен салынған монументалды ғимарат табылды. Алғашқы ізденіс жұмыстары барысында кесене XII-XIV ғасырларға, кейінірек бұл мерзім нақтыланып, XIV ғасырға жатқызылды. Бұл жерде ортағасырлық қоныстың, үлкен ғимараттың жанындағы қорымның, тастан және күйдірілген кірпіштен салынған кесененің табылуы, қайтадан тартылып жатқан Арал түбіндегі археологиялық ескерткіштерге ғалымдар назарын аудартты. Ортағасырлық жазба деректерде Арал «Кердері теңізі» деп аталғаны белгілі.

Сондықтан, Арал теңізінің кепкен табанынан табылған бұл ескерткішке «Кердері» кесенесі деген атау берілген. 2001 жылы «Кердері-1» кесенесіне қазба салынды. 2004 жылы қазан айының аяғы мен қарашаның басында Ә.Марғұлан атындағы Археология институты мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті бірлескен археологиялық экспедициясы кешенді зерттеулер жүргізді. Бұл зерттеулер ортағасырлық қоныс пен «Кердері-2» кесенесін қамтыды. Айта кету керек, Арал табанында зерттеулерін жүргізген осы экспедицияларды ұйымдастырған сол кезеңдегі университет ректоры Қ.Бисенов. Алғашқы зерттеулер бұл нысандардағы терең ғылыми жұмыстарға негіз болып, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жалғасын тапты. «Кердері» кесенелері мен «Арал асар» қонысы жайлы көптеген ғылыми еңбектер жарық көріп, бүгінде ғылыми айналымға еніп кетті. Жаңа зерттеулердің мақсаты Жоғарыда атап өткендей, биылғы барлау жұмыстары осы үш нысанды қамтыды. Мақсатымыз – қайта шолып, желмен ашылып қалған археологиялық жәдігерлерді жинастырып, зертханалық талдау, зерттеу мақсатында анализдер алу. Экспедиция құрамында Қорқыт ата университетінен осы жолдардың авторы, «Рухани жаңғыру» орталығы мен облыстық ескерткіштерді қорғау мекемесінің жас мамандары Б.Әлибай мен М.Жүсіпназар болды.

Ескерткіштер орналасқан аймақтың соңғы жиырма жылдағы сипаты мүлде басқа. Кейбір жерді өсімдіктер жамылғысы жапса, кейбірін тұз бен құм басып, шағын төбешіктер пайда болған, яғни, ескерткіштердің алғаш анықталған кездегі жай-күйі өзгерген. Жалпы теңіз ұлтанында осындай жағдай қалыптасқан. «Барсакелмес» құрлығына барар жолда өсімдіктермен қатар, қарақұйрық, қоян мен борсықтың кездесуі тартылған теңіз табанында жаңа тіршіліктің қалыптасқанын көрсетті. Бірақ, бұл жайттар экологиялық жағдайды жақсартты деуге келмейді. Таңнан басталған тұзды боран күн батқанша соғып, ескерткіш маңына түнеу мүмкін болмай, «Барсакелмес» қыратының етегіндегі қалың сексеуіл ішіне барып, лагерь тіктік. «Арал асар» қонысында анализдер алу мақсатында шағын шурф салып, керамика сынықтары мен мал сүйектері табылды.

Қоныстың беткі қабатынан екі күміс теңге табылуы экспедициямыздың басты олжасы болды. Ондағы жазулар мен соғылған жылдары қоныстың өмір сүрген мерзімін нақтылай түспек. «Арал асар» қала ма, қоныс па? Алғашқы зерттеулер жайлы деректерді қарап отырсаңыз, көбісінде қалашық деп беріледі.

Академик К.Байпақовтың ғалым А.Айдосов жайлы естелігінде табылған ежелгі қаланы «Арал асар» деп атауды Абылай Ханкерейұлы ұсынды деп жазады. Бұл атау Арал маңы археологиясында жақсы қабылданып, тез сіңісіп кетті. Менің пайымдауымша, бұл бекініссіз ортағасырлық қоныс, яғни, ірі ауыл болған. Бірнеше ғасыр өмір сүрген қоныста бекіністі дуалдар іздері, жалпы жоспары жоқ. Әрине 500-600 жыл бойы 30 метрге жуық терең судың астында жатқандықтан сақталмауы да мүмкін. Бірақ, саз кесектен тұрғызылған үйлердің сұлбасы сақталған. Сондықтан қала емес, ортағасырлық үлкен қоныс деп атаған жөн. «Арал асар» қонысы Арал ауданы Қаратерең ауылынан 62 шақырым жерде орналасқан қоныс құрылысының қам кесектен тұрғызылған үйлерін теңіз суы толықтай жуып-шайып кеткен. Кезінде қала арқылы өтетін ені 2-2,5 м су жүрген каналдың іздері сол заманда мұнда ирригациялық жүйенің болғанын айғақтайды. Шамасы ортағасырлық тұрғындар Сырдария өзенінің сағасынан су тартқан болуы мүмкін. Қоныстың жалпы ауданы – 6 гектар. Оның үстіңгі қабаты бір кездері қайнаған тіршіліктің қарқынды дамығанын көрсетеді. Үлкен көлемдегі диірмен тастар, керамикалық ыдыстар, темір және қола бұйымдар бөліктерінің табылуын құм мен қабыршықтардан түзілген шөгінді қабат айғақтайды. Мәдени қабатының қалыңдығы небәрі 15-20 см. Осы аймақтағы тіршілік іздерін көрсететін қабат көміліп қалған. Орталық бөлігі (190х136м) сопақша келген, жоғарғы қабаты тегіс (ең биік нүктесі 20 см-ге дейін жетеді), солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатыр. Кішігірім бедерлі төмпешіктер (15 см-ге дейін) бір кездегі құрылыс іздерін аңғартады. Солтүстігі мен батыс жағы суы тартылған арналармен (ені 5-6 м, тереңдігі 30-40 см) және ашық алаңқайлармен шектеседі. Қоныстан табылған археологиялық заттар негізінде ғалымдар XIVXV ғасырларда өмір сүрді деп топшылайды. Егін егу қоныс тұрғындарының негізгі кәсіптерінің бірі болған. Көбіне дәнді дақылдар өсірген болса керек.

Суда өсетін арамшөп тозаңдарын зерттеген палинологтар «Арал асар» тұрғындарының күріш өсіруі мүмкін екендігін болжады. Көп кездесетін диірмен тастар мен бөлмелерден табылған ұн, астық сақтауға арналған ірі хұмдар астық өсіріліп, ұн өндіретін диірменнің көп болғандығын білдіреді. «Кердері-1» кесенесі Арал теңізінің кепкен табанында, ескі арнаның бойында орналасқан. Ол «Кердері-2» кесенесі мен «Арал асар» қонысынан солтүстікке қарай қашық орналасқандықтан, тауып бару қиын болды. Сол себепті ол жайлы көп айтылмайды және тізімге де алынбаған. Бірақ, кесенеде Т.Мәмиев қазба жұмыстарын жүргізген. Жалпы көлемі 50 м$^2$, биіктігі 2 метрдей. Ұзындығы 23 м, ені 8 м. Кесенесі екі камералы. Үлкені 6х10 м, кішісі 5х5 м құрайды. Іргетасы үш жағы қашап өңделген жергілікті ірі тастардан қаланған. Солтүстік бөлмесінде 4х4 м көлемінде балхи сәулет әдісімен шаршы қыш кірпіштен қаланған сағана (көрхана) орналасқан. Ал оңтүстік бөлмесі – зиратхана. Батысында 1,5х5 м өлшемде алып намазханасы, сыртында михрабы бар. Бұдан жұма намаз оқитын мешіт ретінде де қызмет жасағанын байқауға болады. «Кердері-2» кесенесі Ғасырлар бойы су астында жатқан кесененің қазбаға дейінгі биіктігі 1,6 м болатын. Кесене орнында қалыптасқан төбешіктің батыс

жағы жайпақ, ал шығыс жағы тіктеу келген. Төбенің жоғарғы жағында көлемі 25х25х5 см болатын ортағасырлық дәстүрлі күйдірілген кірпіштер мен олардың сынықтары шашылып жатты. Археологиялық зерттеу барысында кесене қабырғалары әлемнің төрт бұрышына бағытталған, тікбұрыш болғаны анықталады.

Жоғарғы қабатынан көп мөлшерде табылған кесене қабырғаларындағы кірпіштер (25х25х5 см) жалпағынан қаланған. Едәуір жақсы сақталған оңтүстік-батыс қабырғасының биіктігі 7 қатар қаланған кірпіш деңгейінде. Кесене көлемі 5,5х5,5 м болатын шаршы түріндегі көрханадан тұрады. Кесененің есігі батыс қабырғасының бойында болған және ол бір кездері өсімдік, геометриялық және эпиграфикалық нақышта безендірілген. Көк және көгілдір түсті сырмен қапталған кірпіштен қаланған портал түрінде салынған. Кесененің төбесі күмбезделіп жабылғаны анық. Күмбезі көрхана бөлмесінің төбесін жауып тұрған. Осы жерден табылған дөңгелек келген декоративтік кірпіштердің сынықтары (арка жақтауы) арка нишасының архивольті нишаның бұрышына тұрғызылған ширек бағанға тіреліп қаланғанын білдіреді. Қабірлердің бірінде өзінің құйрығын тістеп тұрған мысық тұқымдас жыртқыштың бейнесі салынған сырғалар табылды. Көрхананың оңтүстік-батыс бұрышында, еденге төселген тақта астынан хұмға салынған металдан жасалған орақтар, айырлар шықты. Кесене мен қорымды XIV ғасырға жатқызуға болады.

Құрылысқа жақын маңнан қыш күйдірген үш пештің орны табылды. «Кердері-2»-ні археологиялық зерттеу оның керемет құрылыс екенін көрсетті. Табылған олжалардың ішіндегі ең қызықтылары – оймыш өрнегі бар сырланған терракота тақтасы. Безендіру тақталарының сынықтарына жасалған салыстыру сараптамасы осындай өрнектер стилі мен тәсілі ортаазиялық (Хорезм), ал кеңірек алар болсақ, XIV ғасырдағы алтынордалық ескерткіштерге тән екенін көрсетті. Порталдың П үлгідегі жақтауындағы негізгі өрнектелген белдеуі оймыш сырланған терракота мен штамптың құрамдастырылған тәсілімен орындалған. Геометриялық өрнектердің күрделі өрілуі оймышпен түзетілген, ал ұсақ тармақтар мен ою өрнектері штамппен басылған. Көркемдік әсері – көгілдір түстің түрлі түске құбылуында. Арал теңізінің суы тартылған табанынан ертедегі тіршілік іздерінің анықталуы осы өңір тұрғындарының жоғары экологиялық қауіпті жағдайға қашанда бейім болғанын дәлелдейді. Сырланған оймыш кірпіштермен, көркем қыштармен безендірілген тамаша қабір өзінің зері мен сәулеті жағынан ортағасырлық Хорезмнің інжуі саналатын Үргеніштегі Наджмеддин-и-Кубра кесенесін еске салады. Ол «Арал асар» тұрғындарының бай рухани әлемі ғана емес, сонымен қатар, қандай жағдай болса да өз туысқандарының дәстүрін сақтау мен құрметтеудің куәсі саналады.

Бір замандарда гүлденген қалалар мен сәулет ескерткіштері табиғаттың тылсым күштерінің салдарынан су астында қалып, осы заманда Арал суы тартылған кезде теңіздің табанынан табылып жатқан жағдайда, қазақтың қандай жерін алсаң да, киелі географиялық орта екендігін көрсетеді. Солардың қатарындағы жәдігерлердің бірегейі – «Арал асар» қонысы мен «Кердері»

кесенелері. Оларды зерттеу жүздеген жылдар бойы су астында жатқан бабалар мұрасынан хабар алуға мүмкіндік береді.

**Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті**
**«Археология және этнография» ғылыми орталығының**
**жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты**

**«Сыр бойы» газеті, 25.09.2021ж.**

## «СЫР ӨҢІРІНІҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНТОЛОГИЯСЫНЫҢ» БІРІНШІ ТОМЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

**Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова филология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Кәрібозұлымен кездесті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов қатысты.**

Басқосуда Бағдат Кәрібозұлы «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясын» шығарудағы негізгі ұстаным мен құнды еңбектің ерекшелігін тілге тиек етіп, антологияның бірінші томы «Жанқожа батыр» жинағын таныстырды.

Айту керек, антология Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасын жүзеге асыру мақсатында қолға алынды. Халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – Сыр бойындағы аңыз әңгімелер, шежіре, батырлар жыры, қисса-дастандардың ел аузындағы нұсқалары жинақталып, «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» атты үш томдық жинақ шығару идеясынан туындады.

Кездесуде облыс әкімі құнды еңбек рухани-мәдени бағыттағы іргелі ізденісті одан әрі дамытып, жастардың ұлттық өнерді бойына сіңіре отырып, танып-білуіне зор ықпал ететініне сенім білдірді.

– Жинаққа Жанқожа батыр туралы тың тарихи деректер мен батырға арналған тарихи жырлардың, оның ішінде Мұсабай жырау, Лұқпан Кенжеғұлұлы, Қарман Сұлтанұлы, Жекей Шаңғытбайұлы, Орнықбай Сұлтановтардың бұрын баспа бетінде жарияланбаған жыр нұсқаларының енуі үлкен құнды еңбек ретінде тарихта қалады. Сондықтан да аталған батырлар жырының халыққа, келер ұрпаққа ел тарихын танып-білуде маңыздылығы ерекше деп ойлаймын. Бұл ел тарихындағы айтулы жыл – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған үлкен тарту болып отыр. Елдің еңсесін көтеріп, ұлттық рух беретін құнды жинақтың шығуы Сыр халқы үшін үлкен мерей, зор қуаныш және рухани үлкен қазына, құнды мұра болары сөзсіз. Аталған жинақты барша оқырман қауым ыстық ықыласпен қабылдайды деп санаймын, – деді облыс әкімі.

Келер аптада «Жанқожа батыр» жинағының тұсаукесері өтеді. Мың данамен шығарылған кітап облыстағы 239 кітапханаға таратылатын болады.

Профессор алдағы уақытта антологияның екінші томына Сыр елі туралы аңыз-әңгімелер мен түрлі оқиғалар жинақталса, үшінші томына дастандар мен қиссалар топтастырылатынын айтты.

Кездесу соңында аймақ басшысы өңірдің фольклорлық мұраларын жинақтау бағытындағы бұл жобаның маңызы ерекше екенін алға тартып, жинақтың II және III томының жарыққа шығуына қолдау көрсетілетінін жеткізді.

**«Сыр бойы» газеті, 28.09.2021ж.**

## ТІЛ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТ

Адамзаттың асыл қазынасы – тілі десек, тіл білімі төңірегінде әлемнің көптеген ғалымдары ғылыми зерттеулер жасап, оның зерттелуінің тарихы, теориялық мәселелері және оның зерттеу әдістері жайында қызу пікір алысуда. Оның негізінде тілдің теориялық мәселелеріне қатысты қалыптасып кеткен кейбір қате көзқарастар да анықталды.

Әрине, тілдің теориялық мәселелері мен оның практикада сауатты қолданылуын үздік білу тек тіл ғылымындағы мамандарға ғана емес, гуманитарлық ғылымның өзге де салалары – тарих, философия мен логика, математика, т.б. ғылымдар зерттеушілері үшін өте маңызды. Кез келген ғалым қазақстандық ғылымның жетістіктерін әлемдік деңгейде насихаттау үшін, әрине, тілдік құбылыстарды жетік меңгеруі тиіс. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Шанжархан Бекмағамбетовтың тамыз айында облыстық «Сыр бойы» газетіне жарияланған «Жаңа ғылыми идея мемлекеттік қолдауды қажет етеді» тақырыбындағы көлемді мақаласы туралы өз пікірімді білдіруді жөн деп шештім. Ол қазіргі тіл ғылымындағы дыбыстаным саласының жағдайын зерттеуші ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, өз тұжырымын мысалдар арқылы ашып көрсетеді. Автордың мақаласында дыбыстанымнан сөзтанымға жүйелі түрде ауыса отырып, сөзжасамдық жүйе қызметі генетикалық тұрғыдан қалай көрінетінін шынайы айғақтар арқылы дәлелдей алғаны қызықтырады. Сонымен бірге зерттеуші осы уақытқа дейін тіл білімі саласында тек біржақты үстемдік етіп келе жатқан, «адамзат тілі сөздерінің өлі (мағынасыз) дыбыстардан кездейсоқ пайда болған» деген батыстық теріс концепциядан бас тартуды айтады. «Адамзат тілінің ғаламдық-жаратылыс болмыспен тығыз байланыста пайда болған аса киелі, сакральды құбылыс екенін түсіндіретін генетикалық тіл ғылымы идеяларының артықшылығын қазақстандық ғылыми зерттеулерде қолдану – қазіргі заманауи тіл ғылымының аса маңызды жаңалығы», – дейді ғалым. Деректер мен ғылыми дәйектерге негізделген мақала ойлы оқырманды бейжай қалдырмайтыны сөзсіз. Осы жарияланымның алдында Ш.Бекмағамбетовтың «Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе»

атты ғылыми еңбегі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде таныстырылып, тіл біліміндегі сан алуан сауалдар төңірегіндегі мәселелер қозғалып, зерттеуші ғалымдар тарапынан да ерекше қызығушылық туғызған еді. Автор – тіл білімі саласын зерттеуге зор үлес қосқан елімізге танымал ғалымдардың бірі. Оны генетикалық тіл ғылымын зерттеуші тұңғыш ғалым деп атауға толық негіз бар. Ерекшелігі – ғылыми монографиялық жұмыстары мен ғылыми мақалаларын студенттер мен магистранттарға, докторанттарға арналған оқу құралы ретінде дайындап отыруында және оқу құралында қарапайым тілмен ұғынықты етіп, жеткізе сипаттауында. Шанжархан Бекмағамбетовтың ғылыми еңбектеріне шолу жасай отырып түйгенім: ғалымның жоғары мектепке сіңірген еңбегін оның қазақ тіл білімі дыбыстаным, сөзтаным және мәтін теориясына қосқан үлесімен бағалауымыз керек. Ғалым зерттеп отырған генетикалық тіл ғылымы – гуманитарлық білімнің заманауи жаңа бағыты. Бұл жаңа бағытты Сыр өңірінен шыққан ғалым ширек ғасырға жуық зерттеп келеді және осы тіл ғылымының жаңаша бағдарларын талқылау үшін көршілес мемлекеттің ғалымдарының онлайн қатысуымен халықаралық конференция да өткізді. Оған республиканың өзге өңірлерінен және Белорусь, Қырғызстан, Өзбекстан, т.б. көршілес елдердің жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысып, өз ойларын ортаға салды. Онлайн конференцияға арқау болған тақырып: генетикалық тіл білімі, ежелгі проблемаларына жаңаша көзқарас. Осы тақырып аясында идея иесінің «Генетикалық лингвистика теориясы бойынша 7 дәріс» атаулы еңбегі филолог студенттердің танып-білуі үшін жарыққа шыққаны да белгілі. «Генетикалық тіл білімі мәселелерін оқытудың ерекшелігі – көптілді аудиторияға да арналған. Орыс, ағылшын, араб, т.б. мамандықтардағы студенттер осы тілдердің лексикалық материалдарын өз ішінде де, сондай-ақ өзге тілдермен өзара генетикалық тұрғыдан салыстыра отырып та оқи алады. Мұның өзі студенттерді еркін, ғылыми ойлауға баулиды, қалыптасып қалған, бірақ қазірде ғылыми мәні жойылған қасаң теориялық ережелердің кемшіліктерін өз көздерімен көруге, практикалық, лабораториялық тұрғыдан жұмыс істеуге үйретеді», – деген ғалым тұжырымдамасы көңілге қонымды.

**Өтеубай ҚОЖАҚҰЛЫ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің**
**профессоры, тарих ғылымдарының докторы**

**«Сыр бойы» газеті, 28.09.2021ж.**

## ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНДІ

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі – білікті кадрлар қалыптастыратын, еліміздің ғылыми әлеуетін дамытатын орта. Кейінгі жылдары елімізде білім беру сапасын арттыруға бағытталған реформалар кезең кезеңімен жүзеге асырылуда.

Бүгінде көптеген жастар философия докторы дәрежесін алуды мақсат етеді. Себебі, PhD дәрежесі әр түрлі саладағы адамдар үшін тереңдетілген білімді игеруге, жаңа дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кәсіби қабілеті мықты, потенциалы жоғары үздік маманды жұмыс берушілер де ерекше бағалайтыны рас. Дегенмен, PhD дәрежесіне апаратын жол күрделі екені, біліммен қатар мол ізденісті қажет ететіні белгілі.

Елімізде 2021 жылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсу ережелеріне өзгерту енгізіліп, алғаш рет қабылдау емтиханы тестілеу орталықтары базасында электрондық форматта өткізілді. Бұл формат өткен жылы магистратура деңгейінде сынақтан өткен болатын. Ерекшелігі, түсу емтихандары тек тестілеу форматында өткен жоқ, болашақ докторанттар жоғары оқу орындарына бекітілген тақырыптар бойынша эссе жазды және бейінді пәндер бойынша емтихан сұрақтарына жауап берді.

Қабылдау емтиханының қорытынды бағасы эссені бағалау, докторантурада оқуға дайындық тесті және бейінді емтихандардың нәтижелерін жинақтау арқылы алынған балдардың жиынтығы негізінде бағаланды.

Докторантураға магистр дәрежесі және кемінде тоғыз ай жұмыс өтілі бар тұлғалар қабылдана алады. Докторантураның білім беру бағдарламаларына түсу үшін шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттың болуы міндетті. Сонымен қатар, докторантура үшін IELTS, IELTS INDICATOR кемінде – 5,5 балл, TOEFL ITP – 460, TOEFL IBT – 46, TOEFL PBT – 453 баллдық сертификаттары қолданылады.

Айта кету керек, Duolingo English Test сертификаты докторантураға түсу кезінде шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттар тізімінен алынып тасталды.

Жуырда ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жоғары оқу орындарының қауымдастығы мен Ректорлар кеңесі Тамыз кеңесінің отырысындағы ұсыныстар негізінде магистратура мен докторантураға қабылдау ережелеріне өзгерістер енгізілгендігі туралы хабарлады. Атап айтсақ, магистратура мен докторантураға қабылдау жылына екі рет өткізілетін болады, яғни, дәстүрлі түрде тамыз айында және қосымша желтоқсан айында түсу емтихандары ұйымдастырылады. Құжаттар тапсыру барысында қажетті сертификаттарды алуға үлгермеген азаматтар үшін бұл өте жақсы жаңалық болғалы тұр.

Жалпы түсу емтиханының ең жоғары бағасы 100 балды құрайды. Оның ішінде эссе бағасы – 20 балл, докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30 балл, бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бағасы – 50 балл. Түсу емтиханына барлығы 4 сағат бөлінеді.

Докторантураға грантқа түсу үшін өту шегі 75 балл екенін білу маңызды. Ақылы негізде оқуға түсу үшін шекті балл – 50 балл.

Қорытынды қадам – қатысушылардың жеке кабинетіне жіберілетін түсу емтихандарының нәтижелерін жариялау. Сондай-ақ тестілеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда онлайн-апелляция өткізу рәсімі қамтамасыз етіледі. Айта

кетерлігі, тестілеу аяқталғаннан кейін бір күн ішінде оқуға түсуші апелляцияға өтініш бере алады. Бұдан әрі аталған ЖОО сайтында докторантура бағдарламасы бойынша грант иеленген жеңімпаздар анықталады.

Биыл университетте докторантураға тапсырған 24 үміткердің 11-і грант негізінде 7 білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылданды. Емтихандар әділ және ашық өткізілді. Осылайша, академиялық адалдықты сақтай отырып, докторантураға түсушілердің білім деңгейін бағалаудың әділдігін қамтамасыз етуге қол жеткізе алдық.

**Наргүл САҚТАҒАНОВА,**
**Жоғары оқу орынынан кейінгі білім бөлімінің басшысы, философия докторы (PhD)**

**«Сыр бойы» газетінің сайты, 28.09.2021ж.**

## ОТКРЫВАЯ НЕИЗВЕДАННОЕ ПРИАРАЛЬЕ

**На этой неделе «Научному центру археологии и этнографии» исполнилось 10 лет. Он был создан при тогда ещё Кызылординском государственном университете имени Коркыта ата. Основная цель научного центра этноархеологии — изучение и охрана историко-культурного наследия на территории Кызылординской области, проведение научных исследований в области археологии и этнографии и пропаганда исторических ценностей.**

Необходимо отметить, что благодаря ученым, историкам и исследователям университета, бывший «Научно-исследовательский центр археологии и этнографии», можно сказать, опередил своё время и сегодня вносит большой вклад в реализацию ряда направлений программы «Рухани жаңғыру», разработанной на основе положений статьи Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

В программе «Рухани жаңғыру» чётко обозначена основная цель нации на новый исторический период: сохранить и приумножить духовные и культурные ценности и войти в число 30 развитых государств мира. В частности, она предусматривает несколько проектов, направленных на достижение этих целей. К примеру, проект «Сакральная география Казахстана» опирается на символические сакральные и культурно-исторические основы нашего государства. Сегодня можно утверждать, что объекты этого проекта уже стали местами притяжения для индустрии туризма.

О том, что сделано за десять лет работы центра корреспонденту «КВ» рассказал руководитель научного центра «Археология и этнография», старший преподаватель кафедры истории и Ассамблеи народа Казахстана Кызылординского университета имени Коркыта ата, доктор PhD Азильхан Тажекеев.

**— Азильхан Ауезханулы примите поздравления по поводу первого юбилея. Расскажите, пожалуйста, об исторических особенностях нашего региона. Ведь старинные артефакты, найденные на территории Приаралья, можно сказать, заставляют общество по-новому взглянуть на историю и переписать её.**

— Низовья Сырдарьи издавна богаты историческими памятниками. Они-то и подтверждают, что При-аралье с древних времён слывёт ярким очагом цивилизации. Первые сведения о них мы нашли в трудах выдающихся историков древнегреческих, римских, персидских стран и географов-джихангезов, живших в середине I века до нашей эры. Дополняют их труды учёных и путешественников, послов и военных специалистов арабских, персидских, европейских стран, путешествовавших по Великому Шелковому пути в эпоху средневековья.

Важно отметить, что первые по-настоящему научные археологические раскопки широко велись в основном Хорезмской археолого-этнографической экспедицией Академии наук СССР после Второй мировой войны вплоть до развала Советского союза — 90-х годов прошлого столетия. За этот период были обнаружены и внесены в списки сотни памятников, исследованы более десяти поселений, могильников и городов, их население, широко распространенные в те времена системы искусственного орошения и еще многое другое. В результате чего впервые были установлены памятники каменного, бронзового и раннего железного веков, выявлены характерные черты, которые дали возможность разделить находки на периоды и эпохи развития культуры.

**— В начале 90-х годов XX века вместе с СССР канула в Лету и знаменитая Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция. Однако учёные университета, несмотря на возникшие со временем трудности, не останавливали работу по раскопкам, показывая преданность своей специальности…**

— После обретения Независимости, к сожалению, археологические изыскания по Республике Казахстан претерпели стагнацию, а в Приаралье и вовсе прекратились. О тех переходных годах заместитель директора Института археологии имени А. Х. Маргулана, кандидат исторических наук, ученый-археолог Жолдасбек Курманкулов вспоминал так: «В 1998 году в Кызылординском государственном университете имени Коркыта ата была создана разведывательная экспедиция, которая способствовала дальнейшему изучению сотен памятников, представляющих историческую ценность. В экспедиции, организованной ректором университета Кылышбаем Бисеновым, приняли участие известный ученый-фольклорист, профессор Алмас Алматов и ряд учёных университета. Экспедиция прошла тысячи километров, увидела и изучила сотни памятников, разработала план научно-исследовательских работ на долгие годы». В результате этой работы была определена «Программа исследовательских работ древней культуры городов низовья Сырдарьи и

наследия Коркыта на 1999-2010 годы», а научные изыскания получили совершенно новое содержание.

С тех пор наш университет как центр образования, науки и культуры создал постоянное направление археологических исследований в Приаралье. И здесь особо следует отметить заслуги наших ушедших из жизни коллег, учёных и профессоров университета М.К.Кереева, А.Х. Айдосова и А. Жакыпулы, которые внесли значительный вклад в изучение и написание истории Приаралья на ранних этапах исследования.

**— А с чего началась новая эпоха исследований?**

— Началом комплексных исследований стал мавзолей Кердери, обнаруженный в 2001 году на высохшем дне Аральского моря и работы Аральской археологической экспедиции, сформированной учёными университета под руководством археолога Т.Мамиева для изучения населенных пунктов Арал-асар. По данным этих многолетних исследований, в 2005 году Т.Мамиев защитил кандидатскую диссертацию о средневековых городах, расположенных в низовьях Сырдарьи, и опубликовал ряд научных работ.

Кроме того, в те годы именно наш университет стал для учёных-историков, археологов и этнографов своего рода местом встречи, центром для размышлений, обмена опытом, определения достижений и путей развития археологических наук. В частности, в 2001 году в стенах вуза прошли международные «Маргуланские чтения» на тему «Достижения и перспективы археологических наук Независимого Казахстана», посвященные 10-летию Независимости страны.

**— Спустя годы этноархеология получила большую поддержку благодаря государственной программе «Мәдени мұра» и программе Елбасы «Рухани жаңғыру». Какова их роль в развитии вашего центра?**

— Она существенна. Госпрограмма «Культурное наследие», разработанная по инициативе Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева, предусматривала создание целостной системы изучения огромного культурного наследия народа, воссоздание историко-культурных и архитектурных памятников, археологических исследований, имеющих особое значение для национальной истории. Так, в 2004 году начался новый этап изучения памятников Приаральского региона.

В рамках программы в том же 2004 году в Кызылорде была проведена международная научная конференция «Археологические исследования Аральского региона: достижения и перспективы». А для комплексного изучения древней и средневековой истории Аральского региона был заключен трёхсторонний договор между КГУ имени Коркыта ата, Институтом археологии имени А.Х.Маргулана и российским Институтом этнологии и антропологии имени Н.Н.Миклухо-Маклая.

Кроме того, нужно особо отметить программу подготовки кадров в университете. Начиная с 2005 года в аспирантуру Института этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая Российской академии наук в Москве были направлены шесть наших специалистов в области археологии и

этнографии. А 1 октября 2011 года в целях дальнейшего изучения архитектурных памятников, расположенных в низовьях Сырдарьи, и внедрения результатов археологических изысканий в научный оборот, при нашем университете был создан «Научно-исследовательский центр археологии и этнографии». Сейчас в его названии убрали слово «исследовательский», хотя наша основная работа заключается во многом в этом.

**— Какие масштабные работы были проделаны центром с тех пор?**

— Скажем, сделано очень немало. К примеру, наш научный центр реализовал три международных проекта, выполнил четыре грантовых проекта Комитета науки Министерства образования РК и 12 областных проектов.

**— Не могли бы перечислить наиболее значимые проекты из этого списка.**

— Среди международных научно-исследовательских проектов следует отметить проведение археологических раскопок в городе Жанкенте в 2011 году в рамках гранта антропологического фонда «Wenner-Gren», проект «Формирование и урбанизация кочевого государства в северном регионе Великого Шелкового пути: город Жанкент раннего средневековья (регион Аральского моря, Казахстан)», реализованный в 2018 — 2020 годах, и проект по выпуску книги-альбома «История исследований в низовьях Сырдарьи Хорезмской экспедиции» в 2018 году.

А среди республиканских грантовых и областных научных проектов выделю следующие: «Роль городов низовья Сырдарьи в этнокультурных связях средневекового периода (город Жанкент)», он реализован в 2012-2014 годах, «Мировоззрение и идеология древних племён, населявших юго-восточные зоны Приаралья, культы и ритуалы верований» (2012-2014), «Культура города в зоне соприкосновения земледелия и скотоводства Приаралья (I тысячелетие до н. э.)» (2015-2017), «Этнокультурные связи тюрков-огузов с оседлыми племенами Приаралья в процессе формирования городской культуры в низовьях Сырдарьи» (2018-2020), археологические раскопки городищ Сортобе (2017-2020), Жанкент (2014-2021) и Асанас (2020).

В 2005-2007 и 2011 годах при непосредственном участии ученых-археологов университета совместно с институтом археологии им. Маргулана для издания «Коллекции историко-культурных памятников Кызылординской области» была проведена специальная разведывательная экспедиция в масштабах региона. В результате на казахском и русском языках был издан коллективный энциклопедический труд под названием «Коллекция памятников истории и культуры РК – Кызылординская область».

Ну и, добавлю, что нами постоянно ведётся работа по определению охранной зоны и проведению историко-культурных экспертиз, паспортов сотен памятников, расположенных на территории нашей области. На сегодняшний день специалистами центра опубликовано более 10 монографий и около 300 научных трудов. В структуре центра имеется лаборатория по описанию, переработке и реставрации предметов, имеющих археологическую ценность.

**— Любителям истории и археологии хорошо известно о выставочном зале научного центра «Археология и этнография». Считаю, он достоин подробного описания. Расскажите о его экспозициях.**

— Экспозиционный зал тоже был открыт десять лет назад 7 декабря 2011 года. Сегодня это гордость и достопримечательность университета. В нём выставлены экспонаты, найденные в ходе археологических работ, и тематические стенды, посвященные историко-культурным памятникам земли древнего Сыра. Для посетителей представлены предметы быта, украшения и вооружение сакских племён, полученные во время работ на античных памятниках Чирик-рабат и Баланды, керамический комплекс, культовые и нумизматические материалы средневекового городища Жанкент, предметы домашней утвари со средневековых огузских поселений Сырлытам-кала и Сортобе, предметы погребального инвентаря с поселения Арал-Асар и мавзолея Кердери периода Золотой Орды. Кроме того, в зале хранятся фото и видеоматериалы из архива Хорезмской археолого-этнографической экспедиции и электронные версии карт распространения археологических памятников и культур Приаралья.

Зал специально разделен на шесть частей, в каждом в отдельности представлены экспонаты разных эпох и культур. В частности, в части №1 можно узнать об истории изучения археологии Приаралья. В этом разделе – артефакты и история Хорезмской археолого-этнографической, Жанкентской археологической, Чирик-рабатской археологической и Аральской археологической экспедиций.

Во второй части представлена Чирикрабатская культура. Её памятники расположены в Кармакшинском районе. Это комплексы памятников Бабиш-мола и Баланды, городище Чирик-рабат, поселения Инкаркала и Сенгиркала. С 2004 года на них ведутся стационарные исследования.

В третьей части — чрезвычайно своеобразная, очень архаическая по своему внешнему облику, резко отличающаяся от всех соседних и казахстанских культур — Жетыасарская культура. Добавлю, ареал жетыасарских памятников чрезвычайно широк, и территория, занятая городищами, простирается далеко на север, восток и юго-восток отдавшего культуре имя Жетыасарского урочища. Первая характеристика культуры и типология памятников даны ее первооткрывателем, именитым историком, этнографом, археологом Сергеем Толстовым в 1948 году. На них раскопки велись до 90-х годов прошлого века.

Интересна история и Огузских памятников, представленных в части № 4. Они принадлежат IX-X векам и найдены в городищах Жанкент, Кескен Куюк-кала и Куюк-кала на берегу Куандарьи. Известно, что Жанкент был столицей Огузского государства. Городище расположено в полутора километрах от села Оркендеу в Казалинском районе.

В пятой части — памятники с высохшего дна Аральского моря. Это поселение Арал-Асар, расположенное в 65 километрах от села Каратерен, и мавзолей Кердери, в 30 километрах от острова Барсакелмес. На них в 2001-2009

годах специалистами университета проведены археологические раскопки. Найденные керамические изделия позволили датировать их XIII-XIV веками, то есть периодом Золотой Орды. Ну и часть №6 зала рассказывает об архитектурных памятниках Приаралья. Здесь фотоматериалы выделены по типологии и структуре на три группы: мавзолеи, минареты и мечети. Отмечу, всесторонние исследования археологических памятников, свидетельствующих о глубине и многогранности казахской истории, остаются одной из главных ценностей нашего университета.

**— Расскажите об открытиях, сделанных в этом году.**

— Раскопки текущего года можно назвать плодоносными. К примеру, при археологических исследованиях в городище Жанкент под входными парадными воротами мы обнаружили наличие древних ворот. К его изучению мы приступим, скорее всего, в следующем рабочем сезоне.

**— Вы ежегодно посещаете архивы в Москве. Что там нового еще удалось обнаружить?**

— Да, по долгу службы для поисков уникальных сведений об историко-культурных памятниках нашего региона мне нередко приходится выезжать в Москву в такие крупнейшие научные учреждения, как Государственный музей искусства народов Востока, Институт этнологии и антропологии имени Н. Н. Миклухо-Маклая РАН и крупнейший национальный исторический музей России Государственный исторический музей. В них хранится ценная и неисчерпаемая кладезь информации и артефактов. В частности, в Музее Востока – редкие экспонаты и археологические материалы, в Институте этнологии и антропологии – отчёты экспедиций, полевые дневники археологов и документы. Много чего о памятниках нашей области можно найти и в крупнейшем национальном историческом музее — Государственном историческом музее России. Но, в текущем году мне, к сожалению, из-за плотного графика работы не удалось побывать в них. Однозначно то, что там можно найти еще множество новых и уникальных артефактов, которые прольют свет на неизведанные тайны истории Приаралья.

**— Известно, что работа археологов, очень специфична. Поэтому с наступлением холодного периода года, можно сказать, ее практическая часть завершена. Каковы ближайшие планы?**

— Да, вы правы, раскопки ведутся в основном летом. До следующего года места исследований законсервированы. А в текущем году в ноябре или декабре по традиции подведём итоги работы. Для этого мы намерены организовать круглый стол или семинар с участием ученых и специалистов. Но по плану этого года хочу отметить, что осталась одна невыполненная цель – выпуск Второго тома книги-альбома «История исследований Хорезмской экспедиции на землях Сыра». Как вы помните, Первая часть была выпущена в 2018 году на 312 страницах под авторством И.Аржанцевой, С.Болелова и вашего покорного слуги. На сегодня мы собрали богатый и оригинальный материал. Считайте, второй том готов, но для его выхода в свет пока нет возможности. Задача – найти поддержку.

**— Спасибо за беседу.**

**Алибек БАЙШУЛЕНОВ,**

**«Кызылординские вести», 07.10.2021ж.**

## НЕРАЗРЫВНАЯ СВЯЗЬ ПОКОЛЕНИЙ

**В двадцатые-тридцатые годы XX века в период становления отечественного высшего образования в Казахстане было создано двенадцать вузов. В их числе и Кызылординский педагогический институт имени Н.В.Гоголя. Сейчас университет носит имя великого мыслителя Коркыта ата. Об основных страницах развития старейшего вуза области, ставшего одним из крупных центров отечественной науки и образования, свидетельствуют экспозиции музея университета.**

Музей расположен на первом этаже Дворца студентов. В числе первых экспозиций – портреты ректоров вуза разных лет. Первым руководителем Кызылординского педагогического института был Андрей Боробов.

Как свидетельствуют исторические данные, growинститут был открыт в Кызылорде 21 августа 1937 года на базе передислоцированного из Дальнего Востока Дальневосточного корейского педагогического института.

– Он в то время стал единственной высшей школой по подготовке учительских кадров для Жамбылской, Южно-Казахстанской, Актюбинской областей, – говорит заведующая музеем Насихат Смаил. – В годы руководства А.Боробова

(1937-1938гг..) в институте работали факультеты истории, филологии, естествознания и физико-математический. Здесь трудились 27 преподавателей, обучался 371 студент.

Нелегкие годы выпали на долю второго ректора Соломона Ривкина, возглавлявшего институт с 1939 по 1948 годы. В 1940-1941 годах число студентов уменьшилось до 250. В этот же период в институте состоялся первый выпуск студентов (11 человек) заочной формы обучения. За годы Великой Отечественной войны выпускников было лишь 129. В это время вуз находился в здании бывшей советской партийной школы, в нем было 25 аудиторий. В 1938 году институту были выделены средства на строительство учебного корпуса и студенческого общежития на 200 мест. По инициативе С.Ривкина в 1941-1945 годы были открыты юридический факультет, двухгодичные учительские курсы, подготовительные курсы, рабфак.

Как повествуют материалы музея, в годы Великой Отечественной войны в Кызылорду были эвакуированы Киевский и Харьковский государственные университеты, работавшие под названием объединенного Украинского университета, Московский институт механизации и электрификации сельского хозяйства, Крымский медицинский институт. Все они обосновались на базе Кызылординского пединститута. Кызылординцы тепло встретили украинских студентов и научных работников. Педагогический институт предоставил

коллективу объединенного Украинского университета один из своих корпусов. В нем обучались 960 студентов, работали 86 преподавателей, из них 66 профессоров, докторов и кандидатов наук, доцентов. В их числе члены-корреспонденты АН УССР, профессора И.Н.Буланкин, К.Д.Синельников, В.П.Барабашев, заслуженный деятель науки А.В.Нагорный и другие. Они пользовались библиотекой, кабинетами и лабораториями института. Несмотря на отсутствие своей базы, Украинский университет с помощью Кызылординского désинститута наладил нормальный учебный процесс и развернул научно-исследовательскую работу. Его ученые наряду с вопросами истории Украины с большим интересом занимались и историей Казахстана, изучением флоры и фауны области. Например, заведующий кафедрой всеобщей истории вуза профессор С.А.Семенов-Зусер написал монографию «История Казахстана с древнейших времен до арабского завоевания». В результате научного сотрудничества в 1945 году были выпущены ученые записки Кызылординского пединститута, посвященные 25-летию Казахской ССР. В этот сборник вошли и труды украинских профессоров, посвященные самым актуальным проблемам современной науки.

В 1952 году Кызылординскому пединституту было присвоено имя Н.В.Гоголя. В 1968 году здесь обучалось более четырех тысяч студентов. С момента образования он выпустил десять тысяч специалистов. Среди них такие известные люди, как Герой Советского Союза И.Журба, писатели и поэты С.Мауленов, А.Нуртазин, Н.Сералиев, С.Жиенбаев, доктор философских наук Д.Кшибеков, доктор химических наук Н.Надиров.

Образование и наука в Казахстане имеют глубокие корни. Ученые средних веков Аль-Фараби, Ходжа Ахмет Яссави, Жусип Баласагуни и другие оставили после себя немеркнущее наследие. В числе легендарных личностей особое место занимает значимый для всех тюркских народов философ-мыслитель Коркыт ата. Картина с изображением великого мыслителя занимает особое место в музее. Рядом установлен вечный спутник Коркыта – кобыз. Как свидетельствуют страницы истории вуза, в 1992 году Кызылординский пединститут имени Н.В.Гоголя стал носить имя Коркыта ата. Это дань уважения великому мыслителю, знаменитому жырау-сказителю, оставившему богатое литературно-музыкальное наследие.

В 1993 году при институте был открыт казахско-турецкий лицей, через год начала функционировать школа-гимназия «Қабілет». В 1996 году Кызылординский пединститут имени Коркыта ата реорганизован в Кызылординский гуманитарный университет имени Коркыта ата, а в 1998-м КызГУ путем слияния с Кызылординским политехническим институтом им. И.Жахаева – стал Кызылординским государственным университетом имени Коркыта ата (КГУ им. Коркыта ата). В разные годы вузом руководили ректоры О.Токмурзин, А.Корлугин, К.Жаманбаев, А.Ермеков, Б.Усер-

баев, О.Камардинов и другие. Долгие годы университет под руководством доктора технических наук, члена-корреспондента НАН РК, профессора Кылышбая Бисенова продолжал славные традиции своих

предшественников. Сегодня Кызылординский университет имени Коркыта ата возглавляет кандидат филологических наук Бейбиткуль Каримова. Под руководством опытного ректора проводится системная работа по совершенствованию качества и доступности высшего образования.

Кызылординский университет имени Коркыта ата стоит на пороге своего 85-летия. За эти годы он состоялся как вуз с добрыми традициями в деле подготовки высококвалифицированных кадров. Его выпускники работают в различных уголках нашей страны. Среди них депутаты Парламента РК, государственные и общественные деятели, Герой труда РК, лауреаты государственных премий РК, ученые, знаменитые спортсмены и мастера культуры.

В музее представлено порядка шестидесяти экспозиций с различными документальными материалами и фотоснимками, фотостендами и диаграммами-схемами, рассказывающими об истории становления и развития факультетов. Один из фундаментальных – физико-математический факультет. Его потенциал во многом вырос в годы Великой Отечественной войны в ходе интеграции с объединенным Украинским университетом. Кафедрой математики в разное время заведовали член-корреспондент НАН РК, профессор Е.И. Ким, профессор Н.И.Кованцов, академик НАН РК А.Д. Тайманов, профессор С.Елубаев. В истории кафедры отмечен жизненный путь профессора С.Елубаева, который стал примером для молодого поколения. В 1982 году ученый успешно завершил свои 20-летние исследования в Новосибирске докторской диссертацией. Академик А. Д. Тайманов – один из выдающихся казахстанских математиков. Жизнь создателя известной научной школы по теории математической логики тесно связана с кафедрой математики университета. Большой вклад в открытие юридических специальностей университета внес профессор М.Матаев. Он подготовил немало известных в регионе и стране юристов.

Богатая история и у филологического факультета. С момента основания здесь трудились известные ученые А.Конратбаев, О.Володажченко, академик С.Кенесбаев, профессоры А.Байтанов, Ю.Кадькалов, кандидаты филологических наук Н.Жунусов, М.Бимаганбетов, профессор А.Ерназаров и другие.

На стендах представлено много фотографий, среди которых виньетка выпускников исторического факультета 1951-1952 учебного года. Среди тогдашних молодых специалистов – Н.Уалиев. В 1985-1991 годах он был редактором областной газеты «Ленин жолы». В числе выпускников факультета также заведующий отделом Казахской Академии образования имени И.Алтынсарина, доктор педагогических наук Т.Турлыгулов. Достойное место здесь занимают фотографии, личные вещи и документы ветеранов Великой Отечественной войны – члена Союза журналистов Казахстана К.Бердаулетова, отличника просвещения КазССР Т.Тайманова и других. В 2017 году в рамках 80-летия университета вышло в свет второе издание книг «Біз – түлектерміз», «Университет ақпарат айдынында (2012-2017 жж..)», книга «Қорқыт ата

атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті». Вместе с ними вышла в свет первая книга «Қалдырған ізің мәңгілік…» — сборник воспоминаний и статей об ушедших из жизни педагогах-наставниках и сотрудниках, внесших большой вклад в становление и развитие вуза. Следует отметить, что такой книги не было в истории высших учебных заведений республики.

Следующая экспозиция рассказывает об истории формирования библиотечного фонда вуза. Она неразрывно связана с базой библиотеки корейского педагогического института (1937г.).

– В годы войны (1941-1945 гг..) библиотека обеспечивала учебный процесс не только кызылординского института, но и трех эвакуированных в Кызылорду вузов, – отметила Насихат Смаил. – Эти вузы после окончания войны вернулись к себе домой, а книги остались в нашем пединституте. В библиотеке стал формироваться отдел редких книг – справочники, учебники, научная и художественная литература. В 1988 году по приказу №50 Министерства высшего образования СССР отдел редких книг, отделившись от основного фонда библиотеки, стал функционировать самостоятельно. Здесь хранятся старославянские книги, литература на русском, корейском, немецком, латинском, английском языках 1760-1947 годов издания. С 2010 года библиотека университета стала членом Республиканской межвузовской электронной библиотеки (www.rmeb.kz), с 2011 года – Казахской Национальной электронной библиотеки (www.kazneb.kz). С января 2018 года разработан сайт научно-технической библиотеки (www.korkyt.kz/ntb).

Здесь можно узнать и о научных трудах выпускников университета, среди которых известные ученые Д.Кишибеков, А.Нысанбаев, Н.Надиров, Т.Турлыгулов. Все больше приходит в науку молодых ученых. Так, проект руководителя лаборатории инженерного профиля «Физико-химические методы анализа», кандидата химических наук, молодого ученого Нурбола Аппазова на тему «Переработка нефтесодержащих отходов по инновационной технологии» стал победителем конкурса «Грантовое финансирование проектов коммерциализации результатов научно-технической деятельности», объявленного Фондом науки на 2017 год. В университете с 2012 года научно-исследовательские работы ведутся на основе грантового финансирования Комитета науки МОН РК. Так, в 2012-2014 годы выполнялись 10 грантовых проектов, в 2015-2017 годы – 4. В настоящее время реализуются 9 проектов. В 2012-2017 годы учеными вуза получено более 80-ти патентов, выпущено более 60-ти монографий, несколько тысяч научных публикаций. В международных рецензируемых журналах, а также в зарубежных изданиях с высоким импакт-фактором – более 600 научных публикаций. 15 преподавателей стали обладателями государственного гранта «Лучший преподаватель вуза РК».

О ярких выступлениях и победах свидетельствуют награды и фото известных деятелей культуры и искусства, спортсменов. Среди них народная артистка СССР Р.Багланова, поэтесса-импровизатор Л.Абдикалыкова, трехкратный чемпион мира по тяжелой атлетике И.Ильин. В марте 2000 года по инициативе ректора университета К.Бисенова был создан фольклорно-

этнографический ансамбль «Дидар». В мае 2000 года он стал обладателем главного приза международного фестиваля «Молодежь и фольклор» в Турции.

Сегодня профессорско-преподавательский коллектив университета – это порядка пятисот педагогов. Здесь учится более трех тысяч студентов. О достижениях вуза свидетельствуют множество наград и международных сертификатов. Кызылординский университет имени Коркыта ата по итогам национального рейтинга лучших вузов Казахстана (рейтинг

НКАОКО) в 2017 году занял 9-е место. В феврале 2018 года вошел в топ лучших 300 университетов среди 2900 вузов стран Европы и Центральной Азии. Также он стал обладателем международной премии 2017 года «Признание» Евразийского экономического союза.

В музее представлен макет нового учебного корпуса №6 – «SMART CAMPUS». В рамках программы «Умный город» ученые университета планируют реализовать проекты по созданию информационных систем для промышленных исследований, по управлению освещением здания с помощью умных устройств и программ, проведению мониторинга экологической ситуации в городе с помощью мобильных телефонов и другие.

Как отметила Н.Смаил, музей был открыт 17 ноября 1997 года в рамках празднования 60-летия университета. Он завоевал популярность среди студентов и преподавателей, став центром воспитательной работы, на базе которого проводятся экскурсии, различные внеаудиторные мероприятия: кураторские часы, встречи с ветеранами войны и труда, учеными и известными деятелями республики. По словам заведующей музеем, в рамках предстоящего 85-летия университета в музее будет проведена реэкспозиционная работа. Будут обновлены фотоматериалы и документы, рассказывающие об истории вуза. Экспозиции будут дополнены новыми тематическими материалами.

**Ботагоз АЖАРБАЕВА**

**«Кызылординские вести», 07.10.2021ж.**

## ҚЫЗЫЛОРДАДА ИНСТИТУТ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының филиалы ашылды. Айта кету керек, елімізде институт филиалы жоғары оқу орындары арасында алғаш рет құрылды. Ынтымақтастық меморандумына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Бейбіткүл Кәрімова мен институттың I вице-президенті Иса Самсаев қол қойды, – деп хабарлайды осы жоғары оқу орнының баспасөз қызметі.

Меморандум аясында алдағы уақытта Қызылорда облысы педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары өткізіліп, рухы биік тұлға қалыптастыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылатын болады. – Қазіргі кезде білім

алушылар мен оқытушыларға рухани құндылықтарды қалыптастыру жұмыстарын жүргізу өте пайдалы болмақ. Себебі, карантиннен кейін дәстүрлі форматқа қайта оралу оңайға түспеді. Филиал қызметкерлерімен бірлесе отырып, жастардың тұлғалық дамуы, ішкі үйлесімділіктерін қалыптастыруда ілкімді істер жүзеге асырылады, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Университет пен институт арасындағы келісім шеңберінде №7 оқу ғимаратынан екі дәрісхана бөлінді. Оның толықтай жабдықталуы ұлттық институт тарапынан қамтылады деп жоспарлануда. Институт филиалын ашу жұмыстары бойынша алғашқы қадамды Қызылорда облысынан бастап отырмыз. Біздің аға оқытушылар аймақтағы педагогтер мен жоғары оқу орындары оқытушыларына «Өзін – өзі тану» бағдарламасын үйретіп, біліктіліктерін арттырады. Арнайы іс-шаралар ұйымдастырылатын болады, – деді Иса Мұсаұлы.

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің медиа орталығы,**

**«Білімді ел» газеті, 14.10.2021ж**

## ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ КӨТЕРІЛДІ, БЕДЕЛІ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

**Әлемді жайлаған қатерлі індет еліміздің экономикасына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, тіпті жеке адамдардың психологиясына да әсерін барынша тигізуде. Осындай қиыншылықтарға қарамастан елімізде, өңірімізде еңбек адамдары үлкен қажырлылықпен жұмыс істеуде. Әрине, олардың алдыңғы легінде педагогтар, дәрігерлер жүреді.**

Жалпы, осы пандемия педагогтардың қоғамда алатын орнын барынша айқындап берді: егер еліміздің ертеңін ойласақ, онда педагогтардың өз жұмысына деген ынтасын арттыру міндеті тұрғаны анықталды. Ал, ынталандыру дегеніміз – оларды материалдық тұрғыдан қолдау, оларға жақсы жағдай жасау екендігі анық. Кейінгі жылдары осы тұрғыда Үкімет, министрлік тарапынан біраз нақты қадамдар жасалды, бұл – қуанарлық жағдай. Өткен жылы қабылданған «Педагогтар мәртебесі туралы» заңның Үкімет отырысында бекітілуі ұстаздар қауымын біраз желпіндіріп тастады, сонымен қатар «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы, «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісі тағайындалғаны өте құптарлық. Олармен қоса, өңірдің білім саласын дамытуға үлес қосып жүрген 10 үздік ұстазға қаржылай біржолғы сыйақы берілгені де көңілге қуаныш ұялатады. Еліміздегі қазіргі жағдайға байланысты туындаған экономикалық қиындықтарға қарамастан, ұстаздардың жалақы мөлшері біртіндеп көтерілуде. Осы қадамдардың барлығын ұстаздарға көрсетілген құрмет деп түсіну керек. Жасыратыны жоқ, «Алты алаштың баласы бас қосқанда, сөз алдымен ұстазға беріледі» деп жалаулатқанымызбен, тек мейрамдарында ғана ауызға алынып,

сый-құрмет көрсеткендей сыңай байқалатын, оның қасында жоғарыда аталған іс-шаралар – ұстаздар мәртебесін көтеру жолындағы нақты қадамдар. Өңірдің барлық аудандарындағы мектептерде өз ісінің шын шеберлері, оқушыларына терең білім берумен қатар үлкен адамгершілік тәрбиесін беретін ұлағатты ұстаздар көптеп саналады. Олар барды қанағат тұтып, қарапайымдылықтың үлгісін көрсетіп, өз істерін адал атқаруда. Сондықтан олардың қажырлы еңбегінің өтеуі де жоғары болғаны құптарлық. Жалпы, ұстазын ұлықтаған елдің ертеңі жарқын деп ойлаймын.

Биылғы жылдан бастап педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін ең төменгі деңгейлік көрсеткіш – 75 балл болып белгіленді, ал былтырдан бастап осы мамандықтар бойынша мемлекеттік тасырыс негізінде оқитын студенттердің, магистранттардың, докторанттардың стипендиялары бір жарым есеге дейін көбейді. Міне, осы жұмыстардың барлығы педагог мамандығы мәртебесінің көтерілуі үшін жасалғаны айқын. Оның да өз себебі бар: кешегі өтпелі кезеңнің ауыртпалығы еліміздің экономикасын тұралатқан шағында көптеген білімді де, білікті ұстаздар күнкөрістің қамымен базар жағалап кеткені бәрімізге белгілі, олардың орнына мектептерге және басқа да оқу орындарына кездейсоқ адамдар келе бастады. Олар өңі түгіл түсінде де ұстаз болам деп ойламаған еді…

Енді еліміздің экономикасы тұрақталып, жағдай түзеле бастағанда ұстаздар қауымының қызметіне, олардың тұрмыс-тіршілігіне назар аударылып, арасында кездейсоқ адамдардың болмауына жіті бақылау жасалуда. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай. Енді мұғалімдердің білімі мен біліктілігіне қатаң талап қойыла бастайды, оны қазіргі заманның талабы деп түсінсек болады. Біліктілік демекші, әр жылдың аяғында, басында аудандық, қалалық, облыстық пәндік олимпиадалар дәстүрлі түрде өтіп тұрады. Осы олимпиадаларда ұсынылатын есептер өте жоғары деңгейде болып келеді. Ол есептердің барлығы Республикалық оқу-әдістемелік «Дарын» орталығында дайындалады да, бір мезгілде еліміздің барлық аудандарына, қалаларына жіберіледі. Сол есептерге оқушы түгіл пән мұғалімдерінің тісі бата бермейді. Оның себебі, біріншіден есептердің авторлары (Елеусинов Д., Сатылханов Қ., Қангужин Б., Васильев А., т.б) кезіндегі Халықаралық олимпиадалардың алтын, күміс жүлдегерлері және олар бұл жұмыспен кәсіби түрде айналысады, екіншіден біздің мұғалімдеріміздің теориялық дайындығы жетіңкіремейді. Бұл жағдай, әсіресе, жас ұстаздардың арасында көптеп көрініс беруде. Бұл есептер негізінен мектеп бағдарламасына енбеген, енсе де мейлінше аз қарастырылған тақырыптарды қамтиды. Атап айтқанда: салыстырулар теориясы, сандар теориясының көптеген теоремалары, графтар теориясы, инварианттар теориясы, функционалдық теңдеулер секілді. Осы ретте мұғалімдердің біліктілігі мен терең білімі, олардың оқушыларынан көрініс береді. Әрине, олардың мектеп бағдарламасын жақсы білетініне ешкім шүбә келтірмейді, алайда тек мектеп бағдарламасымен ғана шектелсек, онда біз оқушыларымыздың білімін жоғары деңгейге көтере алмаймыз. Айтатын бір сылтауымыз бар: мектептегі күнделікті жүргізілетін іс-шаралар мен қағазбастылық уақыттың барлығын алады,

сондықтан білімімізді көтеруге мүмкіндігіміз жоқ. Менің оларға айтатын бір ғана уәжім бар, егер біз осы заманның талабына сай күнделікті жүйелі түрде жаңа идеялармен, біліммен қаруланбасақ онда көштен қала береміз. Оны соңғы жылдардағы математика пәнінен болатын дәстүрлі Республикалық олимпиададағы оқушыларымыздың көрсеткіштері анық көрсетіп тұр.

Осыған байланысты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Математика және қолданбалы механика» кафедрасының ұжымы облыстағы математика пәнінің мұғалімдері үшін «Мектеп математикасының таңдамалы бөлімдері мен теоремалары» тақырыбымен біліктілікті арттыру курсын ұйымдастыру жұмысын қолға алды. Курстың ұзақтығы 72 сағат деп есептеліп, жоғарыда аталған бөлімдер түгел қамтылу көзделіп отыр. Осы ретте, біз облыстық білім басқармасының көмегіне жүгінеміз. Себебі, мұғалімдердің курсқа қатысуын қамтамасыз ету – үлкен жұмыс, сондықтан біз аудандық, қалалық білім бөлімдері осы ұйымдастыру жұмысына көмектерін береді деп сенеміз.

Түйінін айтқанда, ұстаздың беделі оның терең білімі мен біліктілігінде. А.Жұмаділдаев шыққан өңір талантқа кенде болған емес. Кім біледі, шалғайдағы ауылдарда талай Асқарлар жүрген болар, оларды тауып, терең білім беріп елдің алдына шығару – біздің негізгі міндетіміз.

**Б.ЖАНМОЛДАЕВ,**
**техника ғылымдарының докторы,**
**профессор**

**«Сыр бойы» газеті, 19.10.2021ж**

## ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕН ЕР

**Қазақта «Дүние – қолдың кірі» деген сөз бар. Бұл тұжырымның байыбына тереңірек бармасаңыз, жұрттың бәрін дүниені тәрк етуге шақырып тұрған ұран секілді. Ал, шын мәнісінде, тіпті олай емес. Мақал бірыңғай дүниеқоңыздыққа кеткендерге арналғанымен, жалпы дүниенің керектігін жоққа шығармайды. Себебі адамның өмір сүруі үшін әртүрлі материалдық игіліктер қажет-ақ. Солардың жиынтық дәрежесіне қарай, адамдарды шартты түрде бай, кедей деп жатамыз. Соңғы өлшеммен алғанда, мен сол кедейлікке жақындау болып өстім, қалыптастым. Содан болар пединститутқа конкурстан өтіп ауысқанымда кедейлік шырмауынан арыла алмай біраз қиындықтарға кезіктім.**

Запыранға толы зарымды кафедра меңгерушісі Авербух Михайл Соломонұлы түсініп, КазМУ-дың аспирантурасына орын алып береді. Алматыға келсем аспирантура бөлімінің меңгерушісі Зинаида Уәлиханова менің орнымды пединститут басшылары біреуге бергенін айтып, маған

КазПИ-ге баруға кеңес берді. Сөйтіп КазПИ-дің аспирантурасына қабылданып, Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор С.Толыбековтің жетекшілігімен ғылым әлеміне қадам бастым. «Иә, қазір мені жұмыстан шығармаса, аспирантураға кетер ме едім, КазМУ-ден қумаса, кім болса соның қолы жете бермейтін ғұлама ғалым Серғали Еспенбетұлына кездесер ме едім?» деп, пәлсапа заңына құлшылық ете отырып, маңдайымнан сипамаған ағаларыма рахмет айтамын.

Аспирантураны бітіріп келсем, орныма басқа біреуді қабылдап, мені философия кафедрасына ауыстырды. Тағы да дел-сал күй кешіп жүргенде, пединститут проректоры, профессор Н.Күнхожаев ДГМСИ-дің директоры Уәлихан Қозыкеұлына баруға кеңес берді. Уәлиханның кабинетінен бір-ақ шықтым. Раушан деген қарындасым келгенімді айтып шықты да:

– Кіріңіз, – деді күлімсіреп.

Екінші этаждағы кең кабинеттің төргі жағында шолақжең көйлек киген, моңғол тектес, бұйра қара шашты, отыздар шамасындағы тығыршықтай қараторы жігіт:

– Отырыңыз, – деген ишарат білдірді. Құжаттарымды көріп, көп сөзге келмей:

– Қыркүйекте сабаққа келіңіз. Саяси экономиядан 3-курс студенттеріне орыс тілінде дәріс оқисыз, – деп қысқа қайырды.

Аға оқытушылыққа бұйрық беремін дегенде, жұмысқа қабылдай ма, қабылдамай ма деген дүдәмал оймен келгенде бейтаныс басшы төбемнен бақыттың шатырын жайып жібергендей сезіндім. Аға оқытушылықты алдыма өңгере салғанына таңғалып, ішімнен сеніміңді ақтармын деп серт те беріп үлгердім. Міне, сол күннен Уәлихан Қозыкеұлымен бірлескен қызметіміз басталды.

ДГМСИ-дің Қызылорда филиалының ашылуы сол кездегі кейбір скептиктердің «тек қазақтар тұратын облыста жастарға техникалық білім беретін оқу орнының табысты жұмыс істеуі мүмкін емес» деген ойының тас-талқанын шығарды. Тек облыс үшін емес республика сұранысын қанағаттандыратын сапалы, жоғары білімді мамандар даярлана бастады. Сыр еліне танымал құрылысшы Сұлтан Махамбетов Мәскеу мен Алматыдағы министрліктердің есігін тоздырып, қаржы көзін тауып, қарқынды құрылыстар жүргізді. Филиалдың оқу-материалдық базасы күннен-күнге нығайды, жоқтан бар жасалды. Осының бәрі Уәлиханның басқару шеберлігі, лауазымды басшылармен тең тіл табысуымен жүзеге асып жатты. Сөйтіп, филиал институтқа, кейін университетке – іргелі оқу орнына айналды. Қазір Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті республикамыздың алдыңғы жоғары оқу орындарының қатарында.

Шебер басшы, ұйымдастырушы ретінде Уәлиханның іскерлігінен қандай ерекшеліктерді көруге болады? Ең алдымен, қарамағындағы қызметкерлерге деген сенімі. Ол әркімнің қабілетін, ой-өрісін, білімін, мінез-құлқын, керек болса, отбасылық жай-күйін есептеп, өлшеп-пішіп шешеді.

Әркімнің ынта-жігерін жандандырып, қайратын жаниды, еңбек нәтижесін көруге жетелейді.

Уәлиханның басқару әдісінен тағы бір ерекше айтатын нәрсе – әрбір қызметкерге оның лауазымдық міндеттері шеңберінде еркіндік беруі. Бұл сөз жоқ, бірінші басшысының сенімінен туындайды. Содан да болар, кафедра меңгерушілері, факультет декандары оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруде ынтамен, шығармашылықпен жұмыс істеп, басшы тарапынан бастау алатын ұсыныстар қолдау тауып тұрды. Екіжақты түсіністікке негізделген жұмыс тиімді нәтиже беріп, аз уақыт ішінде Уәлихан басқарған филиал ұжымы ғылым, білім, өнер, тәрбие бойынша облыстағы оқу орындарының алдыңғы сапында тұрды. Оқу-материалдық базасының жоғары қарқынмен дамуы нәтижесінде филиал Ы.Жақаев атындағы агро-өндірістік инженерлер дайындайтын институтқа, кейін политехникалық институтқа айналды. Қазіргі қаланың ортасындағы 5-оқу корпусы, жатақхана, «Жігер» кафесі, т.б. ғимараттар, 40-тан аса баспаналы болған оқытушылар мен қызметкерлер отбасы Уәлихан есімін паш етіп тұрғандай.

Уәлихан Қозыкеұлының тағы бір айтпауға болмайтын қасиеті – адам танитындығы. Осыдан бір нәрсе шығады-ау деген азаматты жеңіс пен жеңілістен тұратын өмір додасына қосып, табысқа ынталандыру үшін оған кейде оп-оңай жеңіс көкпарын алдына өзі өңгертсе, кейде көкпарға ұмтылған ессіз тобырдың артына шаңға батырады. Сөйтіп соны ширатады, шынықтырады, қиналғанда шығатын ащы тердің кермек дәмін таттырады, тек іздену және еңбекпен келетін абырой-атаққа жетелейді. Соған жігерлендіреді. Бәйгеге қосатын құнанның терін алғандай әбден аясына келгенде, үлкен сеніммен жарысқа қосып, қайта озып келуін жан-тәнімен тілеп, межеден өзі күтіп алады, оның жеңісіне қуанады.

Жоғарыда айтқанымдай, әркімнің жеке мүмкіндіктерін жете білген Уәлихан Ленинградтан институт бітіріп, осы қаланың жоғары мәдениетін, парасаттылығын қабылдаған, жоғары оқу орнының ережесін жатқа соғатын, қос тілді Серік Тойымұлын бірінші орынбасары етті. Берілген тапсырманың жігін жатқызып, ұқыпты дәл уақытында орындайтын, аз сөйлеп, көп іс тындыратын Өмірбек Үмбетовке қабылдау комиссиясының хатшылығын тапсырды. Жүзінен жылылық лебі есіп тұратын, қос тілді жетік меңгерген Аян Ибрагимқызына кеңестің ғылыми хатшылығын жүктеді. Қаладағы темір мен тақтайдың, трубалардың қай мекемеде, қай жерде жатқанын ұйқысынан оятып сұрасаң, жатқа айта беретін Әлібек Есенқараевты шаруашылық жөніндегі орынбасары етті. Талай ғимаратты сәнді әрі сапалы етіп салған танымал құрылысшы Сұлтан Махамбетовті құрылыс жөніндегі орынбасарлығына, студенттердің жоғын жоқтап, солар үшін бәріне де дайын тұратын, ұйымдастыру қабілеті жоғары, оқу-тәрбие жұмыстарында жедел әрі дұрыс шешім қабылдайтын Тұрлан Өтешұлы Искаковты факультет декандығына лайық көрді. Республикаға еңбегі сіңген архитектор Мәлік Сапарғалиевті, сұраған затын алмай қоймайтын Әли Ибрагимұлын кафедра меңгеруші, қызметте де, үйінде де партияның уставын басына жастап

жататын Райхан Құтжанқызын партия ұйымының хатшысы, кеңестік идеологиямен бақайшығына дейін қаруланған Ә.Жұмаділдаевті хатшының орынбасары қызметтеріне қойды. Олардың табысты, нәтижелі, тиімді еңбек ететініне сенді.

Шаңырағын шырқау биікке көтеріп отырған Альмира Нұрлыбекованы қалай айтпасқа?! Ғылыми лауазымының орта жеріне дейін келіп, оның шексіз мәресіне жету эстафетасын Уәлиханға тапсырып, «инемен құдық қазудағы» қиындықтарды бірге бөліскен Альмира барлығын ақылымен жеңіп, адал жайылған кең дастарханынан талай адамға дәм татқызды.

Қызылордадан кейін Уәлихан Қозыкеұлының өмір жолындағы табыстары айтарлықтай. Тараз мемлекеттік университетін басқарған жылдары университетке ортағасырлық ғалым-философ Мұхаммед Хайдар Дулатидің есімі берілді. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақстан жоғары оқу орындарының үштігіне кірсе, 2005 жылы табиғи қалдықтардан жаңа құрылыс материалдарын өндіргені үшін У.Бишімбаев бастаған университет ғалымдарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Парламент Мәжілісінің депутаты болған жылдары индустриалды-инновациялық саясатты енгізуге күш-жігерін жұмсады.

Оның ғылыми жетекшілігімен 21 докторлық, 31 кандидаттық диссертация қорғалыпты. Өзі – 17 монографияның, 37 оқулық пен оқу құралының, 700-ден аса ғылыми мақаланың, 123-тен астам авторлық, патенттердің, инновациялық патенттердің иегері. Осы сандық көрсеткіштер академиктің ғылыми мүмкіндіктерін қалай пайдаланғанын дәлелдесе керек. Ғылыми еңбектерінің көпшілігі Арал өңірінің табиғи ресурстар мен экономикасына байланысты. «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен марапатталған. «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері», ҚР Білім, ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының иегері. Шетелдік ғылым академияларының, ғылыми қоғамдардың дипломдарымен, медальдарымен марапатталған. Қазір ғылымды дамыту бағытындағы қоғамдық қордың жетекшісі.

Уәлихан Қозыкеұлы Сырдың нәрлі суын сіңірген, Сыр халқының нағыз қазаққа тән асыл қасиеттерін сол қалпында қабылдаған, еліне бергенінен берері көп үлкен тұлға! Осындай тұлғалардың ойлы іс-әрекеттерінің кейде уақыттан да ерте жүретінін есептесек, шын мәнінде, Уәлихан үшін 75 жас түк те емес. Алда әлі талай асулар тұр. Қызылорда университетінің өзі салдырған 5-оқу ғимаратынан арнайы дәрісхананың берілуі университет ұжымының оған деген құрметінің көрінісі болса керек.

**Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**Қорқыт ата университетінің профессоры**

**«Сыр бойы» газеті, 23.10.2021ж**

## ӨРКЕНИЕТ ӨРІСІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСТЕРІНЕ БАСТАМАҚ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы елдің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына арналды. Мемлекет басшысы Жолдауда өткен отыз жыл ішінде «Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болдық. Еліміз тұрақты қоғам құрып, орнықты даму жолына түсті» дей келе, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәуелсіз елімізді дамытудағы ерен еңбегін атап айтты. Орталық Азияда көшбасшы болу, әлемдік экономикадағы орнымызды одан әрі нығайту ел дамуының басым бағыттары болып қала береді. Әлемді жайлаған пандемия кезінде қолға алынған байыпты шаралардың арқасында 150 мың жұмыс орны сақталып, бір миллионнан астам адам тұрғын үй жағдайын жақсартты. Іске қосылған қарапайым заттар экономикасы да аз уақытта өз өміршеңдігін көрсетіп отыр. Жолдауда айтылған экономиканы барынша әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібі өнімінің экспортын арттыру, жерасты байлықтарының ресурстық әлеуетін толық Ашу сынды нақты қадамдар ел дамуына жаңа мүмкіндіктер әкелетіні сөзсіз. Агроөнеркәсіп кешенінде қордаланған проблемалар өз алдына бір төбе. Бұл орайда, Президент әкімдердің мал шаруашылығын жайылыммен қамтамасыз ету, ветеринария саласын дамыту, қолайсыз ауа райының болуы мүмкін зардаптарының алдын алу, ауыл шаруашылығы нарығында баға белгілеу, аграрлық саясаттағы сабақтастықты жолға қою мәселелеріне тоқталып, нақты тапсырмалар берді. ІТ саласында 4.0 элементтерін батыл ендіру, заманауи технологиялар трансферті, жас мамандарды көптеп даярлау, Орталық Азиядағы цифрлық хабқа айналу еліміздің цифрлық архитектурасын жедел өзгертетін болады. Еліміздің басты байлығы – адам. Сондықтан, Жолдауда ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу қажеттігі баса айтылды. Осы ретте, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, биологиялық қауіпсіздік жүйесін құруға да ерекше көңіл бөлінді. Білім және ғылым саласының адами капиталды дамытудағы орны қоғамға жақсы белгілі. Соңғы жылдары Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен бұл салаларда өршіл бастамалар қолға алынып, осының арқасында баршамыз бұрынсоңды болмаған сапалық өзгерістерге куә болудамыз. Осынау үрдісті жалғастыру аясында алдағы 3 жылда ұстаздардың еңбекақысын өсіруге 1,2 трлн теңге бөлінетіні барша зиялы қауымның көңіліне қуаныш ұялатты десек, артық айтпаймыз. Жолдау осындай көптің көңілінен шыққан білім бағдарламаларын тез өзгермелі заман талабымен үндестіру, оқытушыпедагогтардың кәсіби біліктілігін 5 жыл сайын емес, енді 3 жыл сайын көтеру, оқушылар арасындағы ғылыми жобалар конкурстары мен олимпиада жеңімпаздарын тәрбиелеген педагогтарды марапаттау сияқты бастамаларға толы. Жолдауда айтылған жетекші ғалымдардың жалақысын базалық қаржыландыру арқылы төлеу, ғылыми ұйымдарды тікелей қаржыландыру, гранттық қаржыландыру бойынша ұтып алынған жобаларды орындау мерзімін 5 жылға ұзарту, Ұлттық ғылыми кеңестер шешіміне апелляция институтын

енгізу сынды құндылығы жоғары бастамалардың отандық ғылымның серпінді дамуын қамтамасыз ететіні күмәнсіз. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің сындарлы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары егжей-тегжейлі сараланып, оларға қол жеткізудің жаңа мазмұнды жолдары көрсетілген. Сын-тегеуріндерден әрдайым бір адым алға жүру қағидатына негізделген Жолдау елімізді өркениет өрісінің жаңа белестеріне бастамақ.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің ректоры,**

**«Сыр бойы» газеті, 04.11.2021ж**

## ЖИЗНЬ, ПОСВЯЩЕННАЯ ТРУДУ

**Вчера в Кызылорде во Дворце студентов состоялась встреча известного казахстанского учёного, педагога, заслуженного работника РК Омирзака Озганбайулы с коллективом Кызылординского университета имени Коркыта ата.**

На встрече председатель правления – ректор университета Бейбиткуль Каримова отметила, что Омирзак Озганбайулы внёс особый вклад в общественное и политическое развитие страны, в частности, в активизацию работы сферы образования.

– В стенах университета помнят и знают, что уроженец Мангистауской области О. Озганбайулы – выпускник нашего вуза. В 1966 году он с отличием окончил факультет «Естествознание» по специальности «биология». И сегодня все мы гордимся им – прославленным ветераном труда, доктором исторических наук, кандидатом педагогических наук, профессором, академиком Академии педагогических наук РК. Омирзак ага долгие годы неустанно трудился в сфере образования, плодотворно работал над воспитанием подрастающего поколения и подготовкой квалифицированных кадров. За заслуги в развитии экономики, социальной сферы, науки и культуры, образования, за образцовую службу в государственных органах и активную общественную деятельность он был отмечен рядом орденов и медалей и другими государственными наградами. Кроме того, мы хорошо знаем, что он, возглавляя ветеранскую организацию на республиканском уровне, предпринял системные шаги в решении актуальных проблем наших почтенных матерей и аксакалов, – сказала Б. Каримова.

В мероприятии, посвященном 80-летнему юбилею О. Озганбайулы, также приняли участие заместитель председателя областного совета ветеранов Куляй Ермагамбетова, председатель Кызылординского городского совета ветеранов Султанбек Тауипбаев, ветераны университета, профессорско-преподавательский состав, молодые учёные и студенты.

Стоит отметить, что свою трудовую деятельность О. Озганбайулы начал в сфере образования. После трудился в должности заместителя председателя областной организации «Білім», директора регионального института управления подготовки педагогических кадров и профессионального обучения Мангистауской области, директора Национального центра обучения Министерства образования и науки Казахской ССР, руководителя департамента образования Мангистауской области, президента Казахской академии образования имени И. Алтынсарина, проректора Казахского экономического университета имени Т. Рыскулова.

С середины 90-х годов прошлого века О. Озганбайулы проводил масштабную работу на других ответственных постах. В 1994-1995 годы он работал членом Комитета по новым технологиям Министерства образования и науки Казахстана, в 1995-1999 – депутатом Сената Парламента РК, председателем комитета по региональному развитию и местному управлению. После участвовал в решении важных для страны вопросов в качестве советника генерального директора АО «Разведка и добыча «КазМунайГаз», советника генерального директора АО «Рауан Медиа Груп», председателя Центрального совета республиканской организации ветеранов.

Сегодня Омирзак ага занимает должность заместителя председателя республиканского общественного объединения «Ардагерлер ұйымы».

В ходе мероприятия о заслугах аксакала в сфере образования рассказали председатель совета ветеранов Кызылординского университета имени Коркыта ата Казыбай Кудайбергенулы, директор института естествознания, кандидат сельскохозяйственных наук Самалбек Косанов, магистрант 2 курса по специальности «история» Аруна Карабатырова.

В честь своего 80-летнего юбилея Омирзак Озганбайулы удостоился теплых поздравлений. От коллектива университета на плечи аксакала накинули традиционный национальный казахский чапан.

**Айдос АБСАТ,**

**«Кызылординские вести», 06.11.2021ж**

## ЛЮТЫЙ ДЕКАБРЬ

**В этом году декабрьским событиям 1986-го исполняется 35 лет. Их участники — молодые, полные сил и стремлений люди, восстав против существовавшего тогда режима, заплатили слишком высокую цену. Лишились права на учебу, потеряли работу, здоровье, а некоторые поплатились жизнью…**

Среди участников памятного декабря был 25-летний студент третьего курса КазГУ Айтжан Оразбаков.

По словам героя нашей публикации, 19 декабря 1986 года всех студентов исторического факультета разделили по группам, юношей и девушек по

отдельности завели в аудитории, поочередно начали проверять, есть ли на теле следы от драк и побоев.

Это была одна из первых превентивных мер правоохранительных органов по выявлению причастных к событиям на центральной площади в Алма-Аты.

-В те дни местная власть начала часто организовывать встречи со студентами. На одной из них с участием представителя партийной школы Алма-Аты я сказал: «До того, как применить силу, почему не дали возможности выступить авторитетным представителям казахской интеллигенции, известным писателям и поэтам, чьи книги и песни вдохновленно читала и пела молодежь? Может быть, тогда не было бы кровопролития, -вспоминает Айтжан Жумабаевич. -После этого на заседании первичной партийной организации факультета, проведенной в связи с декабрьскими событиями, один из преподавателей факультета заявил, что на встрече с представителем партшколы Оразбаков задавал каверзные вопросы, а Уматаев является одним из инициаторов этих беспорядков. Но мы говорили лишь правду.

Оразбаков и его товарищ понимали, если что-то пойдет не так, их отчислят из университета. Тогда преподаватели факультета поддержали активистов, единогласно высказавшись, что их вины нет. Окончательную точку поставил секретарь партийной организации Сулеймен Турганбаев, заявив, что по отношению к ним будет объявлен «выговор» с занесением в личную карточку.

– Это спасло нас от большой и неминуемой беды. Потому что в те лютые декабрьские дни всех, кто был на центральной площади, автоматически выгоняли из учебных заведений, — вспоминает наш герой.

После декабрьских событий многих отчислили из высших учебных заведений. Среди них были восемь студентов третьего курса исторического факультета КазГУ, где учился Айтжан Оразбаков, двое из которых впоследствии были осуждены.

Для всех нас декабрьские события 1986 года имеют особое значение. Они вписаны в историю становления независимости Казахстана и останутся в памяти народа.

**Канат МАХАНОВ**

**«Кызылординские вести», 11.11.2021ж**

## ТАНЫМ МЕН ТАЛҒАМ ТІЗГІНІ

Бірнеше буын ұрпақты өнегесімен өрге сүйреп жүрген, сөзі берекелі, аузы дуалы ел зиялысы Серікбай Иманбайұлы Қошқаровтың шығармашылығы Сыр жұртшылығына жақсы таныс.

Ұлт руханияты – ежелден бері беткеұстар перзенттеріміздің мұрасы бейнебір тамшыдай болып қосылып, жинақталған ұлы теңіз десек, Серікбай Иманбайұлы – сол теңізді молықтыруға, әл-қадірінше атсалысып жүрген қарымды қаламгер. Кейінгі жылдары республикалық баспасөз беттерінде

қоғамдағы түйткілді мәселелерге арналған қадау-қадау публицистикалық, талдамалық мақалалары және бірнеше кітабы жарық көрді. Әсіресе, бұл тұрғыда әңгімелер, ой-толғамдар, мақалалар топтастырылған «Жерұйық» кітабының орны ерекше. Осынау туындының жанрлық ерекшелігі, тілдік-стильдік сипаты, көркемдік палитрасы туралы филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Б.Кәрібозұлы, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Журналистер одағының мүшесі Ғ.Тұяқбаевтың мақалалары жарық көрді. Белгілі әдебиеттанушы-ғалымдардың кітапқа берген жоғары бағасы көптің көңілінен шыққаны айқын.

Жалпы, ұлттық әдебиет пен философияның, яғни сөз өнері мен ой өнерінің таразы басын тең ұстау шеберлігі оның қай шығармасынан да қапысыз байқалады. Аллегория мен метафора, тұспалдан нақтыға, жалқыдан жалпыға, қайшылықтан бірлікке өту – оқырманның жан-жүрегін аялай білетін Сәкеңнің ой үрдісіне тән сипаттар. Көсемсөздің ақ семсерін қиялай сермейтін публицистикасының өзінде «Дос көңілі – шарайна, сындырып алма абайла» сарыны басым. Өйткені, ол – табиғатынан мейірімді жан. Сюжеттік мазмұны, композициялық құрылысы жағынан әртүрлі әңгімелері қысқа диалогтар мен астарлы юморға, қазақи теңеулер мен ой-толғамға, тәрбие мен тағылымға толы. Әңгімелеріне тән ерекшеліктің бірі – кейіпкерлерінің мінез-құлқын екшеп, одан адамшылық тамырларды тауып отыруы дер едік. Ағамыздың сананың сеңін қозғап, сөздің сөлін сығатын шешендігін де айта кету ләзім.Ұлы Абайдың ілімін түсіндіру, уағыздау, насихаттау – Серікбай Иманбайұлы шығармашылығының тағы бір қыры. Өзінің айтуы бойынша, заңғар жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» романын алғаш бесінші сыныпта оқыпты. Міне, содан бері алпыс жылдан астам уақыт өтсе де аталған кітапты зерделеуін үзбей, өмір жолында кездескен күрмеуі көп күрделі сұрақтардың жауабын содан тауып келеді. Сондықтан, хакім Абайдың: «Адам болам десеңіз, …талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» сынды бес нәрсеге асық бол деген өсиеті оның туындыларының тұтқасы іспеттес көрінетініне таңырқамауымыз қажет. Бүгінде мұқабасы мүжілсе де, мазмұнының өміршеңдігін жоғалтпаған қастерлі құндылық – «Абай жолы» ағамыздың жұмыс үстелінде тұр.

Сәкеңнің ғалымдық, ұстаздық және ұйымдастырушылық қызметтері – бірін-бірі толықтырған, бірі-бірімен астасқан дүниелер. Қандай қызметте немесе ортада жүрсе де тәлім-тәрбиесінің мәйегін, ізгілігінің сәулесін айналасындағылармен бөлісіп, үйретіп қана қоймайды, өзі де жақсы адамдардан үйренуге бейіл. Біз білетінде «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» ұғымы – ол үшін жай сөз тіркесі емес. Таудай іс тындырса да, дабырайтып жатпай, «болдым-толдым» демей, тиянақты еңбектің, риясыз ізденістің жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Ел ынтымағын еселеу, береке-бірлігін күшейту, бұрынғылардың жөн-жоралғыларын, тәлім-тәжірибелерін өскелең ұрпаққа аманаттау сынды ұстанымдарды басшылыққа алған ол өзінің мол өмірлік тәжірибесін әрі оқығаны, көргені мен көңілге тоқығанын кейінгі буынға шаршамай-талмай

бөлісуде. Азаматтығын ажарландырған да, адами болмысын кемелдендірген де – осы қасиеттері.

Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету мінезден» дейді. Сыр өңіріне танымал азаматтың ұлт руханиятының туын жоғары сатыға көтеру жолындағы қызметін бейнелеуге осы қағидалы сөздер әбден лайық деп ойлаймын.

**Қали ОМАРОВ,**
**ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері**

**«Сыр бойы» газеті, 25.11.2021ж**

## НҰРБОЛ АППАЗОВ ҰЛТТЫҚ ИНЖЕНЕРЛІК АКАДЕМИЯНЫҢ АКАДЕМИГІ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

**Ел Тәуелсіздігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының 30 жылдығына арналған жалпы жиналыста химия ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрбол Аппазов толық мүшелігіне (академик) сайланды.**

Нұрбол Орынбасарұлы – химия ғылымдарының кандидаты, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-зерттеушісі. «Инжинирингтік технологиялар және экология» кафедрасының профессоры, «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасының бас ғылыми қызметкері.

Ғылымның дамуына сүбелі үлес қосып жүрген ғалым 265 ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Оның ішінде Web of Science және Scopus базаларына енген рейтингілі басылымдарда 21 мақала, Web of Science базасында 5 патент, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау комитетінің, РФ ЖАК тізіміне енген, басқа да шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда 93 мақала, халықаралық және республикалық конференциялардың 98 материалы мен тезистері жарияланды. Сондай-ақ, 42 ҚР инновациялық, өнертабыс және пайдалы модельдерге патент пен 5 оқу құралы, 6 монографияның авторы. Хирш индексі (*h*-индекс): Web of Science –3, Scopus – 4.

Жуырда университет ғалымдары **Альцгеймер және Паркинсон ауруларына қарсы дәрі жасау мақсатында** Еуропалық Одақ грантын жеңіп алғанын **хабарлаған болатынбыз. Бүгінде зерттеушілер осы және өзге де бағыттарда еңбектенуде.**

Нұрбол Аппазов – оқу орнындағы ең жас академик. Айта кету керек, өткен оқу жылында университет және Қазақстан жоо докторантураларында оқыған 7 оқытушы PhD доктор дәрежесін иеленсе, Ресей ЖОО аспирантураларында оқыған 2 жас ғалым ғылым кандидаты атанды.

**«Сыр бойы» газеті, 04.12.2021 ж.**

## НҰРҒАЛИ АҚЫЛБЕКОВ ҰЛТТЫҚ ИНЖЕНЕРЛІК АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ-МҮШЕСІ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

**Ел Тәуелсіздігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының 30 жылдығына арналған жалпы жиналыста PhD Нұрғали Ақылбеков корреспондент-мүше болып сайланды.**

Нұрғали Икрамұлы – химия мамандығы бойынша философия докторы (PhD), Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхана жетекшісі, «Инжинирингтік технологиялар және экология» кафедрасының аға оқытушысы.

Жас ғалым 109 ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Оның ішінде Web of Science және Scopus базаларына енген рейтингілі басылымдарда 18 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті, РФ ЖАК тізіміне енген, басқа да шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда 26 мақала, халықаралық және республикалық конференциялардың 53 материалы мен тезистері, 9 ҚР және РФ инновациялық, өнертабыс және пайдалы модельдерге патенттер (оның ішінде Web of Science базасында 2 патент), 3 монографияның авторы. Хирш индексі (*h*-индекс): Web of Science – 5, Scopus – 5.

Айта кету керек, медициналық химиядағы ізденістерімен танымал Нұрғали Ақылбеков биыл республика бойынша үздік оқытушы атанды.

**«Сыр бойы» газеті, 04.12.2021 ж.**

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЛАРЫ

Тәуелсіздік күні - ұлттық тарихымыздағы ең қастерлі құндылық. Тәуелсіз ел болу қаншама халықтың аңсары десек,бізге бүкіл өркениеті әлемге танылған, саяси дербес мемлекетті көру бақыты бұйырды. Мемлекет басшысы Қасым-ЖомартКемелұлы Тоқаев өткен жылы қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен құттықтағанда «...Біз қастерлі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басамыз. Бұл - баршамызға ортақ өнегелі өлшем, тағылымды кезең. Жаңа мемлекет құруға атсалысқан бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің тарихи шежіресі» деген болатын. Енді, міне, еліміз өз тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесін қарсы алу үстінде.

Бүгінде Қазақстан – мәуелі Бәйтерек. Оны күтіп баптаған, бүкіл халқымыз көлеңкесін пана тұтар саялы мекенге айналдырған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Шыбығынан еккен ағашыңның саялы бәйтерекке айналуы – еткен еңбегіңе байланысты, қашанда. Тарлан тарих беттерін парақтасақ,мемлекеттілікті қалыптастыру немесе жаңғырту дәстүрі өз тамырын тереңнен тартатынын байқаймыз.Ұлы Түркі қағанатының негізін қалаушылардың бітік тастардағы жазбалары бұған айқын дәлел. Әйгілі

Тоныкөк жазуында:«Түнде ұйықтамадым, Күндіз отырмадым...»делінсе, Күлтегіннің жазуында:«...Бай халыққа отырмадым, Іші ассыз, сырты тонсыз...халыққа отырдым. Жалаңаш халықты - тонды, Кедей халықты бай қылдым» – делінеді.

Елбасы – елдің қамын ойлаған көшбасшы бабаларымыздың ізін жаңа мазмұнда жалғастырушы. Отыз жылдық белесті елмен бірге өткерген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жақында ғана жас ұрпаққа арналған «Елдіктің жеті тұғыры»атты қағидалар жиынтығын таныстырды. Сындарлы кезеңдерде ел басқарып, оны талай тығырықтан шығара білген Елбасының елі үшін алаңдауы, жас ұрпаққа үндеуін жолдауы заңды құбылыс. Осынау мерейлі сәтте біз Тәуелсіздік берген ең басты құндылықтарымызды саралап, ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи қысқа уақытта жаңа Қазақстан мемлекетінің негізін қалап, қалыптастырудағы теңдессіз еңбегін ешқашан ұмытпауымыз керек. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Елбасы Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы»конституциялық заң қабылданды. Әлемде тәуелсіз мемлекеттердің саны екі жүзге де жетпейді. Әлі дербестікті армандап жүрген ұлт пен ұлыстар қаншама? Ата бабамыз жүздеген жылдар күткен азаттықты көру біздің ұрпақтың тағдырына жазылғанын ойласаң, кеудеңді қуаныш пен ерекше мақтаныш кернейді. Осынау патриоттық сезім барша қазақстандықтарға ортақ. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары біз әлеуметтік экономикалық реформалардың сәтті жүруінің басты кепілі ретінде күшті Президенттік билікті таңдадық. Қазақстан халқы Елбасының «әуелі– экономика, сосын – саясат», «Асықсақ та аптықпайық» деген даналық ұстанымдары аясына топтасып, еңселі ел болудың даңғыл жолына түсті. Еліміздің Тұңғыш Президенті тәуелсіздікті алғашқы жылдары нарықтық экономиканың негіздерін жасауға және демократияландыруға бағытталған сан алуан жедел де қарқынды реформаларды жүзеге асырды. Реформаларды қолға алмас бұрын әлем елдерінің қалыптасумен дағдарыс құбылыстарынан шығу тәжірибесін, аса көрнекті мемлекеттік қайраткерлердің, әсіресе Франция Президенті Шарльде Голль мен Сингапурдың негізін салушы Ли Куан Юдың өнегелерін барынша зерделегенін айтқанымыз абзал. Жас мемлекеттің басшысы әрбір жаңашыл қадамы, әрбір жасампаз бастамаларының арқасында әлемдік элитаның назарын өзіне аудара білді. Мемлекетіміздің қазіргі кезде 130дан астам ел мен саяси, әріптестік қарымқатынас орнатуы, талайларды алаңдатқан дағдарыстардан іркілмей өтуі – осының барлығы жүйелі жұмыстың құнды нәтижесі. Қалыптасқан ішкі саяси тұрақтылық пен оңтайлы инвестициялық ахуал шетелдік инвесторларды елімізге сенімді серіктес етті. Қазақстан жаһандық экономиканың ажырамас бөлігіне айналып, соның нәтижесінде халықтың табысы еселеп өсті. Мемлекеттің табысты экономикалық саясатының елімізді ең дамыған 30 елдің қатарына енгізер құндылық болары да сөзсіз. Егемен ел тағдырындағы шешуші құндылықтың бірі – астананың айбарлы Алатау баурайынан шежірелі Сарыарқа төріне көшірілуі. Осы бір тарихи шешім ту-

ралы 1994 жылғы 6 шілдесінде Жоғарғы Кеңесте Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Бірінші кезекте бұл біздің геосаяси аренадағы рөлімізді күшейтуі тиіс. Қазақстанның Еуропа мен Азияның қақ ортасындағы орнына байланысты артықшылығын толығырақ дамытуының бірегей мүмкіндігі туады», – деп айтқан ойының көрегендік болғаны қазір дәлелденді. Сәулет өнеріндегі қайталанбас жобалардың бірі елорда аз ғана уақыттың ішінде қарыштап дамып, қанатын кеңге жайды әрі қазақи ортаға айналды. Бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласы ел жаңғыруының нышаны, барлық жеңістеріміз бен жетістіктеріміздің, халқымыздың өз ұрпағының келешегіне деген зор үмітінің жарқын көрінісі іспеттес. Қарулы күштеріміздің құрылуы– азаттық таңы атқан сәттен бергі ең басты құндылығымыздың бірі.

Тұңғыш Президент – Қарулы Күштердің Жоғары Бас Қолбасшысы Н.Ә.Назарбаев еліміздің қарулы күштерін қалыптастырып, жаңа талаптар деңгейінде дамытуға ерекше мән берді. Қазір еліміздің қарулы күштері кез келген қауіп қатерге лайықты тойтарыс беруге қабілетті. Қазақстанның Кеңес Одағынан қалған ядролық арсеналданерікті түрде бас тартуы Тұңғыш Президенттің батыл саяси шешімі болды.Осы арқылы еліміз әлемдік қауымдастық алдында үлкен беделге ие болып, ядролық қарусызданудың көшбасшысы атанды.Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен ақ қазақ елін мекендеп отырған этностардың бірегей бірлігін қалыптастыруды мақсат тұтқан Елбасы тың бастама көтеріп, 1995жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды.

Елдігіміздің мызғымас тұғыры – бейбітшілік пен келісімге, татулық пен бірлікке көптеген мемлекеттер қызыға қарап, оны қазақстандық модель ретінде танып отыр. Жер шарын мекендеген халықтардың (олардың нәсіліне, тіліне, діни сеніміне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан) қиындық кедергілерді қоғамдасып шешуге мүдделілігі уақыт өткен сайын артуда. Осыны көре білген біздің Елбасы дәстүрлі және әлемдік дін өкілдерін бір шаңырақтың астына бірнеше рет жинады. Әлемдік тәжірибе мұндай мысалды білмейді.Европалық қоғамдастық Қазақстанды әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне жаңаша құндылықтар ұсынуға ынталы мемлекет ретінде таныды. Осыдан он жыл бұрын Қазақстанның Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі –айтылғанның бір дәлелі. Азиядағы өзара іс қимыл және сенім шаралары Кеңесі сияқты бітімгершілік жобасын ұйымдастыруда елдің маңызды бастамасы. Қазақстан – Шанхай ынтымақтастық ұйымының, Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі. Тұңғыш рет 2017 -2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. БіріккенҰлттар Ұйымынан кейінгі екінші орынды иеленетін Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етуі, ТМД елдерінің арасында тұңғыш рет халықаралық «Астана КСПО2017» көрмесінің өткізілуі Қазақстанның әлем мемлекеттері алдындағы айрықша беделін көрсетті. Халқымызда «Өткенсіз болашақ жоқ» деген тағылымды сөз бар. Соңғы жылдары еліміз сыңар жақ саясаттың салдарынан басқаларға телінген өзінің байырғы бастауларын, түпкілікті негіздеу жұмыстарын жүйелі қолға алуда. Байыпты зерттеулер көрсеткендей,Ұлы даладағы мемлекеттілік дәстүр сабақтастығы бағзы замандардан бері үзілген

емес. Сыртқы және ішкі қайшылықтардың салдарынан ыдыраған кеңестік империядан тәуелсіздік алған Қазақстан өзіне дейінгі мемлекеттер мен мемлекеттік құрылымдардың (скиф, сақ, ғұн, Түркі қағанаты, оғыз, қыпшақ және т.б. ортағасырлық мемлекеттер, Алтын Орда, Қазақ хандығы) мұрагері. Бұл – тарихи шындық. Алайда, қай дәуірді алсақ та еліміздің көрші елдермен ресми құжатталған шекарасы болған емес.

Тәуелсіздік жылдары ғана шекарамызды шегендеуге қол жеткіздік. Елбасының еліне деген шынайы сүйіспеншілігі, көреген де сарабдал саясаты, бабалар рухынан нәр алған табандылығы мен ерлігі, ақыл парасаты көрші елдермен келіссөздердің талай ауыр кезеңдерінен алып шығып, мәңгілік тұғырымыз –қасиетті жеріміздің шекарасын тұңғыш рет мызғымастай шегендеуге мүмкіндік берді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласында: «Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді...» деп дөп басып айтты. Сондықтан да ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі әрбір жаңа ұрпақ үшін айрықша мәнді болып табылады. Қоғам үшін адамгершілік ұстанымдарды қалыптастыратын отбасылық құндылықтардың орны ерекше.

Өнегелі отбасында ұлағатты тәрбие алып, ұлттық салт дәстүрлерді бойына сіңірген ұрпақтың тұғырлы болатыны белгілі. Қоғамның игілікке ұмтылып, алға жылжуы үшін дәстүрлі және жаңғырған құндылықтардың тепе теңдігін сақтау маңызды. Мәдениеті дамыған қоғам үнемі дамып, жетіліп отырады. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге, мәдениетімізді одан әрі дамытуға ерекше назар аударуға тиіспіз. Біздің рухани тірегімізді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде зиялы қауым үлкен рөл атқарады.Ұлтымыздың тұтас тарихын жазуға әрі қоғамдық санасын жаңғыртуға бағытталған «Ұлы дала Елі», «Мәңгілік ел» идеялары, «Халық тарих толқынында», «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру»,«Ұлы Даланың жеті қыры», «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақалалары – ұлт руханиятының қастерлі құндылықтары. Дамудың биік шыңына жетудің кілті білім мен еңбекте жатыр. Әлемдік тәжірибе осыны көрсетеді. Қоғам мұраттарының ішінде үздіксіз білім мен тынымсыз еңбек қашаннан алдыңғы қатарда. Қалыптасқан тұғырымызды шайқалтпау – баршамызға ортақ міндет. Қазақстанның жаңа тарихы, алған асулары мен бағындырған белестері – прагматикалық ұстанымның жарқын көрінісі. Мемлекетімізді «Мәңгілік ел» етудің де тұғыры прагматизм болары хақ. Тәуелсіздік, Бірлік пен келісім, Жер, Отбасы мен салт дәстүр, Ұлттық мәдениет, Білім мен еңбек, Прагматизм сынды жеті тұғырға біріктірілген қағидалар жиынтығын халық арасында кеңінен насихаттауымыз қажет. Өйткені, тоқтаусыз тарих көшінде кездеспей тұрмайтын сын қатерлерге мемлекеттігінің тұғыры берік елдер ғана төтеп беретіні ақиқат. Ұлт көшбасшысы, Қазақстан

Республикасының Тұңғыш Президентінің ерен еңбегімен ерлігін ұрпаққа ұлағаттаудың жастарды Отанын сүюге, оның болашағына аянбай қызмет етуге тәрбиелеуде маңызы зор. Жас ұрпаққа аманатын артқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы ретінде өзінің тарихи миссиясын жалғастыруда. Жетістіктері мен табыстары ғасырға бергісіз 30 жылда жаңа Қазақстанның, жаңа экономиканың, жаңа қоғамның іргесі қаланды. Бүгінгі Қазақстан бірлігі жарасқан, болашағы жарқын ел, жасампаз әлеуетін бүкіл әлем таныған абыройлы, беделді және мәртебелі мемлекет. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі мерекесі құтты болсын! Мемлекетімізде бейбітшілік пен бақ - береке мәңгілікке тұрақтасын!

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма Төрағасы-ректоры**

**«Сыр бойы» газеті, 07.12.2021ж.**

## ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

**«Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, іс-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек» – деген Кемал Ататүрік. Біз де өз ұлтымыздың, дара да дана ұлдарымен, ғалымдармен мақтанып, оларды құрметтеуге тиіспіз. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Жұмәділ Бәйділдаұлы Шілдебаев – тәлімгер, ұстаз, жол сілтеуші, ақылшы. Талай талапкердің ғылым жолына түсуіне де себепкер болды.**

Бір кездескенде «бұлай жүре бермей, ғылыми бағыт таңдау керек. Қазір Қызылордада экологиялық проблема көп, солармен айналысқан жөн» дегені бар. Тағы бір кездескенде арнайы отырып ғылыми бағытты, тақырыпты жобалап айтып берді. Сол жұмыспен айналысып, қазір жемісін көріп отырмыз. Ол кісі жол сілтеп, ақылын айтудан шаршамайды. Жетістікті көрген әріптестер де ағайдан кеңес алып, табысқа қол жеткізді.

Емен – ағаш жуан, жапырағы қалың болғанына қарамастан қатты жел тұрса тамырымен қопарылып құлайды. Ал қайың жіңішке, нәзік болғанымен қатты жел тұрғанда сәл майысады да, жел басылған соң бойын қайта тіктеп, жапырақтарын күннің нұрына малындырып жайқалып тұрады. Жұмаділ ағамызды осы қайың ағашына ұқсатамын. Ұлы Абайдың «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» дейді.

Ол кісінің тынымсыз еңбекқорлығы, ғылымға деген адалдығы мен сүйіспеншілігі шыңға жеткізді. Академик А.Бейсеновамен бірлестікте

көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасын жасады. Тұжырымдама негізінде экологиялық білім бағдарламасы қабылданды. Бұл құжаттарды сол кездегі Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясының ғылыми кеңесі сараптап оң баға берген. Соның нәтижесінде, Қазақстанда алғаш рет ҚР Білім және ғылым министрлігінің бекітуімен орта және арнайы мектептерге арналған «Экология» 5-10 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы, оқулық, әдістемелік нұсқау, жұмыс дәптері, хрестоматиядан тұратын оқу-әдістемелік кешен 2003 жылы қазақ, орыс, ұйғыр тілінде жарық көрді. Арнайы мектептерде бүгінге дейін қолданыста.

Ұстаздан үйренгеніміз де, үйренетініміз де көп. Шәкірт ретінде осындай терең білімді, ақыл-парасаты мол адамнан тәлім алғанымызға қуанамыз.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының 2 мәрте иегері, Панфилов ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Жұмәділ Шілдебаев. Жас болсын, ол студент па, мұғалім ба тіл табысып, сөйлесіп кетеді. Әсіресе ауылдан келіп ата-анасының жылы сөзін сағынып жүрген жастарға қамқор.

Қызметте, жұмыста білімін, тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін жастардың жан-жақты білімді, саналы болуына арнап келеді. Бүгіндері жасы сексенге жақындаса да бар күш-жігерін ұрпақ тәрбиесіне жұмсап жүр.

**Самалбек ҚОСАНОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті**
**«Жаратылыстану» институтының директоры,**

**О.АЙДАРОВ,**
**«Биология, география және химия» кафедрасының**
**аға оқытушысы, география ғылымдарының кандидаты**

**«Сыр бойы» газеті, 16.12.2021ж**

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЭМИГРАЦИЯСЫНЫҢ КАВКАЗДЫҚ КЕЗЕҢІ

Қараша айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары Әбдіжәлел Бәкір, Ғабит Тұяқбаев үшеуміз М.Шоқай мұраларын зерттеу мақсатында Грузияның Тбилиси қаласына арнайы ғылыми іс- сапарға барып қайттық. Түркістан мұхтарияты құлағаннан кейін Мұстафа Шоқай Кавказда әуелі Әзербайжанда, кейін 2 жылдай Грузияда болған еді. Себебі оған Әзербайжанға қарағанда Грузиядағы ұлттық үкіметтің әлеуметтік негізі де, саяси ахуалы да тұрақтылау көрінеді. Закавказье Федерациясының ыдырауы нәтижесінде 1918 жылғы 26 мамырда Кутаиси және Тифлис провинциялары, Батуми облысы мен бұрынғы Ресей империясының Сухуми округі кірген Грузияда тәуелсіз демократиялық республика орнаған еді. 1919 жылдың көктемінде Әзербайжаннан Грузияға келген Мұстафаны оның Санкт-Петербург

кезінен бері Мемлекеттік думада істес болған грузин қайраткерлері Н.Жордания мен ішкі істер министрі Н.Рамишвили үлкен құрметпен қарсы алады. Тбилисиде Солтүстік Кавказ азаттық қозғалысының жетекшілері, Версаль конференциясы Жоғарғы комиссары резиденциясының болуы да қолайлы жағдай туғызады. Олар Мұстафаға қолдан келгенше көмектесуге уәде берді. Сонымен Түркістан ұлт- азаттық күресіне жаны ашитындар табу жағынан Шоқай үшін Еуропаға барар жолдағы Грузия сәтті қадам болды.

Мұстафа Шоқай кейін «...мені Тифлисте өте жылы қабылдады. Грузия үкіметі сол кездегі жағдайды нақты түсінді және маған қолынан келгеннің бәріне көмектесуге уәде берді. Маған көп нәрсе қажет емес еді. Осының өзі менің Тифлисте қалуым үшін жеткілікті болды» деп жазды. Сонымен қатар көпұлттылығы жағынан Кавказдың Түркістанға ұқсастығы Шоқайға ұнаған болуы керек. Мұстафа тағдырын әйелі Мария Шоқай да бөлісті. Мұстафа 1919 жылы 1 мамыр күні жары Марияны Тбилиси вокзалынан күтіп алады. Екеуі әуелі бірер апта «Ореан» қонақ үйінде, кейін А. Грибоедов көшесі, 23 үйде 1921 жылдың ақпанына дейін тұрды. Ол туралы Мария Яковлевна өзінің «Менің Мұстафам» атты естелігінде: «Бағымызға орай Тбилисидің буржуалар тұратын ауданынан шыны террасалы екі бөлме табыла қалды. Бұл тұрған жерден Эльбурс таулары көрінетін» деп жазады. Үй иесі Балтық жағалауының немісі Людвиг Першке деген кісі төңкерістен кейін он бөлмелі пәтерінің екі бөлмесін Шоқайларға жалға берген екен. Мария Шоқай естелігінде көшелерде алуан түрлі киінген адам көп болғанын, олардың біразы қашқындар екендігі, Грузия өкіметі оларды қамқорлығына алғанын жазған болатын. Мария ән айтудан сабақ береді. Тбилисиде жүріп Украина азаттық қозғалысының өкілі Красковскиймен бірге «Түркістан және Украина» бірлескен ұлттық орталығын құрып, ақпараттық бюро, орыс және Батыс Еуропа тілдерінде басылымдар ұйымдастыру жөнінде жоспар жасайды. Бұл идеяны грузиндер де қолдайды.

Сөйтіп олар «Еркін одақ» атты баспа да құрады, кейін ол ұйымға айналады. Міне, осылай түркі халықтарының ұлттық егемендігі жолындағы күрескердің «Еуропа ойындары» Кавказдан басталады. Мұстафа Шоқай Кавказға келген соң «Кавказ пактісі» атты очеркін жазған болатын. Бұл мақалада: «Кавказ майданы неғұрлым күшті болса, соғұрлым біз бәріміз және әрқайсымыз жеке-жеке күшті боламыз. Кавказ біріккенде, біртұтас ортақ майдан болып, бір күш ретінде әрекет еткенде ғана күшті болады» дейді. Сондықтан да М.Шоқай халықтардың ортақ тілегін мынадай сөз тіркесімен білдірді: «Біздің бәріміз үшін де, украиндар үшін де, Ресейден бөлініп, тәуелсіз ұлттық мемлекеттер құруға ұмтылған түрік халықтары үшін де маңызды рөл атқарады. Кавказдың орыс империализмінің барлық түрлеріне қарсы ортақ күресте екендігі айқын». Бір қызығы, Грузия – Сталиннің шағын отаны еді. М.Шоқайдың Кавказға шығуын большевиктер назардан тыс қалдырмады. Соған қарамастан, М.Шоқай өмірінің кавказдық кезеңінде де қол қусырып отырмады, жан-жақпен байланыс орнатып, большевиктердің билігін құлату үдерісіне өзінің көзқарасын баспасөзде белсенді түрде білдіреді. Мұстафа Шоқай әуелі Солтүстік кавказдықтар шығаратын «Вольные горцы» атты

апталық газетінде жұмыс істейді. «Борьба» газетімен шығармашылық байланыс орнатады. 1919 жылдың 1 қарашасынан бастап Түркістан және Украина Ұлттық орталығының көмегімен орыс тілінде «На рубеже» атты тәуелсіз айлық журнал шығара бастайды. 1920 жылы Мұстафа Ахмет Салиховпен бірге түркістандықтардың ұлттық мүдделерін қорғайтын «Иені Дүния» атты апталық газет шығара бастады. Сол жылы алдымен аптасына бір, кейіннен екі рет шығарылған, негізгі идеясы Түрік ұлт-азаттық күресін қолдайтын «Шефек» газетін шығарады. «На рубеже» Грузия үкіметінің материалдық көмегі арқылы, түрік тіліндегі «Шефек» Тбилисидегі түрік қоғамының жәрдемімен шығып отырды. «На рубеже» журналында, «Вольные горцы» және басқа газеттерде М.Шоқай Аз, Акбер, Аян, Бакинский корреспондент, Б.С., Дау, Даут, Жанай, Жанаев, Желил, Искандер, К., Кара-Мурза, Кипчак, Кипчак оглы, К.М., М., Мен, Мусульманин, М.Ч., Н., Невольный туркестанец, Туркестанлы, Табынбаев, Тильчи, Садык Нури, Хакимжан, Х., Ю.Х., Юсуф Ходжа, Я деген лақап аттармен мақалалар жариялады. «Вольный горец», «Горцы Кавказа» журналдарында Осман мемлекетіне, армян мәселесіне қатысты мақалалар шығарды.

«Вольный горец» газетінде басылған Мұстафаның мақалаларын талдай отырып, оның негізгі тақырыбы Түркістан тағдыры екенін байқауға болады. «Вольный горец» газетінде жариялаған «Қырғыз кеңес республикасы» деген мақаласында Қазақ Автономиялық Республикасының құрылуы туралы БОАК декретін сынға алады. Тек қазақ, өзбек, т.б. түрік халықтарының ғана емес, бүкіл Кавказ халықтарының бостандығы үшін күреседі, кеңестік Ресейдің екіжүзділік саясатының құпия қырларын ашып көрсетуге күш салады. Газеттің №57 санында басылған «Түркістан туралы шындық» атты мақаласына аштық себептерін жан-жақты талдап көрсетіп, өлкедегі қазақтардың аштыққа ұшырауы совет өкіметінің саясатына байланысты орын алып отырғандығын, реквизиция мен конфискелеудің нәтижесінде тіпті Қазақ даласы соңғы екі жылда босап қалды дейді. 1920 жылғы 14 маусымда жарық көрген «Кеңестік шығыс саясатының кезеңдері. Қоқан және Гянжа» атты мақаласында Кавказ сырты мен түркістандық мұсылмандардың тағдырында көптеген ортақ нәрселер бар екендігін айтады. Билік басына келерде әрбір халық пен ұлттың өзін- өзі басқаруына еркіндік береміз деп жалаулатқан, олардың діни сенімдеріне кедергі келтірмейміз, тіпті ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүрлерін дамытуға көмек береміз деген уәде берген кеңестік саясаттың бейнесі ретінде Қоқан мен Гянжада болған қанды қырғын туралы жазды. Орта Азиядағы ең бай Түркістан мемлекетінің ұлттық негізі қаланған, мұсылмандар қаласы болған Қоқанда Халық кеңесі және Түркістан Автономиясының уақытша өкіметі ұйымдастырылып, Түркістан құрылтайшылар жиналысының ұраны қабылданса, ал Гянжа қаласында 1918 жылы Әзербайжанның алғашқы Ұлттық кеңесі құрылып, уақытша өкіметі дүниеге келген болатын.

Сондай- ақ, Гянжа Кавказдағы түркі халқының басы қосылған, Азербайжан мемлекетінің бесігіне айналған, алғаш революциялық тудың астына жиналған мұсылман қауымы тұрған қала болатын. М.Шоқай

мақаласында екі қаланы да көтерілісшілерді басамыз деген желеумен тас-талқан еткенін, мұсылмандар үшін қасиетті мекен саналатын мешіттерді қиратқанын, жүзін тіпті өз еріне де көрсетпейтін мұсылман әйелдері мен қырмызы қыздарына зорлық жасаған орыс әскерлерінің әрекетін жазды. 1920 жылғы 20 желтоқсанда «Вольный горец» газетінде жарияланған «Түркістанда басмашылықтың күшеюі» атты мақаласында түркістандық басылымдарға сүйене отырып, 1918 жылдың басында күреске шыққан басмашылар қарқынының күшейте түскенін, олардың партизан топтарын құрып, кеңес үкіметімен экономикалық майданда күреске шығып, біраз мақта заводтарын қиратқаны туралы сөз етеді. М.Шоқай Анадолыда басталған ұлттық қозғалыс кезінде қолы жеткен ақпараттарға сүйене отырып, «Шефек» газетінде «Анадолы хаттарын» жариялайды. Бұл басылымдардың беттерінде Кавказ халықтарымен шектеліп қалмай, қазақ, өзбек, т.б. мұсылман халықтарының мұң-мүддесін кеңінен қозғайды. Сонымен қатар «Грузия», «Батумская жизнь» газеттерінде бірнеше мақала жариялайды.

Ең алдымен баспасөз арқылы Ресейде қалыптасқан жағдай мен өздерінің саяси күресінің мәні мен мақсатын жұртшылыққа түсіндіруді мақсат етіп қояды. «На рубеже» арқылы Грузия үкіметінің Кеңес билігіне қарсы ұлт-азаттық күресін қолдаса, «Шефек» газеті арқылы Анатольяда Мұстафа Кемалдың жетекшілігінде одақтас мемлекеттерге қарсы жүргізіліп жатқан ұлт-азаттық күреске қолдау көрсетті. «Грузия» газетінің 1920 жылғы 28 сәуірдегі нөмірінде «Мен» деген бүркеншік есіммен жарық көрген «Түркістандағы ұлттық мәселе және ұлтаралық қатынастар» деген мақаласында «Түркістанның ура-большевиктері өлкенің өзін-өзі билеуін тулалық, нижегородтық мұжықтардың өмір салты мен ғұрыптары негізінде ұйымдастырды дейді. Осылайша большевиктерге қарсы сөз майданын бастайды, таптық принципті желеу еткен Кеңес өкіметінің саясатына әлем жұртшылығының назарын аударады. Бір ғана орыс демократтарына – эсерлер мен кадеттерге, олардың Бүкілресейлік құрылтай жиналысының салтанат құруы жөніндегі уәделеріне сеніп қалмай, түрік халықтарының ұлттық күресінің әділдігін, олар көріп отырған зорлық- зомбылықтарды, большевиктердің ұлттық саясатының бетпердесін ашып көрсетуге барлық күш- жігерін жұмсайды. Мұстафа Шоқайдың Грузиядағы шығармашылығының тақырыбы тек Түркістанмен шектелген жоқ. Ол бүкіл Кавказ халықтарының бостандығы үшін күресті алып, кеңестік Ресейдің осындағы екіжүзділік саясатының құпия сырларын ашып көрсетуге күш салды. 1920 жылдың сәуірінде Әзербайжан Республикасының құлауы жөнінде «Янги Дунья» газетінде жариялаған мақаласында Кеңес өкіметін «мұхиттың арғы бетіндегі сирек кездесетін сұлу құс» болып көріну мақсатындағы өңін өзгерткен қара қарғаға ұқсатады. Бірде ол қарқылдағанда жұрт оның жай боялған қара қарға екенін байқайды.

Автор Әзербайжанды азат етуге келдік деген большевиктердің Бакуге, Гянжаға басып кіруін «азаттық революциясының алтын торында көптен таныс, қазір ашыққан, сол себепті тым ызалы орыс қарғасының отырғанына көзімізді әбден жеткізді» деп жазды. 1921 жылдың 16 ақпанында Серго Орджоникидзе

бастаған қызыл әскерлер Грузияны тізе бүктіреді. Амалдың жоғынан М.Шоқай Батуми порты арқылы жұбайы Мариямен бірге итальян кемесіне отырып, Түркияға кетеді. Іссапар барысында Грузия парламенттік кітапханасында болып, Мұстафа Шоқайдың Тбилисиде газет-журналдарға жарияланған мақалаларының және Грузия Ұлттық архиві қорларындағы грузин қайраткерлеріне жазған қолжазба түріндегі хаттарының, тағы басқа құнды құжаттардың көшірмелерін алдық. Сонымен қатар ғалымдар 1919-1921 жылдары қайраткердің жары Мариямен тұрған Тбилиси қаласындағы А.Грибоедов көшесі, №23 үйде болдық. Қазақстаннның Грузиядағы елшілігіне М.Шоқай тұрған үйге ескерткіш тақта орнату жөнінде ұсыныс айтылды.

Мақала соңында ұлы қайраткердің Тбилисиде жазған, бұрын жарияланбаған «Секірген лақты көрдім тау басында» атты өлеңін оқырманға ұсынып отырмыз. Өлеңді түркі шағатай тілінен аударған филология ғылымдарының кандидаты, профессор Төрәлі Қыдыр.

СЕКІРГЕН ЛАҚТЫ КӨРДІМ ТАУ БАСЫНДА

Секірген лақты көрдім тау басында,
Көруші ем лақ-қозыны мен жасымда,
Балалық еске түсіп ел аңсадым,
Баруға заман шалғай ел қасына.
Ойнаушы ек балалықта қозы-лақпен,
Құлыншақ, бота, бұзау, бай шолақпен.
Бұ күнде о замандар өтіп кетті,
Ойынымыз қан ағызу жау-жарақпен.
Ойында жыртушы едік көйлек-ыстан,
Ешбір жан демеуші еді пәлен-пыстан.
Ойыннан бұ күндегі қан тамады,
Жер үсті күңіренеді жан дауыстан.
Елеусіз деген сөздер: «қанды төкпе»
Бір-бірін құртпай тынбас көңіл өкпе.
Төккен қан бала үшін деп ақталады...
Баланың ата-анадан хақы көп пе?
Боянып қанға туған бала оңбас,
Жаудан болған жауыңыз көлге қонбас.
Дұшпандық сүтпен еніп, қанға сіңген,
Боп кетер балаларға ата-мирас.

Мұстафа Шоқайұғлы 22 сүнбіле. 1919 жыл. Тифлис.

**Сағат ТАЙМАН,**
**тарих ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата университеті «Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығының жетекшісі**

**«Сыр бойы» газеті, 23.12.2021ж**

# КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА В ТОП-400 ЛУЧШИХ УНИВЕРСИТЕТОВ В РЕЙТИНГЕ QS EECA

На сегодняшний день перед казахстанскими вузами стоит основная задача – предоставление качественного образования, соответствующего потребностям рынка труда. Одним из действенных инструментов обеспечения качества стало участие отечественных вузов в мировых рейтингах, поскольку рейтинговая оценка роли университетов очень важна как обществу, так и потребителям.

Основной задачей Стратегии развития Кызылординского университета имени Коркыт Ата является вхождение вуза в мировой рейтинг университетов. С 2015 года КУ имени Коркыт Ата принимает активное участие в мировом рейтинге высших учебных заведений, проводимом Британской рейтинговой компанией Quacquarelli Symonds (QS).

Рейтинг лучших университетов мира (QS World University Rankings) рассчитывается по методике британской консалтинговой компании Quacquarelli Symonds (QS) и считается одним из наиболее влиятельных глобальных рейтингов высших учебных заведений. Рейтинг Quacquarelli Symonds разработан в 2004 году совместно с британским изданием Times Higher Education и был известен как The World University Rankings. С 2010 года единый рейтинг разделился на два: издание Times Higher Education, выпускающий рейтинг лучших университетов мира по названием The World University Rankings совместно с агентством Thomson Reuters и Quacquarelli Symonds, продолжающий выпускать рейтинг под названием QS World University Rankings.

Рейтинг QS EECA впервые был опубликован в 2014 году и является частью QS World University Rankings, ежегодно публикуемого британской компанией Quacquarelli Symonds (QS), специализирующейся на образовании и обучении за рубежом. Рейтинги QS - одни из самых влиятельных мировых рейтингов вузов.

По результатам рейтинга университетов стран Восточной Европы и Центральной Азии (EmergingEurope&CentralAsia) QS EECA 2022, проводимого Британской компанией Quacquarelli Symonds (QS), Кызылординский университет имени Коркыт Ата вошел в ТОП-400 лучших вузов стран Восточной Европы и Центральной Азии.

В рейтинге принимали участие 450 лучших вузов Албании, Беларуси, Боснии и Герцеговины, Болгарии, Хорватии, Кипра, Чехии, Эстонии, Венгрии, Косово, Латвии, Литвы, Молдовы, северной Македонии, Польши, Румынии, России, Сербии, Словакии, Словении и Украины. Казахстан представили 34 вуза.

В общей сложности оценивались 10 критериев: академическая репутация, репутация среди работодателей, соотношение научно-педагогического состава и студентов, количество публикаций на одного сотрудника, международные научные связи, влияние университета в Интернете, доля сотрудников со степенью PhD, количество цитирований на одну статью, доля иностранных

сотрудников и доля иностранных студентов. Каждый критерий вносил определенный вклад в общую оценку университета.

Вхождение Кызылординского университета имени Коркыт Ата в мировой рейтинг QS EECA, укрепляет конкурентоспособность и имидж университета - как среди казахстанских вузов, так и в мировом

**Жана ЖАКСЫЛЫКОВА,**
**начальник отдела стратегического планирования и управления качеством Кызылординского университета имени Коркыт Ата.**

**«Кызылординские вести», 25.12.2021 г.**

## НҰРБОЛ АППАЗОВ, АКАДЕМИК: «АЛЬЦГЕЙМЕР ЖӘНЕ ПАРКИНСОН АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ПРЕПАРАТ ДАЙЫНДАУДАМЫЗ»

***Бүгінде «Альцгеймер» және «Паркинсон» ауруларының емі табылмай келеді. Дегенмен бүгінде бірнеше елдің ғалымдары бірлесіп, бұл аурудың алдын алатын дәрі жасауға кірісіп кетті. Олардың қатарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші-профессоры, жас академик Нұрбол Аппазов та бар. Жақында академик ғалыммен бүгінге дейінгі ғылымда жеткен жетістігі, шыққан белесі, ашқан жаңалықтары жайында сұхбаттастық…***

**– Нұрбол Орынбасарұлы, әңгімемізді химия саласына келуіңізден бастасақ…**

– Менің бұл салаға келуім қызық болды. Өзім Қармақшы ауданының тумасымын. Оқушы күнімде жүргенде дәрігер болуды армандадым. Мектеп бітірген 1998 жылдары бәрі қиындау уақыт еді. Ата-анам «Өзге қалаға жібермейміз. Қызылордадағы оқу орнына барып, медицина саласына жақын биологияны оқы. Бітірген соң армандаған дәрігерлікті де көрерсің», – деді. Келістім. Бірақ сол жылы оқуға келерде биология пәні мамандығына құжат қабылдамай жатқанын естідім. Бұл жайтты естіген ата-анам ақылдаса келе, химияны таңдауға кеңес берді. Сөйтіп, ойламаған жерден химияны таңдадым. Айым оңымнан туып, оқуға түстім. Мектепте жүргенде биология мен химияны төрт пен беске оқығанмын. Университетте химия саласына қызығушылығым арта түсті. Үнемі белсенді болдым. 2002 жылы «Жаратылыстану» факультетін де үздік дипломмен бітіріп, кейін «Химиялық технология» мамандығы бойынша магистратураға түстім. Оны да үздік аяқтадым. Диплом алған соң университетте қалуға ұсыныс түсті. Келістім.

**– «Инемен құдық қазғандай» ғылым жолындағы жеткен жетістікті айтсақ…**

– Жаңа антибактериалды және зең саңырауқұлақтарына қарсы заттарды синтездеу арқылы препарат ойлап таптым. Сондай-ақ өңірдегі өсімдіктерге

зерттеу жүргізіп, жантақтың құрамы мен қасиетіне қызығушылық пайда болды. Зерттеу барысында жантақтан биологиялық белсенді заттар алдым. Оны биолог әріптестеріммен бірге «атересклероз» деген аурудың бастапқы кезеңінде емделуге болатынын анықтадық. Бұл туралы әлемдік деңгейдегі ғылыми басылымдарға мақала жазып, одан оң қорытынды шығып, патенттедік. Жантақтың пайдасы алда әлі талай зерттеледі. Ғылыми жаңалық ашуда әлем ғалымдарына арналған еуропалық орталық бағдарламасы бар. Соған португалиялық, нидерландық, даниялық, британиялық, ресейлік, украиналық, беларуссиялық ғалымдармен бірігіп жоба өткіздік. Мақсатымыз – «паркинсон», «альцгеймер» ауруын емдеу мен алдын алуда қолданылатын дәрі жасау. Сол жоба Европалық одақ комиссиясынан қолдау тауып, тіпті қаржыландыратын болды. Мен осы жобаның Қазақстандағы жетекшісімін. Бұл жобаны қолға алуымның да себебі бар.

Әкем «паркинсон» ауруынан қайтыс болды. Әкем ауырғанда дертіне шипа болмағаны жаныма батты. Қазақстанда бұл аурумен ауыратын қаншама науқас бар. Сол себепті осы аурудың алдын алып, емдеу бойынша өз үлесімді қосқым келді. Түркиялық әріптестермен бірлесіп ҚР Ғылым комитетінің конкурсына жобалар ұсындық. Егер өтіп жатса, онда жантақ шөбінің құрамынан алынған флавоноидтарды одан әрі модификациялап, антибактериалды және өзекті болған коронавирус инфекциясына қарсы емдеуге арналған препараттар алу да ойда бар.

**– Осы «Альцгеймер» мен «Паркинсон» ауруларын емдеуге арналған дәріге әлдеде толығырақ тоқталып өтіңізші… Бұл ауруды толық жоюдың амалы бар ма?**

– Әзірге жоқ. Біз мұндай дәріні әлі ойлап тапқан жоқпыз, тек европалық дәрігер ғалымдармен бірге «Альцгеймер» және «Паркинсонның» алдын алуға әсер ететін негізгі затты әзірлеудеміз. Оның дәрі ретінде өндіріске енуі уақыт еншісінде. «Альцгеймер» және «Паркинсон» миды зақымдайтын аурулардың қатарында. Мәселен, «альцгеймерде» ми семіп қалады да, адамда ұмытшақтық пайда болады, моторикалық мүмкіндіктері төмендейді. Ал «Паркинсон» ауруында діріл пайда болады, адамның өмір сүру қабілеті бұзылады. Мысалы, тамақ жей алмай, тіпті жүре алмай қалуы мүмкін. Бұл екі ауру да асқынса, адамды мүгедектікке дейін апарады.

Флавоноидтар деген қосылыстар көптеген өсімдікте кездеседі. Біздің жерімізде ол жантақтың құрамында бар. Жантақ халық емінде әртүрлі ауруларды емдеуде қолданылады. Оны іш кетуді емдеу, дене қызуын түсіру, жөтелді кетіру, кіші дәрет шығару, терлеу үшін пайдаланады. Одан бөлек, жантақтың антиоксиданттық қасиеттері бары анықталған. Яғни, адам ағзасында бос радикалдар түзіліп, салдарынан қосымша жаңа аурулар туады. Антиоксиданттар сол үдерісті тежейді. Алайда флавоноидтардың бір кемшілігі – олар суда нашар ериді. Сондықтан қолдану аясы тар. Біз оны бұрын «атеросклероз» ауруының алдын алуда зерттеген едік. Бұл ауруда тамырда холестерин қалдықтарының түйіні түзіліп, бітеліп қалады. Соның алдын алу үшін флавоноидтарды спиртте ерітіп, пайдаланып көрдік. Нәтижесінде

холестеринді түйіндер түзілуінің алдын алатынын, бастапқы кезеңінде жоятынын анықтадық. Бұл туралы әлемдік журналдарда жарияланған ғылыми мақаламыз бар.

Сонымен қатар ағзада амилоид фибрилдері шамадан тыс түзілгенде «Альцгеймер» және «Паркинсон» ауруларын тудырады. Біз айтып отырған флавоноидтар осы фибрилдердің түзілуін тежей алады.

**– Осы жобамен Европалық Одақтың грантын ұтып алдыңыз ба?**

– 2017 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» деген грант ұтып алдым. Сол кезде Португалияға барып, тәжірибе алмастық. Бұл елдегі ғалымдармен бірге флавоноидтарды суда еритін күйге көшіруді шештік. Мысалы, фуллерендер мен флавоноидтарды әрекеттестірсек, өте жақсы еритіні және амилоид фибрилдерінің түзілуін төмендететін қасиеті пайда болатыны анықталды. Тағы қандай ауруларды тежейтін қасиеті бар екенін анықтау үшін европалық әріптестерімізбен экспресс-тест жүргізіп көрдік. Нәтижесінде «Альцгеймер» және «Паркинсон» ауруларына әкелетін амилоид фибрилдерінің түзілуін төмендететін қасиеті анықталды. Соны Европалық Одақтың «Horizon» бағдарламасына жоба ретінде ұсынып көрдік. 2018 жылы бірінші рет ұсынғанымызда кемшіліктерімізді көрсетіп, жобаны кері қайтарды. 2019 жылы да солай болды. Үшінші рет былтыр қайта ұсынып едік, жобамыз сынақтан өтті. Алайда пандемияға байланысты зерттеу уақытша шегерілген еді.

**– Қазір бұл жобамен нақты қанша адам айналысуда?**

– Жаңа айтқанымдай, бұл жобамен біздің елден бөлек Португалия, Нидерландия, Дания, Ресей, Украина және Беларусь елдерінің ғалымдары айналысып жатыр. Қазақстандық топта бес адам бар. Бәрі де жас ғалымдар. Жалпы ғылыми топта 25-45 жастағы профессорлар, PhD докторлар, ғылым кандитаттары бар. Әр топтың өз міндеті қарастырылған. Біз негізгі әсер етуші затты табуымыз керек.

**– Бұл зат туралы нақтырақ айтыңызшы…**

– Флавоноидтар өте көп. Соларды фуллерендермен әрекеттестіріп, көптеген қосылыс аламыз және соларға тест жүргіземіз. Оның ішіндегі ең белсендісін анықтап, улылығын тексереміз. Улылығы төмен қосылыстарға лабораторияда зерттеу жүргіземіз. Осылайша, төрт жыл ішінде негізгі әсер етуші затты анықтауымыз керек. Сонымен біздің жұмысымыз аяқталады. Ары қарай олардың физикалық, химиялық қасиеттерін, құрылысын, лабораториялық жағдайда тестілеуді, клиникаға дейінгі, клиникалық деңгейдегі зерттеулерді басқа елдердегі ғалымдар жүргізеді.

Ал оны өндіріске енгізіп, дәрі ретінде шығару – бөлек жоба. Бізде көбіне сол дайын өнім туралы айтып кетеді де, қалай жасалғаны туралы айтылмай қалады. Ал шынында ғылыми жағы әлдеқайда ауыр жұмыс.

**– Қазір жоба қай деңгейге келді?**

– Қазір жобаның бастапқы сатысында тұрмыз. Синтез жүргізудеміз.

**– Басқа тағы қандай ғылыми жобалармен шұғылданасыздар?**

– Бірталай жоба бар. Алайда қолдау мен қаржының жетіспеушілігінен тоқтап қалған жұмыс көп. Әлі піспеген, уақыт еншісіне қалдырған жобалар да

жетерлік. Оның қайсысын қолға алатынымыз қаржыландыруға байланысты. Зертханада әртүрлі жаңа биологиялық белсенді заттарды синтездейміз. Сөйтіп, әлемде жоқ жаңа қосылыстар аламыз. Олардың қасиеттерін зерттейміз. Мысалы, антиоксиданттық қасиеті бар, ағзадағы бос радикалдардың мөлшерін азайта алатын, қартаю процесін тежейтін, зиянды бактерияларға қарсы тұра алатын, ауру тудырғыш зең саңырауқұлақтарына қарсылық көрсететін қасиеттері бар заттар, парфюмерия, косметикада қолданылатын хош иістендіргіштер, сонымен қатар зиянды бунақденелілерді қуатын заттар алу бағытында зерттеулер жүргіземіз. Одан бөлек ауыл шаруашылығы саласында өсімдіктердің өсуін реттейтін заттар, су тазалауға арналған сорбенттер алу туралы жобалар да бар. Мұның барлығы уақыт еншісінде.

**– Түсінікті. Енді ғылым жолындағы марапаттарыңызға ойыссақ…**

– Осы жасыма дейін төккен тер, еткен еңбек ақталмады демеймін. Ғылымдағы, оқудағы жетістіктер үшін марапатталдық. Қазақстандағы талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми орталықтың және облыс әкімінің стипендиаты атандым. Одан бөлек 2014 жылы Ресей Жаратылыстану академиясының өнертапқыштықты дамытқаны үшін А.Нобель атындағы медалімен, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2016» аталымымен марапатталдым. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін де алдық. Сондай-ақ ҚР Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент мүшесімін.

**– Оқырмандарға ғалымның ғылыми еңбектері туралы ақпарат бергіміз келеді. Сіз қанша ғылыми еңбектің авторысыз?**

– Мен «Web of Science» және «Scopus» базаларына кіретін жоғары импакт-факторлы басылымдарда 12 мақала және ҚР Білім және ғылыми минстрлігі Білім және ғылым саласында сапамен қамтамасыз ету комитеті және Ресей федерациясының Жоғары аттестациялық комитеті тізбесіне енген ғылыми басылымдарында 89 мақала, халықаралық және республикалық конференцияларында 87 материал мен тезистің авторымын. Сонымен қатар 40 ҚР инновациялық, өнертабыс және пайдалы модельдерге патенттер, ЖОО студенттеріне арналған 5 оқу құралы, 5 монография түріндегі 238 ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектің авторымын. Бұдан бөлек ғылым жолындағы біліктілігімді Еуропаның озық елдерінде жетілдірдім. Оның ішінде Германия, Жапония, Португалия, Ресей, Малайзия сияқты елдер бар.

**– Қазір қоғамда кеңестік дәуірдегі ғылым, қазіргі Қазақстанның ғылымынан әлдеқайда жоғары деген пікірлер айтылып жүр. Бұған сіздің көзқарасыңыз қалай?**

– Мен бұл оймен келіспеймін. Әркім өз заманын мақтайды. Бұл пікір иелері сол өткен ғасырдың тумалары шығар. Мысалы, бұрын арба екі ауылдың арасына зат тасу үшін тиімді еді, жаңа заман мұны мықты әрі жаңа автокөліктермен алмастырды. Бұрын үйде кнопкалы телефон болатын, қазір оның орнына жетілген, дамыған «Айфон» өнімі келді. Қазір сіз «жоқ маған «Айфон» қажет емес, кнопкалы телефоным жақсы» деп айтпайсыз ғой. Екеуінің арасы жер мен көктей. Жаңа дүниенің артықшылығы қанша ма?! Сондай-ақ

ғылымда да тың өзгерістер, жаңашылдықтар, жаңалықтар жетерлік. Бізден кейінгі дәуірдің де өз ерекшелігі болады. Заман бір орында тұрған жоқ, дамып жатыр. Ғылымда солай. Біз атап айтқан осы жетістіктерге жетсек, бізден бөлек елімізде қаншама ғалым зерттеулер жүргізіп, жаңалықтар ашуда. Оның бәрін жоққа шығаруға болмайды ғой.

**– Осы салада жүріп талай мықтыдан дәріс алдыңыз. Жалпы ғылымда болсын, өмірде болсын үлгі тұтатын тұлғаларыңыз бар ма?**

– Әрине бар. Өмірде әрбір бала ата-анасын үлгі тұтады деп ойлаймын. Менде де дәл солай. Енді білім саласына келсек, Әнипа Тапалова, Күлбарам Сәдуақасқызы, Гүлмира Абызбекова, Роза Нарманова секілді ұстаздарыма айтар алғысым шексіз. Олар мені үнемі қолдап, ғылымға келуіме себепкер болды. Олардың берген бағыты мені осы күнге жеткізді. Ал ғалым болып қалыптасуда үлес қосқан Хаким Суербаев пен Болат Жиембаев – менің үлгі тұтар тұлғаларым. Сондай-ақ ғылым жолында білім-білігімізді арттыруға қолдау білдірген ғалым Қылышбай Бисеновке алғысым шексіз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

**«Ақмешіт апталығы», 28.12.2021ж.**

## ҰСТАЗДЫҚ ҰСТАХАНАСЫНЫҢ КӨРІГІ

**Күллі өмірін білім беру ісіне, оның ішінде жоғары мектеп пен ғылым саласына сарп еткен ұлағатты ұстаз Валентина Серікбаева – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің дамуы мен көркеюіне елеулі еңбек сіңірген жан.**

XX ғасыр соңындағы ұлағатты ағалар көшін жалғастырушы ұстаздың атақ-дәрежелері де аз емес: педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Мәскеудегі Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының (МАНПО) мүше-корреспонденті, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, т.б.

Валентина Ержанқызы Қызылорда қаласында орта мектепті бітірген соң Н.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түскен. Жас талаптың бойындағы ғылымға деген ынта-жігерін байқаған факультет басшылары 1971 жылы институтты бітірген оны «Геометрия және математиканы оқыту методикасы» кафедрасына оқытушы қызметіне қалдырады.

1972 жылы Қазан мемлекеттік университетінде төрт айлық курста оқып білімін көтереді. Геометрияның бір бөлігі дифференциалдық геометрияның негізін қалаушылардың бірі, осы пәннің арнайы оқулықтарының авторы, атақты ғалым А.Норденның семинарларына қатысып, ғұламалардың лекцияларын тыңдайды. Бұл жас маманның ізденіс жолына түсіп, ғылыммен айналысуға әсерін тигізеді.

1977 жылы Киев мемлекеттік педагогикалық институтындағы оқытушылардың біліктілігін арттыру факультетінде математика әдістемесі бойынша білімін көтереді. Тынымсыз еңбектің нәтижесінде 1979 жылы Горький атындағы Киев мемлекеттік педагогикалық институтындағы «Математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының аспирантурасына түседі. Оны бітіріп бұрынғы қызмет орнына, «Алгебра, геометрия және математиканы оқыту методикасы» кафедрасына оқытушы болып қайта оралады.

1987 жылы Ленинград мемлекеттік педагогикалық институтының арнайы мамандандырылған докторлық диссертацияларды қорғау ғылыми кеңесінде педагогика бойынша кандидаттық диссертация қорғайды.

Валентина Ержанқызының ғылымдағы жетекшісі белгілі ғалымдардың бірі, педагогика ғылымдарының докторы, мектеп геометрия оқулықтары мен дидактикалық оқу құралдарының, ЖОО-ның көптеген оқу құралдарының авторы, академик В.А.Гусев еді. Ал, институттағы ақыл-кеңес берушісі, рухани жетекшісі педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Ә.Тәжмағанбетов болатын.

Сол уақыттан бері факультет, кафедра атауы бірнеше рет өзгерді. Өзгермеген – өмірі жас болып отыратын аудитория. Студенттер оны Валя апай деп жақсы көрді, себебі, оның өзі де бала жанын тереңнен түсінетін ұстаз бола білді. Сол дәрісханаларда Валя апай 1971 жылдан бастап оқытушылықтан профессор дәрежесіне дейін жетіп, елу жыл еңбек етті. Қазіргі таңда – «Физика және математика» кафедрасының профессоры.

Профессор оқу-әдістемелік жұмысты болашақ математика мұғалімдерінің үздіксіз білім алу сапасын арттыру бағытында жүргізіп, математиканы оқытудағы инновациялық әдістерге баса назар аударады. Ол курстық және дипломдық жұмыстарды орындауға әдістемелік нұсқаулар, педагогикалық практиканы өтуге арналған бағдарлама, пәнаралық байланыстарды қолдану негізінде жасалған «Математиканы оқыту әдістемесі» курсының және «Мектеп математика курсындағы пәнаралық байланыстар» арнайы курсының оқу бағдарламаларын жасады. Оның бастамасымен «Мектеп математика курсындағы пәнаралық байланыстар» және «Мектеп математика курсының логикалық құрылымы», ал, магистранттарға «Математиканы оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты арнайы курстар оқытылады.

Ғалым-ұстаз Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы тынбай үздіксіз тер төге жүріп, «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» саласында дербес ғылыми бағыт қалыптастырып кетті. Бүгінгі күндері университетте профессор Ә.Тәжмағанбетұлының ғылымдағы салған сара бағыты мен ізденістері жалғасын табуда. Оған Валентина Ержанқызы ғылыми жетекшілік жасайды. Оның ғылыми жетекшілігімен бірнеше кандидаттық және магистрлік диссертация қорғалып, педагогика магистрлерінің қатары толықты.

Валентина Ержанқызы ғылыми жетекшілік жасаған студенттердің ғылыми жобалары республикалық дәрежедегі жарыстарда үнемі жүлделі орындар иеленеді. Сонымен қатар, «Дарын» республикалық ғылыми-

практикалық орталығының бағдарламасы бойынша орта мектеп оқушыларының да ғылыми жобаларына жетекшілік жасады.

Облыстық педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында мектеп мұғалімдеріне арналған курстарда тұрақты баяндамалар оқыды. Қазір «Өрлеу» деп аталатын бұл институтты Валентина Ержанқызының шәкірті, әріптесі, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Бауыржан Тәжмағанбетұлы Елеусінов басқарып отыр.

Облыс мектептері мұғалімдеріне арнайы курстарды Валентина апай университеттің «Педагогикалық зерттеулер» ғылыми орталығында 2012-2013 жылдары қосымша аға ғылыми қызметкері ретінде өткізді. Кафедраның, кейін факультеттің ғылыми-әдістемелік семинарларына жетекшілік жасады. Оның бастамасымен университеттің физика-математика факультетінде «Қыз Жібек» қыздар клубы құрылып, жұмыс жасалды.

Апайдың Қорқыт ата атындағы «Алтын медальмен» және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталуы – осындай еңбектерінің нәтижесі.

2006 жылы алғаш рет ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты тағайындалды. Республика бойынша грантты иеленген 200 оқытушының жетеуі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушылары болды. 2012 жылы Валентина апай алғаш рет тағайындалған Қорқыт ата атындағы университеттің «Үздік оқытушысы» атағын иеленді.

Қазіргі таңда білім берудің жаңа жүйесі бойынша білім алушыларға дәріс береді. Атақты ғалымдардан ілім алған Валентина Ержанқызы өзінің бойындағы білімі мен халқымыздың ұлттық құндылықтарын дәріптеуді болашақ ұстаздарға үйретіп, студенттерге кеңес беріп, түрлі ғылыми іс-шараларға қатысуларын қадағалап, үздіксіз еңбек ету, іздену, әдебиеттерді көбірек оқу қажет екендігін естеріне салып отырады.

Валя апай сүйікті жары, марқұм Марат Есенұлының соңындағы Айзадасын өсіріп, тәрбиелеп, қоғамға қосып, ұясынан ұшырып, қиясына қондырып, өрісін кеңейтіп, немересі Әлинұрмен өркені өсіп жатыр. Ардақты жанның өмір жолының ұзақ, бақытты болуын тілейміз.

**Т.АЙМҰРАТОВА,**
**педагогика ғылымының кандидаты,**

**С.МЕҢЛІХОЖАЕВА,**
**қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы**

**«Сыр бойы» газеті, 30.12.2021 г.**

# АҢСАТОВА ӘЛЕМІ

**Байрақты бабаларымыздың нәзікжанды әйел затын ерекше құрметтегені әлімсақтан белгілі. Ес білмес ескі заманнан ошақтың, отбасының пірі ретінде Ұмай Ананы қадірлеп-қастерлеуіміз көп нәрсені аңғартса керек.**

«Алып та анадан туады» дейді халық даналығы. Олай болса, бірінші кезекте, әйел затының қоғамда алар орнын, әлеуметтік мәртебесін ұдайы көтеріп отыру – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе. Бұл бағытта біраз нәрсеге «қолымызды кеш сермеп» жататынымыз жасырын емес. Кезінде есімін ел білген көптеген аяулы аруларымыз бен айбынды айымдарымыз деректерге ілікпей, ұрпақ жадынан ұмыт бола бастады. Тұлғатану деген ғылым саласының кенжелеп қалғаны да рас. Бір қарағанда, танымал тұлғаның өмір жолы алақандағыдай айқын болғанмен, түрлі сезімдерге, әлеуметтік иірімдерге толы ішкі жан дүниесі, табиғи бітім-болмысы, отбасылық немесе жеке басының жағдайы көпшілік үшін жұмбақ. Басқаша айтсақ, оларды түгел танып-білу мүмкін емес. Ондай адамдардың қасиет-қабілеттерін, кісілік келбетін біз тек өз өреміз жеткен шамада ғана сипаттаймыз. Міне, осындай қисынмен қарасақ, Сыр өңіріндегі нәзікжандылар арасынан қайраткерлік деңгейге көтерілгендер қатарында Аңсатова Меруерт Нағыметқызының тұлғасы дараланып тұрады. Ол сонау 1951 жылы 29 желтоқсанда Арал ауданына қарасты Аралсульфат қыстағында дүниеге келіпті. 1967 жылы Арал ауданына қарасты №19 Сольтрест орта мектебін бітірген соң, Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне түсіп, 1971 жылы оны үздік дипломмен аяқтаған. Арал қаласының Т.Шевченко атындағы орта мектебінде еңбек жолын бастап, 1976 жылдың 1 желтоқсанынан күні бүгінге дейін Қорқыт ата атындағы университетте үзбей ұстаздық қызмет атқарып келеді. Бар саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнаған М.Нағыметқызы толағай табыстарға жетті, кәсіби тұрғыдан байыды, ұстаздық және адами қасиеттері арқылы көптің құрметіне бөленді. Терең білімді оқытушы, шебер ұйымдастырушы ретінде ол 1992-1994 жылдары «Отан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, 1994-1997 жылдары университет жанынан ашылған элитарлық «Қабілет» мектеп-гимназиясының алғашқы директоры болды. Бұл мектеп ел ішінде «ММ», яғни, «Меруерт мектебі» атанды. 1997-1999 жылдары гуманитарлық білім беру орталығының директоры, 2003 жылдан 2008 жылдың қыркүйегіне дейін Музыка-педагогикалық факультетінің деканы қызметтерін абыроймен атқарды. Бүгінгі күні «Тарих» кафедрасының профессоры. Тәжірибелі ұстаз, білікті оқытушы, көрнекті ғалым ретінде кәсіби қызметін жемісті жалғастырып келеді.

Сондай-ақ, ол ұстаздық қызметімен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де үздіксіз айналысуда. Ғылымға құштар жас маман 1979 жылы желтоқсанда С.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің кеңесінде «Қазақстан коммунистік партиясының ұлт саясатын жүзеге асырудағы қызметі» (1966-1970 жж.) тақырыбындағы кандидаттық диссертацияны абыроймен қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты, 1984 жылы доцент дәрежесін алды. Халықаралық

және республикалық баспалардан 120-дан астам мақаласы мен 20-ға жуық ғылыми-әдістемелік құралы жарияланды. Облыс тарихшыларымен бірігіп, «Сыр өңірі тарихы» еңбегінің шығуына үлесін қосты. 2015 жылғы «Қызылорда» ғылыми-танымдық кітабының, «Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесі», «Тәуелсіз Қазақстанның демографиялық саясаты» және т.б. еңбектердің авторы.

Меруерт Нағыметқызы қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Облыс әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның алғашқы мүшелерінің бірі, «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің төрайымы. Бірлестік отбасының беделін көтеру, отбасындағы тәрбиенің рөлін күшейту, отбасы құндылықтарын насихаттау, қоғамда әйел-ананың беделін арттыру сияқты сан салалы бағыттардағы жобаларды іске асыруда белсенді жұмыстар атқарып келеді. Бұған дәлел ретінде ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның 10 жылдығына орай «Отбасылық-демографиялық саясатты іске асыруда бірлесіп жұмыс жасағаны үшін» номинациясының (2008), «Жұлдызы жанған елімнің жұлдыздай жанған қыздары» атты облыстық ақпараттық-насихаттық-танымдық жобасының (2009), «Қанатты әйел-3» идея мен тауарлар жәрмеңкесінің (2010) жеңімпазы болғанын айтсақ жеткілікті. Бұл да – үлгі, өнеге. Нағыз ғалымның шынайы азаматтық және ғылыми позициясы қоғамды алаңдататын күрмеулі мәселелермен белсенді айналысуы арқылы танылуы, өлшенуі тиіс деп ойлаймыз. Басқалай болса, ғалымдықтан не қайыр, білімпаздықтан не пайда? Осы ретте «Алаш айнасы» интернет газетінің өткен сенбідегі санында Марфуға Шапиянның «Алла сүйген құлдың мынандай ерекше белгілері бар» деген постына зер салсақ. Автор «Ауру адамды өзіне зиян әкелетін белгілі бір тамақтан сақтандырғанымыз секілді Алла тағала да сүйген құлын дүниеден қорғайды. Дүние берсе де, оны жүрегіне кіргізбейді, соңынан қудырмайды» деп Жаратушымыздың шексіз қамқорлығында болатындардың бойындағы ізгі қасиеттер мен көркем мінездерді сипаттайды.

Солардың бірі сүйген құлының «жүрегінен Өзінен алыстататын істі алып тастайды және даудан қашырады» деген сипаттар М.Аңсатованың болмысына қаратып айтылғандай. Расында басы жиі дауға қалатындардың ісінде қандай береке болуы мүмкін? Сол сияқты жүрегі жатпайтын жұмыс жасап, көңіліне жақпайтын іспен шұғылданғандарды үйлесімді өмір сүре алады деп те ешкім айта алмас.

Ал М.Нағыметқызының біреулермен бір нәрселерге бола дауласып, я болмаса қабақ шытысып, ашу шақырып жатқанын көрген де, естіген де жоқпыз. Ол кісі нендей жағдай болса да, сұлу да кербез қалпын сақтап, үнемі күлкінің табы сезіліп тұратын келбетті жүзінен иман нұрын төгіп, өзін әркез тұрақты қалыпта ұстайды. Сезімтал жанның осынау шыдамдылығы мен тегеурінді төзімділігіне үлкенді-кішілі университеттің басшысынан қосшысына дейін таңғалатын. Сірә, тұрмыс билеген санадағы сұрықсыз сұрақтар мен күрмеулі мәселелер ол кісіні айналып өтетін шығар деп ойлап қаласың.

М.Нағыметқызының адамды тәнті ететін тағы бір кісілік ерекшелігі – мәрттігі, яки, жомарттығы. Бұл оның өмірлік мұратының кемелдігінен шығар деймін. Расында, ол кісі әйел адамдарда сирек кездесетін мәрттік қасиетке ие. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының жетекшілігімен жуырда ғана жарық көрген «Толық адам» деп аталатын ғылыми-теологиялық кітапта «Кемел адамның аса жоғары қасиеттерінің бірі – жомарттық. Жомарттық дегеніміз – өзгеге жақсылық жасау. Ол тек материалдық жағдайға байланысты ғана айтылатын қасиет емес. Керісінше, ол – рухани байлыққа тікелей байланысты айтылатын ізгі қасиеттердің бірі» делінген. Марқұм Ә.Кекілбай ағамыз бір еңбегінде «шын кемелге күншілік жат» деген ой айтады.

М.Аңсатова – қоғам қайраткері. Қазақ қызының қайраткерлігі деген мәселе төңірегінде ой өрбітсек, есіме сөз зергері Ғ.Мүсірепов сомдаған Ұлпан анамыздың образы түсе кетеді. Оқырманға кеңінен таныс романда Ұлпан ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, аузы дуалы, сөзі куәлі қоғам қайраткері. Оның сезім байлығы, адамгершілігі, адалдығы мен моральдық келбеті, зеректігі мен зерделілігі, парасаттығы мен өткірлігі келісті бейнеленген. Салыстыра қарасақ, кешегінің Ұлпаны мен бүгінгінің Меруертінің арасында ұқсастық көп секілді көрінеді.

Туған өлкемізде тұтас дәуірдің сұлулық символына айналған Меруерт Нағыметқызы осылайша әркез абырой биігінен көрініп, адамдықтың шыңына шыққан бүтін болмыс, бітім тұлға. Ол өзінің мыңдаған шәкірттерінің алдында ұстаз деген ұлық атағына кір келтірмей, кісілік келбетіне көлеңке түсірмей, мәнді де мағыналы өмір сүріп келе жатқан мінезге бай, сөзге сараң сырбаз жан. Аяулы азамат, ұлағатты ұстаз, ардақты ана, асыл әженің өмір деген теңіздегі Ар кемесінде жетпіс жастың желкенін көтергені баршамызға құтты болғай!

**Нұрлыбек МЫҢЖАС,**
**тарих ғылымдарының кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері**

**«Сыр бойы» газеті, 30.12.2021ж.**

## СЫР ЕЛІНІҢ «БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ МЕКТЕП-УНИВЕРСИТЕТ: САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫС»

**Сыр өңірінің білім саласының қара шаңырағы атанған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 80 жылдан астам уақытта Сыр өңіріне ғана емес, бүкіл Республика және әлем үшін қаншама ғалымдар мен дарындарды шығарып келе жатқан білімнің алтын ордасы.**

**Университеттің негізгі миссиясы:** Білім мен ғылым интеграциясы, жаңа білімдер мен технологиялар генерациясы мен трансферті негізінде қоғамның дамуы мен өзгеруі үшін тұлғалық және кәсіби әлеуетін толыққанды іске асыра алатын жоғары білікті кадрлар даярлаудың сапалы деңгейін қамтамасыз ету.

**Осы миссияны жүзеге асыру мақсатында заман талабына сай жас мамандарды даярлауды жоспарлауда стратегиялық бағдарламалар әзірлеп жүзеге асырып келеді.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2025 жылға дейінгі даму стратегиясында төмендегідей мәселелер қарастырылған. Бұл құжатты әзірлеуге жетекші ғалымдар, оқытушылар, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, білім алушылар тартылды. Бұдан бөлек, мақсатты индикаторларды, мақсатқа жету көрсеткіштерінің есептемесі мен өсу қарқынын айқындау және жекелеген стратегиялық бағыттарды талқылау үшін кеңес берушілер ретінде жұмыс берушілер тартылды. Стратегиялық жоспарлаудың негізгі идеясы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін инновациялық-кәсіпкерлік ЖОО-на айналдыру. Университет алдында ең алдымен, ғылымды, технопарктер мен бизнесинкубаторларды дамыту, ғылыми және білім жобалары арқылы қаражат тарту міндеті тұр. Оқытушылар университет қабырғасында тек білім қағидаларына ғана оқытып қоймай, осы дағдылар арқылы табыс табуға да үйретулері тиіс. Университеттің стратегиялық даму жоспары біздің университеттің көпжылдық тарихында қалыптасқан қағидаттар мен құндылықтарды ұстана отырып, университеттің мақсаттары мен миссияларына дәйекті қол жеткізудегі ұжымның ұстанымын айқындайды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің мақсаттары жоғары, жоспарлары нақты. Олардың орындалуы сапалы білім беруді қамтамасыз етуге, жаңа биіктерге жетуге және өңір мен Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді. Қазіргі Басқарма төрағасы-ректор Кәрімова Бейбіткүл Сарсемханқызы осы стратегиянының барынша мұхиятты орындалуна баса назар аударып келеді. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Даму стратегиясының тағы бір нақты бағыты еліміздің және өңірдің экономикасы мүддесінде түлектердің, білім беру бағдарламаларының, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің сапасы мен қажеттілгін қамтамасыз ететін заманауи инфрақұрылымы, инновациялық білім беру, ғылыми және әлеуметтік қызметі бар инновациялық кәспкерлік жоғары оқу орнына айналуға бағытталған.

«Қазақстандықтардың әл – ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауындағы әл – ауқатымыздың алтын алты қадамы өз уақытында жасалған қадам деп білемін. Елбасымыздың сол кездегі Жолдауындағы елді қуантқан басты да маңызды бағыттарының бірі – білімді дамыту, заманауи біліммен қаруланған білімді жастар қоғамын құру. Өйткені заман талабы солай, әр – бір минут, секунд сайын өмір мен ғылымда жаңалықтар болып, кешегі жаңашыл болған дүниең бүгін ескіріп қалып жатқан дүние болуда. Сондықтан білім берудің барлық саласында да ескі жүйені үздіксіз жаңғыртып отыру қажет деп түсінемін. Мысалы, мектептегі онбір жылғы, жоғары оқу орнындағы төрт жылғы алған білімі ол бітіріп шығамын дегенше өзгеріп, заман талабы жаңашылданып, басқаша талап етеді. Соның алдын алып, біздің Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті әр жылдарда білім беру саласындағы реформалардың талабын ескере отырып

мамандықтар дайындайтын кафедралардың стратегиялық жоспарларын жаңғыртып отырады, заман талабына сай білімді жастарды тәрбиелейді.

Біз кадрларымызды қазіргі күннің экономикасына емес, болашақта құратын экономикамызға бейімдеп, дайындауға тиіспіз. Бізге керегі – қажет уақытында, қажетті орында, қажетті дағдыны меңгерген адамдардың табыла білуі – деген қағиданы ұстана білуіміз қажет.

Сонымен қатар университет өңіріміздегі орта білім беру мекемелерімен де тығыз ынтымақтастықта жоғары білікті мамандармен бірлесіп жұмыстар жасайды. Ол жұмыстар Қазақстан республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сай жүргізіледі. Соның ішінде қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту. Осы мақсатта университет білім алушылары оқу практикасы кезінде үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізеді. Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етуде.

2021-жылдың 14-қаңтар күні Жаратылыстану институтының профессор – оқытушылары Қызылорда қаласындағы №112 орта мектепте кәсіби бағдар жұмысын жүргізіп қайтты. Мектептің 11-сынып бітіруші түлектерімен мамандық туралы мәліметтермен сұхбаттасты. Бітіруші түлектердің ойында жүрген сұрақтарына жауап беріп, пікір алысып қайтты. «Биология» мамандығы бойынша сұрақтарға б.ғ.к., қауымдастырылған профессор Р.Х. Құрманбаев, «География» мамандығы бойынша сұрақтарға г.ғ.к., аға оқытушы О.Т. Айдаров, «Химия» мамандығы бойынша сұрақтарға т.ғ.к., аға оқытушы Ш.О. Еспенбетова жауап берді. Қазіргі карантиндік жағдайда уақыт тар және офлайн уақыт шектеулі болғандықтан кездесу сұрақ, жауап арқылы өтті.

2021 жылы 26-нуарыз, Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жаратылыстану институты Арал қаласындағы Жарасқан Әбдірашов атындағы №62 мектеп – лицейі арасындағы «Білім саласындағы ынтымақтастық және серіктестік қатынастар» туралы МЕМОРАНДУМға қол қойды.

Осы меморандум аясында Жаратылыстану институтының профессор – оқытушылары мектеп – лицейінің ұстаздар қауымымен кездесіп семинар тренинг өткізді. Семинарды «Биология, география және химия» кафедрасының меңгерушісі Г.Б. Тоқтағанова ашып, әрмен қарай мамандықтар мен зертханалар жайында сөз алғандар Г.М. Абызбекова, Р.Х. Құрманбаев, О.Т. Айдаров. Университет профессор – оқытушылары инситут мамандықтарының қыр – сырымен таныстырып, болашақ маман иелерінің алып шығатын біліктіліктерін түсіндірді. Семинар барысында мектеп – лицей ұстаздары институттың техникалық базасымен, зертханалармен, дәрісханалармен танысып, келешекте меморандум аясындағы ғылыми бағыттағы жұмыстарға әдістемелік және тәжірибелік кеңес беру істерін ұйымдастыру жайында ақылдасты. Кездесу өте

қызығушылықпен, мектеп – лицей ұстаздарының сұрақ – жауаптарымен әсерлі өтті. Жұмыс соңында мектеп – лицей ұжымы университеттің болашақта кемелденген ғылыми орталық болуына алғысын айтып, меморандум аясындағы ғылыми бағыттағы жұмыстар мен қатар әдістемелік және тәжірибелік байланыстың нығая түсетініне ризашылығын білдірді. Қаламыздағы №101 лицей-мектепте «Жасыл мектеп» бағдарламасмен ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Сол сияқты «Биология, география және химия» кафедрасы Жаңақорған, Қармақшы, Жалағаш аудандарының және Қызылорда қаласының №212, 140, 187, 101 мектептерімен де тығыз байланыстамыз. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті және Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі бірлесе отырып «Жаңартылған білім беру жағдайында билогия пәні мұғалімдерінің кәсіба дамуын жетілдіру» - атты оқу семинарын №123 мектеп-лицейінің базасынеда өтткізді. Семинарда «Биология, география және химия» кафедрасының доценті А.Т. Байкенжеева, п.ғ.к., аға оқытушы Г.А. Назарова тақырып төңірегіндегі проблемалық мәселелер жайлы баяндамаларын жасады.

Ақпараттық теңсіздікті төмендету және әртүрлі өңірлердегі балалар үшін тең мүмкіндіктер жасау мақсатында біздің университеттің оқытушыларымен түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларға онлайн дайындық ұйымдастырылады. Үздік жетістіктері мен ең беделді халықаралық пәндік олимпиадалардағы жеңісі үшін жоғары оқу орындарына түсудің жеңілдетілген тетіктерін пысықтау жоспарланған. Сонымен қоса, жоғары оқу орындары дербестік шеңберінде түрлі салаларда талантты талапкерлерге, егер ол осы университетті қалап отырса, атаулы артықшылықтар беруге өз құқысы бар.

Жалпы мектеп пен жоғары оқу орнының арасындағы алшақтықты азайтуымыз қажет. Сол себепті университет қабырғасында «Дарын» бірлестігімен бірлесе соңғы 2-3 жылдан бері дәстүрлі облыстық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысы өткізіліп келеді. Мұның өзі мектеп білім алушыларының университет қабырғасында осындай сайысқа қатысып, өз білімін сынаққа салу оларға үлкен стимул береді.

Бұл үрдіс әрмен қарай да өз жалғасын табатынына кәміл сенімдіміз және сол үшін жұмыстар жасалуда.

Мектеп пен университет: сабақтастық және әріптестік байланысы, білім саласындағы ынтымақтастық және серіктестік қатынастар келешек білімді де білікті мамандар даярлаудың кепілі деп білемін.

**Гүлжас ТОҚТАҒАНОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті**
**«Биология, география және химия» кафедрасының**
**меңгерушісі, философия докторы,**

**Оразхан АЙДАРОВ,**
**г.ғ.к., аға оқытушы**

**«Тіл сақшысы» газеті, 16-31.12.2021ж.**

# 2022 жыл

## ЖАНТАҚТЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН ЖҰМБАҒЫ КӨП

Адамзат баласы Альцгеймер, Паркинсон ауруларының емін іздеп келе жатқанына жүздеген жыл өтті. Дегенмен дерттің дамуын тежейтін препараттар жасалғанмен, одан құлантаза айығып кетудің жолы әлі табылмай тұр. Қазір де бірнеше елдің ғалымдары бірлесіп, аурудың алдын алатын дәрі жасауға кірісіп кетті. Олардың қатарында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, химия ғылымдарының кандидаты Нұрбол Аппазов та бар. Ғалым кәдімгі жантақтың осы дертті дендетпейтін қасиеті барын анықтаған.

Жантақ ел арасында түрлі ауруларды емдеуге әлдеқашан қолданылып келеді. Ойсылқара тұқымы сүйсініп жейтін болғандықтан көп өңірде түйежантақ аталып кеткен. Жергілікті ғалымдар ізденісінен кейін «Жарға біткен жантақты жанынан безген нар жейді» дегенді айтқызған осы көпжылдық өсімдіктің бос радикалдар түзілуінен адам ағзасында пайда болатын жаңа ауруларды тежейтін антиоксиданттық қасиеті бары анықталған.

– Сонымен қатар жантақта көптеген өсімдіктегідей флавоноидтар қосылыстары кездеседі. Алайда флавоноидтар суда нашар еритіндіктен көп қолдана бермейміз. Біз оны бұрын атеросклероз ауруының алдын алуда зерттеген болатынбыз. Бұл ауруда холестерин қалдықтарының түйіні тамырды бітеп тастайды. Соның алдын алу үшін флавоноидтарды спиртте ерітіп, пайдаланып көрдік. Осы әдістің холестеринді түйіндер түзілуінің алдын алатынын, бастапқы кезеңінде жоятынын анықтадық. Бұл туралы әлемнің беделді ғылыми журналдарында жарияланған мақаламыз бар, – дейді ғалым.

Жергілікті мамандар португалиялық, нидерландық, даниялық, ресейлік, украиналық, беларуссиялық ғалымдармен бірігіп ғылыми жобаларын Еуропалық одақтың Horizon бағдарламасына ұсынған. Horizon үш жыл бұрын жобаның кемшін тұстарын көрсетіп, кері қайтарыпты. 2019 жылы да жолдары бола қоймады. Үшінші мәрте ғана жоба сәтті өтті. Бірақ пандемияға байланысты зерттеу уақытша шегерілді. Қазір Нұрбол Орынбасарұлы – жобаның Қазақстандағы жетекшісі. Маңызы зор жобаға еліміздің атынан қатысып жатқан топта 5 адам бар. Бәрі де жас ғалымдар. Әр топтың жұмысы бөлек. Қазақстандықтардың міндеті – ауруды өршітпеуге әсер етуші затты табу.

Жалпы, Альцгеймерден де, Паркинсоннан да әлі күнге құлантаза айығып кеткен пенде жоқ. Ғалымдар осы дерттердің алдын алатын негізгі затты әзірлеу үстінде. Оның дәрі ретінде өндіріске енуі уақыт еншісінде. Екеуі де миды зақымдайтын аурулар қатарында. Ғалымдар осы дерттерді туындататын амилоидты фибрилдердің түзілуін болдырмайтын флавоноидтарды егжей-тегжейлі зерттеу үстінде. Соларды фуллерендермен әрекеттестіріп, алынған қосылыстарға тест жүргізеді. Оның ішіндегі ең белсендісін анықтап, улылығын тексереді. Осылайша, төрт жыл ішінде негізгі әсер етуші зат анықталуы керек. Бұлардың жұмысы осымен түйінделіп, физикалық, химиялық қасиеттерін, құрылысын, лабораториялық жағдайда тестілеуді, клиникаға дейінгі, клиникалық деңгейдегі зерттеулерді басқа елдердегі ғалымдар жүргізеді. Тек

осыдан кейін ғана өндіріске енгізіліп, дәрі ретінде шығарылады. Кез келген препараттың пайда болуында осындай тынымсыз еңбек жатыр.

– Әкем Паркинсоннан көз жұмды. Ауырғанда дертіне шипа таба алмағаным жаныма қатты батты. Сондықтан бұл жобаның орны мен үшін ерекше. Жалпы, жантақтың біз білмеген жұмбағы көп, соны аша алсақ талай ауруды болдырмаудың жолы табылар еді, – дейді ғалым.

Жергілікті ғалымдар қолға алған жобалардың біразы қолдау мен қаржының жетіспеушілігінен тоқтап тұр. Мысалы, антиоксиданттық қасиеті бар, ағзадағы бос радикалдардың мөлшерін азайту арқылы қартаю процесін тежейтін, зиянды бактерияларға, ауру тудырғыш зең саңырауқұлақтарына қарсылық көрсететін қасиеттері бар заттар, парфюмерия, косметикада қолданылатын хош иістендіргіштер алу бағытында зерттеулер жүргізілді. Ауыл шаруашылығы саласында өсімдіктердің өсуін реттейтін заттар, су тазалауға арналған сорбенттер бастамалары зерттеліп жатыр.

Былтыр індет өршіп, ел қарапайым қорғаныш құралдарын іздеп сабылған тұста бұлар жаңа препарат даярлап шығарды. Тұрғындарға таратылған антисептиктің індеттен қорғаудан бөлек кәдімгі есекжемге ем екені анықталды, Ғалымдар енді осы бағыттағы зерттеуді бастамақ. Орақтан кейін атызда жал-жал болып қалатын күріш сабанынан целлюлоза шығарудың арзан, әрі тиімді жолын тапты. Енді жобаны жетілдіріп, целлюлозадан қағаз алудың қамын жасап жатыр. Микротолқындық сәулелендіру арқылы уақыт пен энергияны үнемдей отырып алғашқы өнім де алынды.

Жас ғалым ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі қашанда ақшаға келіп тірелетінін айтады. Ғылымды қаржыландыруда да қадау-қадау мәселе көп. Мемлекет осы салаға мән берсе отандық ғылым жетістігі ел игілігіне айналар еді.

**Мұрат ЖЕТПІСБАЕВ,**

**«Егемен Қазақстан» газеті, 01.02.2022ж.**

## ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАҢА ӨНІМДЕРІ

Отандық жас ғалымдар күріш қауызынан кремний диоксидін алды. Кремний диоксиді шыны, керамика, бетон жабдықтары, тіс пастасы, косметика өндірісінде қолданылады. Қазақстандық зерттеушілердің енді бір тобы энергия үнемдегіш шамның жаңа нұсқасын ойлап тапты. Ғылымды серік еткен жандар жаңа өнімін өндіріске шығаруды да бастап кеткен.

**Отандық зерттеушілер шетелдіктер «рекордын» жаңартты**

Бұрын Қызылорда өңірінде күріштің қауызы өртелетін. Одан шыққан түтін ауаға таралып, зиянды химиялық зат бөлетін. Ал қазір қызылордалық ғалымдардың арқасында Сыр маржанынан шыққан қалдықты да зиянсыз өңдеп, одан пайдалы өнім ала аламыз. Бұл туралы бізге химия ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрбол Аппазов айтып берді.

«Қызылорда облысында жылына 500 мың тоннадан астам күріш жиналады. Одан шамамен 100 мың тонна күріш қауызы қалады. Осыдан бірнеше жыл бұрын күріш қауызын қала сыртындағы полигонда өртейтін. Қалдық жанғанда майда дисперсті кремний диоксидін бөледі. Бұл – көзге көрінбейтін, ауада таралатын зиянды химиялық зат. Аталған зат ине түрінде кристалданып, полигонға жақын аумақта тұратын тұрғындардың өкпесін зақымдайды, сөйтіп адамдар емі жоқ силикоз ауруына шалдығады. Сол себепті соңғы уақытта күріш қауызын өртеуге тыйым салынды», дейді кейіпкеріміз.

Оның айтуына қарағанда, содан қалдықты құрамажемнің құрамына қосымша қосып жіберетін болған. Жануар жегенімен, қорыта алмай, шайналған күйінде ағзадан шығарады екен. «Бұл – жай ғана жануар мен жем алушыны алдау. Біз осы мәселені пайдалы шешудің жолын іздедік. Шетелдік ғалымдардың еңбегіне көз жүгіртіп, күріш қауызынан кремний диоксидін алудың тиімді жолын қарастырдық. Бірақ біздің технология шетелдік ғалымдардың жобаларына қарағанда әлдеқайда жетілдірілген», дейді Н.Аппазов.

Жас профессор өзінің ғалымдар тобынан тұратын командасымен бірлесіп әзірлеген технологияның ерекшелігі – күріш қауызынан бірнеше минутта ғана кремний диоксидін алу. Шетелдік ғалымдардың тәжірибесінде күріш қалдығындағы кремнийдің өзін, органикалық бөлігін қалдырып, бейорганикалық қоспалардан ажырату үшін қышқылдық өңдеу жүргізеді. Әдетте, мұндай өңдеуге тұз қышқылын қолданады. Бұл бірнеше сағатты алады. Отандық зерттеушілер мұны микротолқынды сәулелендіруге көшірген. Осылайша, жоғары температурада өңдеу арқылы кремний диоксидін алды. Соның нәтижесінде олар қышқылдық өңдеу процесін санаулы минутта ғана жүргізе алатын жағдайға жетті. Ал жұмыс уақытын қысқарту онымен айналысып отырған ғалымның да, техниканың да қуатын үнемдеуге септеседі.

«Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінен көргеніміздей, олардың ешбірі 100 пайыз таза кремний диоксидін ала алмаған. Ең жоғары жетістігі 99,8 пайыз болды. Ал біз 100 пайыз таза кремний диоксидіне қол жеткіздік. Бұған жоғарыда айтқандай, өзіміз ойлап тапқан оңтайлы әдістің септігі тиді. Бұл неге қажет, қайда қолданылады? Оқырманды осы сұрақ мазалайтыны анық. Таза кремний диоксидін IT-технологияға қажетті оптоталшықтар жасауға қолданылады. Ал оптоталшықтар жылдам интернет үшін қажет. Сондай-ақ таза кремний диоксидінен таза кремний алуға болады. Кремний – күн энергетикасына таптырмас қосылыс. Кремний диоксидін, бұдан бөлек, құрылыс материалдарын дайындауда, өте жоғары тазалықтағы кварц шынысын жасауда, косметикада және т.б. пайдаланады», дейді Н.Аппазов.

Негізі құмның құрамынан да кремний диоксидін алуға болады. Бұл – бұрыннан бері қолданылып келе жатқан әдіс. Әсіресе кварц құмы өте таза кремний диоксидінен тұрады. Бірақ ғалымның айтуынша, кварц құмы әртүрлі кальций, алюминий, темір секілді қоспалардан тұрады. Мұндай қоспалардан таза кремний диоксидін бөліп алуға тым көп шығын кетеді. Қанша шығын

шықса да, осыған дейін жасалған тәжірибелерде әліге дейін жоғары тазалықтағы кремний диоксиді алынған жоқ.

Жетекшісі профессор Н.Аппазов бастап, шәкірттері – химия PhD Нұрғали Ақылбеков пен Рахметулла Жаппарбергенов, Рахымжан Тұрманов, Динара Ниязова, Индира Еспанова секілді магистрлар, Баурат Базарбаев, Ақерке Молданазар сынды жоғары білімді жас мамандар қостаған зерттеушілер тобы аталған істе шетелдік ғалымдар «рекордын» жаңартты. Шыны керек, көптеген талантты, білікті маманды білеміз, соңында шәкірті жоқ. Бұл – да бір кем дүние. Сондай кемдіктің орнын толтырып жүрген кейіпкеріміз Н.Аппазов шәкірт тәрбиелеуге асқан ыждаһатпен қарайды. Ғалымды арнайы таңдап, оқуға түскен студенттері соның дәлелі болса керек. «Химиялық технология» мамандығында оқитын Қанжар Сәкен мектепті ерекше аттестатпен бітірген. Сондықтан онда еліміздің кез келген университетіне грантқа түсуге мүмкіндік болды. Бірақ ол әртүрлі медиа ресурстарынан Н.Аппазовтың еңбектері жөнінде оқып, нәтижесінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі профессордан тәлім алуды таңдаған.

«Қанжар ЖОО-ға түскен соң зертханалық жұмыстарға қалмай қатысты. Қазір 3-курста оқиды. Десек те осы салада өзін қалыптастырған кейбір ғалымдардан да жоғары нәтиже көрсетіп үлгерді. 20-дан аса ғылыми еңбегі бар, әртүрлі ғылыми конференциялар мен конкурстардан жүлдесіз қайтпайды. Болашағынан зор үміт күтемін. Жақында Алматыда «Ғылым және бизнес» атты халықаралық конференция өтті. Конференция аясында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына конкурс жарияланды. Сол сайыста осы кремний диоксидін алу туралы ғылыми баяндама жасап, 1-орынды жеңіп алды. Ұстаздың негізгі міндеті – шәкірт даярлау. Қазір, мысалы, біз 40 жаста білгенімізді 20 жасар студенттер үйреніп отыр, олар біздің жасымызға жеткенде әлдеқайда үлкен жетістікке жетеді. Болашаққа салынған ең зор әрі табысты инвестиция дегеніңіз осы емес пе!» дейді Н.Аппазов.

**Нанотехнологияға негізделген үнемді шам**

Заман жаңарған сайын адамзат алдындағы маңызды міндеттер мен өзекті мәселелер де өзгеріп отырады. Ал қазіргі заманда электр энергиясын үнемдеу күн тәртібінен түспей тұр. Электр қуаты қымбаттап барады, мұның да себебі – тапшылық. Осы мәселені шешудің жолдарын отандық жас ғалымдар да зерттеп жүр. Солардың қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) ғалымдары да бар. Олар энергия үнемдегіш шамның жаңаша үлгісін ойлап тапты. Аталған жобаның жетекшісі, физика-математика ғылымының кандидаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мерлан Досболаев жаңа үлгінің ерекшелігіне тоқталды.

«ҚазҰУ-дың Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасы плазма физикасы мен техникасын зерттеумен айналысады. Плазманы әртүрлі жағдайда алуға болады. Ең қолайлы зертханалық плазма газдық разрядта алынады. Газдық разряд дегеніміз – газдық ортамен электр тоғының өтуі. Осы кездегі пайда болған газдық разряд плазмасы жарық береді. Біз разрядтың жарық беру қарқынын жоғарылатып, жаңа үлгідегі электр үнемдегіш шамдарын жасадық.

Газдық разряд плазмасының түрлі физикалық қасиеттерін зерттеу кезінде құрамына микро, нанобөлшектер енгізгенде олардың жарық беруі бірнеше есе артатыны анықталды. Сөйтіп, нанотехнологияға негізделген газдық разрядты шамдардың жаңа нұсқасын жасау туралы ой пайда болды. Бірнеше халықаралық ғылыми журналдарда мақалалар жариялап, кейін елімізде осы жаңалығымызға патент алдық. Қазір «Ғылым қорының» гранты арқылы осы жобаның өндірісімен айналысып жатырмыз», дейді кейіпкеріміз.

М.Досболаевтың айтуынша, бүгінде кеңінен қолданылып жүрген жарық-диодты шамдардың тиімді жұмыс істеуі үшін қымбат технологиялар қажет. Қазір дүкен сөрелерінде тұрған мұндай шамдардың көбі арзан материалдардан дайындалған, ал сапалысы қымбат тұрады. Отандық ғалымдар әзірлеген шамдардың бағасы одан әлдеқайда қолжетімді. Бұл шамдарда бұрынғыдай таза сынаптың орнына амальгамма қолданылады. Амальгамма дегеніміз – аз ғана сынаптың басқа металдармен қосындысы. Осылайша, газдық разрядтың құрамына еніп, жарық спектрін өзгертіп, оның қарқынын арттырады.

Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасының директоры Мұхит Мұратов қазірдің өзінде 50 мың дана шам шығарылғанын, сатуға дайын екенін жеткізді.

«Ғылым қорының» грантымен шамдарға қажетті шикізат алдық. Шикізатты пайдаланып, 4 түрлі формадағы, сапасы бірдей 50 мың дана өнім дайындадық. Шамдарды сатуға талап ететін сертификатқа да қол жеткіздік. Енді сатылымға шығару жұмыстары жүргізіліп жатыр. Құрылыс дүкендеріне өзіміздің тиімді өнімімізді ұсынып отырмыз. Осыған қоса мемлекеттік сатып алуға қатысу да көзделген. Негізі қазір көп жерде орнатылған, көзге қатты әсер ететін жарықдиодты шамдар 5 мың теңгеден жоғары тұрады, ал біздің университет ғалымдары әзірлеген шамдар 300 теңгеден басталады», дейді М.Мұратов.

Елімізде халық әлі де жарықдиодты шамдарды қолдану тәртібін біле бермейді. Оған мұндай шамдарды бөлек жинайтын арнайы қоқыс жәшіктерінің қойылмауы себеп болып отыр. Ал шынысы шағылған жарықдиодты шамдардан бауыр, бүйрек, ас қорыту жүйесін зақымдайтын, жерге немесе суға түсіп, табиғатқа үлкен қауіп төндіретін улы заттар бөлінеді.

**Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,**

**«Егемен Қазақстан газеті», 01.02.2022ж.**

## КҮРІШТІҢ ҚАУЫЗЫ МЕН САБАҒЫНАН ҚАҒАЗ ЖАСАМАҚ: ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ МАМАНДАР ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚ АШТЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары ерекше жобаны жүзеге асырмақ. Мамандар қарапайым күріштің қауызы мен сабағынан қағаз, белсендірілген көмір және биочар алуға болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Қазіргі уақытта химиктер бұл бағыттағы

жұмыстарын жалғастырып жатыр. Stan.kz тілшісі университет зертханасында болып, ғылыми жаңалықты өз көзімен көріп қайтты.

Қызылорда – күрішті өлке. Жыл сайын облыстың шаруа қожалықтары күз мезгілінде өнімді жинап, өңдейді. Мамандар дақылдың қауызы мен сабағын күні кешеге дейін өртеп келген болатын. Алайда экологтар бұл процесстің қоршаған орта мен адам денсаулығына аса қауіпті екенін айтып, тыйым салды. Қызылордалық ғалымдар күріш қалдықтарын пайдаға жаратудың амалын тауып, бұл мәселені шешті.

«Күріштің қауызы мен сабанын өртеген кезде ауаға улы газ тарайды. Бұл газ силикоз ауруын тудыратыны ғылыми негізде дәлелденген. Сол себепті күріш қалдықтарын пайдаға асырудың жолын қарастырған едік. Көптеген тәжірибелердің нәтижесінде дақылдың қауызы мен сабанынан биочар, белсендірілген көмір мен қағаз алуға болатынына көзіміз жетті», – дейді университет профессоры Нұрбол Аппазов.

Биочар дегеніміз – топырақтың құнарлығын арттырып, сапасын жақсартатын элемент. Бұл дүниені пайдаланған күрішшілер ауыспалы егістіктен бас тарта алады екен. Ғалымның айтуынша, биочар топырақтың ылғалдылығын да көбейтіп, мол өнім алуға септігін тигізеді екен. Бұл тәжірибе Португалия және Түркия елдерінде кеңінен қолданылып келеді.

«Күріштің қауызы мен сабанынан кремний диоксидін де алуға болады. Ол үшін спектрофотометр құралы керек. Мұнан бөлек, мұнай қалдықтарын пайдалану арқылы белсендірілген көмірді алдық. Әрине, бұл дәрілік зат емес. Негізінен канализациялық су мен күріштің суын тазалауға қолданамыз. Су тапшылығы кезінде бұл өте қажет дүние. Белсендірілген көмір десиликация және делигнификация процестері арқылы алынады», – дейді химик ғалым.

Нұрбол Аппазовтың сөзіне сенсек, ғылыми жобалар инвесторлар тарапынан айрықша қызығушылық тудырады екен. Әсіресе, күріштің сабанынан қағаз жасау бастамасын жергілікті кәсіпкер қолдап отырады. Бүгінде дақылдың қалдығынан әжетхана қағазы мен салфетка жасау өндірісі қолға алынып келеді.

«Жыл сайын облысымызда күріштен 500 мың тонна сабан қалдық ретінде қалса, қауыздың көлемі 100 мың тонна. Сол себепті бұл жобаларды жүзеге асыруда шикізаттан тапшылық болмайтыны айдан анық. Қазір біз бұл бағыттағы ғылыми жұмыстарымызды жалғастырып жатырмыз», – дейді Нұрбол Аппазов.

**opennews.kz**

## КВАДРОКОПТЕРЫ: МЕЧТА, СТАВШАЯ РЕАЛЬНОСТЬЮ

**Сегодня квадрокоптеры (от английского quadcopter — «вертолет с четырьмя винтами») становятся важным атрибутом нашей жизни. Наверное, каждый мечтал увидеть свой город сверху, снять видео с высоты птичьего полета, насладиться необычной панорамой. И эта мечта, благодаря такому чудесному изобретению, стала реальностью. Техническая эволюция этих**

**летательных аппаратов достигла такого уровня, что их стали применять в самых различных отраслях. Не остались в стороне и кызылординские ученые, которые внесли свою лепту в модернизацию и придумали, как автоматизировать процесс управления этими беспилотниками.**

Магистрант Кызылординского университета имени Коркыта Ата Анель Кайырбек выиграла грант вуза в размере двух с половиной миллиона тенге на финансирование проекта «Синтез систем управления группами квадрокоптеров методом символьной регрессии». Говоря другими словами, ее научная разработка позволяет автоматизировать управление дронами. Если раньше для этих целей использовался радиопульт, то сейчас для управления достаточно специальной программы.

— Объектом исследования является группа квадрокоптеров, действующих автономно без участия операторов, — поясняет Анель. — При помощи разработанной нами программы летательному аппарату будет задана определенная траектория полета, по которой он будет следовать самостоятельно, без управления пультом с земли.

К примеру, это может пригодиться при доставке лекарств в труднодоступные места, либо при защите от птиц сельскохозяйственных посевов (заданная программа активизирует специальные сигналы, отпугивающие птиц). И в дальнейшем, как говорит автор разработки, спектр действия программы, управляющей квадрокоптерами, будет увеличиваться. Над проектом работали вместе с наставником, заведующим кафедрой компьютерных наук Кызылординского университета имени Коркыта ата Нурбеком Конырбаевым.

Ни для кого не секрет, что беспилотники становятся все более популярными. Их используют в Вооруженных силах, различных государственных и коммерческих организациях, спецслужбах. Даже компания Google в своей работе применяет квадрокоптеры. Очень часто с помощью дронов снимают видеоклипы, свадьбы и прочие мероприятия. Квадрокоптеры с камерой, имеющей возможность транслировать видео, создают эффект присутствия при полете, а также одновременно записывают ролики. Такое устройство может проникнуть практически в любые, даже самые труднодоступные места. И создаваемая молодым ученым программа сможет добавить еще много полезных функций в работу дронов.

— Возможности квадрокоптеров стремительно расширяются, — отмечает Анель. — Уменьшаются размеры встроенных и устанавливаемых камер. С их помощью создаются кадры и целые видеосюжеты, о которых еще пару лет назад непрофессиональным операторам можно было только мечтать.

К примеру, в некоторых развитых странах уже внедряются системы слежения за животными, пасущимися на открытых пространствах. Кроме того, фермеры используют беспилотники и в агрономии. С их помощью распыляют удобрения, контролируют процесс созревания сельхозкультур и борются с вредителями. Также дроны могут применяться для транспортировки определенных грузов.

Анель с детства увлекалась программированием и изучением возможностей новейших беспилотников. Поэтому после окончания Назарбаев Интеллектуальной школы она поступила в Алматинский университет энергетики и связи по

специальности «радиотехника, электроника и телекоммуникация». На втором курсе по программе академической мобильности продолжила обучение в техническом университете в Польше.

Трудовую деятельность Анель начала в Алматы в ТОО «Орбиком», где занималась мониторингом интернет-магистральных каналов. Через год она вернулась в родной город и поступила в магистратуру Кызылординского университета имени Коркыта ата по специальности «Информационные системы».

Сейчас Анель находится в Королевстве Бельгия, где в рамках программы «Эразмус+» продолжает оттачивать знания в университете передовых технологий Хауэст. Упомянутая программа Европейского Союза направлена на содействие модернизации и устойчивому развитию системы образования, профессионального обучения, молодежной политики и спорта. А.Кайырбек продолжает совершенствовать свою программу, ищет новые оптимальные решения имеющихся задач, изучает различные аналитические методы и литературу по этому направлению.

Что касается планов, то в ближайшее время Анель собирается встретиться в Москве со специалистами и обсудить с ними возможности дальнейшего эффективного использования разработанной программы.

**Майя АДЕНОВА,**

**«Кызылординские вести», 26.02.2022г.**

## ҰСТАНЫМЫНА БЕРІК АЗАМАТ

Жоғары оқу орнының басты екі құрылымы бар – оқу және ғылым бөлімдері. Солардың орны бөлек, маңызы биік. Ағза жүрегі мен өкпесіндей, біреуі қан жүгіртетіндей, екіншісі ауа беретіндей. Олар баяуласа жарамайды. Сондықтан, осы бөлімдер басшылары – жауапты мамандар, өз саласының майталмандары. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылым департаментін профессор, география ғылымдарының кандидаты Қали Әбдіұлы Омаров басқарып келеді.

Қалиініммен таныс, әріптес болғаныма міне отыз жылдан асыпты. Содан бері қызметті қоян-қолтық атқарып келеміз, өйткені, екеуміздің студенттерге дәріс беру пәндеріміз бір кафедраға шоғырланған. Қандай жағдайда болмасын азаматтың салмағы бастау алып өнген ата-тегімен және жас кезінде иеленген білім қорымен сұрыпталады. Қали орта мектепті үздік бітіргесін Алматыдағы көптің қолы жете бермейтін Қазақ Ұлттық университетінде білім алыпты. «Құрлық гидрологиясы» мамандығын тәмамдаған. Жалпақ тілмен таратқанда жер бетінде ылғалдың таралуы. Өңір су шаруашылығына зор еңбек сіңірген әйгілі мұраб Мәделхан Нәлібаев ағамыз «Су – тіршілік анасы» деген. Сол айтқандай, Қали Әбдіұлы – жер бетіндегі ылғал қорының жасақталуы, таралуы мен пайдалануын зерттеп, ұғынып қалыптасқан білікті маман.

Уақыт жылжыған сайын артыңа көз сала бастайсың. Сонда соңыңнан ерген інілеріңнің баяғыдай жас көрінгенімен, біразға келіп қалғанын сезесің, кейде олардың жағымды мінезінен өзіңді де көргің келеді. Өйткені, өзгеге шамалы да болса оң ықпал етіп, білінер-білінбес із тастайды ғой алдыңғы. Қали інім мерейлі алпыс жасқа келіп қалыпты. Сөйтсек, ізімізден ерген інілеріміз де өздері біреуге ақыл-кеңес беруге лайық жасқа аяқ басыпты!

Адам ылғи өсу мен білімін көтеруде болатынын өмір дәлелдеуде. Бұл жерде жас білім алушыға қоғамға белгілі, тұлғалы ұстаздардың алатын орны ерек. Қали інімнің білім алған ошағы – атақты ұстаздар мен ғалымдар шоғырланған елге белгілі білім мен ғылымның бетке ұстар әйгілі қара шаңырағы. Ол өзінің естелігінде білікті маман әрі ғалым болып қалыптасуына ерекше үлес қосқан техника ғылымдарының докторы Абай Тұрсынов, география ғылымдарының докторлары Сейілхан Әбдірәсілов, Роберт Гальперин, Мінәж Сәрсенбаев, Вячеслав Болдырев, Сәкен Давлетгалиев, Жақыпбай Достайұлы, Игорь Мальковский сынды ұстаздарын құрмет тұтып, жылылықпен еске алады. Осы тізімге назар аударып-ақ бұл iнiмiз оқыған білім ордасының барынша мықтылығын байқауға әбден болады. Албырттықтың әсерімен үстірт, жеңіл, таяз мінездерге бой ұрып, жастықтың қызығын молынан көру осы деп, уақытты тиімсіз өткізген замандастарына қосылмай, осы iнiмiз алдағы келешегіне аса құнды азық болардай білімді мол жинап, соның қарымды нәтижесі ретінде бүгін салмақты ойлары мен істерін көрсетіп келеді айналасына.

Сол ұзақ уақыт аралығында Қали інiмiз өңiрiмiзде өткен көптеген халықаралық, республикалық ғылыми конференциялардың жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейін қамтамасыз етіп, сапалы ұйымдастырылуына тікелей атсалысқан. Оған қоса бірнеше республикалық журналдардың редакциялық алқасының мүшесі. Сыр өңірі ғылымы мен білімінің тарихы, еліміздің тұтастығы мен азаттығы жолында күрескен тұлғалардың азаматтық істерін зерттеп, жарыққа шығарып жүрген қарымды қаламгер ретінде 4 кітаптың, халықаралық және республикалық газеттер мен журналдарда, бірнеше ғылыми жинақтар мен энциклопедияларда жарық көрген 150-ден астам ғылыми, танымдық, публицистикалық мақалалар, очерктер мен эсселерінің авторы. Сондай-ақ, ол 12 кітап пен ғылыми-танымдық басылымның құрастырушысы әрі 60-тан астам кітап пен ғылыми жинақтардың редакторы болыпты. Жеке ғылыми бағыты бойынша 40-тан астам ғылыми еңбегінің авторы, 2 ғылыми жобаның орындаушысы.

«Адам күні адаммен» дейді. Осыған сай болымды азаматтар жанындағы туыстары, жақындары, әріптестерінің игі, өнегелі қасиеттерін шапшаң байқап, жылдам бағалап, шама-шарқынша қолдап, жағымды мінез иесіне тәуір әсер жолдап, оның алдағы уақытта да атқарар оңды істеріне қолайлы ықпал мен әсер тигізеді. Бірақ, соның баршасын олар есепсіз, майда пенделіктен бойын аулақ ұстап жасайды. Тіпті, оны айтасыз, осы өнегелі азаматтар өздерінің жасап жатқан ұнамды істерін қаперіне алмайды да. Біреуге жақсы іс жасап

жатырмын-ау деген ойлар оларды тіпті мазаламайды. Бұл – тұлғалы, жақсы адамның белгісі. Міне Қали інімде осы мінез баршылық.

Бұл азаматтың қоғамдық істері таңғаларлық. Бір жағынан іргелі оқу орнының маңызды, шешуші саласын басқара отырып дәл осындай дәрежеде тікелей өз мамандығына жақын келе бермейтін маңызды тарихи ізденістерге түбегейлі берілуі және одан айтарлықтай істер атқаруы құптарлық, қызығарлық жағдай. Қали Әбдіұлының көпжылғы жүйелі ізденістері және құзыретті ұйымдарға ұсыныстар жазуды тікелей ұйымдастыруы арқылы қазақ ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалар Батыр хан Қайыпұлы, Сыздық сұлтан Кенесарыұлы, Кетебай би Жолайұлы, Өтетілеу би Кетебайұлы, Пірәлі би Өтетілеуұлы, Зарқұм би Қуанышұлының және Кеңес Одағының батыры, ұшқыш Біліс Нұрпейісовтің есімдері Қызылорда қаласындағы көшелерге беріліпті. Ойлап қараса, бұл бір адамның қолынан келетін жұмыс емес. Бірақ, ел үшін, қоғам үшін, өңір үшін зор маңызы бар осы істерге Қали інідміз дәнекерлік міндетін атқарыпты, сөйтіп қауым ықыласын жаулапты. Осының түбінде бұл інідміздің ел тарихына, осы өңірде болған тұлғалы азаматтардың еңбегін казіргі ұрпақ қолына ұстатып, болашаққа жеткізейін деген бұрқырап қайнап жатқан жанашырлығы болар.

«Тарихи тұлғаларымызды түгендеу – өзекті мәселе» атты көлемді ғылыми мақаласында Қали Омаров қазіргі тарихи зерттеулер жөніндегі ойын былай деп түйіндепті: «…Өлке тарихына байланысты шыққан жаңа материалдар қосынын зерделеуге бұндай селқостық көзіқарақты қауымды өкіндірмей коймасы анық. Есесіне ғылыми деңгейі сын көтермейтін осындай еңбектерді сапалы қағазға шығару, әрлеу-безендіру арқылы олқылығын бүркемелеуге ұмтылу басым. Қолымызға тиген аты дардай кітаптардың көпшілігінің мазмұны тек танымдық сипатта ғана болатынына таңырқамайтынымыз да сол себепті. Бұларды жарияламас бұрын жетекші салалас ғылыми ұйымдардың арнайы талқылауынан өткізу – уақыт талабы. Баспагерлер осыны ескерсе екен…». Қали інідміздің төселген кәсіби тарихшы іспеттес шама көрсете отыра бүгінгі күні ұлт өткеніне терең жанашырлықпен осылай атсалысуы кімді де болса таңғалдырмай қоймайды.

Бүгін көзіқарақты азамат ойланады. Сұрақ қояды. Осы заманда елге, жұртқа, қоғамға қай адам жайлы, кім керек деген. Мұның аржағында адам қалай болу керек деген сауал да тұрған болар. Біздің ойымызша, бүгін қоғамға кәсіби міндетін оңды атқаратын азамат аса құнды. Сонымен бірге ол айналасына, ұжымына жағымды әсерін тигізуге борышты. Қали інімнің өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқаруы жөнінде оқырманға мәлімет жеткендей. Бұл азаматтың айналасының, жұрттың, қоғамның керегін мықты ойлап күйттейтінінен хабардар болдық. Шындығына келгенде, қосымша істерді Қали Әбдіұлы асқан жанашырлықпен, бар күш-жігерін жұмылдырып, өзінің жеке жұмысын жасағандай аянбай тер төгетінінен хабардар болдық.

Мынау мінезді азамат деп жатады. Мінезді болу үшін көп қасиет қажет. Игілікті мінез – терең саналы, биік білімді азаматқа ғана тән жоғары қасиет. Сол азамат ортақ жұмыс мақсатын бәрінен жоғары қояды, сөйтіп көп мүддесін

қорғайды. Ендеше, Қали Әбдіұлы – мінезді азамат. Ол реті келіп тұрғанда ауызға келген шындық сөзді тұмшалап, тоқтатпай айтып салады. Бұл – ортақ іске деген мол жанашырлықтың белгісі.

Iніміз көпжылғы нәтижелі еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен марапатталған. Ол ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР ЖОО қауымдастығының Байтұрсынов атындағы Алтын медальдің, Қорқыт ата атындағы Алтын медаль иегері. Облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталған.

Президент Жаңа Қазақстанды орнатамыз деді. Барша ықылысымызбен қолдаймыз. Біздіңше, қазір өз жұмысына мол жауапкершілікпен қарайтын, қоғам алдындағы міндетін өзінікінен артық болмаса төмен санамайтын, болмыстың адамға жақсылық жасау ақиқатын иманындай түпкілікті түсінген азаматтар қажет осы қасиетті іске. Ендеше, осы арқалы істерге жол көрсетіп, өнеге боларлықтай азаматтар арамызда баршылық. Тек, солардың жолы мен үлгісін, өнегесін сыйлап бағалай білейік! Осы өнегені тарата білейік! Сол алдыңғы, беткеұстар топтың ортасында өңіріміздің атаулы білім мен ғылым ордасының аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан, атқарған істері жұртқа өнеге-үлгі боларлықтай, жолы құтты, ұстанымы терең, бағыты биік Қали Омаров бар.

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің**
**профессоры, техника ғылымдарының докторы,**
**«Құрмет» орденінің иегері,**
**Қызылорда қаласының құрметті азаматы**

**«Сыр бойы» газеті, 01.03.2022ж**

## ПРОФЕССОР ҚАЗЫБАЙ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ДӘРІСХАНА АШЫЛДЫ

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Қазыбай Құдайбергенұлының 80 жасқа толуына арналған салтанатты Ғылыми Кеңес өтті. Сондай-ақ, №408 дәрісханаға Қазыбай Құдайбергенұлының есімі берілді.**

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай, қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев, Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Алматы облысының және Жамбыл ауданының құрметті азаматы Әскербек Абаев,«Qyzylorda» телеарнасының директоры Жағыпар Қарабала, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда филиалының төрағасы, республикалық «Тіл

сақшысы» газетінің бас редакторы Сәдуақас Аңсат және зиялы қауым өкілдері, университеттің ғылыми кеңес мүшелері қатысты.

Ғылыми кеңесте университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Бейбіткүл Кәрімова профессордың білім саласына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

– Қазыбай Құдайбергенұлы – университеттің білім беру қызметін, ғылыми және кадрлық әлеуетін заман талабына сай нығайту ісіне елеулі еңбегін сіңірген қайраткер азамат. Профессор 200-ден аса ғылыми проблемалық мақаланың, бірнеше монография мен оқу құралдарының авторы. Сондай-ақ, 10-нан аса халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми практикалық конференцияларда баяндамалар жасады. Университетте ашылған дәрісхана мемлекеттік қызметшілерді, еліміздің дамуына елеулі үлес қосатын экономистерді даярлайтын орталық болатынына сенімдімін. Арнайы кабинетте біздің білім алушыларымыз мемлекеттік қызметке қабылдау сынама-тесттерін тапсырып дайындалуына және практик-мамандардың дәріс және практикалық сабақтарды өткізуіне мүмкіндік бар, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Салтанатты шарада Қазыбай Құдайбергенұлына облыс және қала әкімінің Құрмет грамотасы табысталды. Сонымен қатар, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының шешімімен Қазақстанның білім және ғылым жүйесінің дамуына қосқан айрықша үлесі және білікті мамандарды дайындаудағы ерен еңбегі үшін А.Байтұрсынұлы атындағы орденімен, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Үздік оқытушысы» медалімен, облыстық ардагерлер кеңесінің шешімімен «Облыстың құрметті ардагері» медалімен, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Қазыбай Құдайбергенұлы – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Мәскеудегі Педагогикалық білім беру халықаралық ғылым академиясының корреспондент мүшесі.

Қазыбай Құдайбергенұлы ҚР Президентінің, ҚР кәсіподақтарының, облыстық және қалалық мәслихаттың, облыс әкімінің, университет ректорының алғыс хаттарымен, ҚР Конституциясының 10 жылдық мерекелік және «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері әрі үздігі.

Ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор, университет ректорының кеңесшісі қызметін атқарып, қоғамдық ұйымдарды басқарды. Сондай-ақ, университет жанындағы Тарих, филология және өнер ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқарған. Профессор – қазіргі уақытта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы**

**«Сыр бойы» газетінің сайты, 15.03.2022ж.**

# ЕЛ СЕНІМІН ЕСЕЛЕЙ ТҮСТІ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына арнаған Жолдауының елдің болашақ дамуы үшін мәні мен маңызы айрықша болды.**

Мемлекеттігімізге қауіп төнген қаңтар оқиғасының сабақтарын талдай келе, мұндай жағдайдың енді қайталанбауы үшін қолдан келгеннің барлығын жасау қажеттігіне, Қазақстанды түбегейлі жаңғырту ісін жаңа қарқынмен жалғастырудың маңызына тоқталды.

Тоқыраудың жасампаздыққа ұласатыны қашанда белгілі. Ал бұған барлық саланы жүйелі жаңғырту арқылы қол жеткізе аламыз. Осы ретте Жолдауда еліміздің саяси жүйесін жаңғыртудың елеп-екшелген реформалары ұсынылды. Әділ әрі ашық бәсеке елді демократияландыруға ықпал етіп, мемлекеттің тұрақтылығын бекемдеуге бағытталмақ.

Мемлекет басшысы енді саяси, экономикалық монополияға жол берілмейтінін қадап айтып, тарихи реформаларды ұсынды. Президенттің қандай да бір партияның мүшесі болуына бұдан былай жол бермеу ұстанымы Орталық сайлау комиссиясының, Конституциялық Кеңестің, Есеп комитетінің мүшелеріне де қатысты. Өкілді билік тармақтарын қайта құру мақсаты − Парламенттің беделін арттыру. Сенат депутаттығына Президент ұсынатын квота санын 10-ға қысқартып, оның 5-ін ҚХА өкілдеріне беру – орайы табылған құптарлық іс. Заңдарды тек Мәжілістің қабылдауы, республикалық бюджетті бақылауды күшейтуі − осы Палатаның құзіретін кеңейтудің бірегей қадамы.

Облыстық мәслихаттардың, республикалық бағыныстағы қалалық мәслихаттардың төрағасы лауазымын енгізу, аталған мәслихаттарға бекіту үшін Президент тарапынан облыс әкімінің баламалы кандидатураларын ұсыну – шын мәнінде революциялық өзгерістер.

Әлемдік озық тәжірибеге сай сайлау жүйесін жетілдіру партиялық жүйені дамытуда. Мәжіліс депутаттарының 70%-ін пропорционалды жүйе, 30%-ін мажоритарлы жүйе арқылы сайлауға көшу, партияларды тіркеуді жеңілдету жаңа саяси мәдениетті дамытуға бағытталып отыр. Бұл қадам барлық партиялардың мүддесіне қызмет ететіні сөзсіз. Құқық қорғау органдарын күшейту, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету мен адам құқығын қорғау істері прогрессивті бастамаларға толы.

Еліміздің идеологиялық, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде БАҚ қабілетін арттырудың маңызы зор. Мемлекет пен қоғамның сындарлы әріптестігін дамытудағы азаматтық қоғамның рөлін күшейту басты назарда болмақ. Өйткені, тәуелсіз БАҚ пен азаматтық қоғам реформаларды жеделдетуге ықпал етеді.

Өз құрамына сан алуан пікір иелерін топтастырған Ұлттық Құрылтай құру тәжірибесі Ұлы Дала демократиясының жалғасы іспеттес. Осынау мәртебелі құрылымның билік пен халық арасындағы алтын көпір, мықты дәнекер болатынына сенімдіміз.

Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын оңтайландыру − әлдеқашан пісіп жетілген мәселе. Халықтың көкейіндегіні дөп басқан Қасым-Жомарт Кемелұлының бұрынғы Семей аймағы шегінде Абай облысын, Жезқазған шегінде Ұлытау облысын, Алматы облысын екіге бөліп Жетісу және Алматы облыстарын құруын ел-халық көрегендік деп бағалауда. Бұл қадамдардың көп күттірмей аймақтардың серпінді дамуына әкелетініне сенімдіміз. Әрине, мұның бәрі − Жаңа Қазақстанды құру үшін істеліп жатқан келелі жұмыстар.

Мемлекет басшысы тарихи өзгерістерді бастауда халықты біркісідей жұмылуға шақыра отырып «…Еліміздің егемендігі, жеріміздің тұтастығы бәрінен қымбат. Қазақстан тек бізге керек. Мемлекеттілігімізді қорғау мен үшін аса маңызды. Бабалар аманатына адал болып, ұрпаққа табыстау қастерлі парыз» деді.

Жолдау әрбір қазақстандықтың жүрегіне жол тапты, халқымыздың өзінің жарқын болашағына деген сенімін еселей түсті.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма төрағасы-ректоры.**

**«Сыр бойы» газеті, 17.03.2021ж.**

## ҒАЛЫМ АЙМАН АЙТБАЕВА – 60 ЖАСТА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде қауымдастырылған профессор, ұстаз, ғалым Айман Айтбаеваның 60 жасқа толуына арналған «Алаш әдебиетін орта мектепте және ЖОО-да оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясы өтті.

Жиынға Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының ғалымдары, университеттің оқытушы-профессорлар, білім алушылары мен БАҚ өкілдері қатысты. Белгілі ғалымның мерейтойына орай ұйымдастырылған шарада оның еңбектері сараланып, ғылымға қосқан үлесі айтылды.

Конференция барысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Ұлжан Жанбершиева, филология ғылымдарының кандидаты Болат Боранбай, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері Гүлжаһан Орда, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры Гаухар Балтабаева, филология ғылымдарының кандидаты Бекзада Қожакеева, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті Райхан Имаханбет, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы Гауһар Асқарова баяндама оқыды.

Айман Ералықызы – Қорқыт Ата атындағы университетінде 1993 жылдан бастап қызмет етеді. Қазіргі таңда Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы. Саналы ғұмырында ҚР Білім беру саласында

шығармашыл, тәжірибелі ұстаздық қызметі үшін «Білім беру ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, Қармақшы аудандық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға зор үлес қасқаны үшін облыстық Білім басқармасының Құрмет грамотасымен, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай «Қызылорда біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ филиалы Құрмет грамотасымен марапатталды.

Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері бойынша «Қазақ прозасындағы тарих романдардағы ұлттық қаһарман бейнесі», «Мәңгілік ел идеясы», «Қазақ прозасындағы антропология», «Қазіргі қазақ драматургиясының жаңалықтары жайлы» зерттеу жұмыстарының авторы. Ғалымның 140-тан аса ғылыми мақаласы, оқу-әдістемелік мазмұндағы еңбектері мен 1 монографиясы бар. Сонымен қатар, 4 ғылым магистріне жетекшілік еткен. Айта кетейік, республикалық ғылыми-әдістемелік конференция Гуманитарлық-педагогикалық институты Кеңесінің салтанатты мәжілісіне жалғасып, «Жаралған көрмек үшін дүние сарай…» кітабының тұсаукесері өтті. Университет басшысы Бейбіткүл Кәрімова мерейтой иесіне қазақы дәстүр бойынша құрмет көрсетті. Сонымен қатар, Айман Ералықызына облыс әкімінің Құрмет грамотасы, «Ахмет Байтұрсынов» атындағы алтын медалі табысталды. Салтанатты жиын барысында сөз алған қонақтар мен ғалымның шәкірттері, әріптестері ақжарма ізгі тілегін білдіріп, естелік суретке түсті.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы**

**«Ақмешіт апталығы» газетінің сайты, 19.03.2022ж.**

## ЖАҢА КҮННІҢ ЖАРШЫСЫ

Қай ұлттың тарихына үңілсек те, қайсыбір халықтың әдебиетін оқысақ та ежелгі тарихтан, бұрынғы танымнан сыр шертетін небір ұғымдарды, соны бейнелеуге қолданылған не түрлі сөздерді кездестіреміз. Назар салып, үңіле қарасақ, сол ұғымдардың мәні бір, мазмұны терең екендігіне көз жеткіземіз. Бұның барлығы ежелгі халықтардың дүниетанымы ұқсас, сенімі бір, әлеуметтік-мәдени құндылықтары ортақ болғандығын көрсетеді. Сондай ұғым-түсініктің бірі – «наурыз» сөзі.

«Наурыз» деген не, мән-мағынасы қандай, ол қалай мереке болды деген сауалдарға жауап іздеп көрелік.Алдымен «наурыз» сөзінің танымдық, мәдени, әлеуметтік мағыналарын айқындап, осы уақытқа дейінгі өзгерістерін қарастырып, бүгінгі заманның контексіндегі өзектілігіне шолу жасайық.

Көне парсы тілінде нава – жаңа + рәзаңһ – күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но – жаңа + роуз – күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни, «жаңа жылды» білдіреді.

Бұл мерекені ежелгі гректер «патрих», тәжіктер «гүлгардон», хорезмдіктер «наусарджи», армяндар «навасарди», татарлар «нардуган», чуваштар «норисояхе» деп атайды.

Қазақ бұл күнді «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деп өзінің тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылық ыңғайына, салт-дәстүріне қарай бата-тілекпен байланыстырады. Ұлыс оң болсын дегендегі «ұлыс» сөзі екі түрлі тұрғыдан түсіндіріліп жүр. Бірінде «ұлыс» – біріккен сөз ретінде қарастырылады. Алғашқы нұсқасы – «ұлы іс». Қазақ тілінде екі дауысты қатар келгенде біреуі түсіріліп айтылады. Жаңа жылдың алғашқы күні жасаған жаңа әрекетің, ұлы ісің оң болсын деген мағынаны білдіреді. Екіншісі, «ұлыс» – түрік, моңғол тілдерінде халық, мемлекет деген мағынадағы сөз. Сонда ол халықтың немесе мемлекеттің ұлы мерекесі дегенді білдіреді.

Ал, «ақ мол» болсын деген мал-жаны төлдеп көбейіп, ырыс-несібесі артып, молшылыққа кенелуді аңғартады. Қалай айтса да, түпкі мағынасы айналып келгенде «жаңа күн» дегенді меңзейді.

Мерекені тойлау мәселесіне келсек, Наурызды тойлайтын халықтар күнге табыну, отқа табыну, одан Жер-анаға табыну секілді ертедегі көпқұдайлықтың әсерінен қыстан аман-есен шыққанына тәубе ету, ауыртпалықтарды еңсеріп, жаңа бір істі қолға алуды, алдағы күнін жоспарлауды, оны ерекше атап өтуді көпшілік болып тойлауды әдетке, одан дәстүрге айналдырған. Кейін қаншама ғасырлық дәстүр біртіндеп мәдени құндылыққа айналып кеткен.

Сонымен, Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22-сі) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Міне, бір сөздің астарында мыңғасырлық сыр бар деген осы шығар, бәлкім…

Атеистік, коммунистік идеология қыспағында болған кеңестік түркі халықтары, оның ішінде қазақтар бұл мерекені тойламақ түгілі атын айтуға да шамасы болмағандығын баршамыз білеміз. Кеңестік идеологиялық саясаттың қатаң жүргізілгені соншалық, бұл мейрамды халық жадынан шығарып, ұмыттырып та жіберген. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана республикалық деңгейде аталған мейрамды жаңғырту жұмыстары белсенді жүргізіле бастады. Сол жылдардың куәгері ретінде осы Наурыз мерекесі жайлы кейбір есте қалған эпизодтармен бөлісейін.

Басқа ауыл-аймақтар мен қалаларды қайдам, менің бала кезімде біздің Майлытоғай ауылында Наурыз мерекесі үзбей тойланып, аталып өтетін. Ауылдағы үйлері бір-біріне жақын орналасқан көршілер әрқайсысы өз үйлерінде наурызкөже жасап, оны сырлы шелекпен, уәделескен бір үйге әкеліп, үлкен қазанға құятын. Мұндай наурызкөже жиналатын үй ауылдың біз тұратын бөлігінде, көбіне біздің үй, кейде Жақыман әкеміз бен Мұстап деген жездеміздің үйі болатын. Осындай жақын көршілер дайындап әкеп ортақ қазанға құйылатын наурызкөже мен мерекелік дастархан ауылдың әр бөлігінде бірнешеу болады. Ауыл адамдары сол дастархан мен наурызкөжеден кезекпен дәм татып, өлең айтып, би билеп, кейде ұлттық ойындар ұйымдастырып отыратын. Мұндай мерекелік дастарханға ауылдың үлкен кісілері көбіне есек

мініп келетін. Біз, ауыл балалары, наурызкөжеге тойып алған соң, сол есектерге мініп алып көкпар ойнайтын едік. Балалардың рұқсатсыз мініп кеткеніне ауыл ақсақалдары ренжімейтін, қайта қызықтап, ойынымызды қолпаштап, қостап отыратын. Енді бір топ бала «ләңгі тебу» ойынына кіріссе, одан ересектері қолкүрес, қазақы күрес, аударыспақ сияқты сайыстарға қатысатын. Осындай іс-шаралардың арасында әйелдер күресі де ұйымдастырылып, онда әзілқойлау жеңгелеріміз шынымен балуандардай күрескен болып, жиналған көпшілікті бір үлкен қызыққа батыратын.

Кейін Алматыға оқуға түскенде, Наурыз мерекесінің қалалы жерлерде тойланбағанын, тіпті мұндай ұлттық сипаттағы мерекелерге ескінің қалдығы ретінде тыйым салынғанын білдік.

Алғаш рет 1989 жылы Алматыда халық ақыны, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов ағамыздың бастамасымен кеңестік заманда үзіліп қалған Наурыз мерекесінің республикалық көлемде қалалық саябақта тойлануына куә болдық. Кейін оны студенттер қауымы өз университеттерінде атап өтуді дәстүрге айналдырды. Сондай Наурыз мерекесін өзім білім алған қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінде біз де жатақхана жанына киізүй тігіп, арнайы сценариймен оқу тобымыздағы қыз бен жігітті үйлендіріп, беташар рәсімін жасап, концерттік бағдарлама әзірлеп тойлаған едік. Бұл елдік, халықтық мерекені ұлттық сипат беріп атап өтудің, рухани санамызды қайта жаңғыртудың бастауы болатын. Міне, қазір бұл мереке ресми билік тарапынан қолға алынып, мемлекеттік мерекелер тізіміне еніп, арнайы демалыс күн беріледі.

Бұл мереке өзге айтулы күндерден бөлек, өйткені 22 наурыз – табиғаттың қайта көктеуі, күллі тіршіліктің оянуы, барлық адамзатқа тән жақсылықтың бастауы, ұлы істердің жоспарлануы мен жүзеге асуы, Ұлыстың Ұлы күні. Олай болса, елімізге, ұлысымызға мереке құтты болсын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын деген тілек айтамын.

**Аман МӘДЕЛХАНҰЛЫ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің қауымдастырылған профессоры,**
**филология ғылымдарының кандидаты**

**«Сыр бойы» газетінің сайты, 22.03.2022ж.**

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ауыл шаруашылығын цифрландыру – елдің әлеуметтік, экономикалық жағдайын жақсартудың ең тиімді жолы. Әлемдегі ауыл шаруашылығы дәстүрлі саладан инновациялық шешімдер мен әзірлемелер үшін жаңа нарықтар құруға қабілетті жоғары технологиялық салаға айналуда. Ғылым мен ғаламтордың, сандық технологияның толып жатқан бүгінгі жетістіктерін ауыл шаруашылығына бағыттау маңызға ие. Себебі, әлемдік тәжірибе ауыл

шаруашылығы саласын, агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту ғылымда, ақылды технологиялардың қолында екенін көрсетіп отыр. Ұлтарақтай жерін ұтымды пайдаланып отырған дамыған елдердің бәрі де ауыл шаруашылығының табысына осынау озық технологиялардың арқасында жетіп отыр.

Болашақ ауылшаруашылығы мамандары егіс алқаптарында жасап жатқан тәжірибелік сынақтар арқылы фермер планшетін, шаруашылық алқабының электронды картасы, ауыспалы егіс алқабы, ауа райы, топырақтың жағдайы туралы ақпараттар, ғарыштық түсірілім, егін шаруашылығына аса қажет басқа да мәліметтері түгелдей көрсетілген біртұтас ақпараттар жиынтығы бар бағдарлама құрастыруда.

Қазақстанда бірінші кезекте ауылшаруашылығын цифрландыру шеңберінде енгізілетін негізгі технологиялар ауылшаруашылығы техникасының GPS-навигациясы, қатар жүргізу, таразы залын автоматтандыру, өрістердің электрондық карталары және әрине, пилотсыз ұшу аппараттары болып табылады. Қазіргі заманғы технологиялар біртіндеп ауылшаруашылық саласына еніп, ауылшаруашылық мәселелерін шешуге тиімді болмақ.

IT-агрономияны дамытудағы жаңа кезеңді болашақтың инновациялық технологиясы болып табылатын нақты егіншілік жүйесі деп атауға болады. Дәл егіншіліктің артықшылығы – бұл ауылшаруашылығы өндірушілеріне ауылшаруашылығы өндірісін экологиялық таза негізде жүргізуге мүмкіндік береді, тыңайтқыштарды үнемдеуге, қауіпті азайтуға, бағдарламаланған дақылдарды алуға және қоршаған ортаны ластанудан қорғауға бағытталған. Бұл тәсілді іске асыру үшін нақты егіншіліктің геоақпараттық жүйелері пайдаланылады, олар электронды карталар негізінде шешім қабылдауға жәрдемдесу жүйелері болып табылады.

Өнімділікті арттырудан және шикізат шығындарын төмендетуден басқа, дәл егіншілік жүйелері егістіктерде қолданылатын жабдықтарға отын шығындарын азайтады, себебі олар дәлдігі жоғары жүйелерді қолдана отырып, машиналардың бағытын дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда елімізде ауыл шаруашылығына цифрлық технологияларды енгізу ауқымы біртекті емес деп айтуға болады. Ірі ауыл шаруашылығы ұйымдары цифрлық технологияларды енгізіп, бейімдеп келеді. Негізгі фактор – дәл егіншілік технологиялары басқа ауылшаруашылық кешендерімен бірге қолданылса тиімді. Осылайша, нақты егіншілікті енгізу жүйесі әсіресе қаржысы мен біліктілігі жоғары мамандары бар ірі және дамыған кәсіпорындарда тиімді. Дәл егіншілік технологиялары табиғатта күрделі, оларды қолдану көп білім мен тәжірибені, ал оларды енгізу көп қаражатты талап етеді. Сондай-ақ, шағын және орта кәсіпорында сирек кездеседі немесе нақты егіншілік технологияларына тұрақты қол жеткізе алмайды және оларды іс жүзінде пайдаланбайды. Бірқатар елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, кәсіпорындар цифрлық қосымшаларды үзіліссіз пайдаланады, бірақ мұндай қосымша әр кезде тиімді болып шығады.

Мобильді қосымша арқылы ауа-райын тексеріп, өрістердің жай-күйі туралы жазбаларды, төлемдерді жасауға, сонымен қатар егіннің толық болжамын жасауға болады.

Нақты технологияларды енгізу сияқты (мысалы, жоғары өнімді тұқымдарды пайдалану) мобильді қосымшаларды қолдану жоғары білімі бар және материалдық табысы жақсы фермерлерге үлкен пайда әкелетіні анық. Бұл мәселені шешу үшін шағын және орта ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету қажет. Бұл ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды пайдалануға фермерлердің барынша көп санын тартуға мүмкіндік береді. Сандық қосымшалар жеке ауылшаруашылық технологиясын енгізумен байланысты мәселелерді шеше алады.

Ауыл шаруашылығы саласын түбегейлі өзгерткен АҚШ, Канада, Бразилия және Австралия секілді елдер сияқты мұндай мүмкіндікті игеру үшін алдымен шаруашылықтың техникалары GPS навигаторлар жүйесіне қосылған, электронды жүйемен жұмыс істейтін заманауи болуы қажет. Ол үшін шаруа қожалықтары мобильді қосымшалар, жоғары технологиялы датчиктер, алгоритмдер, спутниктік бақылау сияқты технологияларды кеңінен қолданысқа енгізіп, мамандары үздіксіз білім алып, ілімін жетілдіріп отыруы тиіс.

Метеорологиялық көрсеткіштерді есепке алу пайдаланушыларға далалық маусымда жұмыстарды жоспарлауға, жұмыстарды жүргізудің оңтайлы мерзімдерін, ауыл шаруашылығы дақылдарын таңдауды айқындауға, сондай-ақ белгілі бір маусымға ауыл шаруашылығы дақылдарының вегетациялық бағасын орындауға мүмкіндік береді. Дәл егіншілік саласында қазіргі заманғы технологиялардың көпшілігін пайдалану электрондық далалық карталарсыз мүмкін емес. Электрондық өріс карталарын қолдана отырып, агрохимиялық қызмет ауыспалы егіс, кірістілік, топырақ түрлері, аурулар, тыңайтқыштар және өсімдіктерді қорғау туралы ақпаратты жинауға, жіктеуге және қолдануға ыңғайлы түрде қолдана алады.

Бүгінгі заманның жетістігі – цифрландыру жүйесі аймақта автоматтандырылған тауарлы-сүт фермаларын құруға жол ашса, электронды планшеті бар шаруашылықтар заманауи геоақпараттық жүйелер арқылы топырақтың құнарлылығын бақылап, агротехникалық ережелерді ұтымды үйлестірудің нәтижесінде жоғары өнім жинамақ. Мысалы, егіс науқаны кезінде техникаға орнатылған навигациялық жабдық арқылы арнайы қабылдағыш ғарыштық байланыспен жүргізушіге ескерту жасап, тыңайтқышты тек қажетті жерге себуге, бос аралықтарды қалдырмауға, осылайша, тыңайтқышты, уақытты, жанармайды үнемдеуге көмектеседі. Бүгінде әлемде азық-түлік өндіру жөнінен 2-орындағы Бразилия егістіктің жағдайы туралы ақпараттарды беруге қабілетті аппараттар арқылы шығынды 90 пайызға қысқартқан. Өнімділікке жеткізетін ауыл шаруашылығы платформасын жасайтын агростартап құрудан АҚШ, Қытай, Үндістан, Канада, Израиль елдері де белсенді болып отыр.

Атап айтқанда, сапа, қорғау, деректерді жинау, басқару және талдау әдістері одан әрі дамуды және деректермен жұмыс істеу үшін ғылыми арсенал

құруды талап етеді. Реттеу тетігін пайдалану ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды құру және пайдалануды кеңейту үшін өте маңызды болмақ.

Бүгінгі таңда халықаралық экономикалық қатынастарда Қазақстанның дамуы отандық өндірушілер мен кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне байланысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында еліміздің жаңа экономикалық бағдары негізделетін басты қағидаттардың бірі ретінде адами капиталды дамыту, жаңа үлгідегі білім саласына инвестиция тартуды атап өтті.

Сондықтан, экономиканың маңызды саласы болып саналатын ауыл шаруашылығында кәсіби мамандарды даярлау бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Университетімізде жер, су ресурстарын сақтау, топырақты қорғау, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, материалдық-техникалық ресурстарды жаңарту бойынша ғылыми бағыттағы іс-шаралар кешені жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Сонымен қатар, ауылшаруашылығында ГАЖ технологияларын қолдану, аграрлық өндіріске инновациялық технологияларды енгізудің тиімділігі бағытында ғалымдардың атқарып жатқан жан-жақты заманауи зерттеу жұмыстары студенттерді ғылым мен практикалық білімге баулуда өз нәтижелерін беріп келеді.

Еліміздің дамуына үлес қосып, экономиканың бастауы болып отырған ауыл шаруашылығының білікті маманы болғысы келетін әрбір жас үшін университетіміздің есігі қашан да ашық. Агроөнеркәсіп кешені үшін әлеуеті зор, білікті кадрлар дайындап, тиімді жұмыспен қамту ел экономикасының дамуына серпін берері анық.

**Раушан НҰРЫМОВА**,
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі**
**«Аграрлық технологиялық» кафедрасының а-ш.ғ.к.**

**«Сыр бойы» газетінің сайты, 24.03.2022ж.**

## БЕКЗАТ ЫРЗА: НАҚТЫ ҚАДАМДАР, НӘТИЖЕ БЕРМЕУІ МҮМКІН ЕМЕС

**Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдаумен толықтай танысып болған соң, жастардың білім алуымен, өзін дамытуына бағытталған жұмыстар одан әрі қолдау табатынына үлкен сенім пайда болды. Жолдауда айтылған міндеттер мен жоспарларды әрбір Отанын сүйетін жас, ой елегіне өткізіп, жауапкершілікпен қараса деймін.**

Егемендік алған алғашқы күнінен бастап жастар мемлекеттік саясаттың басым бағытына ие болды. Кешегі жолдау сол ізгі жолдың жалғасы деп

сезіндім. Оның ең үлкен себебі Тәуелсіздіктің маған берген ең үлкен сыйы және мүмкіндігі – болашақ бағдарламасы арқылы менің Ұлыбританияның Борнмут университетінде «Халықаралық туризм менеджменті» магистрі дәрежесін алғаным.

Оқуымды ойдағыдай тәмәмдаған соң еліме оралып, туған жеріме және өз салама келіп қызмет жасау ең бірінші мақсаттарымның бірі болды.

Еліміздің болашағы – жастар. Жастарды білімге, ғылымға баулып, алған тәжірибелеріммен бөлісу ел алдындағы парызым деп білемін. Сондықтанда қазіргі таңда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде өзімнен кейінгі жастарға ұстаздық етіп, оған қоса докторантурада ғылыми жолымды жалғастырудамын.

Аймағымыздың туристік әлеуеті өте жоғары. Алайда, оны толыққанды халықаралық деңгейді ілгерілету әліде тұралап келеді. Осы орайда, облысымыздың тарихи-мәдени ескерткіштерін таныстыру мақсатында оффлайн аудио-гид жобасын іске асырылды. Нәтежиесінде облысымыздағы жиырмадан астам мәдени мұра нысандары туралы толыққанды ақпаратты үш тілде кез-келген турист ашық ресурстардан жүктеп ала алады. Бұл жұмыс партияның «Жаңа Қазақстанға арналған 30 инновациялық идея» жобасы аясында жалғасын табады.

Қазіргі таңда көп жастар шет ел асып, «Қазақстанның болашағы жоқ» деген алып қашпа әңгімелер айтуда. Олай деп айтуға еш себеп жоқ. Өйткені барлық мемлекеттік бағдарламалардың 60%-ы жастарға бағытталған. Оның ішінде жас отбасыларды баспана мен қамтамасыз ету, жас мамандарды жұмыспен қамту(жастар практикасының бір жылға ұзартылуы), мектеп бітіруші түлектерге білім гранттарының санының жылдан жылға артуы, ғылым жолында өзін табамын деген жастарға магистратура және докторантураға түсіп, оқуға үлкен мүмкіндіктер пайда болды. Президентіміз соңғы кездері техникалық және IT саласындағы мамандықтарға үлкен көңіл бөлуде. Оның бірден бір дәлелі – қазақстандық жастар әлемдегі үлкен компанияларда жұмыс жасауда. (Apple, Yandex, google).

Жастарды қолдау саяси ортада да қолдауын тауып келеді. Оның бір айқын дәлелі былтырғы праймеризде партияның 35 жасқа дейінгі жастарға 30 пайыздық квота бөлінуі.Осындай нақты қадамдар, нәтиже бермеуі мүмкін емес деп ойлаймын.

**Бекзат ЫРЗА,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, «Болашақ» бағдарламасының түлегі**

**«Тіршілік тынысы» газетінің сайты, 24.03.2022ж.**

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛЬЯНСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ БАНУ НҰРҒАЗИЕВА СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстанның Азаматтық Альянсының Президенті Бану Нұрғазиева Сыр еліне жұмыс сапары барысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің белсенді жастарымен кездесті. Жиынға қатысушылар мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында айтылған міндеттерді орындау барысы туралы әңгіме өрбітті. Жастардың ұлтжандылық, көшбасшылық қасиеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған басқосуда Бану Ғаниқызы «Жаңа Қазақстан» құруда жастардың ықпалы зор екенін айтты.

«Жастар – ел болашағы. Қазіргі таңда елімізде жастарға қолдау көп. Қай саланы алсақ та, алға ұмтылған адамға мүмкіндіктер жеткілікті. Бүгінгі кездесу соның бір дәлелі. Жастарды қозғаушы күш десек, өз замандастарымды елімiздің дамуы үшін еңбек етуге шақырамын», – деді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2 курс студенті Нартай Әбдіраш.

Айта кетейік, оқу орнында студенттердің білім ала жүріп ғылыми жобалармен айналысуы, қоғамдық шараларда белсенді болуы, шығармашылық қабілеттерін дамытуы, кәсіпкерлік салаға бейімделуі үшін 22 жастар ұйымы жұмыс жасайды.

Кездесуге Қазақстанның Азаматтық Альянсының өңірлердегі өкілдері, белсенді студенттер, жастар ұйымдарының төрағалары мен БАҚ өкілдері қатысты. Шара соңында Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай қонақтарға арнайы сыйлық табыстап, естелік суретке түсті.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы**

**«Ақмешіт апталығы» газетінің сайты, 25.03.2022ж.**

## САҚТАРДАН ҚАЛҒАН МҰРА

**Қазақ әйелдерінің бас киімдері жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Олар: бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, сәукеле, тақия, шәлі, бүркеніш, шылауыш және т.б. Бұл бас киімдердің өзіндік ерекшеліктері бар. Солардың ішінде тарихы тереңде жатқан, аса маңыздысы сәукеле деп айтсам, қателеспеген болар едім.**

Сәукеле – ұзатылған қызға арнайы дайындалатын, аса бағалы, биік төбелі салтанатты бас киім. Сәукеле пішіні жағынан сақ заманындағы биік, әрі сүйір төбелі салтанаттық, ғұрыптық бас киімге ұқсайды. Сәукеле кереге, милық, төбе, тәж, құлақбау, және артқыбау тәрізді бөліктерден тұрады. Сәукеленің алтынмен аптап, күміспен қаптап, аса бағалы болғандығын М.Ж.Көпеев «ХІХ ғасырдың

алғашқы жартысында өмір сүрген кіші жүздің Байсақал атты байының қызының сәукелесін құдасы Кенесары ханның ағасы Саржан төре 500 байталға бағалаған екен» деген дерегінен байқаймыз.

Сақтардан қалған сарқыт дейтін тұсы да осы жерде. Біздің заманымыздан бұрынғы 7-5 ғғ. Ұлы даламызды мекендеген сақ бабаларымыздың қалдырған мұраларына қарап сол заманда қоғамдағы әйел адамның орны ерекше болғанын байқаймыз. Сақтар кісінің қайтыс болғаннан кейін жерлеу ғұрпына, жерлеу құрылысына мән берген. Еліміздің түпкір-тіпкірінен табылып жатқан «Алтын адам» аталып кеткен алтын жапсырмалар тігілген киіммен жерленген жәдігерлеріміз халқымыздың салт-дәстүрінің бай екенін, тарихы терең екенін көрсетіп отыр.

Жайықтың жағасынан табылған «Тақсайлық сұлу» сақтардың үрдісін жалғаған сарматтардың біздің заманымыздың 2-4 ғасырларындағы қыздардың киім үлгісін беріп отыр. Оюмен өрнектелген көйлегі, мыңдаған аңдық стилді алтын жапсырмалар тігілген қамзолы, алтын алқасы мен білезігі, алтын сырғалары, алтын сабы бар күміс айнасы, күймеге мінген жауынгерлер бейнеленген тарағы, түйе пошымдас қола қазаны, алтынмен қапталған кеселері, қыштан жасалған ыдыстары, сүйек сабы бар пышағы және ұшында алтын тау ешкі басы бары сәукелесі сол заманның бай қыз жасауын аңғартады. Осындай сәукелесімен жерленген сақ әйелдерінің обалары еліміздің шығыс мен солтүстігі аймағынан, Алтай өлкесінен көптеп табылып отыр.

Халқымыз Ислам дінін қабылдағаннан кейін тармыры терең салтымызды ұмытқан жоқ. Шариғат тыйым салған салтымыздың кейбір тұстарын қайта исламға бейімдеп, жаңғырта білген.

Сақтар салтанатты жағдайда киген (мүмкін ұзатылған кезде) сәукелесімен қайтыс болғанда жерлеген болса, қазақ қызы сәукелемен ұзатылды. Қазақта «қыз жат жұрттық», «қыз мұраты кету» деген сияқты мақалдар бар. Сәукелемен ұзатылуы өз жұртыңа енді жоқсың (өлгенмен тең), басқа елге келін болып, қайта «туыласың дегені болу керек. Сәукеленің бетін жауып, беташар жасап, елді таныстыру дәстүрі сақтардың салтын жаңғырту емес па?!

Ұзатылып келе жатқан келіншек (елдің келешегі деген де баламасы бар) ауылға жақындағанда әйелдер алдынан шығып, шашу шашып қарсы алады. Басына орамал салып, алдына шымылдық құрып, ауылға алып кіреді. Жаңа түскен келін шамамен бір жылға дейін, кейде оданда ұзағырақ, бала болғанға дейін салтанатты күндері киген, басқа уақыттарда желек жамылып жүрген. Желекке ауыстырғанда сәукелені сандыққа сақтап қойған.

Этнографиялық деректер бойынша, ұзатылған қызға жасатқан сәукеле мұрагерлікке өтіп отырған. Қайтыс болған келіннің артынан ұл қалса жасаудан естеңе қайтарылмаған, ал қыз қалса жасаудың жартысы қайтарылған. Ел ішіндегі көнекөз ақсақалдардың айтуынша, жасау даулау қазақта болмаған, алайда дүниеден өткен қыздарының белгісі ретінде сәукелені төркініне қайтару әдеті болған.

Кейбір ауызша деректер бойынша ертеректе ұзатылып келе жатқан қыз кенеттен қайтыс болса, шариғатқа қайшы болғанымен жасауымен жерленген

дейді. Алыстан көрінетін бас киімді келінше аман-есен «сау келе» жатыр деп елге сүйінші жіберген.

Міне, бұл қасиетті халқымыздың қыздарға, келіншекке және аналарға көрсеткет үлкен сыйының негізінде қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы.

Мысалы, өзіміздің Жалағаш ауданының Қызылқұм жағында сақтардың Ұйғарақ қорымында сол заманның 80 обасы үш топқа: шығыс, орталық және батыс болып шоғырланған. Жерлеу құрылыстарының осындай әр түрлі болуы, шамасы, отбасылық қатынастар жүйесін ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік құрылымды, рулық қауымның эволюциясын да көрсетсе керек. Бұл, әсіресе, Ұйғарақ қорымындағы әр түрлі обалар топтарының үлгісінде ерекше айқын байқалады. Абыз әйелдер көп жерленген шығыс топтың молаларында кейінгі қола дәуірінен келе жатқан ғұрып-дәстүрлер айқынырақ байқалады.

Дана халқымыз қоғамдағы әйелдің орнын айрықша бағалап, құрметін аямаған.

**Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,**
**Қорқыт Ата атындағы ҚУ, «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты**

**«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі, 29.03.2022ж.**

## «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 16 наурызында «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын халыққа жариялады. Бұл Жолдаудың кешегі қаңтар оқиғасынан кейін маңызы зор болды. Бүкіл ел болып, тағат таппай күткен құжатта келелі мәселелер тізбегі құрылды. Еңселі еліміздің керегесі кең, босағасы берік болатынына сенім арта түсті. «Жаңа Қазақстан» идеясы қазақтың, қазақстандықтардың қолымен жаңа қоғамға айнала ма? Жалпы, «Жаңа Қазақстан» қандай болуы керек? Қоғамдық пікір иелерінен сұрап көрдік.**

**Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,**

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы:**

– Халық – қоғамның негізгі аспектісі. Елдің дамуын жоғарылататын да немесе тежейтін де – халық. Қазақстан азаматтарының арқасында ғана «Жаңа Қазақстанды» құра аламыз. Ешкім бізге сара жол салып бермейді, өзіміз талпынуымыз қажет. Ешқандай дүниеден тыс қалмай, қоғамдық, рухани, әлеуметтік, экономикалық өмірге белсене араласу қажет. Яғни ашық қоғам орнату арқылы азаматтық қоғамға аяқ басамыз. Белсенділік деген ұғымды қате түсінбеу керек. Көшеге шығып, дау-жанжал шығару емес. Нақты іспен

дәлелденуі керек. Сондай-ақ экономика саласындағы реформалар жүйелі болса, қазақстандықтардың әл-ауқаты жақсы болар еді. Кешегі мемлекет басшысының Жолдауында айтып өткендей, көптеген реформалар өзінің мақсатына жете алған жоқ. Өйткені жүзеге асатын мәселелер қарастырылмаған. Елде жаңа өзгеріс болуы үшін халықтың психологиясы өзгеруі керек. Ал, билік халықтың қызметшісі екенін ұмытпауы қажет. Сол кезде байланыс жақсы болады. Ең алдымен, «Жаңа Қазақстан» жастардың қолында екенін айта кеткен жөн. Сондықтан жастарға қолдау көрсетіліп, белсенді болуына мүмкіндік жасалуы қажет. Мұның барлығы жүзеге асуы үшін формальды болмауы өте маңызды.

**Жандос БАЗАРТАЙ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры:**

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауында Жаңа Қазақстанды қалыптастыру бағытында ауқымды міндеттер жүктеді.

«Жаңа Қазақстан қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап бермес бұрын, еліміздің осы кезге дейінгі даму тарихына көз тастаған дұрыс. Әрбір саланың өкілі «Еліміз қарқынды даму үшін нені өзгерте аламын?» деген сауалды өзіне қойғаны жөн. Әсіресе, тәуелсіз елде туып-өскен жастарға артылатын сенім мол.

Қазір қоғамда басшыға жағынғаннан гөрі, сол ұжымға адал қызмет жасайтын, қызметтік мансапта «былғары креслоға» тез жетуді аңсап, нәтижесіз уақыт өткізуден гөрі, абыройлы жұмыс істеуге барын салатын, смартфонға үңіліп, жалынын жігерсіздікке айырбастағандардан гөрі ұлтқа жанашыр жастарды тәрбиелейтін уақыт келді. Бүгінгі жас буын – көзқарасы айқын, білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты қалыптасу үстіндегі азаматтар. Қазіргі жастардың креативті ұсыныстарын, жаңа тың жобаларын белсенді жүзеге асырсақ, біз бірнеше есе қарқынды еңбек етіп, нәтижеге жете аламыз.

Мемлекет басшысының кешегі Жолдауы әлемдік жағдайға алаңдап, қаңтардағы оқиғада қобалжыған жұрттың рухын көтеріп, ертеңге деген, ел болашағына деген сенімін бекітті. Іргесі берік, әл-ауқаты жоғары мемлекет боламыз десек, ұлттың рухы биік, ел басшысына деген сенімі жоғары болуы керек және «Тұлғаға табыну» ұстанымынан гөрі, президент қасына топтасып көмектесу қағидасын қалыптастырғанымыз аса маңызды.

Белгілі идеолог және тәуелсіздік үшін аянбай күрескен тұлға Махатма Гандидің «Әлемді өзгерткің келсе, өзіңнен баста» деген сөзі бар. Өзгерістер уақыты келді, өзгерейік, Тәуелсіздігіміз үшін күресейік. «Не үшін күресеміз?» деген сауал көп адамның ойында бар, әсіресе жас буында. Себебі кейде әртүрлі орталарда сұхбаттасу барысында «Тәуелсіздігіміз бар, шүкір» деп айтуды ғана әдетке айналдырғаннан басқа қадамға бармай жатамыз. Бірақ сол «Тәуелсіздік қалай келді, қалай сақтап қалуымыз керек және сол үшін әрбір елдің азаматы не жасауы керек?» деген сұрақтарды ашық айтпаймыз.

Осы кезге дейін елдің руханиятынан гөрі, экономикалық жағдайына ерекше мән берілгені рас. Көп жастың тілге, салт-дәстүрге, ұлттық менталитетке немқұрайды қарайтыны да сондықтан. Ендігі кезекте ұлттық идеологияға ерекше мән беру керек. Сонда елге жанашыр, рухы биік, әділетті адамдар көп болады деген сенімдемін.

**Пікір жинаған А.САМАТҰЛЫ,**

**«Халық» газеті, 07.04.2022ж.**

## ҒЫЛЫМ ЖАҺАНДЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Ғылымның маңызды қызметі – қоғамның ілгерілетуші күші болу. Жаңа Қазақстанды құруда ғылым жаңалықтары мен жетістіктерінің жаңғыртушы мәні зор. Сондықтан ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев отандық ғылым жүйесін бәсекеге қабілетті дамыту жұмыстарын өзінің жіті назарында ұстап келеді.

Үкімет қаулыларымен ел экономикасының барлық саласын дамытуды қамтитын бағдарламалық құжаттар қабылданғаны белгілі. Соның бірі – «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы. Аталған құжаттың «Ғылым» блогында отандық ғылымды өркендететін шаралар айқындалған. Осыған байланысты Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетовтің бастамасымен Ғылымды дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы дайындалды.

Ғылымды республикалық бюджеттен қаржыландыру соңғы екі жылда 2 есеге өсті. Осы саланы қаржыландыруды ішкі жалпы өнімнің 1 пайызына жеткізу бағытында атқарылып жатқан нәтижелі жұмыстар отандық ғылымды дамытуға үлкен серпіліс әкелуде.

Егер бұрын гранттық қаржыландыру конкурсы 3 жылда 1 рет өткізілсе, 2020 жылы – 5, 2021 жылы 6 конкурс өткізілді. Бұл өз кезегінде университеттің ғылыми жобаларын қаржыландыру деңгейінің елеулі өсуіне әкелді. Мысалы, БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде 2021 жылы 11 жоба орындалды. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 20%-ға артық. Ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелердің бірқатарына тоқталсақ: өңірдің авифаунасы зерттелді; экологиялық таза және энергия үнемдейтін микротолқынды сәулелену жағдайында карбон қышқылы эфирлерінің синтезі алынды; Lilos F1 қызанақ буданын өсірудің инновациялық технологиясын қолдану бойынша Арал өңірінің фермерлік жылыжай шаруашылықтарына енгізуге ұсыным берілді; мектеп оқушыларына арналған HomeCasye мобильді қосымшасы жасалды. Сонымен қатар шетелдік кітапханалар мен мұрағаттар қорынан М.Шоқайдың қолжазбалары мен мақалалары жинақталды, тікелей түпнұсқасы негізге алынып, осы күнге дейін аударылмаған мақалалары алғаш рет қазақ тіліне аударылды; Египет Араб Республикасындағы Дарул-Кутуб кітапханасының қолжазбалар қорынан ғылымда осы күнге дейін айтылмаған

«Китаб мұқаддима» қолжазбасының мысырлық нұсқасы табылып, сандық көшірмесі жасалды; «Иршәдул-мулук» ескерткішінің түпнұсқасымен жұмыс жүргізіліп, кодикологиялық, палеографиялық, теолингвистикалық талдау жасау арқылы қолжазбаға қатысты жаңа деректер анықталды. Гранттық зерттеулер нәтижесі бойынша қазірдің өзінде WoS және Scopus деректік базаларындағы журналдарда 5 мақала, еліміздің ең беделді ғылыми басылымдарында 29 мақала, 1 монография, 3 патент жарияланды.

Биыл жас ғалымдар жобаларын гранттық қаржыландыру конкурсына 17 жоба ұсынылып, іріктеуден өткен біздің 6 жас ғалымның жобасы – бүгінде Ұлттық ғылыми кеңестің қарауында. 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсына университет ғалымдары дайындаған 40-тан астам жоба ұсынылмақ. Одан бөлек, облыстық бюджеттен бөлінген қаражат негізінде жыл сайын археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуде.

Пандемия әкелген келеңсіздіктерге қарамастан, Германияның DFG гуманитарлық зерттеу қоры және Тюбинген университетімен бірлескен «Ұлы Жібек жолының солтүстік аймағындағы көшпенділер мемлекетінің қалыптасуы және урбандалуы: Ерте орта ғасырлардағы Жанкент қаласы (Арал теңізі аймағы, Қазақстан)» атты үш жылдық жобаны қорытындыладық. Нәтижесінде, екі археологіміз жыл аяғында Тюбинген университетінде докторлық диссертацияларын қорғамақ.

Еуроодақтың гранттық «Көкжиек-2020» зерттеулер және инновациялар бағдарламасы бойынша «Инновациялық судаерігіш фитоматериалдар – Альцгеймер және Паркинсон ауруларының алдын алу үшін ингибиторлар» атты алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарының ғалымдарымен бірлескен төртжылдық жоба жалғасуда.

Ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша университет ғалымдарының WoS және Scopus деректік базаларындағы журналдарда 100-ден аса мақала жарияланды. Осы базаларда 110-нан астам оқытушының Хирш индексі айқындалған. Монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары, өнертабыстарға алынған патенттер саны да жылдан-жылға артып келеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша 8 оқытушымыз PhD докторлық диссертацияларын қорғады.

БҒМ ЖОО-ның қызметін отандық ғылыми-зерттеу институттарымен интеграциялауды іске асыруды 2022 жылдың басты бағыттарының бірі ретінде қарастырып отыр. Біз бұл жұмысты дереу қолға алып, бүгіннің өзінде 21 отандық ғылыми-зерттеу институттарымен байланыс орнатуда.

Университеттің бизнес өкілдерімен ынтымақтастығын дамыту күн тәртібінде өткір тұр. Бұл тұрғыда ірі бизнес өкілдерімен ынтымақтастық бойынша жол картасы дайындалып, соған сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде өңірдегі ірі компаниялардың өндірістік проблемаларын шешуге бағытталған ғалымдарымыздың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстары ерекше маңызға ие. Осындай жобаларымызға «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «ҚОР» Мұнай компаниясы» АҚ қаржы бөлсе, «ҚуатАмлонМұнай» БК» ЖШС,«Торғай Петролеум» АҚ компаниялары

қызығушылық танытуда. Күні кеше «Торғай Петролеум» АҚ компаниясының геология және даму жөніндегі директоры А.Ермаков бастаған білікті мамандармен кездесуге бір топ университеттің жетекші ғалымдарын бастап бардым. Ғалымдар ұңғыманы игеру кезінде бұрғылау ерітіндісіндегі толтырғыштың гранулометриялық құрамын оңтайландыру, судың тұтқырлығы мен мұнайда еріген заттардың концентрациясы арасындағы байланысты анықтау, Қызылорда облысы кен орны топырағына радионуклидтердің техногендік әсерін төмендету, перспективті тыңайтқыш-биочарды ластанған топырақтың сапасын жақсарту үшін қолдану, т.б. тақырыптағы ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін баяндады.

Жаңашыл ғалымдарымыз әзірлеген «Күріш сабанынан целлюлоза алу технологиясын оңтайландыру», «Антисептикалық өнімдер өндіру» және «Бақша дақылдарынан эксперименттік үлгілерді алу» жобалары коммерцияландырылды.

Ел Президентінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында әлемнің ғылыми орталықтарында жыл сайын 500 ғалымды тағылымдамадан өткізу міндеті қойылғаны белгілі. Біздің университеттің 7 ғалымы қаңтар айында үш кезеңнен тұратын іріктеуден өтіп, АҚШ, Германия, РФ, Беларусь елдерінде бір жылдық тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болды. Солардың ішінен 5 ғалымымыз бүгінде шетелдік ғылыми орталықтарда кәсіби құзыреттілігін дамытуда.

Өз ісіне шынайы берілген және ғылымды дамытуға үлкен үлес қосқан ғалымдар – мақтанышымыз. Еліміздің барша ғалымдарына Жаңа Қазақстанды құру жолында тың идеялар мен жасампаз жаңалықтар тілеймін!

**Бейбітқүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма төрағасы – ректоры**

**«Егемен Қазақстан» газеті, 11.04.2022ж.**

## ҚЫЗЫЛОРДАДА «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ» ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ БІЛІМ САЙЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қызылорда облыстық білім басқармасы және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, облыстық «Qyzylorda» телернасы мен Жастар ресурстық орталығы бірлесіп ұйымдастырған «Интеллектуалды ұлт» облыстық телевизиялық білім бәйгесінің финалдық кезеңі өтті.

Өңіріміздегі білімді жастарды даралайтын телевизиялық білім сайысының қорытынды кезеңіне Арал, Қазалы, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласынан командалар қатысып, бақ сынасты. Тапқырлығы мен

білімі арқылы дараланған оқушыларға ақтық мәреде түрлі сала бойынша, логикалық, тарихи бағыттағы сұрақтар қойылды.

Сайыстың нәтижесі бойынша I орынды Қазалы ауданынан құралған команда жеңіп алса, II орын Арал ауданының командасына бұйырды. Ал, Жалағаш ауданынан құралған команда III орынды иеленсе, Қызылорда қаласының командасына арнайы алғыс хат табысталды.

Ұшқыр ойлы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған жобаның финалдық бәсекесіне облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Каримова мен облыстық «Qyzylorda» телернасының орынбасары Айсұлу Қасымова қатысып, жеңімпаздарды марапаттады. Сондай-ақ, жеңімпаз болып танылған үш команданың үш үздік қатысушыларына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің тегін білім гранты табысталады.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы,**

**«Ақмешіт апталығы» газетінің сайты, 22.04.2022ж.**

## МЕМЛЕКЕТТЕН ҚОЛДАУ ТАПҚАН ЖОБА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ұйымдастырған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық жобалар конкурсына қатысты. Байқау нәтижесінде университеттің екі жобасы 32 миллион теңге қаржылай қолдау тапты.

«Күріш қалдықтарын өңдеу барысында алынған биотыңайтқышпен топырақ құнарлылығын арттыру арқылы ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру жобасы» өндіріске енгізілмек. Зерттеу жұмысын университеттің инженерлік бейіндегі зертхана жетекшісі, химия ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Ахатаев бастаған ғалымдар тобы жүргізді. Ғалым өсімдіктерді қорғау құралдарын, биотыңайтқыштар әзірлеу, топырақтың құнарлылығы мен сипаттамаларын жақсарту салаларын зерттеп келеді. Қазіргі таңда оның 70-тен аса ғылыми жұмысы бар.

Инновациялық жоба топырақ құнарлылығын арттыруда күріш қалдықтарын қайта өңдеу кезінде алынған биотыңайтқышты пайдалану есебінен көкөніс және бақша дақылдарының (картоп, сәбіз, қызанақ, қияр, қауын және қарбыз) өнімділігін арттыруға бағытталған. Жобаны Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылындағы «Тұрмағанбет» ЖШС-де іске асыру жоспарланып отыр. Болашақта өңірдің көп тонналы ауыл шаруашылығы қалдықтары биотыңайтқышқа қайта өңделетін болады. Алынған биотыңайтқыш топыраққа 10 т/га нормада енгізіліп, биотыңайтқышты енгізу есебінен топырақтың құнарлылығы мен сипаттамасы жақсартылмақ. Сондай-ақ,

жүргізілген жұмыстың нәтижесі Арал өңіріндегі органикалық егіншілік тұжырымдамасының дамуына әсер етпек.

Брифингте техника ғылымдарының докторы, агробиологиялық орталықтың бас ғылыми қызметкері Серікбай Өмірзақов Арал өңірінің егін шаруашылығын су тапшылығы және климаттың өзгеріс жағдайына бейімдеу технологиясы туралы айтты. Ғалым суды тиімді пайдалану арқылы ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру шаралары туралы кеңінен сөз қозғады.

Бұл жобалар бойынша жұмыстар осы жылдың соңына дейін жүргізілмек.

Айта кетейік, биыл гранттық қаржыландыру конкурсына университет бойынша 17 жоба ұсынылды. Қазір іріктеуден өткен 6 жас ғалымның жобасы Ұлттық ғылыми кеңестің карауында.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы,**

**«Сыр бойы» газетінің сайты, 25.04.2022ж**

## ҚР ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ГИДРОТЕХНИГІ МӘДЕЛХАН НӘЛІБАЕВ АТЫНДАҒЫ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МУЗЕЙІ АШЫЛДЫ

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген гидротехнигі Мәделхан Нәлібаев атындағы су шаруашылығы музейінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.**

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері және университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылары қатысты.

Музейде Сыр еліндегі ежелгі елді мекендердің суландыру жүйелерінің пайда болу кезеңінен бастап, бүгінге дейінгі даму тарихы баяндалған. Аймақтың байырғы сыр мұрабтарының өмірі, ізін жалғастырған инженер-гидротехниктердің еңбегі, олардың зерттеулері мен карталары, тас бөгеті мен су тораптарының салынуы, су-шаруашылығы саласының өсіп өркендеуі суреттелген.

«Су мен жердің ерекшелігін, табиғаттың тілін, ауа-райының жағдайын жақсы білетін, ел алдындағы жауапкершілікті бәрінен биік қойған асыл азаматтардың бірі – Мәделхан Нәлібаев. Гидротехниктің еңбек жолына, атқарған еңбегіне қарап-ақ елге деген құрметі мен қамқорлығын аңғару қиын емес. Сыр перзенті тұтас елге игілік әкелетін жұмыстарға тәуекел етті, жанашырлықпен атқарды. Соңына із қалдырып, кейінгілерге бағыт берді.

Осыдан жиырма жылдай уақыт бұрын Мәделхан Нәлібаев Сыр мұрабтары мен диқандарының еңбегін, су шаруашылығындағы озық тәжірибелерді топтастырып, тарихи музейді ашу жұмыстарын ұйымдастырды. Биыл музейдің университеттегі №5 оқу ғимаратынан ашылуы мыңдағын студенттердің ғана емес, қала тұрғындары мен қонақтарының да тарихи жәдігерлермен танысуына

мүмкіндік бермек»,-деді Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың м.а. Абайбек Жүнісов.

Сыр мұрабтары мен диқандарының, су және суармалы жерлерді тиімді пайдаланудың озық тәжірибелерін тарихи деректермен сабақтастырып, алдағы атқарылар үлкен істерге бағдар болатын мұражайдың заманауи үлгіде жабдықталуына Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев демеушілік жасады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде гидромелиорация және ауыл шаруашылығы құрылысы мамандықтары бойынша алғашқы түлектер 1981 жылы түлеп ұшты. Содан бері 2000-ға жуық маман білім алып, бүгінде ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы мекемелерінде, облыстық жер қатынастары басқармасында, қалалық жер-кадастрлық филиалдарында, мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының кәсіпорындарында, ел экономикасының түрлі салаларында жұмыс атқаруда.

Қазіргі таңда «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» кафедрасында 3 профессор, 6 ғылым кандидаты, 4 PhD доктор, 5 магистр қызмет етеді. Профессор-оқытушылар дайындаған 23 студент халықаралық, республикалық конференциялардың жүлдегері. Ал 125-ке жуық студент пәндік олимпиадалардың жеңімпазы атанған.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы,**

**«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі, 29.04.2022ж.**

## КҮРІШ ӨНІМІН АРТТЫРАТЫН ЖОБА

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдарының жобалары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ұйымдастырған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық жобалар конкурсында 32 млн теңге қаржылай қолдауға ие болды.

Конкурста жеңіп шыққан жобаның бірі – күріш қалдықтарын өңдеу барысында алынған биотыңайтқышпен топырақты құнарландырып, дақыл өнімділігін арттыруға бағытталған. Оны химия ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Ахатаев бастаған ғалымдар тобы жасапты. Өсімдіктерді қорғау құралдарын, биотыңайтқыштар әзірлеу, топырақтың құнарлылығы мен сипаттамаларын жақсарту салаларын зерттеп жүрген жас ғалым 70-тен аса ғылыми жұмыс авторы.

– Инновациялық жоба арқылы күріш қалдықтарын қайта өңдеу кезінде алынған биотыңайтқышты пайдалану есебінен топырақ құнарлылығын арттырып, көкөніс және бақша өнімділігін еселеудің жолдарын дәлелдейміз. Қаржылай қолдауға ие болған идеяны Қармақшы ауданы Тұрмағанбет ауылындағы «Тұрмағанбет» ЖШС-де іске асыру жоспарланып отыр, – дейді Н.Ахатаев.

Жоба нәтижесі аймақтағы органикалық егіншілік тұжырымдамасының дамуына әсер етпек. Жалпы ғалымдар егін шаруашылығын су тапшылығы және климаттың өзгеріс жағдайына бейімдеу технологиясына бет бұруымыз керектігін айтады.

– Су тапшылығынан күріш алқаптарын қысқарту туралы мәселе жиі көтеріліп жүр. Біздің жас ғалымдар жасап отырған жобаның негізгі мақсаты топырақ құнарын арттыру арқылы егістік көлемін ұлғайтпай-ақ көп өнім алуды көздейді. Осы арқылы ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін ұлғайту бастамасы өндіріске енгізіледі. Осындай ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы тың әдістерді іске асыруымыз керек, – дейді техника ғылымдарының докторы, агробиологиялық орталықтың бас ғылыми қызметкері Серікбай Өмірзақов.

Бұл жобалар бойынша жұмыстар осы жылдың соңына дейін жүргізілмек. Биыл гранттық қаржыландыру конкурсына университеттен 17 жоба ұсынылыпты. Қазір іріктеуден өткен 6 жас ғалымның жобасы Ұлттық ғылыми кеңестің карауында жатыр.

**Мұрат ЖЕТПІСБАЕВ,**

**«Егемен Қазақстан» газеті, 04.05.2022ж.**

## ПАРАСАТТЫ ҒАЛЫМ

Еліміздің рухани жаңғыруға бет бұрып, қоғам үшін түбегейлі маңызы бар құндылықтарды анықтап жатқан кезеңде есімі елге үлгі болатындай тұлғаларды тану үдерісі де жүріп жатыр. Себебі тәуелсіздіктің рухының өрістеуінде бұл тұлғалар ұлттық бірегейліктің қайта жаңғыруына үлес қосуды өзіндік парызына айналдырған. Оның ішінде, білім беру мен ғылым саласындағы тұлғаларға заман талабына сай келетін үлкен жауапкершіліктер артылған. Осы орайда, қоғамдық-гуманитарлық білімдердің атқарар міндеті орасан. Бұл қоғамның даму келбеті мен үдерістеріне сәйкес, ғалымдарға үнемі-үздіксіз жаңа міндеттер жүктейді. Ендеше, біздің еліміздің зиялы қауымдарының баршасы секілді Сыр өңірінің ғалымдары да жауапкершіліктен тыс бола алмайды.

Сыр өңірінде де бұл жауапкершілікті түйсінген, сирек кездесер болмыс-бітімді, қайталанбас мінезді, бойындағы ізгі қасиеттерін ұлттың іргелі істеріне жұмсаған перзенттеріміз, ардақты тұлғалары аз емес.

Сансыз соқпақты тіршілікте өзіндік биік ерекшелігіңді өзгеге дарыта да, таныта да алу теңдессіз қасиет. Тұла бойындағы асыл қасиеттер мен тазалығын тағылымды тірліктерге, сәулелі де сындарлы істерге бағыттай білген сондай дара азаматтың бірі де бірегейі – Абенов Ербол Мұбаракұлы биыл айтулы 60 жасқа толды.

Ербол Мұбаракұлы киелі Сыр өңірінде, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Октябрь ауылында 1962 жылы 5 мамырда елге сыйлы, ұлағатты отбасында дүниеге келген.

Мектепті үздік бітіріп, 1991 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына «Тарих және қосымша француз тілі мұғалімі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, үздік дипломмен тәмамдағаннан бергі ғұмырын тек ғалым-ұстаздықпен байланыстырғанын терең түйсініп, ғылым кеңістігіне ден қояды.

Сөйтіп, 1998 жылы Қазақстан Республикасы Академиясы жанындағы Философия және саясаттану институтында э.ғ.д, профессор Е.М.Арыновтың жетекшілігімен «Қазақстан Республикасында биліктің орталықсыздандырылуы: алғышарттары мен белгілері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, өзінің ғылыми ізденісін жалғастыра берді.

Осы зерттеу негізінде Қазақстандағы билік саласын жүйелі түрде зерттеп, жергілікті өзін-өзі басқару реформасының қалыптасуы мен дамуын саяси талдау барысында теоретикалық мәселелері және әдіснамалық мәселелерін анықтап, жергілікті ұжымдар мен мемлекет арасындағы әлеуметтік, экономикалық және мәдени басқару қызметтерін бөлісу туралы тұжырымдар ұсынды.

Тағылымды ұстаз болудағы еңбек жолын 1991 жылы №176 орыс-қазақ мектебінде тарих және қоғамтану пәндерінен сабақ беруден бастап, Сырдария аудандық білім бөлімінде аға инспектор, Қызылорда гуманитарлық университетінің «Қазақстан тарихы, саясаттану және әлеуметтану» кафедрасына оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде кафедра меңгерушісі, факультет деканына дейінгі басшылық қызметтерді абыроймен атқарды.

Ербол Мұбаракұлы ғылыми ізденіс жолын өзінің таланты мен шығармашылық ойлауына сәйкес өрістете түсті. Оның жергілікті және республикалық баспасөз беттерінде түрлі тақырыптағы 50-ден астам ғылыми мақалалары қоғамдық саяси зерттеуге қатысты мақалалары ғылыми-сараптамалар жүргізумен қатар, қоғамдағы өзекті мәселелер жайында жеке ой-толғамдарын жариялап келеді.

Қажырлы еңбек пен кәсіби біліктілігіңіздің арқасында жеткен жетістіктерінің өзі бір төбе. Ербол Абенов 2006, 2011 жылдары ҚР Президентінің, 2001, 2020 жылдары университет ректорының алғыс хаттарымен марапатталған. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің дамуына мол үлес қосқаны үшін аталмыш оқу орнының 70 және 75 жылдық медальдарына және Қорқыт Ата атындағы Алтын медаліне ие болған.

Әрдайым шығармашылық ізденістерімен, қоғамдық өмірдің өзекті мәселелеріне белсене араласатын ғалым қызмет жасаған жылдары ішінде әр түрлі облыстық, республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, баяндамалары ғылыми ортада жоғары бағаланып, сұранысқа ие болды. Университеттің саяси қоғамдық өміріне белсене араласа отырып, жергілікті телеарналардан саяси хабарларға жиі қатысып жүрді.

Ұлтжанды, терең парасатты ғалым 1999 жылы студенттердің «Ақиқат» саяси-дебат клубының құрылуына ықпал етіп, жетекшілік жасады. Осы саяси-

дебат клубының мүшелері әр түрлі облыстық және республикалық дебат сайыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Бүгінгі күні олардың көпшілігі түрлі қоғамдық және мемлекеттік ұйымдарда мәртебелі қызметтер атқарып жүр.

Қазіргі таңда Ербол Мүбарақұлы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда унверситетінде «Философия және әлеуметік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті ретінде шәкірттерге білім беруде аянбай еңбек етіп, тың бастамаларымен, озық ойлайтын дара қабілетімен әлі де қоғамды тәнті етіп келеді.

Таразы басын тең ұстап, ғылымды да, қызметте де, отбасында да, бастысы- өзінің жанында да жайлылық пен түсіністік орната алған ғалымды өз бағытынан бақыт тапқан тұлға ретінде тануға болады. Ғылым мен өмірді, тұлғалық пен әлеуметтік мәртебені үйлестіре білген Ербол Мүбарақұлы отбасында да тұрмыстық ахуалдардың биік белестерінен көрініп, жұбайы Роза ханыммен бірге отбасында алтын асықтай екі баланы тәрбиелеп, қызығына бөленіп, бақытты ғұмыр кешуде.

Сондықтан Ербол Мүбарақұлы қоғамда өзінің дара бітім-болмысымен үлгі бола алатын, жаны жайсаң, жомарт жанды және адами биік қасиеттерге ие азамат, Сыр өңірінің ғылыми кеңістігінде өзіндік орнын айшықтаған тұлға деп білеміз.

Міне осындай парасатты ғұмыр иесі Ербол Мүбарақұлын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің әріптес ғалым ұстаздары атынан мерейтойымен құттықтап, мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасына баянды бақыт тілейміз!

**«Сыр бойы» газеті, 05.05.2022ж.**

## ІЛГЕРІЛЕУГЕ ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 5 мамырдағы Жарлығымен еліміздің Ата Заңына түзетулер топтамасын бүкілхалықтық дауыс беруге шығарды. Конституцияның 33 бабын қамтитын толықтырулар мен түзетулер мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертудің тұжырымдамалық негізі іспеттес. Басты мақсат – қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимыл форматтарын жаңарту. Кезеңі өткеннен бас тарту – қай қоғамның да өркениет өрісіне ілгерілеуінің іргетасы десек, қателеспейміз.**

Қазақстанның конституциялық құрылымын жүйелі трансформациялаудың ролі мен маңызы өте зор. Бұл жерде оның жауапкершілігінің де салмағын есте ұстауымыз қажет. Конституцияға енгізілетін өзгерістерді Әділетті Қазақстан ұстанымының бастамасы деуге толық негіз бар. Ықпалды Парламенттің, халық сайлаған мәслихаттардың, адамдарға есеп беретін үкіметтің жұмыс істеуі үшін тиімді тетіктерді іске

қоспақ. Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекітуі – саяси плюрализм мен бәсекелі демократиялық ортаны дамыту үшін қажетті жағдайлар қалыптастыратыны да күмәнсіз. Сайлау жүйесін аралас пропорционалды-мажоритарлық модельге көшіру негізінде жетілдіру, партиялық жүйені дамыту, Мәжіліс депутаттарын бір мандатты округ жүйесі бойынша сайлау, облыс әкімдерін баламалы негізде мәслихат депутаттарының келісімімен тағайындау тетіктерін енгізу нақты жаңа саяси үлгіге көшуге жол ашпақ.

Бұдан бөлек, құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізіледі. Конституциялық соттың құрылуы, ең алдымен, азаматтардың әділет саласына деген сенімін едәуір нығайтатыны сөзсіз. Екіншіден, кез келген азамат бере алатын жеке конституциялық шағым институтын енгізу ғана мемлекеттегі барлық үш биліктің іс-әрекеттерінің конституциялылығын бақылауды жалғыз, орталық соттың қолына береді. Үшіншіден, жеке конституциялық шағым белгілі бір талапкердің құқықтарын қорғаумен қатар Конституцияның үстемдігін қадағалау қызметін атқарады. Сонымен қатар, Ата Заңмен Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі айқындалады. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылады.

Келесі үлкен саяси маңызға ие жаңашылдық – жерге меншік мәселесі. Қолданыстағы Конституцияның 6-бабының 3-тармағында жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде делінген. Мемлекет басшысы Конституциялық түзетулер пакетінде бұл ресурстардың халыққа тиесілі екенін бекітетін ереже ұсынып отыр. Жердің байлығын халықтың меншігіне мәңгілік шегендейтін осынау норма қабылдана қалса, Алаш идеясының, Алаш ардақтыларының ұрпаққа қалдырған ғасырлық аманатының нақты жүзеге асқанының көрінісі болып табылатыны хақ.

Бүгінгі бастамалардың лейтмотиві – халықтың елді басқаруға қатысуын кеңейту. Бірден айтуымыз керек, бұл қадамның бірлігі божыраған елдің тізгінін қолына алған Әз Тәукенің Қазақ даласында бұрын қолданылып келген заңдарды жаңа жағдайға сай өзгерту реформасымен үндесіп жатқандай көрінетіні де рас. Ұлы реформатордың өз заманында толықтырылып, бір жүйеге келтірілген ережелер жүйесі «Жеті жарғы» заңын қабылдау, мемлекеттік басқару жүйесіне қарапайым халықты тарту, т.б. жаңашыл өзгерістерді енгізу, ішкі бірлікті бекемдеу, сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізу арқылы ел жадында жатталып қалған «алтын ғасыр» дәуірін орнатқаны белгілі.

Алдымызда мемлекетіміздің жаңа даму жолдары мен мүмкіндіктерін ашуға бағытталған ауқымды жұмыстарды мемлекет пен қоғам болып атқару міндеті тұр. Осындай сенім мен парыз салмағын отанымыздың жарқын болашағы үшін түбегейлі реформаларды қолға алған Қасым-Жомарт Кемелұлы да халқымен бірге көтермек. Осы ретте Президентіміздің қасына барша қазақстандықтардың топтасуы аса маңызды. Халқымыздың алдындағы

перзенттік парызын адал атқарған Дінмұхаммед Қонаев: «Сенім – құдіретті күш: тауды да қозғайды» деп бекер айтпаса керек.

Әлемде референдум халықтың пікірін ескеруге бағытталған бірегей тетік ретінде танымал. Мемлекет басшысының Конституцияға ұсынылатын түзетулерді референдумға шығару туралы шешімі қоғамның әртүрлі топтарында қызу талқылануда. Еліміздің жаңғыруы мен демократиялық бағытта дамуы, республика экономикасының алға басуы, қордаланған әлеуметтік мәселелердің тиімді шешімін табуы референдумның нәтижесіне тікелей байланысты. Сондықтан, барша қазақстандықтарды белсенді азаматтық ұстаным танытып, дауыс беруге белсенді қатысуға шақырамын.

**Бейбіткүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма төрағасы – ректоры.**

**«Сыр бойы» газеті, 26.05.2022ж.**

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ − ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазіргі білім беру бағдарламасын инклюзивті білім берусіз елестету мүмкін емес. Инклюзивті білім беру – баршаның сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі. Ол балалардың зияткерлік, мәдени этникалық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына орай айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды ортаға қосуды, олардың сапалы білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін көздейді.

Өткен замандардан бері инклюзивті білім беруді дамыту әлемнің көптеген елдерінде білім беру саясатының жетекші бағдарына айналды. Атап айтар болсақ, АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия, Австралия секілді алып мемлекеттерде осы үрдіс тұрақты қолға алынған. Осы елдерде балалардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған. Жалпы білім беру ұйымдарында психикалық және дамуында артта қалушылығы бар балалар қалыпты дамыған құрдастарымен бірге табысты білім алуда.

Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері халықаралық ережелерге сәйкес әзірленген. Денсаулығы әлсіз және мүгедектігі бар балаларға білім беру мәселесі бүгінгі күні де күн тәртібінен түскен емес. Сондай-ақ тиісті назар аударуды талап етеді. Себебі жыл сайын психикалық және физикалық дамуында ақауы бар, туа біткен немесе жүре пайда болған ақаулықтары бар балалар саны арта түсуде. ҚР заңнамасында барлық балалардың білім алуға тең құқылы екендігі қарастырылған.

Осыған орай, мектебімізде инклюзивті білім алу санатына жататын оқушылар білім алуда. Сол себепті біздің тарапымыздан «Мектеп бәріне ортақ» бағдарламасы әзірленіп, жұмыс істеуде. Аталған бағдарламада аясында ерекше

балалармен жұмысты ұйымдастыру бағыттары көрсетілген. Осы мақсатта мүмкіндігі шектеулі балалар өз құрдастырымен бірге білім беру мекемелерінде оқуға мүмкіндігі бар. Және олар қоғам өміріне белсенді қатысу құқығына ие. Сондықтан педагогтар алдында жауапкершілікпен жұмыс істеу міндеті тұр.

Ерекше қабілеті бар балаларды оқытудың негізгі жүйесі инклюзивті білім беру тетігіне тығыз байланысты. Осы мақсаттағы іс тәжірибелік және теориялық тұрғыдан үндестік тапса бұл бағыттағы шаралар дұрыс жолға қойылады. Сондай-ақ, инклюзивті білім берудің инновациялық жолдары дамып, компьютерлік технология, интерактивті тақтамен дәріс алудың маңыздылығы артады. Сонымен қатар келешекте мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жүйесінде кедергілер болмақ емес.

**Гүлмира СЕМБИЕВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,**
**практикалық ағылшын тілі кафедрасы оқытушысы**

**«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі, 31.05.2022ж.**

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ – ҰЛТ МЕРЕЙІ

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп хәкім Абай айтқандай, мұғалімнің тәрбиесі мен өнегесі білім алушының болашағына ықпал етеді. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақта бағытынан таймасы анық.

Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өзгелерді бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Осындай ой еңбегінің бейнетін зейнет санайтын асыл ұстаздардың бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Физика және математика» кафедрасының аға оқытушысы Торғын Сәтжанқызы Аймұратова.

Педагог – өзінің елу жылдан астам ұстаздық жолында қаншама шәкіртті ұядан қияға ұшырып, алғысына бөленген бақытты жан.

Торғын Сәтжанқызы 1952 жылы 18 мамырда Арал өңірінде дүниеге келген. Орта мектепті бітіріп, 1975 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Еңбек жолын облыс орталығындағы №171 Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебінде математика пәні мұғалімі болудына бастап, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін қоса абыроймен атқарды. 2002 жылдан бүгінгі күнге дейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде аға оқытушылық қызмет атқарып келеді.

«Алғаш қызметке келген кезімде кафедра меңгерушісі болып еңбек еткен өте сауатты басшы А.Қонысұлынан үнемі кеңес алып отыратынмын. Жоғары оқу орнында студенттердің жүрегінен ұстаз ретінде қандай орын

алсам, оған А.Қонысұлы, В.Е.Серікбаева, замандасым Б.Тұрбаев, З.Касаевалардың үлесі бар, – дейді Торғын Сәтжанқызы.

Тәжірибелі ұстаз «Математика ғылымының негізі: элементар математика» және «Математикалық есептер шығару практикумы» пәндері бойынша теориялық білім берумен қатар, «Мамандыққа кіріспе» және сыныптан тыс жұмыстар, «шағын жинақты мектептерде математиканы оқыту ерекшеліктері» сияқты таңдау курстары бойынша дәріс беріп, білім алушыларға мұғалімдік мамандықтың қыр-сырын меңгертті.

Шәкірт білімін сарапқа салатын әртүрлі деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен сайыстар – білім мен еңбектің додасы. Білімнің майталмандары бас қосатын аламан бәйгеден жүлделі орынды еншілеу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Осы тұрғыдан алғанда апайдың жүлделі орын иеленіп жүрген шәкірттері көптеп саналады.

Киім киіс, жүріс-тұрыс, мінез-құлық мәнерімен, ерекше болмысымен шәкірт жанын жаулап, оны саналы өмір сүруге баули алатын оқытушы ғана ұстаз атануға әбден лайық. Біз білетін Торғын Аймұратова сондай жандар қатарынан. Тұла бойынан тазалық, адалдық сезілетін апайымыз аудиторияға кіргенде, ортамызға ерекше шуақ қоса енгендей болатын.

Ұлағатты ұстаздың білім беру саласында сіңірген еңбегі мемлекетіміз тарапынан елеусіз қалған жоқ. Республиканың білім жүйесіндегі шығармашылық еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін «Денсаулық сақтау, Білім және Спорт» министрлігінің алғыс хаты, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі қарсаңында облыс әкімінің құттықтау хаты, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ректорының алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталды.

Ұлы ойшыл, философ Әл-Фараби «Бақыттың мәні парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, ол мақсат тек кездейсоқ рақат үшін емес, шынайы игілік үшін бағытталуында, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгеріп, ізгілікке бағыттап отыруында» деген екен. Торғын Сәтжанқызы осы айтылған мүддеден шыға білді деп сеніммен айта аламыз. Жайсаң мінезді, парасатты жан, танымал ғалым Мұстафа Матайұлына сенімді серік, балаларына тілекші апа және немерелерінің сүйікті әжесі бола білді. Математика саласының білгірі барлық істерін ізгілікке бағыттап, шәкірттерінің сүйікті ұстазы атанды.

Ардақты ұстазға әріптестері ерекше құрмет көрсетіп, білім беру ісіндегі тәжірибесін көпшілікке үлгі етеді. Жетпіс деген мерейлі жасқа келген ұстазымыз – Торғын Аймұратова балалары мен немерелерінің қызығына кенеліп, шәкірттерінің тек ізгі істеріне куә болып, ғибратты ғұмыр кешуіне тілектеспіз.

**Сәулеш МЕҢЛІҚОЖАЕВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,**
**«Физика және математика» кафедрасының**
**қауымдастырылған профессоры.**

**«Ақмешіт жастары» газеті, 05.06.2022ж.**

## АРХЕОЛОГТАР ЖАНКЕНТ ҚАЛАШЫҒЫ VII ҒАСЫРДА БОЙ КӨТЕРГЕНІН АНЫҚТАДЫ

Қызылорда облысындағы ортағасырлық Жанкент қаласының орнында археологиялық қазба жұмыстары биыл да жалғасты. Зерттеушілер жаратылыстану ғылымдары әдістерін қолданып, Жанкенттің абсалюттік жасын анықтады, деп хабарлайды BAQ.KZ.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығының мәлімдеуінше, бұған дейінгі деректерде көне қаланың IX-XI ғасырларда бой көтергені айтылса, жаңа зерттеулер шаһардың іргетасы VII ғасырда қаланғанын көрсетті.

Ескерткіш бүгінде төрт жерден қазылып, археологтар заманауи инновациялық құрал-жабдықтардың көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Табылған жәдігерлер археологиялық зерттеулер зертханасында өңделіп, облыстық тарихи-өлкетану мұражайына беріледі.

Айта кетейік, жобаның ғылыми жетекшілері археология ғылымдарының докторы, профессор Генрих Харке, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тажекеев және тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Ирина Аржанцева. Зерттеу жұмыстарына Тюбинген университетінің, Ресейдің Жоғары Экономика мектебінің, Мәскеу мемлекеттік университетінің және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері мен 35 ғалым қатысып жатыр.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университетінің медиа орталығы**

**«Baq.kz» ақпараттық агенттігі, 19.08.2022ж.**

## ЖАСТАРҒА ЖАЛАҢ ҮГІТ ЖАРАМАЙДЫ

«Сыр бойы» – облыс халқының айнасы, хабаршысы, ақылшысы, көп ойлар тоғысының тоғаны, жастар талантының жан ашыры, рухани-мәдени өмірдің насихатшысы болғандықтан, осы басылымның тұрақты оқырманымын. Газеттің осы жылғы (16 тамыз) кезекті санында облыстық мәслихат хатшысы, тарихшы-ғалым Наурызбай Байқадамов «Толғандырар тақырып» айдарымен «Бала тәрбиесіне жауапсыздық – ұлт мүддесіне жауапсыздық» атты мақаласы жарияланыпты, ешкімді, әсіресе ұстаздар қауымын бей-жай қалдырмайтын бәрімізге ортақ мәселе көтеріліпті. Қолыма майшамыммен бірге, әртүрлі бояулары бар қаламсаптарымды алып, шұқшия отырып, кейбір ойларының астын сызып оқыдым. Осы ынтам менің де кейбір пікірлерімді ортаға салуға итермеледі. Қайсыбір пікірлерім біреулерге ұнамай қалуы да мүмкін. Оларды менің жеке пікірім деп қабылдарсыздар, оқырманым.

Автор Тамыз мәслихаты алдындағы ойларын ата-аналармен бөлісе отырып, баланы тәрбиелеуді өзімізді тәрбиелеуден бастауымыз керек деген

аксиоманы негізге алыпты. Бұл қазақтың «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген мақалының астарына үңілуге жетелейді. Отбасы ата-ана, оның перзенттерінен тұрады ғой. Сондықтан әкеге қарап ұл, шешеге қарап қыз өсетіні де – өмір шындығы. Демек, әке мен шеше – ұрпақтарының дұрыс қалыптасып, өмірден лайықты орнын табуға Алланың алдында, өз ары алдында бірден-бір жауапты тұлғалар.

Өткен уақыттармен салыстырғанда жағдайымыз бөтен емес. Оның үстіне рухани санамыз сәл кейіндеп, материалдық дүниеге деген тәбетіміз артып кетті. Мұны да қоғамымыздың нарыққа көшуімен байланыстыруға болады. Бірақ, сол қоғамның қозғаушы күші – біз емеспіз бе? Сондықтан рухани санамыздың екінші орында қалуы қоғам дамуының ең жазылмайтын, оның түбіне жететін жемқорлықты үдетті. Ол өз кезегінде «Мұрны пұшық болса да байдың ұлы сөйлесін» деген сұрықсыз жағдайға әкелді. Данышпан Абайдың 41-қара сөзінде «…Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек: әуелі билік, екінші байлық» деген екен. Бұнда Абай хакімнің мақсаты кейбіреулерге сынақ ретінде аталған екі нәрсені ұсынып, олардың парасат-пайымын, адамгершілігін, болмысын бағамдау екені белгілі. Осы екі артықшылықты иеленген жоғары лауазым иелерінің не болғанын өмір көрсетуде. Олардың бұндай дәрежеге жетуі ынсапсыздық, тойымсыздық, жаратушымыз – Алламыз бәрін көріп, біліп тұратынына шүбә келтірушілік. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген Абай хакімнің көрегендігін көз алдыңызға елестетіңізші! Осы ретте ұрпақтарымызды әлем мойындаған ең шыншыл, әділ ислам дінінің қағидаттарымен тәрбиелегеннің артықтығы жоқ қой деп ойлаймын. Алланың үйіне, яғни мешітке тәу етуге менің замандастарымнан гөрі қазіргі жастарымыздың көп баратынына қуанамын. Тек оның дұрыс ағымын ұстанса деген ой.

Парақорлық пен жемқорлық салдарының ең қауіптісі – бала-бақшадан бастап, мектеп, орта, жоғары оқу орындарында жастарымыздың санасына жат құбылыстың сәулелене бастауы. Кейбіреулерінің ақша шешеді (фетишизм) деген ойдың жетегінде кете бастауы. Өйткені қоғамдағы осы бір келеңсіздікті сезіп, көріп, естіп отыр ғой олар да. Бұл – еңбектеген нәресте мен еңкейген кәріге дейін бірлесіп күреспесе жеңу қиынға соғатын дерт, мемлекеттік деңгейдегі проблема. Онымен күресте ұстаздар қауымы мен ата-аналар, ғалымдар, қайраткерлер, ақпарат құралдарды қызметкерлері, жазушылар мен өнер қайраткерлерінің алдыңғы сапта болуы өзінен- өзі сұранып тұрғандай.

Наурызбай Байқадамов мақаласында педагогикалық кадрлардың сапасы қоғам талқысындағы негізгі мәселе болғандықтан, оны да айналып өтпепті. Иә, қай мамандық болса да қажетті һәм қадірлі екені белгілі. Олардың ішінде бірінші кезекте ұстаздық мамандығы тұрады. Себебі қалғандарының барлығы ұстаздың алдынан өтеді. Ал, бұл мамандыққа күнкөріс түрі деп келгендер

қателеседі. Себебі, сіз ұстаздық еңбегіңізбен қоғамның келешегі – балалар, жастар, мамандар тәрбиесіне жауаптысыз. Сондықтан сіз отанға деген ақжүрек адал пейіліңізбен келуіңіз керек. Бұл – жаңа қазақстанды құрудың, дамытудың, оның келешегінің жауапты қадамы. Әңгіменің реті келгенде айта кетейін. Академик Т.Шарманов ағамыздың ойынша: «Жаңа Қазақстан бәрін қайтадан құру емес, бұрынғы қателіктерді түзетіп әрі сол кемшіліктерден сабақ алу… Бәлкім жаңа емес жаңарған Қазақстан дегеніміз дұрыс шығар» депті. Ағамыздың ойына толық қосыла отырып, Қазақстан бұрын да болды ғой, бүгін дамудың жаңа жолына қадам басудамыз дегім келеді.

Өткен кеңестік дәуірде ең құрметті, қажетті, қадірлі мамандықтар: ұстаздық пен дәрігерлік – ең төменгі жалақы иелері болып келді. Бұл келе-келе мұғалімдер мен дәрігерлердің беделін түсірді, мамандыққа қызығу дәрежесін төмендетті. Аталған жағдай күнкөріс үшін оларды парақорлыққа (әрине бәрі емес) итермелегенін жасыруға болмас. Кешегі пандемия кезінде ұлы мамандық иелері өздерінің кім екендерін дәлелдеді, көрсетті. Мемлекетіміздің ішкі әлеуметтік саясаты да жаңа қадамға бейімделіп, олардың жалақыларын көбейтіп, әлеуметтік жағдайларына көңіл бөле бастады.

Менің жарты ғасырдан астам ғұмырым ұстаздықпен өтті, өтіп те келеді. Сондықтан әріптестерімнің барлығы адалдықты, шыншылдықты, талап ететін ұлы мамандықты толық ұлықтап жүр деп айта алмаймын. Заң қызметкері я тергеуші болмағандықтан, олардың аттарын атау менің құзырыма кірмейді. Бірақ олар жайлы келеңсіз әңгімелер естігенде қынжыламын, оларды ақылға шақырамын. Наурызбай Сейітқалиұлының мақаласындағы: «Жұмысқа қабылдағанда сыйақы алатындарды жоққа шығару қиын. Осындайға саналы түрде баратын азаматтарды, ұлттық мүддеге сатқындық жасаушы деп айтым келеді» деген пікіріне толық қосыламын. Осы ретте өмірімде болған мына бір жағдай есіме түсті. Мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Сәрсенұлы Досманбетов Қорқыт ата гуманитарлық университетінде ректор мен кафедра меңгерушісі болдым. Мен басқарған кафедра философия, саяси экономия пәндерін біріктіретін ауқымды құрылым еді. Кафедраны мамандармен жасақтау өзіме тапсырылғандықтан, ЖОО-ны жақсы бітірген 8 мамандық иесінің құжаттарын ректорға апарып, өтініштеріне қол қойғызып алдым. Бүгінде солардың біразы ғылым кандидаты, білікті ұстаз, мемлекеттік қызметкер болып қалыптасты. Кездескен кезде Бақберген екеумізге ризашылық сезіммен рахметтерін жаудырады. Қазір еден жуушылыққа жұмысқа алынатындардан пара талап ететін фактілер кездеседі. Мен әрине, бәрін кінәлаудан аулақпын. Өкінішке орай аталған әрекеттер жоқ емес.

Қазіргі жаһандану (глобализация) заманында оның қарқынынан қалып қоюға болмайды. Себебі ол кез келген мемлекетті, ұлтты таптап кетуі мүмкін. Қазақстанымыз әлемдік ақпараттың кеңістігіне шыққаннан кейін, дүниенің

түкпір-түкпірінен интернет арқылы хабардар болуға мүмкіндік туды. Бұл – әрине жақсы. Ал кез келген жақсы құбылыс, керісінше жамандық әкелетіні де өмірдің заңы. Жас жеткіншектеріміз көзден, тілден қалып, жүрек ауруына, мидың тежелу зардабына ұшырап жатқаны аз ба? Солардың негізгі себебі – қымбат бағалы телефондар, смартфон, т.б. Демек, оларды пайдаланудың да шегі болу керек. Аталған мақалада бұл мәселе де егжей-тегжейлі көтеріліпті. Интернет ағымының, играманияның жеткіншектеріміз құлы (зомби) болып кетпеуі үшін тек балабақша, оқу орындарының ұстаздар қауымы ғана емес, ата-аналардың да ролі арта түседі.

Қоғамның экономикалық саласында қажеттіліктің өсу заңы деген объективті заң әрекет етеді. Сондықтан қазіргі уақытта жастарымыздың қажеттіліктерінің арта түсуі – заңды құбылыс. Кейбір менің замандастырым осы жағдайды ескермей, жастарды кінәлауға бейім тұрады. Мен бұрын есекпен, берігіректе велосипедпен жүрдім деп, жастарды осыған мәжбүрлеуге бола ма? Әрине болмайды, бірақ байлық пен барлықтың да шегі болуы керек. Бабаларымыз «кедей кезіңдегі далбайыңды іліп қой деп айтып кеткен. Ал шексіз байлықтың қасіретін тартып жатқандарды көріп жүрміз. Мен жұртты кедейлікке үндеуден аулақпын. Бірақ бұл құбылыстың да прогрессивті жағы болғанын еске салғым келеді. Кедейлік тек ағайын-туысқандарды ғана емес, бүкіл ауылды, елді біріктіретін-ді. Той жасау үшін ел болып кесе, табақ, қазан, самаурын, отын, көлік, т.б. жинайтынбыз, ал қазір ше? Есігіне қойылған кодты білмесең, туған ағаңның үйіне кіре алмайсың.

«Ас – адамның арқауы» деген аталы сөзді қазағым бекер айтпаған ғой. Ұл-қыздарымыздың дұрыс тамақтануы, ұлттық тағамдарымызға бет бұру мәселелері мақалада орынды көтерілген. Дұрыс мамандық таңдау, әлем азаматы қатарында қазақ жастарын тәрбиелеу сияқты өмірден туындап жатқан проблемалар да назардан тыс қалмаған.

Ойымызды қорытындылай келе, біріншіден, қазіргі жастар сауатты, ойлы, білімді, ізденімпаз. Бұны дәлелдеудің қажеті жоқ. Сондықтан оларды тәрбиелеуді өзімізден бастағанымыз абзал. Өйткені жастарға жалаң үгіт жарамайды. Нарық жағдайында олардың қажеттіліктерін әр кезде есепке алу керек. Жасыратыны жоқ, орта және ЖОО-ларда өткізілетін кейбір іс-шараларға студенттерді зорлап қатыстырамыз. Екіншіден, балабақшалар мен оқу орындарында ғалымдар мен өнер қайраткерлері, еңбек ардагерлерімен өткізілетін кездесулерді ұйымдастыру, оны жүргізу мүмкіндігін жастардың өзіне беру керек. Жақында М.Дүйсенов атындағы мектеп-лицейде «Алтын домбыра» иегері М.Ниязовпен өткізілген кездесуді ыждағатпен көрдім. Оқушылар бұл шараны өздері жүргізіп, Мұхтар ініме еркін түрде келелі сұрақтар қойып, тұшымды жауаптар алды. Әрине, бұл кездесудің тәрбиелік мәні зор. Үшіншіден, қоғам дамуының қай саласынан болса да хабардар болып,

кейбір кемшіліктерге белсене араласып, оны қайталамаудың жолдарын іздестіретін белсенді әрі озық ойлы жастармен жиі кездестіріп, олардың ой-пікірлерін саралап отырғанның да артықшылығы жоқ. Мұнда азаматтар қалада ғана емес, аудан-ауылдарда да баршылық. Ардагерлер ұйымдарында, әртүрлі қоғамдық кеңестерге жастардан шыққан белсенділерді қатыстырып отыру қажет деп есептеймін.

Қазақ «жақсыдан – шарапат» деген ғой. Адалдықты, батырлықты, азаматтықты ту еткен небір ел жадындағы есімдерді жаңғырта отырып, жастардың өзегіне жақсылық дәнін себе білуіміз керек. Ешкім ешқашан өзімен ештеңе алып кетпейді. Бәрі қалады. Солардың ішіндегі біздің кім екенімізді келешекке жеткізетін де артта қалған ұрпақтарымыз. Олар аман болғай.

**Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің профессоры**

**«Сыр бойы» газеті, 23.08.2022ж.**

## МЕЙІРІМІ МОЛ АҒАНЫ ОЙЛАҒАНДА

Бұрынғы бабалардың «жалған дүние» деген сөзінің растығына тағы көзіміз жеткендей. Аяулы азамат, еліміздің, өңіріміздің біліміне, ғылымына, руханиятына мол үлес қосқан Мұстафа Матаев ағаның ортамыздан ұзағанына біршама уақыт өтіпті.

Қорқыт ата атындағы университет ұжымы, ол кісінің әріптес достары мен інілері, қарындастары өнегелі тәрбиесін есте сақтап келеді. Мұстафа аға біз үшін асқар тау, сүйенер тірек, ақыл сұрар білгіріміз, барлығымыздың ұлағатты ұстазымыз еді. Жалғыз біз емес-ау, өңірдің көп азаматына қол ұшын созып, ғылымды бастарда, жолына түсерде арқамыздан қағып, батасын берді. Ойлап қарасақ, бәрі кеше ғана болған сияқты.

Ағамыздың салқын сөзін естімеппіз. Есесіне «Е-е, балалар, жағдайларың қалай? Жұмыстарыңды беріліп атқарыңдар. Бірлікте, тату болыңдар, жолдарың құтты болады» деуші еді. Ағаның осы сөзінде қазақтың ірілігі мен көсемдігі жатқан болар, сірә.

Университетте болып жататын түрлі жиындар мен басқосуларда Мұстафа ағайымыздың айтар сөзі мен пікірі әрдайым салмақты, орынды еді. Өз басым біреуге дауыс көтергенін көрген де, естіген де емеспін. Ол кісі ерекше сабырлығы, байсалдылығы, салмақтылығы, тыңғылықтылығымен ерекшеленетін. Осындай жоғары адами қасиеттерге иелік жасаумен қатар соны жанындағылардан талап етуші еді. Көкейкесті сұрақтар талқыланып жатқанда жоғары белсенділік танытатын. Өзінің пікірін жан-жақты, тұщымды, қарқынды дәлелдеу арқасында қажеттілігіне еш күмән қалдырмайтын.

Мұстафа ағамыз өзінің 80 жылдығына орай екітомдық өмірдеректік, ой-толғамдық еңбек жазды. Сол кітаптарды оқығандағы түсінгеніміз: аға азаматтарды жоғары бағалапты, отбасылық өнегені ардақтапты, ұстаздықты шыңына көтеріпті, адалдықты жырлапты. Осынысымен көптің қолынан келе бермейтін, оқыған адамға үлгі боларлық, мол рухани мұра қалдырыпты.

Абыз жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов ағамыздың «Егемен Қазақстандағы» «Туған анаңдай, қайран туған жер» атты мақаласын қайта-қайта оқыған едім. Әбдіжәміл ағамыз: «Осы жасқа келгенде көзім анық жеткен бір ақиқат – адамға ақыл кеш кіреді. Оң-терісін ойлап, бас ауыртып жатпайтын сонау алаңғасар жастық шақтың жөні басқа, жас кезде санаға не кіріп, не шықпады. Оның қайсыбірін сен жадыңда ұстап, есіңде сақтадың, соңыра ақыл кіріп, өзіңді- өзің танығанда қапы кетіп, бармақ шайнаған әттеген-айлар аз ба? Аңсарың әрнеге бір ауып жүріп, көп нәрсенің парқын кейін түсіндік қадір-қасиеті санаңа кеш жетті дер кезінде ескермей, уыстан шығарып алғасын бас салып өкіндік» депті. Мұстафа ағамыз былай деп жазыпты: «Адам жас кезінде көп нәрсені парықтай алмайды, көзге көрінген нәрсенің төңірегінде ғана ойлайды. Ал өмірдің қалтарысы көп болады екен. Дені сау, ақшасы мол, әр күннің делбесіне түсіп, соны тапқанына мәз адамдар адамгершілік дегенді қайдан білсін? Адамгершілік ауру-сырқат, кәріп пен кәсірге, қиындықта қалғанға, жетім-жесірге жасалады. Ендеше өркениетті көксеген жандарға алдымен адамға жақсылық жасауды үйрету керек. Иә…солай» депті. Осы екі азаматтың ойлары бір-бірін толықтырып, бірімен-бірі ұйқасып, жұптасып, жақындасып жатқан сияқты көрінеді бізге.

Мұстафа ағамыз жастайынан білімге құштар болды. Өмірдің болмысы мен тірлігі ерекше толғандырды. Содан болар ағайымыз анау-мынау емес, Мәскеудегі сол кездегі КОКП Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясы аспирантурасын бітіріп, сонда философия ғылымдарының кандидаты атағын қорғады. Қоғамдық ғылымдардың қаймағы тұнып тұрған сол заманда мұндай табыс, осындай жетістік, әсіресе, шет республикалардың өкілдеріне тіпті де бұйыра бермесі айдан анық еді. Мен осыны ағаның кітабын оқи отыра түсіндім. Ол ғылыми ортадан тәлім, білім алды. Сол кездегі философия ғылымның негізін қалаушысы іспеттес, бүкіл әлемге әйгілі ғалым Марк Мойсеевич Розентальдің аспиранты болды. Кереметі – ағаның кандидаттық диссертациясын қорғау рәсіміне М.М.Розенталь кенеттен бармай қалыпты. Бәріміз диссертация қорғағанбыз, бірақ мұндайды көрген де, естіген де емеспіз. Сөз жоқ, бұл айтып түсіндірер құбылыс емес. Сөйтсе, М.М.Розенталь қорғауға қасақана бармапты. Бұл ағамыздың терең білімінің белгісі, әлемге әйгілі ғылыми жетекшісінің оған солайымен сеніп, қорғауға оның өзін ғана жіберуі шәкіртін жоғары бағалауымен қатар мықты сынауының да дәлелі болар. Сөз жоқ, әйгілі академиктің аспирантына деген зор сенімінің дәлелі болар бұл. Әйтпесе оның ғылыми кеңеске бармай қалуы тіпті мүмкін емес. Сондай биік шығармашылық ортада ғылымға кіруі Мұстафа ағамыздың ірі ғалым болуының мықты бастамасы мен берік алқымы болғанын ұғынып, түсініп жатырмыз қазір.

Мұстафа аға былай дейді: «Өмірде кәсіби және рухани білім деген бар. Бұл сөздің мағынасы – «Адамға кәсіп үйретсең, адамгершілігін қоса үйрет» деген сөз. Дүниеге тек қана жалаң кәсіптік көзқарас апат әкеледі». Мұны ұғыну үшін қазір әлемде болып жатқан оқиғаларға аздап талдау жасаса жеткілікті. Түсінер болсақ, осы сөзде қаншалықты терең ой, қаншалықты биік ұғым мен түйін, мықты тәлім мен тәрбие жатыр. Ұстазбыз, әрқайсымыздың бағытымыз бөлек, дәріс беретін пәніміз де түрлі. Соны шама-шарқымыз келгенше атқарудамыз. Ал, алдымыздағы студентке, өмірден мол үмітті жасқа біз Мұстафа аға айтқандай, рухани тәрбие мен білім бере алдық па? Мәселе осында! Ендеше, жоғарыда ағаның айтқан сөзі мен қазақтың абыз жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ойлары мен пайымдарының орайлас, ұқсас келуін заңдылық деп санау керек.

Мұстафа ағаның «Ұстаздық тұғыры» атты екітомдық кітабын оқи түсемін. Мақсатым – аға рухымен сырласу. Ардақты аға былай деп жазыпты: «…Жас ұлғайып, қариялар қатарына ендік, ал енді бар ғой, соған қарамастан мен осы күні марқұм әкемді де, шешемді де сағынамын. Біреулерге күлкілі болып көрінер, ал осыным – имандай шындығым, соларға бір еркелегім келіп кетеді кейде. Мұны үлкейген кісінің бала болуы деп те қарамағын, құрметті оқырман, бұл – ата-анама деген құрметтен туған бір сезімнің сәттік, мезеттік көрінісі болар, бәлкім». Осы жолдарды оқығанда өз басым Мұстафа аға жүрегінің мол мейірімін қайта сезгендей болдым, ол кісінің айналасына, жақындарына, әріптестеріне деген ағалық қамқорлығының түп негізін осы сәтте терең ұғынып, жаңадан тауып түсінгендей болдым. Өзім де сол мезетте өз ата-анамды есіме алып, біраз үнсіз отырдым.

Мұстафа ағаның тағы бір сөзін осы жерде келтірмеске әддім жоқ. «Қазір мен де көкем сияқтымын. Иә, әкемді біз көке дейтінбіз. Үйге келіп, рахаттанып демалу деген менде жоқ, мүмкіндігі болса жазу үстеліне отырамын. Кей тұстастарым «осы кезге дейін бейнеттендік, еңбек еттік, енді демалу керек қой» дейді. Ал мен үшін демалыстың төресі – кейінгілерге жәрдемі тиерлік, пайдаға жарарлық бір дүние қалдыру екенін қайдан білсін?! Бұл да ұлы ұстазым – көкемнің дәрістерінің нәтижесі екені анық» депті ағамыз. Енді осыны ұғынайықшы. Түсінгенім мынау: Ұлы Құдірет екінің біріне бұйыртпайтын мол несібе беріпті ағаға. Ол – өзгені ойлау, жұрттың қамын жеу, өзінен кейінгі ұрпақтың жоғын күйттеу. Осыған ардақты аға қалай кез болды деген сұрақ туындауы әбден мүмкін. Мұның түбірі адамды мықты сыйлап, жақсы көріп, өмірдің түпкі мақсатын айнымастай берік түсінгенінде. Екі кітапты парақтап отырған адам осыны сөзсіз түсінеді, көреді, сезеді де мойындайды. Осы екі кітап оқыған адамға өнеге боларлықтай, оның өмірінде жөн сілтейтін шамшырақтай қызмет атқаратыны анық.

Асыл аға екітомдықтың соңында былай деп жазыпты: «Біздің бұл баянымыздан сіз де ой түйіңіз, керегін алып, қажетіңізге жаратыңыз, қадірлі оқырман. Тек өмірдің әр сәті тағылымға, өнегеге, тәлімге толы екенін естен шығармаңыз. Түйген ойыңыз, алған тәліміңіз тек адамдар арасындағы достық қарым-қатынасқа, татулыққа, бірлікке жұмсалса екен деп тілеймін. Мұны өзіңіз

бастан өткеретін өмір сабақтарымен байытып, келер ұрпаққа жеткізерсіз. Сонда ғана үйрену мен үйретудің жалғастығы, сабақтастығы болады. Бұл – елдің ертеңі үшін, ұрпақ тәрбиесі үшін ерекше маңызды жайт. Міне, осы тұста дәрістерің өнегелі болсын». Қандай кең арқалы, қорғасындай салмақты, тобылғыдай мықты, түйінді сөздер! Керек десеңіз, осы сөздерде Мұстафа ағаның бүкіл адами дүниесі мен болмысқа деген жеке көзқарасы жатқан жоқ па? Тіпті бұл, ағамыздың соңында қалған інілері мен әріптестеріне айтылған аманаты, өсиеті емес пе?!

Кітабының соңғы бетінде Мұстафа аға: «Құлмырзаны, Айманды, Файзрахманды, Жабайханды, Айжігітті, Қажымұрат ағаны, Г.Б.Ханды, Матифулланы сағынамын, інілерім Қазыбай, Серікбай, Алтынбектерді іздеймін. Солармен болған әр кездесу, әр сұхбат саф ауа секілді сіңімді болатын сияқты, таудан аққан мөлдір тұма бұлақтай ілгері жетелей береді еріксіз» депті. Осыдан кейін өзіме көңілім тіпті толмады. Қайдан толсын, ағаның ойынан шықпасаң?! Мықты болсақ, неге аға бізді енді іздейін деп ойлай бастағанда қасынан табылмадық?! Жоғарыда Әбдіжәміл ағаның сөзін осыны сезгендей, білгендей келтіріппін. Білмейтініміз, қателеріміз, кемшілігіміз әлі көп екен. Дер кезінде атқара алмаған ісіме өкініп отырмын. Енді амал жоқ, ағаның артына қалдырған сөзіне құлақ салып, үңілемін. Содан пәрмен аламын, ой түйемін, жүрер жолымды пысықтаймын. Шамам келсе, ағаға ұқсап бағамын. Ардақты ағаның аузына ілігіп, кітап бетіне түсіп қалу да біз үшін жетістік шығар деп шүкіршілік етемін.

Қадірлі Мұстафа аға туралы айтқанда ол кісінің жанында болған бауырлары мен жақындары жөнінде жазбай болмас. Өйткені, мен сол азаматтармен кезінде жақсы араласып, игілікті қатынаста болғаным бар. Бұл жерде мен ағаның бауыры Мәрия апайды да еске алып отырмын. Жетпісінші жылы Қызылорда түбіндегі Қарауылтөбе қыстағында орын тепкен облыстық күріш тәжірибе стансасына қызметке тұрдым. Сөйтсем, Мәрия апай сол мекемеде кадр бөлімін басқарады, ал ол кісінің жары Әбдірайхан аға бас экономист екен. Мәрия апайдың ойлы да, ұлағатты ақыл-сөздері есімізде. Әбдірайхан аға аққөңіл, ашық пейілді азамат еді. Мен ғылым кандидаттығымды қорғағасын Қызылордадағы Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институты филиалына қызметімді ауыстырдым. Содан бір жылдай қалаға ауылдан қатынап жұмыс атқардым. Кейде дастарқандас болғанда Әбдірайхан аға қызметтік болашағыма тілек айтушы еді.

Білмеймін, мүмкін Әбдірайхан ағаның маған ықыласының ауғаны шығар бұл, жақсы азаматтың інісіне деген шынайы көзқарасы шығар осы. Ендеше, мен осындай биік шынайылықты өмірімде осы ағадан молынан көрдім. Сол ауылда біз отбасымызбен оншақты жыл тұрып, нанын жедік. Құдайға шүкір, жаман болған жоқпын, ғылым жасадым, соның арқасында Мәскеуде кандидаттық диссертациямды қорғадым. Сол уақыттарда Әбдірайхан аға ылғи кез бола қалғанда маған өзінің мейірімі мол тілек-батасын беруші еді.

Бірақ, Құдайға мың шүкір, бір азаматтың жетер дәрежесіне жаманды-жақсылы жеттім деп есептеймін. Менің алмаған асуларыма балаларым мен

ұрпағым жетсін деп Ұлы Жаратушыдан әрқашан тілеймін. Сонда ойыма келетіні: оңашада Әбдірайхан аға мен Мәрия апайым мен жөнінде шамасы пікірлесетін болуы керек, содан болар ағамыздың менің келешегім жөнінде жоғары ықыласты болжамдар айтуы. Осыған тереңірек үңілер болсақ, бұл шамасы көпті көрген, текті, айналасының қамын өзінікіндей қамдайтын аса мейірімді Мұстафа ағаның бауырларына, туыстарына берген мол шарапатының арқасында оның шет-жағасының маған да тигенінің айғағы болар.

Мұстафа ағаның інісі Темірбекпен қатармын, көңіліміз жақын, ниеттес жандармыз. Бұл азамат – Қызылорда қаласының тірлігі мен шаруашылығына еңбегін молынан сіңірген білікті басшы. Өмірбек ініммен біраз уақыт Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институты филиалында қоян-қолтық жұмыс атқардық. Сол кез қызығы мен қиындығы мол уақыт еді. Күрмеулі мәселелер күнде туындап, құмырсқадай көбейіп жататын. Содан баршамыз қызу іс үстіндеміз, жұмыс көп. Оның түрі де көп, шешімін табу жолдары да баршылық. Не керек, сондай кезеңдерде абыржып, қиналып, бір-бірімізді түсінісе алмаған уақыттарымыз да болмай қалған емес. Сондай кезеңдерде мәселені терең ұғынып, оның шешу жолдарын білімі, білігі, өткірлігі арқасында іске асыратын азаматтардың орны ерекше болатын. Міне, осы жерде Өмірбек ініміздің шыншылдығы, білгірлігі, әділдігі, ізденімпаздығы айқын көрінді. Осы мінезі арқылы, ыждағаттылығы мен мол еңбекқорлығы негізінде сол азамат шағын филиалдың оншақты жыл аралығында өз алдына дербес институтқа айналуына көп еңбек сіңірді. Шамасы бұл Өмірбектің Мұстафа ағамыздан көрген өнегесінің бір көрінісі болса керек.

Бір уақыттарда біз Мұстафа ағамызбен көрші тұрдық. Ағаның пәтері Әуелбеков тұрған үйдің батыс жағындағы кіреберісінде. Біздің үй соның жанындағы көшенің арғы тұсында. Сол кезде отбасылық қарым-қатысымыз жақсы болды. Біз Мұстафа аға мен Ақзия апамыздан мол ұлағатты өнеге мен тәлім алдық. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» депті бабамыз. Кешке таман Мұстафа аға көпқабатты үйдің жанындағы шағын алаңшаға шығып, жайлап қыдырыстайды. Мен де сол кезеңді пайдаланып, үйден шығып, ағаға сәлем беремін. Және қарап тұрмаймын, әкемнен келген әзілқойлығымды пайдаланып: «Аға, үйдің қасында жүре бермей, мынау қасымызда ағып жатқан дарияның жағалауына барып қайтпайсыз ба, солай жасағаныңыздың бізге де зияны болмас еді!» деймін, күле қарап. Сонда ағамыз бір нәрсе есіне түсе ме, қайдам, рахаттанып кеңк-кеңк күледі. Сөйтіп, ағаның көңілін аулайтыным бар еді.

Жетпісінші жылдары жастардың білім мен ғылымға ұмтылысы ерекше көзге түсетін. Осының себебі де жоқ емес еді. Өйткені, Кеңес Одағында ғалымдардың материалдық-қаржылық жағдайы биік. Міне, бір жағы осы себеп болған шығар, сол заманда көбіміз ғылымға ұмтылдық. Ол үшін аспирантураға түсу керек. Аспирантураға ілігу алдында үш емтихан тапсыру қажет. Олар: мамандық пәнінен, марксистік-лениндік философиядан және шетел тілінен. Аспирантураны аяқтарда осы пәндерден кандидаттық емтихан қабылданатын. Сол заманда соңғы екі пәннен кандидаттық емтихандар жоғары оқу орындарында жылына бір мәрте қабылданып жататын.

Сондықтан жұрт сол екі пәннен кандидаттық емтихандарды тапсыруға ұмтылатын. Өйткені кандидаттық емтиханды тапсырып қойған азамат аспирантураға түсерде сол пәндерден емтихан тапсырудан босатылатын. Мен де сол жолмен жүрдім. Өйткені, бөлім бастығым Қареке Ділімбетов ағамыз Қызылорда пединститутының жоғары абыройлы ұстазы, доценті. Ол кісі институт дайындық бөлімінің меңгерушісі. Бұл – үлкен қызмет. Сондықтан, Қарекеңнің беделі жоғары. Мен Қареке Ділімбетов ағамыздың арқасында қиналмай ағылшын тілі және философиядан кандидаттық емтихандарды тапсырғанымды ұмытпаймын. Философиядан емтиханды қасында екі оқытушысы бар Мұстафа ағамыз алды. Қареке ағайымның көлеңкесінде жүрсем, сол азаматтың нағашысы Мұстафа ағамыз болса, онда мен емтиханды нашар тапсыруға құқым бар ма?! Міне, ғылым жолына түсерде ақ батасын Мұстафа ағамыздың өзі берген.

Байлық пен қазына іздегендей, тағы асыға парақтаймын аға кітабын: «Міне, осы Қазалы – менің атамекенім, осы Қазалы – менің астанам. Мұны мен мың мәрте мақтанышпен қайталауға әзірмін. Өйткені мен осында өмірге келдім, менің сәби шағым, бала кезім осында өтті, осында орта мектепті бітірдім, алғашқы бала махаббат та осында бүр жарды, осы қала маған биіктерге, арман асуларына жолдама берді, осы жерден мен қанаттанып, ғылымға, білім алуға ұмтылдым. Осы қалада мен достар таптым. Достар болғанда қандай?! Олар Алланың маған берген сыйы ғой. Университет бітіріп келіп, қызметті осы Қазалыдан бастадым. Биіктерді бағындыра бастауым, қызметтік өсу жолым да Қазалыдан басталды. Өмірлік жолдасым, адал жарым – Ақзияны да Қазалыдан таптым. Ата-бабам, әкемнің бейіті де осында. Олай болса менің астанам Қазалы болмағанда қайтсін? Жігітке туған жері – Мысыр шәрі деген ғой атам қазақ. Менің де Мысыр шәрім – Қазалы» депті.

Шіркін, осы жолдарда айқын көрініп жатқан жоқ па, ағаның туған жерге деген перзенттік ықыласы мен махаббаты, азаматтық борышы мен міндеті, өз елі мен туған жеріне деген әрбір пенденің сүйініші мен арманы? Осы ықыласты, махаббатты, борышты ақтау үшін ардақты аға бар күш-жігерін, білімі мен білігін аянған жоқ. Болсаң мендей бол деп, алға ұмтылды, сонау ертеде көп азамат баруға жүрексінетін, атынан сескенетін Мәскеудің қақ ортасындағы әлемге әйгілі ғылым ордасына айбынбай аяқ басып, ол кезде жұрт атынан шошитын атақты ғалымдармен өз қатарындай сөйлесіп, пікірлесіп, дәрістерін қағып алып, философия ғылымының биігіне көтеріліп, соның арқасында еліміздің ең күрделі саласының белді маманы атанып, игерген білімі мен білігін қазақ елінің, туған жерінің жастары үшін сарп етті емес пе?! Ендеше, Мұстафа аға сол қасиетті туған жер ықыласына, махаббатына, құдіретіне оранды дегенге кім қарсы тұрар екен?

Мұстафа аға мен Ақзия апай елге өнегелі, білімді, саналы ұрпақ қалдырған, өсіп-өнген, өркенін кеңінен жайған, белгілі әулеттің басшылары болған. Соңына ел үшін қарымды еңбектерін қазір аянбай атқарып жүрген Ботагөз, Гүлнәр қарындастарымызды, Ғабит, Ғалымжан, Талғат інілерімізді ерткен.

Кітабының соңында: «Иә, ауырған сайын жанымдағы серігім Торғынға жаным ашиды, күндіз-түні жағдайымды жасап, тыным таппай жүреді. Адамгершілігі болмаса осы бейнетті өз қолымен атқарар ма еді? Рақмет, Торғынжан» депті абзал аға. Соңғы уақытында Мұстафа ағаның барлық жағдайын қамтып, ол кісінің кәсіби және шығармашылық жұмысына қолайлы ықпалын молынан жасаған, ұлағатты ұстаз Аймұратқызы Торғынға ағаның рухы риза.

Жақсы адам дүниеден өткенмен, оның әулетін, сол өңірді, болымды, тұлғалы азаматтың айтқан ізгі сөздерінің, жасаған өнегелі істерінің шапағаты жайлайды деген ұғым бар. Ендеше, Мұстафа аға артында қалған елімізде, өңірімізде, ол кісінің киелі әулетінде амандық, жақсылық, береке мол болсын.

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің профессоры**

**«Сыр бойы» газеті, 23.08.2022ж.**

## УАҚЫТ ПЕН ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАМАЙ-АҚ ТІЛ ҮЙРЕНУГЕ БОЛАДЫ

**Ербол БЕКІШ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Практикалық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі:**

**– Ербол Тнейбекұлы, әңгімемізді университеттегі студенттердің тіл үйрену бағытынан бастасақ. Қазіргі жағдай білім саласын онлайн жүйеге бейімдеді. Осы орайда қандай өзгерістер болды, нәтиже қандай? Студенттердің тіл үйрену деңгейін қалай бағалар едіңіз?**

– Қашықтан оқыту білім алуға ниетті мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп, білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді шешуде оқытушының атқаратын рөлі маңызды. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтан білім беру жүйесі бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын ұсыныстар береді. Бүкіл әлемде болған пандемия салдарынан оқу орындарында заманауи технологияларды игеруге қиындық туындады. Бұл ретте Білім және ғылым министрлігі және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің басшылығы тарапынан орасан жұмыс атқарылды. Атап айтсақ, онлайн сабақ жүргізуде интерактивті технологияларды қолдана отырып, білім алушыларға заман ағымына сай әдістерді айқындап, біршама семинар, вебинар, дөңгелек үстел, конференциялар ұйымдастырылды.

Қашықтан оқыту кезінде білім алушылармен байланысу маңызды. Тапсырманың анық-қанығын, оқу материалдарының қолжетімді болуын үнемі бақылау қажет болды. Осы мақсатта білім алушылар Zoom, Google classroom,

Platonus платформаларын пайдаланды. Соның нәтижесінде студенттер әлемдік ақпараттар алуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, жаһандық ақпарат кеңістігінде өздерінің білімін шыңдауға мүмкіндік алды.

**– Әдетте адамдар белгілі бір мақсатпен тіл үйренгісі келеді. Ал сіз бұл салаға қалай келдіңіз? Шет тілді үйрену бастапқыда сізге де оңай соқпаған болар…**

– Мектеп қабырғасында шет тілін меңгеруге ерекше қызықтым. Қазақ әдебиетімен қатар шетел жазушыларының шығармашылығымен таныстым. Ағылшын тілін жетілдіруге, мамандық таңдауға ұстаздарым, ата-анам бағыт берді. Алдымен М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінде, кейін «Болашақ» университетінде «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығын тәмамдадым. Осыдан соң Ресей федерациясының Қазан федералды университетінде магистр дәрежесін алдым. Ал 2016 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне оқытушылық қызметке келдім. Былтырғы оқу жылынан бастап Практикалық ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарамын. Ғылыми жолымды жалғастыру мақсатында, Ресей федерациясының Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінің аспирантурасында оқып жатырмын.

**– Тіл үйрету барысында аудиторияны басқару екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сабақ барысында мәселе туындамас үшін педагог нені білу керек?**

– Қазіргі уақытта қашықтан оқытуды күрделі процесс деп санамауымыз қажет. Білім беру ресурстарының мол болуы материалды зерттеуде, ұйымдастыруда және оның дамуын бақылауда оқытушының міндеттерін жеңілдетеді. Тек дұрыс материалды таңдап, білім алушымен байланысты жоғалтпау өте маңызды. Топта пікірталас ұйымдастырып, материалды оқып білу, жалпы жоба, рөлдерді бөлу тапсырмалардың көмегімен оқу процессін үздіксіз ұйымдастыру мұғалімнің назарында болу керек деп ойлаймын.

**– Шет тілін жетік білесіз. Бірақ сол мүмкіндікті толық пайдалана алмай жүрмін деп есептемейсіз бе? Мәселен, шетелге саяхаттау тұрғысынан…**

– Қазіргі таңда ағылшын тілін білу – заман талабы. Министрліктің және университетіміздің жастарды қолдау саясатында тағылымдама туралы ережелері бар. Әлемде болып жатқан жағдайға байланысты шетелдерге іс-сапарлар мен тағылымдамалар біршама тежелгені рас. Бірақ қазір сол жұмыстар екінші қарқын алып, жұмыс жандануда. Болашақта шет елдерге тағылымдамамен бару жоспарымда бар.

**– Қай сала болсын уақыттың маңызды екені белгілі, ал сіз үшін 24 сағаттың қайсысы тиімді?**

– Кейінгі он жылдықта «тайм мененджмент» деген ұғым санамызға еніп келеді. Бұрын тек бизнес саласында ғана қолданатын ұғым болса, қазір қарапайым өмірде де өз тиімділігін тәжірибе арқылы дәлелдеуде. Тайм-менеджменттің бірнеше әдісі бар. Мысалы, «Альп», «Парето принципі», «АВС

анализі». Осы әдістерді қолдана отырып, алдағы күнімді жоспарлауға тырысамын.

**– Ағылшын тілін үйренген сәтте кино көруге, әуен тыңдауға жиі кеңес беріледі. Бұл қаншалықты пайдалы?**

– Шет тілін үйренемін деген адамға мүмкіндік көп. Міндетті түрде курсқа барып, уақыт пен ақшаға шығын шығармай-ақ, шын талпынсақ өздігінен үйренуге болады. Бұл – пайдалы және кеңінен қолданатын әдістің бірі. Фильмдерді ағылшын тілінде көру, сөйлеу, тыңдалым, оқу дағдыларын арттырады. Ғаламторда ондай фильм көп. Тыңдау қабілетін үнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы бейнежаттығулар мен аудиомәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырудың мәні зор.

**– Қазіргі уақытта ғаламтор арқылы тіл үйрететін онлайн-курстар жеткілікті. Оларға сенім артып, нәтиже күтуге бола ма?**

– Жоғарыда айтқанымдай, ғаламторда ағылшын тілін үйренуге арналған пайдасы мол бейнеблог пен мен онлайн курс өте көп. Бірақ оларды іздеген адам бірден тауып алып, оқи бермейді деп ойлаймын. Жалпы шет тілін өз бетінше үйрену (self study) оңай жұмыс емес. Ол көп уақыт, күш пен ынта-жігерді қажет етеді. Шет тілін үйренудің тиімді әдісі тек кітап, аудио, бейнематериалдарды қолданып ғана қоймай, тұрақты түрде оқытушылармен сұрақ-жауап алмасып, сол тілді ана тілі ретінде сөйлейтін адаммен (native speaker) сөйлесіп, яғни үздіксіз жаттығып меңгеруге болады. Онлайн курстарды бастамас бұрын өзімізге сұрақ қойғанымыз жөн. Ең бірінші, үйренуші ағылшын тілінің өзіне қажеттілігін түсіну керек. Ол үшін «ағылшын тілі бізге неге керек? Үйренсем қандай пайдасы болады?» деген сұрақтарға жауап берсек, ағылшын тілін әлдеқайда оңай үйренген болар едік.

Екінші, бізде тілге деген қызығушылық болу қажет. Мысалы, “егер ағылшын тілін жақсы үйреніп алсам, ағылшын тілді адамдармен еркін сөйлесе аламын, халықаралық компанияларда жұмыс істей аламын, шет елдерге саяхат жасағанда тіл жағынан қиындық болмайды, Голливудтың (Hollywood) киноларын өз тілінде көріп, батыс Европа, Америка сияқты елдердің жазушыларының кітаптарын өз тілінде оқи аламын” деген сияқты құштарлық болуы қажет.

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

**Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ,**

**«Ақмешіт жастары» газеті, 25.08.2022ж.**

## ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ 85-ШІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАДАМ БАСТЫ

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында, 30 тамыз – ҚР Конституциясы күні және 1 қыркүйек – Білім күніне орай салтанатты жиын өтті. Мерекелік шарада Басқарма Төрағасы-Ректор еліміздің басты құжаты саналатын Конституцияның**

**мемлекет пен қоғам үшін және әр адам үшін маңызы зор екенін айтты. Сонымен қатар, оқытушы-профессорлар мен білім алушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.**

«Жоғары білім жүйесінің дамуы – өркениеттің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші. Ғылым және жоғары білім саласында жаңа реформалар, тың идеялар, қарышты қадамдар мен креативті көзқарас – біздің дамуымызға тың серпіліс әкелері сөзсіз. Еліміздің білім-ғылым тарихында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің есімі алтын әріптермен жазылуы үшін барлығымыз бір кісідей атсалысайық»,-деді Бейбітқул Сәрсемханқызы.

Жаңа оқу жылында өз саласының кәсіби шебері саналатын университеттің бірқатар қызметкерлері марапат төрінен көрінді. Жоғары білікті мамандар даярлауда еңбек етіп жүрген оқытушы-профессорлар Қызылорда облысы әкімінің, «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының Алғыс хатымен марапатталса, оқу орнының стратегиялық дамуына үлес қосқан қызметкерлерге Басқарма Төрағасы-ректордың арнайы марапаттары табысталды.

Жиынға Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, зиялы қауым өкілдері, университет ардагерлері, оқытушы-профессорлар және білім алушылар қатысты. Салтанатты шара университет түлектері мен білім алушылары, «Дидар» халықтық би ансамблінің мерекелік концертімен қорытындыланды.

Айта кетейік, қазіргі таңда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 22 ғылым докторы, 12 профессор, 34 Phd докторы, 45 доцент, 176 ғылым кандидаты және 500-ден аса оқытушы мен магистр сапалы білім береді. Жаңа оқу жылында 3152 білім алушы қабылданып, жалпы контингент саны 9 мыңнан асты.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің медиа орталығы**

**«Kuzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі, 01.09.2022ж.**

## «ХАБАРШЫ» ЖУРНАЛЫ – ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ЖАРШЫСЫ

Ғылым мен білім саласын дамыту мақсатында әр оқу орнында баспа бөлімінің болуы маңызды.Бүгінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің редакциялық-баспа бөлімiпрофессор-оқутышылардың монографиялық оқулықтарын шығару, халықаралық, республикалық конференциялардың баспа қағаздарын дайындау, дизайн жасау, алыс-жақын шетелдегі профессор-оқытушылар мақалаларын жинақтап, шығару сынды қызметтерді атқарады. Университет имиджін қалыптастыруда өзіндік үлес қосып отырған бөлімнің жеткен жетістіктері мол.

1998 жылы құрылған редакциялық-баспа бөлімі жылына төрт рет шығарылатын «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің

Хабаршысы» журналының мақалаларын жинақтап, техникалық өңдеп, баспаға дайындайды.

Сонымен қатар, университет Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған монография, оқулықтарды баспадан шығаруды қамтамасыз етеді. Конференция жинақтарын техникалық безіндеру, әзірлеу, басылымдарды беттеу, түптеу, мұқаба дизайнын жасау, сондай-ақ, түрлі іс-шаралар бойынша табысталатын дипломдар, алғыс хаттар, құттықтаулар, мерейтойлық адресаттар, өткізілген курс сертификаттары, т.б. құжаттардың дизайны жасалынады.

2020-2021 жылдары «Хабаршы» журналы университетіміздің және қазақстандық ЖОО-мен қоса, алыс-жақын шетел ғалымдары жазған ғылыми жұмыстарын жарыққа шығарып, білім мен ғылымның, техника мен технологияның озық тәжірибесі бойынша жаршы қызметін атқаруда.

Журнал мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығымен 2021-2023 жылдарға қазақстандық дәйексөз базасына енгізу бойынша келісім-шартқа отырған. Сонымен қатар, университет халықаралық Crossref тіркеу агенттігімен келісімге отырып, журналға DOI (Digital Object Identifier) индексін алды. Журналға мақала берудің және рецензиялаудың онлайн жүйесі көрсетілетін жеке электрондық сайт жасалды.

Журналдың «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» ғылыми бағыты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енген (21.02.2022 ж. № 63 бұйрық).

Сондай-ақ, университеттің «Сыр түлегі» газеті де өте сапалы түрде университет баспасынан шығарылуда.

Газеттің негізгі мақсаты – университеттегі қызметкерлерді, оқытушылар мен студенттерді ғылыми, қоғамдық, мәдени жаңалықтармен таныстыру. Сондай-ақ, университеттегі жазуға бейімі бар студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру. Үздік оқуымен қатар, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан белсенділер, белгілі бір салада жетістікке жеткен университет студенттері туралы мағлұмат беретін газеттің бүгінде өз оқырмандары қалыптасқан. Және дәстүрлі түрде жылына 6 рет университет баспасынан жарыққа шығып отыр.

Аталмыш оқу жылында редакциялық-баспа бөлімінің материалдық базасы заманауи жаңа құрылғылармен толықтырылды. Алдағы уақытта «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» ғылыми журналын өз баспамыздан шығару жоспарда бар.

**Набат АБУОВА,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,**
**Редакциялық-баспа бөлімінің басшысы**

**«Ақмешіт жастары» газетінің сайты, 03.09.2022ж.**

# ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ КІТАПХАНА

Қазіргі қадам басқан мыңжылдықты «ақпараттық ғасыр» немесе компьютерлік технологиялар ғасыры деп айтады. Шынында да, олардың басым бөлігі адам қызметінің барлық салаларында айқын көрінеді. Бұл үдерістен кітапхана жүйесі де сырт қалған жоқ.

Заманауи компьютерлік технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде қауіпсіз өндіріс, қолжетімді ақпарат алмасу жеделдетіліп, коммуникациялық технологияда көрініс тапты. Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өндірілетін ақпараттың көлемі күннен-күнге артып, кітапханалардың білім базасы құрылуда.

Университеттің ғылыми кітапханасы – бүгінгі күні білім алушылардың қоғамдық дүниетанымын қалыптастыратын, өмірлік бағытын айқындайтын ғылыми ізденіс пен таным орталығы. Қазіргі уақытта кітапхананы – «әлеуметтік институт», кітапханалық қызмет көрсетуді – «жеке тұлғаны әлеуметтендіру бойынша жүргізілетін іс-шаралар» деп қарау түсінігі кең тарауда.

Ғылыми кітапхананың стратегиялық мақсаты – ақпараттық ресурстардың пайдаланушыларға барынша қолжетімді болуы. Бұл мақсатқа жетудің маңызды құралы – заманауи электрондық кітапхана, сандық технологияларды қолдану, ғылыми қорды сақтау, басқару, мүмкіндіктерді кеңейту.

2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап университет кітапханасының ғылыми-техникалық кітапхана атауы өзгеріп, ғылыми кітапхана мәртебесіне ие болды. Қазіргі уақытта жалпы кітап қоры 2 118 961 дананы құрайды.

Университеттің тыныс-тіршілігімен тығыз байланыста болатын ғылыми кітапхана қызметкерлері – оқуға, оқытуға және білімге қол жетімділікті толық қамтамасыз етуге аянбай қызмет етуде.

Ғылыми кітапхана қоры оқу жоспары мен білім беру бағдарламалары бойынша пәндерге сәйкес болуын кітапхана қызметкерлері үнемі қадағалап, кафедра оқытушыларымен бірлесіп қорды толықтыру жұмысы жүзеге асырылады. Осы орайда отандық және шет елдік баспалардан кафедралардың тапсырыстары бойынша 11845 дана әдебиет сатып алынып, оқу үдерісіне пайдаланылуда.

Кітапхана қорына көптеген мекемелерден көркем әдебиет пен оқулықтар сыйға келеді. Ерекше атап кететін болсақ «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорынан шығарылған оқулықтардың 11 842 данасы университет кітапхана қорына сыйға берілді. Бүгінгі күні гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламаларында оқу құралдары толығымен пайдаланылуда.

Кітапхана қоры университеттің оқытушы-ғалымдарының мамандықтар бойынша әзірленген электронды оқулықтарымен де толығуда.

Ғылыми кітапханада оқырмандарға 3 оқу залы, 3 абонемент, 3 электронды зал, сирек кездесетін кітаптар және жатақханадағы кітап беру орны қызмет көрсетеді.

Университет басшылығының қолдауымен білім алушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында, университет тарихында алғаш рет 2021 жылы ғылыми кітапхананың Студенттер сарайындағы қызмет көрсету бөлімі модернизациялаудан өтті. Күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа үлгідегі кітапханалық кеңістік OPEN SPACE форматында іске қосылады деп жоспарлануда. Бұл университетіміздің 85 жылдық мерейтойы қарсаңында білім алушылар үшін үлкен сый болмақ.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы – білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам құруға бағытталған «Адами капиталды дамыту» бағыты бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарының алдына міндеттер қойып отыр. Олар жаңа білімдер мен инновациялар орталықтарына айналуы, экономиканың басым секторларын білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз етуі, рухани-интеллигенттік элитаны тәрбиелеуі тиіс.

Университеттің ғылыми кітапханасы жаңа технологияларды белсенді түрде игеріп, кітапхана ісін автоматтандыру жұмысын одан әрі жетілдіруде. Елімізде болған пандемия кезінде кітапханалық «КАБИС» бағдарламасының қашықтықтан білім алушылар үшін толық жұмыс жасау мүмкіндігі болмағандықтан, 2020 жылдың желтоқсан айында Ресейлік «ДатаЭкспресс» компаниясының «МегаПРО» автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесінің модульдері сатып алынды. 2021 жылдың мамыр айынан бастап, білім алушылар кітапханалық қызмет түрлерін қашықтан пайдаланады және «МегаПро» бағдарламасы интернет желісіне қосылған кез келген компьютер, мобыльді құрылғылар арқылы 24/7 форматында жұмыс істейді.

Ғылыми кітапхана дәстүрлі және электронды қызмет түрлерін қатар жүргізеді, абонемент және оқу залдарында пайдаланушыларға бірыңғай электронды оқырман формуляры арқылы қызмет көрсетіледі. Оқырманның жеке кабинеті арқылы құжаттарды қайтару мерзімдері, сақталуы туралы ақпараттар көрсетіліп, оқырмандардың бірыңғай базасы жасақталды. Бірыңғай электронды оқырман формулярының ерекшелігі пайдаланушы кітапхана құжаттарын қызмет көрсету пункттеріндегі қайтару уақытын бақылауға және әдебиеттерді қайтару кідірісіне байланысты келеңсіз жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік берді.

2021 жылға дейін магистранттар мен докторанттар ғылыми жұмыстарын дәстүрлі форматта кітапхана қорына өткізетін, «МегаПро» бағдарламасы іске қосылғаннан бастап кітапхананың электронды диссертациялық базасы жасақталып, толықтырылуда. Кітапхананың медиаресурстары электрондық оқулықтармен және басқа да ресурстармен толығуда.

«Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыруда жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханасымен (www.rmeb.kz) келісім-шарт ұзартылды.

Электронды кітапханалар базасын кеңейту мақсатында отандық «Alembook» (https://new.alemlibrary.kz ) электронды кітапханасын пайдалану үшін 2021-2025 жылдар аралығына келісім-шарт жасалды.

Сондай-ақ, отандық ашық электронды ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері бар: www.kazneb.kz – Қазақстандық ұлттық электронды

кітапхана, https://adebiportal.kz/kz – Әдебиет порталы, https://kitap.kz/- онлайн патформа Ашық кітапхана, http://library.kz/ – Орталық ғылыми кітапхана, https://www.okulyk.kz/ – жалпы орта мектептің оқулықтарының электронды кітапханасы, https://openu.kz/kz/books – Қазақстанның ашық кітапханасы, http://elibrary.kaznu.kz/kk/ – әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің электронды кітапханасы.

Университеттің серверіне қосылған компьютерлер арқылы сыртқы электронды ресурстарды пайдалануға мүмкіндік бар.

Олар: https://link.springer.com/ – Springer – International Publisher Science, http://apps.webofknowledge.com/ – Clarivate Analytics https://www.wdl.org/ru/– Әлемдік цифрлық кітапхана, https://www.scopus.com/ – Scopus.

Инновациялық технология көмегімен кең көлемді ақпарат алу жолдары үнемі насихатталуда. Дәстүрлі түрде оқу жылының басында институттар бойынша «МегаПРО» бағдарламасы арқылы университеттің электронды кітапхана қызметін қашықтан пайдалану, бітіруші түлектердің ғылыми жұмыстарын базаға ендіру, әдебиеттерге онлайн сұраныс беру, т.б. өзекті тақырыптарға арналған онлайн және офлайн режимінде семинар-тренингтер жүйелі түрде ұйымдастырылып отырады.

Университет қабырғасында өтетін түрлі бағыттағы облыстық, республикалық және халықаралық ғылыми-конференцияларға белсене атсалысып, кітап көрмелерін ұйымдастыру дәстүрге айналған.

Университет кітапханасында 30 жылдан астам қызмет атқарып, еңбектері еленіп, университеттің дамуы мен өркендеуіне өзіндік үлесін қосып жүрген кітапхана қызметкерлері А.Р.Қиясова, Г.Қ.Есмағанбетова, Ұ.Ш.Бисенова, А.Т.Есполова, Қ.Арғынбаевалар жас мамандарға үлгі көрсетуде. Жаңа технологияны жетілдіруде және кітапхана қорын сандық форматқа көшіруде С.Ж.Сәдуақасова, Ж.А.Бисенова, М.Ахметова, Ж.Бекотова, Ю.Терещенколардың еңбектерін атап өткен жөн.

Бүгінгі күні ғылыми кітапхана кітапхана білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен дамытуда заманауи ақпараттық-танымдық орталыққа айналды.

**Гүлмира СӘТБАЕВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің**
**ғылыми кітапхана директоры.**

**«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі, 03.09.2022ж.**

# УНИВЕРСИТЕТТЕ ЖҰМАТАЙ АСАНОВ АТЫНДАҒЫ ДӘРІСХАНА АШЫЛДЫ

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде профессор, педагогика ғылымдарының докторы Асанов Жұматай Ілесбайұлы атындағы дәрісхана ашылды.**

Дәрісханаға күрделі жөндеу жұмыстарын ғалымның ұрпақтары жүргізді. Айта кету керек, бұл – кейінгі үш жылда демеушілер қаржысы есебінен қайта жаңартылған жетінші дәрісхана.

Шарада Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Бейбіткүл Кәрімова ғалымның ғылым мен білім саласына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

«Бүгінде оқу орны ғылым мен білім саласының дамуына зор үлес қосқан ғалымдардың есімін ұлықтауды дәстүрге айналдырды. Әсіресе, ғалымдардың ұрпақтары осы өнегелі бастамаға ат салысуда. Соңғы 3 жылдың ішінде 7-ші дәрісхананы демеушілер есебінен ашудамыз. Алдағы уақытта бұл шаралар жалғасын табатын болады.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асанов Жұматай Ілесбайұлы 1970 жылдан бастап университетте оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметін атқарған.

Жұматай Ілесбайұлы білім алушыларға «Мектеп педагогикасы», «Қазақстандағы педагогика ғылымы», «Педагогиканың ғылыми зерттеу әдістері», «Этнопедагогика» пәндерінен дәріс берді, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Жиында оқу орнының стратегиялық дамуына қосқан үлесі үшін «Қорқыт Ата атындағы Алтын медальмен» Сұңғат Асанов марапатталды.

Шараға зиялы қауым өкілдері, ғалымның туған-туыстары, профессор-оқытушылар мен білім алушылар қатысты.

Айта кету керек, осы жылдың мамыр айында университетте биология ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Алтынбек Ерназаров атындағы дәрісхана ашылған болатын. Жиында осы дәрісхананың ашылуына демеушілік жасаған қалалық мәслихат депутаты, Алтынбек Ерназаровтың інісі Қайрат Ерназаровқа оқу орнының стратегиялық дамуына қосқан үлесі үшін «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалі» табысталды.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асанов Жұматай Ілесбайұлы 1941 жылы 25 мамырда Қызылорда облысы Сырдария ауданы Комсомол кеншарында дүниеге келген.

1962 жылы Қызылорданың Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының «Биология, химия және ауылшаруашылық негіздері» мамандығы бойынша бітірген.

1962-1970 ж.ж. мектептерде мұғалім қызметін атқарып, әскери қатарында болған.

1970 жылдан бастап университетте оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарған.

1981 жылы В.И.Ленин атындағы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінде п.ғ.д., профессор Д.П.Еридинның жетекшілігімен «Ауыл орта мектептерінде пәнаралық негізде агрохимия бойынша үйірме сабақтарының педагогикалық тиімділігі» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

2004 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы дисертациялық кеңесте п.ғ.д., профессор М.Ә. Құдайқұловтың кеңесшілік етуімен «Студенттердің этнопедагогикалық білімдерімен икемділіктері жүйесін қалыптастырудың дидактикалық негіздері тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғаған.

Жұматай Ілесбайұлы «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1990 жылы), ҚР Журналистер Одағының мүшесі (1992 ж), Ресей Халықаралық педагогикалық білім беру Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (2003), 2006 жылы Қазақстанның Педагогикалық Ғылымдар Академиясының құрметті академигі (2006ж) атанды.

Сонымен қатар, Жұматай Ілесбайұлы «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгілерімен марапатталған.

Профессор – 4 оқулық, 2 монография, 14 әдістемелік оқу құралы, 4 ғылыми көпшілік және 1 сөздік кітап пен 100-ден астам ғылыми мақаланың авторы.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда<br>университетінің медиа орталығы

«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі, 16.09.2022ж.

## «OPEN SPACE» ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында «Open space» заманауи үлгідегі кітапхананың ашылу салтанаты өтті.**

«Open space» – профессор-оқытушылар мен білім алушыларды отандық және шетелдік кітап-оқулықтармен қамтамасыз ететін, жаңа технологиямен жабдықталған, түрлі форматтағы кездесулер өткізуге қолайлы кітапхана.

Кітапхананың ашылу салтанатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Бейбіткүл Кәрімова рухани орталық студенттердің сапалы білім алуына, тұлғалық дамуына серпін беретінін атап өтті.

–Қай кезде, қай заманда болмасын кітап құндылығын жоғалтпайды. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі

кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Электронды форматтың қарқынды дамып жатқанына қарамастан дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайды» деген болатын.

Уақыт өткен сайын кітапхананың оқырманға ұсынатын мүмкіндігі артып келеді. Қазір университеттің ғылыми кітапханасында 2 миллионнан астам кітап қоры бар. Жыл сайын оқу процесіне қажетті кітаптар жаңадан алынып, оқулықтардың саны артуда, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Шарада мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әбенов Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми потенциалы жоғары екенін атап өтті. Сондай-ақ, кітапхананың ашылуы жастардың интеллектуалдық деңгейінің артуына, жаңа идеялардың туындауына, білім алушылардың осында жиі бас қосуына ықпал ететінін айтты.

Айта кету керек, оқу орнында электронды кітаптардың да саны артуда. Университеттің ғылыми кітапханасы AlemBook электронды кітапханасымен 5 жылға келісімшарт жасасты. Қазір студенттер кез келген уақытта интернет арқылы AlemBook электронды кітапханасының кітаптарын тегін оқи алады.

Сонымен қатар, Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханасының базасын пайдалану мерзімі 5 жылға ұзартылды.

2021-2022 оқу жылында жалпы сомасы 38 миллионнан астам теңгені құрайтын 5710 дана оқу құралы сатып алынды.

Бүгінде университет кітапханаларын цифрландыру жұмысы қарқынды. Осы мақсатта құны 6 496 000 теңгені құрайтын жоғары жылдамдықты Optima A2 сканері сатып алынып, өткен оқу жылында 617 дана кітаптың электронды нұсқасы жасалды.

Студенттер сарайында орналасқан кітапханаға күрделі жөндеу жасалып, «Open space» үлгісінде қайта ашылды. Кітапхана 12 орындық соңғы үлгідегі компьютерлермен, ноутбук, 30 орындық конференц зал, 10 орындық кіші зал және студенттер үшін 40 орындық жеке орынмен қамтылған.

Мұнда білім беру бағдарламалары бойынша кейінгі 5 жылда сатып алынған барлық оқу құралы оқырмандарға қолжетімді.

Салтанатты шараға Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов, Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Ғалия Дәулетова, А.С.Пушкин атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Гүлмира Рахметова және зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар, білім алушылар қатысты.

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы**

**«Қазалы» газетінің сайты, 16.09.2022ж.**

## МҰРАТ ӘБЕНОВ СТУДЕНТТЕРГЕ ШЕБЕРЛІК САҒАТЫН ӨТКІЗДІ

**Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әбенов «Жетістіктер формуласы» атты шеберлік сағатын өткізді.**

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әбенов білім алушылармен кездесіп, тұлғалық даму бағытында сөз қозғады. Жиында жастардың мақсат қойып, еңбек етуі, қоғамдағы белсенділікті арттыру мәселелері талқыланды.

«Қоғамда жастардың орны бөлек. Еліміздің дамуы, болашаққа деген сенімді көзқарастың қалыптасуы жастардың әлеуметтік-мәдени ұғымдық болмысымен тікелей байланысты. Елдің болашағын айқындайтын да – жастар қауымы. Қазір олардың жұмыспен қамтылуына, кәсіпкерлікпен айналысуына бағытталған мемлекеттік жобалар жетерлік. Ең бастысы жастарда жігер, өзгеріске бастайтын батылдық пен ынта болуы керек. Түрлі бастамаларға азаматтық позициясын танытып, интеллектуалдық потенциалын тиімді пайдаланатын білім алушылар мықты тұлға болып қалыптасады», – деді Мұрат Абдуламитұлы.

Сондай-ақ, студенттердің дамуы үшін ортаның ықпал ететінін ерекше атап өтіп, жастар оқуы тиіс кітаптарды ұсынды.

Кездесуде университеттегі жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі Нәбиден Марат белсенді жастарға әрдайым қолдау бар екенін жеткізді.

«Қазіргі кезде оқу орнында 22 жастар ұйымы жұмыс жасайды. Білім алушылардың білім және ғылым, мәдениет, спорт салаларында ғана емес, әртүрлі бағытта дамуы үшін түрлі жобалар атқарудамыз. Бір салаға қызығатын жастардың өз идеяларымен бөлісіп, бірге еңбек етуі көп нәтиже береді. Біз үшін әрбір білім алушының қоғамнан өз орнын тапқаны маңызды. Бүгінде университеттің дарынды жастары халықаралық және республикалық жарыстарда ел абыройын асқақтатып жүр», – деді Нәбиден Маратұлы.

Жиын барысында белсенді жастар өз пікірлерін жеткізіп, жаңа идеяларын ортаға салды.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы.**

**«Ақмешіт жастары» газетінің сайты, 19.09.2022ж.**

## ҒАЛЫМДАР АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу» тақырыбында өңірлік сарапшылар кеңесінің жиыны өтті. Ғалымдар кездесуде аграрлық секторды дамытудағы ЖОО-ның ғылыми әлеуеті, ауылшаруашылығы саласын дамыту мәселелерін талқылады.**

Жиынды мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әбенов жүргізді. Модератор өңірдегі ауылшаруашылығы саласының ерекшелігі, оқу орнының аграрлық бизнеспен байланысы, студенттердің ауылшаруашылығы саласы бойынша стартап жобалары, ауылшаруашылығы саласының мамандарын даярлау жұмыстары бойынша сауалдар қойып, ғалымдар тәжірибесімен бөлісті.

Шарада университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Бөрібаева осы бағытта атқарылған жұмыстармен таныстырып өтті. Ал ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, «Аграрлық технологиялар» кафедрасының профессоры Ибадулла Таутенов өңірдің ерекшелігі туралы сөз қозғады. Сыр өңірі – негізгі аграрлық аймақ. Осыдан 50-60 жыл бұрын басталған мелорациялық жұмыстардың негізінде біздің өңірімізде 270 мың гектарға жуық жер тегістеліп, инженерлік жүйеге келтірілді.

Қазіргі проблемалардың бірі – топырақтың құнарсыздығы мен тұздылығы. Тұзды топырақта өсімдіктің өсуі қиындайды. Өңірдегі осы мәселелерді шешуге университет ғалымдары атсалысуда. Айталық, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Лаура Тохетова топырақтың тұздылығына төзімді дақылдардың селекциясымен айнылысуда. Ғалым арпа, бидай сорттарын сұрыптау мақсатында еңбек етуде. Ал «Аграрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі, PhD Серік Бекжанов ғалымдармен бірлесіп қант құмайының «Кешен» деген сортын жасап шығарды.

Бұл сорт – қант өндірісіне де, мал азығына да жарайтын әмбебап өнім. Бірақ бұл жобалар қаржыландырудың төмендігіне байланысты қолданысқа кеңінен енгізілмеді. Сырдария өзеніндегі судың азаюына байланысты тұздану процесі үдеп барады. Сондықтан бүгінгі күнде ғалымдар суды үнемдеу технологияларын дайындаумен айнылысуда. Биыл күріш егетін алқаптар көлемі қысқарды, бірақ суды үнемдеудің нәтижесі бар. Күріш дақылының жиналатын өнімінің көлемі өткен жылдағыдан кем болмайтыны байқалады.

Күріштің ерте пісетін сорттарын өндіріске енгізу жұмыстары қолға алынуы тиіс, – деді Ибадулла Айғалиұлы. Сонымен қатар, «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың бас ғылыми қызметкері, профессор Нұрбол Аппазов химия саласындағы ғалымдардың ауылшаруашылығы бағытындағы ғылыми зерттеулері туралы атап өтті. Жиын барысында ғалымдар ауылшаруашылығы саласындағы өзге де мәселелерді шешу жолдарын талқыға салды.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің медиа орталығы**

**«Білімді ел» газетінің сайты, 22.09.2022ж.**

## ҚОРҚЫТ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ДЕМЕУШІЛЕР ЕСЕБІНЕН СЕГІЗІНШІ ДӘРІСХАНА АШЫЛДЫ

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында профессор Хадиша Нұғманова атындағы**

**этнопедагогика дәрісханасы ашылды. Айта кету керек, бұл – кейінгі үш жылда демеушілер қаржысы есебінен қайта жаңартылған сегізінші дәрісхана. Салтанатты іс-шараға зиялы қауым өкілдері, ардагер ұстаздар, Хадиша Ермақашқызының жақындары мен шәкірттері, университеттің профессор-оқытушылары және білім алушылар қатысты.**

Жиында Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбіткүл Кәрімова алғы сөз алып, ардагер ұстаздың оқу орнына сіңірген еңбегіне тоқталды. Сонымен қатар, Хадиша Ермақашқызының ұлы Ғабит Аяшұлына университеттің стратегиялық дамуына қосқан үлесі үшін «Қорқыт Ата атындағы Алтын медальмен» марапаттады. Хадиша Нұғманова – ардагер ұстаз, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, КСРО, Қазақ КСР-і халық ағарту ісінің үздігі.

1957 жылы Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының «Орыс тілі және әдебиет» факультетін бітіріп, 1968 жылы инстиутта оқытушылық қызметін бастайды. 1983-2003 жылдар аралығында Хадиша Ермақашқызы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, сол кафедраның профессоры қызметтерін атқарды.

Еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет ретінде қалыптасу кезеңінде ол халық педагогикасының тағылымдарын, ұлттық құндылықтарды педагогикалық бағыттағы мамандықтардың оқу-үдерісіне енгізумен айналыса бастады. Соның бір айғағы – «Халық педагогикасын болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығында пайдалану» тақырыбында жарық көрген оқу құралы. Ғалым-ұстаздың «Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесі» кітабын оның қазақ этнопедагогика ғылымына қосқан зор үлесі деуге болады. Хадиша Ермақашқызы 150-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы.**

**«Білімді ел» газетінің сайты, 23.09.2022ж**

## ҚЫЗЫЛОРДАДА ПРОФЕССОРДЫҢ АТЫНА КӨШЕ БЕРІЛДІ

**Қызылорда қаласында педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жеңіс Зағиұлы Өтемісовтің атына көше берілді. Шаһардағы Сәулет – 12 көшесі енді ғалымның есімімен аталады.**

Салтанатты шарада Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ректорының міндетін атқарушы Нұрлан Уразбаев білім беру саласында елеулі еңбек еткен тұлғалардың есімін ұлықтау, ғылыми мұрасын насихаттау дәстүрге айналғанын атап өтті.

«Сыр өңірінде білім мен өнер саласының дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдардың бірі – «Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері», педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Өтемісов Жеңіс Зағиұлы. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы республикалық

ономастика комиссиясының 2021 жылғы 3 ақпандағы қорытындысына сәйкес, облыстық мәслихат шешімімен Қызылорда қаласында Өтемісов Жеңіс Зағиұлының атына көше берілді. Профессор Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 20 жылдан астам уақыт ұстаздық қызмет атқарды. Соның ішінде 12 жыл бойы «Музыкалық педагогика» факультетінің деканы, 4 жылға жуық «Музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі болып еңбек етті», – деді Нұрлан Жеткергенұлы.

Салтанатты шарада зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар мен жақын туыстары ғалым туралы естеліктер айтып, «Сыр сұлуы» ансамблі өнер көрсетті.

Жеңіс Сағиұлы – тәжірибелі режиссер. Ол ұзақ жылдар бойы университетте ғана емес, Қызылорда облысы бойынша түрлі мәдени іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысты.

Ғалым 2003 жылы халықаралық педагогикалық білім академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды. Жеңіс Зағиұлы 1980 жылы Қазақстанның 60 жылдық мерейтойын өткізген еңбегі үшін облыстық Советтің Құрмет грамотасымен, 1988 жылы «Облыстың үздік режиссері», 1996 жылы Қызылорда облысының Алматыдағы мәдениет және өнер күндерін өткізуге белсене қатысқаны үшін республикалық мақтау грамоталарымен марапатталды. 1992 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», 1996 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы берілді. 2003 жылы VI халықаралық «Шабыт» фестивалінде Қазақстанның өнер шығармашылығын толық көрсете алғаны үшін марапатталды. 2006 жылы «Ы.Алтынсарин» медалімен марапатталды.

Бүгінде ғалымның шәкірттері еліміздің әр аймағында табысты еңбек етуде. Олардың қатарында елге еңбегі сіңген артистер мен қайраткерлер, мемлекеттік марапат иелері, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары бар.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің медиа орталығы.**

**«Kuzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі, 10.10.2022ж.**

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ҒАЛЫМДАР ЕГІС АЛҚАПТАРЫНДА СУ КӨЛЕМІН 25-30 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН ҮНЕМДЕП, МОЛ ӨНІМ АЛУҒА БОЛАТЫНЫН ДӘЛЕЛДЕДІ

Соңғы жылдары еліміздегі су тапшылығы ауыл шаруашылығы саласына кері әсерін тигізуде. Осы ретте Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары ресурстарды үнемдеу және өнімділікті көтеру мақсатында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының тапсырысы бойынша ғылыми жұмыстар жүргізіп келеді.

Қызылорда қаласына қарасты Абай ауылы, «Талапкер» шаруа қожалығында «Климат және су ресурстары өзгеруі жағдайында Қазақстандық

Арал өңірі суармалы егіншілігін бейімдеу және тарату жобасы» аясында Дала күні аталып өтті. Жиынға ауыл шаруашылығы саласының өкілдері, университет ғалымдары мен білім алушылары, облыстағы шаруа қожалық басшылары қатысты. Оқу орнының ғалымдары жобаның маңыздылығын түсіндіріп, қатысушыларға су тапшылығы жағдайындағы өнім алу технологиясын көрсетті.

Басқосуда ауыл шаруашылығы саласының ғалымдары егістік картасын әзірлеуден бастап, өнім өсіру, жинау кезеңіне дейінгі атқарылған зерттеу жұмыстарының нәтижесін таныстырды. «Біз ұсынып отырған технология аймақтың биоклиматтық ресурстарын тиімді пайдалануға негізделген. Күз-қыс және ерте көктемде топырақта жиналған ылғал қоры көп жағдайда пайдаланылмайды. Аймақтың негізгі дақылы – күріш. Жаңа технология лазерлік тегістеуден кейін арнайы тұқымсепкішпен күріш дәнін 0,5-1 см тереңдікке сеуіп, пленкамен бастырып, дән түскен жерді тесіп қояды.

Пленканың астындағы топырақ тез қызып, ылғалдың пленка астында сақталуына, тұқымның өсуіне әсерін тигізеді. Бұл технология арқылы өсімдік 2-3 жапырақ шыққанға дейін суды қажет етпейді. Күріш өнімін сәуір айының 1-2 онкүндігінде, ақ дақылдарды наурыз айының екінші онкүндігінде егу қолайлы, – деді жоба жетекшісі, техника ғылымдарының докторы Серікбай Өмірзақов. Сонымен қатар, ресурс үнемдегіш тұқымсепкіш арқылы тұқым 10 есеге дейін үнемделеді. Бұл шаруалар үшін экономикалық тұрғыдан 10 есе тиімді болмақ. Ғалымдар күрішті 15-25 күн сусыз өсіру арқылы су көлемінің 25-30 пайызға дейін үнемделетінін дәлелдеді.

Жобаның нәтижесі бойынша аймақта қолданыстағы өсіру технологиясымен салыстырғанда 14,7 ц/га артық күріш өнімі алынды. Бұдан бөлек жоба аясында арпа, бидай, сұлы, қант құмайы, жоңышқа, көкөніс және бақша дақылдары егіліп, суару технологиялары нақтыланды. Қатысушылар назарына ғалымдар өсірген өнімдер мен зерттеу жұмыстарына пайдаланылған соңғы үлгідегі көпфункциялы техникалар көрмеге қойылды. Дала күні аясында зерттеушілер ұсынған жаңа технология шаруа қожалық басшыларына өндіріске енгізу мақсатында таратылды.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы.**

**«Білімді ел» газетінің сайты, 12.10.2022ж.**

## УНИВЕРСИТЕТТІҢ 21 СТУДЕНТІ ПРЕЗИДЕНТТІК СТИПЕНДИЯ ИЕЛЕНДІ

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 21 студенті Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясына ие болды. Президенттік стипендия оқу үлгерімі «өте жақсы» және университеттің қоғамдық жұмыстарында белсенділігімен ерекшеленген білім алушыларға тағайындалып отыр.**

Президенттік стипендия иеленген жастардың барлығы дерлік үздік әрі ізденімпаз. Олардың қатарында «Химия-Биология» мамандығының 3-курс студенті Гүлназ Оңғар да бар.

-Университетке қабылданғаннан кейін өнер жарыстарына жиі қатысып, біліммен қатар шығармашылық қабілетімді де дамытуға тырыстым. Ал 2-курстан бастап ғылыми жұмыстарға қызығушылығым арта бастады. Ғылыми жетекшім, химия ғылымдарының кандидаты Гүлжан Балықбаевамен бірге қойдың құйрық майынан жақпа май дайындау мақсатында зерттеу жасадық. Сондай-ақ, «Жасыл химия» клубындағы студенттермен бірге осы өңірде өсірілетін өсімдіктерден құрамы таза, табиғи сабын дайындап шығардық. Қазір адамдардың көпшілігі бүйрек ауруына жиі шалдығады. Сондықтан жантақ ағашынан бүйрекке пайдалы сусын да әзірледік. Биылдан бастап стипендия көлемінің артқанына қуаныштымын, бұл жастарға үлкен мүмкіндік,– деді Гүлназ Талғатқызы.

Еліміздегі үздік жүз студенттің қатарына енген Назым Балғараева да биыл Президенттік стипендия иеленді.

– Университеттегі «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3-курсында білім аламын. Қазіргі уақытта педагогика және психология саласы бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысудамын. Ал, бастауышта оқытудың қиындықтары туралы жазған мақалам бойынша еліміздегі «100 үздік жас ғалымның» қатарына қосылдым. Алдағы уақытта педагогика саласы бойынша ғылыми жұмыстармен тереңірек айналысқым келеді. Президенттік стипендия білім алушыларға үлкен мотивация береді. Кейбір студенттердің сабақ уақытынан тыс жұмыс істеп, қосымша қаражат табатыны рас. Бірақ қазіргі уақытта үздіктер қатарынан көрініп, жоғары шәкіртақыны иеленуге мүмкіндік мол, – деді студент.

Айта кету керек, стипендия күндізгі оқу нысаны бойынша 3-курстан бастап мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында және ақылы негізде тек «өте жақсы» (А, А-) оқитын студенттерге беріледі.

Стипендия білім алушылардың мынадай санаттарына тағайындалады:

1) республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңалық авторлары;

2) ғылыми еңбек жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар білім алушылар;

3) табыстары дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатындар;

4) білім беру ұйымының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене араласатындар.

**Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын иеленген білім алушылар тізімі:**

**1. Азамат Абимолдаев** – 6В03238-Журналистика білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.

**2. Нұржан Жарылқасын** – 6В04140-Экономика білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.

**3. Перизат Тобжан** – 6В06149-Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.

**4. Ақжайық Тәжі** – 6В01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.

**5. Жаңыл Сәрсенбай** – 6В04140-Экономика білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.

**6. Жансая Мирамбекқызы** – 6В01517-Биология білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.

**7. Әлия Бекенова** – 6В04141-Есеп және аудит білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.

**8. Динара Амирова** – 6В11177-Туризм білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**9. Ақбота Әміртай** – 6В07369-Жерге орналастыру білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**10. Нұрсұлтан Абибуллаұлы** – 6В10276-Әлеуметтік жұмыс білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**11. Аружан Алтынбаева** – 6В01303-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**12. Малика Нургалиева** – 6В01303-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**13. Гүлназ Оңғар** – 6В01516-Химия-Биология білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**14. Айсұлу Мақаш** – 6В01511-Математика-Информатика білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**15. Нұрсауле Сейткамалова** – 6В01303-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**16. Назым Балғараева** – 6В01303-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**17. Айжан Орынбасар** – 6В04139-Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**18. Ғайни Кошкинбаева** – 6В01303-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**19. Нұратай Жақсыбай** – 6В11279-Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**20. Айжан Бақытжан** – 6В04245-Құқықтану (Азаматтық-Құқықтық) білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**21. Мақпал Абдукаимова** – 6В01406-Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университетінің медиа орталығы.**

**«Ақмешіт жастары» газетінің сайты, 14.10.2022ж.**

# ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ: БАРЫСЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Биыл Қазақстан халқы Қазақстанның Егемендік декларациясы қабылданғанының 32-жылын атап өткелі отыр. Декларация сөзінің зандық мағынасы ресми құжаттарда «Заңдық мәні бар мәліметтерді хабарлайтын ресми құжат» деп беріледі. Алғашқы Тәуелсіздік декларациясы АҚШ-та тәуелсіздік үшін соғыс кезінде 1776 жылы

4 шілдеде Филадельфияда өткен ІІ Құрлықтық конгресте қабылданған.

Тәуелсіздік декларациясының негізіне республикалық және демократиялық рухта жасалған Томас Джефферсонның жобасы алынды. Онда 13 британ отарының метрополиядан бөлініп, дербес, тәуелсіз мемлекет – Америка Құрама Штаттарының құрылғаны жарияланды. Тәуелсіздік декларациясы адамдардың заң алдындағы теңдігін, олардың өмір сүруге деген табиғи құқығын, бостандығы мен бақытқа ұмтылуын жариялады. Кейіннен Тәуелсіздік декларациясының қабылданған күні Америка халқының ұлттық мейрамына айналды.

Көптеген ел өз егемендігін тек ХХ ғасырдың соңында алды. Олардың қатарында Қазақстан да бар. Тарихы ежелгі заманнан бастау алатын, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы ерте заманнан бері өзінің іргелі ел, қабырғалы қалпын, салиқалы салтын сақтап қалғаны – еркіндіксүйгіштік жігерінің, асқақ рухының арқасы. Қазақ мемлекеттілігінің түпкі негізі сонау сақтардан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасы.

Қазақ елінің еркіндігі, тәуелсіздігі үшін тарихта ерекше орын алған көптеген көтерілістер болды. Олар – Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер. Сонау ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама заманынан бастап, 1930-1933 жылдардағы аштық, ел тізгінін ұстаған азаматтардан айырылған ХХ ғасырдың 30 жылдарындағы қуғын-сүргін, халқымыздың осынау кең далада өмір сүруін, тарих бетінен ұлт болып жойылып кету қаупін тудырды.

Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Баймұрат, Сартай, Жанқожа батырлар, ХХ ғасырда Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар туған елін қорғауда ерлігімен танымал болып, ел құрметіне бөленді. Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының тарихына айналды. Бас көтеру кеңестік тоталитарлық режимнің күшімен басылса да, жанымызға нұр септі. Қазақ рухының өшпегенін, бабалар өсиетінің жастар бойында сақталғанын көрсетті.

Қазақ халқының ғасырлар бойы күткен арманы Тәуелсіздігі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы қабылданған 1990 жылдың 25 қазаны күні жүзеге аса бастады. Еңсемізді тіктеп егемен ел, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да, тастай берік төзімділіктің арқасында күллі әлемге өзінің бар

екенін, өркениетке деген үмітін мойындатты. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған, әлемде 9-орынды алып жатқан атамекен жеріміз, тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақ халқы рухының күштілігімен сақталды.

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктеріміз, қазақ халқының егемен заманда жаңаша дамуы, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен терезёмізді теңестірудегі қадамдарымыз, дәулетті елдермен қарым-қатынас жасаудағы жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – Қазақстан Республикасының егемендігінде.

Тарих толқынында талайды бастан кешірген Қазақ елі 32 жыл бұрын өз егемендігін алған тұста көптеген шетел саясаткерлері «КСРО-ның шекаралас аймақтарында азамат соғысы болады» деп айтқан еді. Бейбітшілік, келісім, тұрақтылық жағдайын ұстанған Қазақстан бұрынғы КСРО кеңістігіндегі әлемдегі жетекші елдердің қатарына қосылып келеді.

Бүгінде Қазақстан – әлемдік қоғамдастықтағы жауапты да құрметті әріптес, Орталық Азияда шешуші дауысы бар ел. Әлемдік денгейде өтетін көптеген игі іс-шаралардың платформасы.

Кейінгі кездегі батыл қадамдар ел арасында қолдау тауып, болашағымыздың жарқын екеніне сенім ұялатады. Лайым Қазақстанның алға басқан қадамдары мемлекетіміздің өркендеуіне, халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына әкелсін.

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік жарияланған күн – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Ұлттық мерекеде Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен ел ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз желбірей берсін деп тілеймін

**Айтжан ОРАЗБАҚОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің**
**қауымдастырылған профессоры,**
**тарих ғылымдарының кандидаты.**

**«Сыр бойы» газеті, 23.10.2022ж.**

## АРДАҚ ТҰТАТЫН АЙРЫҚША КҮН

Әлемдегі барлық елдер азаттыққа қол жеткізген тарихи күндерін ардақ тұтып, өзге мерекелерден ерекше қастерлейтіні баршамызға аян. Себебі, әрбір адамзат баласы бостандықта, емін-еркін өмір сүруге құқылы.

Біздің еліміздің тарихында Мемлекеттік егемендік туралы декларация Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен 1990 жылғы 25 қазанда қабылданғаны белгілі. Бұл маңызды шешім Қазақстанның КСРО құрамында

болса да, дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде саяси-құқықтық базасын қалауға дәнекер болды.

Дәл сол уақыттан бастап, алғаш рет ел аумағының тұтастығы, Қазақстан халықтарының бірлігін нығайту мен әлеуметтік-мәдени дамытудағы шараларды өз қолымызға ала бастадық.

Қаншама ғасырлар бойы азаттық жолында өмірлерін сарп еткен батыр бабаларымыздың арман-тілектерін қабыл еткен егемендікті, өз халқымызмен қатар шетелдердегі қандастарымыз да қуана қарсы алды.

Бұл тарихи құжат ұлтымыздың шынайы тәуелсіздікті сезініп, намыс пен өрлікке бағытталған рухымызды көтеруге себеп болды.

Осы кезеңде Қазақ КСР жеке ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер ұйымдарын дербес құру құқығына ие болдық. Декларацияның нәтижесінде ел аумағындағы қолданылатын КСРО заңдарын тоқтатып, жеке өзіміздің заңдарымызды қабылдай бастадық. Осы шаралардың ықпалымен 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылдай алдық. Егемендік декларациясының қабылдануы еліміздің жаңа замандағы жеке, дербес мемлекет құру символы деп санауға болады.

25 қазанының Республика күні ретінде жарияланып, ұлттық мереке қатарына қосылуы, барша қазақстандықтардың тілегін ескеріп, мәртебесін көтерумен қатар, олардың жаңа қоғам құру жолындағы саяси реформаларды қолдауына сенім туғызары анық.

**Ербол ӘБЕНОВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті**
**«Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»**
**кафедрасының доценті, саясаттану**
**ғылымдарының кандидаты**

**«Сыр бойы» газеті, 23.10.2022ж.**

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ КЕЗЕҢІ

**Әлемнің дамыған елдерінде атақты адамдарын – ұлы ақындары мен жазушыларын, ғалымдарын, музыканттары мен суретшілерін, т.б. түбегейлі зерттеп білу жолға қойылған. Талай ғасыр өтсе де, күн тәртібінен түспей, заман сұранысы, уақыт талабына сай жаңа бір қырынан қарастырыла береді. Олардың өмірі мен шығармашылығын былай қойғанда, тіпті отырған-тұрғаны, ішкен тамағы, ұнатқан, араласқан адамдары, өзіндік әдеттері мен мінездеріне дейін жазылып, үлгі етіледі, насихатталады. Айталық, немістер өздерінің Дантесі мен Гейнесін, французлар Мопасаны мен Бальзагін, ағылшындар Шекспирі мен Байронын, орыстар Пушкині мен Толстойын жан-жақты түбегейлі қарастырған, әлі де зерттеуде.**

Қазақ халқы да мұндай тұлғаларға бай. Осы бағыттағы зерттеулер бізде де жүргізіліп келеді. Оған фарабитануды, абайтануды, шоқантануды, шоқайтануды, алаштануды, т.б. айтуға болады. Енді, міне, солардың қатарына Ахметтану да қосылуда.

Бұл күнде бүкіл ел болып 150 жылдық мерейтойын тойлап жатқан Ахмет Байтұрсынұлы кім? Осы сұраққа жан-жақты жауап беріп, оның өмір жолы мен шығармашылық кезеңдерін жүйелеп зерттеу – осы күннің өзекті мәселесі.

А.Байтұрсынұлының уекипедиялық, энциклопедиялық, ғылыми-танымдық анықтамалықтар мен оқу құралдарында берілген өмірі мен шығармашылық жолына назар аударсақ, оны туған жері Торғайдан бастап, білім алған қаласы Орынбор, алғашқы еңбек жолы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралыда басталғаны, одан Семейде түрмеде болғаны, одан қайта Орынборда газет шығаруы, Ташкентте, Алматыда институтта сабақ беруімен жалғастырып хронология жасайды. Бір қызығы, өмірі мен шығармашылығына арналған мұнан да басқа шағын мақалалардан бастап үлкен көлемді зерттеулерде оның Қызылордада өмір сүрген жылдары туралы айтылмайды. Ол кезеңді үнемі аттап өтеді не ұмыт қалдырады. Бұл біздіңше, А.Байтұрсынұлының өмір жолы мен шығармашылық жұмыстарын зерттеудің әлі де бір ізге түспегенін, жүйеленіп болмағанын, өмір белестерінің белгісіз жақтарының көп болуымен түсіндіріледі. Соның ішінде, әсіресе, біз нысана етіп отырған А.Байтұрсынұлының Қызылордадағы кезеңі мүлде қарастырылмаған деп айтуға да негіз бар. Бұл біз ұсынып отырған тақырыптың өзектілігін танытады.

Қазақ – ұшы-қиыры жоқ кең далада көргені мен естігенін қағазға түсірмей, ойына тоқып, ойындағысын көркем сөзбен құлағының құрышын қандырып шебер жеткізе білетін, кітап, қағаз жинамай, сөз жинаған халық. Сол себептен болар, арғы Қорқыт және Асанқайғы аталарымызды былай қойғанда өткен ғасыр саңлақтары, Алаш арыстары, соның ішінде А.Байтұрсынұлының көп дүниесінің өзі әлі де қағазға түспей, жүйеленіп зерттелмей келеді.

Ахметтану ғылымының негізін өзінің замандас інілері М.Әуезов, М.Дулатов, С.Сәдуақасұлы, Е.Омаров, С.Сейфуллин, Т.Шонанов сынды қазақ мәдениетінің тарландары қаласа, көпқырлы еңбегін жан-жақты бағалаған орыс түркітанушылары Е.Поливанов пен А.Самойлович болды. Кейін Кеңес заманында белгілі түркітанушы ғалым, академик А.Кононов 1974 жылы шыққан «Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период)» деген еңбегінде кітаптың бір бетін Ахмет Байтұрсынұлына арнап, қысқаша өмірбаяны мен негізгі еңбектерін, ол туралы жазылған әдебиеттерді көрсеткен екен.

Енді мақала көлеміне қарай А.Байтұрсынұлы туралы өз замандастарының жазған жазбаларына шолу жасап өтейік. Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Ақаңның елу жылдық тойы (юбилей)» деген «Ақ жол» газетінің 4 ақпан 1923 жылғы 270-санында жариялаған мақаласында былай депті: «Осы күнде Ақаң Орынборда. Басынан кешкен толқынды күндер сақал-шашына ерте күннен-ақ ақ кіргізіп, бетіне әжім түсірсе де, әзірше дені сау, жас күннен көңілі

сүйген қызметі болғандықтан, Орынбордағы қазақ институтының һәм басқа қазақ баласы оқыған мектептердің оқытушысы болып жүр. Мектептен босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазады» деп оның 50 жастағы мерейтойы қарсаңындағы келбеті мен қызметінен хабар береді. Ал М.Әуезовтің мына сөзі А.Байтұрсынұлының кемеңгерлік тұлғасын дәл ашады: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса»; «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын».

Халық ақыны, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері С.Сейфуллин «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды» атты «Еңбекші қазақ» газетінің 2 ақпан 1923 жылғы 64-санында Манап Шамил деген бүркеншек атпен жариялаған мақаласында А.Байтұрсынұлына баға беріп былай дейді: «Ахмет Байтұрсынұлы – қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патшаның арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып даусын шығарған кісі. Әрине, Ахмет қазақ халқының байы мен жарлы-жалшы табының жігін ашып, бұл екі тап қатар тұрғанда жарлы табын байлар табы жұмысқа жегіп қойып, борсықша сора беретіндігін айтқан жоқ. Байлардан бөліп жарлы табының ғана намысын жыртып, арын жоқтаған жоқ. Жарлы табының шоқпарын соққан жоқ. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей намысын бірдей жыртты, арын бірге жоқтады.

Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды… халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті».

А.Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген таудай еңбегін ХХ ғасыр басында Ресей академиктері А.Самойлович («Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы», 1919, «Түрік халықтарының әдебиеті», 1919), Е.Поливанов («Қырғыз-қазақ жаңа (Байтұрсынов) орфографиясы», 1924), А.Кононов («Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы», 1924), Н.Яковлев («Әліпби құрылымының математикалық жүйесі», 1928) зерттеулерінде атап өткен. Алаш қайраткерлері Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы еңбектерінде А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасына әділ баға берілген. Айталық, академик А.Самойлович 1931 жылы Мәскеуден шыққан «Литературная энциклопедияға» А.Байтұрсынұлының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы және ол жасаған қазақ алфавитін берген 3 беттік мақала жариялаған. Сол мақалада ол А.Байтұрсынұлына мынадай баға береді: «Народник-националист Байтурсынулы является и первым выдающимся казахским ученым-лингвистом. Он – реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы».

Мәскеуден 1974 жылы шыққан «Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период)» деген сөздікте академик А.Кононов А.Байтұрсынұлы жөнінде бір беттік материал береді. Онда оның туған жылы, туған жері, білім алған орны, қызметі туралы айта келіп, мынадай сипаттама береді: «Автор усовершенствованной казахской азбуки, созданной на основе арабского алфавита, им же написаны (на казахском языке) учебники по фонетике, синтаксису, и этимологии казахского языка, а также по теории словесности и истории культуры. Все перечисленные труды написаны по-казахски».

Н.Яковлев «Математическая формула построения алфавита (Опыт практического приложения лингвистической теории)» атты көлемді мақаласында А.Байтұрсынұлының жасаған қазақ жазуын «интуитивті түрде ойлап табылған алфавит» деп бағалайды: «…Тем не менее применение тождественного способа сокращение числа букв в алфавите к одному из тюрко-татарских языков, а именно к казахскому (бывш. киргизскому), полностью сохранившему закон так называемого «сингорманизма» – способа, интуитивно изобретенного одним из местных культурных работников-казаков, Байтурсуном, и примененного вслед за ним Н.Тюрякуловым в его проекте латинской графики, дает новые поле для совершенно безупречного употребления выведенной формулы». Бұл мақала алғаш рет Мәскеуден шығатын «Культура и письменность Востока» деген журналда 1928 жылы басылған екен. Кейін ол Мәскеуден 1970 жылы шыққан А.Реформатскийдің «Из истории отечественной фонологии» жинағында жарияланған.

Профессор Е.Поливановтың 1924 жылы Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің бюллетенінде жариялаған «Новая казак-киргизская (Байтурсуновская) орфография» деген көлемді мақаласында қазақтардың басқа түркі халықтарынан бақыттырақ болуы емле жасауда, атап айтқанда, араб алфавитін қазақ-қырғыз тілінің дыбыстық жүйесіне фонетикалық тұрғыдан өте ыңғайлы әрі икемді бейімдеген, жалпыға бірдей танылған және іс жүзінде жүзеге асырылып жатқан Байтұрсынов графикасына байланысты деген баға береді.

Қазақ Ғылым академиясының президенті Шахмардан Есеновтың 1967 жылы академияның президиум мүшелері мен қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің институт басшыларына А.Байтұрсынұлын ақтау жөніндегі ұсынысы: «Мен президент болғалы қай жерге барып, қанша халықпен кездессем де, Ахмет Байтұрсынұлының осы кезге дейін неге ақталмай жүргені туралы сұрақ қояды. Содан кейін ол кісі жайында бірсыпыра деректермен танысқанымда, оның өзінің де, әкесінің де патша үкіметінен зәбір көргеніне, ал Кеңес үкіметіне қарсы не істеген ісі, не айтқан сөзі жоқ екеніне көзім жетті. Жалғыз жазығы – Алаш үкіметінің құрамында болғаны екен. Ал оны кезінде Кеңес үкіметі кешіргені де белгілі. Соған қарамастан, осы уақытқа дейін аты аталмай, еңбектері жабық қорларда сақтаулы тұрғаны түсініксіз. Сондықтан сіздер мақұл көрсеңіздер, орта буын ғалымдарынан (аға буынды да, жастарды да қоспай) комиссия құрып, айқай-шусыз жан-жақты зерттесек. Комиссияның

қорытындысы дұрыс болса, жоғары құзырлы мекемелердің алдында ұсыныс жасауға болар еді».

Академик Рабиға Сыздық – ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы жазып, оның ақталуына бірден-бір үлес қосқан ғалымдардың бірі. Ол былай дейді: «Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту ісі мен білім-ғылым саласында істеген қызметі тарихымызда теңдесі жоқ феномендік құбылыс болды деп айта аламыз. Бұған XX ғасырдың алты миллиондай қазаққа алғашқы және соңғы ұлттық жазу таңбасын (алфавитін) жасап бергені, қазақ балаларының өз мектебінде оқуларына күш салып, ана тілінің әліппесі (Оқу құралы) мен бастауыш білім сатысына арналған тұңғыш оқулықтарын (Тіл-құрал) жазуы, сауат аштыру әдістерін (Баяншы) ұсынуы, кейінірек (1926 ж.) әдебиеттануға арналған кітап («Әдебиеттанытқыш», мұны бұрын болмаған ғылыми монография десек те, жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған тұңғыш оқулық десек те болады) жазғаны дәлел».

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болған заңғар жазушы Ә.Кекілбаев: «…А.Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға. Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Йассауи, Қорқыт, Асанқайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер. Ол рас. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлы оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталған алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді. Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асанқайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді. Фараби мен Иассауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады. Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді. Оның үстіне, бұлардың ешқайсысын да Ахмет Байтұрсынұлының рухани қалыптасуына тікелей әсер етті деу тым асыра айтқандық болар еді. Ол кезде жұрттың көбі Фараби мен Иассауидің заты түгілі, атына қанық емес еді» дейді.

Ә.Кекілбаевтың осы айтқан тұжырымына назар аударсақ, ол мектеп оқулықтары мен энциклопедиялық анықтағыштарда айтылып жүргеніндей тек ағартушы ғана емес екенін аңғаруға болады. Біздің бұл ойымызды белгілі ғалым Б.Қапалбек те растайды: «Маған Ахмет Байтұрсынұлы ағартушы деген қалыпқа сыймайтын сияқты көрінеді де тұрады. Басында «Маса» болып шағып, «Қырық мысалмен» түртіп қазақ санасына саңылау берген шығар. Бірақ тек ағартушы дегенге келісу қиын енді. Иә, А.Байтұрсынұлы тек ағартушы емес. Қазақ әліпбиін түзіп, жазу жүйесін жасады, онысы бүгін де жарамды болып тұр. Әліппе жазды, онысын 110 жылдан соң қайта қолданбақшы болып әкеліп жатырмыз. Термин жасаудағы, сырттан сөз алудағы ұстанымдары бүгін де өзекті. Жасаған пән сөздерін қолданып келеміз, қолдана да береміз. Демек ол –

ғалым, реформатор, ұлт азаттық қозғалыстың көсемі, мемлекет және қоғам қайраткері». Басқаша айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы – жан-жақты ғаламат тұлға. Санамалап айтар болсақ:

1. Өнер адамы (ақын, аудармашы, күйші, әнші)
2. Салауатты өмір салтын ұстанған жан
3. Қазақтың білім беру жүйесін құрған ақылман
4. Білім мазмұнын қалыптастырушы әдіскер
5. Қазақ ғылымының (тіл білімі, әдебиеттану) негізін салған реформатор ғалым
6. Мемлекет қайраткері (Халық ағарту комиссары, Академиялық орталықты құрушы)
7. Мәдениеттанушы («Мәдениет тарихы» деген зерттеу кітабының авторы)
8. Сыншы (әдебиет және өнер туындыларына баға беріп, пікір жазған)
9. Баспа ісін ұйымдастырушы («Қазақ» газетін құрып, таралымын 8 мың данаға жеткізген)
10. Көсемсөзші (журналист, алғашқы ұлттық газеттің бас редакторы)
11. Халық мұрасын жинақтаушы («Ерсайын» жыры, «23 жоқтау», қазақтың әні мен күйін жинап бастырған)
12. Алашорда үкіметін құрушы («Алаш» партиясының бағдарламасын жазған)
13. Қазақ радиосын алғаш құрушылардың бірі және т.б.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығының хронологиясын берген әртүрлі энциклопедиялар мен анықтағыштарда, арнайы ғылыми зерттеулерде оның Қызылорда қаласында тұрған кезі, ондағы қызметі мен шығармашылығы туралы дерек мүлде жоқтың қасы. Дегенмен осы тақырыпты зерттеу барысында біздің қолымызға түскен Р.Имаханбеттің Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі» еңбегінде және Б.Алиева, С.Жауымбаевтың «Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі» e-history.kz сайтында жариялаған мақаласында А.Байтұрсынұлының Қызылордада болған уақыты және қызметі көрсетіліпті.

А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты осы берілген мәліметтерді жинақтай, топтай айтсақ, оны үшке бөлуге болады:

1-кезең. 1895-1909 жылдары 13-14 жыл бойы бала оқытты (Торғай, Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы кезеңі).

2-кезең. 1913-1929 жылдары газет-журнал беттерінде, мәслихат-жиындарда қазақ даласындағы оқу-ағарту жайын кеңінен сөз етті, ұсыныстар жасады (Орынбор және Қызылорда, Ташкент, Алматы кезеңі).

3-кезең. 1929 жылғы шілдеден 1931 жылдың қаңтарына дейін Мәскеудің «Бутыркасында» отырады да содан соң Архангельск облысына жер аударылады. Бұдан ол мерзімінен бұрын босап, 1934 жылы қайтып оралады. Бірақ бұл бостандық та қысқа болды. Небәрі үш жылға жетер-жетпес уақыттан

кейін 1937 жыл 8 қазанда қайтадан қамауға алынып, ақыры атылады (Алматы кезеңі).

Сонда А.Байтұрсынұлының қазақ қоғамы мен ғылымына еңбек етіп, тер төккен кезеңі бірінші және екінші кезеңде болса, екінші кезең ішіндегі 1925-1928 жылдары Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында тұрып, ұлт жұмысының көшбасында болған уақыты екенін көруге болады. Сондықтан оны болашақта арнайы зерттеудің маңызы байқалады.

А.Байтұрсынұлы шығармашылығының Қызылорда кезеңіндегі Қазақ халық ағарту институтындағы оқытушылық қызметінен бөлек, өзінің үзбей айналысқан ғылыми шығармашылығының шыңы ретінде танылатын «Тіл-құрал» атты оқулық кітабы бірнеше рет толықтырылып, өңделіп, қайта басылып отырған. Жалпы бұл еңбек алғаш 1914 жылы Орынборда жарық көрген. Көлемі 53 бет. Кейін ол әр жылдарда толықтырылып, жазылып отырған. Мысалы, 1915 жылы (Орынборда, көлемі 120 бет), 1918 жылы (Ташкентте, көлемі 32 бет), 1920 жылы (Ташкентте, көлемі 96 бет), 1920 жылы (Қазанда, көлемі 104 бет), 1922 жылы (Ташкентте, көлемі 90 бет), 1922 жылы (Ташкентте, көлемі 96 бет), 1923 жылы (Орынборда, көлемі 128 бет), 1923 жылы (Орынборда, көлемі 46 бет), 1923 жылы (Орынборда, көлемі 68 бет), 1924 жылы (Орынборда, көлемі 48 бет), 1924 жылы (Орынборда, көлемі 128 бет), 1924 жылы (Орынборда, көлемі 67 бет), 1925 жылы (Қызылордада, көлемі 39 бет), 1925 жылы (Қызылордада, көлемі 122 бет), 1925 жылы (Қызылордада, көлемі 73 бет), 1926 жылы (Қызылордада, көлемі 39 бет), 1927 жылы (Қызылордада, көлемі 39 бет), 1927 жылы (Қызылордада, көлемі 122 бет), 1927 жылы (Қызылордада, көлемі 73 бет), 1927 жылы (Қызылордада, көлемі 73 бет), 1928 жылы (Ташкент-Қызылордада, көлемі 72 бет).

Осы мәліметтен көріп отырғанымыздай «Тіл-құрал» Қызылорда қаласында 1925 жылы 3 рет, 1926 жылы 1 рет, 1927 жылы 4 рет және 1928 жылы 1 рет, барлығы 9 рет жарық көрген. Осылармен қоса А.Байтұрсынұлының «Тілжұмсар» – бастауыш мектепке арналған оқулық кітабы да 1928 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген. Сонымен бірге А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» хрестоматиясы Қызылорда қаласында 1926-1927 жылдары екі рет басылып шыққан. «Әліпби, жаңа құрал» оқулық кітабы Қызылорда баспаханасынан 1926 жылы жарық көрген. Сондай-ақ, «Әдебиет танытқыш» еңбегі де осы Қызылорда қаласында жазылып, жарық көрген. А.Байтұрсынұлының қазақ халқының басында болған қайғылы оқиғаларды сипаттайтын өзгеше бір жыр өрнегі 23 жоқтаудың басын құрастырып, «Жоқтау» деген жинағы да Қызылорда кезеңінде жазылып, басылуы – үлкен маңызы бар тарихи факт.

А.Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және ғылыми-ағартушылық қызметінің Қызылорда кезеңіне қатысты мәліметтер өте аз және оны арнайы зерттеу де әлі жолға қойылып, жүйеленбеген. Біз өз зерттеуімізде әзірше қолымызда бар екі нақты мәліметке сүйендік. Оның бірі – Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың «Алаштың сөнбес жұлдыздары» және «Шындық

шырағы» атты естелік еңбектері. Екіншісі – Қазақстан Республикасы Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві материалы (184 қор. 1-тізімдеме, 17-іс).

Гүлнар Міржақыпқызының естелік еңбектерінде А.Байтұрсынұлының Қызылорда қаласына қалай келгені, қайда орналасқаны, қызметі туралы көрген-білгенін айтады: «Қызылордаға келісімен орналасқан үйіміз Ерғали Қасымов төренің үйі болатын – Садовая, 7. Кейін Селиверстова, 17. Үйдің бір бөлігі Байтұрсыновтың семьясына қарайтын да, ал екінші бөлігінде біздер – Дулатовтың семьясы тұратынбыз… Осы үйде біз 1925 жылдан 1929 жылға дейін әкем қамалғанша А.Байтұрсыновтармен бірге тұрғанбыз.

Астана 1928 жылдың жазында Алматыға ауыса бастағанда А.Байтұрсынов өзінің жұмыс істеп жүрген оқу орнымен бірге көшкен-ді. Босаған үйдің орнына Ерғалидің інісі Ибрагим Елікейұлы Қасымовтың семьясы көшіп келген-ді».

Гүлнар Міржақыпқызы естелігінде мынадай бір қызық мәліметті Міржақып пен Ахмет арасындағы диалог арқылы береді:

Міржақып:

– Оу, ағасы, осынша кешігіп келуіңізге қарағанда, төтеннен қырсық-кедергі болған жоқ па?

Ахмет:

– Ештеңе де бола қойған жоқ. Өзің білесің ғой, Торғай мен Қызылорданың аралығы шалғай, алыстығынан кешігіңкіреп келуіме тура келді. Оқасы жоқ, әйтеуір жеттік қой. Егер Қостанайдан поезбен шықсам, тез жетер едім, бірақ оның ыңғайы келмеді. Өйткені ауылда өзімнің сақтаулы пәуескем (фаэтон) бар-тұғын, соны Қызылордаға жеткізу үшін көлікпен шықтым емес пе! Келешекте қолымда ат арбам болуы қажеттігін ойладым, қызметіме жаяу бармай, фаэтоныма мініп жүргенге не жетсін! Оны жүргізуге атқосшыны да ала келдім. Бұл жігіт оқымаған, әке-шешесінен жастай жетім қалып, кім көрінгенге жалданып, күнін көріп жүргенін естіген соң, өзіме жәрдемі тиер, атымды бағып, жүргізер әрі оқытайын деп ала келгенім ғой.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы Қызылорда қаласында 1925-1928 жылдар арасында тұрып, студенттерге сабақ беріп, ғылыми және әдістемелік жұмыстармен айналысқан. Оның Қызылордада сабақ берген оқу орны Қазақ халық ағарту институты деп аталды. Бұл институт алғашқыда арнаулы орта оқу орны ретінде 1919 жылы Орынборда ашылған. Мұнда қазақ мектептеріне мұғалімдер даярланды. Институт оқытушылары мен студенттері елде сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты. Оқу орны 1925 жылы Қызылорда қаласына көшірілді. 1925-1928 жылдары институтта С.Сейфуллин сабақ берген, кейін ректоры болды. 1925-1929 жылдары А.Байтұрсынұлы осы институтта дәріс оқыды. 1928 жылы Алматыда Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі ҚазҰПУ) ашылуына байланысты жабылып, қайтадан Қазақ халық ағарту институты (орта дәрежедегі оқу орны) болды.

А.Байтұрсынұлы осы институтта сабақ берген уақытында денсаулығына байланысты 1 рет және басқа да себептерге орай 4 рет студенттерге дәріс бере

алмаған. Бұл 1927 жылдың 16-23 қыркүйегінде Қазақ халық ағарту институтына мемлекеттік қаржы тексеру бөлімінің жүргізген актісінде көрсетілген. (Қараңыз: Қазақстан Республикасы Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві. 184 қор. 1-тізімдеме, 17-іс.). Онда жұмыс орнында белгілі-белгісіз себептермен болмаған жағдайларына орай, актінің 8-тармағында көрсетілген денсаулығына байланысты жұмыс орнында болмағанына орай бұрын төленген 2 сом ақшаны, актінің 9-тармағында көрсетілген іссапарда болған күндеріне төленген 254 сом 17 тиын ақшаны және осы актінің 7-тармағында кезекті еңбек демалысына төленген 165 сом 98 тиын ақшаны Ахмет Байтұрсынұлының институт кассасына қайтаруы керек екені айтылған. Бұл дерек 1927 жылдың 29 қарашасы күні мемлекеттік қаржы тексеру бөлімінің инспекторы Зарихиннің қолы қойылған актіде көрсетілген.

Осыған А.Байтұрсынұлы түсінік беріп, тексеру комиссиясының ақпараты жеткіліксіз, толық емес екенін айтады. Сондай-ақ ол өзінің институттағы қызметінен бөлек негізгі айналысып жүрген жұмысы туаралы мәлімет береді: «Менің жұмысым – шығармашылық жұмыс, яғни қазақ ұлтының әліпбиін дайындап жатырмын, бұл жұмыспен бұрын-соңды ешкім айналысқан емес. Қазақ тілінің жазба әдісін, қазақ тілінің әліпбиін, орфографиясын, грамматикасын, қазақ ұлтының сауатын ашу әдістемесін дайындау жұмыстарымен 30 жылдан аса уақыт бойы айналысып келемін. Бұл жұмыспен оқу орнының қабырғасында ғана айналыспаймын, бар өмірімді осы жұмыстарға арнағанмын. Шығармашылық жұмыстарыма көп уақытымды жұмсаймын».

Міне, бұл естеліктер мен архивтік деректер А.Байтұрсынұлының Қызылорда кезеңіндегі халық үшін еңбек еткен ерен тұлға екенін, оның әрбір ісінің мейлі білім беру, мейлі ғылым, мейлі әдістеме болсын бәрі де қазақ үшін, оның ғылымы үшін жасалған таза, былғанбаған ақиқат екенін көрсетеді. Осыдан келесі ұрпақ үлгі-өнеге алуы үшін Ахметтей аталарымыз үнемі әр қырынан насихатталып отыруы тиіс. «Иә, Ахмет Байтұрсынов – ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершегін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, одан кейін де болған емес» деген Ә.Кекілбаевтің сөзі жадымызда болуы керек.

А.Байтұрсынұлының қазақ қоғамы мен ғылымына таза еңбек етіп, тер төккен кезеңі 1925-1928 жылдар, яғни Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында тұрып, ұлт жұмысының көшбасында болған уақыты екенін көруге болады. Сондықтан оны болашақта ахметтанудың арнайы бір бағыты ретінде зерттеу қажет.

**Аман АБАСИЛОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің**
**қауымдастырылған профессоры,**
**филология ғылымдарының кандидаты**

**«Сыр бойы» газеті, 29.10.2022ж.**

# МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЕКІНШІ ОТАНЫНА САПАР

Мақаламызды бұлай атауымыздың өзіндік себептері болып тұр. Екінші дүниежүзілік соғыс бұрқ еткенде, Парижде бүкіл ресейлік эмигранттар бас сауғалап, АҚШ пен Түркияға кетіп жатқанда Мұстафа Шоқай «паналауға орын берген мемлекетті тастап кету, өз отанымды тастап кеткенмен бірдей» деп Парижде қалып еді. Ұлы тұлғаның әлемге танылуы да осы Францияда тұруымен тікелей байланысты болды. Марндағы Ножан қаласында тұрған үйінің маңайына орнатылған ескерткіш тақта мен мүсін де оған көрсетілген Еуропа-Азиядағы алғашқы құрмет болатын.

Өткен қазан айының 15-25 күндері арнайы жобаға сәйкес Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының қызметкерлері Францияда болдық. Ондағы негізгі мақсат – қазіргі Тілдер мен өркениеттер университетінің кітапханасында сақтаулы Мұстафа Шоқай мұраларымен танысып, қажетті материалдарды ғылыми орталыққа алу еді. Сондай-ақ Мұстафа және Мария Шоқайға қатысты мекен-жайларда болу да ойда болды.

Парижге қазанның 15 күні жеттік те, ертеңіне демалыс күнді пайдаланып, «Әлем» қазақ-француз қоғамының вице президенті Майра Сұңғатқызы Ысқақовамен және осындағы 2007 жылдан Мұстафа Шоқай атындағы қазақ-француз қауымдастығының төрағасы Яшар Дініш, т.б. кісілермен Мұстафа мен Мария Шоқайлар Франциядағы 20 жылдан астам уақытының 18 жылын өткізген Париждегі Марндағы Ножан қаласына бардық.

Қос арыс осы қаланың Суар де лафонтен (1933-1941) көшесінде сегіз жыл тұрған екен. Мұстафа Шоқайдың өмірінің аса күрделі кезеңі осы қысқа ғана көшемен, осындағы 7 үймен тікелей байланысты болған. Мұнда үйлер біздегідей жеке-жеке бөлек тұрған жоқ, бір-бірімен жалғастыра орналасқан. Тек үйге кірер есіктердің маңдайшаларында нөмірлері болады екен. Барлығы он бестей үй жайғасқан көшенің басында, өте бір қолайлы жерге биіктігі бір метрдей төрт қырлы мрамор тастың бетіне орналастырылған темірден жасалған ескерткіш тақтада французша «Мұстафа Шоқай 1890-1941. Қазақтың белгілі саясаткері, көптеген ғылыми және саяси кітаптардың авторы, Орта Азияның бостандығы үшін күрескен, нацистердің қолынан қаза тапқан» деген сөздер жазылыпты. Бұл тас белгіні 2001 жылы 18 қазан күні сол кездегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов, Қазақстанның Франциядағы төтенше және өкілетті елшісі Ақмарал Арыстанбекова және Ножан әкімі Жак Мартен қойыпты.

Бұл игі тірлік кейін заңды жалғасын табады. Мұстафа Шоқайдың 120 жылдық мерейтойына орай 2010 жылы облыс әкімдігінің тікелей бастамасымен ҚР Мәдениет және Сыртқы істер министрліктерінің қолдауымен Франциядағы елшілік пен Марндағы Ножан қаласының мэрі (әкімі) араларындағы дипломатиялық келіссөздердің нәтижесінде осы жерде қоладан құйып сомдалған ескерткіш бюст қойылған. Онда французша «Мұстафа Шоқай: 1890-

1941. Тәуелсіздік күрескері» деп жазылған. Мүсіннің төменірек жағында француз тілінде «Қазақ халқы тарапынан 28/10/2010» деген жазу бар.

Бұл шара кезінде қала мэрінің ескерткіштеріңіз біздегі Де Гольдің ескерткішінен биік болып кетпесін деп әзілдегенін естігендер осы кезге дейін айтып жүрген көрінеді. Ескерткішті қою жарасымды істермен көмкерілген екен. Кейін осы бір қолайлы кішігірім алаң ресми түрде картаға «Шоқай атындағы саябақ» деп тіркеліпті. Бізге осыған кіретін аласа жасалған темір шарбаққа орнатылған есіктің құлпын өзіндегі кілтімен ашып берген Яшар Дініш бауырымыздың қызметі ерекше әсер етті. Мұны біз осында тұратын ағайындардың тұтас құрметінің бір көрінісі деп түсіндік.

Осы күні Шель қаласындағы Мария Шоқай жерленген қорымға барып, бейітіне гүл қойдық. 1918 жылдың 18 сәуірінде Мұстафа атамыздың талап етуімен Ташкент мешітінде екі өзбектің куәлігімен мұсылманша некелері қиылғанын, жарының өзіне Шоқай атамыздың атын қосып алғанын ескеріп, құран да оқыдық. Мұны біз жайдан-жай айтып отырған жоқпыз. Әлеуметтік желілерде бұл шарамызға өзіндік пікірлер білдіргендер жоқ емес.

Бейіт басында біраз нәрсе еске түсті. Мария Яковлевнаның 23 жылдан астам жат жерде Мұстафа Шоқаймен бірге болғаны, оның қуанышын да, қиыншылығын да бөліскені, күн көріп отырған пианиносын сатып, жарының бейітіне ескерткіш-бюст орнатқаны, «Менің Мұстафам» атты тамаша естелік кітабымен мұстафатану ғылымының негізін қалағаны, оның асыл мұраларын 1953 жылы сол кездегі «Жаңа Сорбонна – Париж ІІІ» университетінің Тілдер мен өркениеттер институтының университеттік кітапханасына тапсырғаны, жинақтай айтқанда, бұл дүниеден аттанғанша «менің Мұстафам» деп кеткені біздерді еріксіз толғандырып, тамаша тірліктерін еске алдық.

Сапар барысында өз жоспарымыз бойынша атамыз мәңгілік мекен еткен Берлиндегі мұсылмандар қорымына бардық. Бұл жерді кезінде Германия басшысы Осман пашасына тарту еткен екен. Мұстафа Шоқай 1941 жылғы 27 желтоқсанда қайтыс болғаннан соң келер жылдың 2-қаңтарында, жұма күні осында жерленген еді. Бірден көзіміз туған және қайтқан жылдарына, одан төменірек жазылған «қабірін жасатқан сүйікті жары Мариям Шоқай» деген жазуларға түсті. Шағын ғана қорым, бірақ барынша таза ұсталып, көкке оралған. Бейіт басында, зәулім салынған мешітте дұға жасадық.

Еуропаның ортасында тұрып бүкіл түркі әлемінің азаттығы үшін күрескен, осы үшін бар ақыл-парасатын жұмсаған Мұстафа Шоқайдың өмір жолдары еске түсіп, қиялымыз сан шаққа шабуылдады…

Мұстафа Шоқайдың алдағы бар жоспарын да, мұратын да Германияның Совет еліне соғыс ашуы тас-талқан еткен еді. Өзінің жаулығы аз болғандай, енді тұтқындардан легиондар құруды ойлаған Германия басшылығы түркістандық тұтқындар алдына сөз сөйлеу ұсынғанда Мұстафа Шоқай мұндай қадамға бара алмағандығының себептерін түсіндіреді. Жырақта жүргендіктен, елдегі жағдайдан бейхабарлығын, бұрынғы көрнекті интеллигенция өкілдерінен құтылғаннан кейін, большевиктердің кеңес өкіметі кезінде дүниеге келген жастарды өзінше «тәрбиелеп» шығарғанын, сондықтан олардың кеңестік

өзгерістерге қалай қарайтынын білгісі келгендігін айтады.Осындай себеппен алдымен түркістандық тұтқындармен кездесуді ұсынған Мұстафа Шоқай түркітілдес комиссия қызметкерлерінің басшысы ретінде 1941 жылғы тамыздың аяғынан қазан айының басына дейін Германиядағы, Шығыс Пруссиядағы, Польша мен Украинада орналасқан Простакан, Эбендорд, Пагеген, Дембица, Сувалки, Деба, Ярослау, Дебис, Лемберг және тағы басқа лагерьлерді аралайды. Тұтқындардың әңгімелері мен арыз-шағымдарынан елдегі жағдай туралы жан-жақты хабар алады. Сонымен қатар лагерьлердегі түркістандықтардың ауыр жағдайын көзімен көріп, қатты күйзеледі. Жарына жазған бір хатында мынадай қорлыққа шыдай алмай өлгісі келетінін де жасырмай жазады. Содан 1941 жылғы қазан айында лагерьлерді аралағанда өзіне көмекші болған Уәли Қаюмға аса құпия түрде «Аса сеніммен» деген ескертумен жазған «Мен бұл жолдарды сіз үшін ғана жазып отырмын және мұны аса құпия ұстауыңызды сұраймын» деп басталатын неміс лагерьлеріндегі көрген-білгендерін баяндаған хатты қалайша ол өзі ғана оқып, өзі қызмет еткен неміс әкімшілігін таныстырмауы мүмкін бе? Болмаса неміс армиясының группенфюрері С.С.Иоахимге: «Гете, Фейербах, Бах, Бетховен, Шопенгауэр сияқты ұлыларды тәрбиелеген ұлттың тұтқындарға жасап отырған зұлымдығын көре отырып, мен Түркістан легионын басқару туралы ұсыныстан және сіздермен әрі қарай жұмыс істеуден бас тартамын» деген мазмұндағы Мұстафа Шоқайдың хатын оқып отырып, неміс басшылығы хат иесінің көзін жоюдан басқа не ойлар еді?

Осылай өзінің саяси күресі үшін тиімді ортаны тек Франциядан ғана таба алған, осында 20 жылдай өмір сүріп, өзінің публицистикалық еңбектері мен саяси күресі арқылы әлемді мойындатқан, кешегі соғыспен байланысты қиын-қыстау күндерінде Францияны тастап кете алмаған Мұстафа Шоқай Берлинді мәңгілік мекен етті. Тағдырға дауа жоқ.

Францияға келгендегі негізгі міндетіміз қазіргі Тілдер мен өркениеттер университетінің кітапханасындағы Мұстафа Шоқай мұраларымен жұмыс істеу болатын. Оған кіріспес бұрын осы архив деректері негіз болған тамаша тарихшы Көшім Лекерұлы Есмағамбетовтің алғысөзі және түсіндірмелерімен шыққан Мұстафа Шоқай шығармаларының он екі томдық толық жинағын және былтыр ғана жарық көрген «В эмиграции: эпистолярное наследие Мустафы Шокая 1919-1941» атты кітаптан екі данасын тиісті хаттармен кітапхана қорына тапсырдық. Осы және басқа да Мұстафа Шоқайға қатысты бірнеше кітаптардың электрондық нұсқаларын да бердік.

Архивтегі материалдардың негізінен бізде барлығын ескере отырып, біздер түрік және орыс тіліндегі материалдарды, сарғайған кітап, мақалалар жазылған қағаз беттерін көріп, олардың көшірмелерін суретке түсіріп алдық. «Яш Түркістан» журналының бөлек бөлек тігінділерін көріп, қолмен ұстап Мұстафа атамыздың рухын сезінуге тырыстық. Архив қызметкерлерінің сақталған материалдарға деген ерекше ыждағаттылығы, оларға айрықша күтіммен қарауы біздерді таңғалдырды. Арада жетпіс жылдай уақыт өтсе де, әдемі сақталған

мұраға қарап қызметкерлерге ризашылығымызды қайта қайта білдіруге мәжбүр болдық.

Бос уақытымызды тиімді пайдалануға тырысып, 23 қазан күнге Париждегі «Түркия қазақтарының Франциядағы қауымдастығы» атты ұйым мүшелері қазақ ағайындармен өздері дәстүрлі жиналысы сәйкес келіп, сонда кездестік. Бұл ұйым 1984 жылы құрылған екен. Парижде 260-тан астам қазақ тұратын көрінеді. Олар – негізінен үш мәдениеттің тізгінін ұстағандар. Ата-бабалары Қазақстаннан болса, өздері кеше Түркиядан келсе, бүгін париждік болып отыр. Ұлттық дәстүрді сақтауға ұмтылып отырған жандар. Келіндер орамалын таққан. Қыз ұзату, үйлену тойлары болып тұрады екен. Ораза, Құрбан айт аталып, жарапазан айтылады. Қоштасарда ағайындар елімізге ыстық сәлемдерін жолдап жатты. Ондағы соңғы күні, яғни 24 қазанда кешкілік «Республика күні» мерекесімен тұстас болды да, елшілік өткізген үлкен іс-шараға қатыстық. Абай мүсіні орнатылған ақындар саябағында болдық. Париждің орталығында, Сенаның оң жағалауында орналасқан әлемдегі ең үлкен және ең танымал Лувр өнер музейінде болып, көркем және тарихи жәдігерлерімен бай Греция және Италия залдарын тамашаладық.

Осылай әділеттілік пен заңдылықты қатаң сақтаған, адамзат баласының мүддесін мұрат тұтқан Францияны 20 жылдан астам мекен етіп, өзінің сан салалы саяси қызметімен, он шақты тілде жазылған мол шығармашылық мұрасымен әлемге танылған Мұстафа Шоқайдың эмиграциялық өмір жолын тағы да еске алып, оқығандарымызды көзбен көріп, жадымызда тиянақтай түстік.

**Әбдіжәлел БӘКІР,**
**Сағат ТАЙМАНОВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің**
**Мұстафа Шоқай ҒО қызметкерлері.**

**«Сыр бойы» газеті, 08.11.2022ж.**

## ЖАСАЙ БЕР, МЕНІҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫМ!

**Ертеректегі аталарымыздың сөзінше, 70-тен былайғы жастың оңып тұрмағаны анық. Мәселен, қырғыздың Қызылым деген кісісінің жұмбағын Жиренше шешен: «...Жетпіс бесте көңілің жерменен тең, сексенде селкілдеген шал боларсың, өлмесең де қор боларсың, жүзде дүниеден күдеріңді үз...», – деп шешсе, Жетес би: «...Жетпіске келдім – жеңілгенімді білдім, билікті бала-шағаға бердім, айтқанына көндім, жетегіне ердім, тап осы күнде сексендемін – алдым терең құз, артым биік жар, сол жағым – су, оң жағым – от, қалай қарай қозғалсам да, маған тірлік емес-ау», – деген екен. Десе де, артында атын мәңгі етер жақсы ұрпағы болса, адамның өмірі қысқа болса да ұзақ, ал ұзақ жасағандардың еңбегін елге жаяр ұрпағы болмаса, оның өмірі қысқа. Құдайға шүкір,**

**қазіргі кезде адамның өмір жасы ұзарып, жүзден де асып жатқанына куәгерміз. Алайда сол жүз жасағандардың бәрінің бірдей аттары тарихта мәңгі қалатындай ма? Олай бола бермейтініне де куәгерміз. Мұны неге айтып отыр десеңіз, әрі қарай оқи түсіңіз.**

Биыл өзім оқып, білімі мен тәрбиесін бойға тоқу арқылы өсіп, азаматтық дәрежеге қол жеткізген, өз отбасымнан кейінгі қарашаңырағым – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдығы. Егер осы жасты жоғарыдағыдай адам жасымен салыстырып, «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген тәмсіл тұрғысынан қарасақ, менің қарашаңырағымның өмірі ұзақ болады. Өйткені өз тарихының осы бір жігіттік кезеңінде (адам жасымен салыстырғанда) қаншама ұрпақты тәрбиелеп, қаншама жасты білікті азамат етіп, еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ол әлі де талай жылдар осы қызметінен танбайтынына, содан да мың жыл жасауға лайықты екеніне сенім мол. Жасай бер, менің сүйікті қарашаңырағым!

Тарихына аз-кем көз жіберер болсақ, еліміздегі жоғары оқу орындарының алғашқыларының бірі болып есептелетін бұл оқу орны сонау халқымыздың басына қаралы күндер туған зар заманда, 1937 жылы Қиыр Шығыстан Қызылорда облысына жер аударылған корей халқымен бірге келген Корей педагогикалық институты (директоры Н.Цой деген кісі болған көрінеді) негізінде құрылған екен. Кейінірек педагогикалық институтты әуелі А.Боробов, С.Ривкин, О.Тоқмырзин, Ә.Коргулин, Қ.Жаманбаев, Ә.Ермеков, Б.Өсербаев басқарған. Мен орыс жазушысы Н.Гогольдің атын иеленген, педагогикалық аталатын осы оқу орнына Б.Өсербаевтың тұсында оқуға түскенмін. Біз бітіретін 1971 жылы ректорымыз кенеттен қайтыс болды да, орнына доцент О.Камардинов келіп, дипломымызға сол кісі қол қойған еді. Осы кісі ұмытпасам 17-18 жыл басқарған болуға тиіс. Бұдан соң институт ректорлары болып А.Айтмұхамбетов, Б.Досмамбетов, Б.Әбдірасилов қызмет атқарды.

Егемендік алғаннан кейін 1996 жылы пединститут «Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университеті» болып қайта құрылды да, көп ұзамай, Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтымен біріктіріліп, «Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» деген жаңа атауға ие болды. Міне, сол кезден бастап университетті техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Алдабергенұлы Бисенов біраз уақыт басқарды. Арасында жерлесіміз, педагогика ғылымының докторы, профессор Б.Момынбаевтың да үш-төрт жыл басқарғаны бар. Ал 2020 жылдан бастап университеттің ректоры қызметіне Бейбіткүл Сәрсемханқызы Кәрімова келді. Мен университет қабырғасында жүрген жылдарымда 8 ректорды көріп, солардың бәрімен дерлік қызметтес болған екенмін.

Жоғарыда айтып өткенімдей, осы оқу орнына мектеп бітіргеннен кейін үш жылдық мұғалімдік жұмыс өтілімен келіп, 1967 жылы түстім. Оған да 55 жыл болыпты. Дәлірек айтқанда, университетіміздің жарты ғасырдан астам тарихы көз алдымда. Бұрынғы басшыларды тек ұстаздарымның айтуынан білсем, Б.Өсербаев ағамыздың кезінде студент атанғанымды, ал кейінгі

басшылардың қарамағында қызмет жасағанымды, зейнетке шығып, ардагер атансам да, әлі де сол ортадан ажырамағанымды мақтанышпен айтуға тиіспін.

Өзім білетін ректорлардың қай-қайсысы болса да, өздері басшылық жасаған кезеңдердегі мүмкіншіліктерге және ұйымдастыру қабілеттеріне қарай университетіміздің заман ағымынан қалмай, өсіп-өркендеп, үнемі даму үстінде болуына күш-жігерлерін салып отырды. Бұл үрдіс, әсіресе, егемендік алғаннан бергі кезеңде (профессор Қ.Бисенов басқарған кезең) айқын байқалды. Мұнда тәжірибелі, жоғары дәрежелі маман ұстаздар мен әр кезде жаңарып, жасарып отырған оқытушы-профессор құрамының – жалпы ұжымның заман талабына лайық жасаған адал да абыройлы жұмыстарының жемісі бар десек, артық айтқандық емес.

Ал қазіргі университетті қай жағынан болса да бұрынғы пединститутпен ғана емес, алдыңғы онжылдықтардағы оқу орнымен ешбір салыстыруға келмейді. Оқу ғимараттарының, жатақханалардың, факультеттердің, мамандықтар мен онда оқитын студенттердің, кітапхана мен оқу залдарының, заманауи кабинеттердің, олардағы техникалық құралдар мен жабдықтардың саны мен сапасы жағынан болсын, университетіміздің еліміздегі және шетелдердегі жоғары оқу орындары ішінен алатын орны жағынан болсын, ауыз толтырып мақтанышпен айтарлық табыстары баршылық. Бұл жұмыс Президент Қ.Тоқаевтың білім беру орындарына қойып отырған жаңаша талабымен, соған сай оқу орнының жаңа статус иеленуімен, басқарма басшыларының өзгеруімен, әсіресе, жаңа басшы Бейбіткүл Сәрсемханқызының ұйымдастырушылық ерекшеліктерімен байланысты толығып, жаңа сипаттарға ие болуда. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, өскен, өркендеген, жаңарған университетіміздің осындай ұшан-теңіз жетістіктерінің ішінде менің де қолтаңбам бар екеніне марқаямын.

Уақыт шіркін тоқтаусыз өте береді екен. Жүріп өткен жолыңа қайырылып қарасаң, бір кезде өзіңе сабақ берген, тіпті сабақ бермесе де азаматтық өсу жолыңа білімімен де, адамгершілік жақсы қасиеттерімен де үлгі болған аға буын ұстаздар шоғыры көз алдыңа көлбеңдеп тұра қалады. Осындайда ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидаттары, доценттер С.Елубаев, С.Тайбеков, А.Жұмаділдаев, Ә.Тәжмағамбетов, С.Бекбаев, Ә.Оразалиев, Б.Ділманов, Қ.Балтаев, А.Канцев, М.Кереев, А.Айдосов, Б.Тайлақбаев, С.Тайбеков, Н.Шиндин, Ж.Өтемісов, К.Әлжанов, Н.Көшекбаев, Д.Қоянбаев, Е.Исабеков, А.Ержанов, А.Тоқбергенов, Т.Әкімтаев тәрізді, тағы да басқа ғалым ағайлар алдымен еске түседі. Бұлардың әрқайсысы өздері қызмет жасаған, осы қарашаңырақтың қай жағынан болмасын дамуына өлшеусіз үлес қосқан, оқытып жатқан студенттеріне ағалық та, ұстаздық та көзқараспен және жанашырлықпен қарайтын асыл жүректі жандар болып көрінетін маған. Қазіргі университетте осы ұстаздардың алдын көрген ұрпақтар мен сол ұрпақтың шәкірттері қызмет етуде. Олардың кез келгені осы ұстаздар жөнінде біледі және сол аға-апалары қызмет еткен оқу орнында жұмыс істеп жүргенін мақтан тұтады. Өйткені, университет басшылығы тарапынан аға буынның есімдерін ұмытылмастай етіп ұлықтауға барлық жағдай жасалған. Олардың атына арнайы

кабинеттер мен заманауи жабдықталған дәрісханалар ашу, мерейлі жасқа келгендерді ұжым алдында ұлықтау, еңбегіне қарай марапаттау тәрізді іс-шаралар – осының айғағы. Нағыз ұрпақ жалғастығы, университет ғұмырының мәңгілігі деген осы болса керек.

Ғылыми ұстаздық жолымның алғашқы жылдарын Нұрлыбек Ерназарұлы басқарған «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» атты факультетте өткізіп, осында жүріп кандидаттық диссертация қорғадым. 80-жылдардың орта тұсында «Филология» факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасына аға оқытушы қызметіне ауыстым.

Бұл кафедраның тарихы да институт тарихымен тығыз байланысты. Алғашында институтта төрт факультет болса, соның бірі «Тіл және әдебиет» факультеті екен. Факультет кафедраға да, мамандыққа да бөлінбеген, өйткені студенттер саны өте аз болған. Алғашқы оқу жылында 13 студент қана бітіріпті. Соғыстан кейінгі жылдары факультет «Филология» деген атқа ие болып, оның қарамағында үш кафедра – «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет ел тілдері» болған. Бұл кафедралар әр жылдарда жеке факультет болып та, кейде қайта қосылып та отырған. Біз оқыған жылдары да факультет осы үш кафедрадан тұратын.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасына келгелі өзімнің студент кезімдегі ұстаздарыммен қайта кездесіп, қызметтес болдым. Солардың қолдауымен ғылым докторы дәрежесін иелендім. Тіпті, кафедра басқарып, ұжым басшысы деген лауазымға ие болсам да, оларға деген шәкірттік сезімім жоғалған емес. Өйткені олар барда үйренерім көп еді. Бүгінгі күні сол аяулы ұстаздарымның бәрі бақиға аттанып, ұжымның үлкені болып өзім қалған кезде, ендігі міндетім осы кафедраның тірегі болған ұлағатты жандар жөнінде әркез еске алып, кейінгі жастарға үлгі ретінде айтып отыру болмақ.

Осындай мақсатпен сол ұстаздар ішінен, әсіресе, сырт көзге өте қарапайым, тіпті «әпенді» дерлік, бір көргенді есіне сақтай бермейтін ұмытшақ, қызметтегі, отбасындағы кей қылықтары ел аузында аңызға айналып, қазірге дейін айтылып жүрген, бірақ қазақ әдебиеті мен мәдениетінің сонау көз көрмес көне тарихын терең білетін, түркі әлеміне танымал ғұлама, филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаевты, филология ғылымдарының кандидаттары, доценттер, ерекше тұлғасымен, түрлі адами сипаттарымен басқалардан оқшау көрінетін, ұстаздардың ұстазы ғана емес, қалың қауымға үлгі боларлық нағыз зиялылықтың символындай көрінетін Н.Жүнісовті, кез келгенге ұқсай бермейтін мінезіне, іс-әрекетіне, шағып сөйлер ащы тіліне қарай сырт көз «ағаш атқа мінгізетін», алайда, менің түсінігімде, өз пәнін жетік меңгерген, білімді де сауатты Ә.Байжоловты, аудиторияға бір бет қағаз ұстамай кіріп, қажетті тақырыпты жетесіне жеткізе түсіндіретін, орыс тіліне де өте жүйрік М.Бимағамбетовті, ғылыми атақ-дәрежесі болмаса да, ауыз әдебиетінің білгірі ретінде сабақ берген, соғыс ардагері Н.Нұржанов ағайды, студент кезімізде кафедра басшысы болған Г.Смағұлова мен куратор ретінде анамыздай болған А.Шамшатова апайды айрықша шәкірттік ілтипатпен, зор

сағынышпен әркез ойыма алып, мақалаларыма, жастармен түрлі кездесулер кезіндегі әңгімелеріме арқау етіп келемін.

Сондай-ақ, менің І.Кеңесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ә.Қайдар тәрізді қазақ тіл білімінің атақты ғұламаларымен танысуыма себепші, кейін диссертацияларымды қорғау кезінде ынта-жігерімен жанкүйер болған ағайым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Аблақовты, студент кезімізде сабақ беріп, кейін Алматыға қызмет ауыстырған кезде де маған жанашырлық танытқан филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Сайрамбаевты, кафедраға менің алдымда ғана келген, тәжірибе жағынан ұстаздарымдай болып кеткен ғалымдар М.Достанов пен Ә.Өтеуліні қалайша еске алмаймын. Бұлардың әрқайсысының менің ғана емес, жалпы университеттің өмірінде елеулі орны болғанына көзкөргендердің бәрі куә.

Осындай ұлағатты жандардан сабақ алып, тәрбие көрген, сол кісілердің таңдауымен кафедраға қызметке шақырылып, олардан кейін кафедраның іргесін мықтауға атсалысқан талай шәкірт ғылыми атақ-дәрежелерге ие болып, университеттің жаңа қоғамдағы өмірінің жаңаша жаңғыруына атсалысып келеді. Тәуелсіздік жылдарында кафедра ұжымының қатары еліміздің әл Фараби атындағы ҚазМҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ тәрізді іргелі оқу орындарын және өзіміздің қарашаңырақты бітірген талантты жастармен толықты.

90-жылдардың орта тұсына жақын кафедраға «Журналистика» мамандығы қосылып, іргесі кеңи түсті. Бұл мамандық үшін ҚазМҰУ-дың «Журналистика» мамандығын бітірген жастар арнайы шақырылып, олардың өзі бұл күнде ғылыми атақ-дәрежелі, тәжірибелі мамандарға айналды, қатарлары жастармен толыға түсті. Бұл мамандықты бітірушілердің алды Астана мен Алматының, басқа да облыстардың, ал басым көпшілігі Қызылорда қаласы мен аудандардың БАҚ-тарында абыройлы қызмет атқаруда.

Университетіміздің 85 жылдық торқалы тойы қарсаңында осы кезеңге қатысты болған өз өмір жолыма да көз сала отырып, «өткенге салауат, қалғанға берекет» айтуды, сөйтіп қысқаша болса да, өткенсіз келешектің болмайтынын жас ұрпақтың есіне салуды жөн көрдім.

Келгеніне көп болмаса да талапқа сай жан-жақты жаңашылдығын көрсету арқылы ұжым тарапынан беделге де, абыройға да ие бола бастаған ұжым басшысы Бейбіткүл Сәрсемханқызы басқарған қарашаңырақтың бүкіл ұжымын 85 жылдық мерейлі тойымен құттықтай отырып, университетіміздің өркендеуі жолында еңбек етіп жатқан әр жанға денсаулық, отбасылық баянды бақыт, жемісті шығармашылық тілеймін!

**Жеңіс СӘДУАҚАСҰЛЫ,**
**ардагер ұстаз, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, филология ғылымдарының докторы**

**«Сыр бойы» газеті, 24.11.2022ж.**

# ҰСТАЗДАР ҰЛАҒАТЫНА ТАҒЗЫМ

«Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан»- деп ұлы Абай айтқандай адамзат баласының өмірден өз орнын тауып, азамат болып қалыптасуында ата-ананың рөлі қандай болса, шәкіртті тәрбиелеп, білім нәрін құятын ұстаздың орны да бөлек. Осы ойларға табан тірегенде ұзақ жылдар бойы Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының (қазіргі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті) қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында үлгілі ұстаздық қызмет атқарған ұстаздарымыз еріксіз еске оралады.

Біз мың тоғыз жүз жетпіс сегізінші жылдың мамырында орта мектепті бітірдік. Міне, осы жылдары жұрт санасында да ояну, бір серпіліс пайда болып, жастар жаппай жоғары оқу орнына түсуге талпына бастады. Бұған дейін ауылда қалып жұмыс істеу мәртебе сияқты болатын.

1978 жылдың шілде, тамыз айларында құжат қабылдау емтихандарын тапсырып, оқуға қабылданғаннан кейін қыркүйек айында Жалағаш ауданындағы «Ақарық» совхозында күріш жинау науқанында еңбек ету кезеңдерінен бастап, 1982 жылдың маусым айындағы бітіру емтихандары арасындағы төрт жылдық кезеңдегі оқу үдерісі, ғылыми зерттеу, тәлім – тәрбие жұмыстары ағымында біз уақытымыздың жылдам өткенін кейін бір-ақ білдік.

Хакім Абай айтқандай, асқақ та аппақ армандар жолына қол артып, «жастықтың оты жалындап, жас жүректеріміз де жанған шақ» болатын. Бәрі қызық, бәрі таңсық. Айналаң толы жаңалық пен жақсылық. Ең бірінші таңданғаным – сабақтың мектептегідей өтпейтіндігі. Мектепте бір шағын тақырып жеке сабақ болып оқытылып үйретіледі. Ал мұнда – үлкен бір тарау жалғыз-ақ дәрісте шолып айтылып, тапсырмаға беріле салады. Ертесіне сұрау деген жоқ, оның үстіне қосымша әдебиеттер, дереккөз тағы беріледі. Мұның бәрін қашан және қалай оқып үйренбекпіз. Бірақ ара-кідік семинар сабақтар бар екен.

Сол жылдары Білім министрлігінің арнайы қаулысына сәйкес педагогикалық мамандықтарға ер балаларды көптеп тарту жүргізіле бастады. Біздің 118-оқу тобында 11 жігіт (он бір жігіттің қазіргі таңда бесеуі Шымкент қаласы, Арал, Қазалы, Сырдария аудандарында мектеп директоры), 15 қыз бала оқыдық. Бөлінген орын саны – 25 қана. Бір студент «үміткер» ( кандидат) есебінде қабылданған екен. Егерде сабақты үлгермесең студент қатарынан шығарылып, орнына сол «үміткер» оқиды деп қорқытып та қойған. Сондықтан болар сабақтан қалу, сабақты үлгермеу деген атымен жоқ. Арамызда Қарақалпақстаннан келіп студент атанғандар да бар. Әрбір күніміз, торған түніміз бекер өткен жоқ. Оқу орнының қадірін ұқтық. Білім қордаладық, білік жинадық. Жанымыз байыды. Алда ұлы мақсаттар, биік армандар, түрлі міндеттер тұрды.

Айта берсем, студенттік жылдардың қызықты сәттері көп болды. Ең бастысы, осынау іргелі оқу орнынан біз терең білім алдық және соның

нәтижесінде өзіміз қалаған мамандықтың иесі болдық. Біздің Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін бітіргенімізге де 40 жыл уақыт болды.

Қазір сол қайталанбас ғажайып жылдарды сағынышпен және зор мақтаныш сезіммен еске аламын.

Сол кезде факультет деканы болған ұстазымыз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жүнісов Нұрлыбек Ерназарұлы еді. Осы факультет құрамында еңбек еткен ұстаз-ғалымдар көңілімізде мәңгілік ұлағат көрсеткіштері болып сақталды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың, филология ғылымдарының кандидаттары, доценттер Айнаш Төлеуқызы Шамшатованың, Әнес Жақыповтың, Әли Байжоловтың, Медеуәлі Бимағамбетовтің, Әбжаппар Әбілақовтың, аға оқытушы Нұртай Нұржановтың қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен оқыған дәрістері, ғылыми-зерттеулерге, педагогикалық-әдістемелік шеберлікке баулыған тәлімгерлік-жетекшілік қызметтері – білім алған барша шәкірттерді қанаттандырып, нағыз жоғары білім иесі болу жауапкершілігін ұғындырды. Әсіресе, көрнекті ғалым – ұстаз,Әлкей Марғұлан типтес аса терең білімді ғұлама Әуелбек Қоңыратбаевтың дәрістеріндегі әдеби-теориялық талдаулары түркітану, шығыстану, фольклортану, тарихнама, деректану, этнография, педагогика, психология, өлкетану, т.б. ғылымдар салаларымен сабақтаса өрілуімен баурайтын. Ұстазымыздың «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», «Қазақ хандығы дәуірі әдебиеті»,«XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндерінің барлығын да негізделген зерттеу кітаптары мен мақалалары – қазіргі жаңа ғасыр дәуірінде де теориялық – методологиялық негіз болуда.

Біздің К-118 оқу тобының кураторы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Әли Байжолов ұстазымыз бізге «Қазіргі қазақ тілі» теориялық курсы бойынша «Фонетика» бөлімі пәнінен, «Диалектология», «Практикалық қазақ тілі» пәндерінен дәрістер оқыды, семинар сабақтарын жүргізді. Әли ағай ұстазымыздың сол кезде 50 жастан енді ғана асқан кезі еді. Әли ұстазымыз «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бөліміне енді ғана қабылданған 1-курс студенттеріне міндетті түрде диктант жазба жұмысын жаздыратын. Орта мектепті бітіріп, жоғары оқу орнының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына қабылданған барлық студенттің орфографиялық сауаттылық деңгейін пысықтау, тексеру мақсатындағы ұстазымыздың осылайша диктант жазба жұмысын жаздыртуы – өте пайдалы әдістемелік озық іс.

XX ғасырдың 70-90-жылдары республикамыздың арнаулы орта, жоғары оқу орындарына студент қабылдау науқаны кезінде етек алып кеткен жең ұшынан жалғасқан тамыр – таныстықпен талапкерлер қабылдануының салдарынан қалтасы жұқа, бірақ сауаттылық деңгейі жоғары, білімі мықты талай талантты жастардың жоғары оқу орындарына түсе алмай мәңгілік арман тұманында тұншығып қалғаны анық. Ұстазымыз Әли Байжолов өзі

жаздыртқан бірінші курстағы диктант жазба жұмысынан өте алмай қалған сауатсыздарға 2-курста тағы да бір рет диктант жаздыртатын. Егер екінші жазғанда да «екілік» баға алғандар болса, олар оқуымен біржола қоштасатын. Әли ағайдың пәні бойынша алған «қанағаттанарлықсыз» бағасы бойынша оқудан шығарылатын. Әли ағайымыз өзінің дәрістік, семинарлық сабақтарын ғылыми-теориялық жоғары деңгейде өткізетін. Тіл білімінің бұрынғы – соңғы іргелі ғылыми еңбектерін, отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдарын, мәтіндік тәжірибелік талдауларын қазіргі қазақ әдеби тілі қорындағы үлгілермен салыстыратын. Дәрістерін де, семинар сабақтарын да өте қызық етіп түсіндіретін. Отандық және шетелдік ғалымдар пікірлерін салыстыра баяндаулары кезінде өзіндік тың тұжырымдарын нақты мәтіндер бойынша талдап, саралап көрсететін. Кейбір ғалымдардың пікірлерімен келіспейтін өзіндік теориялық-тәжірибелік ойларын сыншылдық тұрғысында ашық айтатын. Біз Әли ұстазымызды өз пәнін шексіз сүйетін білімдарлығын, оқып жатқан болашақ жоғары білімді филолог мамандардың өте сауатты, жан-жақты ізденгіш маман болуын ойлаған тәлімгерлік-тәрбиешілік талапшылдығын ерекше құрметтейтінбіз.

Айнаш Төлеуқызы Шамшатова апайымыз өте мейрімді, бізге өз балаларындай қарайтын, мәселелерімізді шешуге барынша атсалысатын. Қазіргі таңда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Филология, бастауышты оқудың педагогикасы мен методикасы» факультетін басқарған, қазақ тіл білімі ғылымында өзіндік үлес қосқан Жүнісов Нұрлыбек Ерназарұлының атындағы дәрісхананың қайта жабдықталып, ашылуы университетіміздің қазақ тілі мамандығының оқытылуына оқу-әдістемелік жағынан ерекше мән беретін маңызы бар екендігін танытып отыр.

Өзінің саналы ғұмырын Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтында өткізген ғалым – ұстаз ағайымыздың алдынан өткен көптеген шәкірттері қазақ тілі мен әдебиетін, қазақ мәдениетін, көркемсөз өнерін жетік меңгеріп шығып еліміздің түпкір – түпкірінде Нұрлыбек ағайдың және басқа да ұстаздарымыздың ілімін жалғастыруда.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деп дана халқымыз айтқандай, Нұрлыбек ағайдан дәріс алған шәкірттері оның ойын, еңбектерін, жолын жаңғыртып, ұстаз ұлағатын өз өмірлерінде жалғастыруда деп сенеміз.

«Шәкіртсіз ұстаз – тұл» дейді халық даналығы. Осындай ұлағатты ұстаздардың жемісті еңбектерінің нәтижесі менің талабыма қанат бітіріп, ғылымды серік етуіме бағыт берді. Студенттік шақтарымызда менің бойыма ұлағатты ұстаздарым еккен білім мен ғылым негіздері үшін ұстаздарыма алғысым шексіз, алдарында тағзым етіп, оларды әрдайым үлгі тұтамын және менің есімде мәңгі қалады.

Биыл Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның, мәдениеттің қара шаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне 85 жыл толды.

Уақыт талабы озық білімді талап етеді. Білім – болашақтың кепілі десек, елін сүйген, ары мен жаны таза, жаңа Қазақстанның белсенді мүшесі

болатын, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда және университетіміздің мәртебесін одан әрі көтеріп, халықаралық деңгейге кеңінен таныту бағытында бар күш – жігерін, білімін аямай еңбек етіп жатқан әріптестерімді киелі оқу орнының 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

**Айтимов Мұратбек Кенжебайұлы,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**
**университетінің қауымдастырылған профессоры,**
**филология ғылымдарының докторы**

**«Ақмешіт апталығы» газеті, 25.11.2022ж**

## СЕКСЕН БЕСТІҢ ЗЕҢГІР КӨГІ

**1969 жылы С.Киров атындағы сол кездегі Қазақстандағы жалғыз университетті тәмамдап Қызылордаға келдім. Алғашқы жылдары Жалағаш ауданындағы мектепте, кейін қаладағы облыстық «Білім» қоғамында референт қызметтерін атқардым. Қазақ мектебін бітіргенмен, үш жылдық әскери борышымды ГДР-да өтеу кезінде шетел, орыс классиктерінің шығармаларын көп оқығаным, орыс сыныптарына сабақ бергенім аз да болса орыс тіліне етене енуіме мүмкіндік берді.**

Облыстық партия комитетіндегі лекторлар тобын басқарған доцент Қозыбек Асқаров ағам лекторлық шеберлікке тартып, қалалық, облыстық конференцияларда орыс тілінде халықаралық тақырыпқа дәріс оқи бастадым. Білім қоғамымен тығыз байланыста болған сол кездегі облыстағы жалғыз профессор, пединституттың саяси экономия кафедрасының меңгерушісі Михаил Соломонович Авербухпен танысып, ол пединситутқа оқытушылық қызметке шақырды. Сөйтіп институттың ғылыми кеңесінде конкурстан өтіп, «Саяси экономия» кафедрасына оқытушылыққа қабылдандым.

Пединститутты 18 жыл басқарған доцент Оралхан Камардинов ректор болатын. Өткен ғасырдың 70-жылдарының басында осы оқу орнына келген Ж.Жұмабеков, И.Жұбаниязов, Т.Омаров, Б.Досманбетов бәріміздің ойымыз – ғылым кандидаттары болу. Тынымсыз еңбегіміз бен ғылыми ізденісіміздің нәтижесінде арманымыз орындалды. Алдымыз академик дәрежесіне (Б.Досманбетов) көтерілсек, қалғандарымыз доцент, профессор деген ғылыми атақтарды иелендік. Бүгін Ж.Жұмабеков, И.Жұбаниязов пен Т.Омаров әріптестеріміз ортамызда жоқ. Имандары саламат болсын!

Пединституттан бастау алған ұстаздық қызметім сол кездегі жағдайларға жетелей береді, 85 жылдық тарихы бар университеттің өткенін қазіргі жас оқытушылар мен студенттердің білгені артықтық етпес.

Сол уақыттағы бас оқу ғимаратында (қазіргі №1) үш факультет – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (деканы Н.Жүнісов), «Жаратылыстану» (деканы Ғ.Ахметов), «Физика-математика» (деканы Ә.Оразалиев) оқыды. Ғимараттың екінші

қабатында ректордың кабинеті мен «Философия» (М.Матаев), «Саяси экономия» (М.Авербух) кафедралары орналасты.

«Саяси экономия» кафедрасында менімен бірге аға оқытушылар Т.Сақтағанов, А.Мамаков, Б.Тоқжолов, т.б. қызмет жасадық. Кафедра меңгерушісінен басқамыздың ғылыми дәрежеміз жоқ, оның үстіне базалық біліміміз де (Б.Тоқжоловтан басқамыздың) «Саяси экономия» пәніне сай келмейді. Аталған пән оқытушылары тек ҚазМУ-да ғана дайындалатындықтан, мамандар тапшы еді. Ал Б.Тоқжолов оның алғашқы қарлығаштарының бірі болатын. Менің базалық білімім тарихшы болғандықтан, жағрафия маманы болса да бірнеше жыл «Саяси экономиядан» сабақ берген Т.Сақтағанов ағаны ұстаз тұтып, айтқандарын қағып аламын. «Капиталдың» Маркстен кейінгі авторындай сезінетінмін. Менен осы пән бойынша дәріс алған шәкіртім журналист Нұрлыбек Сафин «Жас Алаш» газетіне жариялаған мақаласында Маркстің ұлғаймалы ұдайы өндіріс туралы теориясын есеппен қалай түсінгендіргенімді жазыпты. Капитализмнің теориялық негізі болған бұл теорияны Төлек Сақтағанов ағам арқылы түсінгенімді, түйсінгенімді айтудың реті келіп тұр.

Университет тарихына өшпес із қалдырған кезең – Ұлы Отан соғысы жылдары. Қызылордаға орталықтан көптеген өндіріс орындары мен оқу орындары көшірілгені белгілі. Т.Шевченко атындағы Киев университетінің Қызылордаға келуі жақсы жақтарымен университет тарихында қалды. Соғыстың сол бір ауыр жылдарын еске салып тұратындай бас оқу ғимаратының екінші қабатында пединституттың студенті, Кеңес Одағының батыры Журбаның есімімен аталатын акт залы болатын. Ол залда дәріс оқу бізді үлкен жауапкершілікке шақырып тұратын. Өкінішке қарай, қазір ол жоқ.

Ректор О.Камардиновтің кезінде Киевпен байланысы шарықтау шегіне жетті. Институттың партия ұйымын басқарған Күзек Нағызхановтың ұсынысымен екіжақты келісім-шарт жасалып, ғылыми, педагогикалық, әдістемелік байланыс орнады, делегациялық қатынастар алмасу үрдіске айналды. Киев университетінің аспирантурасы мен докторантурасында қызылордалық ғалымдар көптеп оқыды. Осы игі бастаманың алғашқы қарлығашы математик, пединститут түлегі Зұлқарнай Икрамов ағамыз еді. Сол бір тарихи үдерістің әсерімен мен де Украина Ғылым академиясы экономика институтының ғылыми кеңесінде өткен ғасырдың 80-жылы диссертация қорғадым. Сол жылы Киев университетінде пединституттан 20-дан аса аспирант пен докторант оқыды. Олардың көшбасшысы, ақылшысы, доктарант Базарбек Қашқынбаев аға еді. Өмірден өткен Зұлхарнай Икрамов, Нұртаза Абдрахманов, Темірбек Жайсаңбаев, Боранбай Таубаев, т.б. Киевтен шыққан ғалымдар болатын.

О.Камардинов басшылық еткен жылдары Н.Гоголь атындағы пединституттың атын әлемге паш еткен «Сыр сұлуы» ансамблі Еуропа, Азия жұртшылығын өнерімен сусындатты. Осы ретте композитор, факультет деканы Мүлкаман Қалауовтың есімін ерекше атар едім. Ағаның атына қаламыздан Өнер мектебінің берілуі оған деген туған елінің құрметі деп санаймын. Қазір

Зина Сексенбаева басқарған «Сыр сұлуы» ансамблі шығармашылығын тоқтатқан жоқ.

Бүгінгі университет құрамына енген бұрынғы Ы.Жақаев атындағы инженерлік институттың орны ерекше. Жамбылдың гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалынан бастау алатын бұл оқу орнының тарихы академик У.Бишімбаевтың есімімен байланысты. Сол кездегі обкомның бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімовтің пәрменімен Қызылордада ашылған осы филиалда 10 жыл ұстаздық еттім. Академиктер Тұрлан Ысқақов, Лесбек Тәшімов, Керімжан Сейтжанов, Серік Абдрахманов, Әбсаттар Жұмаділдаев, Болат Теміров, Меңдіқара Жолымбетов, Темір Кеншінбаев, Бақытбек Сейсенов, Әди Ибрагимов, Аян Жанқараева, Син Клара Харитоновна, Минсара Караманова, Бауыржан Ахметжанов, Сұлтан Маханбетов, Әлібек Есенқараев сияқты аға-қарындастар, інілер таптым.

ДГМСИ-дің Қызылорда филиалы құрылысының бас жоспары бекітілісімен жұмыс басталып кетті. Ол кезде филиалдың кәсіподақ ұйымын басқарып, кейінірек «Ауыл шаруашылығы құрылысы» факультетіне декан болдым. У.Бишімбаевтың қабылдауында болып құрылыстан хабарсыз екенімді айтқанымда, орынбасар құрылыс саласын шемішкедей шағатын Қылышбай Бисенов екенін жеткізді. Қазіргі №5 оқу ғимараты жатақхана, «Жігер» кафесінің іске қосылуы филиалдың ЖОО болып қалыптасуына ықпалын тигізді. Осы бір қыруар шаруаға 20 жыл ғұмырын Сыр еліне сыйлаған академик У.Бишімбаевтың ерен еңбегін ешкім жоққа шығармайды. Уәлихан інімнің қызметтегі бір ерекшелігі – қарамағындағылардың қуанышы мен қайғысынан қалмайтын. Бұл әрекеті қазақи дәстүрді берік ұстайтын Сыр елі жұртшылығының алдында оның беделін көтеріп отырды. Қазіргі Қорқыт ата университетінің басқарма басшысы Бейбіткүл Сәрсемханқызының әрекетінен көріп, риза боламыз.

У.Бишімбаев филиалдың оқу базасына ғана емес, ғылыми-идеологиялық әлеуетіне ерекше назар аударатын. Көптеген оқытушылар Одақтың ғылыми кеңестерінде докторлық, кандидаттық диссертацияларын қорғады. Өзім де солардың қатарындамын. Филиалда қызмет жасаған уақытымда партия қатарына алынып, ғылым кандидаты атанып, 4 бөлмелі пәтерлі болдым.

Филиалдың түлегі Бақтияр Тайлақбаевтың басшылығымен «Целина» атты мәдени-шығармашылық ансамбль ұйымдастырылып, БАМ-ды (Байкал-Амур магистралі) айлап аралауы филиалдың атын бүкіл Одаққа паш етті.

Он жылдан кейін ұстаздық қызметімді бастаған пединститутқа Б.Досманбетовтың орнына «Саяси экономика» кафедрасына меңгеруші болып келдім. Бақберген Сәрсенұлы оқу ісі жөніндегі проректорлыққа көтерілді. Оралхан Камардиновтан кейін ректорлыққа Абай Айтмұхамедов сайланды. Мінездеріміз ақпандатқан борандай болғанмен, тез түсініп тіл табысып кеттік. Тәрбие жұмыстары жөніндегі проректорлық лауазымды иелендім. Көп ұзамай институттың партия ұйымының босатылған хатшылығына сайландым. Айлық жалақыны қалалық партия ұйымынан алатын болдым. Сол кездегі өлшеммен қарағанда, бұл – ректордан кейінгі екінші тұлға. Қолымда әкімшілік жазбаша

билік болмағанмен, барлығын партбилет арқылы басқаратын кез еді ол. Қазіргі партиялардың барлығында осындай қауқар бар ма? Әй қайдам, жоқ-ау.

А.Айтмұхамедовтың басшылығы кезінде Қазақстанда бірінші болып «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Жыр-жырау» мамандығын бітірген студенттерді солтүстік облыстарға қызметке жіберіп, көші-қон саясатының алғашқы кезеңін басқардық. Бұрынғы «Халық әні» кафедрасы дайындайтын мамандық Алмас Алматов інімнің тікелей басшылығымен мемлекеттік стандартқа енгізіліп, лицензия алынды. Қабылдау емтихандарына телеарна арқылы бейнебақылау жасалып, жанкүйерлерге көрсетіліп тұрды. Студенттік құрылыс отрядтары жасақталып, облыстың елді мекендерінде әртүрлі саладағы құрылыс нысандары пайдалануға берілді.

Төрт жылдан аса Сыр елінде ректорлық қызмет атқарған Абай досым өз сөзімен айтқанда, «орыс болып келіп, қазақ болып кетерінде» орнына Сыр елінің атпал азаматы Бақберген Досманбетовты ұсынды. Ректор креслосына Б.Досманбетов отырғанда, проректорлар А.Канцев, М.Кереев, Р.Әміреев, Д.Көшеровпен бірге мен де проректорлық қызметімді жалғастырдым. Кейінірек проректорлық қызметке Амантай Шәріпов пен Бауыржан Омаров шақырылды. Институт Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университет болып қайта құрылып, Түркиядан, Арабиядан, Кореядан оқу процесіне мамандар шақырылып, жаңа мамандықтар ашылды. Факультет декандары М.Матаев, Қ.Жаңабергенов, Г.Кизатова, М.Мұхамедов, И.Жұбаниязов, Б.Кәрібозұлы, т.б. білікті мамандар даярлауда аянбай еңбек етті.

Бақберген Сәрсенұлы қала әкімі қызметіне ауысуына байланысты университет ректорлығына Болат Абдрасилов сайланды. Аз уақыт ішінде Болат ініміз де университет тарихына өз қолтаңбасын қалдырды.

О.Камардиновтен кейін көп уақыт ректорлық қызметті атқарған академик Қылышбай Алдабергенұлы. Қазіргі заман талабына сай оқу ғимараттарын, спорт сарайын, агробиологиялық кешенді іске қосты. Бұрын мемлекеттік тергеу комитетінің (ГСК) облыстық мекемесі болған қазіргі бас оқу ғимаратын пайдалану бағытындағы жұмысын ерекше атар едім. Қызылорда политехникалық институты мен Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университетінің қосылуы (1998 жыл) ректор қызметінің аясын кеңейтумен бірге көптеген жаңа міндеттерді де әкелді. Ректор Қ.Бисеновтің университет оқытушыларына қала аумағынан жер бергізгенін, көптеген дамыған Еуропа, Азия елдерінің ғылыми орталықтарымен байланыс жасағанын ерекше айтар едім. Осы уақытта «Экономика» факультетінің деканы, «Тарих, филология, өнер ҒЗИ» институтының директоры, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, ректордың кеңесшісі қызметтерін атқарғанымды мақтанышпен еске аламын. Сегіз мамандық бойынша аспирантура ашуға, «Университет хабаршысын» шығаруға, көптеген жас ұстаздардың ғылыми дәрежесін алуға ықпал еткенімді мақтан етемін. Курстас досым, академик, ЖАК-тың (Жоғары аттестациялық комитет) төрағасы болған Амангелді Құсайынов досымды қалай айтпай кетемін.

Академик Б.Момынбаев ректор болған төрт жылда билік тізгінін проректор Бақытжан Сайлыбаевқа беріп, өзі декандар, кафедра меңгерушілері, ардагер ұстаздар және жас ғалымдармен тікелей жұмыс жасады. Көпшілдігі, қарапайымдылығы, ақкөңілділігімен есте қалған Байзақ інімнің домбырамен «Барып қайт, балам, ауылға» әнін нәшіне келтіре салған үні құлағымнан кетпейді. Байзақ Көпірбайұлының кезінде оның кеңесшісі әрі университет ардагерлер кеңесінің төрағалығына сайландым. Сайлау шарасына облыстық ардагерлер ұйымын басқарған Сейілбек Шаухаманов пен досым, құрдасым, ақын Әскербек Рахымбекұлы қатысқан еді.

Қазіргі мен қызметтес болған жетінші ректор Бейбітқүл Сәрсемханқызы Кәрімова кезінде университет жаңа белестерге көтеріліп, үздіктер қатарына енді. Ұжымның біріккен жұмысы нәтижесінде 2020-2022 жылдары университет Акредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) жасақтайтын ҚР-да сұранысқа ие ЖОО-ның ұлттық рейтингінің ТОП-10 құрамына тұрақты орнықса, биыл 1+6 білім беру бағдарламасында (БББ) үздік үштікке енді. Сыр елінің салт-дәстүрін жан жүрегімен қабылдаған, тұла бойы ізеттілікке толы қарындасыма сәттілік тілей отырып, 85 жылдық мерекені де ойдағыдай атқаратынына бек сенімдімін. Оның дәлелі ретінде жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өтіп жатқан кешенді шараларды айтсақ, жеткілікті.

Иә, өзімнен бес жас үлкен университетіме жасампаздық жолында жасай бер, келешегіңді кемел ететін жас ғалымдарымыз бен ұстаздарымыз аман болсын деген бата-тілекпен ойымды тәмамдап, бүкіл Сыр еліне, Қорқыт ата университетіне 85 жылдық құтты болсын демекпін.

**Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**Қорқыт ата университетінің ардагерлер**
**кеңесінің төрағасы, профессор**

**«Сыр бойы» газеті, 29.11.2022ж.**

## ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТАҒЫЛЫМЫ

**Ахмет Байтұрсынұлы – Әлихан Бөкейханов, Елдес Омаров, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхаметжан Тынышпаев, Мұстапа Шоқай, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов сынды замандастарының және кейінгі зерттеушілердің танымы бойынша қазақ жазуының реформаторы ғана емес, «…қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылған … халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен» ұлт көсемі, ұлт ұстазы.**

XIX ғасырдың аяғында Ахмет атамыздың зерттеуі бойынша, сонымен қатар 1998 жылы патшалық Ресей жүргізген санақ бойынша қазақтар арасында орысша сауаттылық 8 пайыз болды, ал мұсылманша сауаттылық, оның ішінде

қазақша сауаттылық деңгейі айтарлықтай жоғары болды. Оған сол кездегі мешіттер мен медреселердің санының молдығы, ауыл молдасының міндетті атрибуттың болуы куә болса керек. Кейбір зерттеушілердің қазақ арасындағы сауаттылық деңгейі 2-ақ пайыз болды деген пайымы.

Қазақтың шұрайлы жерлеріне «қара шекпенділерді» орналастырып, қазақтарды шөлейт, сусыз жерлерге көшіру, қазақ шаруасының күйзелуін, ел басына түскен нәубетті көріп өскен бала Ахмет қазақты жарыққа шығарудың жолы білім алу деп түйген. Алғаш Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебінде оқып, тоғыз жасында Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. 1895 жылы «бастауыш училищенің оқытушысы» атақ алып шығады. Сол кезден бастап 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездерінде орыс-қазақ мектептерінде оқытушылық қызмет атқарады, арасында Қарқаралы қалалық училищесінің меңгерушісі де болып қызмет атқарған.

Мұғалімдік қызметте қазақ баласын сауаттандыру барысындағы қиыншылықтарды шешудің жолдарын қарастыра бастайды. Патшалық үкімет ұсынған бағдарламадан ауытқып, балаларға заманауи ілімдерді оқыта бастайды. Арап қарпінің басы артық, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келмейтіндерін қысқартып, қазақ әліпбиін жасап шығарды, ел арасында «төте жазу» деген ат алуының мәнісі де сонда болса керек.

Ахмет атамызды қазақ жазуына жасаған реформасы сауаттандыру ісіне серпін берді. Замандасы, Алаш ардақтысы Телжан Шонанұлы «Ахмет Байтұрсынұлының әліппесімен қабілеті орташа балаға хат танып, жүгіртіп оқып кетуі үшін төрт-ақ апта қажет», профессор Е.Д.Поливанов «Жаңа қазақ-қырғыз (Байтұрсыновтық) орфографиясы» атты мақаласында «… енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан кемелденген, жеке дара ұлттық графика», ал профессор Н.Ф.Яковлев «… математикалық дәлдікпен жасалған әліпби» деп баға берген.

«Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе, сөз сайысына келгенде, олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таңғалдырады. Олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең болып құйылып жатады», – деп айтқан В.Радлов. Тіл әуезін қалпында сақтап, тілдің дыбыс жүйесіне сай әліпби жасаған Ахмет Байтұрсынұлы көрегендігі қандай керемет десеңізші.

Әлемдік графикалық кеңістікте латын қарпінің алар үлесі жетпіс пайыздан асып кеткен. Ал кириллицаның шеңбері бір пайызға да жетпейді. Яки қазақ жазуын латын қарпіне көшіру қолдауды қажет етеді, аталмыш мәселеге қатысты дау тудырудың еш қажеті жоқ деп ойлаймыз.

Латын графикасының тартымдылығының өзі, әлемдік деңгейдегі танымалдығы тілімізге деген қызығушылықты арттыра түсері анық.

Бұл, біріншіден. Екіншіден, ол біздің графика тарихында 30-жылдары болған, яғни тәжірибе бар. Сол жылдары латын қарпімен жазудағы емле мәселесі де күн тәртібінде болған.

Әліпбидің жаңа стандарты қабылданғаннан кейін кәдемізге жарары анық. Сөз тұрқы ұзын боп келетін тіліміз үшін «бір дыбыс – бәр әріп» қағидаты да сол тәжірибеде орын алған, яғни ел ішінде айтарлықтай қарсылыққа душар болған диграф (бір дыбыстың екі таңбамен берілуі) мәселесі де ұсынылған жобада оң шешімін тапты.

Сырттан енген жат сөздермен бірге жат дыбыстардың енгені тарихтан баршамызға аян. Ислам мәдениетімен ә дыбысы енсе, қалған жат дыбыстардың бәрі – кеңес дәуірінің үлесінде. Әріп саны кирилл әліпбиінде нормадан асып кеткен, заңдылығында дыбыстық (әріптік) жазу 20-40 таңба деңгейінде болу керек болса, қолданыстағы әліпбиімізде – 42.

Жат сөзді тілімізге енгізбей тұра алмаймыз. Сөздік қорымыздың айтарлықтай бөлігі араб-парсы, орыс сөздері, кейінгі кездері ағылшын сөздері көптеп еніп жатыр. Жат сөзді Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «быт-шытын шығарып, тілімізге ыңғайлап қайта құрастырып алармыз», бірақ жат дыбыстың тілімізге енуі – тілге жасалған қиянат.

Жат дыбыстардың, тіліміздің дыбыстық заңдарына қайшы дыбыстар таңбасының әліпбиде орын алуы «бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» деп кезінде шеттен келген саяхатшылар таңдай қаққан тіліміздің әуезіне айтарлықтай нұқсан келтіреді, келтіріп те жатыр. Жат таңбадан арылу – тіліміздің әуезділігін сақтау, «өлгенді тірілту, өшкенді жандыру», рухани жаңғыру болмақ.

Жаңа нұсқа ұсынылды. Мәселеге қанық, графика деген мәселені ғылыми негіздей алатын Әлімхан Жүнісбек сынды тіл білімпаздарының пікірлері ескерілді жаңа нұсқада. Ең бастысы «бір дыбыс – бір әріп» қағидаты сақталынды.

Тілдің дыбыс жүйесі (фонетика) бойынша жоғары оқу орнында 30 жылдан аса дәріс беріп келе жатырмын. Жазу тарихын, оның ішінде латын қарпіне негізделген қазақ жазуын аз-маз зерттегенім бар. Осы салаға қатысты мәселелерді, оған қатысты Ахаңнан бастап бүгінгі күнге дейінгі білімпаздар пікірімен де таныспын.

Жаңа нұсқа Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған 26 (28) қағидатына біршама сәйкес келеді. Маман ретінде жаңа нұсқадағы кейбір таңбаларға қатысты өз ойымызды айтып кетпесек болмас.

Латынның Hh қарпімен берілген x,h дыбыстары жазуымызда болғанымен, оны қ деп дыбыстаймыз, сонда оларға таңба берудің қажеттілігі қанша? Қазақ тілінде и, у дауыстылары жоқ, оларды өзге дауыстылар сияқты жалаң (өзін ғана) айта алмаймыз. Сондықтан шолақ й-дың (біздің дыбысқа осындай нашар ат беріп қойғанбыз) жанына и-ді қосақтаудың қажеті шамалы. Ф тіл мен тіс дауыссызын қос ерін п-мен айтамыз, сөздік қорымызда осы әріп (біз үшін дыбыс емес) қолданылатын пәлен сөз бар деген уәж негіз бола алмайды деп ойлаймыз. В дыбысы. Қазақ Москваны әуелден-ақ Мәскеу, Европаны Еуропа деп келеді, бұны да қысқартсақ, Ахаң айтқан 26 (28) қағидатына келе қоямыз. Яғни, 9 дауысты, 17 дауыссыз сингармотип, қосындысында 26 дыбыс. Қ-к, ғ-г жуанды-жіңішкелі жұптарды жеке таңба етіп бергенде 9-19=28 боп өзгереді.

Әліпби жасағанда, алдымен тілімізде қанша дыбыс бар деген мәселені пысықтап алу керек сияқты. Жаратылыстанушы ғалымдар тарапынан айтылып жүрген кейбір пікірлер, мәселен математиктердің пернетақтада х қарпі жоқ деген, шешімі табылатын нәрсе, өзге тілдерде де арнайы символдарды қолданады емес пе, х-ті де, өзге де таңбаны содан алуға болар.

Түркі тілдерінің ішінде «ең таза тіл» деп аты Мәшһүр Махмұт Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат түрік» (Түркі тілінің сөздігі) атты еңбегінде сонау XI ғасырда-ақ айтып кеткен. Тіл тазалығына, үн тазалығына бастайтын латын қарпіне негізделген жаңа әліпбиді тілге жаны ашитын қауым қолдайды деп ойлаймыз.

Әліпбиді латын әрпіне ауыстырудағы өте өзекті мәселенің бірі – емле.

Қазақ тілінің емле ережесін даярлаумен «Тіл-Қазына» мекемесінің үйлестіруімен жұмыс істейтін орфографиялық жұмыс тобы айналысып келеді. Кезінде осы жұмыс тобында біршама уақыт жұмыс та атқардым. Олардың ұсынып отырған емле ережесінің 1983 жылдың 25 тамызында қабылданған «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінен» айырмашылығы әліпбиден алынып тасталған әріптердің орнын толтырумен шектелген, Ақаң ұсынған емле ережесіне онша келіңкіремейді. Керісінше орыс таңбаларын тілімізге енгізуге талпынған 30-40 жылдардағы азаматтардың пікірімен үйлеседі.

Емледегі кері тартып тұрған мәселе – кірме әріптер (ол әріптерді дыбыс деп дәлелдеп жүрген «ғалымдарымыз» жетерлік) мәселесі. Кезінде бүкіл кеңестік тілші ғалымдар қарсы сөз айта алмаған, «идеальды орфография» деп баға берілген Ақаңның емлесіне барар жолды бөгеп тұрған да, осы кірмелер. Тіл ғылымында өзге тілден дыбыс (әріп) алу – абсурд (қазақшасы – бассыздық). «Ә-нің әлегі» деген тіркес ұсынып жүрмін соңғы кезде. Сонау VIII ғасырдан бастап ислам мәдениетімен бірге тілімізге енген ә әрпі әлі күнге дейін тіліміздің дыбыс жүйесіне толыққанды енген жоқ. Ә әрпі соңғы буында келгенде қосымша жуан болады ма, жоқ жіңішке болады ма деген дау күн тәртібінде бар. Мысалы: кінәлі ме, кінәлы ма, егер жіңішке болады десек, кінәлау, кінәрат неге жуан деген сұрақ туындайды. Бижомарт Қапалбек бұл мәселеде қосымшаның келесі формасын енгізуді ұсынады: кінәләу, кінәләрі, т.т.

Әлімқан Жүніспек ағамыз «тілбұзар» деп атау берген ә, и (дауысты деп жүрген), х, һ, у (дауысты деп жүрген), я, ю, ь, ъ, в, ф, ц, э, ч, щ әріптерінің біршамасы соңғы ұсынылған әліпбиде алынып тасталды. Дегенмен толық емес.

Тілбұзар таңбалар қатарындағы и (дауысты), у (дауысты), х, һ, в, ф – емледегі түйткілдердің бастысы болып тұр.

Сталиндік тіл білімінің көш басында болған, яфетодология деп аталатын ғылымның негізін салған академик Н.Я.Маррдың тілдің сатылық даму теориясының зарары біздің жазуымызға әлі күнге дейін кесірін тигізіп тұр. Егер әлі күнге дейін әліпбиде тұрған таңбалар алынып тасталса, тілімізге еш зиян тимес еді. Мысалы:

Фатима – Патыма, Гауһар – Ғауқар, Чапай – Шапай, Биыл – быйыл, Суық – сұуық

Ми – мый

Енді Орфотоп емлесіндегі даулы жайттарға тоқталайық:

Е с к е р т у. Қосар уı (ый) әріптері тек sуı (сый), tуı (тый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: syılyq, syıymdylyq, syıý; tyıym, tyıylý, tyıý.

• ıy, ıi әріп тіркестеріне аяқталған етістікке көсемшенің ı (-й) жұрнағы жалғанғанда, екі ı әрпі қатар жазылады: baıy – baııdy, keıi – keıidi.

• §8. uu (ұу), úu (үу) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында ý әрпімен жазылады: uyldyryq, uyz, uildeý; tuys, quyrshaq, guil, tintuir; oqu, su, jazu, kelu, baru.

§9. *ю* әрпі ıu әріп тіркесі түрінде жазылады: aıu, baıu, oıu, jaıu, súıu.

Е с к е р т у. ı әрпінен кейін тұрған ю әрпінің орнына u жазылады: qıu, jıu.

§10. я әрпі *ıa* әріп тіркесімен жазылады: qoıan, ıaǵnı, saıa.

Е с к е р т у. *и (ı)* әрпінен кейін тұрған *я* әрпінің орнына *a* жазылады: *qıar, sıa, jarıa.*

«Қосар ма, дара ма?» деген сұрақ латын әрпіне көшкен 30-жылдарда да үлкен дау болған. 1957 жылы қабылданған ережеде осы даудың екі дыбысқа бір таңба беру тарапындағылар «жеңіске» жетті, былықтың бәрі осы кезеңнен бастау алды. Қазақ тіліндегі «екі дауысты сөз ішінде қатар келмейді» деген қағида ескерусіз қалды, буын жігі,морфем жігі жоғалды. И мен у бала мектепке барғаннан қыйындық келтіре бастады.Қи-ын ба? Қы-йын ба! Й мен у, р мен л сыйақты емес пе! Онда қосарға қарсы болып, дараны қолдаған 30-жылдардағы ғалымдарымыз «мылтықты» «млтқ» деп жазайық деп те ұсыныс айтқан!

Мектепте қазақ тілінің грамматикасын оқытуда жүйелілік жоқ. Жазу мен айтудың арасында алшақтық көбейіп келеді тілімізде. Біздің тіл орфографиялық тіл ме? Яки Ахмет атамызша айтқанда «Ит деп жазып, шошқа деп оқитын» тіл ме? Жоқ әлде орфоэпиялық тіл ме? “Көш жүре түзеледі” деген халық даналығын әліпби мәселесінде қолданудың еш керегі жоқ!

Қорыта айтқанда, әліпби түзуде 9+17(19) =26(28) басты ұстаным болуы тиіс! Латын әрпіне көшуді тіліміздің табиғатын қалпына келтіру үшін пайдаланайық!

**Болат БОРАНБАЙ,**
**филология ғылымының кандидаты**

**«Сыр бойы» газеті, 29.11.2022ж.**

## ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ: ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕ

Жақында, яғни 3 желтоқсанда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрылғанына 85 жыл толуын атап өтпекпіз.Университеттің Арал өңірінде жоғары білім мен ғылымның, мәдениетінің дамуына өзінің өлшеусіз үлесін қосты десек, қателеспесіміз анық. Сондықтан, тарих беттеріне қысқаша болса да зер салғанымыз дұрыс. Іргелі өркениет орталығы өз бастауын еліміздегі алғашқы  ашылған жоғары оқу орындарының ондығына кіретін

Қызылорда педагогикалық институтынан алады. Өз кезегінде институттың іргетасы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1937 жылғы 21 тамыздағы аса құпия қаулысы бойынша Қиыр Шығыстан Қызылордаға корей ұлтымен бірге қоныс аударған Корей педагогикалық институтының негізінде қаланды. Сол кезеңде Қазақстанның бірқатар оңтүстік және батыс облыстарында жоғары білімді мұғалімдер даярлайтын оқу орындары болмағандықтан, Қызылорда педагогикалық институтының ашылуыныңтарихи маңызы зор еді.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде 1941–1945 жылдары Қызылорда педагогикалық институты базасында эвакуацияланған Мәскеудің ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты, Симферополь медицина институты, Киев және Харьков университеттері орналасып, бірге жұмыс істеді. 1952 жылдың наурыз айында Қызылорда педагогикалық институтына Н.В. Гоголь есімі берілсе, 1992 жылғы 21 сәуірде – Ұлы дала философы Қорқыт Ата есімімен қайта аталды.

Бүгінгі университеттің бастауында тұрған тағы бір жоғары оқу орны – 1976 жылғы 13 шілдеде ашылған Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалы. Филиал 1990 жылғы 15 қарашада Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты болып қайта құрылып, оған 1992 жылғы 12 ақпанда атақты күрішші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, екі дүркін Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың есімі берілді.

ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы №256 Қаулысымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті (7.05.1996 жылдан) мен Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты (7.05.1996 жылдан) біріктіріліп, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев адами капиталды дамытудың тіректі салалары ғылым мен білімге ерекше көңіл бөліп, бұл салалардағы ауқымды өзгерістерді өзінің жіті бақылауында ұстап келеді.

Жаңа реформалар аясында жоғары оқу орындарының басқарушылық, білім беру мен ғылыми қызметінің барлық құрылымдық және мазмұндық құрамын қайта жаңғыртуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылды.Бұл қатарда 2020 жылғы 1 шілдеден бастап «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам ретінде қайта құрылды.

Осынау бетбұрысты кезеңмен түспа-тұс, яғни 2020 жылдың қаңтар айында Алаштың Анасы атанған Сыр өңіріндегі тарихы терең, бірлігі бекем, дәстүрі кенен Қорқыт ата университетін басқару ісі сеніп тапсырылды.

Ауқымды өзгерістер университеттің өз қызметінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, мамандар даярлау сапасын көтеруге, жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталды. Көпбейінді жетекші жоғары оқу орнының дәстүрлі қызметі өңірдің экономикасы үшін ғанаемес, ел экономикасы үшін де білікті кадрлар даярлау болғандықтан 2025 жыл деңгейіндегі стратегиямызды бекіттік. Стратегияның білім, ғылым

саласындағы ұлттық жобалармен, Қызылорда облысының Өңірді дамыту бағдарламасының мақсат-міндеттерімен тығыз үйлестірілгенін айта кету орынды. Университетті инновациялық-кәсіпкерлік ЖОО ретінде қайта құру, материалдық-техникалық базаны жаңарту, студентке бағытталған оқыту, цифрлық университетке (виртуалды университет 4.0) көшу мақсатында бизнес - процестерді цифрландыру, университетті басқару жүйесінің және HR-процестердің тиімділігін арттыру басты назардағы жұмыстар.

Қазіргі білім алушыларымыз, профессор-оқытушылар мен қызметкерлеріміз алдыңғы буынның озық дәстүрлерін қастерлей отыра, алдарына өршіл мақсаттар қойып, ғылым мен білімнің перспективті бағыттарын игеруде әрі ел көлеміндегі міндеттерді шешуге белсенді қатысып келеді. Бағындырған белестеріміз уақыт өткен сайын көбейе түссе, барлық жетістіктің кілті ұжымның берекелі бірлігі пен еселі еңбегінде жатқаны айқын.

Университетте енгізілген оқытушылар мен қызметкерлерді ынталандырудың жаңа жүйесі өз жемісін беруде. Бұған айқын мысал ретінде 2020 жылдың наурыз айынан университет қызметкерлерінің еңбекақысын орта есеппен 25-40% - ға, 2021 жылғы 1 қыркүйектен профессор-оқытушылар құрамының еңбекақысы тағы 60-90% – ға артқанын, ал әкімшілік-басқару және қызмет көрсетуші персоналдың еңбекақысы 2021 жылғы 1 қыркүйектен - 25% - ға, 2022 жылғы 1 қыркүйектен – тағы 25% - ға ұлғайтылғанын айтуға болады.Жалпы үш жыл ішінде (2020-2022 жж.) университет бюджеті 2 есе өсті.

Жақында ғана «QS Asia University Rankings – 2023» рейтингінің(769 ЖОО кірген) нәтижесі бойынша Азияның ТОП 551-600ЖОО қатарына университеттің енуі – ұжымды жаңа белестерді бағындыруға жігерлендіріп отыр.

Бүгінде жоғары оқу орны ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, алдыңғы қатарлы білім беру технологияларын меңгеретін, жаңа идеяларды қалыптастыратын бастамашыл, креативті азаматтар үшін тартымды жұмыс орнына айналуда. Олардың әрқайсысы үшін университет тек жұмыс немесе оқу орны ғана емес – өмірге бастау берген, ғалымдар мен педагогтар, зерттеушілер мен мамандар, экономиканың нақты секторлары мен мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері етіп қалыптастырған рухани азықтың қайнар көзі.

Кадрларды даярлау 5 институт базасында 115 білім беру бағдарламалары (66бакалавриат, 36магистратура, 13докторантура) бойынша жүзеге асырылады. Профессор-оқытушылар құрамының 50%-ның ғылыми атақ-дәрежесі бар.

Штаттық кестеге «Профессор-зерттеуші» және «Оқытушы-зерттеуші» жаңа лауазымдары енгізіліп, оқытушы моделі нарық талабына сай жаңа құзыреттіліктермен толықтырылды. Өндіріспен интеграциялау мақсатында оқу үдерісіне Қызылорда облысының кәсіпорындары мен мекемелерінен жетекші практик-мамандар көптеп тартылуда. Біліктілік деңгейін көтеріп отыру заманауи тренд болғандықтан, еліміздің және шетелдердің білім беру мекемелеріндегі, кәсіпорындарындағы біліктілікті арттыру курстарына

мақсатты түрде жібере отыра, профессор-оқытушылар құрамының толықтай кәсіби біліктіліктерін арттыруына қол жеткіздік.

Білім алушылар контингентін қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс нәтижесінде бакалавриат, магистратура, докторантураның жалпы контингенті 2019-2020 оқу жылындағы 5195 адамнан 2022-2023 оқу жылында 9014 адамға дейін, немесе 2 есеге жуық, ұлғайса, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитындар саны қарқынды артып, білім алушылардың сапалық құрамының нығаю көрсеткіші 2,8 есеге өсті. Нақты айтқанда, 2019-2020 оқу жылындағы 1123 адамнан 2022-2023 оқу жылында 3159 адамға дейін ұлғайды. Контингент өсуіне бірнеше фактор ықпал етті, соның бірі-2020 жылдың қаңтарында ашылған рекрутинг орталығының жүйелі жұмысы.

Қызылорда облысының білім беру саласын жаңа формациядағы кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттары бар педагог кадрлардың үлесін арттыруға, педагогтарды киберпедагогика және қашықтықтан оқыту әдіснамасы негіздері бойынша оқытуға барынша ықпал етудеміз. Жергілікті атқарушы органдар гранты негізінде оқитын бакалавриат білім алушыларының жалпы контингенті 2022-2023 оқу жылында 322-ні құрайды.

Соңғы 3 жылда өндірісте кафедралардың 94 филиалы ашылды, практика базаларымен 646 шарт жасалды. Бекітілген жаңа кәсіптік стандарттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары негізінде даярлаудың барлық деңгейлері бойынша 95 білім беру бағдарламасы жаңартылды. 163 пән бойынша 38 білім беру бағдарламасына дуалды оқыту элементтері енгізілді, оны енгізу барысында мектептерде, цехтарда, өндірісте, зертханаларда практикалық сабақтар қоса жүргізіледі.

Көптілде білім беру бағдарламаларын жетілдіру және ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу, әлемнің жетекші университеттерімен қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламалары іске қосылуда. Өткен оқу жылында 3 жаңа білім беру бағдарламасы (бакалавриат БББ: әкімшілік әділет және география-тарих; магистратура БББ: мұнай газ ісі), РФ Томск политехникалық университетімен бірлескен магистратура бойынша 3 қосдипломды бағдарлама ашылса, Новосібір мемлекеттік университетінің механика-математикалық факультетінің филиалын ашу мәселесі күн тәртібінде тұр.

Профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы да ойдағыдай жүзеге асырылуда. 2021-2022 оқу жылында шетелден бір академиялық кезеңге 22 оқытушы шақыртылса, біздің 16 оқытушымыз еліміздің жоғары оқу орындарында дәріс берді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетел жоғары оқу орындарында 25, еліміздің жоғары оқу орындарында 74 студентіміз оқып қайтты. Сондай-ақ, 22 шетелдік студент университетте білім алуда.

Соңғы кезеңде (2020-2022жж.) ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың жалпы сомасы 431,08 млн.теңгені құрады, яғни екі еседей

(2017-2019 жж.-226,9 млн.теңге болды) артты, WoS және Scopus халықаралық деректер қорына кіретін басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалар саны бір жарым есеге өсті. Университет тарихында тұңғыш рет 2021 жылы жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін қолдау үшін арнайы гранттар бөліне бастады. Жастарды ізденіске жігерлендірген жағымды үрдіс жыл сайын жалғасын таба бермек.

Үлкен жетістіктеріміз қатарына жататын Португалиядағы Жаңа Лиссабон университетінің үйлестіруімен Мария Складовская-Кюридың H2020-Msca-RISE-2020 PhytoAPP Еуропалық одақтың «Horizont – 2020» бағдарламасы бойынша «Альцгеймер және Паркинсон ауруларының профилактикасына арналған инновациялық суда еритін фитоматериалдар-ингибиторлар» ғылыми жобасы (2021-2025жж.) орындалу барысында.

Сыр өңіріндегі ортағасырлық қалашықтар мен ескерткіштерге жүргізілген археологиялық зерттеулер халықаралық бағдарламалар, республикалық бюджеттен ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру есебінен, Қызылорда облыстық бюджетінен бөлінген қаржы негізінде жалғасын табуда. Соның бір дәлелі Герман зерттеу қоры (DFG) 2018-2020 және 2022 жылдары қаржыландырған «Ұлы Жібек жолының бойында көшпенділер мемлекетінің қалыптасуы және урбандалуы: ертеортағасырлық Жанкент қаласы (Арал өңірі, Қазақстан)» атты халықаралық жобасы.Үстіміздегі жылы жазғы қазба жұмыстарына Тюбинген университеті археология мамандығының магистранттары, РФ Жоғары экономика мектебінің магистранттары мен аспиранттары, М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің археология мамандығында оқитын ерікті студенттер қатысты.

Философия докторы (PhD) дәрежесін беру бойынша 2019-2021 жылдар аралығында 7 диссертациялық кеңес жұмыс істеп, 18 диссертация қорғалды. Биыл жаңадан педагогика және психология, қазақ тілі мен әдебиеті, құрылыс және құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру бағыттары бойынша диссертациялық кеңестер ашылды.

Жоспарлы жұмыстар нәтижесінде «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» журналының «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» бағытығылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді.

Ел Президентінің «Болашақ» бағдарламасы бойынша 7 ғалымымыз АҚШ, Германия, РФ, Белоруссия елдерінің жетекші ғылыми орталықтарында 12 айға дейінгі тағылымдамадан өтуде.

Халықаралық шарттардың саны соңғы үш жылда 20%-ға артып, 180-ге жетті, оның ішінде QS университеттерінің әлемдік рейтингінің ТОП-500-ге кіретін жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен 8 шарт жасалынды. «Қауымдастырылған серіктестердің жаһандық желісі» (Educational Testing Service (ETS) Global Preferred Associate Network) компаниясының келісімі бойынша 2020 жылдың қазан айында ашылған TOEFL аймақтық тестілеу

орталығы ниет білдірушілердің ағылшын тілі деңгейін ресми растауға жақсы мүмкіндік беруде.

АҚШ Елшілігінің гранты негізінде «Қазақстан университеттерінде экология мен қоршаған орта ғылымдары бойынша тіректі оқу бағдарламаларын ілгерілету» жобасын жүзеге асыруға атсалыстық. Жобаның үйлестірушісі АҚШ-тың Мичиган университеті. Грант иеленуші ретінде университет 2022 жылы маусым айында Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, М.Әуезов атындағы ОҚУ, І.Жансүгіров атындағы ЖУ, М.Х.Дулати атындағы ТарУ және АҚШ, Нигерия, Моңғолия ЖОО-ның жас ғалымдарын біріктірген жұмыс алаңшасына айналды.

Тағы бір ақжолтай жаңалық. Корея Республикасының Білім министрлігі Корея мен Қазақстан арасындағы жоғары білім саласындағы екіжақты ынтымақтастықты ілгерілету үшін 2023 жылы халықаралық ынтымақтастық бойынша жетекші университет (LUPIC) жобасын бастамақ. Қорқыт ата университеті мен Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінің информатика және инжиниринг департаменті бірлесіп, «Жасанды интеллект және информатиканың жаңа мектебін және бизнес-инкубациялық орталықты құру» жобасын әзірледі. Бірнеше жылға арналғанжоба еліміздің экономикалық және цифрлық дамуына үлкен септігін тигізбек.

Студенттердің түрлі ғылыми жарыстарға, конференциялар мен олимпиадаларға қатысуын қаржыландыру, жүлдегерлер мен олардың ғылыми жетекшілерін моральдық және материалдық ынталандырумен қамтамасыз ете отырып студенттерді ғылыми қызметке баулу үшін қажетті жағдайлар жасалған. Инновациялық идеяларды қолдаудың «Кәсіпкерлік орталығы» арқылы 2021-2022 оқу жылында студенттер тарапынан 46 стартап жоба орындалып, 14,3 млн.теңге инвестиция тартылуы осының нәтижесі.

ҚР ЖОО арасында Республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсының нәтижесі бойынша соңғы екі жылда 19 студент жүлдегер атанды. Биыл жоғары оқу орындары базаларында өткізілген XIV республикалық студенттік пәндік олимпиадаға университет тарапынан 21 білім беру бағдарламасы бойынша командалар қатысып, барлығы да жүлделі орындардың жоғары биігінен көрінді.

Мектеп оқушыларын ғылымға баулу-маңызды бағыт. Соңғы үш жылда ғалымдарымыздың жетекшілігімен 125 оқушының халықаралық, республикалық ғылыми жұмыстар конкурсы мен пәндік олимпиадалардың жүлдегері атануы,осынау келелі әріптестіктің жемісі.

Білім беру жүйесін цифрландыру жұмыстарының қарқыны ерекше,қазіргі күннің бизнес процесі осындай. Виртуалды Университет 4.0 концепциясы аясында 2025 жылға дейінгі жоспарымыз- онлайн университет деңгейіне шығу.Толыққанды заманауи цифрлық инфрақұрылымның арқасында халықаралық аренада позициямыз нығая түсетіні сөзсіз.Осыған байланысты профессор-оқытушылардың цифрлық дағдыларын кеңейту мақсатында оқу курстары ұйымдастырылуда.

Инфрақұрылымды дамытуға бөлінген қаражат жылдан-жылға артып келеді. Университет тарихында алғаш рет ғылыми кітапхананың Студенттер сарайындағы қызмет көрсету бөлімі модернизациялаудан өтті.Жаңа үлгідегі кітапханалық кеңістік OPEN SPACE форматында 2022 жылғы 16 қыркүйекте іске қосылды. Білім алушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 2020-2022 жылдары барлығы 51 оқу дәрісханасына күрделі жөндеу (оның 11-і демеушілер есебінен) жүргізіліп, оқу үдерісі талаптарына сай жабдықталды.

Тұрғын үйге мұқтаж барлық студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген. Олар үшін оқу ақысы, қоғамдық көлікте жол жүру, тамақтану жеңілдіктері бар. Еңбек нарығында өзін танытуға қабілетті, азаматтық ұстаным мен қоғамдық құндылықтарды бойына сіңірген білікті кадрлар даярлауда тәрбие жұмыстарының орны бөлек. Бұл үдерістерге университеттің 30% студентін біріктірген 22 жастар ұйымы барынша атсалысуда. БАҚ және әлеуметтік желілердегі белсенділіктің арқасында еліміздегі ең белсенді университеттер үштігіндегі орнымыз да берік.

Әрбір жоғары оқу орны қызметінің басты көрсеткіші – даярлаған кәсіби кадрлары. Өңір экономикасы салаларындағы мамандардың 80 пайызға жуығы университетіміздің түлектері. Олар қай жұмыста болмасын өз ісінің шебері атанып, өз университетінің дәрежесін көтеріп жүр. Құрылғалы бері қоғаммүддесі үшін 70 мыңдай кәсіби маман даярланса, соңғы 5 жылдың өзінде (2018-2022 жж.) 7036 бакалавр, 1034 магистр түлеп ұшты.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек еліміздегі жоғары оқу орындарының алдына жаңа міндеттер қойды. Бұл қатарда өңірлік жоғары оқу орындарын өңірдегі инновациялық, ғылыми-технологиялық, кадрлық және өндірістік белсенділіктің орталығына айналдыру, сонымен қатар, ғылым және жоғары білімді сол өңірдің нақты сұраныстарымен үндестіру басым бағыттар ретінде айқындалғаны белгілі. Демек, өңірдің жетекші кәсіпкерлік-инновациялық орталығына айналу әрі білім мен ғылымның жетістіктеріне сүйене отыра, еліміздің өркендеуіне салмақты үлес қосу береке-бірлігі мол ұжымның ең басты мақсаты болып қала бермек.

Мерейтой өткенді қорытындылайтын, бүгінгіні саралап, ертеңге бағдар құратын сәт десек, ұжым болып атқарған жасампаз жұмыстарымыз игілігімізге айналып қана қоймай, кемел келешегімізге де берік іргетас болып қалануда.

Мерейлі сәттің ең батыл ойлар мен жаңа жоспарларды, тың бастамаларды өмірге әкелетініне сенемін. Халқымыздың данагөйі Қорқыт Баба есімін иеленген университетіміздің абыройы асқақтай берсін!

**Бейбітқүл КАРИМОВА**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда**
**университетінің Басқарма Төрағасы-ректоры**

**«Білімді ел» газеті, 29.11.2022ж.**

# УНИВЕРСИТЕТ – ӨРКЕНИЕТТІЛІК ӨЛШЕМІ

Білім алып, лаборанттан проректорлыққа дейінгі өмір жолынан өткен төл университетіме биыл – 85 жыл.

«Алаштың анасы атанған Сыр бойының» даму тарихын университеттен бөліп қарай алмаймыз. Өйткені, университет өркениеттілік өлшемі.

Өркениет – байлық, жалған сыпайылық, кез келген құмарлықты қанағаттандыру және нәпсінің азғындығына салыну емес. Ол – көңіл байлығы, рух нәзіктігі, терең парасаттылық пен өзгелерге деген құрметтен туады.

Ал шынайы өркениет – ғылым мен адамдықтың әрқашан жоғары деңгейінде орын алатын құбылыс.

Ғылым мен білімге, өнегелілік пен игілікке сүйенбеген, ақыл мен ар-ождан бұлағынан сусындамаған өркениет – адамзаттың бақытына емес, болашағы ұзаққа бармайтын өз жеке бас мүдделерінен аса алмай жүрген топқа ғана қызмет ететін уақытша жағдай.

Ал, адам баласы үшін шынайы өмірдің мәні ғылым-білімді игеруге байланысты. Әрқайсымыздың іс-әрекетіміздің, қорытынды-шешімдеріміздің дұрыстығы оның ақыл-ой мен қисынға қаншалықты сәйкестігіне, ал ақыл мен қисынның толысып кемелденуі өз кезегінде ғылым-білімге тікелей қатысты. Сол себепті ғылым-білім жоқ жерде ақыл – жарамсыз, қисын – алдамшы, шешім – орашолақ.

Осы тұрғындан келгенде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Сыр өңіріндегі атқарып келе жатқан жұмысы да, алда атқарар асулары да мол.

Алғаш құрылғаннан бері білім ошағының алдында зор міндеттер тұрған болатын. Оның бастысы ел экономикасының дамуына зиялы қауым ретінде ұйытқы болып, заман талабына сай мамандар даярлап, ғылымды игеру тұғын. Ал ғылымды игерудегі мақсат – білімнің адам баласына жөн сілтеп, бағыт-бағдар көрсетуі.

Көп салалы өңірлік университет ретіндегі 85 жылдық тарихы тек ұжымның ғана емес, ол бүкіл өңіріміздің зиялы қауым тарихының ерекше кезеңі.

«Интеллект» - латын сөзі, түйсікті, ойшыл, есті, білімпаз деген ұғымды білдіретіндіктен, зиялы қауым, интеллигенция өкілдері көбіне білім мен ғылыми ортада топтасады.

Шын мәнінде интеллигенция дегеніміз – ғылым мен мәдениеттің сан-саласымен кәсіби айналысушы, мәдениетті дамытып, таратушы – ой, рухани еңбектің адамдары.

Интеллигенция – зиялылар, ең алдымен ғылымды, техниканы, өнерді, білімді дамытушы жасампаздар қауымы. Олар ой еңбегіне парасат пен демократиялық сипат береді.

Ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту жағдайында еліміздің еңсесін түсіретін, ұлтымызға жат жиркеністі дүниелердің алдын-алудың басында зиялы қауым болғанда ғана біз халқымыздың парасатын сақтаймыз, оның

моральдық тазалығына мүмкіндік тудырамыз, ұлттың қарекеті болашақта мығым болуына үлес қосамыз.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығында емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Бұл жерде қоғамдық ғылымдардың орны маңызды. Қоғамтанушы мамандар, ұлт пен өркениет, ұлт пен ұлттық сана, ұлттық бостандық пен отаршылдық болмыс, ұлт пен ұлттық қарекет, ұлт және ұлттық жаңғырту, ұлт пен ұлттық тәрбие, ұлт және ұлттық мәдениет сияқты күрделі проблемалар туралы философиялық, психологиялық, тарихи тұжырымдарды әлі де болса, көбірек елге жеткізсе дейміз. Өйткені, бұндай түбірлі мәселелерді әуесқойлардың ырқында қалдыруға болмайды. Бүгінгі күні елдегі мүмкіндікті пайдалануды білмей, өзінің жасамай жүргенін басқадан көріп, сын айтқансып, айғайлап жүргендер батыр емес. Жаңа заманға бейімделіп, еңбек етушілер батыр. Бүгінгі күні адамдар, өмірге бейімделе алғандар мен бейімделе алмағандар болып бөлінеді. Біздің ендігі міндетіміз жаңа ұрпаққа жол ашу, оларды дүбәрәлықтан құтқару, ұлттық сана-сезімді ояту, жаңарту ғана емес, оны түлету, шыңға шығуға бағыттау. Біздің жастарға беріп жатқан біліміміз Еуропа, Американың мықты оқу орындарынан оқуларынан артық емес шығар, бірақ олар Антей сияқты өз ұлтының, өзінің ата тарихынан, ана тілінен, ұлттық әдебиетінен, мәдениетінен нәрленіп өсуі тиіс. Әйтпесе, уызына тоймаған қозыдай әлсіз болады. Сөйтіп олардан шетелге табынғыш, жағынғыш ұлт элитасы шығады. Осы мақсатта университетіміздің алдында орасан зор белестер бар.

Барлық оқытушы-профессорлар мен қызметкерлерді, түлектерді, студенттерді мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймыз. Баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт, отбастарыңызға бақ-береке тілейміз!

**ҚҰРМЕТПЕН,**
**1991 жылғы «тарих және француз тілі»**
**мұғалімі мамандығының түлектері:**
**Облыстық мәслихат хатшысы**
**Байқадамов Наурызбай Сейітқалиұлы;**

**Өңірлік тілдерді дамыту орталығының бөлім басшысы**
**Мұсаева Нұрсауле Дүйсембайқызы**

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің**
**ресми сайты, 01.12.2022ж.**

## Қ.БИСЕНОВ, АКАДЕМИК: УНИВЕРСИТЕТТІҢ ӨРЛЕУ ЖЫЛДАРЫ – ӨМІРІМНІҢ ЖАРҚЫН КЕЗЕҢІ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық тарихына зер салсақ, Сыр өңіріндегі білім қарашаңырағын ұзақ жыл басқарған ректорлар тізімінен Қылышбай Алдабергенұлы Бисеновтің есімін көреміз. Осы саптың

алдыңғы үштігіндегі сардар аға өзі жиырма жылға жуық басқарған оқу ордасының тыныс-тіршілігінен әлі күнге қол үзген емес.

Кезінде «Бисенов мектебін» қалыптастырған белгілі тұлға, көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, өңіріміздің ғылымы мен білімін ұйымдастырушы көшбасшы – тағылымы терең азамат есебінде де ел ықыласын иеленді. Өйткені, оның білікті басшы болуымен қатар, білім алушыларға ғана емес, еңбек етіп жүрген жас ғалымдарға да ұстаз бола білгендігін тілге тиек ететіндер арамызда көптеп саналады. Солардың қай-қайсысы да ұстаз ұлағатын бойына сіңіріп, бір-бір тұлға дәрежесіне жетіп отыр.

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшесі, Қорқыт ата атындағы университеттің Құрметті ректоры Қылышбай Алдабергенұлымен білім саласының бүгінгі жай-күйіне байланысты ой бөлісудің сәті түскен еді. Университет мерейтойы қарсаңында ұлағатты ұстазбен болған сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

**– Қылышбай Алдабергенұлы, сіз басшылық жасаған жылдары Қызылорда университеті әлемнің озық оқу орындарымен терезе теңестіріп, өркениеттік тұрғыдан өрлеу үстінде болды. Сол кезеңдегі басты талап қандай еді?**

– Ең алдымен университеттің 85 жылдық мерейтойымен барлық әріптестерімді, шәкірттерімді, студенттерімді құттықтаймын! Жұмыстарына шығармашылық табыстар тілеймін. Алға қойған мақсаттарына жетуіне тілектеспін.

Енді тақырыпқа оралсақ, қандай кезеңде болсын ЖОО-ға қойылатын негізгі талап – уақыт көшіне ілесе отырып, сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру, кәсіби біліктілігі жоғары, сұранысқа ие мамандар даярлау. Қоғамның дамуы үшін және өмірдің, экономиканың үнемі өзгеріп отыратын беталыстарына бейімделу мақсатында тұлғалық және кәсіби әлеуетін толыққанды іске асыра алатын жоғары білікті кадрлар деңгейін қамтамасыз ету.

Университетте басшылық қызмет атқарған жылдары жоғары білім беру саласында көптеген өзгерістер орын алды. Дәстүрлі қабылдау емтиханы тесттік жүйеге ауыстырылды, кредиттік оқыту технологиясына көшу, қашықтан оқыту процесі енгізілді. Жаңа мамандықтар ашылып, бакалавриат, магистратура, докторантура тәрізді көпдеңгейлі білім беру жүйесі жұмыс істеді. Алғашқылардың бірі болып жоғары білім беруді ұйымдастыруға сапа менеджменті жүйесін енгізуді жүзеге асырдық. Уақыт сұранысына сәйкес, білім беру процесінде ақпараттық технологиялар кеңінен енгізілді. Білім беру процесіндегі барлық жаңашылдықтарды тізіп жату мүмкін емес. Мұның бәрі үлкен күш-жігерді, қатаң тәртіп пен талапты қажет етті. Осындай ауқымды істердің жоғары деңгейде ұйымдастырылуына тікелей жауапты болып, уақытпен санаспай, өзімнің ғылыми-педагогикалық барлық мүмкіндіктерімді жұмсағанымды сеніммен айта аламын.

**– Сіз университет басшылығында болған кезеңдерде білікті оқытушылар көп болды, олардың еңбегін лайықты бағалап отырдыңыз. Осы жайында айтып өтсеңіз…**

– Мен әрқашанда профессор-оқытушыларымызды, әріптестерімді құрметтеймін. Әр кафедрада ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидаттары, доценттер өз мамандықтарына сәйкес білікті ғалымдар, әріптестерім жұмыс жасады. Ұстаз қашанда өз шәкірттеріне үйретуге ниетті екендігі анық.

Профессор-оқытушылардың еңбектерін бағалау мақсатында «Үздік оқытушы» стипендиясы тағайындалып, оның иегерлері болған әріптестерім көптеп саналады. Бәрінің атын атап, түсін түстеп шыға алмасым анық, қай-қайсысы да оқу процесін сапалы ұйымдастыруға, студенттерді жоғары білімді маман етіп шығаруға өз үлестерін қосқан білікті мамандар. Университеттің даму, өркендеу жолында ұжымның бірлескен қызметі нәтижесінде алға қойған міндеттер мен қолға алған бастамаларды жоғары көрсеткішпен орындай алдық.

Республикада ЖОО рейтингісі бойынша университет кезінде 5-орынды иеленді.

**– Сәл шегініс жасасақ. Өміріңіздің мәні білім-ғылым саласы екенін қалай түсіндіңіз? Ғылымға деген қызығушылығыңыз қалай оянды?**

– Ғылымға деген қызығушылығым студент кезден басталды. 1979 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын үздік бітірдім. Институтта студенттердің ғылыми қоғамы болатын. Қазақстандағы құрылыс саласындағы бірінші ғылым докторы, профессор Болат Саябекұлы Жармағанбетов кафедра меңгерушісі еді. 2-ші курстан бастап бізді ғылыми-тәжірибелік жұмыстарға баулыды. Нәтижесінде, институтты бітірген соң, сол кездегі жоғары және арнаулы білім министрлігінің жолдамасымен кафедрада тәжірибе жинаушы-зерттеуші болып қызметімді бастадым. Сол кездерден алдыма қойған үлкен мақсатым аспирантурада оқу, ғылыми ізденістермен айналысу болды. Бойымдағы ғылымға деген қызығушылығым мені адастырмағаны ақиқат.

1980-1982 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалында оқытушы болдым, 1982-1985 жылдары Мәскеу қаласында КСРО Мемлекеттік құрылыс комитетінің Бетон және темірбетон ғылыми зерттеу институтының аспирантурасында білім алдым. Кейін басшылық, ұстаздық қызметімді одан әрі ғылыми ізденістермен ұштастыра отырып, техника ғылымдарының докторы атандым. Осылайша, 1980 жылдан бастап туған жерім – Қызылордаға келіп, жоғары білім беру саласында үзбестен еңбек етіп келемін.

Жалпы, менің тағдырым білім, ғылымға арналған. Университет – менің тағдырым, білім ордасындағы еңбек жолым – өмірімнің жарқын кезеңі болды.

**– Кезінде әкеңіз Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисенов сізге «Алдымен үлкендерге сәлем бер, білімділігіңнің басы сол болсын» дейді екен.**

**Сол кісі айтпақшы, ғылымға қадам басқан жастардың бойында қандай қасиет болу керек?**

– Сапалы әрі терең білім арқылы ғана ғылымға жол табуға болады. Сосын еңбекқорлық қасиеттері маңызды. Ғұлама ойшыл Әл Фараби айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Бұл тізімде адамның адамгершілік құндылықтары қоса жүретіні сөзсіз. Ғалымды ғалым ететін төрт нәрсе бар: ерік-жігер, сабырлылық, терең білім, еңбексүйгіштік. Ғалым өзінің идеясымен емес, оны іске асырумен айналысуы керек деп ойлаймын.

Әкенің үмітін ақтау, елшіл болу – әрине, ең басты міндет.

**– Қазір онлайн оқу деген үрдіс бар. Бұл білім сапасына қалай әсер етеді? Дәрістерді қалай тыңдауға кеңес бересіз?**

– Онлайн білім беру өзінің өміршеңдігін дәлелдеді, міндетін орындады. Кешегі пандемияның кезінде қажеттілігіне сай қашықтан оқыту жүйесі енгізілді. Қазір оқу орындары білім алушының сұранысына сәйкес жауап беретін кезең. Аудиторияда отырып білім алуға жағдайы келмейтін, онлайн білім алуға мұқтаж білім алушыны қашықтан оқыту арқылы сұранысын орындап, жағдай жасауымыз қажет. Заман солай. Мақсатқа жетудің түрлі тәсілдерін қолдануға мүдделі болу біздің өмірлік ұстанымымызға айналуы тиіс.

Жалпы, мен дәрістерді тікелей оқытушы мен студенттің толық қатысуымен аудиторияда тыңдауға кеңес беремін. Сонда ғана сапалы білім беруге болады. Түсінемін, ақпарат әлемінде өмір сүріп жатырмыз. Қашықтан оқыту технологиясының артықшылықтарын айттым. Дегенмен, оқыту әдістерін қажетіне қарай пайдалану керек. Негізінде базалық жоғары білімді мұғалімнің қатысуымен игерген абзал. Бұл – өмірдің ақиқат шындығы.

**– Бүгінгі білім алушыларға мотивациядан, яғни, ниет пен ынтадан басқа не керек? Оларға бірінші кезекте нені үйреткен дұрыс?**

– Ол тікелей білім алушыға байланысты. Студент алдына қандай мақсат қойды? Тек «диплом алсам болды» деу мақсат емес. Сапалы, заман талабына сай, еңбек нарығын қанағаттандыра алатын маман болуға ұмтылған жөн. Бүгінгі таңда әлемдегі бүкіл ақпарат қолында смартфоны бар адамның алақанында тұр. Ең басты мәселе, алған білімді, білген ақпаратты қажетіне қарай пайдалануда.

Қазіргі заман талабы – кез келген мамандықты ақпараттық технологиямен байланыстырып оқыту. Жаңа төртінші революциялық дәуірге өттік. Уақыт ағымы бұрынғыдай емес, өте жылдам. «Егер біз ғылымды таңдамасақ, ғылымды таңдаған ел бізді таңдайды» деген сөз бар. Бұл дегеніңіз – озық елдерге тәуелді болып өмір сүру. Сондықтан ғылымды таңдаған жас ғалымдарды тәрбиелеу біздің стратегиялық бағытымыз болу керек. Елімізді алға жылжытатын білім мен ғылым екені даусыз.

**– Білім сапасы туралы ойыңыз өзекті. Бұл пікірмен келісетіндер көп. Енді университеттегі білім беру сапасы туралы ойыңыз қалай?**

– Университетте еліміздегі жалпыға ортақ білім беру стандарттарына сәйкес бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейінде білім беру жүзеге асырылуда. Сапалық деңгейі басты мәселе, әлбетте сапа жоғары болу үшін

білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартып отыру қажет. Мемлекеттік қызметті айтпағанда, қазір барлық жұмысқа мамандарды тек қана біліктілігіне, білім деңгейіне сәйкес қабылдайды. Қоғам болып сол жүйеге көшіп отыр. Сондықтан қазір бірінші кезекте білім мен біліктілік ескеріледі. Оған қоса ақпараттық технологияны толық меңгерген, шетел тілдерін жетік игерген мамандарға деген сұраныс жоғары.

**– Қазіргі кездегі оқу орнының қандай жетістігіне көңіліңіз толады?**

– Студенттеріміз – белсенді, оқытушыларымыз – халықаралық жобаларды жүзеге асыруда өзіндік орны бар білікті мамандар. Ірі ғылыми жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Әрбір сала бойынша, атап айтқанда, «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың, «Археология және этнология», «Қорқыттану» ғылыми орталықтарының ғалымдары, профессор-оқытушыларымыз өз деңгейінде жетістіктерге жетіп келе жатыр.

Университет ғалымдарының әрбір жетістіктеріне ерекше қуанамын.

**– Қазірдің өзінде кассирлер, пошташылар, киномеханиктер деген сияқты мамандықтар керек болмай қалды.**

**Алдағы уақытта университет дайындайтын қандай мамандарға сұраныс артады және оқу орнының бұл үдеден шығу мүмкіндігі қандай деп ойлайсыз?**

– Әлемде, елімізде, өңірімізде қай сала дамып келе жатыр? Оған талдау жасау керек. Анығы, ақпараттық технология бойынша білім сапасын арттыруға ерекше мән беріп, жаңа технологиялар, инновацияларды игеру керек.

Болашақта IT, нанотехнология салалары мамандықтарына, маркетолог, логистерге сұраныстың арта түсуі анық. Жастарымызды сол жаңашылдыққа дайындауымыз керек.

Соған лайықты еңбек ете алатын, өзінің орнын сенімді түрде нақтылай алатын мамандарды даярлау ісі зор міндеттер жүктейді.

Көптеген сындарлы белестерден өтіп келе жатқан өңіріміздегі көшбасшы жоғары оқу орны, ол – Қорқыт ата университеті, сондықтан бірлігі бекем ұжымның алар асулары биіктей берсін!

Сұхбаттасқан<br>**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,**<br><br>**«Сыр бойы» газеті, 01.12.2022ж.**

## БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ АЙТУЛЫ БЕЛЕСІ

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойына орай 2-3 желтоқсан күндері ауқымды шаралар ұйымдастырылады. Бұл туралы университеттің басқарма төрағасы – ректоры Бейбітқүл Кәрімова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында айтты деп хабарлайды университеттің медиа орталығы.**

– Биылғы мерейтой аясында түрлі бағыттағы форумдар, кездесулер, ғылыми конференциялар, тағы басқа іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Сыр өңірінде жоғары білім мен ғылымның, мәдениетінің дамуына өзінің өлшеусіз үлесін қосты.

Университет ауқымды 4 бағытта жұмыс істейді. Олар – білім беру, ғылым және инновацияны нығайту, әлеуметтік-мәдени бағытты дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. Жоғары оқу орны еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша білім беруді басты назарда ұстайды. Университетте 115 білім беру бағдарламасы бар. Оның ішінде бакалавриат бойынша 66, магистратура бойынша 36, докторантура бойынша 13 бағдарлама арқылы мамандар даярланады. Сондай-ақ, 5 жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді, – деді Бейбітқүл Сәрсемханқызы.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін таңдаушылардың қатары жыл сайын артып келеді. 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда биыл білім алушылар саны 70%-ға артып, 9014 адамды құрады.

Бүгінде білім ордасында 5 институт, 24 кафедра, 5 ғылыми орталық қызмет етеді. Профессор-оқытушылар құрамы 560 адамды құрайды. Оның ішінде 22 ғылым докторы, 176 ғылым кандидаты, 37 философия докторы (PhD) бар.

3 желтоқсан күні университеттің 85 жылдығы қарсаңында өтетін салтанатты жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ЖОО-ның басшылары, қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысады деп жоспарлануда.

Атап айту керек, білім ордасының мерейтойы аясында I Түлектер форумы, «Ардагерлерді ардақтайық», «Мамандығым – болашағым» атты I облыстық форум, «Қазіргі заманғы математика: проблемалары және қолданыстары» атты III халықаралық «Тайманов оқулары» өтті.

Мерейтойға орай «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті: дамудың жаңа кезеңінде» және «Қалдырған ізің мәңгілік…» кітаптары жарық көреді. Сондай-ақ, «Университет ақпарат айдынында», «Біздің түлектер» кітаптары электронды түрде жарияланбақ.

2 желтоқсан күні ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Күлбарам Сәдуақасқызы атындағы химиялық білім беру ғылыми-әдістемелік орталығы, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, биология ғылымдарының докторы, профессор Аманкелді Құрбанұлы Саданов атындағы микробиологиялық ғылыми зерттеу орталығы ашылады.

3 желтоқсан күні №5 оқу ғимаратында «Жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту: болашағы мен мүмкіндіктері» форсайт-сессиясы өтеді.

Ал сол күні Студенттер сарайында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойына орай «Ұлттық руханияттың ұлы ордасы» атты салтанатты жиын болады.

**«СБ» ақпарат**

**«Сыр бойы» газеті, 01.12.2022ж.**

# ҚАЗЫНАЛЫ БІЛІМ ОРДАСЫ

**Іргетасы сонау 1937 жылы қаланған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті шаршы топта оза шапқан талай дүлдүлдерді түлетіп шығарды. Осы салада қызмет етіп келе жатқан білім ордасы ізденуші жастарға қолдау білдіріп, қолайлы жағдай жасап отырғаны баршамызға аян. Бүгінде қазыналы білім ордасының қанат жайып, маман даярлау ісінде алда келе жатқанына 85 жыл толды.**

«Тамыры терең бәйтерек» деген қазақи тәмсіл осы оқу ордасының тарихын суреттеп тұрғандай. Себебі, бұл жылдары оқу орны түрлі тарихи толқынды өткеріп, тұлғалардың түлеп, шыңдалып шығуына себепкер болды. Университетке ел қалаулылары басшылық жасап, алда болуына бар күшін сарп етті. Бұл оқу ордасының әрдайым заман талабына сай болуына әсерін тигізді деп айта аламыз.

Бәсекеге қабілетті, заманауи талапқа сай маман болу – бүгінгі күннің бұлжытпас талабы. Осы ретте білім ордасының профессорлық-оқытушылық құрамы аянбай еңбек етуде. Оның дәлелі ретінде ЖОО-ның рейтингі бойынша Шығыс Еуропа және Орталық Азия (QS EECA) университеттері ішіндегі алған елеулі орнын айта аламыз. Бұл іргелі білім және ғылым ордасының қауқарлы, бәсекеге қабілетті маман даярлап жатқанының бір көрінісі іспеттес.

Жоспарлы жұмыстың жемісі ретінде оқу орнын аяқтап шыққан сан мыңдаған түлектің әрдайым сұраныста болуын айта аламыз.

Мұнда бакалавриат, магистратура және доктарантура бағыттары бойынша 115 білім беру бағдарламасы бар. Соның негізінде маман даярлау ісінде алда келеді. Әлемдік университеттермен меморандум жасап, академиялық ұтқырлық бағдарламасымен студенттердің білім алуына жағдай жасап, тәжірибе алмасуға мүмкіндік бар. Сондай-ақ, отандық оқу ордаларымен өзара тәжірибе алмасуына, білім алушылардың өндірістік іс-тәжірибе жұмыстарына септігін тигізуде.

Бес институт түрлі білім беру бағдарламалары бойынша қызмет атқарады. Жалпы 560 профессорлық-оқытушылық құрамның 22-сі ғылым докторы, 176-сы ғылым кандидаты, 37-сі философия докторы (PhD).

Білім алушылардың ағылшын тілін жетік меңгеріп шығуы үшін әлемдік тіл мамандарымен байланыс орнатылған. Көптілділік – қазақ мәдениетін әлемге танытудағы атқарушы күш.

Пандемия кезінде ғалымдар қажет көмегін көрсетіп, білімін ортаға салып, бәсекеге қабілетті маман екенін дәлелдеді. Сондай-ақ, түрлі ғылыми-техникалық жобалар ұсынып, жоба иегерлері атанып, іске асырып келеді. Оқу ордасының сапалық көрсеткіші қай жағынан алып қарасақ та, нақтылығымен ерекшеленеді. Бұл – оқу ордасының тұрақты дамуға күш салғанының дәлелі.

Университет базасында құрылған түрлі тәрбиелік және танымдық бағыттағы ұйымдар да өз жетістіктерімен алда келеді. Бұл ұйымдар білім алушы жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға және белсенді болуға шақырады.

Біз 85 жылдық тарихы бар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тарихи толқынының бір бөлшегі болғанымыз үшін мақтанамыз. Себебі, болашағымызға керек мамандарды даярлап, оларға бағыт-бағдар беру арқылы осы оқу орнында тәжірибелі маман болдық. Танымы ортақ орта тауып әрі тағылымы биік ұстаздармен бір арнада тоғысып, бәсекеге қабілетті маман даярлауда бірегей болудың жолын ұстап келеміз.

«Білегіңе сенбе, біліміңе сен» дейтін әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бағытына нақтылық, болашағында туралық пен тұрақтылықтың болуын тілейміз.

**Бибінұр ӘБЖЕКЕНОВА,**
**Ербол БЕКІШ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің**
**«Практикалық ағылшын тілі» кафедрасының оқытушылары**

**«Сыр бойы» газеті, 01.12.2022ж.**

## СТРАНИЦЫ ИСТОРИИ

В этом году Кызылординский университет имени Коркыта ата отмечает свое 85-летие. Мы попытались перелистать страницы истории главного вуза региона.

Он открылся в далёком 1937 году на базе переехавшего в Кызылорду Дальневосточного корейского педагогического института. В 1952 году пединституту было присвоено имя Н.В.Гоголя, в 1992-м - Коркыта ата. В 1996 году педагогический институт реорганизовали в гуманитарный институт, спустя два года получил статус университета, объединившись с Кызылординским политехническим институтом имени И.Жахаева. С 2019 года – Кызылординский университет имени Коркыта ата. В числе первых в институте был открыт исторический факультет. Всего в Казахстане в те годы существовало три факультета истории - в Казахском государственном университете имени С.М.Кирова, в Казахском педагогическом институте имени Абая и в Кызылординском педагогическом институте имени Н.В. Гоголя. С 1938-го по 1950-е годы на историческом факультете обучалось около 150 студентов, а первым деканом его был С.И.Ривкин. В годы Великой Отечественной войны набора студентов практически не было - многие студенты и преподаватели ушли добровольцами на фронт. К концу войны подготовка историков возобновилась, преподаватели факультета выезжали с профориентацией во все районы области, даже в другие регионы Казахстана - Актобе, Шымкент. В 1944-1948 годы факультет набрал 118 студентов. В годы войны и первые послевоенные факультет возглавляли Иллерицкий, С.Бейсенов, М.Носков и другие. Кафедрами Всеобщей истории, Истории СССР факультета руководили учёные С.А.СемёновЗуев, Е.Химуля, Б.Шерешевский. В те годы

факультет окончили Д.Кшибеков, С.Абдулпаттаев, Т.Турлыгул, Б.Усербаев, И.Шамшатов, Т.Мешитбаев, Д.Айдаров, А.Байшуаков и многие другие, которые стали гордостью института, внесли достойный вклад в развитие советского Казахстана. Многие из них стали учёными, вели преподавательскую деятельность в ведущих вузах Алматы, работали на руководящих должностях в партийных, советских органах. В 1950-1960 годы кафедры факультета возглавляли Г.Боранкулов, М.Киреев, М.Кенжебаев, М.Авербух. Подготовка учителей-историков велась до 1955 года. Эпоха перестройки, распад СССР, образование независимых государств принесли изменения и в деятельность педагогического института. Появились новые специальности – история и право, история, право и основы экономики, археология и этнография. В 1990-2000 годы факультетом руководили И.Жубаниязов, М.Мухамедов, А.Оразбахов, заведовали кафедрами Ш.Бегимкулова, М.Ансатова, С.Жусупов. За годы своего существования истфак подготовил тысячи выпускников, которые сегодня трудятся в регионе и за его пределами, но основной костяк – это учителя истории в средних школах. Автор этих строк около 30 лет руководила кафедрой Истории Казахстана. Мне посчастливилось работать с такими известными людьми, как М.Киреев, А.Айдосов, А.Джумадуллаев, Ж.Жумабеков, М.Ансатова, Ш.Бегимкулова, М.Мухамедов, И.Жубаниязов, Т.Мамиев и многими другими. Всех их объединяло одно качество – трудолюбие и любовь к своей профессии. Особняком в этом ряду стоят имена Мади Курмановича Киреева, Аблая Хангереевича Айдосова, Меруерт Ныгметовны Ансатовой.

Их отличали преданность профессии, доброта и уважительное отношение ко всем окружающим - коллегам, студентам, к любому человеку, независимо от должности и положения в обществе. На лекциях М.Киреева, прозванного «Геродотом Сыра», обычно стояла звенящая тишина, студенты внимали каждому его слову. Его любовь к истории края – это отдельная тема, он неустанно изучал, собирал по крупицам историю нашего края. Я рада, что смогла запечатлеть эти мгновения его благородного труда, записав его лекции по краеведению на видео. И сегодня студенты могут послушать эти бесценные лекции. А.Айдосов - человек, который пришел в университет, в науку после партийной карьеры, отличавшийся широкой эрудицией, разносторонними интересами. Он был не только блестящим историком, но и социологом, археологом, общественным деятелем. В 1954 году, направляясь на учёбу в Кызылординский педагогический институт из степей Сары Арки, со случайным попутчиком по купе он вышел на станции «Қорқыт» подышать воздухом и увидеть захоронение прародителя тюрков и провел здесь всю ночь. Эта остановка стала знаковой в судьбе будущего ученого, который свою жизнь посвятит изучению наследия Коркыта. Уже будучи профессором, он ввел в учебный процесс курс «Древнетюркская цивилизация и коркытоведение», что послужило началом всестороннего изучения наследия Коркыта в республике. В трудный переходный период 90-х годов под его руководством был подготовлен первый обширный коллективный труд по истории нашего края «Сыр өңірі тарихы», который до сих пор является настольной книгой для историков. В

девяностые годы в связи с экологическими проблемами нашего региона, катастрофой Арала, по предложению Аблая Хангереевича начала читать курс лекций «Социальная экология Арала и Приаралья», который ввели на всех факультетах. К сожалению, сейчас этого курса в нынешнем учебном плане нет. Ещё одна заслуга А.Айдосова – вклад в развитие археологии региона. В начале 2000-х он совместно с институтом археологии имени А.Маргулана и его руководителем К.Байпаковым провели археологические исследования высохшего дна Аральского моря, где были обнаружены следы, остатки древних городов, мавзолеев. На кафедре и ныне хранятся его отчеты по археологическим исследованиям Аральского моря. Много интересного можно рассказать об М.Ансатовой. Это - человек благородной души, образец современной казахской женщины-хранительницы семейного очага. В то же время она замечательный ученый, педагог, общественный деятель. В далёкие 70-е годы, успешно защитив кандидатскую диссертацию, Меруерт Ныгметовна всю свою трудовую жизнь связала с родным университетом: заведовала кафедрой, руководила факультетом, школой «Қабілет» при университете, в последние годы - профессор кафедры Истории Казахстана. Человек с активной жизненной позицией, М.Ансатова возглавляла общественное объединение «Ақбосаға». Человек талантливый от природы, она прекрасно поет, а о том, какие она носит наряды, в университете ходят легенды. Все эти люди внесли достойный вклад в дело обучения и воспитания студенческой молодёжи, подготовив профессиональные кадры, которые ныне внесли заметный вклад в развитие общества.

**Минсара КАРАМАНОВА,**
**кандидат исторических наук, доцент, в 1992-2020 годы заведовала кафедрой Истории Казахстана КГУ имени Коркыта ата**

**«Кызылординские вести», 01.12.2022г.**

## ТРАДИЦИИ ВУЗА ПРОДОЛЖАЮТСЯ

**В нынешнем году Кызылординскому университету имени Коркыта ата исполнилось 85 лет. В рамках юбилея 2-3 декабря пройдет череда мероприятий, которые завершатся торжественным вечером. Об этом на брифинге в региональной службе коммуникаций сообщила председатель правления университета, ректор Бейбиткуль Каримова.**

Кызылординский университет имени Коркыта ата – одно из ведущих учебных заведений региона, которое дает своим студентам глубокие знания, готовит квалифицированных специалистов. Как отметила Б.Каримова, университет проводит масштабную работу по четырем направлениям. Это – образование, укрепление науки и инноваций, развитие социально-культурного направления, расширение международного сотрудничества и подготовка

специалистов, востребованных на рынке труда. Сегодня в учебном заведении действуют пять институтов, 24 кафедры и пять научных центров. Из года в год растет количество студентов. По сравнению с 2019-2020 учебным годом оно выросло на 70 процентов и достигло 9014 человек.

– Мы намерены отметить 85-летие университета проведением форумов, встреч, научных конференций и других мероприятий различной направленности, – сказала ректор университета. – В рамках юбилейных мероприятий в свет будут выпущены книги «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті: дамудың жаңа кезеңінде», и «Қалдырған ізің мәңгілік…». Наряду с этим, будут изданы электронные варианты книг «Университет ақпарат айдынында» и «Біздің түлектер».

Второго декабря, как отметила Б.Каримова, состоится открытие научно-методического центра химических наук имени кандидата педагогических наук, профессора Кулбарам Садуакаскызы, а также научно-исследовательского центра микробиологии имени двукратного обладателя Государственной премии, заслуженного деятеля Казахстана, профессора Аманкелды Саданова. Третьего декабря пройдут форсайт-сессии на темы «Расширение доступности высшего образования: будущее и возможности» и «Региональные университеты-2032: человеческий капитал и науки». В тот же день на торжественном собрании «Ұлттық руханияттың ұлы ордасы» будут подведены итоги мероприятий, посвященные юбилею главного вуза области.

**Жумабек САРСЕНБИН,**

**«Кызылординские вести», 01.12.2022г.**

## ӨТКЕНСІЗ – БҮГІН, БҮГІНСІЗ КЕЛЕШЕК ЖОҚ

## СЫР БОЙЫНДА ФИЛОЛОГТАР ДАЯРЛАУ ІСІ және ҚЫЗЫЛОРДА ПЕДИНСТИТУТЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҒЫ

Қазақ елінің дамуында, ғылымы мен білімінде ерекше маңызға ие оқу орындарының бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті десек, осы оқу ордасында филолог мамандардың даярлануы да ел үшін аса маңызды болды. Бүгінгі таңда білім берудің әлемдік кеңістігіне шығуды мұрат еткен білім ордасының тарихы мен дамуында өзіндік қолтаңбасы, өзіндік дәстүрі мен өсу жолы бар қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілдері мамандарын даярлау ісі өткен ғасырдан бастау алады.

Алты Алаштың анасы атанған Сыр топырағы қай кезде де білім мен өнер таратушы аймақ болғаны белгілі. Өткен ғасырларда осы өлкеде діни мектептердің, мешіттердің көп болуы тек Сыр бойында ғана емес, ат аяғы жетер аймақтарда да ислами сауаттылықтың жоғары болуына мүмкіндік жасады, екінші жағынан, осы аймақта ақын, жырау, жыршы, әнші, күйші, сал,

серілердің үлкен шоғырының ғұмыр кешуі саф алтындай халық өнерінің дамуын қамтамасыз етті. Кеңес өкіметі орнаған жылдары да бұл аймақта оқу, білім беру ісі жүргеніне, тіл, әдебиет, өнер пәндері өтілгеніне мұрағат құжаттары куә. Ал, Қызылорда қаласы Қазақстанның астанасы болған жылдардан бастап мұнда халық ағарту институты қызмет етті, оқу орнында қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндеріне қатысты дәрістер оқылды. Мұны жалғастыра өңірде жоғары білімді филологтарды даярлау ісі Қызылорда пединститутының ашылуымен жүзеге асты.

Қызылордадағы бұл жоғары оқу орнының ашылуы кешегі кеңес дәуірінің қым-қуыт аласапыранды кезімен тұспа-тұс келді. 1916 жылғы дүрбелең, 1917 жылғы төңкеріс, 1916-1923, 1931-1933 жылдардағы аштық, 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы, 1920-30 жылдары жүргізілген күштеп ұжымдастыру, 1929-1931 жылдардағы шаруалар көтерілістері, 1925-1937 жылдар аралығында жүргізілген «қызыл қудалау», 1927-28 жылдардағы кәмпеске қазақ елін титықтатып қана қойған жоқ, қазақтан шыққан көптеген білімді азаматты да жойып жіберді. Кей деректерге қарасақ, сол жылдары қазақ зиялылары қаймағынан 25 мың адам атылғанын көреміз.

Кеңестік дамудың талабы, өнеркәсіп ошақтарын салу, транспортты дамыту, мәдени құрылыстың алғашқы қадамдары енді жаңа ұлттық интеллигенцияны қалыптастыруды қажет етті. Ол үшін ең алдымен жоғары білімді мұғалімдер керек еді, ал ол кезде Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында жоғары білімді мұғалімдер даярлайтын бірде-бір оқу орны болмады. Сондықтан Қызылорда педагогикалық институтының ашылуы сол тұста тек Сыр бойы үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін де маңызды оқиға болды. Алайда, осы маңызды оқиғаның өзі де кеңестік қитұрқы саясатпен байланысты болатын, өйткені Қызылорда пединституты 1937 жылы Қиыр Шығыстан Қазақстанға жер аударылған корей халқымен бірге келген Корей педагогикалық институтының негізінде ашылған болатын. Тағы бір айта өтетін жайт, Үкімет қаулысы шыққанмен бұл бірден аяғына тұрып кете қойған жоқ, тіпті, облыстық мемлекеттік мұрағаттағы құжаттар бір-екі жыл, яғни, ұлттық кадрларды жинақтау, мамандар ұжымын және студенттер контигентін қалыптастыру жүзеге асқанша оқу орнының Қызылорда мемлекеттік корей пединституты деп те аталғанын көрсетеді.

Оқу орны ашылған жылдары институт жанында екі жылдық мұғалімдер институты және жұмысшы факультеті болды. Міне, осы құрылымдар институттың ұлттық жоғары оқу орны болып қалыптасуына тікелей ықпал етті. Институт бұрынғы Кеңес-партия мектебінің ғимаратына орналасты. Оның 25 дәрісханасы болды, ғимарат голландтық үлгідегі 19 дөңгелек пешпен жылытылатын.

1937-1938 жылдардағы «Қызыл қырғын» салдарынан қазақ интеллигенциясының, білікті мамандардың, таңдаулы басшылардың жазықсыз сотталуы, атылуы, елдегі жалпы саяси жағдайдың күрделенуі көптеген студенттің оқу орнын бітірмей кетуіне себеп болды. Сол жылдардағы кейбір ресми деректер бойынша институтты бітірушілер саны 100 шақты болса, тіл

және әдебиет факультеті бойынша 13 қана бітіруші болған. Бұл тұста институт бойынша тәжірибиелі оқытушылар азайып, әр факультетте тек бір-екі қазақ қана жоғары білім алса және қазақ ұлтынан шыққан оқытушылар болмаса, бұл жағдай, яғни қазақ студенттері мен оқытушыларының болмауы филология факультетіне де тән еді.

Деректерге сүйене сөз қозғар болсақ, 1938-1939 оқу жылында институттағы барлық студент саны 360-380 шамасында болса, оның отыздайы ғана болашақ филологтар болатын. Бұдан біз елдегі ауыр жағдайдың тек қана жоғары білім беру ісіне емес, жалпы білім алуға да, ғылымға да кері әсер еткенін байқаймыз. Бұдан кейінгі жылдарда аталған көрсеткіш тіпті төмендей береді. Мәселен, 1939-1940 оқу жылында педагогикалық институт бойынша 292 студент оқиды, тіл және әдебиет факультетін 12 студент бітіріп шығады.

Мұрағат деректеріне сүйене әңгіме қозғар болсақ. 1940-1941 оқу жылының көрсеткіші алдыңғы жылдардан да төмен болып, барлық студент саны 250-280-нен аспады, ал бітірушілердің саны 18 болса, оның 11-і филология факультетін бітірген еді. Бұл кезде қай факультетте де оқытушылар жетіспейтін, мәселен, 1941 жылдың 1 сәуіріндегі мәлімет бойынша институтта 36 оқытушы қызмет атқарған. Ал, 1941-1943 жылдарда тек 1 ғана қазақ әйелі жоғары білім алған және ер-азаматтардан бітірушілер болмаған. Мұның басты себебі – Ұлы Отан соғысы екені де белгілі жайт.

Осы тұста филология факультетінде еңбек еткен оқытушылар жөнінде мәліметтер бере өтсек, шетел тілі, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс берушілердің көбісі соғысқа байланысты Қазақстанға қоныс аударғандар десек те, қолдағы мәліметтер білікті мамандардың соғысқа дейін де Қызылорда пединститутына келгенін көрсетеді. Мәселен, Александр Генрихович Керн 1914 жылы туған, 1935 жылы Энгельстегі пединститутты және Саратов университетінің аспирантурасын бітірген, Қызылордаға 1940 жылы келіп, неміс тілінің аға оқытушысы болып жұмыс істеген. Сол сияқты Хория Николаевна Глаголева 1890 жылы туған, 1916 жылы Петербург университетінің тарих және филология факультетін бітірген. 1939 жылдың қыркүйегінен бастап Қызылорда пединститутының филология факультетінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің аға оқытушысы болып жұмыс істеген.

Иә, филология факультеті 1937 жылы Қызылорда педагогикалық институтының негізін қалаған 4 факультеттің бірі болатын. Факультетте алғашқы кезде 100-ге тарта студент білім алса, кейіннен, яғни соғыстан кейінгі жылдарда бұл көрсеткіш жоғарылып, факультетке 1945 жылы 94 студент, 1947 жылы 162 студент, 1955 жылы 424 студент қабылданған.

Пединституттың дамуына түрлі оқиғалар кедергі болғанын жоғарыда сөз еттік, ал солардың ең үлкені 1941 жылы 22 маусымда басталған Ұлы Отан соғысы еді. Соған қарамастан пединститут соғыс жылдарында да жоғары білімді мамандар даярлау ісін жалғастыра берді және соғыстың сұрапыл жылдарында жұмыс істеген 4 факультеттің бірі – филология факультеті болатын.

Ел басына күн туған тұста, Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында негізгі күш майданға, жеңіске жұмылдырылғаны белгілі. Ол жылдарда пединститут кейіннен мемлекеттік университетке айналып, ғылым мен білім беру ісінде үлкен жетістіктерге жетеді, 2005 жылдың мамыр айында жоғары оқу орындарының Европалық Ассосиациясына (ЕУРАШЕ – Брюссель, Бельгия) мүше болып кіреді, 2005 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының арасында алғашқылардың бірі болып Италияның Болонья қаласындағы университеттердің Ұлы Хартиясына мүше болып қабылданады деп ойлау тіпті мүмкін болмайтын.

Филология факультеті де бұл тұста институттағы негізгі ұжымдардың бірі ретінде бұрынғы Кеңес-партия мектебінің ғимаратында жоғары білімді мамандар даярлау ісін жүргізді. Бұл үй 1925-26 жылдары шикі кірпіштен салынған, бір қабатты, іргетасы күйдірілген кірпіштен қаланған, терезелері үлкен ғимарат болатын. Сарқырама жағында 300 орындық студенттер клубы, дүкен және азық-түлік қоймасы, үлкен шаруашылық қорасы болды.

Бұрынғы Востания (қазіргі Желтоқсан) көшесі жағында оқытушылар тұратын үйлер орналасты. Олардың шағын бөлмелерінде 20 шақты отбасы тұратын. Бұл үйлер кейіннен бұзылды. Қазір осы үйдің орнына салынған ғимаратта болашақ филологтар мен тарихшылар даярлануда, ал бұдан бұрын бұл ғимарат Қызылорда пединститутының, онан соң Қызылорда гуманитарлық университетінің бас оқу ғимараты болған еді.

Соғыс алдында инситуттың материалдық-техникалық базасына аз да болса назар аударылып, Қазақстан Халық Комиссариаты Кеңесінің 1938 жылғы 3 наурыздағы қаулысымен педагогикалық институтқа жедел түрде оқу ғимараты мен 200 орындық жатақхана салу үшін 1200 мың сом қаржы бөлінді. Банк (қазіргі Ыбырай Жақаев көшесі) көшесінің бойына салынған оқу ғимараты мен жатақхана 1940 жылы пайдалануға берілді.

Соғыс басталған күннің ертеңіне, 1941 жылдың 23 маусымында ескі оқу ғимаратының 15-аудиториясында өткен жалпы институттық митингіде 20 жастағы студент Надежда Якименко сөз алып, жастарды Отан қорғауға шақырады. Майданға И.М.Журба, А.Нұртазин, Б.Айменов, Будник, Микельсон, Н.В.Павлова, А.С.Федорова, Варшавский, Новицкий, Шальнов сынды студенттер мен И.П.Бардин, Мәметқұлова, В.Е.Иллирицкий және т.б. ұстаздар аттанды. Осы кезде «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» ұраны институт ұстаздары мен студенттерін ел мүддесі жолында өлшеусіз еңбек етуге жігерлендірген рухты үнге айналды десек, солардың сапында филология факультетінің ұжымы да бар болатын.

Соғыс жағдайында республиканың экономикасы мен ғылымы, мәдениеті мен әдебиетінің дамуы соғыстың қажетін өтеуге бағытталды. Мәселен, жеңісті жақындату мақсатында құрылған Қорғаныс қорына қызылордалықтар 192,5 мың сомның облигациясына әртүрлі бағалы заттар өткізсе, 1941 жылдың аяғында қатарында филологтар да бар институт қызметкерлері ұлттық құрамалардың жауынгерлеріне алғашқыда (48 адам) 212,97 сом, кейіннен (53 адам) 875 сом қаржы бөлген.

Соғыс жылдарында Қазақстанға еліміздің батыс бөлігінен қоныс аударушылар легі толастамады. Соған байланысты балалар үйлері мен интернаттар, емханалар мен госпитальдар құрылып, шұғыл түрде іске қосылды. 1941 жылы 18 қазанда Қызылорда педагогикалық институтының оқу ғимаратына №3979 емдеу госпиталі көшіріліп, 1944 жылдың шілдесіне дейін жұмыс істеді. Мұнда институтта ашылған медициналық курстарды бітірген студент қыздар аянбай еңбек етті. Олар жаралы жауынгерлерді емдеумен қатар оларды мерзімді басылымдардың жаңалықтарымен, әдеби кітаптармен таныстырып, рухтарын көтерді, көмек қолын созды.

1941 жылы 24 қарашадағы мәліметтер бойынша госпитальда 247 жауынгердің емделгені тіркелген. Оның құжаттары КСРО Ішкі Істер Министрлігі Бас басқармасының 1954 жылдың 5 қазандағы №21/3 080528 қатынас хатына сәйкес КСРО Қорғаныс Министрлігінің Подольскі қаласындағы Орталық архивіне жіберілген. Міне, бір жағынан білім ала жүріп, осы госпитальда еңбек еткендердің сапында филолог-студенттердің де болғанын мақтаныш етеміз.

Бұл тұста институттың кітапхана қорында оқу құралдары мен көрнекі құралдар жеткіліксіз болғандықтан, филология факультетінде де арнайы кабинеттер жабдықталды. 1941-1945 жылдары институтта оқытылатын пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізілді. Бұл да соғыс кезеңінің талабы еді. Мәселен, филология факультетінде «Саяси-ағарту жұмыстарында көркем әдебиетті пайдалану», «Маркстік-лениндік философия және саяси экономия негіздері», «Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы», «КСРО тарихынан арнаулы курстар» жүргізілген. Соғыс кезінде жарық көрген И.В.Сталиннің «Ұлы Отан соғысы туралы» еңбегі (1943 ж.), «Кеңес Одағының жаңа гимні» (1944 ж.) және т.б. арнайы курстар мазмұны партия ұйымының мәжілістерінде талқыланып, оқу үдерісіне енгізілген.

Жоғары Мектеп істері жөніндегі Бүкілодақтық Комитеттің (ВКВШ) жарлығына сәйкес 1942 жылы 24 ақпанда құрылған Біріккен Украина Мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесі физика-математика, биология ғылымдары бойынша докторлық, кандидаттық диссертацияларды, тарих және филология ғылымдары бойынша кандидаттық диссертацияларды қорғауға қабылдаған. Бұл өлкемізде жалпы ғылымның дамуына айрықша ықпал етті, сонымен қатар Сыр өңірінде филология ғылымдарының дамуына қатысты да маңызды жаңалық болды.

1942 жылдың 27 маусымынан бастап Біріккен факультеттік Ғылыми Кеңестер жұмыс істеді, тарих-филология Ғылыми Кеңесі сондай біріккен кеңестердің бірі болды. 1942 жылы қазан айында тарих және филология факультетінде 13 аспирант, 1943 жылы 3 аспирант оқыған.

Соғыс ауыртпалығына қарамастан, осы кезде институтта 186 маман даярланған. 1944 жылғы сәуірдегі мәліметтер бойынша Қазақ КСР-і тарапынан мемлекеттік марапаттауға ұсынылған оқытушылар мен студенттер саны 25-ке жеткен. Институттың Ғылыми бірлестігінің күшімен 1943 жылы ғалымдар еңбектерінің 2 жинағы, 1945 жылы Қазақ КСР-нің 25 жылдығына орай

«Ученые записки» жинағы жарық көрді. Соғыс кезіндегі ғылым, білім саласындағы осындай жетістіктер халықтың қуатты идеялық қаруы болды және олардың ертеңге деген сенімін арттырды.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы филология факультетіне қатысты мұрағат құжаттары филология факультетін 1940-1941 оқу жылында 11 студент бітіргенін, олардың 2-еуі үздік бітіруші, қазақтар жоқ, әйел біреу болғанын көрсетсе, 1941-1942 оқу жылында 12 студент бітіргенін, олардың 2-еуі үздік бітіруші, 8-і әйел, қазақтар жоқ екенін, 1942-1943 оқу жылында бітірушілер болмағанын көрсетеді. Мұрағат мәліметтері бойынша 1943-1944 оқу жылында 9 студент бітіріп, диплом алған. Олардың 6-ауы – әйел, қазақтар жоқ. 1944-1945 оқу жылында бітірушілер болмаған. 1945-1946 оқу жылында 9 студент бітірген. Олардың 9-ы – әйел, 1-еуі үздік бітірген. Бітірушілер құрамында 4 қазақ қызыл диплом алған. Иә, бұлар Қызылорда пединститутын бітіруші алғашқы қазақтар еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында факультетті 32 студент бітірсе, оның қатарында бірде-бір қазақ болмаса, бұл да – соғыс салған өрттің қазақ халқына қаншалықты зардап әкелгенін көрсетері анық. Фашизмді жеңіп, келер күнге нық сеніммен қадам басқан бүкіл ел сапында Сыр бойы жұртшылығы да соғыстан соң еңбек майданына араласты. Бейбіт күндерді ғылым мен білім беру ісіне арнаған филология факультетінің ұжымы да солардың сапында ел дамуына үлес қосуға жұмылды.

Өткенсіз – бүгін, бүгінсіз – келешек жоқ деген тәмсілге сүйене ой қорытар болсақ, бүгінгі таңда филолог мамандарды даярлау ісін гуманитарлық-педагогикалық институт құрамындағы негізгі бітіртуші үш кафедра жүзеге асыруда, ал аға буынның жоғары білімді филологтар даярлаудағы өткені кейінгіге үлгі-өнеге болмақ.

**Алдажар ӘБІЛОВ,**
**ҚР Білім беру ісінің**
**құрметті қызметкері**

**«Халық» газеті, 01.12.2022ж.**

# СЫР БІЛІМІ МЕН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

«Жер үстінде адам өмір өткізер, бар нәрсеге білім қолды жеткізер» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, адамның білімді болуы өзі білім алған оқу орнына, ұстаздарына, өскен ортасына, өмірден тоқығанына байланысты. Орта білім алған әрбір мектеп түлегі қалаған мамандығы мен жоғары оқу орнын таңдайды. Міне, осы сәт – адам өміріндегі ең бір шешуші, жауапты кезеңнің бірі. Өйткені мамандық таңдағаннан кейін, студент атанып, мықты оқу орнында терең білім алу – әрбір білім қуған жастың асыл арманы, мақсат-мұраты.

Сырдария өзені бойында орналасқан Қызылорда қаласында аймақтың білімі мен ғылымының қара шаңырағы атанған білім-ғылым ордасы бар. Бұл – қасиетті де киелі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Білім қуып, арманына аяқ басып, келешекке құлаш сермеген жастарға өмір есігін, айқара құшағын ашатын осы оқу ордасы талай түлекті түлетіп, өмірден өз орнын табуына кең жол ашты.

Бүгінде аталған оқу орнының құрылғанына 85 жыл толып отыр. Сонау 1937 жылы Н.В.Гоголь атындағы Кызылорда педагогикалық институты атанған университет ғасырға жуық уақыт ішінде мыңдаған түлекке сапалы білім мен саналы тәрбие берді. Тарихы тереңнен бастау алатын университет өзінің даму белесінде түрлі кезеңнен өтіп, үнемі алға ұмтылып, білім мен ғылым саласында жаңалықтар мен жақсылықтардың жаршысына айналды. Оқу орнын бітірген мамандар елімізде және алыс-жақын шетелдерде білім-ғылым, өнер, мәдениет, спорт, техника, ауыл шаруашылығы және т.б. салаларда зор табыстарға жетіп, еліміз үшін аянбай еңбек етіп келеді.

Университеттің дамуына елеулі үлес қосқандардың алдыңғы легінде О.Камардинов, А.Айтмұханбетов, Б.Досманбетов, У.Бишімбаев, Н.Күнхожаев, А.Канцев, С.Бекпаев, М.Киреев, Р.Әміреев, А.Оразалиев, Н.Жүнісовтерді тағы басқа көптеген кісіні атап өтуге болады.

Кеңес дәуірі тұсында бұл білім ошағы тек Қызылорда облысына ғана емес, сонымен қатар Шымкент, Ақтөбе өңірінің мектептеріне де жоғары білікті мұғалімдер даярлаған. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Украинаның көптеген жетекші жоғары оқу орындары – Киев, Харьков мемлекеттік университеттері Қызылордаға көшіріліп, осы педагогикалық институттың базасында жұмыс істеді. Соғыс аяқталғаннан кейін де институтта Украинадан келген көптеген жетекші профессор жұмысын жалғастырды. Украиналық университеттер кітап қорының бір бөлігі, оқу және зертханалық құрал-жабдықтар институтқа сыйлық ретінде берілді.

Оқу орнына білікті ғылыми кадрларды даярлауда институт ректоры Оралхан Камардиновтің еңбегін ерекше атап өткім келеді. Ол кісі кеңес одағының жетекші оқу орындарына, ғылыми-зерттеу институттарына жас мамандарды жіберіп, олардың ғылым жолына түсуіне үлкен ықпал жасады. Осының нәтижесінде Сыр өңіріне мықты ғылым кандидаттары мен докторлары ғылыми жұмыстарын қорғап келді.

Мен аталған оқу орнына 1975 жылы түсіп, 1979 жылы физика-математика мамандығы бойынша үздік бітіріп шықтым. Өмірден өз орнымды тауып, үнемі алға ұмтылуыма өзім білім алған оқу орнының, оның ішінде физика-математика факультетін айрықша мақтанышпен айтар едім.

«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан» дейді ұлы Абай. Әр адам өмірге келіп, ес біліп, оңы мен солын танығанда, ата-анадан кейінгі оның бойына тәлімді тәрбие мен саналы білім дәнін егетін ұстазы екені даусыз. Ұстаздың шәкіртіне берер білімі, көрсетер жолы ұшан-теңіз. Кез келген ұстаз шәкіртінің өзінен озып, биіктерге аяқ басуын, биік шыңдарды бағындыруын армандайды. Мұны ұстаз еңбегінің жемісі, оның еткен еңбек, төккен тері, артында қалдырған өшпес ізі, үкілі үмітінің шуақты сәулесі ғана бере алады.

Студент кезімізде Қ.Жаңабергенов, Б.Қашқынбаев, Ю.Ким, М.Авербух, Ш.Кудебаева, В.Дронова, В.Ким, Х.Нұғманова, Ж.Сәтбаева және басқа да көптеген ұлағатты ұстазымыздан, профессор ағайымыздан терең білім, тәлімді тәрбие алдық. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, осы кісілердің жолын қуып, оларға ұқсау, сол кісілердей болу – біздің үлкен арманымыз, өмірлік мақсатымыз болатын.

Осындай ұстаздарымыздың назарына ілініп, жақсы оқып, үлгілі шәкірт болып, сол кісілердің қолдауымен, бағыт-бағдар беріп жол көрсетуімен университеттетте ұстаз болу бақыты бұйырды. Пущино қаласы Ресей Ғылым академиясы Биофизика институтында 8 жылға жуық уақытымды арнап, ғылыммен айналысып, стажер-зерттеуші, аспирант, аға ғылыми қызметкер болып, ғылым кандидаты, ғылым докторлығына диссертация қорғадым.

Өзім білім алған оқу орнында қызметтік жолым басталып, қарапайым оқытушыдан, барлық қызмет сатысынан өтіп, өз университетімнің ректорлық қызметіне дейін көтерілдім.

Бұдан әрі Білім және ғылым министрлігінде департамент директоры, екі комитет төрағасы, ВАК төрағасы, жауапты хатшы, Президент жанындағы басқару академиясының ректоры, Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы – Астана қаласының кураторы, осы уақытқа дейін төрт оқу орнының ректоры болдым. Өмірде қандай биіктерді бағындырып, қандай жетістіктерге жетсем, ол өзімді түлеткен оқу орнымның, ұлағатты ұстаздарымның үлкен еңбегі, сол кісілердің маған артқан зор сенімі деп білемін.

Университеттің тарихын еске алғанда, оның дамуына зор үлесін қосқан танымал тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Сәрсенұлы Досманбетовтің еңбегін айрықша атап өткім келеді. Б.Досманбетов оқу орнына педагогикалық институт кезінен ректор болып, оны жан-жақты дамытуға, мықты мамандар әкеліп, ғылыми әлеуетін арттыруға бар күш-жігерін жұмсады. Оқу ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, олардың айналасының абаттандырылуына, сәулетін арттырып, субұрқақтар салып, ағаш егілуіне зор көңіл бөліп, материалдық-техникалық базаны жаңартты. Үкіметтің шешімімен оқу орнын университет мәртебесіне көтеріп, Қорқыт Ата есімінің берілуіне де Б.Досманбетов үлкен еңбегін сіңірді.

1996 жылы мен оқу орнының ректоры болдым. Бұл уақытта да университетте көптеген жұмыс жүргізіліп, оқу орны қарқынды түрде даму жолына түсті. Мен ректор болған осы тұста, яғни 1997 жылы маған университеттің 60 жылдық мерейтойын өткізу бақыты бұйырды. Ұжым мүшелері осы іс-шараларды өткізуге жұдырықтай жұмылып, атсалысты. Ынтымақ пен бірліктің арқасында мерейтойымыз өз деңгейінде аталып өтті. Сол уақытта университетімізде ақпараттандыру жүйесін, интернет-технологияларды оқу үдерісіне тереңдете енгізілу басталды, шетел университеттерімен халықаралық байланыстар нығайтылды. Университетте техникалық, гуманитарлық мамандықтар бойынша университет кадрларын қайта даярлау үшін Сыр өңірінде мұнай саласында жұмыс атқарған канадалық «Hurricane Hydrocarbons» компаниясы және Оңтүстік Альберта технологиялық институтымен (SAIT) келісімшарт әзірленіп, қол қойылды. Осы жоба аясында университетімізге 600 мың канадалық долларға құрал-жабдық әкелінді.

Біз жұмыс берушілермен бірлесіп кәсіби стандарттар негізінде жыл сайын жаңартылатын оқу бағдарламаларын әзірлеуде SAIT-жобасының инновациялық тәсілдерін зерттедік. Жоба арқылы әртүрлі мамандықтар бойынша университеттің 30 оқытушысы осы SAIT жобасы негізінде Канадада 6 айлық қайта даярлау курсынан өтті.

Университеттің мерейтойына дайындық барысында бұрын-соңды болмаған музей жасақталды, оған бүкіл университетіміздің тарихы, 60 жылда жасалған жетістіктер шежіресі жасалды. Атап айтқанда, ректорлар галереясы, көрнекті ғалымдар еңбектері мен суреттері, факультеттердің құрылымдық тарихы, түлектер жетістіктері және т.б. түрлі экспозициялар дайындалды. Музей Алматы қаласынан арнайы шақыруымызбен келген елімізге белгілі архитектор, суретші Аманжол Найманбаевтың басқаруымен жүйелі түрде безендіріліп, талапқа сай дайындалды. Бұл сол уақыттағы Қазақстан жоғары оқу орындары базасындағы ең көрнекті безендірілген музей болатын.

Университет жанында дарынды оқушылар үшін ашылған университет жанындағы қазақ-түрік лицейі жұмыс істеді. Мерейтойға Түркия елінен де белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері Туран Язган, Намық Кемал Зиябек, үкімет мүшелері, көптеген ғалым келіп қуанышымызбен бөлісті.

Облыс, кала басшылары осы мерекені өткізуге үлкен мән берді, жан-жақты қолдау көрсетті. Сол уақыттағы облыс әкімі Бердібек Сапарбаев және қала әкімі Бақберген Досманбетов қазіргі Қызылорда қаласының бас алаңында орналасқан бас ғимаратын университетімізге сыйға тартты.

Бағамдап отырсақ, университеттің 60 жылдық тойынан кейін де ширек ғасыр өтіпті. Осы уақыт аралығында университеттің үздіксіз дамуына Қ.Бисенов, Б.Момынбаев өз үлестерін қосты.

Кейінгі уақыттарда Қорқыт Ата атындағы университет жақсы қарқынмен дамып, үлкен қадамдарға қарай аяқ басып келеді. Биыл оқу орнының Азия QS рейтингіне енуі оқу орнының болашаққа батыл қадам жасап, жан-жақты тұрғыда әлеуетінің артып, дамудың даңғыл жолына түскендігінің кепілі екені сөзсіз.

2019 жылы Президентіміз Қ.Тоқаев білім және ғылым саласына үлкен өзгерістер енгізіп, тың бастамалар мен нақты шешімдердің жүзеге асуына жол ашты. Университеттердің құрылымында корпоративтік жүйе құрылып, академиялық және басқару еркіндігі, ашықтық, академиялық шынайылық қағидаттары енгізілді. Саланы қаржыландырудың көлемі артып, білім мен ғылымға бөлінетін гранттар саны көбейді.

Бұл жоғары оқу орындарының қаржылық жағдайын реттеп, оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысын өсіріп, материалдық-техникалық базаны, оқу-ғылыми зертханаларды, компьютерлік техникаларды, жатақханалардағы студенттер жағдайын жақсартуға кең жол ашты.

2018 жылы мектеп, колледж бітіруші түлектер үшін бакалавриатқа бөлінетін гранттар саны 53,6 мың, ал орташа құны 400 мың теңгені құраса, 2022 жылы білім гранттарының саны 73 мыңға жетіп, құны 1 млн-ға дейін өсті. Осының нәтижесінде университеттердің қаржыландыру көлемі ұлғайып, білім сапасының жоғарылауына үлкен ықпал етті. Осы арқылы әлемдік QS рейтингіне 2020 жылы еліміздің университтерінің 10-ы ғана кірсе, осы жылы олардың саны 16-ға жетті.

2018 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру бойынша ішкі жалпы өнімнің (ІЖО) үлесі 0,13 пайызды ғана құраса, Президент тапсырмасымен 2020 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру Білім және ғылым министрлігі тарапынан 60%-дан аса өсіп, 2025 жылға қарай Қазақстан Республикасы 2022-2026 жылдарға арналған ғылымды дамыту тұжырымдамасында қаржыландыру деңгейін ІЖӨ 1%-ына жеткізу көзделіп отыр.

Биыл 500 ғалымның әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру жаңа жобасы және жас ғалымдарға жыл сайын 1000 грант бөлетін «Жас ғалым» жобасы басталады.

Жалпы, еліміздің ғалымдары мемлекет тарапынан ғылымның нақты қолдауын сезініп келеді. Бұған дейін ғылыми жобалар бойынша жылына бір ғана конкурс өткізілсе, қазіргі уақытта жылына үш түрлі конкурстар өткізу қолға алынды.

Президент тапсырмасымен Білім және ғылым министрлігінің екіге бөлінуі – жоғары білім және ғылым саласын қарқынды түрде дамытуға кең жол ашып, тың өзгерістерге зор серпін берді. Жоғары білім және ғылым министрлігіне жаңа басшы Саясат Нұрбектің келуімен әлемдік білім-ғылым кеңістігімен тығыз байланыстар орнатылып, осының негізінде білім мен ғылым сапасын көтеруге үлкен мүмкіндік туды. Министрлікте жастардың шығармашылық жетістіктеріне зор көңіл бөлініп, оларды ғылымға көптеп тарту бойынша жүйелі жұмыс басталды. Міне, осы жұмыстың барлығы жоғары білім және ғылым саласын дамытуға бағытталған нақты және айқын қадамдар деп айтуға болады.

Әрине, білім және ғылым саласында болып жатқан осындай жаңалықтар Қорқыт Ата университетінің де жоғары қарқынмен дамып, алға қарай озуына үлкен серпін берді. Осы оң өзгерістердің орын алуына университет ректоры Бейбіткүл Сәрсемханқызы Каримова өз үлесін қосуда.

Аталған университет бүгінде еліміздің педагогика саласы мен экономика және басқа да түрлі салалары үшін білікті мамандар даярлайтын, биыл Азия QS рейтингіне енген еліміздегі кең танымал, жетекші жоғары оқу орындарының біріне айналды. Университеттен мықты ғалымдар, үздік мұғалімдер, білікті инженерлер, құрылысшылар, кеншілер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, елімізге танымал спорт және өнер қайраткерлері шықты. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде, алыс-жақын шетелдерде абыройлы қызметтер атқарып жүр. Алдағы уақытта да университет түлектері биік белестерді, асқақ асуларды, заңғар шыңдарды бағындыра береді деп кәміл сенемін.

**Болатбек ӘБДІРӘСІЛОВ,**
**Қарағанды индустриялық университетінің ректоры,**
**биология ғылымдарының докторы, академик**

**Egemen Qazaqstan, 02.12.2022**

## МАЗМҰНЫ

### 2017 жыл

Алғы сөз. Ақпарат әлеміндегі білім ордасы 4
Ключевые успехи и лучшие традиции кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата 5
Важное и ответственное решение 10
Необходимо широкое обсуждение проекта 11
Верноподданные царицы наук 12
Өркениетті даму жолындағы іргелі білім ордасы 14
Серпінді сексен жылдың салтанаты 18
Духовное обновление –успех развития современного образования 19
Жас ғалымның жетістігі 25

### 2018 жыл

Ұлт ұстазының ұлағаты 28
Аграрлық саланың ауқымы кең 32
Халқымен қайта қауышқан құндылық 33
Агроөнеркәсіпті дамытудың алғышарты 36
Білім мен ғылым жолындағы тарихи қадам 38
Сыр өңірі қасиетті жерлерінің географиясы 40
Бағыты айқын білім ордасы 46
100 жаңа оқулық – жаңғыру жетістігі 47
Сырда туған саңлақ 48
Шаг к конкурентоспособности 52
Беделі биік білім ордасы 54
Университет тағы бір ғалыммен толықты 58
Тау тұлғалы азамат 60
Өлкетануға қосылған қомақты үлес 64
Әдістеменің дүрі еді 67
Құнды қос еңбек 69
Қайран сол, «Сыр сұлуы» қайдасың? 71
Жақсының жақсылығын айту парыз 74
Құрманқұловтың қолтаңбасы 77
Мәдениет пен ғылымдағы маңызды оқиға 80
Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым 81

### 2019 жыл

Басты мақсат – заман талабына сай мамандар даярлау 85
Білім мен руханият ордасы 92
Стратегическое планирование в вузе трансформация университета в инновационно-предпринимательский 95
Қызылордалық ғалымдар полиэтилен пакеттерін пайдалы полимермен ауыстырды 101

Цифрлы технологиялар – креативтілікті дамытудың кепілі 101
Қоссаз – ең ежелгі домбыра 107
Ғибратты ғұмыр 110
Нанотехнология әліппесі 114
Стратегическое планирование в вузе 118
Базар жырау толғаулары: Жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері 121
Ғалым ғибраты 128
Батырлар институтының тарихы мен маңызы 133
Табиғатынан тәлімгер еді 136

## 2020 жыл

Ғалымның хаты өлмейді 141
Күріш қалдығынан көмір алған ғалым 142
Рейтинг вуза как показатель оценки эффективности его деятельности 142
Қызылорда: Аймақтық бақ-та университет филиалы ашылады 149
Қысылтаяң кезеңде қажетті шаралар қабылданды 149
Высшие учебные заведения в условиях новой организационно-правовой формы 150
COVID-19 a global pandemic 155
Мы – вместе! 156
Қорқыт Ата университеті: жаңа міндеттер мен игі істер 157
Білім мен ғылым қолдау күтеді 161
Су шаруашылығының саңлақтары 162
Іргелі білім – ілгерілеу кепілі 171
Абай мұрасы – ұлттық ақыл-ойдың көрінісі 175
Кәсіпкерлік әлеуеті біліктілікке байланысты 176
Басты ұстаным – сапалы білім беру 177
«Өмірдегі құбылыс кездейсоқ пайда болмайды» 181
Сырдың сырбаз азаматы 186
Сыр бойындағы ағартушылық дәстүр 190
Көкжиегі кең көркем туынды 195
Проблемы перехода казахстана на латиницу 198
Сырдың тарихы терең 201
Білім беру үдерісі үздіксіз жалғасуда 202

## 2021 жыл

Білім жүйесінің даму сатылары: Бүгіні және ертеңі 208
Жаһандану заманындағы ақпарат және жастар тәрбиесі 210
Өндіріске қажетті мамандар өзімізде даярланады 212
Возможности проектного управления профессиональной ответственностью государственного служащего 214
Ғылымға қамқорлық – дамудың өлшемі 226
Управление университетом в условиях новой организационно-правовой

формы 230
Сыр өңірінің сырбаз азаматы 233
Ұлағатты ұстаз, зерделі ғалым 237
Бірлескен барлау 240
Түркістан өлкесіндегі шаруашылықтың дамуы (XIX- XX ғасыр) 245
Некоторые вопросы информатизации и цифровизации образования в Кызылординском университете имени Коркыт ата 250
Ұжым тарихында өшпес ізі қалды 254
Өркениет дамуының қозғаушы күші 257
Тарихы бай тағылым 260
Білімді ұрпақ – ел болашағы 261
Педагогикалық білімнің заманауи трендтері 264
«Жерұйықты» оқығанда 270
Болашаққа бағдарланған байыпты жұмыстар 272
Бірлік. Тұрақтылық. Өркендеу: Конституция күніне арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтті 275
Жолдау елімізді өркениет өрісінің жаңа белестеріне бастамақ 276
Образованная молодежь – залог будущего страны 278
Теңіз табанындағы тіршілік іздері 278
«Сыр өңірінің фольклорлық антологиясының» бірінші томы жарыққа шықты 283
Тіл ғылымындағы жаңа бағыт 284
Докторантураға қабылдау ережесіне өзгеріс енді 285
Открывая неизведанное Приаралье 287
Неразрывная связь поколений 293
Қызылордада институт филиалы ашылды 297
Педагог мәртебесі көтерілді, беделі қандай болмақ? 298
Еңбегі еленген ер 300
Өркениет өрісінің жаңа белестеріне бастамақ 304
Жизнь, посвященная труду 305
Лютый декабрь 305
Таным мен талғам тізгіні 307
Нұрбол Аппазов Ұлттық инженерлік академияның академигі болып сайланды 309
Нұрғали Ақылбеков Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды 310
Тәуелсіздік тұғырлары 310
Ұстаз ұлағаты 314
Мұстафа Шоқай эмиграциясының Кавказдық кезеңі 315
Кызылординский университет имени коркыт ата в ТОП-400 лучших университетов в рейтинге QS EECA 320
Нұрбол АППАЗОВ, академик: «Альцгеймер және Паркинсон ауруларының алдын алуға арналған препарат дайындаудамыз» 321
Ұстаздық ұстаханасының көрігі 325

Аңсатова әлемі 328
Сыр елінің «білім беру ортасы мектеп-университет: Сабақтастық және әріптестік байланыс» 330

**2022 жыл**

Жантақтың біз білмейтін жұмбағы көп 335
Жас ғалымдардың жаңа өнімдері 336
Күріштің қауызы мен сабағынан қағаз жасамақ: Қызылордалық мамандар ғылыми жаңалық ашты 339
Квадрокоптеры: Мечта, ставшая реальностью 340
Ұстанымына берік азамат 342
Профессор Қазыбай Құдайбергенұлы атындағы дәрісхана ашылды 345
Ел сенімін еселей түсті 347
Ғалым Айман Айтбаева – 60 жаста 348
Жаңа күннің жаршысы 349
Ауыл шаруашылығы мамандарын даярлауда заманауи цифрлық технологияларды қолданудың маңызы 352
Бекзат Ырза: нақты қадамдар, нәтиже бермеуі мүмкін емес 354
Қазақстанның Азаматтық Альянсының Президенті Бану Нұрғазиева студенттермен кездесті 356
Сақтардан қалған мұра 356
«Жаңа Қазақстан» қандай болуы керек? 358
Ғылым жаһандық жетістіктерге жол ашады 360
Қызылордада «Интеллектуалды ұлт» телевизиялық білім сайысының жеңімпаздары анықталды 362
Мемлекеттен қолдау тапқан жоба 363
ҚР Еңбек сіңірген гидротехнигі Мәделхан Нәлібаев атындағы су шаруашылығы музейі ашылды 364
Күріш өнімін арттыратын жоба 365
Парасатты ғалым 366
Ілгерілеуге үлкен мүмкіндік 368
Инклюзивті білім беру – заман талабы 370
Ұлағатты ұстаз – ұлт мерейі 371
Археологтар Жанкент қалашығы VII ғасырда бой көтергенін анықтады 373
Жастарға жалаң үгіт жарамайды 373
Мейірімі мол ағаны ойлағанда 377
Уақыт пен қаржы шығындамай-ақ тіл үйренуге болады 383
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 85-ші жаңа оқу жылына қадам басты 385
«Хабаршы» журналы – ғылым мен технология жаршысы 386
Цифрлық дәуірдегі кітапхана 389
Университетте Жұматай Асанов атындағы дәрісхана ашылды 391
«Open space» заманауи үлгідегі кітапхана ашылды 392
Мұрат Әбенов студенттерге шеберлік сағатын өткізді 394

Ғалымдар ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселелерін талқылады 394
Қорқыт университетінде демеушілер есебінен сегізінші дәрісхана ашылды 395
Қызылордада профессордың атына көше берілді 396
Қызылордалық ғалымдар егіс алқаптарында су көлемін 25-30 пайызға дейін үнемдеп, мол өнім алуға болатынын дәлелдеді 397
Университеттің 21 студенті президенттік стипендия иеленді 398
Тәуелсіздік бастауы: барысы мен тағылымы 401
Ардақ тұтатын айрықша күн 402
Ахмет Байтұрсынұлы қызметінің Қызылордадағы кезеңі 403
Мұстафа Шоқайдың екінші отанына сапар 412
Жасай бер, менің қарашаңырағым! 416
Ұстаздар ұлағатына тағзым 420
Сексен бестің зеңгір көгі 423
Жазу реформасы және Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы 427
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті: дамудың жаңа кезеңінде 431
Университет – өркениеттілік өлшемі 438
Қ.Бисенов, академик: Университеттің өрлеу жылдары – өмірімнің жарқын кезеңі 439
Білім ордасының айтулы белесі 442
Қазыналы білім ордасы 445
Страницы истории 446
Традиции вуза продолжаются 448
Өткенсіз – бүгін, бүгінсіз келешек жоқ 449
Сыр білімі мен ғылымының қара шаңырағы 455